МӘДЕНИ МҰРА

Шоқан Уәлиханов



4

Көп томдық
шығармалар
жинағы



«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының
кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша
шығарылып отыр






«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

Әшімбаев М.С.,
кеңес төрағасы
Аскаров Ә.А.,
жауапты хатшы
Абдрахманов С.А.
Аяған Б.Ғ.
Әбусейітова М.Қ.
Әжіғали С.Е.
Әлімбай Н.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Балықбаев Т.О.
Есім Ғ.
Жақып Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мәжитов С.Ф.
Мұхамадиұлы А.
Мыңбай Д.Қ.
Нысанбаев Ә.Н.
Салғара Қ.
Самашев З.
Сариева Р.Х.
Сұлтанов Қ.С.
Түяқбаев Қ.Қ.
Түймебаев Ж.Қ.
Хүсайынов К.Ш.

Шоқан Уәлиханов

Көп томдық шығармалар жинағы

Төртінші том



Алматы
2010

УДК 910
ББК 26.8
У 17

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы

Ғылыми редактор:
Көшім Есмағамбетов

Уәлиханов Ш.Ш.
У17 Көп томдық шығармалар жинағы./ Шоқан Уәлиханов – Алматы: «Толағай групп». 2010. Т. 4. – 496 б.

ISBN 978-601-7066-09-3

Ш.Ш. Уәлихановтың көп томдық шығармалар жинағының төртінші томына негізінен ұлы ғалым өмірінің соңғы жылдары жазылған, тарих, этнография, құқық, деректану, тарихи география, хронология және генеалогия, Қазақстан және Орта Азия халықтарының материалдық және рухани мәдениетінің әртүрлі мәселелеріне арналған зерттеулері енген.

Кітап 1985 ж. Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты дайындаған Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының негізінде қазақ тіліне аударылып, жарияланып отыр.

Басылымда қазіргі уақыттың талаптарына сәйкес, грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктер ескеріле отырып, иллюстрациялар, карталар, генеалогиялық кестелер, кең көлемді түсіндірмелер берілген.

Кітап тарихшыларға, этнографтарға, философтарға, құқықтанушыларға, ЖОО оқытушылары мен студенттеріне, магистранттарға, зерттеушілерге және жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 910
ББК 26.8

ISBN 978-601-7066-09-3

© Қазақ кеңес энциклопедиясының
Бас редакциясы, 1984
© «Толағай групп», 2010

Жобаның үйлестірушісі:
Е.Б. Саиров

Редакциялық алқа:
Қ.С. Алдажұманов
М.Қ. Әбусейітова
М.М. Әуезов
Ә.С. Бейсенова
Ә.Б. Ғали
С.З. Зиманов
Т.Е. Жабелова
К. Л. Есмағамбетов
Б.Е. Көмеков ***(жауапты редактор)***
С.А. Қасқабасов
С.К. Өтениязов
Е.Б. Саиров
А.Ә. Сарым
Е.Ж. Уәлиханов

Құрастырушылар:
Б.Е. Көмеков
В.Н. Настич
В.К. Шуховцов

Аудармашы:
А. Таусоғарова



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНАН

Ш. Ш. Уәлихановтың «Шығармалар жинағының» төртінші томына ғалымның 1860 жылмен белгіленген және шығармашылығының одан кейінгі мерзімдегі еңбектері, күні белгіленбеген, оның қаламына шамамен болжанып жатқызылған жарияланымдар, сондай-ақ ғалым мұрағатының бір бөлігі енгізілді. Тарихи және этнографиялық мақалалар, дін мен дерекнамалық талдамалар мәселелері бойынша мақалалар, статистикалық мәліметтер мен генеалогиялық кестелер, тарихи-сәулет ескерткіштері туралы жазбалар мен суреттеулер, сыни хаттар мен библиографиялық жазбалар оның алдыңғы томдарындағы шығармаларымен бірге ғылыми қызығушылығы ауқымды да сан қырлы Шоқан Уәлихановтың шығармашылық зертханасы жайынан барынша кең түсінік береді. Бұл томға ғалымның 47 мақаласы мен материалдары енгізілді.

Ғалым Қазақстанның ортағасырлық тарихы, қазақ халқының этникалық дамуы туралы маңызды әрі қызықты ақпараттар қамтитын шығыс жазба деректеріне («Тарих-и Рашиди», «Низам ут-Таварих – қазы Байзави шығармасы», «Әбу-Насыр Самани», «Хронологиялық көшірмелер») зор қызығушылық танытты.

Ш. Уәлиханов қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетін, діни танымдардың шығу тегін, Қазақстан мен Орта Азияда исламның таралу тарихын зерттеуге баса назар аударды. Бұл мәселелер оның «Қырғыздардағы шамандық қалдықтары», «Еділ бұлғарлары», «Түркімендер туралы», «Дала мұсылмандығы жөнінде» мақалаларында көрініс тапты.

Ш. Уәлихановтың қоғамдық-саяси көзқарастары оның соңғы еңбектерінің бірі – «Сот реформасы туралы жазбада» мейлінше айқын көрінеді. Онда Ш. Уәлиханов патша өкіметінің XIX ғасырдың 60-жылдарында феодал-бай мүдделеріне орай жүргізілген Қазақстандағы сот реформасының халыққа қарсы сипатын ашық сынға алады, бұқара халықтың ауыр тұрмысын жеңілдету жолдарын іздестіреді.

Мұрағат материалдарының ішінен алғаш рет жарияланып отырған көпес Любимовтың жолжазбаларында қамтылған та-

рихи-этнорафиялық және сауда-экономикалық мәліметтер жүртшылық назарын аударады.

Мақалалар мен материалдар Ш.Ш. Уәлихановтың 1961-1972 ж.ж. жарыққа шыққан «Шығармалар жинағы» бойынша басылып отыр. Ғалымның шығармаларының мәтіндерін академик Ә. Марғұлан («Дала мүсылмандығы жөнінде», «Сот реформасы туралы жазба», «Ауызша шығармашылық»); М.С. Түрсынова («Қырғыздардың ертедегі сауыт-саймандары мен әскери қару-жарақтары», «Қырғыздардағы шамандық қалдықтары», «1855 ж. күнделік журнал», «Көпес Любимовтың сапары»); Ж.Х. Кармышева («Тарих-и Рашидиден», «Әбу-Насыр Самани», «Еділ бұлғарлары», «Азия хабаршысы» туралы жазба және оның үзінділері», «Түркімендер туралы», «Орта ғасырларда Орта Азияда болған саяхатшылар және олардың хабарламалары», «Қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі», «Хронологиялық үзінділер»); Т.Ж. Шойынбаев («Қырғыздардың қоныстары туралы», «Абылай»); Н.Г. Уәлиханов («Шона-батыр *(XVIII жүзжылдықтың авантюрисі)*» және басқалары дайындады.

Мәтінтану бойынша қосымша жұмыстарды, түсініктемелердің түзетулері мен толықтыруларын қазіргі тарих ғылымының жетістіктерін ескере отырып Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының қызметкерлері: Б.Е. Көмеков, В.Н. Настич, В.К. Шуховцов, И.В. Ерофеева, В.А. Моисеев, Н. Н. Мингулов жүргізген.

Атаулық, географиялық және этникалық көрсеткіштерді Дж. Х. Кармышеваның қатысуымен В.Н. Настич пен В.К. Шуховцев құрастырды. Иллюстрациялық материалды С.К. Өтениязов пен К.А. Власов дайындады.

Жаңа басылымда қазақша аудармасын жасаған А. Таусоғарова. Атаулық, географиялық және этникалық көрсеткіштерді құрастырған Т. Жұманов.

1860-1864 жж. ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕР

ШОНА БАТЫР

(XVIII жүзжылдықтың авантюрисі)

/3а/ Қырғыз даласы тек өткен жүзжылдықта ғана емес, тіпт, қазір де ортаазиялық рефюжьелерге*[1] әлі баспана болып келеді, өткен жүзжылдықта опық жегендер мен жәбір көргендер әлемнің бар тарапынан: Татар Сібірінен, Қоқаннан, Жоңғария мен Еділдің төменгі ойпаңынан мұнда келіп жасырынып жүрді. Олардың арасында, қарапайым халықтан шыққан көп қашқындарды былай қойғанда, ақсүйек текті адамдар да аз болмады, олар асқан қонақжайлылықпен қабылданып, осы көшпелі ордада барлық кезде дерлік өздерінің жоғары дәрежелі орнын сақтады. Сөйтіп, қырғыз даласына қашып келген түркістандық ханзада Абылай-хан; өткен жүзжылдықтың жартысында бақытсыздыққа душар болған екі жоңғар ханзадасы — Дабашы[1] мен Әмірсана[2] саяси оқиғалардың салдарынан өз отандарынан қашып келіп, қонақжайлылықпен қабылданады, түтас бір қырғыз үрпағын [наймандарды]*[2] басқаруға алады.

Осы сияқты танымал рефюжьелердің қатарына 1740 ж. башқүрт халқының ашу-ызасын тудырушы Қарасақал[3] да жатады. Ол өзін сол уақыттағы жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің ағайыны Шона[4] деп таныстырған. Мұнда ол қаракерей Қабанбай батырдан[5] пана*[3] тауып, оның көмегімен найман үрпақтарының бір бөлігін басқаруға енші алды және өзі Қарахан деген жаңа есім қабылдады. Ол даланың жүмбақ әрі жолы болғыш авантюристерінің бірі болып шықты. Далаға орнығып алған ол Ресей үшін де, Жоңғария үшін де қауіп төндірді: біріншісі башқүрт халқының тағы да наразылығын тудырмаса екен деп қорықса, екіншісі оның жалған есімінен қауіптенді: жоңғар тағының қаза болған үміткері Шона деген біреу жоңғар халқының ардақтысы болғаны соншалық, (халық) ол үшін Қалдан Серен ханға қарсы көтеріліске әзір тұрды. Жоңғар қалмақтары орыстардан Шонаның қайда

---

*[1] *рефюжье (франц.)* — қуғыннан жасырынушы, қашқын.

*[2] қолжазбада осыған қарсы NB белгісі түр. Сірә, автор мәтінді толықтырғысы келсе керек.

*[3] осыған қарсы — NB белгісі.

екенін білетін-білмейтіндіктері туралы жиі мәлімет алып тұрды. 1746 ж. Жоңғариядан қашып шыққан калмақ Монго Усюмов орыс басшыларына қалмақтар өздерінің иесі Шона батыр болғанын қалайтындықтарын білдірді. Оның сөзіне қарағанда, Шона батыр орыс әскерінің қолбасшысы-мыс; ал егер орыс әскері Жоңғарияға Шонасыз келсе, онда қалмақтардың соғыссыз берілмейтіндіктерін жеткізді*[4].

1748 ж. бұрын Жоңғарияда болған сержант Комовщиковтан бір қалмақ демичи Генден Қалдан Сереннің бұрынғы ағайыны Шона батыр туралы сұрастырып, оған нояндар – Дабашы мен Эмаккулидің*[5] бодандыққа барғылары келеді-мыс дегенді айтады, мұнда олардың біріншісі Жоңғариядан қырғыз даласына қашып барған*[6].

Бұл оларға жүктелген тапсырма болғаны күмәнсіз және Қарасақалдың далаға қашып барып, өзін Шона деп таныстырған кезінде, Қалдан Серен өз тыныштығы үшін қатты қауіптеніп, тіпті беделді қырғыз сұлтандарының бірі – Барақты[7] параға сатып алып, оны – біреудің атын жамылушыны өлтіруге көндіреді. Дегенмен, замандастары оның шынымен біреудің атын жамылушы ма, әлде, Шонаның нақ өзі ме екенін анық біле алмағанын ескертіп өтуіміз керек және даланың түрғылықты халқы аузындағы аңыздарда тек бір ғана Шона бейнесі бар да, Қарасақал аты жойылып кеткен. Ол жайлы аңыздар өте керемет. Шонаны Ресейге қарасты дала кеңістігі түтас біледі; ол туралы естеліктер Алтай қалмақтарының және қырғыздардың да, Еділ қалмақтарының да поэтикалық әңгімелерінде сақталып қалған; қырғыздар тек Шона-батырдың өте /4а/ қатты керілген садақты да тартқаны, жебенің тесіп өткенін .... айтады. Еділ қалмақтарында ол туралы, айта кетелік, оның Кум сағасындағы аяқ алып жүргісіз батпақты жерде қаза тапқаны туралы аңыз бар. Біз бұл әңгімені «Томск Губ. Ведомостваларынан» алып пайдаланып отырмыз*[7].

Бұл аңыз бойынша, Шона қалмақтың батыры әрі дана адамы болған. Оның әкесі Қоңтайшының (яғни, жоңғар ханы) Қалдан атты тағы бір ұлы бар*[8] еді. Шона Қарақыз атты

---

*[4] Сібір қырғыздарының облыстық басқармасы жанындағы мұрағат. Капитан Быковтың мәлімдемесі, 30 қазан, 1746 ж. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

*[5] оқуға болады: *Эмакуме*.

*[6] Сібір қырғыздарының облыстық басқармасы жанындағы мұрағат. Полковник Павлуцкийдің мәлімдемесі, 22 сәуір, 1748 ж. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

*[7] 1858 ж., № 29, Вербицкийдің «Народные легенды кузнецких телеутов» атты мақаласы *(Ш. Уәлихановтың ескертпесі)*. [Уәлихановта: құлшын татарлары].

*[8] яғни, Галдан.

күнмен бірге тұрады, оған ағасы ғашық болып үйленеді. Бұған қорланған Шона өзінің он екі жолдасын Алтай жоталарымен серуендеуге шақырады. Өз тұрағынан бір шақырым жер жүргеннен кейін оларға өз қайғысы туралы айтады, садақ тартып, ағасының киіз үйін көздеп атады, жебе есікке қадалады: Каллан жебеге қарап оның иесін таниды да, әкесіне арыз айтады. Кешке Шона аңнан қайтады; Қоңтайшы оны өзіне шақырып алып, жауырынын ойып, қол-аяғын қайыспен байлап, 70 құлаш тереңдіктегі жер астына тастауға бұйырады. Бұл күпия түрде жасалады және халық қалаулысының қайда кеткенін ешкім білмеді, тек ханға кірген бір қарт шындықты сезіп қалады да, өз киіз үйінің астын зынданға дейін үңгіп қазу арқылы ор қазып, жеті жыл бойы түтқынға азық әкеліп тұрады. Қоңтайшының қуатты көршісі әрі боданы қара қалмақ болжампаз Шона батырдың көрінбей қалғанын біліп, оған екі сауысқан жібереді, оның бірі кәдімгі шын сауысқан да, екіншісі – сиқыр күшімен сауысқанға айналдырылған қарға болатын. Ол бұған қоса мынандай шарт қояды: егер Қоңтайшы жалған сауысқанды нағыз сауысқаннан айыратын болса, онда қара қалмақ оған бұрынғысынша алым-салық төлеп тұратын болады, егер ол ажырата алмайтын болса, онда салық төлеуін тоқтатады. Қоңтайшы қатты қайғырады. Бірақ қарт тамақ әкеліп отырып, Шонаға оның әкесінің қайғысы туралы айтып береді. Сонда Шона айтады: «Сауысқанды қарғадан ажырату үшін де зор ақыл керек пе..! Сен менің әкеме жерге сырық қадап және оның жанына қалқа жасап, құстарды жауын-шашынды күні босатып жіберуге кеңес бер; сауысқан қалқаның астына үшып келеді, ал қарға сырыққа қонып қаркылдайды». Осылайша құстардың күпиясы ашылып, қара қалмақ Қоңтайшыға бодан болып қала береді. Осыдан екі жыл өткеннен кейін қара қалмақ Қоңтайшыға жоғарғы жағы мен тамырға жақын түсын ажырату үшін тобылғы бұтағын беріп, тағы да елші жібереді, Қоңтайшы тағы қайғыға батады, қарт бұл туралы Шонаға айтып береді; Шона бұтақты суға тастап, оның ілгері жылжыған жағы – үшы, ал қалғаны – тамырға жақын түсы болатынын үйретеді*[9]. Қара қалмақ тағы

---

*[9] Миссионер Вербицкий[8], шамасы, аңызды дұрыс жазып алмаған болуы керек, физика заңы бойынша керісінше. Бұл жұмбақ Коокю бойжеткен туралы басқа қалмақ аңызында кездеседі. Ханның төрешілері осы қыздың ақылдылығын сынап, қай жері үш жағы, қай жері тамыры екенін табу үшін барлық жағынан шауып тегістеген ағашты беріп жібереді. Коокю оны суға тастайды, сонда тамыр түсы суға батып, үш жағы жоғары қалқып шығады. «Сын Отчества», 1822, № 7, Воейковтың «Описание калмыцкого народа» мақаласы *(Ш. Уәлихановтың ескертпесі)*.

бодан болып қалады, бірақ бір жылдан кейін жүмбақ жасырмайды; керу үшін темір садақ жібереді. Алайда садақ соншалықты берік болып, ешкім мүны кере алмайды, бірден отыз адам /46/ кіріссе де, бәрібір сәтсіз аяқталады. Сонда Шона картты хан алдында көзінің жасын төге отырып, былай деп айтуға үйретеді: «Өз батырымыздың көзін өзіміз жойдық, енді боданымызға бас июіміз керек!». «Ол тірі ме екен? – деп сұрайды Қоңтайшы. – Іздеу керек». Шонаны жер астынан алып шығарады, үстін мүк басып кеткен, жауырын жарасы жазылыпты; бірақ ол күн сәулесіне қарай алмай қалыпты, етпетінен құлап, осылайша жарты күн жатады. Әкесі оны түйенің сүтімен шомылдырып, сәнді киіндіруге бұйрық береді. Сонда Шона сұрайды: «Әке, сен не үшін мені, өлі аруақты, қозғадың?» Бірақ әкесі, жауап орнына, үлкен шарамен шарап береді. Батыр оны бір демде ішіп қояды; басқа шараны береді, оны да ішіп, артынан түтас пісірілген қой етін жеп қояды. Сонда әкесі оған өз қайғысын жеткізеді. «Әке, садақты әкел», – дейді Шона.

Отыз адам садақты алып келеді. Ол садақтың адырнасын бір шынашағымен басқанда, садақ иіледі. Сонда Шона әкесіне айтады: «Ал, менің туған әкем, жолыма ақ батаңды бер: мен енді саған ұл, сен маған әке емессің». Осы сөздермен ол өз отанын тастап кетеді. Әрі қарай оның Қоқания ханы болғаны, содан кейін Қоқан тағына достарының бірін отырғызып, өзі Мәскеуге, Алексей Михайловичке[9] кеткені, ал оның Шонаны ұнатып, қадір түтып, қызылшырайлы атап, оған сарай сыйға тартқаны әңгімеленеді. Басқа бір аңызда, сондай-ақ миссионер Вербицкийдің жазбасы бойынша, Шонаның Алексей Михайловичтің сарайында пайда болуы қашқындық түрғысынан түсіндіріледі.

Қоңтайшының екі әйелі болады: бір әйелінен ұлы Шона мен қызы Шюжда болса, басқасынан бес ұлы болады. Қоңтайшының өлімінен соң балалары арасында келіспеушілік от алып, ағайындылар Шонаға қарсы қастандық ойластырады, алайда бұл туралы қарындасы біліп қалып, оны ескертіп қояды да, Шона Алексей Михайловичтің қарамағына қашып кетеді; қастандық ойластырушылар жоспарларын айтып қойғаны үшін оның қарындасын өлтіреді.

Біздің қолымызда сол Шонаның осыған нақпа-нақ дерлік тарихы әңгімеленетін өткен жүзжылдықтың құжаты бар; дәл осы Қарасақалдың ниетінен қауіптенген орыс үкіметі 1745 жылы Қырғыз даласына башқұрт Туканды...*[10] жібереді. Ал Туканның әңгімесі Шона оқиғасының сол уақытта қырғыз арасында өте танымал болғанына дәлел болады. Міне, Туканның қысқаша әңгімесі:

---

*[10] бір сөз түсіп қалған, шамасы, Туканның тегі болса керек.

Ресейге бодандыққа кіргені үшін Барақ сұлтанға Туканның қылыш пен мақтау қағазын әкелгенін Қарасақал естіп, Туканды сол жайында келіссөзге өзіне шақырады. Тукан онда төрт күн болады. Қарасақал, атақты старшина Қазыбек би, Қибайбай батыр*[11], халық кеңесінен кейін жоңғар қожасы болған Қалдан Сереннің шабуылы жағдайында көмек көрсетуге уәде байласа отырып, Туканды Орынбор басқармасына Ресей бодандығына өздерін қабылдау туралы өтініштерін жеткізу үшін өкілетті етеді. Тукан тіпті олардың «соған нық бекініп, қандай жағдайға да даяр болу үшін және барлығына өздерінің үлыстарында, оларға жақын тұрған адамдарға кез келген қажеттіліктерін құлын-тайлармен және алыс жолға жарамайтын аттарымен атқарсын, ал жақсы, сенімді аттарды соғысқа сақтасын» деген тұрғыда бұйрық бергенін айтады.

«Жоғарыда айтылған Қарасақалдың жайына келер болсақ, алғашқыдағыдай, ол Қырғыз ордасында ... өзі жөнінен айтқанда, жоңғардың өлген қожайыны Қоңтайшының Шона есімді үлы-мыс, бата беріп ... ондай күшке қазір ие емес». Ол қашып кетпес үшін Қоңтайшы оған қырық қызметші беріп, мың адамнан күзет қояды; бірақ Шона осы қырық қызметшімен бірге күзеттің шабуылына тойтарыс беріп, қарақалпақ, қырғыз даласы арқылы Еділ қалмақтарына, Аюке ханға[10] түрмысқа үзатылған өзінің туған қарындасына қашып барып, сонда орналасады. Қоңтайшы Шонаның бассауғасы туралы сұрастырып біліп, қашқынды қайтару туралы Аюкеге хат жазады; қалмақтар Қоңтайшының көңілінен шықпақ ниетпен Шонаны ұстап, енді бермек болғанда, оны біліп қалып, қарындасы бір қалмақты қылғындырып өлтіреді де, Аюкеге және басқа да қалған қалмақтарға сол өлген Шона деген түр көрсетеді, соның арасынша Шонаның өзі алты қалмақ және Қабақ деген бір қырғызбен кубандықтарға қашып, ал олардан түріктерге асып, енді ешқашан қалмақша сөйлемеймін деген жұмбақ антпен ислам дінін қабылдайды. Түріктерден шыққанда басы иттікіндей, ал аяқтары малдыкі сияқты кісі жейтін адамдарға абайсызда тап болады, алайда ол жерден де қашып отырып, Ресейге шығады, сөйтіп Санкт-Петерборда және Мәскеуде аз уақыт болады; содан кейін ол Башқұртқа келіп, сонда ноғай, сібір жолдарында, Ерматылы мен Қаратабын болыстарында он екі жыл*[12] тұрып, ақырында 1740 жылы халық көтерілісінің себепкері болады. Башқұртстанда « ..... ол башқұрт Алажай-Гулуге өзі туралы: «кубандық тума, есімі Сұлтан-Гирей мыс, онымен башқұрттарды көтеріліске бастау үшін келісілгенін» айтады.

Жеңіліс тапқан соң, Қырғыз ордасына қашып келіп,

---

*[11] жылнамашының қатесі, *Қабанбай батыр* деп оқу керек.
*[12] осыған қарсы NB белгісі тұр.

мұнда өзін Қалдан Сереннің ағайыны Шонамын деп мәлімдейді және мұнысын оның кубандықтарда, түріктер мен башқұрттар арасындағы барлық елкезбелік саяхаттарында сапарлас болып, осында онымен еріп келген қалмақ пен қырғыз Қабақ растайды. Қырғыздар мен олардың ақсақалдары бұған сеніп, найман үрпағынан соғысқа жарамды екі мың адамды, әйелдері мен балаларын есептемегенде, басқаруды үсынды.

«Ол, Қарасақал, өзі туралы қар мен жаңбыр жауғыза алады-мыс, ал сол айтылған орындалған болса, ол жауғызған болып шығады; сондай-ақ науқастарды түрлі аурулардан, оның үстіне басқа нәрселермен емдейді де, қолынан келгенімен елді барынша риза қылады» деген қауесет таратады. Жоңғариядан келген Шона деген «оның атағы» туралы қауесет сөзді естіп, оған үш жыл бұрын Бақ-Қашқа, ал өткен жылы бір анадан туған Шонаның бауыры Барғай келеді. Ол бала кезінде-ақ Қоңтайшының бүйрығы бойынша көзден айырылып, жер аударылған. Барғай Туканнан Қарасақалды шынымен Шона деп танисың ба деп сұрайды, «оның қарасақалдық мінез-құлқын ойлай келе, ол оны Шона түрмақ, тіптен қалмаққа да үқсата алмады және түрған бойы қалмақы сипаттан ерекшеленіп түратынын аңғарған». Алайда Тукан оған сырғақтата жауап берді, бұған қарағанда, оның өзінің бауырын жақсырақ тануы тиістігін айтты; шындығында, Туканның өзі де осы ойда болды; мұның Шона емес екенін және оны өзге бір башқұрт деп те мойындай алмауының себебі, ол қалмақша сөйлемейді, «тіл табысу, адамға жүғысуды білмейді» және оның сөзі «сібір жолындағы башқұрттардыкі» сияқты. Жас шамасы, қырықтарда болса керек*[13].

Алайда, оның біреудің атын жамылушы екендігі айқын болғандығына қарамастан, Қалдан Серен бұл содырдан қорықты. «Шона тірі, сары далада жүр» деген лақап сөз Жоңғарияға дейін жетеді және мұны сонда барып қайтқан Бақ-Қашка мен Барғай, сонымен бірге, жоғарыда айтып өткеніміздей, қалмақтардың Шонаның орыс әскерлерімен қайтып оралатыны туралы алып-қашпа сөздің қаншалықты растығын орыстардан сұрастыру деректері растайды. Қарасақал осы беймаза ой жағдайындағы Жоңғарияда Қалдан Серен үшін оп-оңай қауіпті адамға айналып шыға келді. Сол себепті ол Қарасақалдың өлімін тілеп, соған үгіттеді [Барақ сұлтанды]. Барақ сұлтан мен Қарасақал «өзара келісімде» болды, алайда содан кейін араздасып қалады.

/7а/ Барақ-сұлтан бұрынғы бір аманатының орнына өз ұлы Шығайды жібергенде, Қалдан Серен оған егер ол алдамшы Шонаны үстап беретін болса, онда оның ұлы Шығайды босатуға уәде береді, «... бұған Барақ көнгендей болады да,

*[13] Осыған қарсы NB белгісі түр.

Қарасақалды, оған [қарындасын] астыртын үгіттеп келісімін алу арқылы ұстауды ойлайды*[14]». Барақ, шынымен де, қарындасын Қарасақалға тұрмысқа шығуға үгіттеп көндіреді, бірақ, соңғысы оның ниетін сезіп қойып, оған баруға қауіптеніп, «үрей соңында» жүріп, Барақтан алысқа, қаракесек-арғын руына жақынырақ далаға, нақ Қазыбек бидің қонысына ірге аударады.

Бұл би Қабанбаймен бірге, соның «қарауында» өмір сүріп, соның арқасында үлкен беделге иеленіп, күшейген еді, оны Барақ сұлтанның зәбір-жапасынан қорғауға уағдаласады.

Қарасақал мен Шонаның екі бөлек жеке-жеке тұлғалар екеніне күмән жоқ, дегенмен Қалдан Серенді батыл қадамымен үрейге батырып үлгерген бұл башқұрт жұмбақ бола түсті. Еділ қалмақтарының аңызы Шонаның қаза болған жері деп Кум сағаларын көрсетеді; алайда біз осы мұрағаттан нақ осы Қырғыз даласынан [Қарқаралы округі] қашып шыққан Қарасақалдың сар далада тыныштықта өлгені жайынан хабардар болдық. Ақбай Сундуков оның Барин (Барғай) қарамағындағы қырғыздардың Грачевск станицасынан түтқынға алынғанын көрсетеді. Барғай – «башқұрларды ашындырушы», екі ай бұрын қаза болған (Неплюевке үсын[illegible]ан қағаздардан, 31 шілде 1749 жылы) Қарасақалдың ағасы. Егер бұл түрлі тұлғаларға қатысты болса, екі хабарлама да шындық болуы мүмкін.

*[14] Сібір қырғыздарының облыстық басқармасы жанындағы мұрағат. Штокманның хабарламасы, 26 маусым 1745 жыл (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

«ТАРИХ-И РАШИДИ»-ден

/375а/ Ғылым Академиясының мұражайындағы «Тарих-и Рашиди»-ді парсы тілінен түрік, Қашғар тілдеріне Қашғардың хәкім-бегі Жүніс Тәжінің تاجی, ұлы Ескендір-Уәлидің, ұлы Емін-Қажының әмірімен Мұхаммед Садық Қашғари[1] аударған (Емін Қожа туралы қараңыз: [Иакинф], Жоңғария мен Шығыс Түркістанның сипаттамасы). Осы бектің тілегімен бұрын Мұхаммед Садық «Тарих Табари»[2]-ді تاریخ طبری (араб тілінен) аударған. Аудармашы, бұдан бөлек, Қашғардың хәкім-бегі Османның жұбайы, ұлы Хади-бек Яркендтіктің (میرزا هدی بیك), Рахима-Ағачаның رحیمه اغاچه* әмірімен хижраның 1182 ж. құрастырылған «Тазкиряи-Ходжакан»[3] تذکرهء خواجهکان атты бірегей шығармасымен де мәлім болған.

«Тарих-и Рашиди» түпнұсқасының авторы Мұхаммед Хусейынның ұлы Мұхаммед Хайдар көбінесе Хайдар Куркан** мырза атымен белгілі және ол қашғарлық хан Абдул-Рашидтің уәзірі болған. Ол хандармен туыстығы бар Дұғлат әулетінің Бұлашы әмірінен امیر بولاجی دوغلات шыққан. Хандар әйелдерін осы әулеттен алатын болған.

/2а/ Жетімдіктің ауыр зардабын тартқан автор که یتیملیك نیك نهایتی دور*[1], 13 жасында Сағид-хан сұлтанның тәрбиесіне алынған. Ханның оған деген ерекше ықыласы ханның балалары мен ағайындарының қызғанышын оятады. Ол 24 жыл бойы ханның қасында болып, оның бұйрығымен көркемсөз шығармашылығымен, поэзиямен, сондай-ақ кітап жазумен

---

* *Рахима-Агача* – Қашғардың хәкім-бегі Османның жұбайы. Қараңыз: "Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері" сериясы, IV том. Мұхаммед-Садық Қашғари "Тазкира-йи 'азизан". Кіріспе, қазақ тіліне аударма, түсіндірмелері, мәтін факсимилесі, көрсеткіштер А.Ш. Нұрмановакікі. Ғылыми редакторы Ә.Қ. Муминов. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. (42,25 б.т.)


** *Гураган* – моңғол тілінде «күйеу бала» мағынасын білдіреді. Қараңыз: Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Ташкен: ФАН, 1996.

*[1] Бұл оның жетімдік тауқыметінің сәтті аяқталуы болды (В.К. Шуховцовтың аудармасы).

де, сурет салумен де, ісмер жұмыстар шеберлігімен де айналысып, халықты таң қалдырады, темір жону өнерінің, ұсталықтың, дипломатиканың шебері болады. «[Егер] не білетінімді айтар болсам, [онда] [әңгіменің] шегі алысқа кетеді. Жай қарым-қатынаста, сұхбатта, соғыста, садақ ату кезінде, аңшылықта және وانجه كه امور سلطنت دا*2 – осының барлығында мен ханның шәкірті болдым. Алайда мен оның балаларынан көп жаманшылық көрдім», [– деп өзі туралы Мұхаммед Хайдар жазады].


Сұлтан Махмұд[4] [хижраның] 899 жылы Шашта автордың әкесіне өзінің үлкен апасы Хуб-Нигар-ханымды خوب نگار тұрмысқа береді. Оның әкесі осында 9 жыл басқарушы болады, тоғызыншы жылында автор дүниеге келген.

/1б/ **Моғол ұлысы немесе Жете күшбегісінің генеалогиясы**



Хайдар моңғол хандары қимыл-әрекетінің аңыздардан мәлімдігін айтады, алайда оның уақытында аңыздардың ауызша жеткен үлгісін білетін және оларды сақтай алған адамдар да болмаған. Ол өз тарихын Шараф-аддиннің «Зафар-намесі»[5] ظفر نامهء شرف الدين баяндауын үлгіге ала отырып, хижраның 951 ж.

*2 сондай-ақ басқару істерінде.



«Тарих-и Рашиди» бойынша III Ұлыханов құрастырған генеалогиялық кесте (Автограф)

бастайды. Тарих Моғол ұлысының негізін салушы, әрі исламды бірінші қабылдаушы Түғлық-Темір ханнан басталады; өйткені Шыңғыс ханнан бастап Түғлық-Темірге дейінгі жайды барлық тарихшылар жақсы айтады да, солардан кейінгі хандардың тарихы белгілі болмаған. «Тарих-и Рашиди» екі бөлімге бөлінеді: біріншісіне [Түғлық-Темірден тарайтын шағатайлықтар тарихы] енеді. Екінші бөлімде автордың өзінің [өмірлік] жағдайынан мәліметтер қамтылады: Шағатай хандары мен сұлтандары туралы не естіді, не көрді; өзбектер жайлы және өз туысқандары – хандар тарапынан көрген қолайсыздықтар. Сондықтан автор осы хандық алдындағы және басқа тарихшылардан белгілі оқиғаларды қайталауды да ұлы өзен Ефраттың жағалауынан құдық қазғандай жөнсіз деп есептеп, [өз тарихын] Рашид ханмен аяқтайды, соның атымен жылнама «Рашиди» деп аталған. Тарих 962 ж. (1554 ж.) аяқталған, ол өз бойында негізін салушысы Есенбұға болған Шағатай ұлысының шығыс бөлігін иеленген хандар тарихын қамтиды, олар Ақсу, Қашғар мен Яркендті мекен еткен. Автор бұл хандарды моңғол (моғол) مغول хандары деп, олардың иелігін Моғолстан, Моғол-ұлысы, ал халқын, олар мұсылман болса да – моңғол деп атайды*[3].

Ұлықбектің «Улус-и Арбия» اولوس اربعه (Төрт ұлыс) шығармасына сүйене отырып, Хайдар төрт ұлыстың бірі – Моғол ұлысы аталатынын және оның екіге бөлінетінін айтады: Моғол мен Шағатай ұлыстары, олар жауласып, бірін-бірі күндейді. Моғолдар шағатайлықтарды Қара-ұлыс*[4] деп, ал шағатайлықтар оларды – Жете جته атайды. Жошы ұлысы да екіге бөлінеді, олар біздің және парсы [тарихшыларында] орда аталады: Еділ ордасы немесе Алтын орда (орыстарда, Рашид-аддин мен Вассафта), мұсылмандарда Көк орда, ал басқасы – Ақ орда. <Шағатай өз хандығын бөлгенде, Бұлашы әмірдің бабасы – Бауртуға берді:>

بو وقتکه جغتای خان مملکت نی تقسیم قیلدی باورتو بو که امیر بولاجی ننك بباسی ایردی مانکلای سوبه نی انکا برکان ایدی. مانکلای سوبه عبارت دور مشرق رویه دین حد شرقی کوسان و تاربوکور وحد مغربی سام غر و چقشمان که اخر ولایتی فرغانه دور وحد شمالی اسغ کول وحد جنوبی جرجان وسریغ ایغور. بو حدودنی مانکلای سوبه دیر لار.*[6]

---

*[3] Яғни, үйғырлар, дулаттар мен қырғыздар.

*[4] Сірә, жаңылыс; қара-үнас болуы керек.

*[5] Парсылық түпнұсқасы мен Қашғарлық аудармасында қате: سویه (сүйе)

*[6] Шағатай-хан елді үлеске бөлген кезде Манглай-сүбе (алдыңғы облысы) Бұлашы әмірдің бабасы Бауртқа берілді. Манглай-сүбе шығыста [ұлыстың] орналасқан. Оның шығыс шекарасында Каусан мен Тарбүкір, батысында – Ферғана облысының шеті болып табылатын Сағар мен Чикишман шектес. Солтүстік шекарасы – Ыстықкөл, оңтүстік – Черчан мен Сары-үйғыр. Осы шекаралардағы территорияны Манглай-сүбе атайды.

/376а/ Манглай-сүбеде Бұлашы әмір дәуірінде келесі үлкен қалалар болды: (*[7] بو حدود ا یچره نچند شهر عظیم بار ایردیکه اولوغی کاشغر) Қашғар, Хотан ختن, Яркенд*[8] یارکند, Каусан کوسان, Ахсикент اخسیکنت, Әндіжан اندیجان, Ақсу اقسو және Атбасы ات باشی. Бұлашы Ақсуды астана етті (20-бет. Тұғлық-Темір туралы, 21-бет. [«Тарих-и Рашиди»]).

خانغه مسخر بولدی*[9] امیر بولاجی انی خان کوتردی و تمام مغولستان بلکه اکثری یورت چغاتای

Тұғлықты исламға айналдырған Маулана Рашиддиннің тегі туралы [біраз сөз].

Шығарманың авторы осы әулеттің ұрпақтарынан және оның замандасы – пірәдар Маулана Қожа-Ахметтен алынған мәліметтерді пайдаланды. Олардың бабасы – Маулана Шуджа-аддин مولانا شجا الدین соңғы муджтехидтің ағасы حافظ الدین کبیر بخاری [Хафизаддин Кабир Бұхари]. خواجه حافظ الدین دین کین ینه مجتهد کل پیدا بولمادور*[10].

Шыңғыс хан Бұхараны алу кезінде Хафиз-аддинді өлтіріп, Шуджааддинді Қаракорымға قراقوروم жібереді. Кейін قراقوروم بر هم یکانده*[11] оның балалары Тұрфан мен Хотан арасындағы үлкен қалалар Лоб және Кетекке қоныс аударды لوب و کتك. Осында бірнеше ұрпағы тарады; автор олардың өмірі туралы Хидр-Ахметтен естігенімен, ұмытып қалады. Олардың соңғы шейхі شیخ جمال الدین*[12] өзінің тәлімін тыңдағысы келмей, күнәға батқан осы қаланы қарғап, Кучаға[6] کوچار муэзинмен жол тартады. Қала ол кеткеннен кейін бірнеше сағаттан соң құмға көміледі.

Соңында ол Ақсу маңындағы Байкөлге келіп, сонда бірінші рет Тұғлықпен кездеседі («Тарихи-Рашиди» 22-24 беттер). Шейхтің ұлы اقسودین مغولستانغه باردی*[13] Маулана Рашиддин, демек, бұл уақытта хан қонысында болған («Т. – Р.» 26-бет). Бұл ханның сол кезде өзінің шатырына خرگاه ایچره Тұлектің[7] келуін талап етуімен дәлелденеді, اول زمان منصب دوغلاتی و اولوس بیك لیکی الکا [برلکان] ایردی*[14]. Онда جراس әмір де (Чарас емес пе?) болған.

Өмірінің соңында Тұғлықтың иелігі Самарқандқа дейін жетті, бірақ Тұғлықтың Бұлашы әмірге (Бұлашының ата-баба-

---

*[7] осы шекаралардың шегінде [яғни Манглай-сүбе] бірнеше ірі қалалар болды, олардың ішіндегі ірісі – Қашғар.

*[8] парсылық түпнұсқада Яркендтің орнында – Үзгенд (اوزکند). үлкен бөлігі ханға бағынды.

*[9] Бұлашы әмір оны [Тұғлық-Темірді] хан жариялап, бүкіл Моғолстан, тіпті Шағатай ұлысының үлкен бөлігі ханға бағынды.


*[10] Қожа Хафизаддиннен кейін [осындай] муджтахид [діни заңдар мен құқықтар іліміне жоғарғы дәрежеге жеткен] қайтіп пайда болмады.

*[11] Қаракорым қиратылған кезде.

*[12] Шейх Жамаладдин.

*[13] Ақсудан Моғолстанға келді.

*[14] Сол уақытта [яғни, Тұғлық-Темірдің тақка отырған кезінде], дулаттар иеленген шен және лауазым оған [Тұлекке] берілген еді.



Тарих-и-Рашиди бапшынан III Мәшһәдтәги жасалған Моғолстанның сызбалық картасы. Қалам, 1800 ж.

лары Шыңғыс ханнан да жарлықтар алған) берген және авторға мирас арқылы жеткен нишанында*15, оның Құндызда жазылғаны көрсетіледі: сондықтан ханның жаутершілігінің соңғы шегі — Құндыз деп болжануы тиіс («Т.- Р.» 38-бет).

/116/ **[Түғлық-Темір-ханның генеалогиясы]***16.

الانقوا كورك لوك [Алангоа көркем],
بودانجر [Будаңжар],
بوقا [Бұқа], دومن [Думин],
قايدو [Қайду], بايسنغر [Байсұңқар],
تومنه [Түмна], قبل [Қабыл],
برتان [Бортан], يوسوكاى [Есүгей],
چنكز خان [Шыңғыс хан], چغتاى [Шағатай],
(موتاكان) مامكاى [Мамақай, Мутугэн],
(يسون توا) قريسو [Қара-Йису], [Йисун-Туа],
Барақ دواخان, براق [Дуахан],
Есенбүға ايسان بوغا

Түғлық-Темір-хан*17
تو غلوق تمور خان
↓
Хызр-Қожа-хан
↓
Мұхаммед-хан
↓
Шер-Әли оғлан
↓
Уәйіс-хан
↓

Жүніс-хан*18 873-892 Бадахшан шахының қызынан Махмүд-Сұлтан Шахбегім	Есенбүға-хан
↓	↓
Сұлтан Махмүд 992 / Сұлтан Ахмет немесе Алаша-хан	Дос-Мұхаммед-хан 866-873 / Кефек-Сұлтан-оғлан Түрфан мен Шалышта
↓	↓
Мансүр-хан 909-950 / Сұлтан Ескендір / Бабажан-Сұлтан	Сағит-хан 939 / Эмин-Қожа
↓	↓
Шах-хан / Мұхаммед-Сұлтан	Рашид-хан

*15 *Нишан (парсы)* — хан жарлығы; түрікше баламасы — يرليغ йарлиг (жарлық).

*16 Шежіре араб қарпімен жазылған, бірақ есімдердің орналасу тәртібі солдан оңға қарай, төмен түсетін сызық бойынша.

*17 Осы бағанаға қарсы жиек сызықта Уәлихановтың қолымен жазылған: «929 жылы қырғыз Мұхаммед Түркістан мен Сайрамға шабуыл жасап, мұсылмандарды діни наным мен исламға деген қызғаныштан тонай бастады. Оның бұл қылықтары ханға ерсі көрініп, қырғыздарды шауып, Мұхаммедті тұтқындады».

*18 Осы бағанаға қарсы жиек сызықта жазылған: خواجه نصر الدين عبد الله خواجه تاج الدين كوسنى اولادى مولانا رشيد الدين Қожа Насреддин Абдулла — Маулана Рашид ад-диннің ұрпағы, қожа Тадж ад-дин Кусани; төменірек: Сұлтан Халил-хан, Сұлтан Хаджы Мансүр-хан كه قرغزغه حاكم ايردى, қырғыздардың билеушісі болып, оларды тұтқындап, Чалышқа жер аударды.

/7а/ 777 [хижра жылы] Темірлан Жетеге жорыққа шығады. Мұсаның ұлы – өзінің күйеу баласы Мұхаммед-бекті, Абас пен Ақтемір-баһадүрды алғы шепке [мандай немесе шапауыл] қойды, олар күнімен, түнімен жүріп отырып Қамараддинді قمر الدين Ысты-Көлде*[19] بوغام استی کولده немесе بوغاتام اسیغ کول қуып жетіп, оның ұлыстарын талқандап, көп тұтқын ұстаған. Қамараддин қашып кетті. Бұл уақытта Темірлан Қошқарды قوشقار алды. Осы жерде ол, Тоқтамыс-оғланның Ұрыс-ханның ығыстыруынан қорғаныс пен көмек алу үшін өзін іздеп жатқаны туралы хабар алады (қолжазбада اورش خان, басқасында الياس خان اولايك). Темірлан Тоқтамысты қарсы алып, жол сілтеу үшін өзбек Әмір Түменді امیر تمن жіберіп, өзі Үзгендке اوزكند, одан Самарқандқа бұрылды. Осында Тоқтамысты той*[20] توی жасап, күрметпен қарсы алды, қонаққа белбеу-тақиясымен шапан, шатыр, адамдар, түйелерді сыйға тартып, разы етті ایکه اوتاقغا بردی (литавра соғып, тумен, қошеметшілермен متعه و اقمشه*[21] пілмен). Сол екі арада Қамар-аддин کولمه قجوراده*[22] ауырып қалды (پارсы қолжазбасы бойынша کولهء سورا)*[23] سینی اشیب زرداب بولوب اقتی*[24] بولدی اول مقدار غه یتی که داہو استسقا عارض

Оған Темірдің Моғолстанға бет алған қозғалысы туралы хабар жеткен кезде, оның атқа отыратын да күші қалмай, екі нөкерімен келіп орманға тығылады, бұл жерден оны іздеп таба да алған жоқ. Бұл Темірланның бесінші және ең соңғы жорығы болды.

Хызр-Қожа Тұғлық-Темірдің кіші ұлы еді, ол әкесінен жөргекте қалған, оны Мір-ағаның соққысынан Хұдайдада әмірдің шешесі сақтап қалды; оның жасы он екіге толғанда, ол оны Қамар-эддиннің қуғынынан құтқару үшін Қашғардан 12 өзөзіл ازاذل*[25]адамды (؟) کس از احاد الناس*[26] ілестіріп Қашғар мен Бадахшанның ортасындағы тауларға жөнелтеді. Соңында олардың барлығы ақсүйек, мырза امرا атанып шыға келеді және олардың тәлімгерлері*[27] бүгінгі күні тірі жүр. Олардың бірі парсы қолжазбасы бойынша – جکرا*[28], түрік қолжазбасы бойынша – جکراکه. Одан әмір Тәжі تاجی тарайды, басқасы تاجری Хорезмнен, одан әмір Күнжи کونجی, үшіншісі Шалыштан Саяр-

*[19] Яғни, Ыстықкөлде.

*[20] توی (той) – салтанат жасады.

*[21] түрлі тауарлар мен мануфактурамен.

*[22] Кулмақажурада. Қараңыз: Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Ташкен: ФАН, 1996. 80 б. – Кул-и Качур/Қажур.

*[23] Кула-и Сура.

*[24] Шемені, жарасы ашылып кетті; оның денесі ісініп, қанды ірің мен сарысу ақты.

*[25] Сұрқия, жексұрын, арамза (араб).

*[26] Ең шамшыл, ызақор адамдардан (парсы).

*[27] Қате: шамасы, *ұрпақтары*.

*[28] Джекра.

ди (سیادی). Оның үрпағы әмір Құсшы, лақап аты бойынша – Көкілдаш کوکلداش. Қамар-аддиннің қуғынына ұшыраған қашқындар Хотан тауына қашады, бірақ олар бұл жерден Сарыүйғыр еліне, جکرا*29, لوب Лоб және Көдекке (كتك / كدك) асып, алыс кетуі тиіс болған, сонда Қамар-аддиннің қазасынан кейін Хұдайдада шақырмайынша [Хызр-Қожа] он екі жыл тұрады да, хан сайланады. Хызр-Қожа Темірмен бітімге келіп, өзінің қызын توكل خانم*30 оған жұбайлыққа береді.

درظفر نامه همچنین مثبت است و شرح ان حال طولی دارد

مخلص ان اینست خان در ایام ظفر نامه ده انداغ مثبت ترور که شرحی طویل ترور خلص және басқалары*31 اول ترور که خان اول ایام سلطنت دا ختای طرف және басқалары*32. Хан Қытай қарамағындағы Түрфанда طورفان, Қарақожада قراخواجه ғазауат жүргізіп, сонда исламды орнықтырды және олар*33 қазірге дейін мұсылмандар.

Моғолстандық хандардың Қашғардан кейінгі екінші астанасы – сол*34 болды. Осы уақытта сенімге ену былай жүргізілді

جانبنك يغبه سيكا بر اطلس و بر كوك اوى توشوب دور مقصود نقل اول كه خان كمال انساب دا ايردى*35...

در سهم خان يك اطلس و يك گاو كبود افتاده است مقصود كه خانى بوده است مسجد دولت اسلام طغلقتمور خان*36...

Осы уақытта Темір өлді. Зафар-намеде айтылады: бүкіл Батыс елдерін бағындырған Темір енді шығыс елдерін де, әсіресе, Қытайды жаулап алмақ болған.

600 мың әскерге жеті жылға алдын-ала жалақы علوفه төлеп қойды. Мәуреннахр мен Қытайдың арасында халықтың қоныстануы сирек болғандықтан, ол әрбір жауынгерге екі сиыр мен екі ешкіден алуға бұйрық берді, Түркістанға қарай жылжып, сонда қыстап шықты да, Хызр-Қожаға оның жорықтың ішіпжемі мен мал жемін (сабан*37) молынан дайындап қоюын жеткізу үшін елші жөнелтті.

انجه ممكن باشد در زراعت سعى نمايند و لشكررا از ورقه سامان كنند*38

---

*29 Шамасы, қате, جرجان (Черчен) деп оқу керек.

*30 Тауекел-ханым.

*31 «Зафар-намеде» де осы сияқты [сипаттама] бар және осы жағдайдың түсіндірмесі келтіріледі. Негізі, хан бұл күндері.... (парсы).

*32 Ұйғыршада да қосымшасымен сол өзі: хан осы салтанатты күндердеҚытай жағына қарай...

*33 Яғни осы қалалардың тұрғындары (ұйғырлар).

*34 Сөз Қарақожа қаласы жөнінде болып отыр.

*35 Хан оғына бір атлас пен бір сұр бұқа тап келді. Баяндау мақсаты ханды ұлықтап сипаттау болып табылады.

*36 Ол да парсыша.

*37 Уәлиханов сабан ретінде (саман) түсіндіреді, ол ұйғырша және парсыша қарулану, жабдықтау дегенді білдіреді.

*38 Мүмкіндігінше, жер шаруашылығына күш салып, әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету (*парсы*).



Ill. Ханжагоомаст «Тарих-и Рашиди» — экземпляр эмирских Манускрипт.

تا که لشکر که ازوق بسیار بولغای[*39]

Автор әкесінен осы жылы көктемде үлыс Көктөбеде که موضع مشهور جته است[*40] жанында түрақтап, жаңа қымызды توی قلیلار тойлағандарын естіген. Осындай ескі салт болған یقانون و رسم قدیم, ханға Хұдайдат бір шара қымыз үсынып жатқанда, біреу келіп енді қарсыласатын күштің жоқ екенін, قونالغه و ساوس немесе قونالغه و سوسون بروب خراج گذرلیك قیلماق کیراك[*41] беріп, оның барлық талаптарын орындау қажеттігін айтады. Хан шара қымызды ішіп үлгермей, Темір ханның өлгені туралы басқа хабар алды. Барлығы қуанады.

* * *

/11а/ Тарихи күндерден (даталардан), сондай-ақ ескі қалалар мен тас құрылыстардың қалдықтарынан бүкіл Моғолстанның көне замандарда тығыз отырықшы әрі көзі ашық халық болғаны байқалады және де осы уақыттарда кітаптар мен жылнамалар жазылғанын болжауға болады, алайда өкінішке қарай, біздің заманымызға мұнара, мешіттер мен ғимаратардың қаусаған жұртынан басқа, сол уақыттардан ешқандай ескерткіш қалған жоқ, халық мәдениетті ұмытып, қалаларды тастап, шатырларда түрып, өз бетімен түрпайы өмір кешті. Моғолдардың исламға бет бұрған уақытынан бастап, қалай болғанда да, олардың ішінен ешқайсысы еш нәрсеге ие болмады. Мәуреннахр[*42], Хорасан, Иран тарихшылары өз еңбектерін өздерінің мәртебелілеріне арнап, Жете хандарын мәнсінбеді. Қожа Рашид-аддин (даңқы арта берсін) «Жами ат-Тауарих»-та, Қожа Хамдулла Мастуфи[*43] خواجه حمد الله مستوفی «Таңдамалы жылнамада» تاعریخ گزیده, Маулана Шараф-аддин Әли Йазди شرف الدین علی یزدی «Жеңістер кітабында» رفظ مان, Маулана Әбдіразақ عبد الرزاق* «Жүйелі хроникасында» تاریخ منظوم және Мырза Ұлық[бек] «Төрт ұлысында» اربعهء اولوس тағы басқалары біздің хандар туралы аз айтады. Сіздің сүйген құлыңыздың жас шағында, оның алғаш рет ескі аңыз-ертегілерге сүйіспеншілік танытқан кезінде, моңғол әмірлері арасында 100 және 110, тіпті одан да артық жастан асқандары көп болды; бұдан бөлек үлкен атам мен әкем өткен замандар туралы өте көп мәліметтер берді. Бұл бөлімде мен өзімнің естігенім мен көргенімді айтамын.

905 жылы بو کمینه نتك تولد قیلغان کونی[*44].

[*39] Әскердің азық-түлігі жеткілікті болуы үшін (*парсы-үйғыр*).

[*40] Жетедегі белгілі жер.

[*41] Түнейтін орын мен тамақ беру және жорық шығындарын жабу.

[*42] Осында да және Ш. Уәлихановтың басқа еңбектерінде де: *Мавреьнахр.*

[*43] Анығырақ: *Хамдаллах Мустауфи Казвини.*

[*44] Сіздің құлаққесті құлыңыздың туған күніне («Тарих-и Рашиди»).

Моғолстан қалаларын қарақытайлар талқандаған уақыттан бері مغولستان شهرلاری عبارت قراختای دور دین ویران بولوب Жүніс-хан заманына дейін моғолдар көшпелі халық болып, отырықшылық туралы ешқандай түсініктері болмады. Ташкенттен бастап сол өңірдегі түтас дала моғолдарға тиісті болды.

905 жылдан 908 жылға дейін Жете бейбіт күн кешті. Бұл уақытта Ферғанада Омар-шейхтің балалары Бабыр мен Жәңгір, Бұхарада Байсұңқар мен Сұлтан-Әли-Мырза*45 билік етті. Олар әмірлердің құлауы мен кетуіне байланысты өзара бір-бірімен жауласты.

Бұл жауласу жошылықтар (جوجی زاده) арасындағы күштісі Әбілхайыр [ұлы]*46 - Шах-Бұдақ ұлы Шахибек-ханмен болды. Хорасанда хан тағында бар салтанатымен сұлтан Хұсайын-Мырза*47 отырды. Егер әкесі мен балалары арасында келіспеушілік туындаса, ол оны тез басып тастап отырды. Иранда тақты тартып алушы Исмаил шах патшалық құрды. Ұзын-Хасанның өлімінен кейін қаршадай жас ұлы Жақып қалды; оның жанында еншіге иелік етіп Исмаил болды. Қыпшақта, немесе Жошы ұлысында Бұрындық-хан болды, оған жошылық ханзадалардың бойұсынып, бағынғысы келмеді*48. Ташкент деген атпен белгілі Шашта бұл уақытта Махмұд-хан болды.

Махмұд-хан туралы айту үшін Жүніс-хан туралы жәйтке де тоқталып өту жөн деп есептеймін. Моңғол хандары арасында бұл сияқтылар болған жоқ. Ол 74 жыл ғұмыр кешті, мұнымен бірге, оған дейін бірде бір моңғол ханы 40 жылдан артық өмір сүрген жоқ. Өмірінің соңғы жылдарында опық жеп, тақуалық жолға түсіп, құдайға берілгендік күйін кешті, сопылыққа қатынасы танылып, Абдулла қожаға ынта қояды. Он жыл «Зафар-наме»-нің авторы Шараф-аддин Йездидің шәкірті болды, көп елдерге сапар шегіп, бақытсыздық көріп, тауқымет тартты. Ақылдылық, батылдық пен қара күш жағынан бәрінен де озды. Оның жеті баласы болды.

Сұлтан Жүніс-хан өз хандығының алғашқы жылдарында, ескі моңғол салтына сәйкес барлық уақытта ұлыстарда өмір

---


*45 Бұхарада – Байсұңқар мен Сұлтан-Әли мырза қолжазбада түйық сызықпен қоршалған.

*46 «Тарих-и Рашидидің» парсылық нұсқасында: شاهی بکخان بن شاه یداغ سلطان بن ابو الخیر Әбілхайырдың ұлы – Шах-Бұдақ-сұлтанның ұлы – Шахибек-хан.

*47Осы жолдарға қарсы шеткі сызықтарда «Тарих-и Рашиди»-дің Қашғарлық аудармасынан үзінді келтірілген: وجمعیت لاری بمثال باران کثرت دا ایردی – оның халқы жаңбыр тамшысы сияқты көп болды.

*48 Осы жолдарға қарсы шеткі сызықтарда «Тарих-и Рашиди»-дің Қашғар аудармасынан үзінді келтірілген: سلاطین جوجی نژ اد سر بر خط فرمان او داشتند و جمعیت ایشان بکثرت اقطار امطار مساوات می جهت жошы-ханзадалары оған мойынсұнып бағынды және оның халқы саны жағынан жаңбыр тамшысымен теңесті.

Әдіпхүсә Рамиевтің қолжазбасы. III. Алтынсары құрастырған
Мәскеулік ғалым, белгілі суретші қырғыз Кәдірәлі. 1906 ж.



*49 Қате жазылған, дұрысы: Хусайн, «Тарих-и Рашиди»дің авторы Мұхаммед-Хайдардың әкесі.
*50 Яғни Жанике – хан. (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*).
*51 Алаша – қалмақша اولتركوجى – кісі өлтіруші. (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*).

сүрді. Моғолстанда қалалар болған жоқ. Мәуреннахр мүсылмандары моғолдарды алдамшы, опасыз санап, түтқындарды құлға айналдырып, сатты. Мүсылмандардың оларды құлға айналдырып, сатпаулары үшін Ишан Абдулла-Ахрар احرار бүкіл мүсылман елдеріне Жүніс-хан сияқты діндар үлы мәртебелінің бодандары алдамшы, опасыз болулары мүмкін емес деп жариялады. Хан моғолдардың отырықшы болмай, таза мүсылманға айнала алмайтындары туралы ойлап, қандай-да бір қалаға ие болғысы келді, сөйтіп Ташкентті алды, ал өзінің кіші үлы Ахмед-ханды Моғолстанда қалдырды; Оның жанында үлкен үлы Сұлтан-Махмүд хан болды.

[АЗИЯ КАРТАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР]

К. Риттердің «Жалпы жертану» еңбегіне Азия Атласы

/19а/ К. Риттердің «Жалпы жертану» еңбегіне Азия Атласы. II бөлім, үшінші шығарылымы. Баспаға д-р Х. Киперт дайындап, құрастырған. К. Риттер басып шығарған. Мазмұны: 1. Арабияның жинақ картасы. 2. Оңтүстік-батыс Арабияның (Хиджаз және Йемен) картасы. 3. Иранның жинақ картасы. 4. Батыс-парсы, немесе батыс, Иран үстірттерінің тау сілемдері. 5. Тураның картасы. Берлин, 1852. Дитрих Раймер шығарған.

К. Риттердің «Жалпы жертану» еңбегіне Азия Атласы. II бөлім, бірінші шығарылымы. Баспаға И. Л. Гримм дайындап, құрастырған. К.Риттер мен Ф.А. О'Эртцель басып шығарған. Мазмұны: 1–4 төрт бетте Жоғарғы Азияның карталары (Маньчжурия. Алтай мен Тянь-Шань және дұрысын айтқанда, Қытай арасында [Территория]). 5. Шығыс Жоғарғы Азиядағы биік таулы аймақтар. Берлин. Дитрих Раймердің баспасы. Осы шығарылымның қосымша-парағы бар: Гималай таулары, И.Л. Гримм. Бағасы 15 Sgr.

К. Риттердің «Жалпы жертану» еңбегіне Азия Атласы. II бөлім, екінші шығарылым. Баспаға дайындап, шығарған И.Л. Гримм мен Мальманн. К. Риттер мен Ф.А. О'Эртцель басып шығарған. Мазмұны: 1. Жоғарғы шығыс Азияның жинақ картасы, 1839. 2. Орыс Алтайының картасы, 1839 ж. 3. Асамның, Шығыс Бенгалия мен Солтүстік Бирманың картасы, 1840 ж. Алдынғы Үнді түбегі Цейлонмен бірге, 1840 ж.

Даурия арқылы және Гоби бойымен саяхат. Берлин, Дитрих Раймердің баспасы.

Азия Атласы, төртінші шығарылым, өңдеп құрастырған д-р Х. Киперт. К. Риттер шығарған. Мазмұны: 1 – 4 беттер, Ефрат пен Тигрдегі [жатқан] елдер, немесе Армения, Күрдістан және Месопотамия. 5 парақ, Батыс Жоғарғы Азияның биік таулы аймақтары. Берлин, 1854 ж. Д-р Раймердің баспасы.

Ішкі Азияның картасы

/9/ Ішкі Азияның картасы XV ғасырдағы жапон энциклопедиясы бойынша будда миссионерлерінің баяндаған мәліметтері негізінде құрастырылған. Ол бойынша Шу өзені Ыстықкөлден ағып шығып, Сырдарияның астымен Арал өзеніне құлайды.

Панснердің картасы Іледен Ертіске дейінгі солтүстікке қарай [орналасқан жерлерге қатысты] тамаша толықтыру – қосымша болып табылады, алайда оңтүстікке қатысты мағлұматтар VII ғасырдан бастап толық сенімге ие емес. Үш беттік Сібір картасын 1825 ж. Топографиялық Депо [Департаменті] басып шығарған; ол бойынша Шу Ыстықкөл көлінен ағып шықпайды.

[И. И.] Исленьевтің Жоғарғы Ертіс картасы. Mappa fluvie Irtisz partem meridionalem gubernie Sibirensis perfluentis cum pristino territorio stirpis Kalmucorum Songriae. Petropoli, 1777.

1714 ж. 47 бетті Жапон энциклопедиясы «О-хан-сен-цсай-цу-хой» (O han san thai thu hoei) басылып шықты. Карта қытайша Si yn Tlian tchu tohi thou, жапонша Sai iki go Ten dzik no dzou – Шығыс елдері мен бес Үндістанның картасы аталады. Сондай-ақ, ескертуде айтылған: осы картада ли 6 matsi-ді қамтыған, бұл оның қытайлық, әлде жапондық ли немесе ри (li ou ri) көшірмесі ме екенін көрсетеді, ол 36 matsi-ді қамтиды, яғни қытайдың көне ли-іне қарағанда, 6 есе көп. Ол XV ғасырда моңғолдардың қытайдан қуылғанынан кейін құрастырылған, әлде Wa la, не Oelaet, осы кезеңнен ертеректегі кітаптарда ұшыраспайды. Материал ретінде жетінші ғасырға жататын көне деректер қызмет етті. Бұл қытайлықтардың сонау көне замандардың өзінде-ақ Орта Азия мен Үндістанды грек географтары мен Птолемейге қарағанда, жақсырақ білетіндерін көрсетеді.

[Жапон картасы туралы] жазба

/25а/ Жапонияның үлкен картасы – Це-дэн-син-си гикоу (?) еңбегі Фитац[у][1] провинциясындағы Митодан. Түпнұсқа картамен бірге жүрген [түсіндірме] ескертуге қарағанда, ол оны [құрастыруды] 1775 ж. аяқтаған, не жылдардың Анье[2] деп аталатын бесіншісінде бітіріп, ол 1778 ж. Йедода[3] басылып шыққан. Автор оны өзінің бір отандастарымен бірге бойлықтар*[1] мен ендіктерді бақылау негізінде жасағанын айтады. Отандастарынан ол Жапон империясының түрлі лоцияларын алды [қарау үшін]. Ендіктерге келсек, олар мейлінше дәл екен; бойлықтар азырақ [дәл], автор қай жерде болсын, шар-

*[1] Қате: *longitudes-тің орнына lontitudes.*

Notice

La grande Carte du Japon est l'ouvrage de Fisi-Kan sin-yshisan, & Mito dans la province Fitatsi. Suivant une note notice, qui se trouve sur l'original de la carte même, il l'a achevé en 1775 en la cinquième des années Ansei, et elle fut publiée à Yedo en 1778.

L'auteur dit qu'elle est fondée sur les observations contenues et dans la relation faites par plusieurs de ses compatriotes, auxquelles il a ajouté les différentes notions de l'empire Japonais. Quant aux latitudes elles se trouvent assez exactes; mais les longitudes ne sont point, ou que l'auteur a constamment supposé avec les degrés de latitude tirés des cartes horizontales les représentant les degrés de longitude. Les longitudes sont comptées selon le méridien de Nangasaki, de sorte que Yedo, la capitale du Japon se trouve entre le 6ème et le 9e degrés de longitude.

Le degré de latitude qui passe par la plus septentrionale du Japon est le 41e d'Iesso qui passe par la pointe méridionale de Satsouma le 31e

Dans la carte le Japon est divisé en soixante quatre provinces ou gouvernements ordinairement appelés le Kokf en sept grandes parties, mais, dans les limites indiquées par la carte ne montre pas subdivisions, savoir:

I Gokinai, ou les cinq provinces intérieures
1, Yamassiro 2, Yamato. 3 Kawatchi
4, Yfsoumi 5, Setz

II Tokaido, ou les provinces maritimes orientales; Yega ou Yga 1 Ise 6, Sima 7 Owari 8, Mikawa 9, Totomi, 10 Souruga 11, Kay 12, Musasi 13 Awa 14 Kadsouda 15, Simosa 16, Fitatsi

III Tosando, les provinces des montagnes orientales
1, Omi 2, Mino 3, Fida 4, Sinano.
5 Kodsouke 6. Simotsouke 7, Mouts
8 Dewa.

IV Fokoku rokudo, les prov. nord septentrionales
1 Wakasa 2, Yfsizen 3. Kaga 4 Kaga
4 Noto 5, Yfsizen 6, Yfsizen 7, Sado.

V. Saikaido, les provinces de grandes mers occidentales
1 Tsouki 2, Tsikou 3, Hisen 4, Fnaba
5, Fouki 6, Yfsoumo 7 Yfsoumi 8 Oki
9

VI Sanyodo, les provinces de nord ouest ouest.
1 Farima 2, Fousasa 3, Bizen 4, Bitsin.
5, Bingo 6 Aki 7, Sano 8 Nangato.

III Экземпляр Японской карты 1775 года
всеподданнейше поднесенный

шыны ендіктердің градусымен құрастырса да, олардың көлденең жақтары бойлықтардың градусын танытады. Бойлықтар Нагасаки меридианы бойынша былайша: яғни, Жапонияның астанасы Йедо 8° және 9° бойлықтар арасында табылатындай есеппен шығарылды. Жапонияның солтүстік шеткі нүктесі*[2] арқылы өтетін ендіктердің градусы 41°-ге, ал Сацума[4] провинциясының оңтүстік шеткі нүктесі*[3] арқылы өтетін ендіктердің градусы – 31°-ге тең.

Картада Жапония алпыс төрт провинцияға, немесе префектураға бөлшектенген. Әдетте, бұл империя үлкен жеті провинцияға*[4] бөлінеді, картада көрсетілгендері тек олардың бөлімшелері болып табылады, нақты:

I. **Гокинай**, немесе ішкі бес провинция:
1. Ямасиро, 2. Ямато, 3. Каваци, 4. Идзуми, 5. Сец[у].

II. **Токайдо,** немесе шығыс теңіз провинциясы.
1. Инга немесе Ига, 2. Исе, 3. Сима, 4. Овари, 5. Микава[5], 6. Тоотоми, 7. Сурунга, 8. Каи, 9. Ису, 10. Сангами, 11. Мусаси, 12. Ава, 13. Кудзуда, 14. Симооса, 15. Фитац[у].

III. **Тоосандо,** шығыс таулары провинциясы
1. Ооми, 2. Мино, 3. Фида, 4. Синано, 5. Кооцуке, 6. Симоцуке, 7. Муц[у], 8. Дева.

IV. **Фоку рокондо**, солтүстік провинциялар.
1. Вакаса, 2. Йецисен, 3. Канья немесе Кайя, 4. Ното, 5. Йецион (?), 6. Йециндо, 7. Садо.

V. **Сайкиндо,** батыс халықтарының провинциялары.
1. Тамба, 2. Танго, 3. Тассима, 4. Инаба, 5. Фооки (?), 6. Идзумо, 7. Ивами, 8. Ооки.

VI. **Санедо**, солтүстік-батыс провинциялары.
1. Фарима, 2. Имасака, 3. Бисен, 4. Бицин (?), Б. Бинго, 6. Аки, 7. Цоно, 8. Нунгата[6].

[VII]...[7]

---

*[2] Сөзбе сөз: «солтүстік нүкте».

*[3] Сөзбе сөз: «оңтүстік нүкте».

*[4] Сөз талданылмады: ол «[құрамдас] бөліктер» немесе «атау» дегенге жақын мағынаға ие болуы керек.



«Бабыр жазбасы мен Катиб Челебидің «Жахан-намасы» бойынша Орта Азияның картасы» мақаласына Ш. Уәлиханов картасының реконструкциясы.

[Бабыр жазбасы мен Катиб Челебидің «Жахан-намасы» бойынша Орта Азияның картасы]

Катиб Челеби جهان نما*1 географиясының 36-бөлімі Мәуреннахрдың ماوراالنهر Түран алқабын сипаттайды. Самарқандтағы ағаш пен саздан түрғызылған құрылыс. Шаш өзені Сыр мен Әмудің арасында жатыр. Қалалар Соғда Асрушана اسروشنه мен Мериан*2.

Сібір картасы

(Мантейфельдің шыг., 1806 және 1807 ж.ж. Максимовичтің басылымы)

/18б/ Бұл картада Текестің бастауларындағы «тау қырғыздар, немесе басқаша, саяқтар, бағыштар, бұғу, солту, бохтомактар» және самхеңдер*3. Бузум*4 – Үлкен орданың үрпақтары, олардың ішінде кейбіреулері Түркістанның иесі Бұлан билігінде, ал

*1 *Джахан-нама* – «Әлем айнасы».

*2 Осы сөзге қарсы шеткі сызықтарда: وقعت بابری [дұрысырақ: واقعات بابری] – Бабырдың бастан кешкен оқиғалары.

*3 Нақтырақ: *салмеке.*

*4 Нақтырақ: *Айтбузум.*



а.з. Мантейфель құрастырған Сібір картасының бір бөлігі

қалғандары Чирегай сұлтанның билігінде. Құлдат – Қаратауда Ташкент пен Түркістан арасындағы Болат-ханның [билігіндегі] Орта орданың үрпақтары. Укой – Үлкен орданың үрпақтары; Ташкенттегі Құраманың бір бөлігі Қоқанның, енді бір бөлігі Шидаяр-бектің билігінде.

[«СІБІР ХАБАРШЫСЫНАН» ҮЗІНДІ]

Сібір және онымен шектес елдер туралы тарихи, топографиялық және басқа мәліметтер жинағы, Григорий Спасский басып шығарған («Сиб. вестник»-нен, бөлім I, СПб., 1818).

I. Казак Иван Петлиннің 1620 ж. Қытайға саяхаты.

II. Змеиногорск кенішінің екінші класты унтершахтмейстері Тимофей Бурнашев пен сержант Безносиковтардың 1794 ж. Сібір бойынан Бұхара қаласына дейін және 1795 ж. кері қарай жасаған саяхаты.

III. Бурнашев пен Поспеловтың 1800 ж. Сібір бойынан Ташкент қаласына дейін және кері қарай жасаған саяхаты.

1. Томскіден қырғыздарға дейін – 12 күн, екі өзеннен [өту керек].

2 Абаканға дейін – 6 күн.

3. Кимчикке дейін – 9.

4. Үлкен көлге дейін (жарқырауық тастар) – 5 күн (көл бойлап 12 күн атпен жүріс).

5. Алтын патша түрған шыңға дейін – 15.

6. Алғу ұлысы الغو Тормошин князі – 5, таулы жол.

7. Чекуркуш, князі Қарақұл – 5.

8. Солдуз; онда патша Часакту – 5.

9. Бисут, князі Кичень - 5.

10. Ильчигин, князі Тазчиг Черехду – 5.

11. Бешут, князі Чекур - 5.

12. Бирюк ұлысы, князі Чичин-ноян – 4 күн сусыз жол.

13. Тулатумет, князі Тайку-Татун - 4.

14. Юргучин, Бушукты патша – 3.

15. Сары Мұғалдар: Муталчин ұлысы, княгиня Малчи-хатун, оның ұлы Арчултату.

ҚАРА-КЕМ ӨЗЕНІ

Арғүтқа оң жағынан келіп құяды. Арғүт екі өзеннен құралады: Ақ Алахи мен Яссатех [Джагарт]. Біріншісі өз бастауын қарлы Тен Эктах-Алтайдан, екіншісі – Қара-Имат тау бөктерінің батысынан алады.

Телец көлі, немесе Алтын-Көл. Оның солтүстік-шығыс жағалауы жайлау деп аталады. Қара татарлардың қоңыс орындары бар.

Шыңғыстау жазығындағы қытайдың Ухылке бекетіне қарсы екі болыстың: Қаратай және Қара-Керей қырғыз-қайсақтары көшіп жүреді. Чум өзені мен оның салаларының бойымен, самарқау далада, қысы-жазы екіжақты бодан қалмақтар көшіп жүреді.

ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ БАЙЫРҒЫ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫ МЕН ӘСКЕРИ САУЫТ-САЙМАНДАРЫ

Қырғыздардың қару-жарақтарын кәдуілгі уақытта мал күзету және үйішілік жанжалда ежелден бергі қолданыстағы қамшы, құрық және сойыл құрайды.

Қамшы өзегі маңайындағы таспадан тіліліп өрімнен, сондай-ақ қайыс баудан жасалып, ұзындығы жеті тұтам, жуандығы бір немесе екі бармақ көлеміне дейін болады. Бау үшін бұзау терісін қолданады. Бау өзінен біршама (4-тен 5 тұтамға және бірнеше бармаққа) қысқа ағаш сапқа бекітіледі. Сап үшін көбінесе ырғайды[1] немесе қызыл тобылғыны (Spirea) пайдаланған, соңғысын артығырақ көрген. Солай бола түрса да, ешкінің не арқардың мүйізінен де жасайды, немесе сапты тұтастай күміспен аптайды; мұндайларды, негізінен тек әйелдер ұстайды. Ерлер үшін жез қамшы неғұрлым сыпайылау көрінеді, көпшілік бөлігі мүлдем жиексіз ұстайды. Қамшының қайыс бауы сапқа алақан-белдікше арқылы бекітіледі.

Қамшының өрімі әртекті болады, дөңгелек немесе төрт қырлы. Егер қамшының темір жиегі болса, онда саптың астынан бөлек, өткір темір пластинка, б у у р д а к жасайды, ол қамшыны қолдан түсіріп алмау үшін қажет.

Құрық жұқа қайың сырғауылдан жасалады. Сойыл деп үшында түбірі бар ұзын қайың сырғауылдарды айтады, оның ұзындығы құрықпен бірдей, олардың жұқа үшында шынтаққа іліп ұстап жүру үшін байланған ілгектері болады.

Соғыс уақытында қолданылатын қарулар:

Парсы, түрік, хиуа және бұхара ісмерлерінің қолынан шыққан қайқы қылыштар. Парсылық «и с ф а г а н д а р» — «наркескен»[2] деген атпен аса жоғары бағаланды. Қазір қырғыздар Орта Азияда қолданылатын, бірақ ескілікте өте аз қолданылған қылышқа үқсас та түзу, сапы немесе шапы деп аталатын қару ұстайды.

Қырғыздар өзі ұзын пышақтар жасайды, дұрысы, қысқа қылыш, олар түзу келеді, оларды с е л е б е[3] немесе ж е к е - а у ы з[4] деп атайды; жекеауыз біршама қысқарақ болады. Селебе мен жекеауыздың белдікке тағып жүру үшін тек бір ғана бұрандасы немесе шығыршығы болады, ол пышақтың ең жо-



Қамшы: 1 – бүлдірге, 2 – сап,
3 – белдікше (алақан), 4 – өрім.

Сойыл.



Пышақтар (селебе немесе жекеауыз және бүйда пышақ).



Найзаның үш қырлы үштығы.

Садақтың екіқырлы және
төртқырлы үштығы.

Ш. Уәлихановтың көлкағазмен салған суреттері. 1862 ж.


ғарғы жағына бекітіледі. Қолсабында да бүлдіргеге арнап (пышақ бауы үшін) шығыршық ойылады.

Қолдан істелген қанжарларды да, хиуа пышақтарын да үстайды. Қанжарлар селебе сияқты тағылды, бірақ Кавказдағыдай қайқы емес және басқа азиялықтардағыдай белдікке тағылмайды.


Сайғақтың немесе ешкінің мүйізінен немесе ырғай ағашынан жасалған сабы бар, шығыршыққа бекітілген п ы ш а қ, б ү й д а п ы ш а қ т ы кез-келген қырғыз үстайды.

Н а й з а نايزا[5] қарағай ағашынан жасалады, ұзындығы [150 – 195 см], жуандығы [3,5 см]. Найзаның үшы үш қырлы болады. Ұштық кигізілген жерінде қара жібектен немесе жылқының қылынан шашақ қояды. Найзаның түп жағында ілгегі болады (шынтаққа іліп жүру үшін).


С а д а қ, ж а қ – қырғыздар өздері жасайды, бірақ Бұхарадан не башқұрттардан сатып алынғанын тәуір көрген, кейіннен Қытайдан да әкеліне бастады.



Үштығы бар жебе.



Садақ пен жебе салынған көне қорамсақ.



Аңшы белбеуі: 1 – кісе, 2 – құты, 3 – оқшантай, 4 – қын.

Ш. Уәлихановтың қылқалаумен салған суреттері. 1862 жж.

Ж е б е н і өздері башқұрттардағы сияқты қайың ағашынан жасайды, сабы жіңішке...*[1] қашықтыққа жететін, төрт қатар етіп қауырсындалған; үштығын аңшылық үшін екі қырлы етіп жасайды немесе сауыт киімді бұзу үшін төрт қырлы сауытбұзар[6] немесе атты адамды ерден үшырып түсіру үшін қозыжауырын[7] | (қозының жауырыны сияқты) жасайды.

Қауырсын пайдаланған: كوشكاننك قويلق جون، تازقراننك تايلق جون*[2]. Бүркіттің қауырсыны бағаланбайды.


Жебеге арналған оқшантайды (қорамсақ) және садақты бір қайыс баулы белбеуге тағып жүреді; оқшантай сол жақта, ал садақ оң жаққа ілінеді. Бай

*[1] Қолжазбада ағаштың өлшемі көрсетілмеген.
*[2] Күшігеннің қойлық жүні, тазқыранның тайлақ жүні.

адамдар бұл саймандарды орыстың ақ жағы сыртына қараған, жез жиекті былғарыға салынған түрлі өрнектері бар қызыл күдерісінен (былғарының ерекше жұмсақ түрі); ал кедейлер үйде өңделген түйе терісінен жасайды.

М ы л т ы қ далалық жерде сирек болды, бір рудан бір руға өтіп, өзіндік атауға иеленді: қозыкеш[8], құлдүр*[3] мамай[9]. Оның біртегіс ұңғысы, білтесі мен сайғақтың мүйізінен жасалған кішкентай тіреуіші болды. Қорғасыннан құйылған оқпен атады. Мылтықты қырғыздардың өздері жасайды, қалмақтар мен башқұрттар да жасайды.

Далалық өлкеде мылтықтың бұл түрлері де кездеседі және көпшілігі жақсы тиеді, олардың барлығының ұңғысы ұзынша келеді, мыс қарауылы мен нысанасы болады. Штуцерлерді білген жоқ, айтқандайын, кейбір сұлтандарда ортаазиялық самқалдар болды, 700 қадамнан тиетін ұзын әрі ауыр мылтықтар.



Ақбөкеннің мүйізінен жасалған оқшантай. Қалам. 1862 ж. Ш. Уәлихановтың суреті.


М ы л т ы қ қ а қ а т ы с т ы с а й м а н д а р

1. Қалта, оны қырғыздардың барлығы тағады. Қалта немесе кісе деп екі қабат орыс күдерісінен ақ жағын қаратып тігілген белбеу аталады, оған сол жағына бөліш түріндегі қапшық бекітіледі, онда шақпақ, шақпақтас, қосалқы білте, мылтық майы мен білтеге арналған мүйіз дәрі сауыт, ал оң жағына – оқ пен пышаққа арналған екі қапшық орналасады. Қазір қапшықтарды тек көрмекке жасайды. Қалталар мыстан, өте сирек күмістен жасалатын болды. Мұнда өте көне қалыптағы қалта бейнеленген.

Бұдан бөлек, қырғыз мылтық шеберлерінің «б і р а т а р» деп аталатын ақбөкеннің мүйізінен жасалған, мойынға тағып жүретін оқшантайы да болған. Бұл қарудың түрі мынандай.

---

*[3] Күлдір – *күлдырамақ* деген сөзден шыққан.



Ұлы жүз қазақтарының қарулары. Суреттің П. Кошаровтікі.

/20а/ АДОЛЬФ ШЛАГИНТВЕЙТТІҢ ӨЛІМІНЕ СЕБЕП БОЛҒАН ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

1857 жылы Қашғарда соңғы көтеріліс болды*[1]. Осы жылдың көктемінде, рамазан айында[2], мейрамның дәл ауыз ашар күні[3], қожа Уәлихан-төре түбі қашғарлық жеті адамның серіктесуімен Қоқаннан қашып шықты. Түнде, Оштан Қашғарға шығатын жолда жатқан Оксалур[4] қоқандық бекінісіне келіп, қожа осы бекіністің комендантын өлтірді де, гарнизон оған қосылды. Қашғар ақсақалдарына, бекініс маңайында көшіп-қонып жүретін шоң-бағым[5] қырғыз руынан алтын жинау үшін жөнелтілген бірнеше солдат та оларға келіп қосылды. Ол қырғыздардың қалаға білдіріп қоймаулары үшін, Қашғарға апаратын жолдың барлығына қарауылдар қойды да, осында қалып, өз тыңшыларын қырғыздан жасақ жинауға жіберді. Ош бағытына қожалар туралы сыбыстарды білуге қытайлар тарапынан жіберілген бірнеше қашғарлық бектер ұсталып, Уәлихан-төренің алдына әкелінді, ол ешбір сөзге келместен, өз қолымен олардың бастарын шауып тастады. Түнеп шығып, Қызыл арқылы асып өтіп, келесі түні ол бірінші қытай бекетіне жетті. Аула қақпасында сақшылар болған жоқ. Қожаның серіктестерінің бірі қабырғамен өрмелеп ішке өтіп, қақпаны ашты. Уәлихан-төре өзінің жақтастарымен бірге қазармаға кіріп, ондағы апиын шегіп жатқандардың барлығын қытайлықтармен қоса, қолындағы жалаңаш қылышымен бірін қалдырмастан кескілеп өлтірді; бекініс болған қашғарлықтар да осы халге ұшырады. Алайда қала тыныштығын ешнәрсе бұзған жоқ еді және онда болып жатқан жайды ешкім де білмеді.

Қақпалар ашылған кезде, қожаның серіктестерінің бірі қала көшелерімен айғайлап шапты: «Бұзрұқ-хан төре жаса-

---

*[1] Қашғар қытайларға бағынышты Алты қаланың[1] аймағында жатыр, бірақ осы елге бұрындары билік жүргізген әндіжандық қожалар көптен бері оны қайта иемденуді көздеп жүр. Олардың мұнда өздеріне көзсіз берілген көптеген жақтаушылары бар (*Автордың ескертпесі*).

сын»*[2]. Аяқ астынан бәрі тынышсызданып, қала түрғындары қаруларына жармасып, дереу барлық қытайлықтарды ұрып-соғып, олардың үйлері мен дүкендерін тонады. Қожа Қоқан *ақсақалдарының*[7] қарсы алуымен қалаға аяқ басты.

Басқа қақпа арқылы қытай қаласына қашып үлгерген *хакімбектің*[8] сарайы тазартылып, Уәлихан-төренi дабыл мен керней үнімен сол сарайда қарсы алды. Қашып құтылуға үлгермеген барлық бектер іздахатты түрғындардың көмегімен ұсталып, қожа олардың кейбіреулерін өз қолымен шауып «ләззат» алды.

Келесі күні ықпалды бектердің бастауымен маңайдағы бірнеше қыстақтың түрғындары келді. Қытайларға қызмет еткен, қытай қамалына қашып құтылып үлгермеген барлық бектер балаларымен бірге жендеттердің пышағының астына түссе де, олардың әйелдері қожаның солдаттарына берілді, бірақ аталған қыстақтардың бектері Уәлиханға еш қауіпсіз келді, өйткені олар Қытай өкіметіне қызмет ете отырып, қожамен үнемі күпия қатынаста болып, оларға киелі соғыс – «*газат*» бола қалған жағдайға деп ылғи ақша жіберіп түрды.

Уәлихан-төре дереу *мыңбасы*[9] мансабын тағайындап, оған қоқан ақсақалы Нүрмаметті (Мұхаммедті) сайлады; басқа сарай маңы лауазымдары да қоқандықтар мен қашғарлық эмигранттарға берілді.

Көтеріліс мейлінше тез таралды да, қожа қысқа уақытта 70 мың *сипай* (атты) және 4 мың *сарбаз* (жаяу) түрінде әскер жинап алды, қалалар мен қыстақтарда қуралып жатқан жасақтардан басқа, түрлі оқиға іздеушілер: дәруіштер, нашақорлар[10] тағы сол сияқтылар болды. Әскер біркелкі киінді, қожаның есебінен қаруланып, әр ту астына 500 адамнан бөлініп, *пансадтардың* (бес жүзбасы) басшылығына қарады.

Қаланың бар түрғындары күн сайын күректерін алып, Қызыл өзенінің ағысын қытай қорғанының қабырғасына бұру үшін бөгет қоюға шығып отырды; мұнан бөлек, қожаның есебінен қысқа найзалармен қаруланған шетелдік саудагерлер де қоршау жұмыстарына қатысуға міндетті болды. Қожа өз әскерін жөндеп алу үшін барлық мүмкіндіктерге жүгінді: Қашғардағы барлық шеберханалар қару дайындаумен айналысты, аттар жергілікті түрғындардан және шетелдік саудагерлерден алынып, әскерге берілді. Уәлихан салықты үздіксіз көтеріп отырды. Ол, сондай-ақ, өте нашар әрекет ететін 8

---

*[2] *Бүзрүк-хан* – Жәңгірдің жалғыз бір мирасқоры[6]. Бұл қожа қытайлардың билеп-төстеушілігінен құтқару үшін киелі соғысқа (*газат*) әлі қам жасаған жоқ, алайда оны қашғарлықтар құтқарушы ретінде дәріптеп, күтіп отыр. Уәлихан өзіне көбірек қолдау табу үшін оның атын пайдаланған (*Автордың ескертпесі*).

зеңбіректен т. . ртиллерия да үйымдастырды. Зеңбіректер Қашғардың өзінде бір ауғандықтың бақылауымен құйылды. Куәлардың сөзіне қарағанда, Уәлиханның әскері анағұрлым жақсы қаруланған еді, ол тіпті осы түрғыда Орта Азияда үлгі етілетін Бұхара әмірінікінен де жақсы жасақталған еді. Қытайлықтар бөгет, қоршау жұмысын жойып жіберу үшін қоршаудағы бекіністен шығып, әскердің түрған жерінен шалғай шығып, шабуылдап көрмек болды, алайда әркез жеңіліс тауып отырды, сондықтан соңғы уақыттарда тек қабырғалардан мылтықпен атты.

Көп кешікпей қожа Яркенд қаласын алды. Яркендті қоршау үшін ол бір *янычар* эмигрантының[11] ұлы – өзі жақсы көретін Тилляханды жіберді, ол басталған істің жетістікке жетуі үшін «қожа» аталған.

Қожаның билігін қолдаушы материалдық күштерге қарамастан, жүз он күн бойы осы рақымсыз билеушінің әділетсіздіктері мен озбырлықтарына төзу үшін Қашғарлықтар тарапынан аса зор шыдам мен шынайы берілгендік керек еді.

Үнемі гашиш шегуге әуестенген Уәлихан-төре делқұлы күйге жетіп, өз құмарлықтарына шексіз берілді. Ол қанішерлікке бой алдырып, бірде бір күнді өз қолымен бірнеше адамды шауып өлтірмей жібере алмады.

Қожа Қызыл өзенінің жағасына адам бастарынан пирамида (тау үйіп) түрғызып, осы «мақтанға лайықты» монументтің одан әрі биіктей беруін тыңғылықты түрде қадағалады; барлық өлтірілген қытайлықтар мен мұсылмандардың бастарын әр жерден жинап, осы пирамидаға жөнелтті. Көптеген атақты тұлғалар оның жауыздығының құрбандары болды, мәселен, еуропалық бір саяхатшы. Бұл Адольф Шлагинтвейт болды, ол – Үндістанды зерттеуші, үш атақты ғалымдардың бірі. Ол Яркендтен келіп, өзін ағылшын ғалымы (хакім) деп таныстырады. Түрғындар бұл еуропалық бөгет салу жұмыстарына өзінің ақыл-кеңесімен көмек бере алады деген оймен, оның келгеніне барынша қуанып қалады[12]. Оның сорына қарай, нашадан делқұлы күйде отырған Уәлихан-төреге әкеледі; осының алдында ғана саяхатшы Маргеланнан келген Найманбай есімді бір саудагер әрі Уәлихан-төренің туысқанына қожаға сыйға тарту үшін бірнеше орам парча сатып әкелуді тапсырады. Алайда қаһарлы билеушінің саяхатшымен кездесуі қайғылы аяқталды. Уәлихан одан құжаттарын сұрады, сонда ол хатты тек Қоқан ханының қолына ғана тапсыра алатынын, себебі, соның атына жазылғанын[13] айтады, сонда Уәлихан ызадан булығып дереу оның басын алуға бұйырады. Кездесу губернатор сарайында өтеді. Шлагинтвейтті қаланың сыртына мешіті бар жаңа алаң арқылы алып жүрді. Куәлар ферентің ұзын бойлы екенін, түтқын киімінде болғанын, жалаңбас оның ұзын шаштары желмен желбірегенін айтады.

Өлім жазасы қала сыртында орындалып, кесілген бас пирамидаға қойылады. Мұның барлығы 1857 жылы тамыз айында болған*[3]. Адольф Шлагинтвейттің заттары мен қағаздары қожаның қолында қалады және олардың бұдан арғы тағдыры беймәлім.

Уәлихан-төренің айуандығының шексіздігі туралы келесі деректерді айтуға болады. Әлдебір қашғарлық шебер ұлын ертіп, өзі істеген бірнеше қылышты сыйға тарту үшін қожаға келеді. Қожаның алдына келіп, оның қолын сүю құрметіне ие болады. Қылыштардың бірін қолына алған қожа: «Өткір ме?», – деп сұрайды. Шебер күптап жауап береді. «Көрейік», – деп айғай салған қожа байғұстың ұлының басын қылышты бір сілтеп шауып түсіреді. «Иә», – деп қойды ол, – «тамаша қылыш», – сөйтіп, шеберге құрмет шапанын жабуға бұйырады.

Куәлар, бірде Уәлихан-төренің Қашғардың құрметті кісілерін және бірнеше Әндіжан саудагерлерін өзіне шақырғанын да әңгімелейді. Қашғар салты бойынша әншілер де шақырылады. [Салтанаттың] әбден қызған кезінде қожаның әмірлі даусы шығады: «Жендет!». Барлық қонақтар оның ендігі таңдауы кімге түскенін қалтырай күтеді. Жендет келеді, оған абайсыз есінеп қалған бір музыкант көрсетіледі. Бүкіл қонақтардың көзінше оның басы кесіліп, пирамидаға жөнелтіледі.

Әйелдер, еркектер, солдаттар мен молдалар барлығы бірдей қожаның қанішерлік дағдысына бастары тігулі болды; түрменің барлығы түтқынға толды және Қашғар қаласы көшесінде өлік шашылған «көрнекті» орынға айналды. Қоқандық дәстүр-салтқа үқсамайтын қашғарлық салттар қожаға ұнамай, құғынға ұшырады. Ұлттық киім құғындалды: әйелдер Әндіжан үлгісі бойынша басына ақ орамал киюі тиіс болды, көшеде ешбір жағдайда ашық жүздерімен көріне алмады. Оларға бұрым өруге тыйым салынды және полиция осыны қатаң қадағалады. Еркектер алты жасынан шалма киіп, үдайы мешітке барып тұруы тиіс болды, бұған қашғарлықтар мүлде ыңғайлана алмады. Осының барлығынан кейін, Іледен қалың қытай әскері келе жатқаны туралы хабардың қуанышпен қабылданылғаны өте түсінікті.

Уәлихан-төренің қан қақсатқан қисынсыз қылықтарын бұдан әрі төзуге халық пен әскердің төзімі таусылды, әрі

---

*[3] Ш. Уәлиханов бұл оқиғаның егжей-тегжейіне куәгер болған Қашғар тұрғындарынан және Шлагинтвейтті жазаға апара жатқан жендеттерді өз көзімен көрген әйелінен естіген. Ш. Уәлихановтың үйленгендігі, оның Қашғарда әжептәуір уақыт болғанын көрсетеді, демек, сол жерде осында айтылып отырған әңгімелерді естіген, мұндағылардың үзіндісі біздің газеттеріміздің бірінде берілген *(ЗРГО ред. ескертпесі)*.

қытай әскерінің жақындауы себепті жападан жалғыз қалған ол қашып кетеді. Қоқанға қайта оралғанда, оны түрмеге жабады, алайда, көп уақыт өтпей оны айыптаушылардың өздеріне кінә тағылып, кешіктірмей ол босатылады, өйткені қожа өлім жазасы мен тән жазасынан босатылған, ерекше пұрсатты, текті кісілер қатарына жататын.

Қытайлықтар өздеріне қарсы бас көтерген елге қайта билік жүргізіп алып, қаһары мен озбырлығы Уәлиханнан кем түспеді. Бірін-бірі қолдап, өршелендіріп отырған билеп-төстеушілердің соқыр қатыгездігі, қоғамның рухани азғындауына әкелген елдің азаматтық жағдайы осындай күйде еді.

[РЕСЕЙДІҢ ҚЫТАЙМЕН ҚАТЫНАСЫ]

/27а/ Петлиннің[1] жазбасы оның өз көзімен көрегендерін дәлме-дәл әрі анық сипаттуымен ерекшеленеді. Петлин ғибадатханалар мен моңғол-буддистердің құдайға құлшылық етуі жайларын өте айқын суреттейді. Ол алдымен, қырғыздардың жерлері арқылы Абақан, Кимчиктен (Енисей бастауы), Үбсы көлінен өтіп, алтынхан қонысына дейін жетеді, сонан олёт (олет) ұлысы арқылы, айтқандай-ақ, оның қожасы Қара-құты ноян, сары мұғалдарға дейін, қытай қорғанына жақын Мулючин ұлысына дейін келіп, Широкалга бекеті арқылы Қытайға кірді, шамасы, соңынан басқа орыс елшісі Байков[2] өткен дәл осы Қалға арқылы болса керек.

/28а/ Біздің Қытаймен қатынасымыз өте аз зерттелген. Қытайға бірінші рет орыс елшілігі, Миллердің («Ежемесячные сочинения», шілде, 1755, 16-бет, алайда Фишер*[1] бұл туралы айтпайды) куәлік етуі бойынша, 1608 жылы Томскіден жіберілді, елшілікке жергілікті үш қазақ таңдалды[3]. Олар басында елшілікті Үбсы көлінің маңындағы тауларда көшіп-қонып жүретін мұнғал патшасы – алтынханға*[2] жөнелтуі тиіс болған, содан кейін ғана тапсырма бойынша кету керек еді. Бірақ бұдан еш нәрсе шықпады: казактар жолда қырғыздардан Алтын патшаның түрғын-жайынан өз қалмақтары*[3] тарапынан қууылғанын және қайда жүргені беймәлім екенін біліп, әрі

*[1] *И. Е. Фишер.* Сибирская история, Спб., 1774.

*[2] Орыстар алтынхан деп монғолдың Үбсы көлі маңындағы тауларда көшіп-қонып жүретін урянхай үрпақтарының билеушісін айтады. Біркездері күшті болған бұл тайпалық одақтың қалдықтары қазір Үбсы мен Телец көлдерінің арасында екі болыстық санатында тентіреп жүр, жазда қытай, ал қыста орыс жерлерінің шектігінде, қоныс орнына қарай бірде қытайға, бірде орыстарға алым-салық төлейді. Сібірде олар «екіжақты бодан болыстықтар» атымен белгілі (*Ш. Уәлихановтың ескертуі*).

*[3] Қалмақтар деп сол кезде көбінесе, жоңғарларды не олеттерді айтатын; қара қалмақ, немесе мұнғал деп солтүстік халха монғолдарын; сары – оңтүстік чахар мен ордос монғолдарын, ал ақ қалмақтар – төлеуіттер, немесе төленгіттер, татар тілінде сөйлейтін аралас текті халық (*Ш. Уәлихановтың ескертуі*).

қарай жүруге бел байламады, қырғыз қоныстарынан Томскіге кері қайтты да, іс осымен бітті.

Бұл елшілік, шамасы, қытай мемлекетіндегі сөз жетпейтін кереметтер туралы – «отты соғыс пен кірпіш қала, ал қала маңындағы жүріс атпен он күн» сияқты түрде асыра айтылған алғашқы хабарлар салдарынан жасақталған болса керек. Біздің бұлай ойлайтын себебіміз, алтынхан туралы, яғни біздің мейліншe жақынырақ көршіміз туралы деректер сібір тарихи ресми құжаттарында алғаш рет 7113*[4] жылдарда аталады, демек, осы елшіліктен тек бір жыл бұрын ғана. Осы уақыттан бастап алтынханмен қатынасу едәуір жиілейді; алайда басқаларына қарағанда, 7124 (1616) жылғы елшілік ерекшеленеді, ол туралы мәлімет Томскі мұрағатында сақталған және оның тарихына енгізілген. Осы жылы казак атаманы Василий Тюменец пен литвалық десятник Иван Петров Тарыдан патша грамотасымен және сиыр майы, жазу қағазы, жарма, мунчак (іші қызыл тәтті апельсин), қалайы ыдыстар, кішкентай айналар мен мыс сақиналары т.б. тұратын сыйлықтармен жіберілді; жолдау патша Михайл Федоровичтің атынан алтынханға патшаның кең қолтығының астын паналауға үндеу үшін жіберілді. Елшілік толық жетістікке жетті. Орыстарды ханзада ең жақсы мырзаларымен қарсы алды, оларға патшаға жақын жерден үй тікті, жалпы үлкен құрмет көрсетті. Келгеннен кейінгі күні біздің елшілер хан назарына ілікті. Алтынхан оларды жоғары мәртебелі мырзаларының, дін қызметкерлері мен өкілдерінің қатысуымен хутухтыда қабылдады. Патша алтын атластағы гүлді көйлекте, сары көйлекте патшаның өкілдері, ал мырзалардың барлығы гүлді көйлекте болды. Елшілік басы патша титлдарын оқып, ал елшілердің өздері патшаның мәртебесін, басқа да ханханзадалар мен король-шаһзадалардың мәртебелерін көтерді, жоғары мәртебелі хан мен ұлы князь Михаил Федоровичке бүкіл Русь қызмет ететінін айтты. Хан патшаның жіберген сыйлықтарын ризашылықпен қабылдады, оларға құрметпен жауап беріп, ішіп-жеммен сыйлады. Кунканчилардың Алтын ханы мен сары хан князі Кошучин (Хочучи) айтты: «Біз жоғары мәртебелі ақ патша мен ұлы князь Михаил Федоровичке разымыз, бүкіл Русь самодержавиесіне қызметке, адалдыққа анттастық*[5] және бұл сенімді өздерінің бұсұрман діні арқылы бекітті, барлық хутухты қанаттарымен бірге өз құдайларын қолдарымен аспанға көтерді» ([Фишер], Сибирская история, 258-бет).

Келесі жылдың (1617) қараша айында елшілік Томскіге алтынханның екі өкілінің – Каян Мерген мен Кичин Бахшидің еруімен келіп жетті. Олар өздерін Мәскеуге жөнелтуді талап етті. Олардың өтініштері орындалды. Бұл байланыс тағы

*[4] [*Миллер*]. Описание Сибирского царства. Сиб., 1750, с. 411.
*[5] Адалдық жөнінде анттасты.

келесі жағынан да маңызды болды: орыстар алтынханнан басқа елдердің де елшілерін тауып, олардан діні, тұрмысы туралы және әскери соғыстары жайлы сұрастырып, естігендері мен көргендерінің барлығын айтып келді. Олардың томскілік әскербасылары Василий Боборыкин мен Гавриил Хрипунов тарапынан көшпелі үйде 7125 жылдың (1617 ж.) 15 желтоқсанындағы іріктеліп алынған түсініктері, Фишердің оның тарихына тұтас енгізгендері (Сибирска история [Спб., 1774], 253-264-беттер) аса қызықты.

Бұл хабарлар Мәскеуде зор қызығушылық тудырып, Қытайға басқа елшілік жіберуге ой салды.

Осы мақсатта тобылдық әскербасы, бояр, князь Иван Семенович Куракин 1619 ж. (Миллер мен Фишердің пікірінше, 1620ж. (7128) тамызда, көпшілік кітапханасындағы қолжазба бойынша, шамасы, дұрысы) екі казак – Ивашка Петлин мен Тетуньконы, немесе Пятый (Петр) Киселев, не Кизыловты (Миллер бойынша, – Кизылев, Фишер бойынша, – Киселев; қолжазбада Петлин жолдас аталмайды) жөнелтті. Миллер мен Фишерге – Сібір елдерін зерттеуші атақты осы екеуіне – Томск мұрағатындағы қағаздардан олардың алтынхан ұлысына дейінгі жолдары ғана белгілі болды, ал одан арғы оның жалғасы – шетелдік дереккөздер бойынша, тым түсініксіз әрі анық емес*[6]. Бұл саяхаттың толық шынайы баяны тек 1818 ж. ғана көпшілік кітапхананың қолжазбасы бойынша Григорий Спасскийдің «Сібір хабарларында» («Сибирский вестник»; Григорий Спасскийдің баспасынан шыққан Сібір және онымен шектес елдер туралы тарихи, топографиялық тағы басқа да мәліметтер жинағы, II бөлім, 1818 ж., 1–15 беттер) басылды.

---

*[6] Қараңыз. Voyages de la compagnie des Indes orientales, т. XII и Traite des Tartares par Pierre Bergeron, A Paris, MDCC XXXIY (1734) ерекше атпен: Voyage du Moskovile Evesko Petlin en Tartarie et Cathay on Chine, en 1620. Бержерон бойынша, оның жолдасы Andrasko Madigene аталады. Айтқандай, Бержерон бүлдіріп алды Le chemin au Cathay және басқалары. Le Bojare ou vauivode knes Evan Simmonovich Kotochin (Kourakin) s"enyova en l"an 1619 de son Chateau de Tomo avec mon compagnon Andrasko Madigene pour accompagner L"Ambassadeur du roi Altins et par meme moyen chercher Jgunbot... [Аудармасы: «Ост-Индия компаниясының саяхаты», т. 12 және «Пьер Бержеронның, парижандықтың татарлар туралы ғақлиясы», Париж, 1734 ж. Ерекше атпен аталады: «Мәскеулік Ивашка Петлиннің Татария мен Қатайға немесе Қытайға саяхаты, 1620 жыл». Бержерон бойынша, оның жолдасын Андрюшка Мадижен атайды. Айтқандай, Бержерон бүлдіріп алды - «Қытайға апаратын жол және басқалары; боярин немесе әскербасы, князь Иван Семенович Котохин (Куракин) мені 1619 жылы өзінің Томдағы (Томск) сарайынан менің серіктессім Андрюшка Мадиженмен бірге Алтын патшаның елшісін шығарып салуға және жолшыбай барлауға жіберді [контексте: par meme moyen chercher – осы арқылы іздеу, яғни барлау]» (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

[ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНДЕГІ ЖЕР СУЛАНДЫРАТЫН КАНАЛДАР ТУРАЛЫ*[1]]

Суды жоғары қарай көтеретін каналдардың мейлінше қысымы жоғары арынды өзендерден немесе шағын өзендерден жүргізілетіні жиналған мәліметтерден белгілі, мысалы, бұл сияқтылардан, Іле өлкесіндегі Көксу[1] өзені тәрізділер өз бастауын мұздақтардан алады, демек, бірнеше мың фут[2] биіктіктен. Сондықтан бұл сияқты каналдар суды, қаншалықты білгеніміздей, 100 футтан мүлдем аспайтын биіктікке ғана көтереді, бұл жағдайда суы қысыммен көтерілетін таудағы су құбырларының мүмкіндігі түсінікті. Мұндай су құбыры Іле өлкесінде Көксу бекеті[3] жанындағы Хан көпірінде бар, оған су Көксу тау өзенінен жүргізілген. Өзеннен, алдымен сүйір бұрышты ұзын канал өзен сағасына қарай, содан кейін сүйір бұрыштар арқылы тауға қарай алғашқы қысқа ирек жүргізіледі, сөйтіп біріншісінен екінші т.с.с., бір демде оларға қысыммен су шапшитын бірнеше қысқа иректерден кейін тағы ұзын көлденең канал, әрі қарай тағы иректер жүргізіледі. Судың қатты қысыммен келіп ұрылатын жері оны (суды) ескі құрылыстардағы сияқты тастармен ұқыпты қаланған қарсы жаққа бұруы керек; иректердің іргелерінің өзі де таспен қалануы тиіс.

---

[1] Бұл мәліметтерді осы жерлерде болған География қоғамының толық мүшесі Ш. Уәлиханов хабарлаған. Бұл туралы мәнжайды толық білудің маңызы айрықша зор. («ЗРГО» редакциясының ескертпесі*).

ҚЫРҒЫЗДАРДАҒЫ ШАМАНДЫҚТЫҢ ҚАЛДЫҒЫ

/5а/ Барлық зерттеушілер қырғыздар туралы жазғанда, олардың мұсылман екендігін, бірақ шамандық салттарды ұстанатынын немесе олардың мұсылмандық салттарды шамандық нанаммен араластыратынын айтады және географиялық нұсқаулардың барлығында дерлік осылай жазылады. Бұл – дұрыс, бірақ олардың шамандығы немен түсіндіріледі[1]. Бұл туралы, өкінішке орай, қырғыз шамандары немесе бақсылар туралы мақалалар түрлі мерзімді баспасөзде*[1] жиі жарық көргенімен, қазірге дейін ешкім тыңғылықты жазған жоқ.

Жалпы, шамандық, дін ретінде әлі арнайы зерттелмеген тақырып болып саналады. Марқұм Банзаровтың «Қара сенім» («Черная вера») туралы мақаласы – бір кезде барлық Алдыңғы Азия халықтарына тән ортақ дін жайлы жалғыз жүйелі әрі құнды ғылыми зерттеу болып табылады. Алайда, осы еңбектің үлкен жетістіктеріне қарамастан, біз ол еңбекті шамандық туралы толық дүние дей алмаймыз; оны автордың моңғол-буддистердегі шамандық туралы очерктерінің өзі-ақ айтып түрғандай, Банзаровтың пікірінше, «.... өздерінің ескі нанымдарына жиіркенішпен қарайды және оларды сауатты адамға лайықты деп қадірлемейді»,– деген түрғыда болғандықтан, толық емес. Бұл жағдай, біздің пікірімізше, өте маңызды, оның үстіне, Банзаров өзінің мақаласы үшін мәліметтердің көп бөлігін ламалардың (будда дінінің монахтары) айрықша кітапқа жинап енгізген шамандық мінәжаттарынан алған, олар будда тарапынан меңгеріліп өзгертілген түрінде енгізілген, мысалы, обаны[2] түрғызу кезіндегі салттар мен ғибадаттар, отқа табыну, қойдың жауырынымен бал ашу т.с.с., әрине, жаңа ілімнің түсініктері бойынша өзгертілгені оба түрғызу туралы еңбектің авторы Варджрадарк*[2] Мэргэннің[3] келесі сөздерінен көрінеді: «....бұл сияқты кітаптардың жазы-

*[1] «Библиотека для чтения». Шаманство у народов Средней Азии; Ястребов. Киргизские шаманы, «Москвитянин», [1852 ж., №8] және Вороновтың мақаласы, «Библиотека для чтения»-да сияқты (*Ш. Уәлихановтың ескертуі*).

*[2] Қате, *Ваджрадара* деп оқу керек.

луының өзі үят қана емес (өйткені олардың уақыты өтті), тіптен даналар үшін қолайсыз, алайда оба және т.б. түрғызуды қалайтындарға қарсы түру мүмкін емес». Будда өзінің кең көлемді мифологиясымен және кәдімгідей салтанатты салттарымен алғашқы шамандық рухтарды, сондай-ақ шамандық нанымдардың көпшілік бөлігін кешікпей ығыстыруы тиіс еді. Бұл түрғыда, яғни шамандық салттар, шамандық демонология түрғысында, қырғыздар, менің қаншалықты байқағанымдай[4], моңғолдардан байырақ. Мен мұнымен, шамандық моңғолдарға қарағанда, қырғыздарда тазарақ сақталды деп айтқым келмейді; керісінше, қырғыздарда ол мұсылмандық нанымсеніммен араласты және араласа отырып, мұсылман аталатын бір дінді құрады, бірақ олар Мұхаммедті білмеді, Аллаға, сонымен қатар онгондарға[5] сенді, мазарларда мұсылман әулиелеріне құрбандық шалды, шаманға сеніп, мұсылман қожаларын қадірледі.

Отқа табынды, ал шамандар онгондармен бірге мұсылман періштелерін шақырып, Алланы мадақтады. Мұндай қарамақайшылықтар бір-біріне еш бөгет жасамады да, қырғыздар осының бәріне бірдей сенді.

Мұндай нәрселер біздің уақытымызға дейін жетті, ислам орыс өркениетімен бірге далалық жерге тереңдеп енген кезде, бірбеткей татарлар тәрбиелеген көздері ашық балалар ата-бабаларының салттарынан теріс айналып, оларды байқаған жерінде-ақ құғындап, тыйым сала бастады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан бұл аралас нанымсенімнің негізіне шамандықтың қызмет еткенін көруге болады.

Мұсылмандықтың сауатсыз халық арасында молданың қатысуынсыз тамыр жая алуы мүмкін емес, алайда ол астарында бұрынғы шамандық түсініктер жасырын жатқан құр сөз, бос дыбыс күйінде қалды. Осыдан ой емес, атау, сөздер ғана өзгеріске ұшырады. Онгонды аруақ*[3] деп, көк тәңірісін[6] – Алла немесе құдай, жер рухын – шайтан, пері, дию және жын[7] деп атай бастады, ал идея шамандық болып қала берді. Тіпті түсініктерінде де ол шаманды кейіптеп, шамандық бейнеге ие болды. Әйткенмен наным-сенімнің негіздемесі мұсылмандық дара құлшылық арқылы әлсіретілді. Көк түсінігі Алла идеясымен тұтасты, ал кейіптеулердегі қадір тұтылатын екінші дәрежедегі тәңірлер, сондай-ақ, әсіресе, кескіндемеге ие нәрселер, мысалы, жер құдайларының жансыз тұлғалары – дзаягачтар[8], – мүлдем ұмытылды, шамасы, исламды енгізу кезінде олардың мұсылмандарға соншалықты жеккөрінішті пұттар сияқты көп құғындалғанынан болса керек. Оның есесіне күн, ай, жұлдыз сияқты кейіптелмеген нәрселер қазірге дейін құрметпен пайдаланылады және оларға табыну-

*[3] *аруақ* – ата-бабалардың рухы.

дың кейбір жол-жоралғылары халық арасында сақталған. Көшпенді түрмыспен соншалықты тығыз бірігіп кеткен барлық шамандық салттар, түсініктер, аңыздар қырғыздарда түптүтас қалпында сақталып қалған, сөйтіп олар ортаазиялық көне уақытты зерттеуде бай материал болып танылады.

Банзаров шамандық туралы негізгі қағидаларында, біздің пікірімізше, оны дұрыс талқыламайды, немесе, дұрысын айтқанда, шамандықтың барлық идеяларына құшағын жая бермейді.

Шамандық, бір жағынан, жалпы және жеке алғанда, табиғатты қадір түту болып табылады. Адам табиғаттың ықпалымен әрекет етіп, өмір сүреді. Бұл тұрғыда шамандық нағыз материализмді танытады. Басқа жағынан, адам өліп бара жатып, өзі құдайға айналады – бұл нағыз спиритуализм[9]. Бұл идея <жаман емес>, сонымен бірге, әсіресе, мифологиялық адасушылықтары болмағандықтан әрі қоғамдық жағдайларға, қоғамдық қағидаларға кең өріс беретіндігімен тамаша. «Табыну – аса керемет ғажайып», – дейді Карлейль, оның пұтқа табынушылықтың шығу тегі туралы түсінігі, біздің пікірімізше, толықтай шамандықты түсіндіреді.

Табиғат пен адам, өмір мен өлім аса керемет табиғаттан тыс ғажайып пән болды және ол әрқашан зерттелмейтін құпия саналды. Айтыңыздаршы, табиғат пен адамнан ғажап, одан да құпия не болуы мүмкін? Бүкіл әлемді оның таңғажайыптарымен бірге тану қажеттілігі, өмір мен өлімнің және адамның табиғатқа қатынасы туралы сұрақтар шамандықты – бүкіл әлемді немесе табиғатты және өлген адамдарды шексіз қадірлеп, мәпелеу жағдайын тудырды. Сөйтіп аңғалдық кезеңіндегі адам табиғат не бүкіл әлем деп аталатын күн, ай, жұлдызды және басқа шексіздікті, мәңгілік пен алуан түрлілікті қадір түтуға алып келді. Шамандық көк тәңірін қадірлеуді соншалық жақсы түсіндіретін Карлейльдің[10] жауабы міне: «Платонның[11] қараңғы үңгірде өскен адам туралы келтірген мысалы сіздердің естеріңізде шығар, ол кенет жарыққа шығарылғанда, ... үшін. Осы гүлді жасыл шөп, ағаштар, таулар, өзендер, шұлаған теңіз, осы түңғиық түпсіз көк зеңгір, зулаған жел, түйдектелген қара бұлт, біресе атылған оттар, біресе жаңбыр, біресе бұршақ, – бұлар не нәрсе? Ал уақыт – бұл өзі басқа құпия; міне аса керемет ғажайып.... міне Бүкіл әлем... ах, құдайым-ай! Бұл – бір зерттелмейтін күш. Барлық күштердің тамыры – күш, біз емес».

Шаман адам күнге таң қалып, оған тағзым етіп, табынды; айды көріп оған да табынды; ол табиғаттағы барлық нәрсеге, осы түсіну қиын күш бар жердің бәріне, уақыт сияқты мәңгі, өзі көк аспан атаған көк тәңіріге табынды. Шамандықтың шығу тегі – бұл жалпы және жекелеген түрде табиғатты мәпелеу, қадір түту.

Ендігі бір ғажайып – адам. Бұл жан, бұл қабілет, ойлауға қабілетті әрі не нәрсеге әуестеніп, құмартушы сол бір рух, осы зерттелінбейтін мәңгі күштің, құдіреттің күмәнсіз бар екендігін танытады емес пе? Ол шаман кейпінде тірі рухқа және онгонға – өлі рухына табынды. Алайда табиғаттың осы өмірдегі адамға, әсіресе аңғалдық кезеңіндегі адамға ықпалы тым күшті, тым қуатты болып, құпия табиғатқа қатысты өзі басшылыққа алатын ереже-қағидалар тудыруға мәжбүр болды: не істеуі керек, нені жасамауы керек. Біз қазір шамандық наным-сенім деп атайтын ырым-салттардың шығу тегі міне осындай және де олар сол кездерде ш ы н а й ы наным, күмәнсіз жанды сенім болды.

Сөйтіп, шамандық алғашқы кезде жалпы табиғатты, ал көк тәңірі идеясында және жеке алғанда, күн, ай, өзен тағы басқа да табиғаттың ғажайыптары мен апаттарын қадір тұту болды және сондықтан ішінара фетишизмге[12], идеясы жағынан ол осы түрпайы әрі болмашы адорацияға*[4] соншалық ұқсамағанымен де кей тұрғыда келеді. Бейнелеу болған жоқ, екінші дәрежедегі т ә ң і р і де, әрине, соңынан пайда болды, бұған тәңірі – көк деген атаудың өзі де дәлел болады. Зороастра дінінің[13] әсері, Банзаровтың дұрыс көрсеткеніндей, кейіннен болып, Хормузда[14] көкті бейнелеумен білдірілді, біздің пікірімізше, отқа табыну шамандықтың өзінде де болуы мүмкін, бірақ магтардың[15] діні тәңірге табынуда оған едәуір көлемді мән-мағына береді және оны үлкен салтпен өткізеді.

Тәңірі ретінде қабылданатын аспан (көк) туралы және оның Адамға қатысты алғандағы құдіреті туралы шамандықтың түсінігі қандай болды? Өлген адамның өзі ерікті құдырет болды, сондықтан көктің ықпалы тек тірі адамға ғана жетті. Сондықтан да күнә идеясы да христиандық тұрғыда болған жоқ; жердегі тіршілікте жақсылық пен жамандық, қайырым мен зұлымдық, бақыт пен бақытсыздық құдайдан, ал шамандық тұрғыда, күнәнің ізінше рахат пен жаза дереу орын алатын болды.

Аруақтар немесе онгондар, өлген ата-бабалардың рухы

«Сыртқы әлем – табиғат, ішкі әлем – адам рухы, осы және басқа құбылыс – қ а р а н а н ы м н ы ң қайнар көзі, міне, осы болды», – дейді Банзаров. Сыртқы әлем – күн, ай, жұлдыз және жер – міне, алғашқы құдіреттер; бүтінді қадір тұту жеке нәрсені: өзен, тау, төбелер, тағы сол сияқтыларды қадір тұтуға алып келуі тиіс болды.

Сөйтіп, шамандық т а б и ғ а т қ а табынды. Аспан – тәңірі, соңынан бейнеленсе де, бірақ ол ешқашан құдірет бол-

---

*[4] *Адорация (лат.)* – табыну, қадір тұту.

ған емес. Адам аспанға, күн мен айға өз үстінен билік ету мәртебесін жазды, олардың ықпалын жоққа шығаруға болмайды, алайда бұл ықпал осы әлемде тек оған (адамға) ғана туғанынан өлгеніне дейін әсер етті. Ол табиғаттың айрықша жебеуімен ғажайып бейнеде туып, ашу-ызасынан өлуі мүмкін, бірақ өлген бойы оған табиғат билігі жүрмейді, ол өзі әруаққа, онгонға, еркін құдіретке айналды. Оның о дүниедегі жағдайы туысқандарының бата оқыту, құдайы ас тарату салттарын қалай орындағандарына байланысты болды. Егер құдайы тамақ түзу болса, ол тыныш болып, барлық туғандарын желеп-жебейді, олай болмаса, ол дұшпанға айналып, зұлымдық көрсетеді. Сөйтіп аспан құдай сияқты әділ әрі кең болды. Шаман халқында, христиандық тұрғыдан алғанда, күнә болған жоқ, адам ар-ұятын таптап, теріс жүруден қорықты, өйткені осыдан оның малы азайды; от басса, ол ауру табады. Бір сөзбен, шамандық наным-сенім өз соңынан кесір[16] әкелді – бақытсыздық, мал өлімі, кесел. Салтты бұзған үшін жаза сол сәтінде орындалды. Өлген бойы ол барлық жазадан босатылып, рухы еркіндікте болды.

Ұлы, күшті адамдар шектен тыс қуатты, үдіретті онгондар болды, ұсақ мүскіндер өлгенде де мүсәпір рухтарға айналады, <олар әдеппен сүйе алмағандар, көре алмаушылыққа жол бергендер>. Шыңғыс хан өлгеннен соң құдай сияқты қадір тұтылды. Қырғыздарда әруақтарды қадір тұту қазірге дейін өз күшінде. Олар қиын сәттерде қасиетті мұсылмандар ретінде өз ата-бабаларының аттарын атап шақырады. Әрбір сәттілікті әруақтардың желеп-жебеушілігіне жатқызды (қараңыз. Рычковтың куәландыруы[17]).

Аруақтардың құрметіне түрлі малдарды құрбандыққа шалады, ал кейде әдейілеп олардың моласына мінажат етуге барған, құрбан шала отырып, олардан бірнәрсе туралы өтінетін болған, мысалы, баласы жоқтар бала сұраған. Әруақтарға құрбан шалған кезде қырғыздар: .....*5 деп айтады. Ерте уақытта атақты, ұлы адамдардың қабірі жасырын болған немесе өсиет етілген [табу], шамасы, оларды дұшпандары қорламауы үшін болу керек. (Аларих[18] готтарда[19], скифтер[20]....Дарий[21]) Бүгінгі қырғыздарда атақты қорған түрғызу не ескерткіш қою балалардың бірден бір міндеттері болып есептеледі, осы қабірлер оларға обаның орнын ауыстырады. Бұл – қырғыздарда аса қасиетті нәрсе.

Қытай жазушылары хундарда, кидандар[22] мен басқа шамандық көшпенділерде хандарды жерлеу кезінде жасалатын кейбір салттарды бізге жеткізді. Моңғолдарға барған еуропа саяхатшылары командар мен моңғолдардағы осы сияқты салт-

---

*5 Қазақша *тие берсін – аруақтарға жете берсін* деген сөздің жазылуы үшін бос орын қалдырылған.

тар туралы айтады. Егер оларды қырғыздардағымен салыстыратын болсақ, онда біз олардан керемет идеялық ортақ бірлік пен тіпті салттардағы ұқсастықтарды табамыз.

Шамандар аспан (көк тәңірі) мен рухтың желеп-жебеуіндегі адамдар ретінде құрмет етілді. Шаман – сиқыр мен білім дарыған, басқалардан жоғары тұрған адам, ол – ақын, әнші, көріпкел және сонымен бірге дәрігер де. Қырғыздар шаманды бақсы деп атайды, ол моңғолша мүғалім дегенді білдіреді, үйғырлар бақшы деп өздерінің білгірлерін айтады, түркімендер бұл атаумен өздерінің әншілерін атайды. Командар шаманды кам десе, енді оны қазір сібір татарлары да осылай атайды.

Банзаров барынша анықтаған бұл сөздің шығу тегі жайлы біз сөз қозғамаймыз, сонымен бірге шаман деген бар және ол жай ғана көз бояушы деген пікірді де жоққа шығармаймыз. Біз бұл жерде тек Карлейльдің сөзін қайталаймыз: «Көз бояушылық жабайының болса да сенімін тудыра алады деп болжаудың өзі маған аяныпты». Және қырғыздарда біздің кез келгеніміздің ақын бола алмайтынымыз сияқты кез келген адам шаман бола алмайды.

Ем*[6]. Кесел, шаманның пікірінше, физикалық себептерден болмайды, бірақ Құдайдың, немесе жын-шайтанның еркінен, немесе жалпы киелі нәрсені қадір тұтпаудан болады, сондықтан аурудан емдеуді жын-шайтанға жақын, сол себептен де белгілі салттармен, немесе қырғыздардың өздері айтатындай еммен таныс адамдар – шамандар жүргізеді. Кейбір кеселдердің қожасы – йе, иесі бар ауру, яғни өзінің рухы болады.

Қырғыздарда көп пе, аз ба барлық аурулар екі категорияға бөлінеді:

1. Ұ ш ы қ*[7], ү ш ы қ т а м а қ, бас ауырып, не құстыратын келтіретін, немесе қалтыратын дене қызуымен басталатын кез келген болмашы ауру. Ұшық, қырғыздардың ойынша, тамақтан болады. Олардың тамақты киіз үйден тыс жерде жемейтініне және оны беті ашық күйінде түнде қалдырмайтынына қарап, олардың мұны жын-шайтанның дуасынан қорыққандарынан жасайды деп ойлауға болады. Ұшық үшықтамақ деген салт арқылы емделеді*[8].

2. Қ а ғ ы н д ы – әжептәуір күшті белгілермен өтетін аурулар және олар қақпақ аталатын салтпен емделеді. Осы және басқа жағдайларда жын-шайтанды қорқыту ниетін көздейді. Ұ ш ы қ та үш рет суық немесе қайнаған суды бүркеді, ал қағындыда түрлі жануарлардан алынған өкпемен сабалайды.

---

*[6] Ем – емдеу, сауықтыру.

*[7] Үшық – безгек, бетте бөрітпелердің пайда болуы.

*[8] Үшықтамақ – суық су бүрку.

Қырғыздар ревматизмді тоз-аруақ деп атайды, ол ескі қоныс орындарын*[9] абайсыз жүріп өткеннен пайда болады. Ревматизмнен айығудың жақсы тәсілі ауырған жерге .. .*[10] тағып жүру керек деп есептейді, оны міндетті түрде қ а р а қ ы р ғ ы з д а р ғ а байлатса, ем қонады деседі.

Әйелдер ауруларын, әсіресе, жатырға қатыстыларын жын-шайтандардың ісіне жатқызады және жын-шайтанға басы айналған әйелдерді зиандасты*[11] деп атайды.

Әйел бала тумауы үшін, ол құмырсқаның илеуіне дәрет сындыруы керек.

Судан қорқудың е м і: ауруға қырық киіз үйден қазанның түтқасын тістеткізеді, <демек, қырық қазанның>. Қазан татарларында қырық үйден нанның тілімін жинайды.

От. Отқа табыну, Банзаровтың дұрыс көрсеткеніндей, шаман халықтарға көк тәңірі – Хормузда сияқты парсылардан[24] кірген. Біз бұл түрғыда онымен толықтай келісеміз, алайда кірме нәрселер Банзаровтың ойлағанынан да едәуір көп көлемде енген деп шамалаймыз. Біздің пікіріміз бойынша, шамандық алғашқыда дүниеге түрпайы табыну түрінде анықталды, жалпы көк идеясында оның барлық жеке бөліктері, яғни күн, ай; жер, ол да жеке бөліктерімен: өзен-тауларымен, керемет тастарымен, ағаштарымен т.б. қадір түтылды. Ақ және қара тәңірі идеясы, отқа табыну шамандардың (бірақ шамандықтың емес) парсылардан кірген нағыз өнері болуы мүмкін, тілті материя – көк ретіндегі және құдай – мәңгі түріндегі аспан дуализмі де. Барлық шаман үрпақтары ішінде қырғыздарда отқа табыну қазірге дейін үлкен күшке ие. Қырғыздар отты әулие[25] деп атайды және қырғыз тақуаларын да осы атпен атайды. Моңғол типтес қырғыздар отқа табынғаннан оны а н а атайды. От тазартқыш*[12] қасиетке ие. Екі оттың арасымен жүргізе отырып тазартады. Қырғыздарда тазарту салты а л а с т а у[26] деп аталады. Қыстаудан көшіп келе жатып, олар көшпен екі оттың арасынан өтеді. Көпшілік алдында ант беретін адам да отпен тазалануы тиіс.

От шаңырақтың жебеушісі, сондықтан қырғыздарда келін жаңа отбасының табалдырғын аттаған кезде ү л к е н үйдегі[27] отқа табынуы керек. Бұл моңғолдарда да бар салт және ол некелесу салтының орнын ауыстырады. Қырғыздарда ол көптеген ұсақ-түйек жақтарын жоғалтқан, яғни моңғолдармен салыстыратын болсақ, бүге-шігесіне дейін қолданылмайды. Жаңа босағаны аттаған келінді әйелдер қайын атасының киіз үйіне енгізеді.

---

*[9] Яғни, ескі жүрттың және бейіттердің қираған орны.

*[10] Шамасы, *жылқы түяғы* болса керек.

*[11] Зиандасты – қаскүнемдік, қара ниеттілік.

*[12] Қолжазбада жазылмаған түсіндірмеге сілтеме жасалған.

Ол босағада тізе бүгіп тағзым*[13] етеді, содан кейін келіннің .....*[14] терідей жұмсақ болуы үшін, оны ошақтың қасына іреп алынған бұзау терісіне отырғызып, сосын отқа май құйғызады да, ол: «от-ана, май-ана, жарылқа мені», – деп бірнеше рет төмен иіледі. Осы уақытта әйелдер алақандарын отқа жылытып алып, келіннің бетін сипайды. Бұл салт басында мұншалық қысқа болмаған деп шамалаймыз (моңғолдардағы осындай салтты қара). Дәл осылай нәресте туылған кезде де .... дей отырып, отқа құрбандық шалады. Қырғыздар отты қасиетті санайды; отқа түкіруге болмайды, от арқылы өтуге болмайды, тіпті бір кездері жағылған оттың орнымен*[15] өтуге болмайды. Қырғыздар нағыз есерсоқ, шәлкес адамды ..... *[16] деп атайды. Отқа табына отырып, оттың ашуынан қорыққан және сондықтан оттың ашуымен қарғанған: ....*[17]. Көптеген аурулар оттың қаһары деп есептелді және сондықтан көбісі отпен емделді. Отпен емделетін аурулар қатарына ревматизм – аяқ ауруы жатады, ол қырғыздардың ойынша, ескі жұрттың орнын абайсыз басып кеткеннен пайда болады. Моңғолдар да тап осылай ойлайды, өйткені оларда бір аңыз болған, онда хонкират тайпасы аяқ ауруынан зардап шегетін болады, себебі олар басқа тайпалардың игілігін аяққа таптаған Ергене-ханнан[28] шыққан.

Отқа құрбандық үшін қырғыздарда май пайдаланылады. Құрбандыққа шалынған



Үлкен орданың дуанасы. Суретші Ш. Қошаров.

---

*[13] *Тәжім ету, тағзым.* Қырғыз келіндері өзінің күйеуінен жасы жағынан үлкен туысқандарының киіз үйіне енгенде және оларды кездейсоқ көріп қалған (ол олардан жасырынып жүруі тиіс) кезде әрдайым тәжім жасайды. Келін тағы оларды аттарымен атамайды, ол келін болып түскенге дейін туған отбасының жасы кіші мүшелерін де аттарымен атамайды *(Ш. Уәлихановтың ескертпесі).*

*[14] Бос орын, шамасы, қазақтың *баспақ* сөзіне қалдырылған орын болса керек.

*[15] Бос орын, шамасы, қазақтың *от орны, жер ошақ* сөзіне қалдырылған орын болса керек.

*[16] Бос орын, шамасы, қазақтың *от соққан, от аттаған* сөзіне қалдырылған орын болса керек.

*[17] Бос орын, шамасы, қазақтың *от соқсын, от аттайын* сөзіне қалдырылған орын болса керек.

шырақтар май сіңіп, ши өсімдігінің сабағына оратылған матадан не ақ не көк қытай дабысынан жасалатын болған. Шырақтың ұзындығы шынтақтай болуы тиіс. Мақтадан жасалынғандары өлген адамға алғашқы төрт күн бойы жағып қою үшін пайдаланылады, әр күні он, барлығы қырық шырақ жағылады. Шамандардың кейбір аурулардан емдеуі кезінде ақ және көк шырақтар бірге үштен жеті, тоғыз данаға дейін қолданылады.

/14а/ **Құрбандыққа шалынатын мал жайында**

Құрбандыққа малдардың барлық түрлерін, түйе, жылқы, қой, кейде өгізді артықшылығына қарай, бірақ әркезде еркектерін белгілі ырымдарымен шалып келді және шала бермек. «Түйеден – нар, жылқыдан – айғыр, сиырдан – бұқа, қойдан – қошқарды алып, – дейді «Шора» поэмасында әйелі еріне, – өзімізге бала сұрауға барамыз».

Ислам Құрбан айт құрметіне ғана отардан құрбан шалуға рұқсат етеді, ал қырғыздар кішкентай бақытсыздықтың өзіне құдайдың атынан құдайы, тасаттық мал сояды не әруақтардың атынан обаның жанында емес, ата-бабаларының қабірінің жанында құрбан шалады. Мұндай құрбан шалуды олар к ү р б а н д ы қ және с а д а қ а деп атайды, сөйтіп аздап болса да, оның пұтқа табынушылық мәнісін жұмсартады.

Түйе сою құрбан шалуға түрткі болатын себептердің аса маңыздылығын танытады. Түйе ақ түсті болуы тиіс. «А қ т ү й е н і ң қ а р н ы ж а р ы л д ы» деген мақал өте қуанышты жағдайларда қолданылады, мысалы, жақын адамдарының қауіпті жорықтан не алыс сапардан оралған кездерінде, адамның көптен күткен мұрагері дүниеге келгенде, құрбандыққа жол беріледі. Бұл сияқты қуаныштарда оның бар маңызын, шынайылығын көрсету үшін, ақ түйенің қарнын жарады деп болжам жасауға болады, бірақ қазір түйе құрбандыққа өте сирек шалынады.

Қошқар ақ әрі сары басты, яғни ақсарбас не ақбас немесе боз қасқа болуы тиіс. Әдетте, қырғыз малды құрбандыққа шалып жатып, күбірлеп шалынатын малдың белгілерін сипаттайды. «О, әруақ, саған арналады; дәл осы ай мүйізді, аша тұяқты, жұпар иісті, немесе бауырсақ құлақты, не тілік құлақты, екі тісті ...» және т.б. Малдың жоғарыда айтылғандай белгілері болмаса, құрбанға отардағы ең атаулысын шалады. Отқа табынуда моңғолдарда да осы а қ с а р ы б а с қ о й а й т ы л а д ы.

Қырғыздар қайғы-қасіретте жылқыны не өзіне қымбат малды атамайды, құрбандыққа басқасын, соншалық сүйікті емесін шалады. Ол үшін аталған малдың сілекейімен шынымен ө л т і р г і л е р і к е л е т і н малдың аузын сүртеді[29].

Қырғыздың... космологиялық түсініктері

Мұнда бізге жеткен аңыздардың ішінен шығу тегі жағынан ең көнесін және олардың қай діннің ықпалынан туғанын танып білу аса қиын, оның үстіне, сол бір ғана нәрсе туралы сол бір ғана уақытта түрлі түсініктер қатар өмір сүрген.

Жұлдыздар, кейбір қырғыздардың түсінігінше, біздің ғаламшарымыздан кішкентай нүктедей болып көрінетіндей алыс арақашықтықта жатқан, асыл тастардан тұратын үлкен таулар сияқты басқа бір нәрсе. Қырғыздар, сондай-ақ, қарапайым халық арасында айтатындай – планидаға, жұлдыздардың адам тағдырына әсер ететініне сенеді. Басқалардың пікірінше, әрбір жұлдыз жер бетіндегі қандай да бір адамның жанына сәйкес келеді және адам өлгенде, оның жұлдызы да жерге түседі. Қырғыздар құлап келе жатқан жұлдызды көргенде, «Менің жұлдызым жоғары!» деп, бірнеше рет ернін жыбырлатады. Тағдыры жебеген бақытты адамды «жұлдызы жанған адам» дейді.

Моңғолдар шамандық аңыздар бойынша жұлдыздарға құрбан шалады және қырғыздар сияқты жұлдыздарға адамның бақыт, дәулет, малға, тағы сол сияқтыларға билік етуге қолын жеткізетіні тұрғысынан зор мән берді.

Қырғыздар жұлдыздардың көбін білмейді және олардың өз атымен ажыратылғандары да аз.

1. Полярная звезда – Темірқазық; қырғыз саяхатшылары түн ішінде осы жұлдызбен бағдар жасаған. Темірқазық деген атау, шамасы, оның тапжылмастан көрнекі жерге орналасуынан берілсе керек, өйткені оған жақын әрі оның айналасында, қазыққа байланған аттың жүрісіне ұқсас қозғалыстағы екі жұлдыз «ақбозат; көкбозат» деп аталады.

2. Большая медведица қырғыздарда – Жеті қарақшы аталады, бұл – күндіз ұрлық жасап, түнде күнәсі үшін опық жеп және осы күнәларына бола өлгеннен кейін жеті жұлдызға айналған жеті қарақшының жаны. Үркердің (Плеяды) ұрланған қызы Жеті қарақшыда*[18].

3. Плеяды – Үркер. Қырғыздар Үркердің Жеті қарақшыға қарай үдемелі қозғалысын байқаған соң, ол өзінің қызын құтқару үшін Жеті қарақшының ізіне түсіп жүр деп ойлайды. Үркер арқылы қырғыздар түнгі уақытты және жыл мезгілін біледі.

---

*[18] Бұл аңыздың шығу тегі өте көнеде екенін шамалауға болады, өйткені моңғолдар Үлкен Аюды Жеті Қарақшының шоқ жұлдызы деп, оған құрбандыққа мал шалып, қымыз, сүт атайды. Банзаров «Книга о молитве и жертвоприношении звездам и богам» қолжазбасында Жетіқарақшы шоқжұлдызының маңыздылығы туралы кішігірім аңыздың бар екенін айтады. Оның қырғыз аңызымен үқсастығы жоқ па? *(Ш. Уәлихановтың ескертпесі).*

4. В е н е р а – бақташы жұлдызы. Осы жұлдыз шыққан кезде бақташылар қойды ауылға, қораға айдайды.

5. Таңғы жұлдыз – Ш о л п а н ж ұ л д ы з ы.

Зодиак белгілері және олардың шоқ жұлдыздары қырғыздарға біраз бұрмаланған арабтардың атауымен мәлім. Жалпы, олардың жағдайын ешкім білмейді. Қырғыздардың айларға қойған өз аттары бар.

Млечный путь (Кус джол*[19]) – құстардың жолы, өйткені күз жолының бағытымен жыл құстары ұшады.

/46б/ А й, шамасы, құдіретті болған. Қырғыздар айдың жаңа туған кезінде оған жерден тағзым етеді де, жазда сол тағзым еткен жерден шөп алып, оны үйге келген соң отқа тастайды. Қырғыздардың айтуынша, айда кемпір бар (шамасы, оның дөңгелектігі мен беттің бөліктері тәрізді көрінетін дақтарына байланысты сияқты). Қырғыздар кемпір кірпіктерін санап алмауы үшін айға ұзақ қарай алмайды, егер санап алатын болса, ол адамның өлуі тиіс. Табиғи қажеттілікті өтеу кезінде жүзін айға қаратпайды. Жалпы ай туралы құрметпен жақсы пікір айтады.

К ү н. Әрине, егер ай құдіретті болса, күн де сондай құдіретті болуы керек; соған қарамастан, біз қырғыздардан осы жарыққа деген құрметтің ізін көрмейміз. Банзаров та моңғолдар туралы айтады. Қызық. Аңғалдық кезеңіндегі адамның айды бірінші орынға шығаруы «ай күннен жақсы, себебі күндіз күн болмаса да жарық қой» деп айтатын бір ашық ауыз жайлы анекдоттағыдай түрғыдан болуы мүмкін емес қой. Қырғыздар табиғи қажеттілікті өтеу кезінде жүзін күнге бұрмайды – міне, күнге деген бірден бір құрмет және бұл қазірге дейін бізге мәлім[30].

А с п а н – бұл шамандықта ең жоғарғы құдірет. Көк тәңірі – Көк аспан. Қырғыздарда бірінші сын есім *көк* сөзі көрінетін заттық нәрсені білдіреді, ал *тәңірі* зат есімі Алла және Құдай сөздерінің синониміне айналған. Дегенмен, даланың шеткері өңірлерінде, мысалы Қарақырғыздар ордасында әлі күнге дейін «к ө к е т я ң г і р і» деген құдайшыл үн, леп сипатындағы ұғым бар. «Тәңірі» сөзін Шыңғыс ханның кезінде-ақ мұсылмандар Алла, ал еуропалықтар d e u s сөзімен аударды, себебі ол шамандықта аса құдіретті күш идеясына жақын болды, ал Кіші Бұхарияда қытайдың т я н ь сөзі де енді парсының х у д а – құдай сөзімен аударылды.

Аспан өз іс-әрекетінде ерікті болды, ол әрі мадақтады, әрі жазалай алады. Адамдар мен халықтың аман-есендігі оның еркіне тәуелді болды. «Тәңірі жарылқасын» – сені аспан жарылқасын; «көк соққан» – аспанның қарғысын алған және «көк соққыр» – аспаның болмасын[31] сөйлемі өздерінің ша-

*[19] Қазіргі қазақ орфографиясы бойынша: *құс жолы*.

мандық шығу тегінен хабардар етеді. Жарылқамақ жарлық[32] (моңғолша дзарлик) – ерікті білдіру – және моңғолша дзаяға – аспан еркі, тағдыр сөзімен айқын үқсастыққа ие.

Аспанда оның түрғындары – адамдар бар. Олар белбеуді тамақтың астынан байлайды; біз әлемнің ортасында – жерде өмір сүреміз, сондықтан белбеуді денеміздің ортаңғы бөлігінде тағамыз, ал өз аспаны, айы, жұлдызы бар жер асты адамдары белбеуді аяғына тағады*[20]. Аспан арасындағы қырғыздарда өте бай карт кемпір бар (аспандық түрғындардың өмір салты да қырғыздардыкіндей, басқаша болуы мүмкін емес, себебі бұл элементтер қырғыз қиялы жемісінің өзегі).

К е м п і р қ о с а қ, яғни кемпірдің қосағы. Қосақ деп қойдың екі жағынан ілгектеп тартылған арқанның жердегі байлауын айтады. Мұнда біз карт кемпірдің бұрыннан таныс екенін еске саламыз. Қосақ – бұл соның алуан түсті қойдан құралған қосағы, оларды карт кемпір ж а ң б ы р д а н к е й і н сауды әдет еткен.

Ауадағы құбылыстар

К ү н к ү р к і р і. Рашидиннің айтуынша, моңғолдар күн күркірегенді көктің (аспанның) ашуы деп есептеп, одан қатты қорыққан. Қырғыздар, шынында да, күн күркіреу – құдайдың ашулы даусы, ал найзағай – жебелер, ол олармен шайтандарды талқандайды деп айтады, алайда мұнда ашулы құдай деп отырғанының аспан ба, әлде Алла ма екенін және ол талқандайтын шайтандардың шығу тегінің шамандық па, әлде мұсылмандық па екенін де айыру қиын. Мұсылмандық аңыздар бұл түрғыда қырғыздардыкімен мейлінше жақын үқсастықта табылады. Олар күн күркірі – үлкен бір періштенің айқайы, ал найзағай – жебелер, онымен ол шайтандарды талқандайды деп айтады, алайда бұл актіні құдайдың ісіне жатқызу, мұсылмандық бойынша, қолайсыз. Бұл жерде билік етуші шамандық идея деп болжау керек, оның үстіне мұсылмандық аңыздар ықпал ете алмаған буддист-моңғолдар да найзағайды жын-шайтандарға көзделген көктің (аспанның) жебесі деп есептейді.

/18б/ Күн күркіріне қатысты «көк айғыры кісінеді» дегенді есту сәті де бірінші біздің еншімізге бұйырды. Бұл түрғыда қырғыздарда келесі салт сақталған: киіз үйдің иесі жүгіріп шығып, өзінің үйін айнала жүгіріп, оны сыртынан «сүт көп, көмір аз»[33] деп айта жүріп ожаумен урады, ал содан кейін үйге кіріп, ожауды есік жақтағы керегеге қыстырып қояды. Және оны босағаға сүт құю деп айтады. Мұның барлығы қорық-

*[20] Жер асты адамдары туралы сенім кейбір ертегілерде сақталған *(Ш. Уалихановтың ескертпесі).*

қаннан істелмейтін сияқты, сүт (ақ) мол болсын деген адал тілек, демек, отардың көбеюі деген ниеттен туған.

Айдаһар туралы, күн күркірін шығарушы ретіндегі айдаһар жайлы біз естімедік. Жалпы ислам бейнелеуді (жансыз затты жанды етіп суреттеуді) ұнатпайды.

Қ ү й ы н, шамасы, табиғат апаттары текті тәңірлердің бірі ретінде бейнеленген болса керек, өйткені қырғыздар күйын келе жатқанда «тіфу, тіфу, тіфу» деп үш рет түкіреді. Васильев[34] мырзада да қидандардағы осыған ұқсас ерекшелік туралы айтылады.

Табиғаттағы арбаушы күштер туралы

Әбілғазы түркілерде яда немесе жады деп аталатын тастың болғанын айтады, оның көмегімен жаңбыр жауғызып, күн күркіретіп және найзағай ойната алған*[21]. Қырғыздар бұл тасты жайтасы атайды және бүгінгі күнге дейін жадылауға және жауын-шашынды күн керек болғанда оның жауын жаудыра алатын мүмкіндігіне де сенеді, сондай-ақ олардың көпшілігі бұл түрғыда мақтан тұтылады. Қырғыздар кез келген арбаушылық пен сиқыршылықты жады деп атайды. Қырғыздардың арасында бұрын жадыға ұшырап бұзылғандар, яғни жадыланғандар көп болды. Бұл өлім қатерін тудыратын ауру болып есептелді және одан тек шаманның әрекеті арқылы ғана айығуға болатын, шаман оның асқазанын кесіп ол жерден жаман бір нәрсені шығарып тастайды. Жадыға, әдетте, қызғаншақ әйелдер көп жүгірді және біз өзімізге жеткен аңыздар арқылы жадыдан өліпті-мыс деген көп қырғыздарды білеміз. Біреуге өзін сүйгізу, не оны өзіне қарату үшін немесе қырғыздар айтатындай, «басын айналдыру» үшін түрлі арбауға, дуаға барады. Олардың арасында і з і н с и қ ы р л а у..., ерекше, олар жайында орыс ертегілерінде аталып өтеді (мыстан Марина, Добрыня Никитич). Дуаны көпшілік жағдайда шақпақ қант не мейізге жасайды, содан кейін оны тиісті адамға береді. /19б/ Арбау, сиқыршылық қырғыздарда түрлі атауларға ие: біріншіден, арбау (одан қара қырғыздардағы арбын, қайсақтардағы арбаушы шығады). Қара қырғыздардың эпикалық жыры «Манастың» барлық кейіпкерлері мен батырлары осы қасиетке ие; тіпті олардың жылқылары, сөйлейтін көреген аттары құсқа және тағы басқаларына өзгере алатын қасиетке де ие. Олар арбын-құлын, сиқырлы ат деп аталады.

Қара қырғыздардың өздерін түрлі кеселдерден қорғайтын дуалары да арбын деп аталады. Оларда тіпті билік тауларда

---

*[21] Абульгази. Histoire des Mongols et des Tartares par Aboulghazi Behadour khan. Демезон баспасы, т.1. Спб., 1871, 138 бет (мәтін).

ауа қысымының төмендігінен болатын түншығудан сақтайтын арбын да бар. Қайсақтарда арбау дуаның артықшылығына қарай аталады, ал арбаушы – дуаның көмегімен адамды сықырдан, кеселден, тағы сол сияқтылардан айықтыратын қабілетке ие адамдар. Жылан шағып алған адамды емдеу үшін қырғыздар тірі жыланды үстап алып, оны дуалайды. Егер дуа шынымен болса, онда жылан сол сәтте өлуі тиіс. Жалпы бұл сөздің бастапқы мәні – дуа.

Қырғыздар тағы парсы сөзі – сихрды (сиқыршы) қолданады және одан с и х р ч и – сыйқыршы сөзі шыққан.

/19а/ Адамның бойындағы арбаушы күштер туралы

Аңғалдық кезеңіндегі адам үшін сұрапыл табиғи апат өте қаһарлы көрінді, бірақ олардан жасырынуға, сақтанып қалуға болады; жаманы – қасірет адамның өзінде болды – оның өз бойынан сезген қандай-да бір көрінбейтін күш алдындағы қорқынышы. Адамды үрей биледі. Тіпті түсінен де қорықты, оны үйқы да қорқытты.

Адамның т і л і сөз арқылы, қырғыздардың пікірінше, бұзық ықпалға ие болады. «Адам тілі тас жарады, тас жармаса бас жарар».

Егер қырғыздың әдемі сәбиі шетінесе, жақсы ат жоғалса, алғыр бүркіт үшып кетсе, мылтық сынса – барлығына адам тілі жазықты болып табылады.

К ө з – сөз сияқты әсер етеді.

Т ы р н а қ. Қырғыздар ант орнына аспанға қарап тырнағын жалайды. Арбайтын күш қолдың барлық тырнақтарына тән бе, әлде артықшылығына қарай бір саусаққа тән бе, білмейміз. Буслаевта аты жоқ саусақтың артықшылығы – жалғандыққа төзбейтіні.

/19б/ Кейбір іс-әрекеттерге қатысты арбаушы күштер

«Алдау», «айналдыру» үнді-герман тайпалары халықтарының эпикалық жырларында дуалау, сиқырлау мәндерінде қолданылады. Бұл жерде арбаушы күш әрекетін артықшылығына орай берік (жансыз) қолға теліді: «берік (жансыз) қолдай айналдыру» (С н е г и р е в. Русские в своих пословицах, т. II, с.35; Лионский рецепт, 1751 г., қараңыз: Буслаевты).

Қырғыздарда арбаушы күштің міндеті, тегінде, айналумен анықталады. Олар бір нәрсені айналдыра көріп қарағанда, не болса да толық шеңберден қашады. Адамды айналу – яғни, өзіне оның барлық ауруларын, еңсесін көтертпей тұрған бар дуасын қабылдау. Сондықтан қырғыздардағы ең жақсы сөз және сезімін білдірудегі ең асыл сөз а й н а л а й ы н болып табылды, ортаазиялық түріктерде – у р г у л а й н, «сені айнала-

йын» дегенді білдіреді. Біз ескі уақытта балажан әкелердің мойындарына белбеулерін салып, өздерінің ауру баласы жатқан үйді айнала жүгіріп, аспанға ауру ұлының орнына өзін алуын өтінетінін, ал туысқандары мен ауылдастары оны мұндай апатты ниеттен ұстап қалуға тырысатынын естідік. Сөйтіп, қырғыздар айнала қоршауға сенді. Қолға түскен құсты басынан бірнеше рет айналдырмайынша бостандыққа жібермейді.

Ант

1. «Отым соқсын».

2. «Көк есегің болайын», кейде олар оған «екі дүниеде», яғни «бү дүниеде және о дүниеде» дегенді қосады.

3. «Ыңқ деші» – ыңқ деп айт! Бұл сөз, Рашидаддин бойынша, б а т а б е р у д і білдіреді; ол осы сөзбен о н г о н д ы түсіндіреді.

Қара қырғыздарда қызық ант бар: «М а й н е к е н б о л а й ы н». Майнеке – қандай да бір адамның жалқы есімі, әсіресе, өзінің жаман қасиеттерімен*[22] атағы шыққан адам, не қандай да бір жиіркеніштіні кәсіп деп болжауға болады. Бұл ант кең таралған.

Ы р ы м, яғни салттар, олардың сақталуы шамандықта бақытсыздықтан қорғайды, ал оның бұзылуы соңынан қандай да бір қайғы-қасірет әкелді. Бір сөзбен айтқанда, еуропалықтардың өздерінде ырымшылдық не соқыр наным атайтын осы жалпыхалықтық қарапайым салттар шамандықта олардың діндерінің әдет-ғұрып бөліктерін құрайды. Ы р ы м деп, сондай-ақ белгі, нышан түрінде орындалатын салттарды да атайды. Мысалы, біреудің ұлы жоқ болса, бірақ қыздар туыла беретін болса, онда олар өздерінің соңғы қыздарына үлдың тууына нышан болу үшін Ұлтуған, Майкөт деген есім береді.

Біз мейлінше жиі қолданыстағы ы р ы м д а р м е н таныстырамыз:

1. Жылқы табынынан бөлек кеткенде, оның жалынан бір уыс қыл алып, жануардың сілекейімен сулап, қалтаға салады; бұл салт «сілекейін алу» аталады.

2. Біреуге көйлек берген кезде, өзінде бір түймесін не бауын қалдырады.

3. Малды сатқан кезде жылқының жүгенін, түйенің шудасын, бүркіттің томағасын, иттің қарғыбауын бермейді. Орыс ертегілерінде түрлі жануарларға: жылқыға, итке, бүркітке т.б., айналатын сиқыршылар бар, әдетте, малды осы түрінде сату кезінде жүгенді, қарғыбау және томағаны бермеуді өтінеді.

---

*[22] *Майнеке* – үсқынсыз құбыжықтың бейнесі; *Майнеке болайын* – ауыспалы мәнде: мені қарғыс атсын.

4. Киіз үйге аузындағы тамақпен ену жақсы емес, шығу, керісінше, жақсы, «дүшпанға шайнап енеді, ал досынан шайнап шығады». Егер үй иесі кімде кімнің өзіне аузындағы сағызымен енгенін байқаса, онда тез арада ауыздағының барлығын табалдырықтан түкіртіп тастатқызады. Үйге енетін кезде қонаққа есікті үй иелерінің өздері ашады; кетерінде не жағдайда да ашпайды*[23]. Кейбір қырғыздардың жеке өздерінің ырымдары бар; яғни, мәлім әрекеттердің барлығы өз артынан жамандық, ал беймәлімнің – аман-есендік әкелгенін байқаса, олар біріншісінен қашып, соңғысын жасамай қоймайды және т.б. Кейбір қырғыздар артындағы жамандықтарынан қорқып, қандай жағдайда да, өздерінің бас киімдерін бермейді.

Қырғыздар көптеген ырымдарды, әсіресе, жорықтар мен барымта кезінде байқайды. «Түс» – аттан түс, «байла» сөздері жаман нышан болмау үшін, оларды өздеріне мағынасы жағынан жағымды сөздермен ауыстырады: қон, бекіт, иір. Өлең айтпайды; сапты-аяқтың*[24] орнына жолды-аяқ*[25] деп айтады, биені айғыр деп айтады, өйткені барымтаға бие мініп шығу жеңіс үшін қолайсыз болып есептеледі; биенің міндеті, қырғыздардың айтуынша, малды көбейту және қымыз беру, тек жорық емес.

/21б/ Көз тиюден, жын-шайтаннан және түрлі дерттерден сақтайтын бойтұмарлар

Қырғыздар қазір енді мұсылмандық, кабалистикалық дұғаларды қолданады, оларды «тұмар» деп атайды; ертерек кездерде тұмар көбінесе заттай нәрселерден болды, нақты айтқанда, жануарлар мен құстар денелерінің түрлі бөліктері, жануарлардың сүйектері, кейде тастар.

1. Табиғаттан тыс ғажайып күшке ие жануарлар сүйектері. Кәрі жілік, қырғыздардың ойынша, бақташының орнын ауыстыра алады, яғни Ильминский*[26] (қара. Известия Вост. Отд[еления] Арх[еологического]о-ва, 1860 г., вып.5) мырзаның қате ойлағанындай, мал өлімінен емес, қасқыр мен ұрыдан қорғай алады. Ол үшін кәрі жілікті Гомбоевтің[35] айтуына сәйкес тура моңғолдардағыдай киіз үйге қояды да, жұқа екі сүйектің арасына кипец шөбін моңғолдардағы сияқты тығады. Сүйек осы түрінде қолында құрығы бар бақташыны бейнелейді. Қырғыздардың сенімі бойынша, адам

*[23] Мұның негізінде қонақжайлық салт жатыр.

*[24] Түтқасы бар ағаш ыдыс; бүркіт пен тазыны етпен тамақтандыру үшін қолданылады.

*[25] Жолды аяқ – ауыспалы мәнде: сәтті жол; екіншісі: «күтты аяқ (ыдыс)».

*[26] Н. И. Ильминский. Древний обычай распределения кусков мяса, сохранившийся у киргизов.

бейнесіндегі кәрі жілік ұрыдан қорғап, ұрылардың көзіне адам сияқты елестейді*[27].

«Кәрі» сөзі «хариту» сөзінің өзгертілген түрі емес пе? Сондай-ақ қырғыздар кәрі жілікті ердің алдыңғы қасына ертұрмандар мен атты қорғаушы ретінде байлап тағып жүреді.

Қасқырдың тілерсегі белдің ревматизмге шалдығуынан және «көз тиюден» сақтайды.

2. Үкінің басы, сирақтары мен қауырсыны жын-шайтаннан сақтайды; сол үшін оларды киіз үйге, балалардың бесігіне байлап қояды. Бізге қара қырғыздың киіз үйінен үлардың басын көрудің де сәті түсті (Tetraogallus himalayensis). Қара қырғыздардың түсінігінше, бұл құстың еті шешектен [...] мәңгі сақтайды.

3. «Сүк» көз бен тілден сақтану үшін «есек-тас» аталатын тасты тағып жүреді. Бұл тас, сенім бойынша, есектің қарынында болуы тиіс, алайда саудагерлер осы тастың атымен жылтыратылған көк қышты сатады.

Барлық ауруларды шамандықта жын-шайтанның қағуы мен онғондардың ашуынан көреді, сондықтан олардың емін, рухтары желеп-жебейтін шаман – адамдар жүргізеді. Жын-шайтандар шамандардан басқа, кейбір атақты, текті немесе батыр адамдардан да қорқады, бұл тұрғыда оларды тірі рухтар дейді.

Шайтандардың өздері қорқатын хайуандар да бар. Мысалы, түйе боталағанда, кірпі балалағанда оларға жынөшайтан жоламайды. Сәбидің бесігіне кірпінің тікенектерін байлап қояды, ал босану кезінде оларды қиналып жатқан әйелдің

---

*[27] Осы наным-сенімге, шамасы, келесі аңыз негізделеді. Бірнеше ұры бір қырғыз байының отарының маңайын бірнеше күн аңдиды, алайда ешнәрсе ұрлай алмайды, өйткені түні бойы отардың айналасында құрық ұстаған көп адамдар жүреді. Бұл қырғыздың әйелі мен қыздарынан басқа күзетшілерінің, ешбір үлдарының, не құлдарының жоқ екенін біліп, олар бұл ғажапты білуге бел шешеді де, оған қонақ сияқты түнеуге келеді. Бай оларға қой сойып, тойғандарынша тамақтандырады. Сонда олар шын көңілден өздерінің ұры екендерін, оның отарын көптен аңдығандарын, бірақ қарулы адамдар жүргендіктен еш нәрсе ұрлай алмағандарын айтады. «Мұндай ғажапқа сіз қалай ие болдыңыз, сіздің не сиқырыңыз бар?» – деп сұрайды ұрылар. «Менің еш қандай сиқырым жоқ, – деп жауап береді бай, – менде тек бір ғана тортіп бар, оны мен мұлтіксіз істеймін. Әкем өлерінде маған бір өсиет айтты. «Балам, – деді ол, – мен саған бір өсиет қалдырамын, соны орындасаң, сен бай боласың. Қанша қой сойсаң да, кәрі жілігін тастама, оларды есіктің жақтауына және шаңыраққа байлап қой. Мен оның айтқанын өрдайым орындап отырдым, құдайға шүкір, менің отарымнан бір қозының жоғалғанын я қасқырдың менің отарымнан бір қозыны алып кеткені есімде жоқ». Ұрылар киіз үйдің ішіне жағалай қарап қанша кәрі жілік көрсе, түні бойы отарды күзеткен сонша адамды көреді» *(Ш. Уалихановтың ескертуі)*.

үстіне қояды. Орыс адамының шашын да кеселді қуу құралдарының бірі ретінде қолдану – таңқаларлық нәрсе.

/23а/ Қырғыздар кейбір табиғат құбылыстарының киесіне ерекше сеніп, оларды қадір тұтады, мысалы, отты (ол құдыретті болған), кейбір хайуандарды, құстарды көшпелі тұрмысқа қажет заттарды және оларға белгілі жағдайда құрмет көрсетеді, бұл орындалған құрмет салттары артынан дәулет пен құт әкеледі деген оймен жасалады, ал орындалмағандары жоқшылық пен қандай-да бір жамандыққа бастайды. Осындай кие күші бар нәрселер киелі деп, ал олардың жазалаушы күші кесір[316] аталады.

Моңғолдардың сүт төгуден қорқатыны белгілі; олар бұл орайда кесірден қорқады.

Сондықтан шаман халықтардың жақсылық пен жамандықты құдайдың рақымшылығынан немесе өздері бас ұратын киелі нәрселер мен табиғаттағы киелі құбылыстардың ашуынан деп есептегенін болжауға болады. Құдайға құлшылық сый ретінде белгілі салттарды орындау арқылы анықталды, ал күнә олардың орындалмауымен түсіндірілді, олар кесірден қорықты.

Төменде келтірілетін аңыз өзінің шығу тегінің таза шамандық болуына орай өте керемет. Қырғыздардың ақиреттік өмір туралы түсініктері төмендегідей және ол Плано Карпинидің айтқанымен толық сәйкес келеді, ол моңғолдардың адам мүрдесімен қоса құлынды биені, ерттеліпіп, ноқталанылған атты көмеді, яғни жануар марқұмның о дүниеде тамағы болып, жылқы одан әрі көбейеді деп түсінген. Қырғыздар қабірге ыдысты (кесе) бірге қояды, бірақ өліктің о дүниеде қолдануы үшін аталған жылқыны оның құдайы асында «тие берсін» деген сөзбен сояды. Бұл өте маңызды, демек, шаман аспаны құдай сияқты риясыз болған. Өлген адамның жақсы не нашар тұрмыста болуы көкке (аспанға) байланысты емес, туысқандары орындауы тиіс салттардың жөнділігіне байланысты. Жылқы қаншалықты көп сойылса, қабірде өлік соншалықты аман-есендікте болады. Кегі алынбаған өлік, бұл аңызға қарағанда, көрінде, қиналатын болады. Бұл аңызға қарағанда, біздің ойымызша, сәлем-алейкум*[28] деген сөзден басқа исламның ықпалы әсері жоқ. Әзірейіл мен Жәбірейілді біз мұсылмандық жан алғыштар деп есептемейміз, бұл, біздің ойымызша, заман рухына сәйкес аталынған шамандық ажал. Моңғолдар кейбір кеселдерді, мысалы, шешекті қатыгез, жиіркенішті кемпір түрінде бейнелегендей өлімді де силай бейнелейді (Ерлік-хан, өлім құдайы). Біз аңыздардан қырғыздарда ажалдың қандай кейіпте болатынын біле алмаймыз, бірақ оның ұстап алу үшін құрық кейпінде және өз құрба-

*[28] Мұсылмандардың сәлемдесу түрі, арабша: *«Сізге тыныштық берсін»*.

ның бауыздау үшін бір қару кейпінде болғанын білеміз. Плано Карпини моңғолдардың киіз үйді және өліктің барлық заттарын отпен тазартатынын айтады. Қырғыздар да өліктің киіз үйіндегі бар нәрсені таза емес деп есептеді, өйткені ажал адамның тамағын көрінбей орған кезде, оның қаны да киіз үйдегі керегенің үшінші торына дейін көрінбей жетеді, демек, киіз үйдегі нәрсенің барлығын жағып жібереді.

Ажалдан қашудың өзі, исламда бұған жол берілмейді, шаман халықтары аңыздарының тұрақты желістерінің бірін құрайды. Қырғыз шамандарына қобызда ойнап, сарын тартуды үйреткен алғашқы шаман Қорқыт туралы аңыз бар. Тіпті мұсылманданған түркілердің көпшілігінде Көрғұлы ұзаққа болмаса да ажалдан қашады. Сондықтан аспанның (тәңірінің) ажалға қатысты билігі болғанымен, түсінік бойынша ол тағдыр түрғысынан қарастырылды, сонда да адамдар одан құтылғысы келді, оған олар бұрынғылардың өздерінің fatum-ына сияқты тізе бүкпеді, ал мұсылмандар қорқынышты тағдыр алдында бас имеді.

Өлі мен тірі туралы және олардың достығы жайлы аңыз

Ерте уақытта бір байдың үш ұлы болады. Байдың бір үйір қысырағы жоғалып кетеді*[29]. Байдың үлкен ұлы әкесіне келіп айтады: «Әке! Мен малды, қысырақтарды іздеп келейін!» «Жолың болсын, ұлым, ізде!» – дейді әкесі. Ұлы атына отырады, азық-түлік, қару-жарағын алады. Олардың әкесі сиқыршы екен, балаларын сынағысы келеді де, алты қырдан асып, алты қасқырға айналып, ұлының жолын күтеді. Алты қасқырды көріп, ұлы қорқып кетеді де, үйіне қашып барып, жатып қалады. Ортаншы ұлы да әкесінен жылқыларды іздеуге сұранады, ол да қасқырлардан қорқып үйіне қайтып келеді. Ең кіші ұлы қалады; ол: «Мен іздеймін», – деп айтады. «Жарайды!» – дейді әкесі.

Әкесі сыншы болады. Ол алты жолбарысқа айналып, жолда жатады. Алты жолбарысқа айналған әкесін көріп, атын бірнеше рет қамшылап жіберіп, жолбарыстарға ұмтылады. Найзаны енді ғана сұға бергенінде, «Аа! – дейді әкесі, – бұл менмін ғой, білемін, сен найза қадай аласың. Мен білгенмін. Ал, кане, қолыңды жай, бата берейін». Ол осы жерде батасын беріп, былай дейді: «Жолың сәтті болсын, алдыңда бір көмілген байлыққа кезігесің, – деп айтады, және тағы былай дейді: – балам, ұмытпа, елсіз жерге –жапан түзге тап болған кезде молалардан өтіп кетпе, егер олар түнде кезіксе, соңда түне». Көп күн жол жүрген соң, бірде күн батып бара жатқанда кенже ұлы бір топ моланы көреді, маңайында ел-жұрт болмайды.

*[29] Жылқыларды *(Ш. Уалихановтың ескертпесі).*

Олардың батыс жағында жас моланың түрғанын байқайды. Келіп айтады: «Суйлям!» Сүйлям деп 15 рет айтқанда, ол «Кімді сұрайсың?» деген жауап естиді. Содан кейін қасы қиылған жас жігіт шығады: «Кімді? деп сұрап түрмын». «Мен құдайы қонақпын, түнейтін жер іздеп жүрмін». «Аттан түсіңіз», – дейді де, өзі жүгенді үстап, аттан түсіреді, күрмет көрсетеді. Қолынан ұстап, өлі тіріге айтады: «Көзіңді жұм, мен аш дегенде ашасың», – деп алып кетеді. «Аш», – деген кезде байдың кенже ұлы кірсе – кірсе шыққысыз керемет киіз үй мен сарайды көреді, жас шөптің жұпар иісі аңқиды. Отырғаны сол еді (оның қара құлы бар екен): «Бар, – дейді, – қонаққа қой алып кел». Қара құл шығып кетіп, мойнынан ұстап сұр қой алып келді. Оны кәдімгідей сойып, етін асады, оны жеген соң жатып қалады. Таң атады: беті-қолын жуады, өлі тіріге кешегі астың қалғанын береді. Осылай отырғанда өлі: «Екеуміз дос болайық», – деді. – «Болсақ болайық!» – Осы жерде төс қағыстырып құшақтасып дос болады. «Енді кетейін, – дейді тірі, – қысырақтарды іздейін». «Жақсы, досым, алдымен әрқайсымыз өз құпияларымызды айтайық. Мен бір байдың жалғыз ұлы болдым. Менің әкем бай болды. Біздің халқымызды әскерге соғысқа апарғанда, мен де болдым.

/26а/ Сонда бір салт атты, қайырма қара бас киімді, қара қасқа атты, қолында ұзын ағаш сапты үшкір найзасы бар, қара сақалды адам жекпе-жекке шақырып шықты! Мен де шықтым. Ол бейбіт халық жағынан, мен шапқыншылар жағынан шықтым. Ол маған найзасын көздеді, мен де оған найзамды көздедім, менің найзам қысқарақ, ал онікі ұзынырақ болды. Оның соққысы бұрын жетіп, мен жау қолынан өлдім. Соғыста жау қолынан өлгенім үшін құдай мені осындай шейд*[30] етті. Осы жорықта менің астымдағы атым нашар болды. Әкем – бай, оның екі аты болды ... шапса – құсқа жеткізбейді, артынан қуғыншы болса – жете алмайды; менің соның бірін мінбек едім, әкем рұқсат бермеді. Егер де, досым, сен менімен жолдас болғың келсе, бүгін біздің ауылға барамыз, біздің үйде түнейміз, сенің қысырақтарың 90 жылқыға көбейіп, біздің үйірде жүр. Егер мені досым деп құрметтесең, онда екі айшүбар атты жар, олар үйірдің ішінде жүр». «Жарайды, – дейді тірі, – жаратын едім, өкінішке қарай, менің пышағым жоқ». Өлі жігіттің кішкентай бәкісі бар еді. «Осыны ал да, – дейді, – оларды жар. Менің сенен өтінетінім: біздің үйде болғанда, менің бәкімді көрсетпе; оны менің қарындасым танып қояды, сосын саған сұмдық жаман болады». /27б/ Тірі жігіт өлі досының әкесінің үйіне келіп қонады. Таң атады. Өрістен табын келеді. Ол атына мініп, табынның алдынан шығады. Бақташылардың барлығы жас бала-

*[30] Яғни, оң іс үшін азап тартушы.

лар болады, ол оларды адам санатына қоспайды, екі айшұбар табында асыр сап, ойнақтап жүрді, ол оларды ұстап алып, қарындарын ақтарды. «Бай! Бай! Бір кісі екі айшұбарды жарып тастады», – деп жас балалар ауылға айғайлап жетеді.

Айшұбар аттардың жарылғанына кім бейжай қарасын: аттарына міне салып, барлығы жан жақтан қуа жөнеледі. Тірі досын ұстап алып, байға әкеледі. Анауысы да ұрады, мынауысы да ұрады; басында байлап қойып, киімшең ұрады, содан кейін шешіндіре бастайды, барлығын шешіп, етігі ғана қалады. Етікті шешкен кезде бөкі де жерге түсіп қалады. Өлінің қарындасы осында түрған. Бөкіні көре салып, танып қояды. «Ой, бай! – деп ол айғай салды, – мынау ағамның бөкісі ғой», – деп оның қолынан шап береді. Алдыңғы ұрған ұрған ба, ұрғанның көкесі енді басталады. «Бұл – кісі өлтіруші!», – деп айналаның барлығы айқайлап, оны өлтірмек болады. Оған бұрын досы айтқан болатын: «Егер қатты қинай бастаса, қалай болғанын айт». Ол өзін өлтіретінін, құтылмасын білген соң, былай деп айтты: «Халайық! Шындықты айтсам да – өлемін, айтпасам да – өлемін! Менің үш-ақ сөз айтқым келеді – айтайын ба, жоқ па?». «Айтатының болса, айт, – дейді». Барлығын айтып берді. Енді оған ешкім сенбейді. «Өтірік, өлтіреміз! –дейді, – шындықты айт, сен кісі өлтірушісің». «Халайық, сендер маған сенбейсіңдер; егер мен сендерге досымды көрсетсем, сенесіңдер ме?» «Жарайды! Ғажап, тек қана көрсет, сенеміз». Бай ұлының моласына бару үшін өзінің халқын жинай бастады. Өздері атқа мініп, біздің жігітімізге сиыр емес, бірақ соған жақын бір нәрсе береді. Оны қалың топтың ортасында алып келе жатты: оған әлі де сенбейді. Молаға жетеді. «Халайық, – дейді жігіт, – көрген кездеріңізде осы жерде тұрыңыздар және жыламаңыздар, қазір мен өзімнің досымды шақырамын». Жұрт тоқтап тұрды, алайда байғұс әкесі шыдамай, жігіттің соңынан кетеді. Өлі жігіт мұның бәрін баяғыдан біліп жатады – әруақтарға барлығы мәлім. Оны әкесі бір кезде қорласа да, ол сәлем беруді ойлайды да, шығады. Әкесімен сәлемдеседі ..., сосын шешесі келеді, онымен де сәлемдеседі. Содан кейін жалғыз қарындасы және онымен бірге өз әкесінің оң босағасында қалдырған қалыңдығы (яғни, қыз күйінде) келеді. Қалыңдығы алға ұмтыла беріп еді, ол оны оң қолының шынашағымен итеріп жібереді. Қарындасымен қалады. Баяғыда өліп қалған жалғыз ағасын көріп, байғұс қыз шыдай алмай жылап жібереді, бір тамшы жасы өлінің оң иығына тамып кетеді. Сол-ақ екен ағасы да қайда екені белгісіз жоқ болып кетеді. Халық осыдан кейін жігітке сенеді. «Жақсы! Жарайсың!» Және бұрынғыдай емес, жігітті құрметтей бастайды. «Сен, – деді бай, – менің жалғыз шырағымның досысың; ол қандай болса, енді сен де маған сол сияқтысың; менің малымның жартысын және менің халқымның жартысын ал». «Маған ешнәрсенің керегі жоқ. Ма-

ған қысырақтарымды қайтар». Карт өзінің ұсынысын екі рет қайталап айтты; ол екі рет қабылдамады, және басын иіп баймен қоштасып, өзінің 90 биесін айдап кетті. /28а/ Тағы да молаға барады да, оның маңайына бір үйір жылқысын қалдырып, өзі молаға келіп айқайлайды: «Досым!». Досы шықпайды. Үш ретке дейін айқайлайды: «Досым!» Төртінші ретінде боп-боз, әлсіреген досы шығады. «Мен, – дейді өлі, – сенің даусыңды баяғыда естігенмін, жылдам шыға алмадым. Иығыма тамған қарындасымның көз жасы теңіз болып, мені басып кетті. Мені бірінші шақырғаныңда, мен өзеннің арғы бетінде едім, екіншісінде – мен ортасында болдым, үшінші ретінде – мен судан шығып, демімді алдым. Ух! Бүл күндері мен әбден қиналып қалдым». Осы жерден ол тірі досын өзінің тұрағына апарып, сонда бірнеше күн бірге тұрады, жылқылары жайылып жүреді, оларға еш жамандықтың болуы мүмкін емес еді. Тірі досы үйіне жинала бастады. «Ал, досым, – деді сонда өлі, сен жылқыларыңды айдап, мақсатыңа жетіп, кетіп барасың, үйіңе аман-есен жетесің. Сен олардың соғысқа дайындалып жатқан үстіне түсесің. Саған үй-ішің сен жоллан онсыз да шаршап, жүдеп келгендіктен, жорыққа бармай-ақ қой дейді. Бірақ сен оларды тыңдама, келесі күні шабуылға бар». Жігіт үйіне келеді, барлығы қуанып қалады. Әкесі мен шешесі, бірге туғандары оны жорыққа бармауға үгіттей бастайды, бірақ ол досының сөзін есіне алып, үйінде бір түнеп, жолға шықты. Досы оған қоштастарда тағы да былай деп айтқан еді: «Жаудың аулына жеткен кезде, барлығы аттарға соққы жаудырады, сен жалғыз өзің батыс жақтан шап; саған ауыл адамдарының ішінен – қайырма қара бас киімдегі, қара қасқа аттағы, қолында ұзын ағаш сапты найзасы бар, үшкір қара сақалды біреу қарсы шығады. Сен оны құдайдың көмегімен аттан түсіресің. Мені өлтірген сол адам. Сен оны «Менің досыма жет» деп бауыздa. «Досыма жет» деп, атқа да найза қада. Айтқанындай-ақ, олар ауылға шауып кірген бойда-ақ, ол батыс жақтан жалғыз өзі шапты және досы айтқандай, қара сақалды пайда болды. Ол оны аттан түсіріп, «Досыма жет» деп, бауыздап жібереді. Қара қасқа атты да «Досыма жет» деп, найзамен түйреді. /28б/ Өлі досы оған тағы да айтқан еді: «Барлығы олжаға жүгірген кезде, сен батысқа қарай шап, онда, ауылдың шетінде, жаңа ғана тігілген ақ отауды көресің, есіктің оң жағына атыңды байла. Отаудан жаңа түскен келіншек пен екі бойжеткен қызды, қаршығаны және қарғы баулы жүйрік тазыны көресің. Олардың барлығын «Досыма жет» деп бауыздап жібер». Жігіт қара сақалды адам мен оның атын бауыздап өлтіріп, батысқа қарай шапты. Ақ отауды көріп, жүгенді есіктің оң жақтауына байлап, жүгіріп үйге кіреді, жас әйел мен ай десе аузы, күн десе көзі бар екі қызды көреді. «Досыма жет» деп жас әйелді бауыздады. Осы сөзді айта отырып үлкен қызды да бауыздады; екінші

қызды аяп кетіп, оның бетінен сүйеді, алайда, ойлана келіп, оны да бауыздайды. Қаршыға мен тазы итке келгенде ойланған да жоқ. Досы оған тағы айтқан болатын: «Барлығы есепсіз қазынаны тонап алатын болады. Сен еш нәрсе де алма. Отаудың алдында терек өсіп тұрады, оның маңында тал шыбықтар болады; оларды шауып таста; сол жерден түйенің қиын көресің, оларды бірге жина және барлығын отау есігінің жанында жүрген қара нарға теңеп артып үйге алып бар». Әскер қайтып оралады, өздерінің қоныстарына жетіп қалады, кенет дауыл көтеріледі; ол екі күн, екі түнге жалғасады; тонап алынған мал тым-тырақай бетімен кетті, жартысы өлді, тіпті әскерлердің өз аттары да өліп қалды. Жігіт түйені шөгеріп, өзі соның қасында тыныш жатты. Досы оған тағы айтқан болатын: «Ауылға жарты күн жол қалғанда, көк шыбық алып, онымен қиы бар қапты «*Бисмиллахи-р-рахмани-р-рахим*»*[31] деп үр». Сол уақытта одан түйе шыңғырып, жылқы кісінеп, сиыр мөңіреп, қой маңырап өре бастайды. Содан кейін жасыл шыбық пен терек ағашын «Бисмиллахи-р-рахмани-р-рахим» деп үр, сонда ағаш алтын мен күміске айналады – бір тізең алтын, бірі – күміс, бір тізең – алтын, бірі – күміс». Бұлардың иесі сиқыршы болған және осылайша өз алтын-күмістерін ұрылардан, малын қырғын мен қасқырдан сақтаған. Үйлеріне жетеді, жолдастары саусақтарын мұрындарына тығып, жаяу келеді, ал ол болса, өз малына ие бола алмайды. Алтын мен күміс – әлемнің бар байлығы. /29а/ Үйінде екі-үш күн болып молаға досына барады: «Ассалаумағалейкум, достым!» «Суйлем»*[32], – деп өлі досы қабірден шығып, оны ертіп кетеді. Тірі досы таңырқап қалады: қара бас киімді жігіт, жас келіншек, екі қыз, қаршыға, ит – барлығы осында жүр. Оның досы қыздардың кішісіне қарап күліп жібереді, ол да оған қарап еді, бетінің өзі сүйген жерінде қара дақ қалып қойғанын көрді. «Байғұс, досым, – дейді өлі досы, – мен саған разымын, саған кішісі ұнаған екен, оны сен өзіңе ал, маған үлкен қыз келіншек болады». Ол осында қонақ болады, ал қара қалпақты жігіт оларға қызмет етті. «Үйге қайтатын уақыт болды, – дейді ол». «Жақсы, – дейді оған өлі досы, – сен ауылыңа барғанда, сендердің ауылдарында екі арбамен тауар сатушылар жүреді; оларда екі ат бар, бірі – торы, екіншісі – жирен; аттар арық, бірақ сен оларды иелері қанша сұраса да, сатып ал. Бірінші торыны, содан кейін жиренді сатып ал, үш жыл оларға не құрық, не жүген, не терлік пен ертоқым салма... Үш жылдан кейін торыны сой, барлық сүйек-саяқтарын, тіпті түяқтарына дейін шап та мишығын қара: егер ол тұтастай ақ болып, сәл ғана қарайғаны болса, онда жиренді тағы бір жыл табынға жібер.

*[31] Яғни, «Бисмиллахи-р-рахмани-р-рахим» – «Шапағаты мол мейірімді Алланың атымен».

*[32] Суйлем – қазақ тіліндегі *сөйлемек* сөзі.

Төртінші жыл өтіп бесіншіге кеткенде, оны киіз үйдің жанына арқандап, бір рет қана шөп жұлып жеп, бір жұтым ғана су ішетіндей жаса, бірақ мініп жүрме; ат қамшыдай қатады. Біраз уақыт өткен соң сен басыңның ауырғанын сезесің; ауырғанын қойып қалса – жақсы, ал ауруы бұрынғыдан қатты күшейсе, жирен атқа мініп, маған қарай шап. Ұмытпа». Достар бір-бірімен қоштасты. Жігіт өз ауылына келеді, т а т а р лардың сауда жасап жүргенін көреді, олардың екі аты бар, досы айтқандай, – торы және жирен. Ол торы атты сатуларын өтіне бастайды, оның ақысына екі ат береді, ал керуенші үш ат сұрайды. Береді. Жиренге саудаласа бастайды. Керуеншінің өзі де сыншы болады, ол оған бес ат сұрайды. Сатып алады. Үш жылға табынға жібереді, досы айтқандай, төртінші жылы торыны сояды, түяғынан бас бармақтың тырнағындай ғана қарайған табады. Жиренді тағы бір жыл табында ұстайды. Бесінші жылы жирен атты арқандап киіз үйдің маңында ұстады. Бір күні басы ауырып, жазылмай қояды. Жігіт өз күпиясын ешкімге айтпайды – не әкесіне, не шешесіне, не достарына, не құрбыластарына; оны құдай, өлі досы және өзі, тек үшеуі ғана білді. «Маған жиренді ерттеп беріңдер, – деді ол, аурудың күшейіп бара жатқанын көрген соң, – мен серуендеймін». Жылап жүріп ауылды аралады, көз жанары төмендеп, күші кете бастады, шыдай алмады... «Қош, қош! Аман бол!» – деп халқына айтты да, атына қамшы басты. Досына шауып келеді. Досы көрмесе де, барлығын біліп отырады. «Менің досымның басында қиындық болып жатыр, – деп ойлайды ол, – жирен ат – түлпар*[33], бүйірі қызған соң, тоқтата алмайсың, жанымыздан өтіп кетуі мүмкін». Сонымен, досын өткізбей үстап қалу үшін әйелдерге қырық қабат жібек арқан созуға жарлық берді. Досының шауып келе жатқанын көреді; арқанды лақтырып, онымен досын ұстап қалады, ал жирен түлпар еті қызып, одан әрі үшып шауып кетті. Досын көтеріп, қабірге алып келді. Әзірейіл-Жәбрейіл жан алғыш соның арасынша жирен түлпарды қуып, құрық тастауға дайын болды, алайда жирен түлпарға жете алмады. Достардың артынан молаға келіп «Менің қашқынымды бер! Ол осында, қашқын менікі» дейді Әзірейіл-Жәбрейіл. «Бермеймін, – дейді өлі досы, – құдайдың шейітімін, құдай менің үш тілегімді орындауға міндет алған. Бұл жерден кет». Әзірейіл-Жәбрейіл құдайға келіп: «Сенің бүйырған адамың бізден қашып кетті және оны бір адам: «Бермеймін, құдайдың шейітімін, құдай менің үш тілегімді орындауға міндет алған» деп бермей қойды. – «Енді біз не істейміз!» Құдіретті құдай айтты: «Рас, рас, ол менің шейітім! Алса алсын, соның тілегі болсын!». Осылайша, ол досымен бірге тұрып, барлық мұраттарына жетіпті.

---

*[33] Ертегідегі қанатты жүйрік.

ДАЛАДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ТУРАЛЫ

/1а/ Мұсылманшылық әзірше біздің сүйегіміз бен қанымызға сіңісе қойған жоқ. Ол келешекте халық жігінің ажырау қаупін төндіреді. Қырғыздар арасында Мұхаммедтің атын да білмейтіндер әлі көп және шамандар да даланың көп жерінде әлі өз маңызын (беделін) жойған жоқ. Қазір біздің далада Ресейдегі Нестор діндардың уақытындағыдай қос дінге сенушілік кезеңі орын алып тұр. Біздің оқыған-тоқығандарымыз да, көне Русьтағы білімдарлар сияқты, өз халқының ескілі күндылықтарын бар ынта-жігерлерімен аластауда. Біздің аңыздарымызға, эпостарымыз бен сот-құқық саласы түрғысындағы салт-дәстүрлерімізге киіз кітап[1] ретінде масқара таңба салды, ал біздің пұтқа табынушылық ырымдарымызды, ойындар мен сән-салтанатымызды жындыға тән қылық ретінде көрсетеді. Татар молдаларының, ортаазиялық ишандардың және прозелиттердің[2] (өздерінің басқа дінді қабылдаған адамдарының) жаңа ілімінің ықпалымен біздің халық барған сайын жалпы мұсылмандық түр қабылдауда. Кейбір қырғыз сұлтандары мен бай адамдар өз әйелдерін гаремдегі сияқты жеке киіз үйге қамап қояды. Діншіл қырғыздар Меккеге бара бастады, ал біздің жыршылар халық қиссаларының орнына халық әндеріне ауыстырған мұсылман апокрифтерін[3] айтады. Жалпы қырғыз халқының алдында еуропа өркениетіне қол жеткізуде, орыстардың византиялық кезеңді өткергені сияқты, татарлық кезең арқылы өтпейінше мүмкін болмайтын кесапатты жағдай тұр.

Византияшылдық қаншалық сұмпайы болса да, ол бәрібір даусыз ағартушылық элемент – христиандыққа әкелді. Аңқау әрі тез әсерленгіш қырғыз халқы татар ағартушысынан ой мен сезімнің дамуын тежеуге ғана мүмкіндігі бар өлі схоластикадан басқа не күте алады. Біз қалайда татарлық кезеңді айналып өтуіміз керек және бұған өкімет тарапынан көмек болуы тиіс. Суға батып бара жатқандарды құтқарудың біз үшін қаншалықты маңызы болса, өкіметке де бұл шара соншалықты міндетті. Осы адамсүйгіштік істің аяғына жету үшін, ең алдымен, тек молдалар мен ислам идеяларына табынуды доғару ке-

рек және де ... аймақтарда татар мектептерінің орнына орыс мектептерін құру қажет. Содан кейін кертартпалықтың жайы өзінен өзі-ақ белгілі болады. Орыс өкіметінің еуропалық білімді өз боданындағы кейбір бұратана халықтар арасына таратылуын, неге екені белгісіз, өзіне тиімсіз деп санаған кездері де болған. Тым болмады дегеннің өзінде мұндай саясат кавказ мұсылмандары мен қырғыздарға да қатысты ұстанылды. Таулықтар мен қырғыздар кадет корпустарындағы әскери ғылымдар оқытылатын арнаулы сыныптарға жіберілмеді. Бұл заң енді өзгертілді, демек, жалған болып табылады. Біздің пікірімізше, Шәмілдер[4] мен Әбділқадырлар[5] тек мұсылмандық білім беретін елдерде ғана болуы мүмкін. Тек ақиқат білім ғана күмәннан арылатын рух береді, тек сол ғана оны өмір мен материалдық тұрмысты бағалауға үйретеді. Құрама Штаттарының өкіметі *ирокездерді*, *гриктерді*, *шактоустарды* және басқа қызыл тәнділерді өркениеттендіре бастаған уақыттан бері осы елде үндістік соғыстар тоқтауға жақын қалды. Құрама Штаттарында 1858 жылдан бері үндістерге арналған 162 мектеп және отырықшылыққа бет алған жабайыларға көмек көрсету үшін үндістер қоры құрылды.

Ислам орысқа немесе қандай да бір басқа христиандық өкіметке көмектесе алмайды, татардың сатылғыш діни қауымының адалдығына үміт артуға болмайды. Бұл дерек, егер 1854 жылғы[6] соғыс науқаны кезінде қырым татарларының бөлініп шығуын назарға алатын болсақ, қызығушылық тудыру барысымен айқындала түседі. Ресейде қырым татарлары қаншалықты көп болса, Қазан татарлары да соншалықты көп орналасқан. Сұлтанның Еуропа патша-ағзамдарына тәж таратқаны, орыстардың Жарқыраған Портаға[7] алым-салық және сол сияқтыларды төлейтіні туралы миға сыймсыз ертегінің Орта Азия мен Қытайда таралуында біз Қазан татарларына қарыздармыз. Бұл байғұс тақуалар сұлтан дегенде католиктердің папаға қарайтынындай, соншалықты ақымақтықпен қарайды және әулие әке Пийдің Григорий VII мен Иннокетий IV[8]-ге ұқсайтыны сияқты қазіргі халиф билеушілері өкілдерінің де Сүлеймен мен Амуратқа[9] соншалықты ұқсайтынын түсінбейді. Татарлар ерте уақытта, исламның Еділ жағалауында әлі мұндай, қазіргідей күшті болмай тұрған кезінде, Ресейге әскери далада да, земство ісінде де қызмет етті. Шигалей патша[10] Ливон соғысы кезінде орыс әскерлерін басқарды, ал патша Петр Казанский опричнина[11] кезінде земство патшасы болды. Ультрамұсылмандық бағыттың қанат жаюына қарай татарлардың орыс патшалығының мемлекеттік істеріне қатысуы едәуір әлсіреді. Петрдің кезінде татарлар наразы партияларға барып қосылды. Біздің уақытымызда татар князьдары мен мырзалары өздерімен бір діндегілерге приказчик болып қызмет етті, ал енді мемлекеттік қызметке кірісетін

болса, онда тек земство полициясынан басқасына енбеді, шамасы, мұнда кейбір амалдармен сенімге кіруге мүмкіндік бар. Бір сөзбен айтқанда, Қазан мен Астраханның орыс патшалығына қосылған уақытынан бастап, демек 300-ден аса жыл бойы олар өз отанына ең болмағанда сонша бір белгілі қайраткер де дайындап бермеді.

Татарлардың орыстардан бөлектеніп алыстауының және барлық қайғылы жағдайлардың себептері мұсылмандық пуританизмінде жатқанында күмән жоқ, басқа себебі болуы мүмкін емес.

Және біздің даламызда өкіметтің жасап жатқан игілікті істері, жаңа мекемелердің барлық шаралары күткен нәтижелерімізді бермейтіні — бұл олардың нақ осы қанат жайып келе жатқан діни рақымсыздықпен қатарласа келуі салдарынан. Біздің қырғыздар енді орыс білімі мен орыс бауырластығынан бұрынғыға қарағанда, көдімгідей бойын аулақ салады. Мұсылмандық рақымсыздықтың зияны, жалпы кез келген діни тақуалықтың халықтың әлеуметтік дамуына зияны туралы біздің жоғарыда барлық айтқандарымыздан кейін, кеңінен тоқталу артық болады деп есептейміз. Еуропада да теологиялық рухтың басымдығы халық дамуының ең бейшара күйге түсуімен көрініс бергені мәлім.

Соңғы уақытта Сібір басқармасы исламға қатысты бұрынғы қамқоршылығының қате екенін түйсіне бастаған сияқты. Бұл тұрғыда біздің пікірімізді тағы бір маңызды шара — 1862 жылы облыстық басқарманың христиандықты қабылдаған қырғыздарға қатысты шарасы нығая түседі. Сібір қырғыздарын басқару жөніндегі мекемелерде шоқынған қырғыздарды, мещандық және казак топтарына тіркеу, егер өзі қаласа, немесе оларды далада бұрынғы өзге тектік құқықтарымен қалдырмау заңдастырылды. Алайда 1861 жылға дейін барлық шоқынған қырғыздарды, шамасы, оларды бұрынғы ортасынан қол үздіріп, сол арқылы олардың жаңа дін құрсағына бекініп кетулеріне мүмкіндік беру үшін мещанға және казакка тіркеді. Бұл шара христиандық тұрғыдан мақтауға тұрарлық болса да, саяси жағдайда зор қате болды, өйткені шоқынған қырғыздарды даладан қол үздіру әрекеті қырғыз халқы үшін нәтижесіз жасалды. Сыртқы округтердің құрылған уақытынан бастап православиені қабылдаған қырғыздардың саны туралы қолымызда ешқандай мәліметіміз жоқ, бірақ бұл санның аз болмағанын ойлауымыз керек. Кейбір казак бекеттерінде тұрғындардың жартысы дерлік шоқынған қырғыздардан тұрады, мысалы: Ямышевская, Чистая және тағы кейбіреулерінде. 1861 жылы не 1862 жылы, жақсы есімде жоқ, облыстық басқарма бірінші рет кейбір шоқынған қырғыздарға далада қалып, бұрынғы бұратана құқықтарын пайдалануға рұқсат берді. Бұл шара, біздің пікірімізше, қырғыз халқына келешекте айтарлықтай

пайда әкелуі тиіс. Қырғыздар қазірге дейін христиан болу дегеніміз – мещан не казак болу деп ойлайды. Енді, қазір бірге тіршілік ету мен аралас некенің салдарынан діни араздық жүмсара бастайды да, бұрынғыдай туыстық байланысты үзетін шоқындыру болмайды.

Осыншалық маңызды шараны христиандық мүддеге сай қабылдай отырып, облыстық басқарма мүнымен бірге исламға қатысты жазалау шараларын да қабылдауы тиіс, өйткені онсыз христиандықтың жетістікке жетуі мүмкін емес.

Біз орыс өкіметіне далаға христиандықты қандай да болмасын әсерлі жолмен енгізуге кеңес беруден аулақпыз, дәл осылай оған исламды қуғындауды да ұсынбаймыз; бұл сияқты шүғыл шаралар әркез кері нәтижелерге әкеледі. Бұратана сібірліктер арасына біздің миссионерлеріміз бен дін қызметшілері арқылы енгізілген христиандық, құзырлы адамдардың айтуы бойынша, мейлінше сәтсіз жүріп жатыр және бәрінен маңыздысы – халыққа онша игілікті ықпал көрсетіп жатқан жоқ. Остяктар православиядан орманға қашады және орыс дінін уағыздаушылардан соншалықты қорқады, одан да исламға православиеден гөрі жақсырақ көңіл қояды. Кастрен остяктардың тек сондықтан ғана балыққа бай Обьтің жағасына көшіп-қонбайтынын, орыс дінінен, орыс миссионерлерінен қорқатынын айтады. Сондай-ақ князь Щербатов өзіне бұратаналардың келіп, тек тонап, қинау үшін келетін өз поптарының рақымсыздығына шағымданғанын айтады («Очерки Сибири». – Библиотека для чтения, Октябрь, 1862 ж.).

Құдалау әрекеті қуғындалушы дінге, бұрын да талай рет байқалғандай, одан әрі қайраттылық пен өміршеңдік дарытады. Бұл тұрғыда орыстар арасындағы жікке бөлінушілік сабақ аларлық үлгі болып табылады. Алайда біз үкіметтің қандай-да бір білімге қарсы кез келген дінге қамқорлық танытпауын, және қорқыту мен соққыға негізделген теологиялық заңдарды далаға зорлықпен енгізбеулерін өтініп, талап етеміз.

Қырғыз халқының пайдасы мен үкіметтің жеке мүддесі тұрғысында өз тарапымыздан ұсынылған мейлінше айқын дәлелдерімізге қарай, біздің пікірімізше, исламның одан әрі біздің облысымыздағы қырғыздардың арасында дамуын тоқтатып, әлсірету үшін, енді Орынбор басқармасынан үлгі алып, жүйелі түрде шаралар қабылдау қажет, ал егер татар молдалары мен ортаазиялық тақуалардың кері әсерлерін мүлдем жоюға болатын болса, онда үкіметке осы жолы да біздің аймағымыздағы мұсылман заңдарының әрекетін қырғыз халқының өз қалауларына сәйкес жоя отырып, маңызды қадам жасауға тіптен тамаша жағдай туады. Бұл шаралардың орындалуы кезінде қиындықтар болуы мүмкін емес, өйткені мұсылмандарда неке құпия емес, жеке келісім.

Шамасы, үкіметтің неке және ажырасу туралы істі молда-

ларға жүктеуіне түрткі болған себеп, қырғыздардың өзіндік салты – өз қыздарын тым жас кезінде әрі көп жағдайда олардың келісімінсіз түрмысқа берулері. Қырғыздар өз балаларын кейде бесіктегі кезінен атастырған. Бізге бұл салттың мүсылман діни қауымының қатысынсыз да өзгертілуі мүмкін сияқты көрінеді, тек аға сұлтандар мен басқарушыларды жауапкершілікпен қорқыту арқылы қырғыздардың анықталып көрсетілген жастан бұрын қыздарын түрмысқа бермеулерін, ата-аналарының өз үлдары мен қыздарын олардың келісімінсіз некеге отырғызбауларын т.с.с. қатаң бақылауға алуды оларға күні бұрын тапсыру қажет. Полициялық бақылау және уақыт рухы өз дегенін жасар ма еді десек те, бұл жақын арада жүзеге аса қоймас. Қазір неке ісі бойынша түскен шектен тыс көп шағымның саны мүсылмандық шариғаттың тамырын тереңге жайған салтқа қарсы мүлде шарасыз болғанын көрсетеді. Рухани сот жөнінде туындаған мәселелерді алға тарта отырып, біздің даланың рухани басқарушылық жайлары түрғысында түбегейлі реформаларға қам жасауға болар еді.

1-ші. Татарлардан дінді дәріптеуі жағынан айырмашылығы бар халық ретінде Қырғыз даласын Орынбор мүфтиі ведомоствасынан бөлу және аймақтық ерекше ахун тағайындау, ол жалпы аймақтық басқару болған жағдайда қырғыздар ішінен шыққан кеңесші сияқты болар еді.

2-ші. Егер халық тарапынан табанды түрде өтініш болатын болса, молда атағына тек қырғыздарды не қырғыз қожаларын бекіту керек.

3-ші. Округте біреуден артық молда тағайындамау, ал болыстықтарда аталған лауазымды қысқарту.

4-ші. Орта Азиядан татар семинаристеріне келетін ишан, қожаларға нақты жұмыстары болмаса және олардың қырғыздар арасында Баянауыл, Қарқаралы округтерінде қазір орын алған дәруіштік түсініксіз қоғамдар құрмаулары үшін қырғыз қоныстарында түруларына жол бермеу.

Алайда ислам сияқты мұндай кеселге қарсы бір ғана далбаса, уақытша шара жеткіліксіз. Молдалардан төрелік ету (сот) құқығын алып тастау – оларды орыс дін қызметшісінікі сияқты ықпалдарынан айырмайды.

Молдалардан бөлек бізде басқа да зиянды балгер – көз бояушылар көп. Біз дәрігерлік тәжірибемен айналысатын татарлар мен ортаазиялықтар туралы айтып отырмыз. Егер олар аңқау қырғыздарды орыс тәуіптеріне ұқсап зиянсыз шөптермен емдеу арқылы пайдаланбақ болса, біз олар туралы айтпай-ақ қоятын едік. Алайда мәселе бұл мырзалардың оларды тура өлімші халге жеткізетіндей емдейтінінде болып түр, барлық кеуде ауруларына қарсы чилибуханы[12], ал кейде сулеманы, мерез ауруларынан сынап пен соншалық жоғары мөлшердегі киноварьды қолданады да, науқастардың көп

бөлігі уланып қалады. Қан алу тек Мұхамедтің Құранда өсиет еткені үшін ғана барлық адамға және еш себепсізден әркімге жасала береді. Ақыры соңында, біздің халқымыздың өзінде көптеген күмәнді наным-сенімдер мен зиянды салттар жасырын жатыр. Ұрықты (іштегі нәрестені) уландыру, оны жүктіліктің соңғы кезеңінде сығып шығару, нәрестені туғаннан кейін өлтіру біздің қоғамдық пікірде қылмыс болып есептелмейді. Осы себептен статистикалық деректер бойынша, бұл қылмыстар қырғыздар арасында маңызды емес. Егер біз бала сүюге қабілетті көмелеттік жастағы қырғыз бойжеткендерінің жартысы бала өлтіруде бір рет қана қылмысты болмады десек, онда біз ақиқатқа жақындығы түрғысынан аз ғана күнаға батар едік. Оның үстіне бұл салт, қырғыздарда қыз күнінде зинақорлық жасау күнәһарлық болып табылмайтыны және оның еуропа қоғамындағы сияқты соншалықты арсыздық пен масқаралыққа жатпайтыны өте жаман. Ал қырғыздар жас босанған әйелдерге не істейді? Ерте басталған әрі шамадан тыс жыныстық ләззаттың, әлде жамбас сүйегінің тарлығының салдары ма, мүмкін, үнемі ат үстінде жүретіндіктен бе, қырғыз әйелдерінде босану көпшілік жағдайда қиынға түседі. Қырғыздар қалыптан тыс жайсыз босануларды жын-шайтанның қағуына жатқызады да, сондықтан жас босанушыны үрып қорқытады, тілінен тартады. Бұл сияқты жабайы түсініктен және соңында акушердің мүлдем жоқтығынан, көптеген жүкті әйелдер босану кезінде не үрып-соққаннан көз жұматыны түсінікті. Көп халық суық тигеннен, сүзектен, мерезден және басқа аурулардан тек ешкімнің саналы дәрігерлік көмек көрсете алмайтынынан опат болады. Бізде бір округке бір дәрігер медициналық куәлік жазып, өліктерді сою үшін ғана бөлінетін сияқты. Осы дәрігерлер қырғыздарды шешектен алдын ала егуге міндетті, алайда қырғыздар олардан дін қызметкерлерінің остяктарынан қорыққандарынан да әрі қатты қорқады. Қырғыздар дәрігерлерге шенеуніктерге қарағандай қарайды да, олардан жақсылық күтпейді. Шешек егуінен қашып құтылады не сатып алады.

ГПХИВОВ





СОТ РЕФОРМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБА

/70а/ Соңғы уақытта біздің үкіметіміз әкімшіліктерді, сот құрылымдарын қайта жаңғыртуға барынша ынта-жігермен кірісіп, халыққа білім беру мәселесіне баса назар аударды.

Бұл реформалардың кейбіреулері, мысалы, сот реформасы сияқтылары біздің даламызға да қатысты болды. Сот саласындағы түбегейлі өзгерістер, шамасы, біздің аймағымыздағы бұрынғы әкімшілік құрылымдардың да өзгерістеріне алып келеді және орыс үкіметі үшін де, сондай-ақ қырғыз халқы үшін де күрделі, ауыртпалығы көп бюрократтық хаостың орнына енді округтерде орыс ауылдық және қалалық қауымы үшін едәуір тиімді басқармалардың құрылатынына күмән жоқ. Менің отаныма қатысты дайындалып жатқан мұндай маңызды өзгерістер орын алып жатқанда, өзімнің (сот-әкімшіліктік реформаға және жартылай халыққа білім беруге қатысты) кейбір түсініктерім мен мақалаларымды (қырғыз халқының ең негізгі басшысы ретінде Сіздің жоғары мәртебеңіздің еркіне) алға тартуды міндетім деп есептеймін,.

/70б/ Ресей өз үлдарының қатарында байырғы орыс түрғындарының өмір салтына қарама-қайшылықты өмір кешетін, славяндық орыс тайпасы салттары мен өнегесіне мүлдем кереғар өнегелері мен ғұрыптары бар өзге дінді және бұратана көптеген халықтарға да ие.

Жоғарыда баяндалған себептерге байланысты христиандық әрі отырықшы орыс халқына арналып жобаланған қайта жаңғыртудың ешқандай пайда әкелмейтіні және де ол көшпенділерге, Еуропа мен Азиялық Ресейдің қаңғыбас бұратаналарына тұтастай қолданылатын болса, мән-мағынасыз болатыны түсінікті.

Шамасы, осы түсініктердің салдарынан болса керек, заң қағидалары мен сот салттары жөнінен хабардар би-сұлтандардан осы аймаққа қатысты сот саласындағы өзгерістер тұрғысындағы олардың пікірлерін алып қайту үшін аймақтық басқарма кеңесшісі Яценко[1] іссапарға жіберілді.

Алайда, халық пікірі, әсіресе, білеміз жарым-жартылай жабаны халықтың пікірі халық қажеттілігінің айқын көрінісі

ретінде барлық кезде қабылданбауы мүмкін. Қоғамдағы дәрежесі биік таптың пікіріне халықтың шынайы қажеттілігін теріс бүрмалаушы ретінде қарау керек, өйткені атақты не бай адамдардың мүддесі, тіпті жоғары өркениетке қол жеткізгендер қоғамында да басым жағдайда көпшіліктің мүддесімен қастасып, қарсы келіп жатады. Халық түрпайы әрі топас, соның салдарынан не нәрсеге де немқұрайлы, салғырт қарайды, сондықан халық пікірінің уәжі мен бағыты мыңдаған кездейсоқ, сірә, ұсақ, аса маңызы жоқ, түкке түрмайтын жағдайларға тәуелді.

/71б/ Жабайы әрі ақылы жетілмеген адам өзінің сыртқы сезімін толық билей алмайтын балаға ұқсайды. Бала сияқты, оның да өз сезінгендерін әрекетпен орайластыруы қиын. Ішкі және сыртқы өмір жағдайларын жақсартуға талпыныс адамға тән нәрсе, әрі ол барлық замана, ғасырларда және де адам дамуының барлық кезеңдеріне тән болса да, осы мақсатқа адам тарапынан сирек қол жеткізілді. Өзін-өзі танып білмеген, түсінбеген және өзін қоршаған табиғат туралы ешқандай дұрыс мәліметтері жоқ адам – нәресте өз өмірін жақсартудағы талпынысына соқыр сияқты сипап сезу арқылы жетуі тиіс болды, сол себепті оның жалғанды ақиқат деп, зиянды пайда деп қабылдай отырып көп қателесуі түсінікті де. Тарих бұл түрғыда бізге көптеген сабақ боларлық мысалдарды алға тартады.

/112а/ Сондықтан халық реформасы жөніндегі мәселе сияқты соншалықты маңызды болатындай қоғамдық мәселе жоқ. Барлық заң шығарушылар мен реформаторлардың бұл түрғыда қоғамдық пайда түрғысынан ойланғандарына күман жоқ, алайда түрлі ғасырларда қоғам дамуы үшін нені пайдалы, нені зияндылығы туралы түсінік әр түрлі болған, енді қазір біздің арамызда да көптеген түрпайы болжамдар орын алып жүр, ғылым олардың қателіктері мен негізсіздігін дәлелдесе де, олар ескі тәртіп бойынша және өткен аңыздарға байланысты қалыптасқан дағды бойынша мызғымас түжырым ретінде сенімге кірген. Біздің қазіргі уақытымызда халыққа етене жақыны әрі ең маңыздысы болып, оның ең толғақты қажеттіліктеріне тікелей қатысты экономикалық және әлеуметтік реформалар есептеледі, ал саяси реформалар тиісті экономикалық формаларды жүргізу құралы ретінде орын алады, өйткені әрбір адам жекеше түрде және бүкіл адамзат ұжым болып өз дамуында бір ғана соңғы мақсатқа – өзінің материалдық түрмысын жақсартуға талпынады, осы түрғыдан прогресс (ілгерілеушілік) аталатын нәрсе анықталады. Осы көзқарас түрғысынан, адам түрмысын жақсартуға оң ықпал ететін реформалар ғана пайдалы да, осы мұратқа қол жеткізуде қандай да кедергі келтіретіндері зиянды. Қоғамдық жайлы түрмысты мұрат еткен кез келген реформа күні бұрын болжанған

мақсатқа тек қоғамдық қажеттілік пен құралдар белгілі болған кезде ғана түрлі кездейсоқтықтарға ұшырамай қол жеткізуі мүмкін. Джон Стюарт Миль[2] қандай да бір сословиенің адамдары ретінде оларға жаңадан құқық бермес бұрын, ең алдымен, осы сословие адамдарының ақыл-ой, құлық және саяси қасиеттері туралы нақты ғылыми зерттеу жүргізу қажет деп айтуы түрғысынан өте әділетті. Шынында да, пациент ауруының белгілері ғана емес, сонымен бірге негізгі себептері мәлім болған жағдайда ғана дәрігер ол науқасты жетістікке деген үлкен сеніммен емдей алады. Қоғамдық қажеттілікті білмеуден және гуманитарлық теорияға орынсыз іштарлық көрсетуге байланысты істің мән-жайы белгілі дәл қазіргі сәтте мүлдем керек емес өзгертулер мен толықтырулар және реформалар өте жиі енгізіледі. Егер түрлі реформаларды енгізу кезінде өсімдіктерді егу үстінде қолданылатын тәсілдерді ауыл шаруашылығындағы сияқты бұлжытпай басшылыққа алатын болсақ, бұл тұрғыдағы қателіктерден құтылу оңай. Бұл әдіс бойынша, біріншіден, өсімдіктердің өзін толықтай зерттеу қажет, содан кейін оның қандай топырақта өсіп-өнетінін, қанша жарық, жылу және сол сияқтыларды талап ететінін білу керек. Теорияның мәнісі өсімдіктердің қажетін тауып беріп, ал оған кедергі келтіретінді жою арқылы анықталады.



Белгісіз бір адамдар портреттерінің нобайы. Қарындаш. 1860 жж. Ш. Уалихановтың суреті

Асыл тұқымды организмнің қоршаған орта мен топырақ құнары сияқты қажет жағдайлары бірінші орында болуы тиіс, онсыз адамзаттың барлық пиғылы мен уәжі физикалық және әлеуметтік жағдайлар ықпалының жиынтығына негізделеді. <Реформалар тек олардың дұрыс болған жағдайында ғана, яғни олар ілгері дамудың қашып құтылмайтын заңдарына негізделгенде сәтті болады. Олар орын алған жағдайда ғана қоғамдық организмнің салауатты дамуы мүмкін. Бұл түрдегі реформа кеңейтілуі тиіс, ешбір жағдайда оны тоқтатуға болмайды. 1793 жылдан бері Еуропада болған барлық төңкерістер үкіметтің ерікті ха-

лық қозғалысын басып тастауға деген жалғыз-ақ ұмтылысы салдарынан өтті. Реформалар зорлықшыл, еріксіз телінген, дерексіз теорияларға негізделінген немесе басқа халықтардың өмірінен алынған қағида түрінде келіп, адамзатқа қазірге дейін зор қайғы сыйлады. Біздің қазіргі тарихшыларымыздың қоғамнан орын алған індеттеріміз бен ауытқушылықтарымызды петр реформасының талқандаушы, халыққа қарсы сипатынан көретіні тегін емес.

Жалпы айтқандарымызға қарап, бізді сол халықтық тар өрісті теорияның ізбасарлары деп ойлаудың керегі жоқ, олар халықтыққа о бастан алдын ала анықталған бір нәрсе сияқты қарайды және оны тек өз бетімен өздігінен дамуы тиіс құбылыс деп топшылайды. Керісінше, біз, еуропалық, жалпыадамзаттық білімді меңгеру және осы мұратқа жетудегі кедергілермен қажырлы күрес — мәдениетке бет алған, сондай-ақ дамуға қабілетті кез келген халық үшін ақырғы мақсат болуы тиіс деп ойлаймыз. Мәдени күтімнің үй жануарларының тұқымын жақсартатыны сияқты мәдениет те адам организмін жақсы жағына қарай өзгертуі мүмкін. Еуропалық жаңғыртылған идеяларды қабылдауға қырғызды қабілетті ету үшін, оның бас сүйегі мен жүйке жүйесін білім беру арқылы алдын ала жетілдіру керек. Организм өзі жетілмеген жерге дейінгі нәрсені қабылдай алмайды.

1822 ж. Сперанский[3] Сібір заңдары жинағын[4] құрастырды. Ол 1824 ж. Қырғыз даласына енгізілді. Сауатсыз, көшпенді, өзіндік айрықша түсініктері мен салттары бар халық ай жоқ, шай жоқ бюрократиялық орталықтандыруға, оның барлық түсініксіз инстанцияларымен, төлсипаттарымен және қазірге дейін тек қырғыздарға ғана емес, сондай-ақ орыстарға да түсініксіз кеңселік атауларына бағындырылды.

Бізге бұйрықтар, мәжілістер, кіріс және шығыс журналдарымен бірге татар молдалар мен татар білімін әкеліп таңды. Бұл түрғыдағы реформаларды, өз басымыз, халық үшін мүшкіл жайт және ілгері дамуға зиянды нәрсе деп есептейміз.

Өз тарапымыздан осы ұзын сонар, мүмкін біршама ұлағаты бар сөзді (баяндаманы) айтуды дұрыс көрген себебіміз: сібір қырғыздары аймағындағы сот реформасы туралы мәселенің шешімі үшін облыстық басқарма жанында құрылған комитет осы қазір барлығымыздың тарапымыздан аксиома деп қабылданылған ғылыми деректермен ғана емес, жалпы біздің уақытымыздың үрдістерімен және талаптарымен де, сірә, терең таныс емес, сондықтан өз тұжырымын «ақсүйек» қырғыздардан комитет мүшелерінің бірі — кеңесші Яценконың жинаған бір ғана «халық пікірлерімен» негіздеді.

Халық пікірі, жоғарыда атап өткеніміздей, ақылсыз баланың былдыры сияқты ғана бір нәрсе, сондықтан да дамымаған халықтар нәрестелік кезеңді өткеруші деп өте әділетті ата-

лған, ал билер мен сұлтандардың пікірлері онан да төменгі «құрметке» лайық, өйткені олардың ойынша тұтас ұлттың мүддесі қатаң түрде жеке сословиенің пайдасын көздеуге тиіс болып шығады. Реформа жөніндегі мәселе аса сақтықты және едәуір терең түсінікті қажет етеді, өйткені халықтың «болу болмауы» тікелей соған тәуелді.

Ресей империясы құрамына енетін барлық бұратана тайпалардан саны жағынан, байлығы жағынан және бәлкім, келешектегі дамуына сенімі жағынан бірінші орын бізге – қырғыздарға тиесілі. Біз біртұтас кең байтақ территорияны алып жатырмыз, ал басқа бұратаналар, керісінше, орыс түрғындарының ішіне шашыратылған. Орыс бодандығында біз 800 мыңға жуық халық есептелеміз, ал бұған шынайы берілмеген бодан тайпаларымызды қосып милионнан асқанда, Еуропалық Ресейдегі барлық татар, олардың санатына башқұрттарды, ноғайлар мен Бөкей ордасының[5] қырғыздарын қосқанда әрең бір миллион шамаланады. Ресейдің орта-азиялық аталатын күллі саудасы үлкен де, кіші де емес, дәл біздің саудамыз сияқты: Бұхара, Қоқан және басқа Орталық Азия елдерінің үлесіне жалпы сауда балансында өте мардымсыз бөлік тиеді. Біздің халқымыз, орыс қоғамы ойлағандай, соншалықты жабайы және түрпайы емес. «Бұл не қырғыз-қайсақтық қылық! Мұндай көргенсіздік қайдағы бір қырғыз-қайсақтарға ғана кешірімді» т.с.с. түрдегі сөздерді естіп, оқуға өте жиі тура келіп жатады. Тамаша, осы тәрізді біз үшін қынжыларлық жағдайларда біздің халық әрқашан қырғыз-қайсақ аталады да, ал бізді мақтаған кезде жай қырғыз не жай ғана қайсақ дейді. Осыдан-ақ біздің ерекше жабайылығымыз бен түрпайылығымыз туралы пікірдің тек қырғыз-қайсақ сөзінің вокалдық варваризміне негізделгенін ойлау керек. Шынын айтқанда, қырғыз халқы мейлінше ымырашылдар санатына, демек, орыс патшалығының онша жабайы емес бұратаналары қатарына жатады. Бұл түрғыда біз тек бурят-тарға ғана орын береміз, оның өзінде буряттардың ең ізгілікті әрі жоғары ілім – будданы[6] қабылдау бақытына ие болуына орай ғана.

Біздің халқымыз бай поэтикалық құндылықтарды сақтаған өсімтал*[1] әдебиетке ие, ол осы тектес шығыс шығармаларына қарағанда, үнді-герман эпостарына көбірек жақын. Ақыры соңында, бәрінен де маңыздысы, олар жоғарғы мәдени даму нәтижелерімен ұқсастық тауып жатқанда, біздің қоғамдық даму формамыз әлі де сол табиғи қалыпта. Осы дерек түрғысынан біздің келешекке деген барлық сеніміміз негізделеді. Оның үстіне біз батый татарларының[7] ұрпақтары ретінде орыстармен тарихи, тіпті, қандық туыстық түрғыдан байланысамыз.

---

*[1] Көшірмешінің қатесі, болуы тиіс: *тамаша.*

Азаматтық дамуға күмәнсіз үміт артқан миллиондаған адамдардың тағдыры, өздерін отаны жағынан орыс бауырларымыз деп есептеп, еркімен орыс бодандығына түскен адамдар, сірә, болу болмау түрінде шекспирше рәсімделген осындай батыл мәселеде үлкен ықылас пен зор қайырымдылық көруге лайықты. Өзін қорғаудың қисынын таба алмаушылық және дамымау себебіне сәйкес орын алған бойкүйездіктің кез келген түрі үкіметтің бізге қатынасында мейлінше қырағы, мейлінше абай болуын міндеттейді.

Айта кету керек, бізге, қырғыздарға қатынасында, ендігі аймақтық басқарманың әдетіне айналып кеткен ықылассыздықтың салдарынан ғана аймақтық басқарма жанындағы бұрынғы комитет сұлтан-билердің және басқа «ақсүйек» қырғыздардың пікірлерін ешбір сыни бағасыз-ақ өз жұмыстарына басты негіздеме етіп қабылдайды және тереңнен тамыр алған салғырттықтан халық үшін түкке керегі жоқ, тек қырғыз халқының мәртебесі жоғары класы қол жеткізуге тырысатын зиянды жаңғыртулар мен өзгерістерді өз жобасында қайта бекітеді, ал оларды қарапайым халық немесе дала аристократтары айтатындай, «қара» қырғыз халқы[8] қаламайды. Комитеттің халық пікірін дұрыс бағалауы үшін қырғыздың тектік қарым-қатынастары мен олардың тікелей орыс үкіметіне қатынасына үңілуі ғана жеткілікті болды. Тіпті, ақыры соңында, осы күр сөз түріндегі пікірді тексеруде комитет құзырында жеткілікті дәрежеде тарихи және статистикалық деректер де болды. Статистика және облыстық басқарма ісінде қамтылған сол деректер, өзінің бар мардымсыздығына қарамастан, тоғышар әрі жарым-жартылай жабайы халықтың білімсіз, жабайы аристократтарының пікірлеріне қарағанда, үлкен құрмет пен мүмкіншілікке лайықты.

Бұл мақалада өз аймағымыздағы сот реформасы туралы мәселені мейлінше нақты деректер мен бақылаудың негіздемесінде түсіндіріп, қарастыруға батылдық алып отырмыз. Біз облыстық басқарма ісінен алынған кейбір статистикалық және тарихи деректерді, округтік бұйрықтарды пайдаландық.

* * *

Халық пікірінің мәнісіне дұрыс көзқарас білдіру үшін, олардың ақиқатын көрсету үшін, мен Яценко мырзаның оған жүктелген тапсырмадағы көмекшісі әрі қызметкері ретінде өз мақаламды біздің ісіміздің барысын жөнге салушы барлық жағдайларды егжей-тегжейлі әрі нақты түрде шолудан бастағанды жөн деп санаймын. Халық пікірін біздің қалай іріктеп және қандай жағдайда жинап алғанымыздан бастаймын.

Біріншіден, қырғыздардың болыстық басқармалары, ру, қауым басылары, сұлтан, билер мен байлар түсініктемелер

берді, яғни орда шенеуніктері немесе шенеуніксымақ ордабасылары. Халық, яғни бай еместер, шені жоқтар және лауазымсыз қырғыздар пікір білдіруге және осы мәселе бойынша мәжілістерге өте аз қатысты, тіптен мүлдем қатыспады десе де болады. Бұл деректердің ақиқаттығына көз жеткізу үшін, тек түсініктемемен бірге берілген қосымшадағы мөрлер мен таңбалық белгілерге ғана көз салсаңыз жеткілікті: барлық сұлтандар мен старшиналар сонда. Қарапайым қырғыздар жазғы қоныстарының приказдар құрылған жерлерден шалғайлығына орай, тек өте-мөте қажеттілікте ғана ревизияға келеді де, ревизияның аяғында өздерінің жартымсыз азықтарын тауысып, дереу қайтады.

Сыйлы қырғыздар, сірә, өз аталастарының пікірі мен дауыстарына сырттай иелік ету дағдыларына орай, халықты мәжіліс үшін ұстап қалуға тырыспады, оның үстіне аш қырғыздарды ұстап қалу оларға да оңай болмас еді. 1854 ж.[9] билер тізіміне енгізілген кейбір сұлтандар мен билер және біздің жұмысымыз бойынша алғашқы кеңестерге қатысушылар бұл мәселені қандай да болмасын, халық талқысына салу үшін, бір-екі күннен кейін мөрлерін бөтен біреулердің қолдарына қалдырып, өз ауылдарына жасырын қайтты.

Содан кейін приказ жанында, айтылып өткендей, өңкей орда шенеуніктері мен мансапқор байлар ғана қалды. Және бұл тұлғалар да жобаның оқылуы кезінде кешірілмес салғырттық танытты, кейбіреулері тіптен қалғып та кетті. Жалпы аздаған адамдарды қоспағанда, қырғыздардың ішінде ешқайсысы істің мәнісін және олардан нені керек ететінін түсінбеді не түсінгілері келмеді.

Халық үшін осыншалық маңызды істе қырғыздардың осы түсініксіз салғырттықтарының себептері мынада болды: біріншіден, өз мүдделерін түсінбеу және білімсіздік; екіншіден, қырғыздар өздеріне оқылатын нәрселерді түсінуге әзір емес еді және олардан тез арада жауап талап етілетініне алдын ала дайындалмаған еді. Орыс үкіметіне сенімсіздік салдарынан да қырғыздар салғырттыққа бой алдырды. Олар біздің шынайылығымызға күмән келтіріп, біздің сұранысымыз олар үшін пайдасы жоқ, қандай да бір басқа мақсаттан, тек бір ғана форма үшін жасалады деп ойлады.

Орыс үлықтарының әрбір іс-әрекетінен қырғыздар тек бір ғана залымдықты, олардың тағдыры мен жеңілдіктеріне қол сұғушылықты көрді. Және мұның түсінікті болатын себебі, қырғыздар орыс үлықтары туралы өздерінің орыс қосшыларының іс-әрекеті тұрғысынан пайымдайды.

Менің түсініктемем көпшілік адамдарға бір нәрсесімен өте күмәнді көрінуі мүмкін, сірә, мені өз халқына жала жабушы деп кінәлайтын мырзалар да табылар; мен өзімді ақтау үшін қырғыздардың үкіметке және орыс шенеуніктеріне (қырғыз-

дардың түсінігінде олар бір-ақ нәрсе) деген күмәні мен сенімсіздігі өте ұсақ, тіптен балалық формада білдірілген көптеген мысалдарын алға тарта алар едім.

Қырқыншы жылдары бұрынғы шекара басқармасы шенеуніктерінің бірі Сотниковқа[10] қырғыздардың заңгерлік қағидалары мен сот түрғысындағы әдет-ғұрыптарын жинау тапсырылған болатын. Бұл шенеунік, шамасы, өз жинағын мейлінше көне аңыздардан бастауды қалап, қырғыз ру басыларын алдын ала приказға жинап алып, олардан сұрастыра бастайды: қырғыз халқы қалай қалыптасты және қазақ (қырғыздар өздерін солай атайды) деген сөздің мәнісі қандай? Қырғыздар мұның барлығын сұрауларының не керегі бар, орыс үкіметіне олардың шығу тегінің қандай пайдасы болуы мүмкін екенін талқылай бастайды. Бір көреген қайсақ, аңыз бойынша олардың ата-бабалары казактар болғандықтан, шамасы, оларды казакка айналдырғысы келетін шығар деп айтады. Бұл ой барлығына соншалықты айқын әрі күмәнсіз көрініп, олар «қазақтар және үш жүз» туралы қазіргі аңызды Сотников мырзадан жасырып, өздерін Түркия немесе Арабиядан[11] шыққан етіп көрсетеді. Сотниковтың оларды казакка айналдырғысы келетіні туралы қауесет даланы ұзақ уақыт кезіп жүрді.

Біз, өз тарапымыздан, қырғыздардың көңіліне тиісті сенімді ұялата алу түрмақ, шынын айтқанда, олардың бойындағы әдеттегі скептицизмді қоздырып алдық. Дерек келтірейін: осы уақытта приказдар орналасқан қалалар мен бекеттерде болған барлық атақты және атақсыз қырғыздардың саны көп тобыры, бір сөзбен, қырғыздар болып табылады.

Барлық округтерде бірінші жауап біреу ғана болады және ол сол жерде жиналғандар тарапынан бір ауыздан шықты: «Билер соты мен олардың съезі, – дейді халық, – бізде баяғыдан бар және ол өз бойына қазіргі орыс үкіметі тарапынан ұсынылған әлемдік соттың барлық бастауларын қамтиды. Бұл сот, – деп жалғастырды жиналған қырғыздар, – біздің халық түрмысының жағдайларын қанағаттандырады, сондықтан билер соты мен олардың съезін ескі халықтық формада қалдыру қажет». Бұл, күмәнсіз, халықтың шешімі болды, en masse*[2] қауымның шешімі.

Алайда, Яценко мырза, мүмкін, үкімет нұсқауы мен ережелерінің салдарынан болса керек, олардың өз пікірлерін жалпы қайта жаңғырту жобасының негізгі қағидалары түрғысынан сараптаулары тиіс екенін аңғартты, мысалы, билердің саны көңілге қонымды санмен анықталған болуы керек, ал билер сайлау бойынша алынуы тиіс т.с.с..

Қырғыздар абыржып қалды, сенімсіздік қалың топты лез-

*[2] Яғни, *көпшілік, бұқара (франц.).*

де билеп алды, дау-дамай, кеңесулер басталып кетті де, халық кейінге қалдыруды өтінді. Қырғыздар шулап көшеге кетті, жаңадан шоғыр болып жиналып, біраз уақыттан кейін бізге қайта келді, ал басқа жолы одан аз мөлшерде келді. Екінші түсініктеме, әдетте, толықтырумен басталады: «уақыт рухы мен түрлі жағдайларға сәйкес кейбір өзгертулер мен толықтыруларға жол бере отырып, билер соты мен олардың съезін ескі халықтық формада қалдыру қажет». Осыған көндіре отырып, біз оларға сайлау ережесіне және әлемдік сотқазылар міндеттемелеріне қатысты «жобаның» бабтарын оқып бердік.

Қырғыздар әр бабқа өз пікірлерін білдірді және олары әркез өздерінің алдыңғы түсініктемелерінің мәнісіне қарамақайшы болды, яғни пікір қосқан жоқ, өзгерткен жоқ, өздері толықтай сақтап қалуды өтінген билер сотын тікелей талқандап жойды. Бұл пікір бірнеше билер мен шенді тұлғаларадың аузымен айтылды, ал қалған сыйлы ордалықтар өз қатыстарын бір ғана күптаушы ишарамен шектеді. Уақыт өте келе халық өкілдері арасында айқай-шулы пікір-талас көрініс берді. Билер өздерін әжептәуір ұзақ мерзімге сайлауларын, оларға өздерінің жеке қараулары бойынша істі қарап, шешулеріне және шешімнің орындалу ісіне қатысуларына құқық берілгенін қалады; билер, сондай-ақ өздерінің шешімдерінің белгілі жағдайларда шағымдалуға жатқызылмағанын, бір сөзбен, қырғыз соттарының бірлестігі қырғыз биін – сот практикантын әлемдік сотқа, сот шенеунігіне айналдыруға тырысты. Болыс билеушілері, өзі беделін сақтап қалуды түйсініп, билердің ендігі бұларға тиесілі шенеуніктік билігіне тікелей сұғанақтық танытқанын көре отырып, олармен қызу қарсыласты.

Өзара түсінісулерден кейін аға сұлтандардың араласуымен іс келесі түрде жайланды: билер болыс билеушілеріне, ал болыс билеушілері – биге, ал болыс билеушілері мен билер – сұлтандарға кедергі бола алмайды. Сыйлы ордалық-шенеунік еместер барлығына келісімдерін берді, өйткені, олар үшін, барлық осы лауазымдардың келешек үміткерлері үшін де керегі сол – дала билігінің қарапайым халықты пайдалануда бірі біріне кедергі келтірмеуі болды.

Сібір қырғыздары аймақтарындағы сот реформасы бойынша біздің жұмысымыздан келтірілген мақаладан (очерктен) халықтың қалың көпшілігінің қалауы билер сотын ескі халықтық формада қалдыру болса, ал шенеунік дәрежесі жоғары және бай қырғыздардың жеке мүдделері, керісінше, билер сотын түп негізінен өзгерту болғанын айқын көруге болады.

Бұл дерек далалық сот реформасы туралы мәселені болашақта қарастыру кезінде айрықша назар аударуды керек ететіні түрғысынан және тағы ол бізге бай, сыйлы қырғыздар-


дың өздерінің кедей, қадірлі емес аталастарына шіміркпестен қалай қарайтыны жөнінде сабақ боларлық мәліметтер беруімен құнды. Сыйлы қырғыздардың қадірлі еместерге ожарлығының қып-қызыл мысалы – Қарқаралыда мен тап болған бір жағдай. Онда билер мен сұлтандар өз пікірлерін «қара халықпен» кеңеспестен берді және сондай-ақ олардың округі үшін төрт төбе биді, билердің үстінен қарайтын билерді тағайындау керектігін көрсетті. Қаншалықты қолайсыз болғанымен де, бұл пікірді мен жазбаға енгізуге міндетті болдым да, бұл жазба приказда көшіріліп алынғанында, менің пәтеріме атты, жаяу қырғыздардың тобыры қаптады. Халық «би үстінен би» туралы бапты жоюды талап етті және өздерінің талабы орындалғанынша тарамаған жоқ. Мәселе мынада: сыйлы лауазымға ие екі старшинаның бірі – қосшы би, бірі – болыс билеушісі, халықтың өтініші бойынша парақорлықтары үшін лауазымдарынан аластатылды, енді міне, қырғыз билігі, шамасы, халықты көзге ілмейтіндіктерін және сыбайластыққа қатысын көрсеткісі келіп, осы парақорлар үшін «би үстінен би» лауазымын ойлап табуды шешті, сөйтіп осы арқылы халық тарапынан наразылық тудырды.

Біз осы acta et facta*[3] атышулы халық пікірінің барлық жасандылығы мен жалғандығына көз жеткізу үшін жеткілікті деп сенеміз. Комитет бұл пікірлерден жаңа реформа қажеттілігін және билер сотын қайта жаңғыртудың қажеттілігін көрді, атақты ордалықтардың түсініктемесі бойынша ол қырғыз халқының қазіргі әлеуметтік дамуын толық қанағаттандырмайтын сыңайлы; бірақ біз, бұл жағдайда өзімізді едәуір құзырлы куә ретінде есептей отырып, бұл пікірлерден әзәзілдік пен төмен пиғылды бір жағынан, немқұрайлықлық пен салғырттықты – екіншіден, білімсіздік пен жабайылықты – осы және басқа жағынан көреміз.

Қырғыз шонжарларының бос сөзділігін жазғыра отырып, өзіміз де бос сөзділікке салынбаймыз. Осы мақсатпен біз енді билер сотын оның шын мәнісінде қарастырамыз, яғни осы институттың маңызы мен сипатын көру үшін саралап қарайміз. Содан кейін статистиканың және басқа да сенімді деректердің негізінде билер соты қырғыз халқының қазіргі дамуын қай дәрежеде қанағаттандыратынын немесе қанағаттандырмайтынын анықтауға тырысамыз және қорытындыда соңғы тұжырым үшін билер сотының әлемдік соттың үкімет тарапынан жобаланған негізгі бастауларымен қаншалықты сәйкес келетінін және соңғысы қырғыз түрмысына қаншалықты өлшемде қолданыла алатынын не мүлде қолданыла алмайтынын салыстырамыз.

---

*[3] *актілер мен іс-әрекеттер* – автор сызып тастап, тек латын транскрипциясында берілген.



Жетісу картасы (1860 ж.). Ш. Уалихановтың мұрағатынан.

Ескі халықтық үлгідегі билер соты

1) Би атағына көтерілу қырғыздарда халық тарапынан қандай да бір формалді сайлаудың өткізілуіне және оның халықты басқарушы үкімет тарапынан бекітілуіне себепкер болған емес; тек шешендік өнері мен соттық салт-дәстүрдегі терең танымының өзара орайласуы қырғыздарға осы сыйлы атақты алып береді. Би атағына иелену үшін қырғызға халық алдында өзінің заңгерлік білімі мен шешіндік қабілетін бірнеше рет танытуы керек болады. Мұндай адамдар туралы дақпырт тұтас далаға тез жайылып, олардың есімдері барлығына және әрқайсысына танымал болады. Сөйтіп би атағы соттық және қорғаушылық тәжірибе патенті сияқты болады. Би атағына ие түлғалардың балалары үлкен заңгерлік тәжірибесі болып, әдетте біліммен бірге өз әкелерінің атағын да мирас еткен.

Біз қырғыз халқындағы мұндай мирасқорлықтың талай мысалдарын алға тарта аламыз. Орта жүздің қаракесек руында, XVII ғ. аяғында атақты би Қазыбек болды; оның ұрпақтары күні бүгінге дейін би атағына ие:



Дегенмен бұған қарап қырғыздарда би атағы қайбір кезде тұқым қуалайды деп мүлдем ойлауға болмайды. Қаржас руының бай әрі атақты қырғызының ұлы Шорман – би, бірақ ол бидің ұлы емес. Шорманның ата-бабалары ешқашан би болған емес, ал ол бір халық сеймінде (жиналысында) маңызды бір процесті жеңіп, он үш жасынан осы атақты иеленді және өзі өле-өлгенінше Шорман-бала аталып кетті. Біз әкелері би болған көптеген қырғыздарды білеміз, бірақ олардың өздері бұл атаққа ие емес.

2) Рулық түрмыс заңы бойынша бір рудың мүшелері бір отбасының мүшелері ретінде есептеледі, осыған байланысты рулас-би өз аталасының процесінде басқа ру мүшесімен бірге өз руласының тек қорғаушысы ғана бола алады, оның төрешісі бола алмайды.

Қырғыздарда рулық түсінік олардың алыс ұрпақтарына да қатысты таралады. Мысалы, Орта жүз басты алты руға бөлінеді: арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, уақ және керей. Олар өзара ағайынды қарым-қатынаста, сондықтан қоңырат тайпасының қуынушысы арғын тайпасының жауапкерімен болған

процесте сібір қырғыздары аймағының барлық билерін, оның (жауапкердің) руластары ретінде, демек өз жауапкерінің қолдаушысы ретінде аймақтағы барлық 15-ке жуық болыстықты құрайтын бағаналы, қыпшақ, уақ және керей билерін қосып алғанда, соттан шеттетуге толық құқылы болды. Қырғыздардың рулық түрмысындағы бұл ерекшелік қууынушылар тарапынан өз ісін талқылау үшін, осы би атағын тұтас қырғыз даласы кеңістігінде иеленуші барлық түлғалар ішінен бір биге еркін таңдау салу құқығына, демек оларға риясыз, алаламайтын сотқазыны таңдауда толық мүмкіндік беруге негіз болды.

Сонымен 1758 ж.*[4] Орта орданың аса күшті билеушілерінің бірі – Барақ сұлтан Кіші орда ханы Әбілқайырды[14] өлтіріп, өз үстінен билік етуге бүкіл қырғыз халқы билерінен 4 биді сайлады. Оның билерінің қатарында Үлкен ордадан – Төле би[15] және Кіші ордадан – Әйтеке[16] болды.

Бір жерден екінші жерге жылдам орын ауыстыруға және бір рудың екінші бір румен жиі соқтығысуына әркез жол ашатын көшпелі өмір салты, қырғыздардың аттаныс үстінде, сондай-ақ сапарларда жүру дағдысы, билердің үздіксіз съездері және басқа сыйлы ордалықтардың шалғай жерлерден ас, бәйге және тағы басқа үшін келіп жататын халық жиналыстары мен жиындары қырғыздарға өз істерін бөтен рудың биіне немесе қандай да бір жүргінші беделді билерге беруіне оңай мүмкіндік тудырды және қазір де тудыра береді. Жалпы, қырғыздар алыс-берісі жиі, ескі рулық есебі бар көрші тайпалардың билерінен гөрі, ары-бері өтетін жүргінші билер арқылы не өздеріне мүлдем таныс емес түлғалар арқылы соттасқанды жөн көреді.

3) Сот ісіне тек жөбірленушінің мүддесіне қатысты жеке іс ретінде қарайтын қалыптасқан көзқарас бойынша бидің өз тарапынан қабылданған еңбек өтемі салты болады, белгілі жағдайларда би сот барысында кінәлі болып табылатын айыпкерден алынатын «бидің билігі*[5]» айыппұлымен сыйланады.

4) Биге жеке практикант түрғысынан, ал сотқа жеке іс қарайтын осы көзқарас қырғыз билерінің өз қарауы мен шешіміне істі тек жәбірленушінің өтініші бойынша немесе әкімшілік үкіметтің хабарламасы негізінде ғана қабылдай алуына себепкер болды және ол осы себептен өз шешімінің орындалуына қатыса алмайды

5) Сотқа және сот төрешісіне деген мұндай еркін көзқарас шағым беру құқығын шектей алмайды және қырғыздарға бұл құқық кең көлемді өлшемде беріледі.

6) Дегенмен билер сотының ең тамаша қасиеті, әрине, келесі салттан көрінеді: айыпкерге қарсы ашық айғақ болмай,

---

*[4] Қате, анығырақ: 1748 ж.

*[5] Нақтырақ: *бидің билігі* – би шешімі үшін берілетін сыйақы.





Белгісіз біреулердің портреттері. Қалам. 1860 ж. Ш. Уәлихановтың суреті.

тек қатты күдік қана болса, онда билер ара ағайындыққа оның әділ аталастарына жүгінеді, олар антпен сотталушыны кінәлайды не ақтап шығады. Сот ісіне қатысушылардың саны және оларды сайлаушы алқа қаралатын істің маңыздылығына қарай анықталады. Сөйтіп, сот ісіне қатысушылар сотталушының жақын руластарынан да, ал кейде тұтас болыстықтан не тұтас округтен алынады.

7) Билер соты ауызша, көпшілік алдында жүргізіледі және барлық жағдайларда қорғаушылық қызметке жол беріледі. Оның халық арасында құрметке ие болғаны сонша-лық, бүгінгі күнге дейін ешқандай тәртіптік шара қолдануды талап етпеді және етпейді де.

Орта жүз қырғыз-қайсақ ордасы қоныстарында округтік приказдар құрылғанға дейінгі далада болған билер соты, міне, осындай.

Біздің аймағымыздағы қырғыздар арасында қазір қызмет етіп отырған билер сотын ықтиятты қарастыра келе, біздің одан жаңаша, дұрыс бір нәрсе табуды қаншалықты қалағанымызбен, оның бәрінің бұрынғы жоғарыда баяндағанымыздай, ескі халық сотының бастаулары екенін көреміз. Билер соты, 40-жылдық орыс ықпалына қарамастан, бізге дейінгі жүз жыл бұрынғы, мүмкін, мың жыл бұрынғы қалпында қалған. Не халықтың ішкі серпіні, не орыс мекемелері мен заңнамалары оның бұрынғы қарапайым формасын өзгерте алмаған сыңайлы, тіпті орыс үкіметі мейлінше бекем, мейлінше ресми үйым беруді қанша рет ойластырса да. Осы мақсатпен 1854 ж. заң шығарылды, онда: «Би атағы, оны 1854 ж. 19-мамырына дейін бұрын пайдаланғандарда ғана қалдырылсын; келешек уақытта оны тек кем дегенде 6 жыл сұлтан, ауыл старшинасы қызметінде істегендерге және қандай да бір лауазымды атқарғандарға не жоғары мәртебелі тарапынан марапатталғандарға, оның өзінде, қоғамдық сайлау мен округтік приказдардың негіздемесіне орай берілсін (94 ст., том II, часть 2. Учр. об

управлении инородцами)» деп қойылған. Би атағын көтермелеуді көздеген бұл сәтсіз заң, оларға шенеуіктік мән берді, бірақ тікелей соның салдарынан би атағы халық салт-дәстүрі мен құқықтарының терең білгірі емес атаққұмар байлардың қолына көшетін бе еді, қырғыз халқының бақытына қарай олардың халық сотына ешқандай ықпалы болмады, өйткені 19-мамырға дейін би болған түлғалар саны қазірге дейін қырғыз халқы арасында сот төрелігін жүргізуге жеткілікті болып шықты.

Осылайша, қырғыздардың орыс бодандығын қабылдағанға дейін әрекет еткен ежелгі билер соты қырғыз даласында сол өзінің негізгі бастаулары бойынша қазір де қызмет етуде.

/89б/ Егер қырғыз халқының қоғамдық өміріне тіптен көп жаңа элементтер әкелген 40 жылдық орыс билігі қырғыздың ескі билер сотына ешқандай ықпал ете алмаған болса, егер осы ескі билер соты орыс заңнамасының, мысалы, 1854 ж. заң, жағымсыз шарттарына төтеп бере алатын болса, оның қырғыз халқының қазіргі дамуын толық қанағаттандыратыны түсінікті.

Билер сотының қанағаттандыратындығы ресми деректермен өте айқын түрде дәйектелді, нақ осы билердің алғашқы шешіміне байланысты шағымның мардымсыздығы және билер ведомствасына енетін істерді орыс заңы бойынша жүргізу туралы қырғыздар тарапынан өтініштің мүлдем болмауы арқылы негізделеді.

Округтік приказ ісінен алынған анықтамалар бойынша Қаркаралы, Көкшетау және Баянауыл округтерінде билердің әділетсіз шешіміне байланысты шағымдар және орыс заңы бойынша шешім қаулысы туралы өтініштер осы округтердің приказдарына соңғы үш жыл бойында мүлде түспеген, ал билер соты Қаркаралы округінде 1860 – 72, 1861– 77 және 1862 – 22 істі қарап аяқтаған.

Атбасар приказында 1861ж. тек бір ғана шағым түсіп, орыс сотының өтінішімен болды, ал негізінде, қырғыз емес, казак шағымданды.

Билер шешіміне қанағаттанбаушылықты соңғы үш жылда Ақмола округінен кездестіреміз, оның шекарасында басқаларына қарағанда орыс, татар, ташкендік және басқа бұратаналар көбірек тұрады. 1860 ж. Ақмола приказына екі шағым түсті, оның бірі орыс сотының өтінішімен тіркелді, 1861 – 3, ал 1864 – 4. Осы мәселе бойынша Ақмола приказы жеткізген мәліметтерде, өкінішке қарай, шағым түсіруші түлғаның руы, шыққан тегі көрсетілмеген. Өтініш етушілердің қырғыздар болмағанын ойлау керек.

Біз, алайда, шынымен орыс сотын қалаған бірнеше қырғыздар жөнінен мысалдар келтіре аламыз, алайда бұлай өтініш етушілер халықтың жек көрушілігіне ұшыраған, соншалық

өнегесіз*[6] адамдар – ордалықтар болды, олар халық сотында жеңіліс тапқан істі орыс шенеуніктері арқылы заңсыз жолдармен жөндеп алуға үміттенген. Оларға бәрібір еді, еш нәрседен ұтылмайтын. Белгілі Күсмұрын жылқы ұрлаушысы (барымташысы) Қожық, сондай-ақ өзінің және Көкшетау округі қырғыздарының бірнеше мәрте шағымы бойынша Атбасардағы гауптвахтада 2 жылға жабылған Баубек те дәл солай өтініш жасады. Қайбір кездері Кенесарының үзеңгілесі болған бұл жауыз билер сотының шешімі бойынша бірнеше жүз жылқы төлеуге кесілген болатын, алайда оны төлеуден мүлдем бас тартып, гауптвахтаға жабылған соң, орыс сотына өтінішпен сұранды.

Билер сотының пайдасына өзі сұранып тұрған тағы бір ірі деректі келтіре аламыз. Бұл – орыс талапкерлерінің немесе орыс жауапкерлерінің көп жадайларда орыс тергеуінен билер сотын жөн көргені сияқты нәрсе. Биылғы жазда Көкшетауда осы тұрғыдағы істердің бірнеше ондағанының анық шешілгені белгілі.

/91а/ Енді Сібір ведомствасының Қырғыз даласындағы сот реформасы туралы басты мәселелеріне көшуіме ерік беріңіздер, нақты айтқанда: Қырғыз билер сотының басты элементтерін әлемдік соттың орыс губерниялары үшін жобалаған негізгі бастамаларымен салыстыруға көшемін. Жалпы, бұл екі, сірә, түрлі сипаттағы мекемелерге алғаш қарағанда бетте олардың арасында көптеген ұқсастық, идеяларында өзара көп ортақтық бардай сезіледі, бірақ, әрбір пунктті жеке талдай келгенде, біз тек айырмашылық қана көреміз. Ұқсастық, мысалы, іс жүргізудің ауызша және көпшілік алдында өтуімен байланысты, алайда, егжей-тегжейлі қарастырсақ, айырмашылық та бар: әлемдік сот төрелігі өз шешімдерін қағазда қаулы етсе, билер үнемі олай жасамайды; әлемдік қазылар тек азаматтық істер бойынша ғана талқылауды көпшілікте өткізеді, ал билер олардың ведомствасына жататындарының барлығын, істің бірде біреуін шығармастан, көпшілікте өткізеді (Бұл егжей-тегжейлер біздің тарапымыздан комитет жобасынан заң баптарымен бірге алынып пайдаланылды). Айырмашылықтар мынада:

а) С о т қ ұ р ы л ы м ы б о й ы н ш а

1. Билердің анықталған саны болмайды, ал бітімгершілік сотқазылар әр округке бірнешеуден сайланады.

2. Билерді заңға сәйкес қағаз жүзінде ешкім сайламайды, ешкім бекітпейді. Олардың рөлі Еуропадағы ақын, ғалым және қорғаушылар сияқты жүре келе иеленетін жеке беделге

*[6] Қолжазбаның түпнұсқасында – *сауатсыздар* – көшірушінің жаңсақтығы.

негізделеді. Шекспир мен Гетені барлығы ұлы ақындарға балайды, бірақ олардың кемеңгерлігі не үкіметтің декреттерінде, не халықтың қағаз жүзіндегі сайлауларында негізделмеген. Әлем сотқазыларын сайлау үшін анықталған тәртіп пен цензі бар.

3. Билер – оған жәбір көргендер өтінішпен келгенде ғана сотқазы, оның repommee*[7] жүріп тұрғанда ғана оған өтінішпен келеді, қалай беделі жоғалса, солай би атағынан айырылады. Бітімгершілік сотқазылары 3 жылға сайланады және осы қызметте тұрғанында құқықтары мен міндеттерін үнемі пайдаланады.

4. Билер не қазынадан, не халықтан ешқандай ақы алмайды, бірақ «бидің билігін» алады, ал бітімгершілік сотқазысына оның өзін асырауы үшін және оның кеңселік шығындары үшін *земство* жиылысынан ақша бөлінеді.

5. Билер соты мезгіл-мезгілімен емес, кездейсоқ өтеді, ал әлем сотқазыларының съезіне анықталған мерзім тағайындалады.

6. Бітімгершілік сотқазысы істі жеке өзі шешеді, ал билер сотында тек мына жағдайда би жеке өзі шешеді: жәбірленуші бимен бір руға жататын болса және жәбірленуші бір ғана сотқазының болуын қаласа ғана бидің бір өзі шешуі мүмкін.

б) Сот ісі бойынша

1. Бітімгершілік сотқазылары қарайтын істер: қылмыстық іс бойынша – елеусіз қылмыстар мен тәртіпсіздіктер, қылмыстық сот ісінің 19 бабында белгіленген және азаматтық істер бойынша – 500 сомнан аспайтын ақша бойынша талаптар (Азаматтық сот ісі, 1-бап). Билердің ведомоствасына барлық қылмыстар мен тәртіпсіздіктер енеді, тек XV т., 1167 бапта, қылмыстық заңдардың 2 кітабы, осы томның 183-бабына қосымшада, 1 кітап Заңдар жинағы § 1, пункт 2 және осы пунктке 2 жалғасым бойынша қосымшада белгіленгендерді қоспағанда және қырғыздардың өз арасындағы және бөтен ру тұлғаларымен арадағы барлық азаматтық істер тек мына жағдайда, соңғылары талапкер ретінде өздері билер сотына бағынған кезде (1177 бап, XV т., 2 кітап Қылмыстық заңдар мен 1133 және 1134 баптар, X т., II бөлім, Азаматтық сот ісі).

2. Билер істі талқылауға тек жеке тұлғалардың өтініштері немесе полицияның және басқа биліктің хабарламалары бойынша ғана кіріседі. Бітімгершілік сотқазылары, бұл жағдайлардан бөлек, істерді қылмыс бойынша да, өзінің жеке қарауы мен тергеуі бойынша да талқылайды (24 бап, 3 тармақ, Қылмыстық сот ісі).

3. Билер істі өз тілінде, өз салттары мен заңдары бойынша

---

*[7] беделі, құзыры *(франц.)*

талқылап шешеді, ал Бітімгершілік сотқазылары істі жергілікті тілде талқыласа да, ар-ождан бойынша не Империяның жалпы заңдары негізінде шешеді (28 бап, Қылмыстық сот ісі).

4. Би шешімі әр кез шағымдануға жатуы мүмкін, ал бітімгершілік сотқазыларының шешімі белгілі бір жағдайларда соңғы шешім деп саналып, шағымдануға жатқызылмайды (30 бап, Қылмыстық заң және 3 бап Азаматтық сот ісі).

5. Билер барлық істі көпшілікте талқылайды, бітімгершілік сотқазылары тек азаматтық істерді ғана көпшілікте қарайды (5 бап, Азаматтық сот ісі).

6. Билер сотымен шешілетін барлық істерде қорғаушылыққа жол беріледі, бітімгершілік сотқазыларының талқылауында тек азаматтық істер бойынша сенім артылғандары ғана аталады (5 бап, Азаматтық сот ісі).

7. Бітімгершілік сотқазылары өз шешімдерін сол үшін арнайы белгіленген кітапқа енгізеді, ал билерде мұндай кітап жоқ.

8. Би шешімдерінің орындалуын сұлтандар, басқарушылар мен старшиналар жүзеге асырады, ал бітімгершілік сотқазыларының соңғы үкімін бітімгершілік сот қазысының өзі орындайды.

9. Билер сотында ағылшындарда болған дерек туралы (questton of fact) деп аталатын мәселенің шешімі үшін «сайланып қойылған қосшы бидің» қатысуына жол беру жағдайлары болады; бітімгершілік сот «сайланып қойылған қосшы билерсіз» де өтеді.

Қырғыздың билер соты мен бітімгершілік соттың бұл салыстырмасынан бітімгершілік сот өзінің жекелеген жақтарындағы, жалпы идеясындағы және практикалық мақсаты түрғысындағы үлкен айырмашылықтарына қарамастан қырғыздың билер сотымен көп ортақтастығы бар екені күмәнсіз; тек бітімгершілік сот үлкен қағаз бастылығымен және әжептәуір бюрократиялық атрибуттарымен артықшылықта көрінеді. Біздің пікірімізше, билер соты – бұл таңқаларлық іс емес, егер жоғары дамудың төменгімен үйлестігін назарға алатын болсақ, – билер соты бітімгершілік соты алдында кейбір артықшылықтарға ие, ең болмағанда, қырғыздарға қатынасында. Егер асыра сілтеушілік жағынан бізге күмән келтіруі мүмкін деп сескенбейтін болсақ, оның абсолюттік артықшылықтарын, басымдығын айтар едік.

Жалпы айтқанда, бітімгершілік соты әлі де өте дәріпті сот емес, одан жақсырағын күтуге де болмайтын сияқты. Англияда да, бітімгершілік сотының үлгісі танылатын осы елде де, ең соңғы зерттеушілердің куәлік етуі бойынша, ағылшын бітімгершілік мекемелерінің қазіргі жағдайына мүлдем көңілдері толмайтын заңгерлер мен мемлекет адамдары өте көп екен.

/93,/ Блекстон[17], Гнейст[18] және Шарль Конт[19] өз шығарма-

ларында британ бітімгершілік сотының кейбір оңды кемшіліктерін көрсетеді.

Билер сотының басты құндылығы, біздің пікірімізше, қағаз жүзділігінің және толып жатқан ресми кертартпа тәртібінің жоқ болуында. Бидің рөлі оның беделіне негізделген және бұл атақ сот тәжірибесіне берілетін патент сияқты. Науқастардың беделді дәрігерге өтініш ететіні сияқты, жәбірленуші қырғыздарға біздегі соттық renommee-ні пайдаланушы кез келген тұлғаға, ал сотталушының белгілі қорғаушыларға өтініш етуіне ерікті құқық беріледі. Ресми сайлаулар бұл сияқты жоғарғы шарттарды ешқашан қанағаттандыра алмайды, ал біздің далалық сайлаулар қазіргі уақытта рулық тұрмыс заңдарының ықпалындағы рулық шиеленістермен шектеледі де, бай қырғыздардың мансапқұмарлығын қанағаттандыруға және лай судан балық аулауға өте епті орыс шенеуніктерінің баюына қызмет етеді.

Егер би сайлауын қырғыз шенеуніктері мен табын-табын жылқысы бар байлардың ашкөздік ниетіне сәйкес формалды сайлауға бағындырыштыратын болсақ, онда далалық әділ сот төрелігінің жөнелтілуі бізде жаппай және жағалай орын алатын ақшалай ымыраласу көмегімен жүзеге асып, түрлі қара ниет шиеленістер арқылы біздің соттық салт-дәстүрлеріміз бен заңгерлік құқықтарымыздан жөнді хабары жоқ табынды жылқы иелері мен сауда шонжарларының қолына даусыз өтеді. Би атағына ие барлық тұлғалардың ішінен сотқазы таңдаудағы жәбірленушіге берілген ерік толықтай сайлауды ауыстыра алады, тіпті, әдеттегі сайлауларда көзделетін мақсатқа мұнда артығымен қол жеткізіледі. Қазір бізде билер өз кәсібімен қабілет-икеміне қарай айналысады және осы тұрғыдан өз беделін жоғары бағалауының өзіндік себептері де бар. Сайлау арқылы шенеунік болғандар барлық жағынан біздің басқарушыларға ұқсас келеді: олар барлығынан сора отырып, барлығына өздері төлейді.

/94б/ Істің қазіргі жағдайында, теріс ниетті сотқазы ешқандай жанжалсыз айналынып өтілуі мүмкін: оған ешкім өтініш білдірмейді – сонымен іс бітеді. Егер де осы қара ниетті сотқазы ресми түрде мерзіммен сайланатын болса, онда қырғыздарға оның барлық сұмпайы қылықтарына оның сайланған терминінің** аяқталуына дейін төзулеріне тура келеді. Ақырында, егер сотқазы бай адам болса, онда сайлау да, сірә, халықты оның әділетсіздігінен құтқармайтын болар.

Билер сотының артықшылығы жеке бидің өз бетімен сирек болуы тұрғысынан анықталады; өйткені сот ісінің қаралуы кезінде көпшіліктің қатысуына шек қойылмайды, ал кейде сайланылған би қосшыларының қатысуына жол беріледі; оның

** Яғни, *уақытының*.

шешімі шағымдануға жатады, бұл арада бітімгершілік сотқазыларына осы тұрғыда тым үлкен, оның үстіне қауіпті билік беріледі, себебі сотқазы көп жағдайларда бір ғана ар-ождан заңдарын ғана, басқа қандай да бір кепілдіктерсіз басшылыққа алуы мүмкін.

/95а/ Билер сотының қырғыздарға қатынасында үзілді-кесілді жеңіске қол жеткізетін себебі, жалпы жобаның басқа баптары көшпенділер түрмысына қолдануға келмейді, әсіресе, бітімгершілік сот ісі түрғысындағы басты баптары. Мысалы, қырғыздар орыс заңы бойынша соттала алмайды. Оның себебі өте қарапайым. Біріншіден, басқа тайпалық организмде және бөтен орта жағдайларында қырғыздан қылмыс пен тәртіпсіздік түрғысында орыстар мен басқа еуропалықтардан талап еткендей біркелкі түсінушілік пен көзқарасты талап етуге болмайды және соңында, қырғыздар орыс заңдарын білмейді әрі біле алмайды, онда да заңды білмеуіне орай орыстардың өздерімен тең дәрежеде үн қата алмайды. Бір ауыз орыс сөзін түсінбейтін қырғыз, орыс заңдарын білмейтіндігі туралы жақ аша алмайды! (Бұл талаптың жөнсіздігі мен кертартпалығына күмән жоқ). Бұл, әрине, қытайшылық, жасампаздықтың жауһарларына айналған деп айтуға болады. Біздің үкіметіміз өз бодандарынан өте бір мүмкін нәрсе сияқты мүмкін еместі саналы түрде талап етіп отырған болып шығады.

Халыққа өзіне едәуір мәлім, өзі сонымен ержетіп тәрбиленген туған заңының жақсы екеніне ешқандай күмән жоқ, бұл заң еш жетілдірілмеген болса да оған жақсырақ, түсініктірек келіп, сондай-ақ сырттан алынған не жоғарыдан мәжбүрлеген заңнамалардан мәндірек әрі ең дана қағида ретінде көрінуі тиіс. Сонымен бірге, қырғыздардың әдеттегі құқықтары жоғары дамудың төменгімен арадағы үйлестігі бойынша, оған біз сілтеме жасауды соншалықты тәуір көреміз, едәуір адамгершілікті қасиеттерге ие, мысалы, <мүсылман, қытай және Русская Правда орайындағы[20] орыс заңнамаларына қарағанда. Қырғыз заңдарында ең соңғы еуропа кодекстерінің өзінде толып жүргендей сақтандырғыш, үрей тудырғыш шаралар жоқ. Қырғыздарда тән жазасы ешқашан болған емес. Ал ру заңдары, сол бойынша ру мүшелері өз аталасына жауапкершілікте болды, рулық қатынастар кезінде практикалық түрғыда көп пайда әкеледі.

/96а/ Істі жеке өзінің қарауы бойынша бастау да қырғыз билерінің қолданысына қолайсыз. Бұл құқық қырғыз биін, сотқазысын, полиция тыңшысына айналдырар еді және ол «бидің билігін» көбірек алу үшін адам төзгісіз қазымыр болар еді. <Оның салдарынан ол жеке сот практикантынан полиция...*[9] бет бұрар*[10] еді>. Мұндай бояма бөтен нәрселер билер сотының негізгі идеяларына тікелей қайшы келеді.

*[9] Қолжазбада бос қалдырылған, болуы тиіс: *тыңшысына*.
*[10] Яғни, *айналар еді*.

Біздің тарапымыздан келтірілген деректер мен дәлелдерден келесі мәселелер көрініс береді:

1. Орыс губерниялары үшін жобаланған бітімгершілік сотының бастамасы өзінің көптеген идеяларында қырғыз халқына қатысты дұрыс қолдануға келмейді.

2. Қырғыздардағы қазіргі бар билер соты оларда рулық түрмыс пен рулық қатынас билік етіп тұрған қазіргі кезде халықтың өзі өсірген өнімі іспеттес, <оның өмірінен шыққан және> олардың елінің ерекшелігі ықпалындағы өнім ретінде халық дамуын толықтай қанағаттандырады.

3. Билер соты бітімгершілік соты алдында, тым болмағанда қырғыздарға қатысында кейбір артықшылықтарға ие.

4. Сот реформасы туралы мәселе бойынша пікір алу кезінде қырғыз халқының басым бөлігінің қалауы қандай да бір өзгертулер мен толықтыруларсыз-ақ көне билер сотының пайдасына білдірілген еді.

Жоғарыда баяндалған барлық себептерді назарға ала отырып, әрі осы ақиқатты басшылыққа алып, қандай даму сатысында тұрса да, халықтың қалыпты өсуі үшін қажет нәрселер: өздігінен даму, өздігінен қорғану, өзін-өзі басқару және тергеусіз сот; біз қарсы дау айтуға болмайтын осындай, яғни билер сотын белгілі бір кезге дейін, белгілі бір жағдайға дейін – 1854 жылғы заң шыққанға дейін қандай болса, сол түрінде қалдыру керек деген, ал ана заңды бюрократиялық идеялар ықпалынан туған, жалғыз нәрсесі формализм мен тәртіп түріндегі заң ретінде өзгерту керек деген қорытындыға келеміз. Регламентация мен формализмге біздің уақытымызда анахронизмге не он мың қытай салтанаты деген-нен тұрғыдан басқаша қарамау керек. Формализм мен бюрократиялық кертартпалық өз соңынан тек бір ғана тоқыраушылық <және әрекетсіздік> ілестіріп, қазірге дейін кез келген пайдалы қоғамдық қимылға, жігерлі халық күші талап еткен әр сағат сайынғы, әр күн сайынғы жаңғыртулар мен жақсарулардың еркін ағысын тоқ-



Шешушілер портреттерінің [illegible]. Қалам. 1860 ж. Ш. Уәлихановтың [illegible]

татып, қытай қабырғасы болады. Қандай-да бір өзгерістерді сіңдіру үшін және оны кейін сақтап қалу үшін бұл реформалардың материалдық қажеттілікке сәйкес келуі тиіс және сол қоғамның пайдасы үшін қабылданылғандықтан, ондағы ұлттық мінезге икемделуі қажет болар еді. /97б/ Бұл жағдайлардан тыс кез келген жаңа өзгертулер, сөзсіз, зиян болуы мүмкін, ол жалпы заңдылыққа кері құбылыс ретінде қоғамда кілең айықпас дерттер мен ауытқушылықтарды туғызуы мүмкін.

Әрине, біздің үкіметіміз осы уақытқа дейін орыс қылмыстық заңдары бойынша қаралып, ерекше үкімет бақылауының пәні болып отырған қылмыстар мен тәртіпсіздіктерді билер сотына беруге ешқашан келіспейді. «Сібір қырғыздарына қатысты алғанда қылмыстық іске, – деп жария етеді 1167 бапта (Зак. уголов. судопр., XV т., II часть, 1857 жылы басылған), – есептеледі: опасыздық, кісі өлтіру, қарақшылық, барымта[21], өз руластарын үкіметке қарсы көтеру, билік белгілеген заңдарға көпе-көрінеу бойұсынбау, лауазым бойынша қылмыстар, жалған мемлекеттік қағаздар мен ақшаларды қолдан жасау, оларды қасақана аудару, өрт қою және жалпы ресейлік заңдар негізінде сотталушы ісі бойынша жалған ант қабылдау; осы қылмыстар үшін, сондай-ақ қырғыздардың өз қоныс жерлерінен басқа қалалар мен елді мекендерде жасаған қылмыстары мен тәртіпсіздіктері империяның жалпы заңдары бойынша жазаға кесіледі». Біз кісі өлтіру, тонау және қоғам мүлкін талан-таражыға салу сияқты қылмыстар үшін орыс заңы бойынша соттау керек деп табамыз, өйткені қырғыздардың соттық әдет-ғұрыптары адам өмірін 100 жылқы, 6 жақсы затпен бағалайды, осы тұрғыдан ол қанағаттандырылмайды. Бірақ барымтаға қатынасында кейбір жұмсақтық пен келісімдерге жол беруге болар еді. Біздің сотымызда барымта сөзі осы актінің өзіне тән емес, қатерлі, қорқынышты мәнге ие және опасыздық пен кісі өлтіруден кейінгі аса жауапты қылмыс болып есептеледі.

/98б/ Оған қоса барымтаның маңыздылығы бізде тек бір ғана хикаяға, ырым-жырымға негізделген. Қылмыс деректе емес, осы сөздің қаһарлы дыбысталуында тұр. Біздің криминалистикада барымта деп не аталады? Барымта туралы мәселе анықталған жоқ және жөнді жауабы да болуы мүмкін емес. Аймақтық басқарма приказдардан осы жұмбақтың шешімін талап еткеніне бірнеше жыл өтті, жауабын да күте-күте шаршады. Облыстық басқарманың аспазшысы Кондратович мырза барымта сөзін былай түсіндіреді: кісі өлімімен малды айдап кету, алайда бұл берілген түсінік бар-жоғы тапқырлықпен айтылған болжам ғана. Біз барымтаны қырғыздардың өз түсінігіндегі мәнісі бойынша түсіндіруге тырысамыз. Қырғыздарда барымтаға кейде заң жүзінде де жол беріледі. Ұрлық, тонау,

айдап әкету үшін а и п*[11] салынса, барымта үшін еш жаза қолданылмайды. Барымта деп өзгенің малын немесе өзгенің затын, жалпы өзгенің меншігін төленбеген қарыз-қалың немесе кун*[12] үшін басып алып кетуді айтады. Ескілікте күшті ру жағынан шыққан қырғыздың <кісі өлімі үшін күн немесе өзінен әлсіздеу бір қырғызды қорлағаны үшін айып төлемеген кездері>, немесе кісі өлімін жасап, немесе қандасқан өкпе тудырып алып, сотқа барғысы келмеген жағдайлары орын алған. Сол кезде рулық сейм (парламент) шешімімен, жәбір көріп қорланғандар барымтаға барып, қатты бататындай док көрсетіп, көкірек керген зорлықшыны заңды айыбын[22] төлеуге мәжбүр еткен. Бітімге келгеннен кейін барымталанған мал ешбір айыпсыз толығымен қайтарылған.

Барымта қасақана ашық, яғни күндіз, зорлықпен, қажеттілік туғанда күпия түрде, немесе үрлықпен жүзеге асырылған. Соңғы жағдайда барымташы 3 күннің ішінде барымтаның өз тарапынан және не үшін жасалғаны жөнінен өзінің қарсыластарын хабардар етуі тиіс. Әйтпесе, басып алынған нәрселер үрлық болып есептеледі. Ашық барымтада барымташыны даярланған қарсы тойтарыс күтіп тұрады, төбелес, кісі өлімі болады. Алайда мұның барлығы малды айдап әкету кезінде де болады, бірақ ол қылмыстық іс деп саналмайды.

/99б/ Айдап әкету – бұл ешбір себеп-салдарсыз жай жортуыл, тонаушылық, талан-таражыға салу, тек бір ғана ашкөздік мақсатпен жаңғалақ қырғыздардың малдарына шабуыл жасап, табынды айдап әкетеді. Біздің уақытымызда барымта төленбеген күн, қарыз үшін жасалып, көпшілігі күпия, үрлық түрінде өтеді.

Барымтаға қандай болғанымен де, озбырлық (өз бетімен кетушілік, заң тәртібін бұзушылық) ретінде қарап, әрине, оған біздің билігіміздің төзе алуы мүмкін емес десек те, халықтың барымтаға деген көзқарасы мен салттың маңызын ескере келгенде, билігіміз тым қаталдық көрсетіп отыр деп ойлаймыз, сірә да, барымтаға бірінші дәрежелі маңыз беру де соншалықты әділетті емес. Біздің ойымызша, жасырын, үрлық барымтаны үрлықтың түрі ретінде билер сотына тапсыру керек, ал ашық барымтаға барынша түсіністікпен қарау керек еді. Дегенмен егер ол кісі өлімімен аяқталмайтын болса, оны билер ведомоствасына неге бермеске, бұл да мал айдап әкету емес пе.

Алайда тек барымтаға байланысты ғана емес, қырғыздардың жауапқа тартылатын басқа да қылмыстық істері мен тәртіпсіздіктері аз емес және енді олар Империяның жалпы қылмыстық заңдары бойынша сотталатын болады.

---

*[11] *Аип* – айып, шағым.

*[12] *Кун* – қан (кісі өлімі) үшін алынатын төлем.

/100а/ Қырғыз аймақтарына сот орындарын құру қазіргі ерекше жергілікті жағдайлардың салдарынан кейбір қиыншылықтарды алға тартады. Осы мәселе туралы қырғыздардың пікірін алу кезінде, олар тек бір нәрсеге, қылмыстық соттың өздерінен мүмкіндігінше алыс болуына күш салды. Қылмыстық іс жүргізуге жататын істердің өздерінде өте аз болатынына сүйене отырып, олар бұл сот негізінің Ақмолада*[13] құрылатынын жорамалдады. Кейбіреулері, сондай-ақ, Омбыны атады, алайда Яценко мырза мұны құптамады.

Шындығында, сот қарауына жататын қылмыстық істер біздің облысымызда қазірге дейін өте аз.

Соңғы үш жыл бойында облыстық істер басқармасы ревизиясына келіп түскені:

1861 ж. – 45
1862 ж. – 27
1863 ж. – 39

Барлығы 111

Бұл сандық көрсеткіштің ішінен:	1861 ж.	1862 ж.	1863 ж.
Көкшетау приказынан	31	7	13
Атбасар приказынан	1	3	2
Ақмола приказынан	3	5	4
Баянауыл приказынан	2	5	4
Қарқаралы приказынан	8	7	14
Барлығы	45	27	31*[14]

/100б/ 111 істен шешілгені

1861 – 34
1862 – 35
1863 – 34

Барлығы 103

Аяқталған істер ішінен әрең дегенде 43 істен қылмыс табылғанын сөз арасында айта кету артық емес деп санаймын. Сот ведомоствасына енетін тым болмашы істерге орай қырғыздарға және дала бекеттерінің орыс түрғындарына арналған сотты Ақмоладан құру тек ақшаны беталды және жөнсіз шығындау болады, егер бұл сот кейбіреулердің ұсынғанындай, жүріп-тұратын көшпелі болса, онда қазына ақшасының шығыны қырғыздар үшін адам төзбес ауыртпалық әкеледі. Жәмшік борышы, тәжірибемізден мәлім болғандай, өткен жүз жылдықта орыс халқының үкіметке көңілі толмауындағы бас-

*[13] Нақтырақ: *Акмолинск* – қазіргі Астана.
*[14] Қате, болуы тиіс: 37.

ты себептердің бірі болады. Сібірліктер мен Сібірлік бұратаналар қазіргі күнге дейін исправниктердің (патшалы Ресейдегі уездік полицияның бастығы), сот мәслихатшылары мен поптардың астына жүк арбасын әкеліп қоюдың өзі олар үшін ауыр екеніне шағымданады. Қырғыздарда жәмшіктік міндет ешбір ережесіз және өте әркелкі атқарылады. Көп шенеуніктер қазір де бір экипажға 40, 60 аттан алады және жеткізіп берушілерге тіс қайрағаннан басқа ешнәрсе де бермейді. Соңғысы жеке тұлғалар тарапынан да болып жатады.

Кейбір майорлардың (орыс шенеуніктерін қырғыздар осылай атайды) арбаға жегу үшін алған аттарды иелеріне қайтармайтын кездері де аз емес.

Осы барлық түсініктемелерге орай біздің дала үшін ерекше сот ұйымдастырудың аса қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз.

Омбыда, бәлкім, қандай да бір дәрежедегі сот болар, өйткені ол өзінің географиялық орналасуы жағынан Ақмолаға қарағанда, қолайлылау жағдайда тұр. Егер Шу мен Сарысу бойында көшіп-қонушы бағаналықтар үшін ол Ақмоладан айтарлықтай алыс болса, оның есесіне басқаларға, едәуір елді мекендер үшін ол жақындау әрі ыңғайлы болады. Қырғыздар үшін, қай жағдайда да сот төрелігін өз болыстықтарында қабылдағаннан гөрі, сотқа Омбыға барғандары әлдеқайда жеңілірек.

Тағы да сот ісіне қатысушы мәслихатшыларды сайлау туралы мәселе. Бұл тұлғаларды сайлаудың әділдігіне кепілдік берудің қиын екенін, сондай-ақ атақты ордалықтардың және рулық сүйкім мен рулық сүйкімсіздіктің*[15] сайлау нәтижелеріне ықпалынан қорықпауға болмайтынын мойындауымыз керек. Бұл қолайсыздықтан құтылу үшін, біздіңше, сотқа қатысушы мәслихатшыларды сайлауды келесі түрде өкізу керек: өткен жылдары қандай-да бір істерді шешкен барлық билердің тізімін алып, олардың ішінен жеребе бойынша сот мәслихатшыларын сот үстінде сайлауға болатын сияқты. Егер далаға арналған ерекше округтік сот ұйымдастырмайтын болып, оның нәтижесінде қазынаның үнемделетінін есепке алатын болсақ, сайланылған мәслихатшыларды сот сессиясы кезінде қамтамасыз етудің, әрине, еш қиындығы жоқ.

Сот реформасы тұрғысындағы өз жазбамды аяқтай келе, мен басқа да бір маңыздырақ халықтық мәселені, діни қағида туралы мәселені айтпай кете алмаймын, оның үстіне бұл жайт сот ісімен кейбір мәселеде байланысайын деп тұр.

Сот реформасы жөнінде пікір білдіру кезінде, Көкшетау округін қоспағанда, біздің облысымыздағы барлық округтердің қырғыздары бүгінгі күні молдалардың ведомоствасына енетін

---

*[15] Атақты, ақсүйек ордалықтардың сайлау нәтижелеріне ықпалы жөнінде сөз болып отыр.

неке және ажырасу туралы істі бұрынғысынша билер сотына беруді өтінді. Халықтың осы қарсылығын тудырған себептер қазір біз қарастырайын деп отырған кейбір тарихи деректер түрғысынан түсіндіріледі.

Қырғыздарда мұсылманшық орыс бодандығына енгенге дейін бір ғана жай атау түрінде болды да, мұсылмандық әлемде ерекше сунниттік жікті[23] құрды. Мұсылмандық заңдар қырғыздар тарапынан ешқашан қабылданылған емес және ол далаға үкімет бастамасы арқылы ғана сыртқы приказдардың бюрократиялық әумесерлігімен бірге енгізілген болатын.

Орыс билігінің халықтың өз тарапынан толықтай қабылданылмаған исламды мақұлдауы арқылы нені ойлағанын біз білмейміз де, түсіне де алмаймыз.

Округтік приказдар жанында мешіттер мен татар училищелерін салдыруды жобалап, молдалар тағайындаған үлы Сперанский Сібір даласының Мұхаммед апостолы болды. (Қараңыз: Особое учреждение управлений инородцев, именуемых сибирскими киргизами, Св. Законов, изд. 1857 г., т. II, часть 2.).

Бұл жағдайдың бізді қатты таңқалдыратын себебі, осы Сперанский өз «Учрежденисінде» қырғыздардың аты ғана мұсылман екенін, оларды христиандыққа оңай айналдыруға болатынын т.с.с. айтады. Осы тамаша, ақылды адамды осындай надан, жабайы ілімнің таратушысы болуға не мәжбүрледі деген сұрақ туады? Өткен аз уақыттың ішінде Ресей империясының құрамына енген халықты, мұсылман болса да, діні жоқ деп тануды не Ресей қол астындағыларын ресми түрде жікшіл деп тануды өте қолайлы деп таба алмағандарын, ал қырғыздарды христианға айналдыру шараларын қолға алуды уақыт түрғысынан саяси мәнсіз деп тапқандарын шамалауымыз керек. Ол уақыт өтіп кетті, прюдеризм*[16] сәнде емес. Орынбор шекаралық басқармасы тарапынан өз ведомствасындағы далаларда исламның дамуына бөгет жасауға байланысты шаралар баяғыда-ақ қабылданып қойған; онда татарларға молда болу түрмақ, қырғыздардың арасында ұзақ уақыт түрақтауға тыйым салынған. Бізде, Сібірде үкімет қазірге дейін мұсылмандыққа қатынасында бұрынғыдай қолдаушылық жүйесін ұстанып отыр, осының арқасында ислам біздің аймақтарымызда аса ірі қадамдар жасап отыр. Бүкіл дала татардан болған шала сауатты молдалар мен өздерін әулие деп таныстырушы Орта Азиядан шыққан фанат келімсектерге толып кетті. Біраз уақыттан бері шекаралық округтерде дәуіріштік жолға түскен күрттер, ноғайлар мен түріктер пайда бола бастады. Шетелдік мұсылман кезбелерінің, әсіресе, татар семинаристерінің (мен оларды пайғамбардың ең бірбеткей сыйынушылары деп санаймын) жеке мүддесі қырғыздарды өз

*[16] Бояма, шектен тыс кінәратшыл, жәдігөйлік мораль.

ықпалдары арқылы сол соқыр сенімдік рақымсыздыққа жеткізу болып табылады, сонда барлық осы қарттарға, қажыға барушылар мен дәуріштерге өмір сүру жеңілдейді.

Бұл насихат көпшілік жағдайда өз дегеніне жетіп те қойды. Баянауылда және ішнара Қарқаралы округтерінде қырғыздар діни ықпал арбауына жаңа түскендерге тән қызғаншақтықпен жәдігөйлікке салынды. Онда жергілікті биліктің қамқорлығымен Бұхара мен Қоқаннан келген ишандар[24], көптеген қожалар түрып жатыр және жыл сайын бұл жексұрындардың келіп-кетіп жататындары да аз емес. Орыс үкіметінің өнегелі тәрибе береді деп сеніп тапсырған татар діни қауымы қазірге дейін бізді тек адамгершілік тұрғысынан азғындатумен айналысты, пара алуға, екіжүзділікке үйретті және ортаазиялық келімсектермен бірге біздің аңқау халқымызды алдады, татар діни қауымының мұсылмандық елкезбе әулиесымақтарымен бірігіп, дүмшелікке әрекет еткеніне және солармен бірге жалпы бір ғана идеялар қауымдастығын құрастырғанына Мансуров[25] туралы іс дәлел бола алады. Барлық заңды түрғыдағы молдалар олармен хат жазысып түрды, көпшілігі өздерін олардың мүриттеріміз деп мойындады. Біздің даламыздағы діни орындарда қандай адамдардың отырғанын, қырғыз халқының өнегелі діндарлығының және неке сияқты қоғамдық қиын мәселенің, некеге қатысты соттың кімге сеніп тапсырылғанын білу керек. Біздегі молдалардың көпшілік бөлігі – татарлар және олардың барлығы, сөзсіз, алдамшылар. Өз сауатын әрең танитын бұл халықтың надандығы ең жоғарғы деңгейде түр, десек те, түрпайы наным-сенім мен қапас жауыздыққа шырмалған. Қай жағынан алғанда <бұл> <ең толық мағынасындағы> тұманды патшалық.

Шын, молда болу үшін, Уфада түратын татар муфтиі[26] өткізетін емтиханға төтеп беру керек. Алайда емтиханның жемісті болуы емтихан тапсырушының білім дәрежесіне емес, ақшалай пешкештің*[17] мөлшеріне байланысты. Біздің орыс мұсылман діни қауымы сияқты ашкөз паракорлардың әлемнің қайбір түкпірінде бар жоқ екенін білмейміз. Муфтидің өзіне, яғни Ресейдегі жоғарғы мұсылмандық діни өкіліне садақа ақша қоймай өтініш етуге болмайды. Міне, бір башқұрт Уфадағы мұсылмандық діни қауымдастығы туралы не айтады... «Мұнда муфтиден бастап оның барлық қызметшілерін – хатшы, қазы мен кеңсе хатшысын разы ету керек-ақ. Кейде қызметшілерінің және муфтиге жақындарының да көңілдерін аулауға тура келеді» («Заметка башкира о башкирах». – Современник, 1863 г., № XI, ноябрь).

Татар халқы арасында біздің татар молдалары туралы қазіргі айтқандарымызды түжырымдайтын көп анекдоттар мен

*[17] Тарту, сыйлық.

мәтелдер жүр. Бірақ осының барлығымен де біздің очеркіміз соншалық дәйекті шыққан жоқ, біз татар поптары арасында орын алған надандықты, жауыздықты, дүмшелік пен оңбағандықты жүз пайыз үлесте сипаттай алған жоқпыз. Айтқандайын, біздің мінездемеміз қалай болғанда да әлсіз болғанымен, деректердің өздері-ақ өзін-өзі әшкерелеп түр.

Енді сібір қырғыздары облыстарындағы молдалардың қолына көшкен халыққа білім берудің қазіргі бақылаусыз қалған жайы туралы айтамыз. Бұл жайт мұсылмандық және оның қасиетті қызметшілері туралы жоғарыда айтылғандарға тағы бірнеше ірі мінездемелерді қосады. Біздің облысымыздағы әрбір ауылда дерлік көшпелі мектеп бар, ондағы мұғалімдердің көпшілігі татар молдалары немесе семинаристер. Көкшетау, Атбасар және Ақмола округтерінде татарлар басым. Баянауыл мен Қарқаралыда соңғы кездері олар ортаазиялықтар тарапынан ығыстырылуда. Қырғыз жеткіншектерін татар діни қауымының қандай рухта тәрбиелейтінін түсіну үшін біз бір ғана мысал келтіреміз: басқасы керек емес. Петропавловскі қаласындағы мұсылман түрғындар арасында мынандай сұрақ туындады: карта ойнау күнә ма, егер күнә болса, қаншалықты дәрежеде? Өз ілімінің тереңдігі жағымен мәлім бір молдадан сұрадық. Бұл казуист өзінің «күмәнді кітаптарын» ақтарыстыра келіп, мұсылмандарға өзара карта ойнау – үлкен күнә, бірақ орыстармен және оларды үту ниетімен ойнау – мақтаныш іс, пайғамбардың өз ізбасарларына тікелей міндет еткен өсиеті *джихат**[18] деп мәлімдеді. Профессор Березин 50 жылдары «Отечественные записки»-да басылған мұсылмандық туралы өзінің белгілі мақаласында құран мен аңыз кітаптарынан алынған мәтіндер негізінде екі жерде екінің қалай төрт болатынын, мұсылманшылық пен сауаттылық – үйлеспейтін, тіпті бірін-бірі ығыстыратын қас ұғымдар екенін дәлелдеді. Мысалы, Мұхаммед жеті көк (яғни, планеталық өріс) бар екенін айтады, демек, діндар мұсылман Птоломей[27] заманынан келе жатқан барлық астрономиялық жаңалықтарды жоққа шығаруы керек, әйтпесе ол хақ мұсылман болмайды.

Мұхаммед өзі үшін жаңа барлық космогониялық, медициналық және басқа аңыздар мен болжамдарды өз іліміне догма (ақиқат ретінде танылатын діни қағида) ретінде енгізді, сөйтіп тәжірибелі ғылымдардың әрекетін тоқтатты. <Шын, арабтар математикамен бірталай шұғылданды, өйткені Мұхаммед арифметиканы білмеді де, оны өз құранына енгізбеді. Арабтарға Юркевичтің[28] философиясы ұнады, ұнаған себебі, ол барлығына, тіпті Мұхаммед іліміне қолдануға да ыңғайлы болды>.

---

*[18] Яғни, *джихад* (араб.) – дін үшін күрес.

Мұхаммед ілімі, исламның кейбір жақтаушыларының ойлағанындай, тазартыла алынбайды; оған ешқандай өзгеріс жасау мүмкін емес. Өз негізіне алтыншы ғасырдағы көшпелі арабтардың жабайы, тағы соқыр нанымын, спиритуалистердің, жәйттердің аңыздары мен сол кезеңдегі парсы сиқыршыларының фокус-покустарын алған діннен қандай жаңаруды күтуге болады. Егер түріктер мен парсылардың исламы осындай болса, онда мұсылмандықта пуританизм тектес бірдемені құрайтын татар исламы қандай болуы керек. Татарлар поэзияны, тарихты, математика мен философияны және барлық жаратылыстану ғылымдарын әлсіз, адам ақылын арбаушы деп санап, бір ғана мұсылмандық схоластикамен және казуистикамен шектеледі. Татар тілінде кертартпалық сипатқа ие емес бірде бір кітап жоқ. Татарлардың қырғыз даласында өздеріне ұқсас пақырларды тәрбиелеп жатқаны түсінікті, алайда жаңа халықтық күш олардың пайдасыз ықпалына оңай беріле қоймайды.

Ортаазиялық иеліктермен тікелей қарым-қатынас және соңында, татарша сауат қырғыз жасөспірімдерінің роман, повесть, поэмалар мен ертегілерді түрік тілінің шағатай сөйленісінде оқуларына мүмкіндік береді. Шағатай әдебиетіндегі эпикалық және беллетристикалық шығармалар не Шәміл[29] ілімінен (арабтардың грек империясымен соғысын қамтыған сюжеттері бар батырлық поэмалар) леп береді, не Горацийдің[30] Лигуринге одаларын (Маулави-Жәмидің ғажайып бала Мырза-Хамдамға[31] деген махаббаты туралы роман) еске түсіреді, не ешқандай мән-мағына білдірмейді (бүлбүлдың райханға махаббаты туралы поэма, түсінде көрген періште бойжеткеннің елесіне ғашық болған қытай ханзадасы туралы повесть[32]).

Әрине, озық ойлы адамдардың ешқайсысы да педерастық романдарды оқудың азғындық әрі зиянды нәрсе екеніне таласпайды, сондай-ақ таза мән-мағынаны фанаттық шым-шытырықтармен күңгірттендіретін құрғақ қиялшыл кітаптарды оқудың да пайдалы болуы мүмкін емес.

Алайда олардың ешқайсысы батырлық романдарды оқудың одан да зияндырақ болуы мүмкін екенін жорамалдамайды. Бұхарада Мір-Хайдар[33] әмірдің заманында Әбу-Мүслімнің[34] батырлық поэмасын көпшілік алдында оқуға тыйым салынған, өйткені тыңдармандар бірбеткей желігу үстінде тобырымен Парсыға аттанып, сонда дін үшін соғыстағы шейдтердің (азаптанушылардың) шат-шадыман өлімін күтіп алмақ болған.

Татар білімінің қырғыздарға бере алатын жемісі, міне, осы. Жан түршігерлік фантастика, өлі схоластика және бірде бір шынайылығы жоқ ойлар. Қазіргі жағдай сипатының толық ашылуы үшін осы шаншудай қадалған құбылыстарды тағы мына бір мәселемен біріктіру керек, мұның барлығы <араб тіліндегі құраннан мәтіндерді ешбір түсіндірме, аудармасыз

ойып алу және небір схоластикалық шатпақты еске жаттау, рухсыздық> қырғыз балаларының миына таяқ енізгенмен бірдей. Әдетте, қырғыздар өз балаларын молдаға оқуға беріп тұрып «Еті сенікі, сүйегі менікі»[35] – дейді.

1860 жылы «Северная пчела»-да жас қырғыз Бабажанов мырза[36] Бөкей ордасының татар мектептеріндегі оқуды керемет ашық сипаттайды. Бұл дерек Бабажанов мырзаның Мұхаммедтің үрпағы және «Северная пчеланың» тілшісі ретінде болуына, яғни нағыз мұсылман әрі татар оқуының, шамасы, досы болуына орай, әсіресе, тамаша.

Біздің ұлықтарымыз қазірге дейін қырғыздардың ақыл-ойы дамуына аз көңіл аударды және барымтаны, жылқы үрлаушылықты қызу қуғындай келе, жалпы қырғыз халқын тәртіпке келтіріп жүріп, молдалар мен ел кезген дәуіштердің іс-әрекетін бақылауға уақыттары болмай қалды. Алайда жағдайды әлі де түзетуге болады, сондай-ақ реакцияның да орын алуы мүмкін.

/108а/ Шамасы, үкіметтің неке және ажырасу туралы істі молдаларға ұсынуына қырғыздардың өз қыздарын тым жас кездерінде және көпшілік жағдайда олардың өз келісімдерінсіз тұрмысқа беретін анайы салттары түрткі болған сияқты. Қырғыздар өз балаларын кейде бесіктен атастырған.

Біздіңше, бұл салтты мұсылман діни қауымының араласуынсыз да өзгертуге болатын сияқты: аға сұлтандар мен басқармаларға қырғыздардың өз қыздарын бір анықталған жастан ерте тұрмысқа бермеулерін, әкелері өз қыздары мен ұлдарын олардың жеке бастарының келісімінсіз некеге тұруларына мәжүбірлемеуге т.с.с. тұрғысынан қорқытып, үлкен жауапкершілік артып, қатаң бақылау орнатуын жүктеп қойса жетер еді.

Полиция бақылауы мен уақыт еркі өз ісін орындайтын еді, бірақ, әрине, жақын арада емес. Неке ісі бойынша қазір түсіп жатқан шағымдардың адам айтқысыз көп мөлшері мұсылмандық шариғаттың терең тамыр алған салтқа қарсы мүлде шарасыз болғанын көрсетеді.

Татарлардың, біздің даламызда молда лауазымын алып отырғандарын қоса алғанда, рақымсыздығы мен надандығын және небір ультраклерикалдық бағыттың халықтың әлеуметтік дамуына кері әсерін тигізетінін назарға ала отырып, молдалардың ықпалын әлсіздендіріп, діни фанатизмнің жойылуы үшін, халықтың тілегіне сәйкес, неке мен ажырасу туралы істі бұрынғыдай билер сотына беру керек деп табамыз, оның үстіне, мұсылмандарда неке құпия дүние емес.

Теологиялық рухтың басымдығы Еуропадағы халық дамуы барысында да өте жұпыны түрде көрініс тапты.

Әкімшілік реформасы туралы әзірше әлі де сөз жоқ, сондықтан да біз енді бұл мәселені жанды жерімізге тиетін

[illegible] себептерге байланысты қозғамаймыз. Әкімшілік [illegible]терінің қырғыздар үшін, тым үлкен мәні бар, сол [illegible] ағысты қарауға болмайды. Алайда, Орынбор даласы [illegible] басқармасы өзінің көп жылдық сыннан өтуіне орай об[illegible]мыздың әкімшілік реформасы жөніндегі істе айырықша [illegible]мен сарапталатын болар деп шамалаймыз. Орынбор басқ[illegible]сының, бәлкім, оның жетістіктері мен кемшіліктерін [illegible]ратын уақыты болған шығар. Орынбор далалық басқарма[illegible]ының ең басты кемшілігі, әрине, орда шенеуніктерінің онда халық сайлауы бойынша емес, шекаралық ұлықтардың қарауы бойынша тағайындалатындығында болып табылады. Биліктің өзін сайлау құқығында бізге, ортаордалықтарға берілген, қазір оны ақымақтықпен әрі әділетсіз пайдаланып жүрсек те, бағаламауымызға болмайтын осындай құқық бар.

Орал сыртындағы қырғыздардан жиналатын түтін салығы ғылыми көзқарас тұрғысынан қате және халық үшін де ауыр. Бұл салық ең жеңіл-желпі сынға да төтеп бере алмайтын болса да, кейбір шекаралық әкімшіліктеріміз тым тар түсінікте олармен әуестенгені соншалық, біздің даламызға да алым-салық енгізуге дейінгі ойға барды. Сібір қырғыздары тарапынан малының санына қарай төленетін ясақ[37], салықтың жаңаша теориясы бойынша да бірден бір мүмкін әрі дұрыс алым-салық, ол көшпенділерге ауыртпалықсыз салынуы мүмкін.

28 ақпан 1864 ж.
Омбы.

көптеген себептерге байланысты қозғамаймыз. Әкімшілік мәселелерінің қырғыздар үшін, тым үлкен мәні бар, сол себепті атүсті қарауға болмайды. Алайда, Орынбор даласы жеке басқармасы өзінің көп жылдық сыннан өтуіне орай облысымыздың әкімшілік реформасы жөніндегі істе айырықша ынтамен сарапталатын болар деп шамалаймыз. Орынбор басқармасының, бәлкім, оның жетістіктері мен кемшіліктерін аңғаратын уақыты болған шығар. Орынбор далалық басқармасының ең басты кемшілігі, әрине, орда шенеуніктерінің онда халық сайлауы бойынша емес, шекаралық ұлықтардың қарауы бойынша тағайындалатындығында болып табылады. Биліктің өзін сайлау құқығында бізге, ортаордалықтарға берілген, қазір оны ақымақтықпен әрі әділетсіз пайдаланып жүрсек те, бағаламауымызға болмайтын осындай құқық бар.

Орал сыртындағы қырғыздардан жиналатын түтін салығы ғылыми көзқарас тұрғысынан қате және халық үшін де ауыр. Бұл салық ең жеңіл-желпі сынға да төтеп бере алмайтын болса да, кейбір шекаралық әкімшіліктеріміз тым тар түсінікте олармен әуестенгені соншалық, біздің даламызға да алым-салық енгізуге дейінгі ойға барды. Сібір қырғыздары тарапынан малының санына қарай төленетін ясақ[37], салықтың жаңаша теориясы бойынша да бірден бір мүмкін әрі дұрыс алым-салық, ол көшпенділерге ауыртпалықсыз салынуы мүмкін.

28 ақпан 1864 ж.
Омбы.

ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ ҚОНЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

/1160а/ Семей облысының қырғыздары түгелдей мал шаруашылығымен күнелтеді. Солтүстік алаптарында жылқыны табындап өсіру, ал оңтүстікте түйе өсірумен бірге жүптастастырып, қой шаруашылығына да басымдық берген. Баянауыл округі[1] табынды жылқы шаруашылығымен айналысатын округтердің қатарына жатады.

Қырғыздарда мал қысы-жазы далада жүреді, қыста да жаздағыдай өзіне қоректі даладан табады.

Өндірістің осы жағдайында табиғаттың өз қамқорлығына берілген бұл кәсіп бәрінен бұрын ауа райының жағдайына, топырақтың сапасына тікелей тәуелді болады. Адам мұнда ең пәрменсіз рөл атқарады: ол малдың жел ығымен кетпеуі үшін және жыртқыш аңды қуу үшін керек. Мал шаруашылығына, әсіресе, табынды шаруашылыққа зардап шектіруі мүмкін физикалық кездейсоқтықтардың өте көптігі сонша, санамалаудың өзі қиын. Диқаншылыққа зиянды нәрсенің барлығы жайсыздығы жағынан малға да кем әсер етпейді, мысалы, құрғақшылық, егістік өрттері мен шегіртке. Қалың қар, әсіресе, көктайғақ еш шарасыз мал шығынына алып келеді. Боран, суық, індетті және жұқпалы аурулар барынша ойранды ықпал етеді, өйткені қырғыз малы жыл бойы жайылым отында жүріп, не қолайсыз ауа райынан, не аурудан қорғана алмауы мүмкін. Қырғыздар «жұт» деп аталатын аштық жылдар жоғарыда аталған барлық апаттардың бірге келуімен танылады. Аштықтан қалжыраған мал суыққа ерекше сезімтал болады, жетімсіз қорек қан аздық пен қауіпті аурулар туғызады, мұнда үздіксіз түсік тастау мен тұқымсыз қалу қатты аңғарылады. Семей облысында 1862 жылғы қыста орын алған аса зор мал шығыны осы жағдайлар негізінде түсіндіріледі*[1].

Алайда сыртқы орта тарапынан болатын барлық кедергілерге қарамастан, мал шаруашылығы, кез келген басқа өнеркәсіп сияқты белгілі бір жағдай-шарттарға ие болуы тиіс, оның жемісті нәтижелері соған тәуелді болады, онсыз ол тіршілік

*[1] Қараңыз: ГАОО. ф. 3, оп. 13, д. 5289, лл. 3–5, 19–44.



Үлы жүз қазақтарының тұрмыс заттары.
Суретші И. Кошаровтың суреті.

ете алмас еді. Бұл жағдайдың мәнісі неде? Егер келесілерді назарға алатын болсақ, бұл жағдайды анықтау қиын емес:

1. Қазіргіге қарағанда ескі уақытта, ойранды соғыстар мен күнделікті барымта заманында қырғыздар байырақ болды және жаппай құлдырау сирек орын алды. Халық жадында өткен жүз жылдық оқиғаларынан тек екі аштық жылының естеліктері сақталыпты, бірақ бұл жылдары апатымыздың себебі жұт, көктайғақтан бұрын, өрт пен семсер – қырғыздардың қас дүшпаны – қалмақтар болды. Сібір қырғыздарының[2] сыртқы приказдардың іргесі қаланғанға дейін бай болғаны – бұл еш күмән тудырмайтын шындық: тек өткен ғасырдың соңы мен бүгінгі жүз жылдықтың басында Орынбор мен Сібір бойына айдалатын мал санына және 20-шы және 30-шы жылдардағы ресми есепке ғана көз жүгіртсең болды. Осы соңғы дәуірде 10 мыңдаған жылқы табыны бар қырғыздар аз болған жоқ.

2. Біздің заманымызда қырғыздарда мал саны барған сайын азаюда, мал өлімі жиі әрі жойқын. Егер 20-шы және 30-шы жылдардағы есеп пен 40-шы және 50-ші жылдарды салыстыратын болсақ, бұған толықтай көз жеткізуге болады.

Расында, өткен уақытта қырғыздар өз балаларын орыс бекеттеріне бір қанар үнға сатты, алайда аштықтың себебі жүт та емес, қатал қыс та емес, соғыс пен барымта болды. 1162б/ Ескілікте қырғыздардың барлық уәжі мен уайымының шығар нүктесі мал болды. Біз өз өмірімізді мал шаруашылығының талаптарымен ыңғайластыра құрдық. Біздің ата-бабаларымызда тұрақты қыстақтары, тура сол сияқты жазғы жайылымға орайластырылған жерлері де болған жоқ. Бір жерде аштық болған кезде әкелеріміз басқа, мейлінше жайлы жақтарға, ешқандай қашықтықтан қорықпастан кетіп отырды.

Кіші орданың қырғыздары жазда Орынбордың жанында және Мұғалжар[3] тауларында көшіп жүрді, ал қысты Сыр мен Борсықта[4] және Қарақұмда[5] өткізді. Орта орданың қырғыздары бір жазда Семей түбінен Троицкіге барып, кері қайтты. Бұл сияқты өмір салтында жүттың, ызғарлы қыстардың қазіргідей қауіпті сипатта болмағаны түсінікті.

Сондықтан кең байтақ көші-қон аймағы мал шаруашылығы үшін маңызды әрі басты жағдай болып есептелуі тиіс. Тұтас бір қаланы тамақтандыру үшін жеткілікті болатын жер бір қырғыз ауылын қамтамасыз ете алмайды, өйткені әрбір ауыл қыстық жайылымы бар ерекше қыстауға, көктемгі, күзгі және жазғы қоныстар үшін ыңғайлы жайылымдары бар жерлерге ие болуы керек. Қыстау үшін қысқы қолайсыз ауа райынан малды сақтай алатын қалың ормандар не орманды таулар қажет етіледі. Жазғы қоныс үшін, керісінше, – ашық, кең жазира далалы, ағыл-тегіл сулы немесе көлі бар жерлер таңдалады. Жазғы қоныстар күзде жазғы ыстықта отардың мазасын алатын жәндіктердің үрықтарын жою үшін өртеледі, осы аралықта қыстық жерлер жаз бойы аяқ басылмаған қалпында қалады, осылайша, қырғыздар, шамалауымша, ұланбайтақ жерді ала отырып, негізінде, қазіргі сәтте тек болмашы бөлігін ғана пайдалануда және сондықтан үнемі жерді керек етеді.

Осы деректердің негізінде біздің жерлерімізді округтер бойынша бөліп, жазғы және қысқы жайылымдарды атақты рулар мен адамдарға орайластыру – мал шаруашылығына кесірін тигізетін басты себептердің бірі ретінде есептелуі тиіс деп ойлауға болады. Енді аз ғана жер кеңістігінен көп пайда табу қажет, ал бұл, қырғыз даласында әзірше мал шаруашылығы бірден бір тіршілік көзі болып тұрғанында, мүлдем мүмкін емес.

Бірнеше жүз жылқыға ат қора жасау да осынша жылқыға мал жемінің қорын дайындаған тірлік сияқты мүмкін емес. Барлық айтылғандардан мал шаруашылығының жемісті болуы үшін қажет:

1) шұрайлы жер мен көші-қон үшін ауқымды аймақ;

2) қыстау үшін қалың орман не орманды таулар мен жаз-

ғы жайылым үшін ашық, кең жазиралы, ормансыз, суы мол жерлер.

Жазғы жайылымның сапасы мен қысқы тұрақтың ыңғайлылығы мал шаруашылығының дамуына зор үлес қосады, бірақ бәрінен бұрын қырғыздар үшін қыстық жерлер маңыздырақ. Жылы қыстауларсыз табынның сақталуы мүмкін емес. Сондықтан мал шаруашылығының бұл саласы тек қысқы тұрақ үшін мейлінше қолайлы жерлері бар округтерде ғана жанданады. Көкшетау округі[6], Ақмола[7] облысының солтүстік бөлігі мен Семей облысының Ішкі округі Сібір даласындағы тұтас орман, көкорай шабындықпен жабылған ең бай округтері болып саналады.

Бұрынғы Атбасар[8] округінде және Ақмола округінің оңтүстік бөлігінде табын өсіру кәсібі қой шаруашылығы мен түйе өніміне орын беруде, өйткені даланың осы құмды әрі сор жазықтары тек қой мен түйе жейтін өсімдіктерді өндіреді. Қарқаралы округі[9] мал шаруашылығы қажет ететін барлық жағдайларға ие: Нұра мен Бақансу бойында жазғы қоныстар және орманды Кент таулары мен Қазылық[10], және Балқаштың қамысты жағалаулары жайлы қыстаулар болады. Баянауыл округі сібір қырғыздары облыстарындағы ең кедей округ екеніне күмән жоқ. Баянауыл округінде қоныстанушы қырғыздардың Нұра мен Есілдің бастауларында тамаша жазғы жайылымдары бар болса да, ең маңыздысы – қыстаулары жоқ. Округтің территориясы қыста қалың қармен бітелетін жыра-жылғаларда ғана өсімдіктер тұрақтайтын төбелі, тасты жазық болып келеді. Осынау сұрықсыз жазық ішінде Баянауылдың[11] орманды таулары мен Ереймен[12] қонақжайлық танытпайтын шөлдегі оазис сияқты көрінеді. Бұл таулар қырғыздар үшін, шынында да, оазис мәнісін атқарады, олар тұтас Төртұғыл болыстықтарына[13] қыстау болды. Баянауыл малдың жаппай қырылуын ешқашан білген емес, онда Азынабай 17 мың жылқы өсіріп отырды. Қолайсыз ауа райынан қорғалып және ең жем-шөпсіз жылдарда мал кейде жапырақты ағаштардың шыбықтарымен қоректеніп, қалайда қыстан шыққан. Осы тау шоқтықтарына Баянауыл атауы бекерден берілмеген, ол қалмақша «сәтті тау» (Баян-ола) дегенді білдіреді. Ереймен енді біздің қарамағымызға енбейді, сол үшін біздің жағымыздан аз қан төгілмесе де, ол Ақмола округінің қырғыздарынан босамайды. Баянауыл бекетке қарайды; ата-бабаларымыз қыста малдың жартысын айдап тастайтын Ертістің сыртына бізді қазақтар жібермейді. Осылайша, Төртұғыл болысының қырғыздары мүлдем қыстаусыз қалады және осының салдарынан басқаларынан гөрі, қысқы қолайсыз ауа райы мен қалың қардан көбірек зардап шегеді. Сондай-ақ қыстауға байланысты шарасыз жағдай төртұғыл қазақтарын басқа округтерге, орыс бекеттеріне өздерін асырайтын азық табу үшін қоныс аудару-

ларына мәжбүр етеді; мұндай, хабар-ошарсыз кетіп қалғандардың саны, Ақмола мен Атбасар облыстарына ресми түрде түскен қанжығалы[14] мен қозған[15] қырғыздарын қоспағанда, соңғы есеп бойынша, 500 отбасынан көбірек болып шықты.

Төртүғыл жағындағы халықтың осындай мүшкіл халін, Сіздің жоғары мәртебелі ерікті қарауыңызға тарта отырып, мен Баянауыл округінің Төртүғыл болыстығына төніп түрған шарасыздықтан жұтауды болдырмайтын қандай да бір шараларға қатысты өз түсініктерімді баяндауды жөн деп шештім.

Бұл қырғыздар қыстап шығатын жерлері болмағандықтан және осы уақытта округ шекарасында Баянауыл тауларынан басқа сенімді қыстау бола алатын тоғайлы сай-салалары жоқ болғандықтан, зардап шегетін қырғыздарға, мен Сізден жоғары мәртебеңізге, халық атынан Баянауыл приказын таратып, оның ведомствасындағы болыстықтарды басқа округтердің құрамына қосып не Ақмола қаласы мен Қарқаралы бекеті арасындағы жолдың жартысындағы даңғылда жатқан Белағаш елді мекеніне: приказ түрғындары үшін қажет барлық жағдайларға ие: шүрайлы топырақ, шабындық шөп; сауда жолында және Баянауыл қырғыздарының жазғы қоныстарының ортасында орналасқан; соңғы жағдай, әсіресе, әскери губернатор мырзаның ревизиясы кезінде халықтың жиналуы үшін өте маңызды; міне, осы жерге ауыстыруыңызды өтінуге батылдық танытып отырмын. Баянауыл округі қырғыздары приказдың басқа жеріне ауысуына байланысты шығындарды ғана емес, сонымен бірге әрбір казак отбасына үш жылқыдан беріп, казак бекеттерінің көшіп-қонуы үшін де шығатын шығындардың жартысын өздері көтеруге әзір.

Баянауыл бекетінің казактары диқаншылықпен айналыспайды, қырғыздарға өздерінің бекеттегі жер телімдерін уақытша пайдалануға бере отырып, олардан алынатын алым-салықпен ғана өмір сүреді, демек, приказ бен бекеттің егіннің бітік шығатын жеріне ауыстырылуы казактар үшін де, сондай-ақ қырғыздар үшін де бірдей тиімді болады.

Барлығын қорыта келгенде Сіздің жоғары мәртебеңізге мына жайды баяндауды міндетім деп есептеймін: алдағы уақытта жерді Баянауыл бекетіне межелеп бөлу кезінде, мен байырғы түрғындар қырғыздарға қыстаулар мен орман телімдерін бәрінен бұрын бөліп беріп, содан кейін қалған жерлерді казактарға берген әділетті болар еді деп жорамалдаймын, өйткені заң бойынша казактар жер үлесі негізінде қырғыздарды жайылымнан қыспайтындай алуы тиіс.

КҮНІ БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ЖҰМЫСТАР

АБЫЛАЙ

Абылай орыс жылнамаларында Сібір сұлтаны аталады.

Абылай – (Абулай) – Орта қырғыз-қайсақ ордасының ханы, XVIII ғасырда өмір сүрген. Ол Орта орданың кіші сұлтандары жағынан тараған, Әбілмәмет*[1] ханмен бір ата-бабадан, үшінші буында туысады және онымен бірге Абылай (біздің қағазымызда Абылай-сұлтан, бұл ханның немере ағайыны) 1739*[2] жылы Орынборда мәңгілік Ресей бодандығында болуға ант береді. Оның атасы, оның да аты – Абылай, Түркістан қаласының қожасы болып, керемет әскери ерліктерімен даңқы шыққаны сонша Қанішер деген қаһарлы әрі құрметті атақ алды. Оның ұлы Уәли әкесінің атақ-даңқын ұстап тұра алмады; көрші қожайындардың бірі Түркістанды алған кезде, оны өлтіреді, тек құлдардың бірінің адалдығы оның он үш жасар ұлының Абылайдың, өмірін құтқарды. Сенімді құлы өзінің тәрбиеленушісімен бірге Қырғыз даласына қашады. Өзінің атақты туысқандарынан шеттелген жас Абылай *якшылык*[*3] руының бай қырғызына қызметшілікке тұрады. Сол уақыттың күңгірт жағдайы Абылайға батылдығын, тапқырлығы мен ақылдылығын жарқырата көрсетуге мүмкіндік берді. XVIII ғасырдың бірінші он жылдығы қырғыз халқының өмірінде өте сұмдық уақыт болды. Жоңғарлар, еділ қалмақтары, жайық қазақтары мен башқұрттар түс-түстан олардың ұлыстарына ойран салды, малды айдап кетіп, қырғыздарды түтас отбастарымен тұтастай түтқындады. Тәңірінің сынағы сияқты ызғарлы қыс, жұт пен аштық олардың қайғысын ауырлатты. Орынбордағы қырғыз бір басшы өз жерлестерінің[1] аянышты жай-күйін бір топ ит қуған қоянның жағдайымен салыстырады. 1723 жыл өзінің қатерлі сипатымен қырғыздардың есінде ерекше орын алып, халық жадында ұзақ сақталып қалды. Осы қалың қар мен жұт қабаттасқан сәтсіз жылы Қалдан-Серен – жоңғар қонтайшысы*[4] қай-

*[1] Анығы: *Әбілмәмбет*.

*[2] Дұрысы: 1740 жылы.

*[3] Яғни, *жақсылық*.

*[4] *Қонтайшы* (хунтайджи) – Жоңғар хандығының билеушісі лауазымы.



Тевкелев портреті. Қарындаш. 1865 ж. Ш. Уәлихановтың сызбасы.

сақтар мен бүруттарды олардың бұрынғы шапқыншылықтары мен сотқарлықтары үшін жазалауға қыруар қолмен Қырғыз даласына басып кірді. Барлық жерде мейірімсіз жоңғарлардың қуғындауындағы қырғыздар үріккен киіктер сияқты мүліктерін, балаларын, **карттарын,** үй-іші бұйымдары мен көтерем малдарын жолда қалдырып, оңтүстікке қашады да, Ортаңғы орда – Самарқанд маңайына, Кіші – Хиуа мен Бұхарада, ал буруттар – Болордың аяқ жетпес шатқалдарына тоқтап, үреймен дүрліге Гиссар төңірегіне дейін жетеді.

Ортаазиялық құмды даладан шұрайлы жайылым таппай және де жаңа көршілермен жауласып қалған қырғыздар алып Ресей шекараларынан көмек пен қамқорлық іздеуге мәжбүр болды. Осы сұмдық және қанқилы уақытта көпшіліктің көңілін Абылай-сұлтан өзіне аударты. Барлық шапқыншылықтарда алғашында қатардағы жауынгер ретінде қатысқан ол теңдессіз батырлық пен тапқырлық таныты.

Оның пайдалы кеңестері мен стратегиялық ой-пікірлері оған дана деген атақ әперді. Абылай, шынында да, қырғыздардың оны төңірінің ұлы істерді аяқтауы үшін жіберген рухы (әруақ) деп санайтын беделге жеткенге дейін көптеген сынақтар мен күрестерді бастан өткерді. Ол екі рет – қара қырғыздарда (буруттарда) бір рет, екінші рет Қалдан-Серенде – түтқында болды. Оның Қалданнан құтқарылуы бір керемет болды, оның үстіне ол оның сүйікті ұлы – Шарышты өлтірді, күш-қуаты мол қалмақтың табанды талабына орай, қырғыздар тарапынан оған берілді. Қалай болғанда да, біз оны 1739 жылдағы Орта орда иеліктерінің ішіндегі ең күштісі деп білеміз және орыс үкіметі Абылаймен және оның ағасы Сұлтанбекпен айрықша қарым-қатынаста болды, өйткені осы уақыттарда ордаға жіберілген барлық орыстардың куәлік етуінше, нағыз ханның өзінің ешқандай орны болмады.

Ордамен жақсы таныс Тевкелев[4] бұл сұлтан туралы қырғыз қожайындары ішін-

дегі ең айлалы, ықпалдысы екенін айтады. 1759 жылы Абылай орыс сарайына өзінің туысқаны, Жолбарыс сұлтанды жіберіп, өз атына марапат өтінді, ақырында оған грамота жіберілді, жыл сайын 300 сом жалақы мен 200 пұт үн тағайындалды. Сол кезде Орта Азияда оқиғалар болды, олар Абылайдың атаққұмар ой-ниеттерінің жүзеге асуына мүмкіндік берді және олар халық арасында оның беделін одан әрі көтерді. 1745 жылы қырғыздардың үрейін тудырған Қалдан-Серен өледі де, Жоңғарияда бірінші адамға ұмтылу жолында кикілжің басталады. Қалмақ тайшалары алма-кезек Абылайдан көмек сұрап келеді, ол болса жоңғарларға деген ескі ыза-кегіне олардың әлсіреген сәтін пайдаланып, біресе бір жағына, біресе басқа жағына шығып ұрыс-керісті қолдайды. Император Цян-Луннің жеңімпаз әскерінің Жоңғарияда пайда болуының Абылай саясатына үлкен ықпалы болды, олар Жоңғарияны оп-оңай жаулап алған еді. Мұндай тарихта болып көрмеген. Жоңғария мен Кіші Бұхараны сәтімен тізе бүктіруі қытайлықтардың жауынгерлік рухын көтеріп, жаулап алушылық сезімін қоздырды. Шамасы, император Цян-Лун хань және тан әулеттерінің заманын қайталағысы келген сияқты. 1756, 1758 және 1760 жылдары қытай жасақтары қырғыздардың Орта орда[5] жеріне аяқ басты. Қырғыз билеушілері: Нұралы – Кіші орданың ханы[6], Әбділмәмбет – Орта орда ханы және Абылай Аспан асты империясымен*[5] байланыс жасауға асықты. Абылай 1756 жылы өзін богдыханның*[6] вассалы ретінде князьдік лауазым мен календарь алды. Нұралы Пекинге елші жіберді; 1758 жылы Қоқан қожайыны Ердене-би[7] және одан кейін оның орнын басушы Нарбота-би де «аспан ұлының»*[7] қорғаушылығын мойындады. Осы сыртқы бойұсынушылыққа қарамастан, ортаазиялықтар өте толқу үстінде



Шоқанның немере ағасы Ханқожаның портреті. Қарындаш және сия. 1862 ж. Ш. Уәлихановтың суреті.

*5 Яғни, *Қытаймен.*

*6 *Богдыхан* – (богдохан – «әулие хан») – Қытай императорының монғолша атауы.

*7 Яғни, *қытай императорының.*

болды; қуатты Жоңғарияның құлауы және бір діндес Кіші Бұхараның жаулап алынуы олардың дүрлігіне және түсініксіз үрейге алып келді, оның үстіне, ел ішінде бар аңызға сәйкес ырымшыл мүсылмандар қытайлықтар ақырзаман алдында әлемді бағындырады дегенге сенді. 1762 жылы Орта орда ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға 130 адаммен қытай елшілері келіп, императордың әмірі бойынша көктем шыға Түркістан мен Самарқандқа әскер жібермек екенінен хабардар етіп, осы жорық үшін адамдар, аттар, өгіздер мен қой сұраған кезде, қырғыздардың одан сайын үрейі үшты. Олар уақытша арадағы өзара ұрыс-жанжалды ұмытып, одақ құрды, оның басында Нәдір-шахтың[8] атақты генералы Қандағардың билеушісі және дуран әулетінің негізін салушы Ахмет[9] тұрды. Абылай одаққа жанама түрде қатысса да, байланысын үзбей, барған сайын қытай үкіметімен жақындай түсті. Ол тіпті Пекинге аманат ретінде өзінің ұлы Әділді жіберді, Абылайдың берілгендігіне разы болған боғдыхан Әділді бай сый-сыяпатпен, мархабатты грамота әкесіне қайтарды. Осының арасында Абылайдың өзі Іленің цзянь-цзуымен (генерал-губернаторымен) Сайрамкөл маңайында кездесіп, онымен сауда келісімін бекітті, сол келісімнің негізінде Тарбағатайда (Шәуешекте) және Іледе (Құлжада) айырбас базары ашылды, онда қырғыздар өздері айдап әкелген малға жергілікті қытай тауарларын айырбастады. Боғдыханның осындай ілтипаты мен ерекше сый-сыяпаты және лауазымы бұл қырғызға ұнамауы мүмкін емес еді. Қытайлықтармен жақын болған сайын Абылай Ресеймен қоян-қолтық араласудан қашқақтай бастады, 1771 жылы хан сайланылған ол өзінің атақ-абыройы арқасында халық қалаулысы атанып және де «аспан ұлының» грамотасымен бекітіліп қойғанын айтып, ант қабылдау үшін орыс шекарасына барғысы келмеді. Біздің бекітуіміз хан болу мүмкіндігі туралы қырғыздарда пікір туындамау ниетінде орыс үкіметі Абылайдың ант қабылдауы үшін және ханға лайықты белгілерді (қылыш, тон мен бас киім) тапсыру үшін ордаға шенеунік жіберді. Абылай балаларына өсиет ретінде тәліміңде Қытаймен анағұрлым жақын болуға, сонымен бірге Ресеймен келісімді сақтауға сақтауға кеңес берді. Оның, пікірінше Қытайлар, хан билігі үшін ешқашан қауіпті бола алмайды, сол кезде ол орыс үкіметінен жергілікті биліктің күшті оппозициясын байқады; оның үстіне уақыт жағдайы да қырғыздардың Ресей көмегін онша қажет етпеген кезі болды. Абылайдың ордадағы билігі мығым болды және Үлкен орда да (біздің қағазымызда үйсін болыстықтары[10]) оның билігін мойындады. Қытайлар Жоңғарларды қырғынға ұшыратты; қырғыздар, әсіресе, Абылайдың өзі қырып жойған торғауыттар Іле дейін әрең жетіп, мұнда қытай саясатының айлалы торына түсті. Пугачев көтерілісінен әлсіреген және үкімет қолына қараған жайық қазақтары өз

беттерімен қырғыздарға басып кіре алмады; тек қырғыз сұлтандарынан Түркістан, Созақ, Сайрам және Шу мен Ташкент арасындағы басқа қалаларды күшпен тартып алуға талпынған айлакер *буруттар* мен ішінара ортаазиялық қожайындар ғана қырғыздардың жауы болып қалды. Өз бойын табиғаттан тыс ғажайып күшке деген сенім мен наным билеген Абылай, қырғыз халқына өмірі болмаған батылдық берді. 1770 жылы Абылай Туро өзенінің маңында буруттарға шабуыл жасады, Шат арқылы сәтті өтіп, бұл таулықтарды Шу даласына дейін түре қуды. Қызылсу мен Шуға құятын Шамсы өзендерінің маңында болған қанды үрыста барлық буруттар одақтасып Абылайға қарсы шайқасты, күні бүгінге дейін ол аңыздарда «Жайыл қырғыны» деген атпен өмір сүріп келеді. Буруттардың жеңіліс тапқаны сондай, солту руының толкан үрпақтарынан тек 40 адам ғана қалды. Абылай өзінің сібір шегіне жақын сүйікті қонысы Көкшетауға соғыстан түскен мол олжасымен оралады, өзімен алып келген түтқындардың көптігі соншалық, олардың үрпақтары енді Жаңа және Бай қырғыз атауымен екі болыстықты құрады. Абылайдың Ташкентпен және Ходжентпен[11] соғысы, онда ол Жизаққа[12] дейін енді, жеті қаланың алынуымен және Әзірет[13], Сайрам, Шымкент, Созақ және басқа қалалардың оған тізе бүгуімен және Ташкенттің оған алым-салық төлеуге міндеттенуімен аяқталды. 1774 жылы Абылай үйсін ақсақалдарының өтініші бойынша, оларды басқару үшін өзінің үлы Әділді берді, оған Талас өзенінінің бойынан қала салып, оған еңбекқор қарақалпақтарды қоныстандырды. Өзінің басқа үлдарына, олардың саны 71 болды, Орта және Үлкен орда үрпақтарын үлесті жерлермен бөліп, өзі өз ру басшыларының өнегесі бойынша, Түркістанда қалды, осында 1781 жылы қайтыс болды, қожа Ахмет Ясауи мешітінің түбінде ата-бабасының сағанасында жерленді. Бұл керемет қырғыздың саяси өмірі міне, осындай. Жоғары дәрежеге жетуінде тек өзінің жеке қадір-қасиетіне ғана қарыздар болған ол халық құрметін ақтай білді, өз құмарлықтарына жеңіл-желпі әрі қалай болса, солай қарағаны соншалық, бұл құрмет бір жұмбақ сипатқа ие болды. Әбілмәмбеттің өлімінен кейін халық оны бірауыздан хан сайлады, қырғыз заңы бойынша мұрагерлік құқыққа ие Әбілмәмбеттің балаларынан бөлек ол, барлық сұлтандар ішінен мейлінше лайықтысы болды. Осы сайлаудың куәгері болған орыс мынаны айтады, жиналған ру ақсақалдарының барлығы оны жұқа ақ киізбен көтеріп, батылдығы менептілігі үшін мақтаулар жаудырды, бір-біріне оның қол жеткізген жеңістері туралы айтты, содан кейін оның сыртқы көйлегін үсақ қиықтарға бөліп жыртып, бір-біріне таратты, осы үсақ-түйекке қол жеткізгеннің қайсы да разы болды, сөйтіп сайланған ханның қадір-қасиетін жария етті. Бірде-бір қырғыз ханы Абылай сияқты осындай

шексіз билікке ие болған жоқ. Ол бірінші болып өз еркімен өлім жазасын белгіледі, халық сеймінің қағидалары бойынша ру басшылары мен сұлтандарының еріктеріне тиым салдырды, олар хан билігінің кеңесімен шектелді. Басында бұл сияқты жаңа өзгерістер оған қарсы сұлтандар мен билердің наразылығын тудырды. 1781 жылы Дайыр сұлтан Абылайды өзіне тиесілі билікті қолдан қағып кетуші ретінде көрсетіп, Орынбор губернаторына шағымданды. Ру басшылары ескі салт бойынша ханға қарсы соғыс ашпақшы болды, Польшада халықтың корольге қарсы түрғандығы сияқты, бірақ олар Абылай төленгіттері тарапынан талқандалды және олар оның темірдей тәртібіне бағынуға тиіс болды. Уақытпен келген еркін жеңілдіктерге қарсы болған бұл ханның іс-ірекеттері арқасында үрпақтары оны қасиетті санайтын дәрежеге қалай ие болғандығы түсініксіз және шайқас кезінде қайраттану үшін оның атын ұрандатады. Оның балаларына берген ауызша аманаты да керемет, бұдан оның Темірлан саясатымен ортақ сипаты байқалады: ол оларға қырғыз тайпаларының руаралық істі еркін ешқашан да толықтай шешпеулеріне кеңес береді, тек келіспеушілік пен үрыс-жанжалдар ғана хан билігінің мызғымас тірегі бола алады.

Қырғыз аңыздарында Абылай бір поэтикалық даңққа бөленеді; оларда Абылай ғасыры қырғыз рыцарлығының ғасыры болып табылады. Оның жорықтары, оның батырларының ерліктері эпикалық шығармалардың сюжеті болды. Сыбызғы мен хонбада ойналатын музыкалық пьесалардың көп бөлігі оның заманына және оның өмірінің түрлі кезеңдеріне арналады. Ержүрек Баян батыр өлтірілген шапқыншылық кезінде шығарылған «Шаңды жорық»[14] халық әнінде; «Қоржын қақпай»[15] – еділ қалмақтарына қарсы қысқы жорықтың естелігі, сол уақытта қырғыздар жауды бағындырғанға дейін 7 күн бойы ашықты, – күні бүгінге дейін қырғыз музыканттары орындап, үрпақтарына Абылай түсындағы даңқты кезеңді еске түсіреді.

ӘБУ-НАСЫР САМАНИ

Әбу-Насыр Самани ابو النصر سامانی. Ол құранды өте жақсы білген, заңдарды бұлжытпай орындап отырған және мемлекеттік басқару жүйесімен таныс болған – پادشاه ليق سلطنتی نی خوب بيلور پيغمبر نينك شريعت لاريغه رواج برور ايردی. Тіл қатысқанда, әңгімелесу кезінде оның тарапынан жылылық танылып тұратын. Өзінің әулиелігін аңғарғанына дейін ол саудамен айналысты, бірақ пайда көру үшін емес, көбірек зекет төлеу үшін және соның арқасында құдай алдында көп еңбек сіңіруді мақсат етті, өйткені өзінің кедей жолдастары шағымданғанда, пайғамбар былай дейді екен: ذلك فضل الله يو عتيه من يشاء*[1]. Зекетке еңбек сіңіру тек байларға берілген. Әбу-Насыр өзінің көпестік сапарларында кембағылдарға мол садақа таратып, ішіп-жемге қарық қылады. Өз үйіндегі аз уақыт демалысында күнде кешке ол құранды қайтара оқып, бес рет дәрет алып, әрбір 32 рет тізе бүгу кезінде мінәжат оқиды: سورة يس*[2]. Бір күні Әбу-Насыр қожа жолға шығуға ниеттенеді, түнде түсінде оған Пайғамбар: «Қожа, осы жолы сапарға шықпа, ал шығу керек болғанда, мен саған рұқсат етемін», – деп, жол ашып береді. Алты жылдан кейін қожа басқа түс көреді, онда Пайғамбар айтады: «Әй, қожа, енді сенің жолға шығатын кезің келді. Түрік еліне сапар шек – تركستان طرفيغه. Онда құдайдың бір бақытты құлы бар: негізінде, рахат менің діндарлығыма тиеслі, бірақ әзірше алдамшы кейпінде; оның есімі – Сұлтан Сатұқ Бүгра-хан[1] – дін үшін соғысушы».

Әл-қисса. Аруағым шарықтап, мәртебем асатын күннің түнінде құдай (тоғызыншы тәңірі) тағының алдынан басқа тақты көрдім, онда менің атап өткен ізбасарымның рухы отырды және сенің рухың оның діни символы мен құранды алды. Мен таңқалыста қалдым. «Бұл не деген рухтар?», – деп сұрадым өз ағам Жәбірейіл. Ол: «Ғибрат беруші рух сабақ алушыны исламға мойынсұндырады, сонда соңғысы Түркістан елі халқының сенімін құдаймен іліктестіреді». Қожаның бо-

*[1] Рақым Алланікі, кімге көңілі түссе соған береді.
*[2] «Йасин» сүресі – Құранның 36-шы тарауы.



Қыпшақтар ақтаңдағы шұрық қазақ жәнтектері және оларының ата Қазақ III Элшихановтың сұрөті.

йын қуаныш пен шаттық кернеп, ол Алла Тағалаға көп рахметін жаудырып, оның Пайғамбарына сансыз ғибадатын жіберді. Тағы алты жыл қожа өзін-өзі тежеп, рухын таза ұстау үшін ерік-жігер таба отырып, тағатпен өткізді. Бір күні қожа отырып ойланады: «сұлтан Сатұқ жарық дүниеге келді ме, келген жоқ па?» деп, және осы уақытта үйқысы келгенін де сезеді. Түсінде Пайғамбарды көреді: «Тұр, – деді, – ол дүниеге келді, бар да ізде». Сол сәтте-ақ қожа қуанышпен оянып, өзімен бірге ..... *3 алып, Түркістанға аттанады. Бір қаладан бір қалаға өтіп, «сұлтан Сатұқ» аталатын әулие осында ма? – деп сұрастырып жүріп, ол Әндіжанды табады.



Қожа Ахмет Ясауи аты-жөнінің бас әріптері. [Ш. Уәлихановтың қолы. 1856 ж.].

*3 Абу-л Фаттахты, өзінің ұлын.

ЕДІЛ БҰЛҒАРЛАРЫ

(Березин. Қазан, 1853 ж.)

IV бөлімше, бірінші бөлім.
Бұлғардан келген ізбасарлар туралы

/17а/ Мұсылман жыл санауының тоғызыншы жылында (болгар кезеңі бойынша, бір манускрипте айтылған), балық белгісі, қасиетті рамазанның 9-шы күні. Ол кезде (яғни, желтоқсан, 630 ж. Р.Х. бойынша) Айдар-хан ایدار خان болған, біздің Пайғамбарымыз, علیه السلام*1, Бұлғарға ислам дінін насихаттау үшін үш صحابه жібереді: 1-ші – عبد الرحمن بن زبیر, 2-ші – زبیر بن جعده, 3-ші – طلحه بن عثمان*2 (Френнің басқа қолжазбасында ол حنطله ابو ربیع*3 аталған), олар өздерін тәуіп-дәруіштерміз деп таныстырады. Ол кезде Еділ Болгардың астымен ағатын, Барадж-ханның түсында батыс жағынан ақты (Бұл кезеңді біреулер XI, енді бірі – XV ғасырға жатқызады). Бұл хижраның 396 ж. болған еді (1005 – 1006 ж. Р. Х. бойынша).

Болгарлар бұлардың صحابه жіберілген кезінде отқа табынушылар болған еді. Бұл صحابه көптеген аурулардан емдеп жазды. Айдар-ханның қызы ауырып қалады توی بیکه*4: ол сал ауруына үшырайды. Сонда باراج وزیر*5 айтады: «Ханым, сенің өмірің үзарады! Біздің қаламызға араб көшпенділерінен үш тәуіп келді; медицинада оларға тең келер кісі жоқ, бірақ олардың діні біздікіне ұқсамайды». Осы уақытта қалада 520 үй болған еді. زبیر بن جعد*6 ترکی روم تلی*7 білді. Пайғамбар Әбдірахманға – сәлде, Зубейірге – сия сауыт, ал Тулейхаға –аса таяқ берген еді. Барлығы исламды қабылдады. Олар صحابه үш жыл түрды (Френ бойынша اون یل)*8, мешіт, медреселер салды, خطبه*9 оқыды. Екеуі Мединаға қайтып оралды, ал Зубейір мырза осында қалып, ханның қызы Туйбикеге үйленеді, 20

---

*1 *Алайх-и ас-салам.*

*2 Серіктестері: 1 – 'Абд ар-Рахман б. Зубайр, 2 – Зубайр б. Джа'да, 3 – Талха б. 'Осман.

*3 Хантала Абу Раби

*4 Туйбике.


*5 Барадж-уәзір.

*6 Зубайр б. Джа'да.

*7 Түрік тілі.

*8 Он жыл.

*9 Мешіттегі жұма намазынан кейінгі уағыз.



жыл халыққа уағыз айтумен өмірін өткізіп, Бүлғарда қайтыс болады.

Міне, үш صحابه болғарлық шәкірттері:

داود ایشیای اوغلی – ندر بیکیای اوغلی – اوراز محمد بابق اوغلی – قول محمد تایش اوغلی – ادریس ایداش اوغلی – ایداش بن بایبو لات – ایشبولدی بن ایشبردی – تویجی بن توك محمد – عیان بن محمد – یومیلدی بن قول

کیراس – میراث بن کنجه بای – بایغول بن توی بردی[10]*

Бүл حافظ*[11] барлығының мола ғибадатханасы Бүлғарда орын тепкен.

Хижраның 195 жылы Зубейраның шәкірттерінен ешкім қалмады.

/17б/ *80 бет.* Оралдың батыс жағындағы Бүлғар аймағынан жабайы-башқұрттардан باشقورت шыққан ізбасарлары туралы Ай өзенінен Заидтың ұлы Айтқұл ایتقول زید اوغلی قوتلوبای دولت بای*[12] [اوغلی]; олар өз жұртының ынтасын исламға бұрды.

Уфа өзенінен бері اوفی ایدلی «Уфа өзенінің Ақ өзенімен түйіскен жерінде ноғай ханы Бай-Джура ханның жұрты бар باى جورا خان(?). Бұл жерден шыққандардан جان قول*[13] امان قول*[14] ұлы және басқалар белгілі, олардың моласы Уфа ағысының бойында».

Ақ өзендегі Тоғаш-хан аулынан шыққан оның екі ізбасар шәкірттері башқұрт пен *мишардың* барлық тайпаларын исламға бет бұрғызды.

Бүлғардағы атақты шейхтар туралы

Хижраның 909 жылдарынан (1503-1504) 989 (1581 ж. *мила-ди* бойынша, *87-бет*) есептеледі.

Нукрат (Вятка) өзенінің оңтүстік-батыс жағынан Буру аталатын өзен ағады. Сонда қазақ аулында قزاقلار اولندا*[15] Байраш бен Ибраш-сопы белгілі, ол көпшілік зікірінің[1] мырзасы және шешім қабылдаушы. Оралдан Түркістандағы қожа Ахмет Сеювида. Осы өзен бойында Адай-Черемыш ادای چرمش*[16] аулында Тоқмұхаммедтің ұлы – Ешмұхаммед деген белгілі. Ол қожа Байрашта оқыды.

---

*[10] Дәуіт Ишбай-оғлы, Нәдір Бикбай-оғлы, Оразмұхаммед Бабық-оғлы, Құлмұхаммед Тайыш-оғлы, Ыдырыс Айдаш-оғлы, Айдаш б. Байболат, Ишболды б. Ишберді, Тойшы б. Түкмұхаммед, Аян б. Мұхаммед, Юмилди б. Құлқирас, Мирас б. Кенжебай, Байғұл б. Түкберді.

*[11] Хафиз – құранды жатқа біледі, дінді сақтаушы.


*[12] Айтқұл Зейд-оғлы, Құтлыбай Дәулетбай-оғлы.

*[13] Жанқұл.

*[14] Аманқұл.

*[15] Казактар ауылында (немесе казаклар ауылында).

*[16] Адай-Череміш.



Авдеев бұғеттар» жұмысына М. Усманов жасаған карта

88-бет. تربردی چاللی*[17] немесе جاللی*[18] аулындағы бұлғар тайпасынан шыққан. Ыдырыс – Зулмұхаммедтің ұлы, Яркендке ياركان аттанып, шейх Ғидайатоллаға مريد*[19] оқуға түсіп, онда сопылық қағидаларын 15 жыл оқыды. Чаллыға жақын қазақ аулында Бағдатта оқыған Ахунд Ше'м бен Иштерак, حافظ*[20] Файзулла әпендінің ісін жалғастырушы болып шықты. Ол сөзімен де, ісімен де Қазан, Уфа, Алатұр, Синбир, Сарытау, Сарышын, Тобылдағы адамдарды тура жолға бағыттады; қазір оның моласы Тербердічаллыдағы қазақтарда.

---

*17 Тербердічаллы.
*18 Жалды.
*19 Мүрит – үстаздан ілім алушы адам.
*20 Хафизді.

/19а/ Чаллыға жақын Бердібек-хан аулында қожа Хабибулланың мазары орын тепкен. Мензелде Мүстафа-ханның жүртында Аруф-Билла Қожа Байрамның моласы бар, *90-бет*. Ақ өзеніне жақын Байқора-Черемыштің аулында қожа Әмір-Каланнің моласы мәлім. *90-бет*: Қыпшақ قبچاق аулына жақын Дым өзенінде Түғаш, Бекташ пен Сүлеймен қожалардың молалары бар.

يونجه*[21] т а у ы; оның етегінде ғайып болған ерлер رجال الغيب қайнары ағады, өйткені онда ғайып болған ерлердің басшысы Абдель Самед*[22] عبد الصمد жерленген.

Солтүстіктен Чулман мен Аққа көптеген өзендер келіп құяды, олардың ішінде белгілісі اشى تويمى*[23] мен екі: Үлкен және Кіші Черемшана.

---

*[21] Юнджа.
*[22] Абд ас-Самад.
*[23] Ашы, Түймы.

[ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ШОЛУҒА ҚОСЫМША]

/41а/ <Жерлерінің континенталдық массасы батыста Болор жоталарының меридианалдық тізбектерімен, солтүстікте – Тянь-Шаньнің параллель жоталарымен, оңтүстікте – жайпақ жазық түрінде танылатын Куэнлунмен – оны Риттер[1] Шығыс-Азия таулы қыратының бөлігі ретінде батыс Ішкі Азия атауымен сипаттаған – шектелген. Бұл ел Эргола не Лобнор (Жұлдызды теңіз) көліне құятын Тарым өзенді аймағымен іліктеседі. Бұл өзендердің шығар көзі өз бастауын жоғарыда аталған үш жотадан алады. Олардың бастылары: Көкшал, /41б/ Қашғар-Дарья, Яркенд-Дарья мен Хотан-Дарья. Көкшал өзені бастауын Шатыркөл көлін қоршаған Ақсай атты үстірттен алады да, оң жақтан*[1] Сарыяз өзенін, не Ақсу және Хан-Тәңірі-Ола жоталарының оңтүстік беткейінен ағып шығатын Мұзартты*[2] қабылдайды>.

<Бұл ел Қытай империясы провинциясын құрайды да, Оңтүстік және Жаңа тораптардағы қытайлардың кеңсесінің тілінде – Бэй-Лу аталады. Батыс өлкесі Тянь-Шань – Нинь-Лу деп аталатын жерді құрайды>.

Солтүстік торабын Жоңғария құрайды, ал Оңтүстік торабы Еуропада Кіші Бұхараның түрлі атауларымен мәлім. Еуропада бұл аймақ .....*[3] ие емес, /42а/ ...шын мәнісінде ол 1450 шақырымға ие. Біздің талдауымызға Ақсу меридианынан оның Болормен қиылысқан жеріне дейінгі кеңістік енеді. Осы созылған бойда Мусур-Дабань және Сабанчи-Дабань мен Кашкар-Дабань деген қытайлықтардың атауларын иеленеді; бірақ Шығыс Түркістанның жергілікті адамдары Мұзарт деген-нен басқа ешқандай жалпы атау бермейді. Мұзарт деп Текес, Ақсу және Нарын өзендерінің шығар жерінен басталатын шығыста жатқан таулар ұғынылады, олар бізде Хан-Тәңірі-Ола атымен мәлім. Ал жоғарыда көрсетілген өзендер бізде Муана-

---

*[1] Қате, болуы тиіс: *сол жақтан.*

*[2] Мұзарт өзені Көкшалға емес, Яркент-Дарьяға (Тарым) құяды.

*[3] Мәтіннен сөз түсіп қалған.

Музур-Давань, Сабадли-Давань және Қашғар-Давань аталып, Гумбольдт[2] /42б/ пен Риттер тарапынан қабылданған; осы жерлерде көшіп-қонушы халықтар, қоқандықтар мен Шығыс Түркістан түрғындары оларды біз қабылдап отырған айтылысында қолданбайды. Тянь-Шань шығыста Балқаш жүйесіне жататын Текес, Сарыжаз және Нарын, яғни Тянь-Шаньнің ең биік шыңы болуға тиіс Хан-Тәңірі-Ола тауларынан, өзендерінің бастауларынан шығысында үш ерекше сипатты рельефімен танылады. Бұл таудың биіктігі гипсометриялық анықтама бойынша дәл 20 мың фут; қарлы торап солтүстік беткейінде 11 540 фут биіктікте жатыр, глетчерлер 9500 фут биіктікке дейін құлайды.

Тянь-Шаньнің солтүстік беткейіне жақын Көкчар*[4] шыңынан Нарын өзені бастау алады, ол үзындығы мен суының молдығы жағынан Сырдария немесе Сейхун өзені салаларының ішіндегі ең маңыздысы болып табылады, ал Қашғар меридианы астындағы Чардыкөл таулы өзені жатқан Торғат үстіртінен Эрголаның ең үлкен бастауларының бірі — Көкшал бастау алады. Нарынның ағысы терең жыра салып, Тянь-Шаньді екі тармаққа айырады. Көкшал да осылай оңтүстік беткейінде қиғаштау ағады. Осы екі нүктенің, Нарын мен Көкшал бастауларының арасында өте суық Сырт таулы елі жатыр.

/43а/ Кіші Бұхараға апаратын қатынас жолдарын сыртқы және ішкі жолдарға бөлуте болады; біріншісі Азияның көршілес елдерінен Қытай империясының осы бөлігін солтүстігінен, батысы мен оңтүстігінен қоршайтын тау сілемдері арқылы шығады да, Тянь-Шаньнің, Болор мен Куэнлуннің шатқалдарынан өтеді, сондықтан алдымен Тянь-Шаньді ол арқылы өтетін жолдармен қатысты қарастырамыз.

[Тянь-Шань арқылы өтетін жолдар]

Бұл тау жоталары таулы Азияның солтүстік бөлігін құрап, /43б/ Самарқанд меридианынан шығыс-батыс бағытында жалғасады. Орталық параллель, немесе өрлеу өсі, $40^1/_2°$ және 43° ендікте шамаланады; осы үзына бойымен Тянь-Шань 64° тен 92° бойлыққа дейін жайылады. Риттер Тянь-Шаньды мейлінше қысқа қатынаста Парижден — 70° тен 92° шығыс бойлығымен қабылдайды, яғни Қашғар меридианынан Тянь-Шаньнің Хами меридианы жанындағы шығыс мүйісіне дейін; бұл тар кеңістікте таулар /44а/ мәңгі қар, мұздақтармен жабылып, Эрголға құятын өзендердің көлденең жайылмаларымен тілініп айтарлықтай биікке өрлейді; бұл кеңістікте тек бір ғана өткел бар, ол арқылы Іле қаласынан Ақсуға жол өтеді. Оны-

*[4] Қазіргі жазылуы: *Кокжар*.

мен жүріп жүрген қашғарлықтар мен қытай жазушыларының айтуынша, жол мүздақтар арқылы өтеді, теңдеп жүк артылатын жануарлардың тайғанап кетпеулері үшін мүзды ояды; ноғайлардың жартылай көшпелі бұл тайпасы осы өткелдің оңтүстік беткейіне қоныстанған, олар жолды тазалап, мүзды ойғаннан басқа ешқандай міндеттері болмады. Қытай жазушылары тарапынан сипатталатын барлық қиыншылықтарға қарамастан, барлық қытай керуендері, қазыналық көліктер және соңында, борышын өтеуге, сондай-ақ Кіші Бұхараға соғысқа бара жатқан әскерлер түйелерімен, тіпті артиллериямен өтіп жатады. Біз қытайлықтардың осы асу арқылы өткенде қандай сақтандырғыш шаралар қолданатынын білмейміз, бірақ оның, соншалықты қиын емес екенін шамалауға болады. Бұл жол тек қытай бодандарына ғана ашық, ал шетелдіктер онымен қатынаса алмайды.

/52а/ Батыста меридианалдық өзен Ақсудан алғанда Тянь-Шаньнің сипаттамасы мына түрде көрсетіледі: оның биіктігі айтарлықтай қысқарады, есесіне көлденеңінен жалпая түседі де, сопақша аңғарлармен тілінген тау қыратын түзеді, олардың ішінде кейбіреулері Тарағай, Ақсай және Чадыркөл алқабы сияқты едәуір байтақ жон түзеді. Оның түзу түскен көлденең тілігінің ұзындығы 200 шақырымдай бар.

<Бұл кеңістік Қашғардан 170 шақырымдай шалғай солтүстік-батыста Сарыжаз өзені бастау алатын Көкчар шатқалымен> бірдей биікке көтерілген. Бұл торап Эргол және Сыр /52б/ (divortia aquorum) жүйесі суын айыратын қасиетімен қызмет атқарады. Қырғыздар бұл жердің биікке өрлеген сипатына қарай Сырт (Арқа) деген атау береді. Өзінің тұтас кеңістігінде ол уақ, бірақ қалың шөппен жабылған; Кичьге шатқалындағы Caragane jubatae есептемегенде, оның өзінде шағын кеңістікте, ешқандай бұта, ағаш кездестірмедік. Суық барлық кезде маңызды орында болды, бір жерде қарлы боранға тап болдық. Қырғыздар мұнда жаз ішінде қар өте жиі түсетінін айтады; өткен жазда өлген аттар мен қойлардың қаңқалары бұл деректердің шын екенін дәлелдеді. Бұл борандар тезектен (малдың кепкен боғы) басқа отын болмаған жағдайда керуендер үшін де аз қауіп тудырмайды. Зауқы шатқалы арқылы шыңға көтерілгеннен кейін, біз Зауқы өзені мен Нарын салаларының бірі бастау алатын ұзына бойғы алқапқа шықтық; бұл алқап 10–20 мың фут абсолютті биіктікке ие. Қоршап тұрған таулар /53а/ мәңгі қардың қалың қабаттарымен жабылған; Нарын аңғарына қарағанда, тау алды биіктігі болымсыз көрінеді; шатқалдың бұл өтетін жерінде қар жолдың оң және сол жағында жатты. Бұл тауды асып өткен біздер Нарын параллельдері арасындағы шағын үстіртке және оған құлайтын Қарасай өзеніне шықтық; бұл жер қырғыздарда Тарағай деп аталады. Жалпы Тянь-Шаньдағы біздің жолы-

мыздағы барлық ұзына бойғы алқаптардың айтарлықтай биік болғаны күмәнсіз, олардың ішінде ең шырқағаны, біздің пікірімізше, 8500 футтан еш кем болмауы тиіс, ал қайтар жолымызда болған Чадыркөл көлі 9 мың фут қалыпта болуы керек; осы кеністікте әрқашан ұзына бойғы бағытпен Нарын мен Көкшалға құятын кіші өзендер ағады. <Нарын Көкшар шыңынан бастау алады, осы жерден Чааташ атауымен Сарыжаз және Текес өзендері де бастау алады да, шағын батпақты алқаппен ағады. Тарағайдан өткен Нарын төменге қарай тереңдей бастайды да, бірте-бірте терең жыра /53б/ қалдырады; оның жағалаулары жартастармен қысылып, ағыс қатты бола түседі; осылайша ол Кіші Нарын өзенімен қосылғанға дейін ағады. Бұл ағыс жергілікті Қапшағай атауына ие; Қапшағайда оның аңғарының төмендегенін танытып, бірте-бірте өсімдіктер пайда болады, басында вереск*[5] Juniperus sabina, Caragana jubatae, содан кейін субальпілік флораның түрлі өсімдіктері, ақырында, қылқан жапырақты орман аймағы басталады. Өзен Нарынмен қосылғаннан кейін жартастардан босанып, оның жағалық аңғарлары бір жарымнан үш шақырымға дейін созылады, оның жағалауларында тал, терек Populatus pruinosa*[6], бүрген (Hippophae rhamnoides) мен итмұрын кездеседі. Жер беті жусан мен шиден көрінбейді. Нарынға көптеген ұсақ өзендер құяды, олардың ішінде оң жақтан құятындары тіпті керемет. Кіші Нарын Зауқы мен Баскөл өзендерінің салаларына жақын өрлеуден бастау алады; содан кейін екі өзеннен құралатын Онарша-Отын, солтүстіктен Қарасай, Қаракөл, Атбаш және Арпа. Соңғы /54а/ екі өзен Чадыркөлдің батысында жатқан таулардан бастау алады және оның аңғарында Нарын алқабындағы сияқты тары мен бидай өндіретіні ғажап. Басында оңтүстік-батыста, содан кейін оңтүстікте ағысы бар Сарыжаз өзені Үштек пен Күчигданді?, Шолақ Қапшағай мен Куеуртекті өзіне қосып алады. Көкшал өзені Көккия тауынан бастау алады, Чадыркөл көлі өрлеуінен бастау алатын Ақсай өзенімен қосылады, өзіне оң жақтан шағын Теректі, Қызылсу өзендерін, солтүстік жағынан Қалмақ-Үшақты қабылдайды. Чадыркөл маңайынан Жүзген-Гүлше (көбінесе бізге Күмішкен атымен белгілі) өзені ағып шығады, ол Нарынмен қосылғаннан кейін ескілікте Яксарт, Сейхун аталатын Сырдария өзенін құрайды. Сырға құятын өзендерден, бізге қаншалықты мәлім болғандай, тек біреуі ғана – Ош, Маргелан және Қоқан қалаларының оңтүстігінде жатқан таудан ағып шығады, бұл таулар Тянь-Шаньнан едәуір биігірек, жергілікті халыққа /54б/ Алай деген жалпы атауымен белгілі.

Тянь-Шанға шоғырланған көлденең жоталардан солтүстік

---

*[5] Вереск – қате, болуы тиіс: *арша*.

*[6] Дұрысы: *Populus pruinosa*.

өлкеде Қайши, Күйлі, Жетімасу және соңында, Нарынның солтүстік жағалауында жатқан таулар белгілі, олар Қызылқұрт, Кетпентепе және Керден-Даван*[7] атауларымен солтүстік-батыста Сыр өзенінің бұрылысына дейін жалғасады; екінші торап Нарынның екінші жағалауымен Ишегарт, Чахыр-Хурун*[8], Аламашук*[9], Қаратал, Үш-Қошай атауларымен өтеді. Ташрабат таулары Қошай тауларынан Атбаш өзенінің алқабымен /57а/ бөлінеді. Чадыркөл көлінен батыста Құғарт, Көкірдек, Көктойын мен Терек-Даван атауларымен Алай тауларымен қосылады; Ақсайдың солтүстік жағалауы бойымен, Құбергенті бастауларының шығысында Белерь-Күрдек-Гурты [?] атауымен тізбек өтеді, Тойын, Теректі, Көкшал таулары Тянь-Шаннің оңтүстік етегінің табанын құрайды. Чадыркөлдің батысында таулар едәуір биікке өрлейді де, аңғар көдімгідей терең жыра салады, осыған қарап, Юзген*[10] мен Гүлше өзендері жағаларының теректі орманмен көмкерілуінің себебін түсінуге болады, ол /57б/ Қызылқұрт, Құғарт пен Терек тауларында үнемі қар жатуымен байланысты сияқты. Шығыста Ақсу өзенінің көлденең ағысы тік шатқалдарда салған терең жыралары бойымен қылқан жапырақты орман өседі.

Жолдың үлкен бөлігі екі негізгі бастаудың арасындағы кеңістікте жатыр; осы кеңістікте керуендер үшін тартылған көптеген жолдар бар, ал ат жолдары түтас Сыртты шиырлап жатыр. Керуен жолдарынан мейлінше жақсысы – Тарағай арқылы өтетін жол, онда Ыстықкөл аңғары төмендегі өтпелі жолдар бойымен: өзен арқылы және Түрген-Ақсу өткелі арқылы, Зауықшақ, Қашқасу, Юнгорама*[11] және Басқауын өтпе жолдары арқылы көтеріледі. Бұл өтпелі жолдардың барлығы соңғы өрлеуде тым тік әрі қиын, алайда барлығымен түйе арқылы да өтуге болады. Осы жерден бірнеше жол ашылады: бірі Тарағай арқылы Чақыркөрім мен Келінтайғаққа, мұнда жол екіге айырылады, бірі Бедел-Ақсу арқылы немесе Күргүты өтпелі жолы арқылы тура Түрфанға, ал басқасы – Ақсай мен Киректы*[12] аңғары арқылы Қашғарға; Ақсайдан Көккия өтпелі жолы арқылы Көкшал алқабына түсуге болады. Тансықтар [?] арқылы қарауыл Қашғарға шығады. Тарағайдан шығатын басқа жол Нарын алқабымен Құртқаға барады, осы жерден Атбаш өзені арқылы Ташрабат тауларына, Чадыркөл көліне және одан Тойын ағысы бойымен Қашғарға апарады; Ыстықкөлден де керуен қатынасына арналған жол бар; ол Алабаш өзені бойымен Тянь-Шанға көтеріледі, содан кейін

*[7] Қазіргі жазылуы: *Кендер (Кендір) – Даван.*
*[8] Қазіргі жазылуы: *Соқырқорым.*
*[9] Қазіргі жазылуы: *Аламышық.*
*[10] Яғни, *Үзген.*
*[11] Қазіргі жазылуы: *Дунгуроме.*
*[12] Қазіргі жазылуы: *Теректі.*

Онарша арқылы Нарын алқабына өтеді; Басқоныс өтпелі жолынан Кіші Нарын ағысы бойымен жол бар, бірақ Қалмақ-Ашу асуы арқылы өтеді, тік құлама екені соншалық қара қырғыздардың өздеріне осы асудан өту үшін бірнеше күн түнеуге тура келеді. Нарын өзенінен Ақсай жолына Ұлан-Чаркрама мен Атбаш өтпелі жолы арқылы шығуға болады. Қытайлар шекараны шолу үшін аттаныс кезінде ескі уақытта Ыстықкөл алқабынан Нарынға көтерілген, оның ағысы бойымен Чакрама өзеніне дейін жүріп, Нарын көпірі арқылы өтеді де, Чалодрама [?] ағысы бойымен жоғары Атбашаға дейін жетеді және осы жерден Ақсайға, Терек арқылы Қашғарға төмен түседі. Бұдан басқа Түрген-Ақсудан немесе Текестен Үш-Түрфанға тура жол бар. Ол Құялы, Ишегарт тауларын асып, Белер, не Кугурты, немесе Бектерек арқылы Үш-Түрфанға алып барады. Керуендермен қатынасуға едәуір ыңғайлы негізгі жолдар: біріншісі – Тарағай, Чакыркөрім мен Теректі арқылы Қашғарға және екіншісі – Нарын ағысы бойымен Құртқаға, Ташрабат арқылы Чадыркөлге, Тойын ағысы бойымен Қашғарға. Біріншісінде үш басты асу бар: Зауқыға көтерілетін бірінші өр тым тік құлама, сынған жартастардың ірі кесектерімен жабылған, түйелер үшін қиын, олар үзіліп кеткенде өлгенше шашылып кетеді, ал, Басқауын мен Дүңғырама өтпелі жолдары мұншалықты қиын емес дейді. Екінші асу – /60б/ Жетімасу – болмашы биіктікте орналасқан әрі ыңғайлырағы; үшінші – Чакыркөрім, өте тік құламалы, осында Келінтайғақ қия беткейі бар, ол қарлы кезінде өте қауіпті. Жолдың қалған бөлігі тегіс жерлермен өтеді әрі биік өрлер жоқ. Теректі, құлама ретінде үлкен кедергі, қауіп тудырмайды, дегенмен оған көтерілетін өр оңай болмауы тиіс; осы барлық жолды ағыл-тегіл су, қалың, шүйгін шөп басып жатыр. Осы бүкіл жол бойында жаздың өзінде қар түсетіндіктен, тезектен басқа отын жоқ, бұл әсте ыңғайлы емес.

Нарын ағысы бойымен оған Кіші Нарын құлайтын жерге дейін екінші жол өтеді, жағалары жартастармен көмкерілген; жол әр жерінде кесек тастармен басып тасталған тар жағалаумен өтеді; есесіне бұдан ары жол бойы өте түзу әрі тегіс келіп, үш шақырым ендікке дейін жеміс беретін алқаппен өтеді. Құртқадан шығатын жолда биік емес, бірақ тасты әрі тар Баипче асуы, содан кейін Ташрабат өтеді, оның солтүстік беткейі тік жартастармен қысылған, бұл жер бізге болмашы қашықтық сияқты көрінгенімен, қиын екен. Әрі қарай жол ыңғайлы, ешқандай бөгет болмайды. Тойын алқабы ашық, өзеннің таудан шығатын жеріне дейін түзу; бұл жолда Баипче мен Балғын тоғайы арасындағы кеңісітікте ғана бесінші асуға дейін отын жоқ, бірақ басқа жерлерде самырсын*[13], терек, ал

*[13] Дұрысы: *шырша*.

Тойында бүрген мен жыңғыл (Tamarix gallica) қалың өскен. Алғашқы жолда асулар және бағдар желісі.... (маршрут) бойынша ...төбелер саналады. Осы ең қысқа жол; екіншісінде .... өтпелі жолдар мен ..... төбелер бар. Басқа барлық жолдардың ішінен, керуендердің куәлік етуінше, Алабаш өзені бойымен Онарша мен Нарын арқылы жүретін жол мейлінше ыңғайлырағы, онда төрт өтпелі жол бар және содан кейін Қытай өткелінен Ақсайға дейінгі жол біртегіс, бірақ отынсыз, екі күнге айналады; Үш-Түрфанға тура жолда төрт асу бар, тым биік әрі қиын — ол асулар туралы айтқанбыз; ал бұл жолда отын да бар әрі азық та жақсы.

Үш-Түрфанның өзінің маңайында улы шөп бар, одан теңдеп жүк артылатын малдың көбісі өледі. Осы жолмен Түрфанға дейін керуен жолы 8 күн алады, ол шамамен 150 шақырым арақашықтықты құрайды. Чадыркөлден батысқа қарай, біздің айтып өткеніміздей, тау айтарлықтай өрге көтеріледі де, аңғарлар тереңірек кетеді; бұл кеңістікте Теректі таулары арқылы өтетін тек бір ғана керуен жолы бар, олар географиялық картада Қашғар-даван деп аталған, шамасы, одан қашғарлық керуендер өтетін болғандықтан осылай аталған сияқты. Әндіжан алқабының жолы Теректі тауларына өрлейді: Гүлші өзенінің ағысы бойымен, содан кейін оған құятын Теректі; соңғысының ағысы бойымен асудың ең үшына көтеріледі. Сол жақта басқа да өтетін жол — Блай бар. Теректі шыңын қар басып жатады, қыста жиі қар көшкіні болып тұрады. Содан кейін жол Оксалур өзенімен қиылысады, онда шағын бекініс салынған. Бұл өзен Алай тауынан ағып шығып, солтүстікке қарай ағады. Гүлшіге құюы мүмкін, жағалауы ырғайдан (Cotoneaster multiflora) және басқа ағаштардан тұратын орманмен көмкерілген; содан кейін жол таулар арқылы Ніл-Даван тік құлама өтпелі жолымен асады да ырғайлы орманы бар өзенге шығады, жайылған аңғарлары бар ол өзен солтүстікке қарай ағады; осы аңғарлардан өтіп келе жатқанда жол төмен түсе бастайды да, тым тарылып барып, Түмен өзеніне, Қоқан қарауылына алып шығады, оған жақын жерде қытай бекеті бар, содан кейін Мүшы қыстағына және бұл жерден Қашғарға апарады. Бұл жол керуен жүрісімен 10—18 күн алатын шақырымға созылып жатыр. Қоқан қаласы — Оштан Қашғарға аттылар 6 не 8 күнде келеді.

Теректі жолы ортаазиялық керуендердің Қашғармен қатынасатын жалғыз жолы болып табылады. Сол арқылы Темірлан әскері, ал біздің тұсымызда Қоқан ханы Мәделі өткен. Бұл жол қара қырғыздардың шабуылынан мүлдем қауіпсіз. Отыны мол, азық та жақсы. Мұнан бөлек Тянь-Шаннің бұл бөлігінде Әндіжаннан Үзген өзені ағысы бойымен Құғарт, одан кейін Сүттібұлақ бойымен Тойынға немесе Үзгеннен Арпа және



Атбаш алқабына, одан Чадыркөлге; содан Джумгар*[14] арқылы Қызылқұрт таулары арқылы Құртқаға ат жолдары бар.

Болор арқылы өтетін жолдар

Болор атауын айтқанда бізде Батыс Түранның жерорта ойпаңын Шығыс Түркістаннан бөліп жатқан меридианалды жота еске түседі. Бұл таулар солтүстігінде Қашғар параллельдеріне жақын түста Тянь-Шанмен, оңтүстігінде Гиндукушпен және Куэнлунмен қиылысады. Бұл таулар Білұртағ не Білұртар, яғни Хрусталды тау деген атқа ие. Марко Поло оны Belero; Клапрот оны үйғыр тілімен Булит не Булуттак деп атайды, ол Бұлтты таулар деген мәнді білдіреді. Иакинфа әкейдің куәлік етуінше, тұтас тізбек қытайларда Цинь-Лунь – Пиязды таулар деген атпен белгілі, өйткені онда тас пияздары көп өседі. Гумбольдт бұл атауды Куэньлунға қарай жанасатын бөлігіне ғана таратады. Жергілікті халық бұл атаулардың ешқайсысын және оның Гумбольдттың Тянь-Шаньнің жалғасы деп түсініп, Алай атайтын солтүстік үзына бойын да білмейді. Бұл таулар Терек-Даванмен қиылысқан жерден басталады, азиаттықтардың айтуы бойынша, оның Чадыркөлден оңтүстік-батысқа қарай бағыты бар. Алай Терек-Даваннан және Тянь-Шаньнің басқа да тауларынан едәуір биік; Яркендпен қатарлас жатқан оның бөлігі Памирдің биік таулы алаңында жатқан Сарколу[3] өзеніне орай, Сарколтаг[4] деп аталады.

<Вуд[5] бұл өзенді Сарыкөл деп атайды; біз Памир атын жергілікті адамдардан естіген емеспіз, сондықтан оны түрлі /66б/ ортағасырлық шығыс саяхаттарынан алынған Мустаг, Белуртаг, Болор сияқты ешқандай мәнісі жоқ географиялық атаулар қатарына жатады деп ойлаймыз.> Лейтенант Вудтың ипсометрикалық өлшемі бойынша Памирдің ауданы 15 600 футқа ие және күн [?] меридианалдық биіктік бойынша 34°27′ солтүстік ендікке тең.

<Азиаттықтардың куәлік етуінше, бұл елдің суық болатыны соншалық, тіпті сонда көшіп-қонып жүретін қырғыздар жаз кезінде денелерін ғана емес, беті-қолдарын да қой терісіне орап жүреді; жыраларда жаз бойы қар жатады. Осы елге тән жануарлардың қатарында азиаттықтар бір *расса* жөнінде айтады, ол сиырдан біршама үлкенірек және ішіне түлкі күшігі сиятындай соншалық үлкен мүйізі бар қошқар туралы айтады. Біздің Сарыкөлде болған қырғыздардан сұрастыруларымызды саралай келгенде, бұл жануардың өлшемі тым үлкейтіліп айтылған және ол Тянь-Шань тауларына тән тау ешкісінен Ovis argali басқа ештеңе емес деп ойлауға себебіміз бар. Вудтің өзі *рассаны* көрген жоқ, бірақ бойы екіжасар

*[14] Жаңылыс, болуы тиіс: *Жумгал.*

құлындай қошқармен таныс. Қырғыздар осы алқапта жаз бойы көшіп-қонып жүреді және басқа таулы жайылымдарға қарағанда, осы жерден салқын жай табады. Борнс (Burnes) жергілікті адамдардан жиналған мәліметтері бойынша, оның Сарыкөлден барлық жағынан 6 күндік жолға созылып, ол 150 шақырым радиусты құрайтынын айтады. Онда бірнеше көл жатыр: Сарыкөл, Рьянкөл және Қаракөл, ал қытай мәліметтері бойынша, Қаракөл, Түскөл мен Ыстықкөл. Біз Яманьяр-Үстен өзенінің өз бастауын Қашғардың батысында төрт күндік жолда жатқан Қаракөл көлінен алатынына сенімдіміз; бұл көл Памирдің солтүстік шетінде болуы керек деп ойлаймыз. Лейтенант Вуд жергілікті адамдардан алынған мәліметтердің негізінде, Сырдарияны Сырдария, Қашғар-Дария және Инд өзендерінің салаларынан ағып шығады деп болжайды. Бізге Сырдария салаларының көпшілік бөлігінің Тянь-Шаннан шығатынына сеніміміз мол, тек олардың ішінде бір Майқабақ [?] қана солтүстікте Памирді қоршап жатқан Алай тауынан шығады. Сарыкөлден Яркенд-Дарияның салаларының бірі Сарыкөл атымен ағып шығады; онда Сарыкөл селосы жатыр; Қаракөл көлі маңайында Бостантерек Қоқан бекеті, ал Сарыкөлдің маңайында Ташқорған бар, ол жерде шенеуніктер сонда көшіп-қонатын қаратейіт руынан шыққан қырғыздардан зекет жинау үшін тұрады>.

Болор арқылы Ақсу[6] алқабына өтетін бір ғана жол бар; бұл жол Янысардан немесе Яркендтен Памирге апарады, одан кейін Ақсу алқабына төмен түседі де, өз жолын Бадахшанға дейін, /69а/ бұл жерден Балх пен Бұхараға жалғастырады. Янысардан 850 шақырым жер есептеледі; бұл жол үлкен қиындықтарды алға тосады және көп жерлерінде ілініп түрған жартастардан өтеді; жол қырғыз шабуылдарынан мүлдем қауіпсіз, олар Қоқан билеушілерінен қорқып керуендерге тиіспейді. Болор тауларында ат жолдары мен Қоқаннан көшетін қырғыздардың жолдары көп. Аспара арқылы Қаратегін мен Дарвазға жол бар; онымен Қоқаннан Қаратегінге қатынайтын шағын мақта мата және соған ұқсас арзанқол тауарлар артқан керуендер жүреді, ал қайтқанда ол жақтан қой және ешкі түбітін әкеледі; Маргеланнан шығатын басқа жол Алайға Шаймардан өтпелі жолы арқылы көтеріледі, осы жердегі мұсылмандардың айтуынша, оның үйінің жанында*[15] Әли моласының үстіне салынған мешіті бар. Ферғана алқабының қырғыздары алдын ала құрбан шалып, бар көшімен осы жол арқылы өтеді де, жазды салқын Памирдің жазғы жайылымдарында өткізеді. Ыстық жерлерде бәрінен бұрын жылқы малын ығыр қылатын шыбын-шіркейден мұнда мазалары кетпей, өз

*[15] Яғни, мазар жанында. Шаймардан (парсы. Шах-и мардан – «Адамдардың патшасы» – Әлидің тенеуі).

табындарын тойдырып, тамызда, астық жинайтын кезге қарай, қырғыздар тағы да Сырға қайтып оралады.

Қоқандықтардың Қаратегінге үлкен қолмен жасаған жорықтары және соңында күсбегі Ләшкер мен Ахан*[16] жасаған шапқыншылықтар Болордың осы түстары, әсіресе қара қырғыздардың көшу жолдары арқылы керуендердің де өтулерінде бөгет болмауы тиіс екенін көрсетеді. Құндыз әлемі де Чатралға және сиахпуштар жеріне өткен. Болор тауларында таулықтардың ерекше тайпасы таралған, олар алқап түрғындары арасында ғалша атымен мәлім. Олардың батырлығымен атақтары шыққан, және Қоқанды еуропа үлгісімен қаруланып, орысша киінген жаяу әскермен қамтамасыз етеді. Оларды киімдерінің қара түсіне байланысты сиахпуштар деп атайды. Ғалша тайпасы бірнеше тәуелсіз иеліктер құрады, олардың жартысы Қаратегін, Дарваз бен Бадахшандағы сияқты көне парсы [тілінде] сөйлейді; кейбіреулерінің Шунганда, Ахан мен Чатралда өз тілдері бар. Осы халықтардың билеушілері өздерін Александр Македонскийден таратып, шахтар титулын иемденген. Қаратегін, Дарваз 40-шы жылдары шамасында Қоқан ханының билігін мойындады, бірақ ақырында Қоқандағы кикілжінді пайдаланып, /71б/ тәуелсіз халыққа айналды, дегенмен бұл елмен достық қарым-қатынас жүргізуді жалғастырып келеді, өйткені олар Қоқанға сауда жағынан тәуелді болып отыр. Қалай-Құмда, осы иеліктің жер кепелерден түратын астанасында, қара бидайдан басқа еш нәрсе өсіп-өнбейді, түрғындар қатқыл шұға жасайды, ал қалғандарының барлығын Қоқаннан алады. Қырғыздар бұл таулықтардың тауына жиі шабуыл жасайды, бірақ қаратегіндіктер оларды жазасыз қалдырмайды. Біз болған кезде /72а/ Памирге төмен түскен осы таулықтар қырғыз ауылдарына шабуыл жасады да, олардың әйелдері мен балаларын тұтқынға әкетті. 1823 жылы Бадахшанды құндыз әмірі Мүрат-бек тізе бүктірді және ол қазірге дейін оның қол астында келеді. Маңайдағы Шугнан, Уахан мен Чатрал иеліктері кіріптарлар ретінде алым-салық төлейді, ал жиналған салық Бұхара мен Яркендте сатылады.

Куэнлунь [арқылы өтетін жолдар]

Тау жүйесі 36° солтүстік ендік бойымен Болор меридианды жоталарынан Кокунора (Koucounoor) көліне дейін созылып жатыр. Ғалымдардың пікірінше, осы жерден ол Нань-Шань және Гемань-Шань аталатын қытай қорғанына дейін жетеді; Гумбольдт Куэнлунді Гиндукуштың шығыс жақ жалғасы деп есептейді. Куэнлунь Тарым етегін Тибет тау беткейінен бөліп

*[16] Яғни, Вахан.

жатыр, ол соңғы ақпарат бойынша, үздік-создық өрлейтін алаң емес, тау шоғырларымен кескіленген аумақ түрінде танылады, ал орташа биіктігі 10 800 фут шамасында. Куэнлунь Болормен қиылысқан бұрышында Цунь-Лунь деген атқа ие, ал Бұхаралықтар және басқа да түрғындар Тарташ-Даван деп атайды, ол пиязшық деген мағынаны білдіреді.

Яркенд пен Хотаннан /73а/ Тибет пен Кашмирге шығатын жол Қарақорым тауы арқылы өтеді, оны жергілікті Куэнлунь тізбегі атауымен қабылдау керек, өйткені Яркендтен Ладаққа баратын жолдағы бірінші өтпелі жол Қарақорым болып табылады. Бұл жолды 30-40 күн арасында жүріп өтеді; 10 күн бойы Тынзап өзені ағысымен, Яркенд ведомствасындағы түркістандық селолардың бойымен жүреді. Жолда Кукъяр қытай күзет орны бар, одан кейін Қарақорым жолын асып өтеді, ол сонда 1848 жылы болған доктор Томсонның өлшемі бойынша, 18 604 ф. биіктікке ие. Мұнда жол екі айрыққа бөлінеді, бірі Шаюк өзенінің ағысы бойымен кетіп, содан кейін Нубра деревнясына шығады да, 3 күнде Ладаққа жетеді, ал басқасы Сеисар жолымен өтеді. Бұл жол маусым, шілде және тамыз айларында ашық болады. Томсон Ладақтан шығып, жүріп отырып, 9-шы күні Қарақорым шыңына жетті. Бұл жол алғашында шөпсіз отын-суы жоқ жалаң даламен өтеді, сондықтан Яркендте екі ат пен ішіп-жемді қамдап алады. Бұл жол қара қырғыздардың және Құланкақ тоғайына шығып, керуендерді тонайтын гильит таулы тайпасының шабуылынан қауіпсіз. Азиаттықтардың мәлімдеуінше, Қарақорым тауларында кеудеге қатты қысым түсіп, демнің тарылғаны сезіледі, оны ауа қысымының жетіспеушілігі деп қабылдау керек*[17].

Хотаннан Үлкен Тибет пен Халассуға*[18] жол бар.

Айтқандарына қарағанда, таулы жолдар өте көп, бірнеше айлап жол үстінде өткізуге болады. Тибетпен сауда қатынасы кейде Үлкен деп аталатын Орта Тибет арқылы Лех немесе Ладақ қаласында жүргізіледі, және бұхаралықтармен, қашғарлықтармен, бадахшандықтармен және әрі қарай оған дейін 16 күн жүріп жететін Кашмирге баратын Балтистан түрғындарымен де сауда жүргізіледі. Мұнда алып таулар жатады, көпестердің көп бөлігі жаяу жүреді; жолдың үш бөлігін жүріп өткеннен кейін ғана елді мекен үшырасады, ал Батыс Тибетке немесе Жоғарғысына көпестердің өздері бармайды, тауарларды кашмирліктерге сатады, <олар қачи (Katchis) атымен Хласстағы, далай-лама астанасындағы құрметті сословиелердің

*[17] 1813 ж. қабул түрғыны Рафаилов Тибетке саяхат жасады, Жаркенттен Үлкен Тибетке 24 күнде келді (Ш. Уәлихановтың ескертуі).

*[18] Яғни, Лхасска.

бірін құрады. Гималай мен Куэнлунь арасында Кашмирдің шығыс жағында жалпы Тибет атауын иемденген бірнеше иеліктер жатыр: біріншісі – Кіші Тибет, немесе басқаша Балтистан аталатын Тибет (Өрік ағашы – Sari Batan), Куен-Луннің оңтүстік етегіндегі Қанжут, Гильгит иеліктерімен енеді. Екіншісі – Ладақ (Ladak), немесе Лех (Lex), тибетше Лата-Юл, ол шығысынында Неримен, немесе Нгаримен – Хлассинск әкімшілік аумағымен шектеседі. Хлассаны (H'Iassa Гоба бойынша, Lhassa) далай-ламалары және ақсүйек билеушілер басқарады да, олар комиссарлары үнемі Цзянь-Уанның сарайы жанынан табылатын богдыханның билігін мойындайды. Оның оңтүстігінде Чжислуюмба жатыр, мұнда Төменгі Тибеттің діни басшысы Бань-Чань Ерден келіп тұрады. Бұл ел /75б/ де богдыханның билігін мойындайды. Хлассинск провинцияларынан Калькуттаға лента, зер, қайшы мен ағылшын шұғаларын сатып алу үшін качилердің жүретін жолдары бар. Ладақ оңтүстігінде сейскі магараджылары иеліктерімен шектеседі де, өз билеушілерімен басқарылады. Ладақ 11 600 ф. биіктікке ие, қараша айында температура қату нүктесінен төмен болады, ал қыстың жартысында Фарангейттік*[19] 30 градус шамасында болады>.

<1813 ж. бұл ел Кашмирмен бірге Дуранилер[7] үйіне қарасты болып, ауған губернаторы Ахбат-Махмут-ханмен басқарылды. Осы иеленушінің 25 қыркүйек 1815 жылғы хатында /76а/ ол тибет раджасы аталған және ол Лей қаласынан жазылған; біздің уақытымызда Ладақ сейскі магараджысы иелігінің бөлігін құрайды. Ладақта шет елдіктер еркін тұра береді және де соңғы уақытта оған ағылшындар жиі қатынауда. Қытайлықтар сарайы жартастарға шашырап орналасып, әр жерінде алтынмен сәнделген гильгит билеушісінің билігінен кейін де Тибетпен қарым-қатынасын үзген жоқ; [тибеттіктер] Яркендке жыл сайын келеді, хебе-амбанның алдынан өтіп, өз /76б/ билеушілеріне арқаларына артып сыйлықтар алып кетеді. Хласскі аймағына

Шанси (Shan-si), Сычуань (Sitchuan) және Юньнань губернияларынан үш жол алып келеді. Сычуань жолы Да-Цзянь-Лудан шығады; онымен Тибетке жіберілген қытай комиссарлары және Тибет елшілері мен көпестері өтеді. Бұл жолдардың барлығы да өте қиын, үлкен асулардан өтеді, сусыз, отын орнына қодастың кепкен тезегі – аргал ауыстырылатын ешбір отынсыз жерлермен жүреді. Ең ыңғайлысы деп Гук пен Габбе[8] өткен Шансий /77а/ жолы есептеледі. Дегенмен, Гуктің сондайлық бейнелей сипаттаған сұлу табиғат алға тартатын барлық қиындықтарға, коло тайпалары тарапынан болатын тонаушылық әрекеттеріне қарамастан, қытайдың іскер көпестері Тибетке шай және орыс, ағылшын шұғаларын әкеледі>.

---

*[19] 30°F – 34,4°C-ты құрайды.

Біз сыртқы атаған бұл жолдардың барлығы әлемдегі ең биік тау тізбектерінен өтеді, көптеген табиғи қиындықтар тудырады. /77б/ Олардың ішінде, біздің пікірімізше, ең кереметі әрі ыңғайлысы тяньшаньдық жолдар, содан кейін Терек-Даван, содан кейін Бадахшан жолдары арқылы өтетін асулар, Ладақ арқылы Кашмир мен Үндістанға апаратын жолдар. Тауарларды тасымалдау үшін жылқыларды қолданады да, тек Тянь-Шань арқылы ғана түйелермен өтеді; Тибеттің кейбір жерлерінде қодастар, есек, тіпті ешкілер пайдаланылады.

[Ішкі жолдар]

Ішкі жолдар деп осы провинцияны [Батыс өлке] Қытаймен қатынастыратын жолдарды айтамыз; ол қытайлықтарда Оңтүстік торап деп аталады; Қытайдан шығатын ол [жол] Батыс өлкеде соғыс бола қалған жағдай үшін деп қамдалып, дүкендер орналастырылған Сучжоуға қаласына кетеді. Ол Гуньчанфудан 940 шақырымға қашық, ал онда Қытайдан Батысқа апаратын барлық жолдар тоғысады. [Сучжоудан] 34 шақырымда Цзя Юй-Гуань бекеті бар. Бұдан Хами немесе Комулаға дейін 750 шақырым қашықтықта осы қалаға 15 шақырым ғана қалғанда қысқаратын дала созылып жатыр. Хамида қазыналық /78б/ нан дүкендері орналасқан. Әрі қарай екі жол кетеді: бірі Жоңғарияға, ал басқасы Түркістанға. Жоңғар жолы Аспан тау сілемдері арқылы Баркөлге (Хамиден 165 шақырым) кетеді. Баркөлден батысқа, Үрімшіге дейін 604 шақырым; одан әрі Хур-Хара-Усуға дейін 280 шақырым және бұдан Ілеге, немесе Хуй-Юань-Ченге дейін, ол бізге Күлжа атымен белгілі, және Шәуешек атымен белгілі Тарбағатайға Күлжадан баруға болады (400 шақырым) немесе, Хур-Хара-Усуға (25 шақырым) жетпей, солтүстікке /79а/ (340 шақырым) бұрылу керек. Тарбағатайдан Бұқтырмаға дейін 406 шақырым және Хобдаға дейін 350 шақырым есептеледі. Түркістанға апаратын жол Хамиден шығып Пичанға (455 шақырым), одан Түрфанға (Koune Tourpan) (120 шақырым), архимандриттің куәлігінше, Паладия[9] (600 шақырым); Түрфаннан Боғдо-Оло арқылы Үрімшіге (245 шақырым) және оңтүстік-шығысқа Лобнор көліне қарай; ал Лобнор арқылы Тибетке апаратын басқа даңғыл жолмен, ешкім қатынаса алмайтын сияқты көрінеді. Түрфаннан Харашарға дейін - 450 шақырым. Осы қаладан оңтүстік-шығысқа қарай дала мен мибатпақ созылып жатыр, ал солтүстік-батыста Нарат- /79б/ Давандағы Джундус*[20] өзені арқылы Ілеге жол кетеді; Харашарадан Бүгүр қаласына дейін 320 шақырым; одан әрі қарай (150 шақырым) Куча, ол жерден Ақсуға 335 шақырым. Мұнда төрт жол айырылады: Ілеге, Ош пен Қашғарға, Яркенд пен Хотанға;

*[20] Яғни, *Жұлдыз*.

Ілеге дейін және Мұзарт-Даван арқылы 615 шақырым, Иакинф бойымен, 940 ли – 485 шақырым, ал Гумбольдттың сұрастырған бағыты бойынша 400 шақырым – керуен жүрісімен 15 күн (Asie Centrale, т. Ш, 409 және 410), Ош-Тұрфанға 120 шақырым; Оштан дала арқылы Қашғарға /80а/ 350 шақырым. Ақсудан Хотанға тура жол құм арқылы өтеді, бірақ, көргендердің куәлігінше, барлық жерде су бар. Ортаңғы жол оңтүстік-батыста Барчукқа кетеді; 290 шақырымнан кейін бұл жол бөлінеді: бірі Қашғарға кетеді, ал басқасы Яркендке. Қашғарға дейін 15 күн, 400 шақырым шамасында, ал Яркендке дейін 670 шақырым, ал Иакинф бойымен 1305 ли. Қашғардан Янысарға дейін 85 шақырым, Янысардан Яркендке дейін 140 шақырым, ал Яркендтен Хотанға дейін 405 шақырым. Әнсиден Хамиге дейінгі жол құмды және далалық жерлермен кетсе де, барлық жерде жиі-жиі бекеттер салынып қойылған, оларда қытайлықтар тұрады және әр бекетке түркістандықтардың бірнеше отбасы бекітіліп қойылған. Кез келген жерден түрлі азық, тіршілік қорларын алуға болады; жерлері тегіс, көпшілік бөлігінде су мен отын мол. Қашғардан Ақсуға баратын жолда және соңғысынан Яркендке кететін жол Қытайдың шалғынды жерлерімен өтеді [?], ал Яркенд пен Қашғардың арасында, табиғи жайылымдар жоқ болса да, ол негізі ел жақсы қоныстанған жерлерде созылып жатыр және әр жерден де мусуй мен қунақты /81а/ кездестіруге болады; біріншісі пішеннің орнына мал үшін керемет азық болады, ал екіншісі сұлының орнын толықтай ауыстырады.

Қытайлықтар тауар тасымалдауға түйелерді пайдаланады, бірақ Қашғарда бұл жануар өте аз, сондықтан тіпті далалы тегіс жерлерде де жылқыны пайдаланады. Файзбаттан төмен Тарым өзені, Хайду өзені де кеме жүзетіндей болса да, су арқылы қатынас жолдары мұнда жоқ. Тянь-Шань мен Куэнлун арасындағы кеңістік Тарым өзенді аймағымен селбелеседі де, салыстырмалы түрде төмендейді.

Тянь-Шань өзінің биік қыраттарына қарай таулы өлке (Hochland) болып танылады және онда айтарлықтай биіктік контрасты кездессе де, ол тұтастай биік тегістік (жазық) болып танылмайды, яғни тар мағынасында таулы үстірт (Tafelland, plateau), сондықтан біз ол үшін таулы ел атауын қолданамыз (Gebirgsland).

/81б/ **[Өсімдік әлемі]**

Эргола мен Тарым /82а/ сулы аймағы үш жағынан: солтүстіктен, батыстан және шығыстан*[21] биік таулармен қоршалып, шығысында ашық жазық болып танылады және Эргола

*[21] Қате, болуы тиіс: оңтүстіктен.

өзенінің ағысына қарағанда, осы өзен қуятын Лобнор көліне қарай қиғаш орналасқан.

Қашғар маңайы, жалпы қатты саз топырақты әр жерін гужир*[22] – ащы түз не ұсақ шағыл жапқан біртегіс дала болып келеді. Жантақтың тікенекті бұталарынан, Бұхара маңайындағыдай шекер сөлін бермейтін түйе шомыртынан, Artemisia бірнеше түрі және сирек те болса жыңғыл бұталарынан (Tamarix gallica) тұратын кедей өсімдік әлемі бұл шөл далаға жан бітіріп тұрады. Кучадан төмен Тарым жағалауларының алқаптары Лобнорға дейін /82б/ шүйгін шөп, шомырт пен қамыс жапқан орманға бай батпақты шалғын болып келеді де, өткел бермейтін саз бен ми батпақ түрінде танылады. Янысардың батысында және Хотанның солтүстігінде қандай да өсімдіктен ада, ащы-түзды су қоры бар ұлан-байтақ Гоби құмды даласы жатыр. <Осы далалы жерлерде, тіпті, Қашғар, Янысар мен Яркенд қалаларының аймақтарында тікенді бұталар – жантақ, жусан және басқа да құмды /83а/ жерлерге тән өсімдіктер өндіреді, оның есесіне өзендердің жағалаулары бұталы және ағаш өсімдіктерінің ең алуан түрлеріне бай.>

Су өтетін жер болса болғаны, топырақ өте өнімді әрі құнарлы бола береді, сондықтан да өзендердің жағалауларындағы жерлерде флора өте алуан түрлі болып келеді.

Қалың жыңғылдар*[23] өзен жағалауларын көмкеріп тұрады. Жер суландыратын каналдар елді мекендерде құнарлы қалың желекті түрлі ағаштардың қатарлары бар шұраттар түзеді.

Жыңғылдар (орман) келесі өсімдіктерден тұрады: терек (Populatus pruinosa), тал (Salix), барбарис – қызғылт және таулық (Berberis heteropoda), әр түрлі тұқымды итмұрын, жыңғыл, бөріжидек (Lonicera), бадалжан (Eleagnus angustifolia), бүрген (Hippophae rhamnoides) және қараған; Яркендтің батысындағы тауларда осы жер түрғындарының әр түрлі ұсақ-түйек жұмыстарында қолданылатын ырғай (Cotoneaster multiflora) өседі, ал Хотан маңайындағы /83б/ тауларда – жабайы түт ағашы, айтқандағыдай, құмдарда сексеуіл көп. Жалпы бұл елдегі жабайы өсімдіктер Іле алқабынада басым өсімдіктердің тұқымына жатады. Іле алқабының тау беткейі қатпарлы саздан немесе түрлі минералдың жеке-жеке кесектерінен құралған таужыныстарының жалаңаш жартастарынан,

---

*[22] Гужир – Иакинф /?/ ойлағандай, глаубер түзы емес, ол түрлі түздардың қосындысынан тұрады, *Sulfur magnesia* ащы түзы оның ең басты құрамдас бөлігіне жатады (Ш. Уәлихановтың ескертуі).

*[23] Ағылшындарда жағалау ормандары парсы сөзімен джунгли (Jungle) деп аталады; бізде Орынбор өлкесі мен Сібірде бұл сияқты тоғайлар өрім деп аталады. Біздің жыңғыл деп атайтын себебіміз, бұл атауды жергілікті адамдар қолданады (Ш. Уәлихановтың ескертуі).

немесе қатпарлы тастардан тұратын Тянь-Шаньнің оңтүстік баурайына қарағанда, өсімдікке анағұрлым бай; Болор жағынан жүргенде, айтып жүргендегідей, өсімдік алуан түрлі. Оның есесіне селолар мен қала маңайлары жасыл желекті баққа оранған.

/84а/ Топырақтың өсімдік өнімі үшін көзге ұрып тұрған қолайсыздығына қарамастан, егістік жерлерді суландырғыш жүйенің көмегімен және адам қолының ықпалымен Қашғарда түрлі астық, өнеркәсіптік, бақ және бақша өсімдіктері үлкен жетістікпен өсіріледі. Астық өсімдіктерінен – бидай, суды көп қажет ететін әрі басқаларға қарағанда, кеш алынатын сорочин тарысы, арпа, тары, бадаржанның екі сорты, соңғысы асқа, әсіресе, сұлының орнына мал азығы ретінде қолданылады; жүгеріні шағын /84б/ көлемде себеді; кездемелік мақта өседі, әсіресе, көбіне осы өсімдікті өсірумен айналысады. Ол Тянь-Шаньнің оңтүстігіндегі барлық пункттерде бірдей өседі, сол уақытта осы таудың солтүстік жағында оның дақылы азаяды. Қарасора, әсіресе, Янысар қаласында өсіріледі; одан үлкен сауданың көзі болып табылатын және май алатын бянь – наша дайындайды; темекі үлкен көлемде Үш-Түрфан қаласында өндіріледі. Күнчурт*[24], одан май май алынады, ал тұқымнан алынған сығындысы*[25] күнжара деп аталып, түйе мен сиырдың азығына кетеді. Мусуй – бұл өсімдіктерді табиғи жуасы жоқ үлан-байтақ егістіктерге сеуіп тастайды да, жылына алты ретке дейін орады, оны пішен орнына жылқыға азық ретінде пайдаланады. Бояу өсімдіктерінен риян себіледі де, ол екінші жылы алынады. Бақша өсімдіктері: шалқан, сәбіз, пияз, сарымсақ, түрып, қызылша, картоп мейлінше болмашы көлемде, қияр, ол да өте аз, қарбыз, асқабақ пен қауын; бақша өсімдіктері ішінен, әсіресе, әрі ыдыс, әрі қауын ретінде пайдаланылатын асқабақ тамаша. Соңғылары өздерінің дәмімен мәлім және екі тұқымы болады, олардың бірінің еті жасыл түсті және қабығына жеткенге дейін тәтті. Қауындар түрғындардың сүйікті тағамы және қыс бойы сақталады. Бақтарда өрік, шабдалы, алма, жүзімнің түрлі сұрыптары өседі, ең жақсылары болып ақшыл сопақша келген гусейни есептеледі, анар, алмұрттың екі сорты, ноошибад, алмұрт пен нақ, Квит алмасы*[26] мен інжір өседі. Тәтті және қышқыл анарлар өседі, бадалжан желім, сондай-ақ чилян береді. Қашғарда, сондай-ақ, алма, қара өрік, ал шиенің одан қызыл [?] өсіріледі, бақтарда терек, түттың екі тұқымы, оның бірі дәмі жақсы жеміс береді; жүзімді қысқа жерге көміп қояды. Бұл жемістердің барлығы келесі терімге дейін, ең болмағанда, наурыз айына дейін сол күйінде сақталады.

---

*[24] Яғни, *күнжут*.
*[25] Яғни, *күнжара*.
*[26] Яғни, *беже*.

/86б/ Біз сол күйінде сақталған анар, алма, алмұртты үнемі сатып алып отырдық. Өрік, шабдалы мен інжір жемісі қысқа төзе алмайды. Бұхаралықтар мен қоқандықтар сияқты қашғарлықтар бұл жемістерді кептіре алмайды да, ішкі саудасымен шектеледі. Яркенд округіне қарасты Қарғалы аулында (деревнясында) басқа қалаларға жіберілетін грек жаңғағы өседі. Теректер құрылысқа кетеді, ал бадалжаптың, тал мен түт ағаштарының жыл сайын бұтақтарын кесіп тастап отырады, олар отын мен төбеге төсеу үшін қолданылады және Қашғардың маңайында кем дегенде үш күндік жолға дейін жыңғыл кездеспейді; ал Риттер айтатын қант шомырына келсек, ол мұнда жоқ. Балалар бадаржанның жас діңінен алынатын сөлін сорғанды жақсы көреді; Алты қаланың аумағында апельсин ағаштары мүлдем жоқ, сұрастырғанда да болмады. Комулда да бұл жемістің болуы екіталай деп ойлаймын, оған қоса, бұл қала 5° Қашғардың солтүстігіне қарай жатыр. Қашғардан түтас градусқа солтүстікке қарай жатқан Ферғана алқабының өсімдіктері анағұрлым алуан түрлі әрі байырақ, тауы шырша ағаштарымен, аршамен көмкерілген; Ташкент төңірегінде тауда және Наманган мен Әндіжан тауларында да пісте жабайы түрде өседі. Бақша кәсібі мен егіншілік Қашғарда кең көлемге жеткен, оның есесіне бақ өсіру мұнда анағұрлым төмен дәрежеде дамыған. Наманган, Қанбада*[27] қалалары бау-бақпен басым шұғылданады және кептірілген жемістер ауқымды сауданың көзі болып табылады.

Аң патшалығы

Қалалардың төңірегінен, елді мекендерден қандай да бір аңды көру қиынға түседі. Осы елді қоршап жатқан тауларда жабайы ешкі, арқар, қасқыр, түлкі, елік, шиебөрі, сілеусін мен аюлар көп дейді. Құлан, тарпан, ұзын қара жүнді енекелердің (буйвол) табыны /88б/ және қарақұйрықтар құмды далада өріп жүреді. Кіші Бұхарада үй түйелері аз кездескенімен, тағы да қытайлықтардың жабайы түйелер жөніндегі куәлігі біздің тарихымызда бар қашғарлық қожалардың куәлігімен де расталады. Тамир жыңғылын қабан, барыс пен қояндар мекен еткен.

Құстардан мұнда үйрек, қаз, бүркіт кездеседі; соңғы жануарлар, әсіресе, Хотан мен Яркенд тауларында өсіп-өнеді, ал қаршыға Ақсудан әкелінеді. Тауларда қарабауырлар /89а/ (кекіліктер) көп және жыңғылдарда қырғауылдар мен құрлар мекен етеді; қараторғай, ұзақ пен қарғалар қалада да кездеседі. Батыс Түркістанда мешіттерге ұя салып, көшеде үй жануарларымен бірге жүре беретін ләйлектердің бұл өлкеге сирек келетіні – керемет таңқаларлық нәрсе.

*[27] Қате, болуы тиіс: *Канибадам*.

Қашғардағы үй жануарларынан қырғыз түқымдас жылқылар, түйе, сиыр, қодас, қырғыз түқымдас қойлар мен есектер үшырасады. Үй құстарынан ең көп тауықтар мен көгершіндер кездеседі. Ғажап, мұнда /89б/ ит жоқ, есесіне, мысықтар ерекше ықыласпен өсіріледі.

Шығыс Түркістанда мал шаруашылығы кәсіп ретінде жоқ десе де болады. Басқа жануарлардан көбінесе халық есекті өсіргенді тәуір көреді. Бұл жануардың осы жердегі түқымы Бұхара мен Қоқанға қарағанда, анағұрлым азырақ, олар — сұр түсті жүнді, қара жоталы және иықтарында көлденең сызығы бар. Бұл жерлерде шалғындар мен жайылымдардың /90а/ жетіспеушілігі мал шаруашылығының дамуына кедергі келтіреді. Тек бай адамдар мен жүк тасушылар ғана жылқы асырайды, ал тек қытайлықтар ғана Моңғолияда өсірілетін түқымға жататын түйелерді пайдаланады. Тек асырауы арзанға түсетін, күтімі оңай есектерді ғана жергілікті адамдар тәуір көреді. Жылқылар қырғыз түқымына жатады, Қоқан мен Қара қырғыз ордасынан айдап әкелінеді. Жергілікті ақсүйектер, айырықша көз жеткізгеніміз, Қоқан арғымақтарын мінбейді, сондықтан да бұл түқым өте сирек әрі тек қоқандықтар ғана асырайды; олар таза қанға — топчаққа, не аралас қанға — қарабайырға жатады. Бектер, қытай сәнінің ізімен, басқа мүсылман елдерінде арам мал деп, ал оларды асырау күнә есептелетін қашырларды асырайды.

/91а/ Долондар — Тарым жағалауларын мекендеген ерекше тайпа, Бай мен Сайрам қыстақтарының түрғындары, жалпы Ақсу және Күшас округтерінде де Тарымның батпақты жағалауларымен толы жайылымдардың болуына орай едәуір көлемде қалмақ түқымдас қой өсіреді. Хотанда да осы түқымдас мал өсіреді және олардың жүмсақ елтірісі тонға пайдаланылады. /91б/ Батыс пен оңтүстікте жатқан Яркенд округінің қыстақтарында тауда моңғол сиырларын (қодастарын) өсіреді. Бұл түрғыда, әсіресе, Сарыкөл, Санчжу мен Кильян қыстақтарының аты шыққан.

Қашғарда жәндіктерден сарышаяндар, бүйі; кесіртке мен жыландар бар. Хотанда жабайы түрдегі түт көбелегі (Bombyx morii) бар. Тауларда, қырғыздардың әңгімелері бойынша, қарда тіршілік ететін құрттардың бар екенін айта кетуді жөн санадық. Бұл, бәлкім, болуы да тиіс, өйткені Борнс Гималайда да осы сияқты құрт жөнінде айтады.

Қытайлардың ең керемет аяздарда да жүмыртқасын мүзға салатын қара-күскаш құсы жөніндегі әңгімелері, соңында түйе шамалас көлемдегі қарақүс бүркіт туралы, сондай-ақ тоң майын сығып алып, содан кейін қайтадан жіберетін майлы құс жайы — мұның барлығын біз ертегіге балаймыз, оның үстіне, жергілікті адамдардан бұл сияқты ешнәрсе естімедік. Өз тарапымыздан, Лобнорда балықпен күнелтетін, кенеп және

басқа да киім түрлерін өздері судан тапқан алтын мен бағалы тастарға сатып алатын жабайы адамдар бар екені туралы жиі тыңдауымызға тура келген осы ертегіден құлағдар ете аламыз. Біреулері олардың – су астында, ал басқалары аралдарда тұратынын айтады.

/94а/ **Халық шаруашылығы**

Өлкенің табиғи өнімдері туралы мақаламызда егіншілікті біз ауыл шаруашылығының басты саласы ретінде атап өттік. Астық дәндерінің басты түрлері: бидай, сорочин тарысы мен бадаржан. Ауыл шаруашылығының басқа түрлерінің жоқ болуына орай тұрғындардың бар назары егіншілікке бөлінген. Егін жырту, жер суару жүйесі, егін себу уақыты Орта Азияның басқа да мемлекеттеріндегі сияқты, солармен мүлдем бірдей. Бидайды күзде ерте сеуіп, маусым айында жинайды. Егістік жер суландыру құралы көмегімен күзде егінді еккеннен кейін және көктемде алты ретке дейін суға толтырылады. Сорочиндік тарыны сәуірдің басында себеді де, қыркүйектің соңында тереді; астықтың мұндай түрі үздіксіз суаруды қажет етеді. Джугара бір уақытта себіліп, біршама кеш жиналып алынады.

Мақта-мата өсімдігі біржылдық сортқа жатады, шөптес атауымен белгілі. Қашғарлықтар бұл дақылды егу кезінде және түқымын жинауда қоқандықтарға қарағанда, өте епті, сонда да бір кемшіліктен – майын бөліп мақтаны бүлдіретін түқымды бөліп тастаудан – құтыла алмайды. Сәуірдің басында сеуіп, екі ретке /95а/ жуық суландырады. Жібек Хотанда өсіріледі. Оның күтімі мен барлық жерде пайдаланылатын құрттарын өсіру мүлдем бірдей. Қарасора Шығыс Түркістанның барлық қалаларында өсіріледі, жергілікті саудадағы шикі өнімдердің бастыларының бірі болып табылады. Май (зығыр) мен жапырақтан (бян) алынатын сөл сығындысы шығарылатын сауда заттары құрамына еніп, бүкіл Шығыста мақтан етіледі. Янысар бяні ең жақсысы.

Бидай, мақта халық байлығының басты мәнісі болып табылады; олар халықтың кедей өмір сүрмеуіне жағдай жасайды және сонымен халық алым-салықтарын төлейді, тағы [олар] мануфактура мен сауда ісі үшін өнім болып табылады. Кіші Бұхарада бидай дақылы мен мақта ескі уақытта да дамыған еді және сол кездің өзінде тұтас халықтың /95б/ моңғол хандарына алым-салық өтемін сонымен төлеп құтылуына мүмкіндік берді. Бидайдың <путы> (екі қашғарлық ширек) күміспен 30 тиын түрады (қашғар ширегінің 25 пұлымен).

Сорочин тарысының путы күміспен 45,5-тен 48 тиынға дейінгі аралықта түрады (қашғар ширегі 65 пұл түрады). Мақтаның Қашғарлық ширегі 4–5 қашғар теңгесі түрады, демек,

пұт біздің ақшамыз бойынша 2 сом 40 тиыннан 3 сом 20 тиын күміс ақша тұрады. Жібектің пұты Хотанда 4-тен 9-ға дейін, ал Қашғарда 8-ден 10-ға дейін Қоқан алтынымен бағаланады.

Қарасора сығындысының (бян) пұты Қашғарда 20 теңге, ал янысарлық Қоқанда 30-дан 50 теңгеге дейін тұрады.

[Қалалар мен селолардың топографиясы]

/45а/ Халық қонысының басты таралымы Эргола алқабын шектейтін тау етегі болып табылады. Бұл жазықтың ортасы құм мен сортаң басқан өнім бермейтін дала болып келеді; жалпы Кіші Бұхараның түтас жазықтығы құм-сазды келіп, ауаның кебу кезі мен жаңбырдың жетімсіздігіне қарай әр жерінде жусан мен тікенді бұта – жантақ жапқан жалаңаш жер түрінде танылады, мұнда Бұхара төңірегіндегі сияқты таранжебиннің қантты шайырын өндірмейді. Оның есесіне, су бар жерлерде топырақ өте құнарлы бола түсіп, өзен жағаларының бойымен тал, терек, бөріқарақат, үшқат, раушан, джигда, жыңғыл мен шеңгел өседі, сондықтан елді мекен өзен ағысын, артықшылықтарына қарай таудан шығатын ағыс бойын алады. Қашғар тайпаларының таралу шегі, Эргола өзенді аймағын айтпағанда, Тянь-Шаньнің солтүстік жағында Құлжа, Үрімші мен Баркөл қалалары бар Ілеге өтіп кетеді. Осы кеңістікте шығыс-түркістандық тайпалар қоныстанған көптеген қалалар, селолар /46а/, деревнялар мен бекеттер жатыр, алайда біз тар мағынасында, Алты қаланың территориясымен шектелеміз, өйткені Кіші Бұхараның шығыс округтері туралы, Иакинф әкейдің «Описание Джунгарии и Восточного Туркестана» аудармасынан белгілі нәрселерден басқа, ешқандай жаңа мәліметтер ала алмадық. Қала ведомствасына енетін кейбір селоларды қытайлықтардың қала деп атайтынын <айта кетуіміз керек>, бірақ біз бұл түрғыда оларды жазы, яғни ауыл деп атайтын жергілікті қарапайым адамдардың түсінігін ұстанамыз. Шығыс Түркістанның қалалары мен селолары арасындағы айырмашылық, біздің пікірімізше, біреу ғана болуы мүмкін: қалалар дуалмен қоршалған, тығыз қоныстанған, әр үй бау-бақпен, егістік жерлермен, бақшамен, мақта және басқа ауыл түрмысы өнімдерімен қоршалып жеке тұрады.

Шығыс Түркістанның әр қаласы төңірегіндегі селоларымен және ауылдарымен бірге қосылып округ құрады. Осылайша, Кіші Бұхараның батыс бөлігі – <Алты-шаар> – алты округке бөлінеді: Қашғар, Янысар, Яркенд, Хотан, Ош*[28] және Ақсу. Қалада жоғары басқару құрылымы бар. Хакімбек – <қала басқарушысы>, осы дәрежесімен бірге барлық округтің басқару-

*[28] Яғни, Үш-Түрфан.

шысы ретінде түскі ас кезінде дабыл қағып, кернейде ойнайтын музыканттар ұстауға құқығы бар. Кейбір үлкен селолардың өз басқарушылары, тек музыкасыз, өз алимахундары бар, бірақ қала басқарушысы – хәкімбекке бағынады.

Түркістан қалаларының жалпы сипаты /47а/ тым бірыңғай. Шығыстың басқа да қалаларындағы сияқты биік мұнаралар мұнда жоқ. Үйлер, хәкімдердің сарайын (орда) қоса айтқанда, нығыздап жасалған балшық тастан салынады, жалпақ шатырлы және бай адамдарда әкпен және де түрлі әшекейлермен қытай мәнерінде сыланған, ойылып жасалған үлкен терезелері қағаздармен желімделген болады, ал кедейлерде жарық төбеден жасалған қуыс арқылы түседі.

Саяхатшы, [қалаға жақындай бере], өз сәулетімен біздің күркелерімізді еске түсіретін әр бұрышында бірнеше мұнаралары бар биік дуалдарды көреді. Көшелері тар әрі түзу емес; базарға апаратын бас көшелерімен ғана арба әрең жүреді. Тек үйлер ғана көше жағынан дуалмен қоршалған да, мешіттер мен медреселер алдыңғы жағымен көшеге қаратылған. Қала орталығын, әдетте, «аит-ка» немесе «регистан» аталатын мешіт алып, ал оның алдына барлық жерде*[29] базар алаңы орналасады. Басқарушы үйінің алдында, үлкен мешіттердің алдында, тоғандардың төңірегінде және басқа жерлерде қақпаға енетін түстан ашық алаң қалдырылады. Бас көшелердің екі жағынан да ет сататын қатарлар, дайын самса сататын мейрамханалар, шеберханалар және базар алаңы маңайында қонақ үй..., т.с.с. орналасқан. Қалада бірнеше тоған, түт аллеясы мен теректер қоршай отырғызылған бір немесе екі канал болады.

/47б/ Сыртқы жағынан жылтыратылған кірпіштермен сәнделген бірнеше мешіт пен мазардан басқа, мұнда кірпіштен салынған керемет сәулетті ғимараттар жоқ. Ең керемет сәулет туындысы – бұл Аппақ қожа мазары мен оның жанындағы мешіт; Яркендте Алты шаһардағы бірден бір жалғыз биік көне мұнара бар, сондықтан халық аузында биіктіктің ең жоғарғы өлшемі ретінде қалған.

Шығыс Түркістанның (Алты қала территориясын) екі княздік пен бес әскери округке бөлінгенін айтқанбыз. Ақсу, бұрынғы Ош, Қашғар және Яркенд; бұлай болу тек ресми құжаттарда қабылданған, өйткені олардың үстінен бақылау жүргізу осы қалаларда тұратын үш генералдың құзырына енеді; алайда, негізінде, жергілікті билеушіге қатысты бұл Алты қаланың бірі басқасына мүлдем тәуелді емес және қытай шені бар билеушілермен /48а/ басқарылады.

*[29] Барлық қалаларда деген мағынада.

[СОТ РЕФОРМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБАҒА ҚОСЫМША]

Меккеге саяхат жасаған әркімнің.... Сөз соңында [сұлтандардың] көп бөлігі, туған жерге деген сүйіспеншілігіне қарамастан, қара халықпен теңесіп қорланбас үшін ғана, даланы тастап, Түркістанға жолға шыққан. Қалғандары түрлі округтердегі түрлі болыстықтарға жазылды және жаңа ережелер ықпалының жемісті таралу сәтіне орай олардың орны әлсіреп кетті, бірақ сонда да, әлі де қосшы би, тілмаш, қатаң тәртіп сақтаушылар жоқ кезде, ресми емес жағдайларда, өткен күндер естеліктерінде тақсыр мен алдияр сәлемі ...*[1] ауылдарда құрметті болып отыр.

*[1] Бір сөз түсініксіз.

[«АЗИЯ ХАБАРШЫСЫ» ТУРАЛЫ МАҚАЛА ЖӘНЕ ОДАН АЛЫНҒАН ҮЗІНДІЛЕР]

/31а/ 1825 жылы Григорий Спасский бұрынғы өзі шығарған «Сібір хабаршысының»[1] орнына «Азия хабаршысын» шығара бастады. (Шығыс елдерінің ғылым, өнер мен ауыз әдебиеті салалары бойынша таңдамалы шығармалар мен аудармаларды қамтитын «Азия хабаршысы» және Григорий Спасский басып шығарған ең соңғы түрлі мәліметтер осы елдерге саяхат жасағанмен бірдей). Ол ай сайын кішкентай кітапша болып шығып тұрды.

Бұл журналда келесі қызық мақалалар басылды: 1) «Ұлы Бұхараның ең соңғы сипаттамасы»*[1]. Бұл мақала жергілікті жерде жиналған мәліметтер бойынша құрастырылған.

№ 1, қаңтар айы. Географиялық және тарихи кіріспе.

№ 2, ақпан. Бұхараның табиғи жағдайы: тау, өзен-көл. Қаракөл көлі[2], бұл мақала бойынша, ежелгі уақытта Сырмен (Аму) бірге қосылатын, су деңгейі көтерілген кезде кей жерлерді су басып қалып, соның салдарынан бұл байланыс үзіліп, Зеравшан өзені жүргізілді.

Аму өзені өз бастауын Киани-лал*[2] тауынан бір күндік жол қашықтығындағы Сергей-Сугнан*[3] шатқалынан алады да, кейбір кеңістіктер ағысы бойында өзіне алты өзенді (дарай) қосып алады: Бадахшан, Дарваз, Гингеаб, Вавия, Қаратегін және Гиссар[3]. Зеравшан өзені (Politianus) Сұлтани-Абадтың ағысынан екі айырыққа бөлінеді де, Ду-аб немесе Шаруд, немесе Руди-истем-Бұхара*[4] деп аталады.

Оның құйылысына үлкен су тасқындарының алдын алу үшін бөгет салынған.

Ақсу өзені Жизақты Қоқан иелігінен бөліп жатыр.

/31б/ № 4, сәуір. Бұхарадағы қалалар, бекіністер мен қыстақтар. Жердің бөлінуі. Өнімдер, кірістер. Бұхара Зеравшан

---

*[1] Осы азатжолға қарсы жиек сызықта Ш. Уәлихановтың қолымен жазылған: Transoxiana, Sogdiana, Bactriana; төменде: Oxus немесе Gigon, Ja[artes немесе Sigon.

*[2] Яғни, «Лағыл кені».

*[3] Яғни, Шунған, Бадахшан аудандарының бірі.

*[4] Журналда *Буди-Истем Бокара.*

өзенінің Шаруд*[5] аталатын саласымен қосылатын Зеккан каналы жанында тұр. Кірпіштен салынған мешіттер – 360, 75 медресе. Медреселер мен мешіттердегі молдалар саны 2000 дейін, ал шәкірттер 4550. Қала 400 джусерге*[6] немесе бөліктерге бөлінген, әр бөлімде 50 үйден. Барлық тұрғындар 249–250 т.; оның ішінде 1200 еврей; 1500 – керуен-сарайда тұратындар, Молдалар мен шәкірттер. Аңыз бойынша, хан сарайын, медресе-калян мен Менар мұнарасын, не Миргарабты Қызыл-Арслан[4] салдырған. Бұхараның солтүстігінде Гурбуна аталатын жер бар, ол бүкіл Бұхарада өсірілетін жеміс ағаштарының ордасы есептеледі. Гурбунаның анар, сары өрік, алма, қара өрік, шие, інжір және тұт ағаштарымен атағы шыққан.

Бұхара жері үш түрлі болып табылады: қазынаға қатысты – емлак[5] және харадж[6], жеке тұлғаларға – мильк[7].

№ 5, мамыр. Бұхара халқы. Олардың өнеркәсібі мен саудасы. Салмақ, өлшем, ақшасы.

Бұхара халқы отырықшы*[7] және көшпенді (илят) болып бөлінеді. Бірінші үлкен бөлігі тәжіктер; олар өздерін елдің байырғы тұрғындарымыз деп есептейді де, өз қоныстарын Жемшидпен[8] байланыстырады. Көшпелілердің негізі өзбектер, түркімендер мен арабтар. Бұдан бөлек, 1 000 ауған ханы қызметінде, 40 мың парсы құлдықта, көп жәйттер, 1 000 адам қашқын орыс татарлары (1815 ж. манифестке дейін олар 2 мыңға жуық болды) және бір сарай үнемі Сакарпура[9] /32а/ мен Синдадан келген үндістерден, Мультан[10] мен Педжабтан келген сейктерден[11] босамайды. Өзбектер өздерін бір Хосревхан[12] дегеннен таратады, ол өзінің ұлы Өзбек ханмен бірге Сібір мен Қытай арасындағы қырғыз далаларында көшіп жүрген. Алайда өздері Темірланның әкесі, Шыңғыстың үрпақтары санап жүрген Баян-Құлы ханның[13] хандық құрған кезінде өзбектердің жартысы өз еркімен, жартысы шахрисебз билеушісі Түрке батырдың бастауымен Бұхараға қоныс аударып, сонда исламды қабылдаған. Өзбектер Бұхараның шығысында өмір сүреді. Жазда көшіп жүреді де, қыста қалалар мен қыстақтарға жиналады. Олардың басты үрпақтары каманд-бауырлас, қара-маңғыт (хандар осы рудан шығады), тоқ-маңғыт және ақ-маңғыт.

Ең басты сауда Ресеймен және Қашғариямен жүреді. Соңғысына елтірі апарады. Ресейге жеткізілетін мақтаның барлығы Шахрисебзден шығады, Бұхарада 14 [сом], ал Ресейге жеткізілуімен – 40 сом, бір пұт үшін. Миянқал мен Самарқанд мақтасы шахрисебздікінен нашар, әрі бұхаралықтар нашар сортын шығарады, ал жақсыларын өз маталарына қалды-

---

*[5] Яғни, *Шахруд.*

*[6] Яғни, *гузер(төжікше),* гузер сөзінен (гузар) – квартал.

*[7] Яғни, *қалалық.*

рады. Ең жақсы мата жібі – самарқандтікі. Бұхарада өндірілетін жібек 470 пұтқа немесе 1870 батпанға дейін жетеді. Батпан 8 пұт болады, бірақ жібек батпаны – 10 фунт. 20 фунт ағартылмаған жібектің бағасы – 15 сом ассигнациямен, ең жақсысының бір батпаны 16 сом. Тазартылған жібек 12–13 Бұхарачервонеці тұрады. Барлық жібек сол сәтінде талап етіледі. Түркімендер мен өзбектер қой асырайды, олардың бағасы 8 сом, ал семіртілгендері 16 және 24 сом тұрады. Қой $2^1/_2$ пұт май, 2 пұт ет береді, оның 5 фунты 60 тиыннан сатылады, ал майдың бір фунты үшін 1 сом 20 [тиын].

/32б/ Бұхара аршыны – ғазы – сажынға (құлаш) тең (қазір орыс «аршынын» қолданып жүр). Діллә – ассигнациясымен 15 сом, теңге – 40 тиын, пұл – 2 тиын. Алтын ділләны алтын червонецтерден немесе Бадахшан, Зеравшан мен Ақсудың тазаланған алтындарынан, ал күмісті – қытай жамбысынан қайта шекіп соғады.

№ 6, маусым. Бұхарадағы шендер мен лауазымдар.

Азаматтық. 1. Аталық. 2. Қосбегі, немесе уәзір, ханның бірінші министрі; мемлекеттің барлық істерін басқарады. Дуанбегі және мырзалар.

Сарай маңы. 1. Дастурханшы*[8] (оберцеремониймейстер), есаулбасы (гвардия басшысы).

Әскерлер. Перуанашы (әскердің бас бастығы), датқа, тоқсаба, мыңбасы, қорғанбегі (үлкен бекіністің комендантты), к.б.*[9] қарауылбегі, пансад, мирахур, жүзбасы, дегбасы (ол 10 пажды басқарады, егер паж 200 болса, дегбасы 20 болады), мырзабасы және цезибасы*[10]. Райс, мираб және миргазаб – түрмелер мен қылмыскерлердің бастығы.

Аталық (сол уақытта) Мұхаммед-Сейіт болды – Гиссардың билеушісі. Дастурханшы Мукимжан – ханның сүйіктісі, ал қалған шенеуніктер – өзбектер, тек бірнеше парсылықтар болды.

Ханның ағайындары бек деп, ал үлдары – төре деп аталады.

Журналда Фұбайдолла Әміровтің Азияға саяхат туралы мәліметі орын алған. Әміров тұтқынға алынып, Бұхараға жеткізілген, осыдан екі жылдан кейін Мерв, Герат, Кандагар, Шикарпур, Хайдарабад, Джейнагар, Дели, Бенарес, Калькуттаға сапар шекті. Кері қайтқанда Мультан мен т.с.с. барды (Қараңыз: № 1,2,3,4).

---

*[8] Журналда анық емес: *дастар хасджи*.

*[9] Яғни, кіші бекіністің [бастығы].

*[10] Журнал бойынша цезибаши – *сержант*.

ҚАРҚАРАЛЫ ІШКІ ОКРУГІ БОЛЫСЫНЫҢ ҚЫСҚЫ ҚОНЫСТАРЫ

/1б, 2а/ Қарқаралы округі болысына қарайтын жазғы тұрақ-қоныстар жазбасының кітабы.

1. *Надан-Тобықты*[1].

Балқаш көлі шығанағындағы Қарабұлақ өзені шатқалындағы Дересін аталатын қысқы қоныстар. Бұл жерлер приказдың орналасқан жерінен, шамамен, үш жүз шақырым қашықтықта, ал жазғы қоныстары Желтау, Қошқар, Қазанғап, Қарашоқы, Керегетас, Бесшоқы сайлары арқылы солтүстікке қарай Қарқаралыдан қырық шақырым жердегі Кент тауларының Қаракөл сайына дейін жатыр. Осы жерден Көрпетай, Нүртай сайлары арқылы батысқа қарай айналып, Тоқырауын өзенінен, Қызыларай, Бектау-Ата, Қоңыратшоқы, Маңдай-Торғын, Кенелі, Ұранхай, Басжөмші, Қызылтас сайлары және басқа да жерлермен өтеді.

2. *Төленгіт*[2].

Қысқы жерлері Шұбарайғыр, Жауыр, Түндік, Таскүнгей, Қызылсаяқ, Төбесу, Қарабұжыр, Хотанеміл, Қайрақты, Арқалы, Төлебике, Құсақ, Тесіктас, Жарық, Матақызыл, Саяқ, Төлкөл сайлары – Қарқаралыдан оңтүстік-шығысқа қарай 180 шақырым.

Осы жерден солтүстік-батысқа қарай Жаманкүзеу, Қоқыбай, Бөріктас, Қызыларай, Тоқырауын сайларында және осыдан Қошқар сайы арқылы кері қарай жазғы қоныстары бар. Бұл жерлер Қарқаралыдан, шамамен, 70 тен 200 шақырымға дейін қашықтықта.

3. *Керей*[3].

Бүкіл болысының қоныс жерлері, нақты айтқанда: Топар маңындағы елдімекенімен қоса Аршалы, Көкшетау, Абыралыға қарай жатқан жағынан басқасы; Қайракүзен, Құшоқы, Татан, Төлебике, Қызыладыр, Үшқайың, Ем-Жантын, Қарағай, Жабытас, Қаракүзен, Арқарлы, Бесқабан, Мүзбел, Ақжайық, /2б, 3а/ Құмжайық, Бесоба, Қаражал, Бөрілі, Күйкентай, Дағанды, Ортақарауыл, Басқарауыл, Бақанас, Қойтас, Күнгей, Қаратау елді мекенімен бірге, Қарақойтас, Шақпақтас, Үшбашай, Ақшағыр өзендерімен Саранайтау, даласымен Көксеңгір, Құсмұрын

өзенімен Қаршығалы, Жағалы, Ақбастау, Біркүлақ, Үшқара, Мейзек даласымен, Дағанделі, Оной биігінен басқасы, Жыланды, Алабекті, Қорық бұлағымен, Майқапшағай, Сандықтас, Шақпақтас, Бесбақан, Шәуілдір, Тоқтаболат. Керей болысының қайсақтары белгіленген сайларда приказдың орналасқан жерінен, шамамен, төрт жүз шақырым қашықтықтағы үш жүз шақырым кеңістікте көшіп-қонып жүреді.

4. *Тарақты*[4].

Қысқы жерлері келесі мекендерде: Матайадыр, Жалаулы, Майкенді, Көлпеке, Тоқты, Ойшанадыр, Жотан, Текебай, Наурызбай, Меңдібай, Қаратас, Қонысбай, Қараадыр, Мырзакелді, Сарыадыр, Қамабаның-Қаратасы, Шоқы-Керегетас, Қаранайдын-Қызылы, Сарыбұлақ биігі, Қарашоқы, Бірқара, Ақшоқы, Бетсу, Шатсу, Шоңқара, Байжанбұлақ, Төлеке-Мыңшүңқыр, Байпақ, Сартау, Тесіктас, Үшмайкүзек, Құдың-Қызылағашы, Сарыжал, Байқасқа, Есенгүл, Қызылқұдық, Қарасор, Қарашоқы, Қос-Ырғыз, Тентекқара, Сарыоба, Қойшоқы, Күйікадыр, Кіші-Берікқара, Түлкі-Ұлыды, Қоян-сойған, Нұраның-Қарашаты, Жұмабайдың-Қаратасы, Жалаудың-Босағасы, Қойын, Шынсай, Сарышоқы, Жертомар, Ащысу, Қаратөк, Тайөткен, Әлдек, Бесікжал, Үшқұдық, Матайдың-Ақөзегі, Аршалы, Матай, Алтай-Құмген, Шағырлы, Кісібай, Айғыржал мен Шағрай, ал жазғы – Дағанды, Қоныспай, Көксеңгір, Үшқара, Ақбесті, Көкшетау, Жарадыр сайлары мен Меизек.

5. *Көшім-Байбөрі*[5].

Қысқы қоныстары келесі мекендерде: Мансар, Мормын, Бегалы, Бұлақты, Төкенсу, Бұлансай, Тоғызтарау, Сарыбұйрат, Қойтас, Дегелең, Үзынбұлақ, Қарабайтал, Қызыладыр, Желкесу, Күңкей, /3б, 4а/ Хотанбұлақ, Тілес, Қызылшоқы, Үйтас, Жаман-Қарабұжыр, Ащыөзек, Қарашоқы, Сарытас, Шөладыр, Тайлақ, Қарағандытал, Көкенжалкөл, Қынтықты, Жалғызтау, Жәнібек, Атабекші, Керегетас, Бөрішоқы, Шойынбұлақ, Сарыоба, Ердескүс, Қараша-Жарық, Жаман-Абыралы, Райшоқы, Уақшоқы, Бүйра-Мәрешік, Иткара-қоныс, Айдаркуыс, Жантей-Мәрешік, Шұрық, Ажық-Мәрешік, Сарыайғыр, Садыр-Қондыр, Сарыайғырбас, Бердібай, Арқалық, Қосшоқы, Жартас, Мырзашоқы, Таңбалытас, Айбас, Жырыққұдық, Ескене, Шатсу, Есболқонған, Құқылбас, Борақ, Шуақ, Қайрақтас, Азатбидайық, Қосой, Есенсай, Қызылқұдық, Дастар, Мырзақатын, Түндік өзені, Мұздысай, Жыланды, Тығыршық, Қаратүмсық, Қаракүзеу, Сарыкүзеу, Алмасай, Керегетас, Киікбай, Тақайтау, Қарағандыөзек, Жуантөбе, Кішкене-Қойтас, Жантайдым, Уақадыр, Айыртау, Үсенті, Қызылқұдық, Қызтаутас, Шоңқалы, Жамытты, Былқылдақ, Шарықты, Күрөзен және Қатынадыр. Бұл жерлер Қарқаралыдан 140 тан 280 шақырым жерде орналасқан; ал жазғы қоныстары келесі сайларда: Арқалық, Жұманшы, Түндік өзені, Талды, Көрік, Жусалы, Ащысу,



Аға сұлтанның портреті. Қарындаш. Ш. Уәлихановтың суреті.

Алтын-Қарасу Нұра өзені бойымен Жүртыға дейін, Қосағаш, Ақтас, Құлжа өзені, Ботақара көлі бойымен, осыдан кері далалы жерлермен қыстауларға дейін.

6. *Жағалбайлы-Байбөрі*[6].

Қыстық жерлері келесі мекендерде: Бүйрекші, Қосмола, Болатсор, Андас, Сарыбұжыр, Аққұдық, Серіктас, Үйтас, Рысбай-Қарашоқысы, Қасқабұлақ, Кенейошақ, Тас-Шайтанжал, Тобықтыбұжыр, Шорабай, Жалғызтау, Қосқонған, Жалғызқұдық, Мырзашоқы, Қособа, Жарыққұдық, Жартас, Келдібай, Жарық, Сарықасқа, Төле, Қарашоқы, Қабанбайадыр, Қарабұлақ, Бабажан, Сейіт, Құттыбай, Қаражал, Тас-Хотан, Сөрелі, Түлкібас, Қарабике, Сарышоқы, Жаман-Абыралы, Егізқара, /4б, 5а/ Абыралы, Сарыапан, Өтенатан, Кешубай, Қаражар, Байбол, Танаш, Үлкен-Шүмек, Айнабұлақ, Арқалық, Қаратас, Қарашоқы, Аңғара, Қызылшоқы, Көбек, Есеткуыс, Миөзекшат, Егізқара, Сарыөзек, Жарадыр, Қойтас, Жырыққұдық, Баубектас, Жаманты, Үштөбе, Қырықбас, Шөладыр, Шайтанарық, Қара-Қиындықты, Шаған, Атымтайшат, Шоқсары, Обалы-Көкалы, Дағанды, Берді-Қалпе, Тұлпар, Әділқұдық, Ноғайқонған, Алтынай, Алтынқұдық, Дуан, Ұрысши, Үйтас, Керегежал, Тоқтау, Шөке, Бойтасбұлақ, Садыбекжүрты, Терісбұлақ, Қаракуыс, Көпекей-Қыстауы, Әулиеасу, Бота-қыстау, Қалпежүрты, Тоғызторау, Қызыладыр, Ашыөзек, Мәрешаң, Бошаң, Ақбота, Жолан, Шоң, Кемпірқия, Тасбақан, Кеңшоқы, Төрткөл, Байбақпан, Аршалы, Самайынның-Қарашоқысы, Нұрбике-Қоңқайқара, Қонтитас, Нұрбике, Қызылшоқы, Сұңқарқия, Балапанқия, Қиындықты-төбе. Бұл жерлер Қарқаралыдан 180-нен 350 шақырымға дейін қашықтықта жатыр. Жазғы қоныстары: Қуу, Боқты, Талды өзені, Қояндысы, Қарасор, Үшқатын, Сайтанды, Өткелсыз, Жауыр Құшоқыға дейін, Жыланды, Шешенқара, Ботақара және осыдан кері қыстауларға дейін.

7. *Жалықпас*[7].

Қысқы қоныстары: Мыржық, Босаға, Шақпақ, Қаракай, Қолшоқы, Сарышұнақ,

Әлімбай, Ащықұдық, Ұзынбұлақ, Арқалық, Еділбайбұлақ, Таскора, Жылыбұлақ, Киікбайбұлақ, Қабармақ, Қозыбақ, Қарасеңгір, Бұғыбайбұлақ, Қызылбүйрат, Қоянды, Бескиік-Қайрақты, Жосалы-Жалпақшы, Ақшабүйрат, Жалаулы, Борлы, Сарышоқы, Көжек-обалы, Қызыладыр, Үйтас, Үкнүрой, Маяжон, Қаба-Жанабай, Солдыр, Құлдар, Сарыайғыр, Бөлек-Қойтас, Үлкен-Қойтас, Шұрыққұдық, Еркебай-Қызыладыр, Күреспе, Былқылдақ, Жаманқұдық, Қарабүжыр, Қоңырадыр, Ақсан, Мыңқұдық, Қатынадыр, Қопа, Қызыл-Шұбар, Ырай, Ақбиік, Қарағандыөзек, Жартас, Ақтал, Сарытүрсын, Дүйсек, Матай, Тілеулі, Сарышоқы, Аңдас, Қарашоқы, Сарыжал, Тағылышоқы, Қабіршоқы, Көлқайнар, Қосшатау, ал жаздық қоныстар: Қуу, Желдітау, Үшқатын, Семізбұғы, Жосалы, Шешенқара, Ботақара Жаура төбесіне дейін және кері қыстауларға дейін.

/5б, 6а/ 8. *Нүрбике-Шаншар*[8].

Қысқы қоныстары: Мыржық, Қоянды, Маяжон, Майлықара, Төрбике, Құлмырза, Қожабек, Қатпар, Ақжал, Сарыоба, Ақтайлақ, Ұзынбұлақ, Шақпақ, Дегелең, Арқалық, Дуын-Қуу, Ауыз-Майлаған, Күшік, Шеней, Мырзашоқы, Қойтас, Керегетас, Ырай, Қарашоқы, Шат, Байназар, Тышан, Майқара, Сарыөлең, Асаншоқы, Қызылшар, Бестерек, Бұғылы, Үрпек, Ащыөзек, Қарамола, Шағыр, Сиректас, Атабай, Тауаншат, Күйгенсарышоқы, Қарағайлы, Сарытамақ, Үшбұлақ, Шошара, Доғалаң, Теректі, Бөгенбай, Мөлдірі, Қарауылшоқы, Шолақ, Ақбанқаңтар, Сұлушоқы. Белгіленген жерлер приказдың орналасқан жерінен 100-ден 300 шақырымға дейінгі аралықта жатыр.

Жазғы қоныстары: Күншоқы, Ешкі-Өлмес, Нұра өзені, 180-нен 250 шақырым аралықта жатыр.

9. *Айбике-Шаншар*[9].

Қысқы қоныстары: Қарой, Атымтай, Жосалы, Қызылқайнар, Үшқара, Бүйратас, Қарашоқы, Қарағайлы, Алшын, Қызылшілік, Жан-Қоңыр, Құдық, Дастар, Айғыр-Көмген, Аққыстау, Қостөбе, Ақыбай, Қарабай, Бүйрекші, Ащықұдық, Қоржынтүбек, Көктас, Атанның-Сарышоқысы, Ақшоқы, Алтықұдық, Шыбынтай, Биікқараның адыры, Жыланды, Еркенің-Қара-Тасы, Қызылағаш, Байғұла, Қарағандық, Терісаққан, Ойнақжер, Қаракөл, Қызылқұдық, Қарасор, Шенеу, Ақшоқы, Аққөл, Шынтас, Асыржақ, Қолқақүт, Бұқарбай, Шабанқыр, Ақсары, Қылдыкөл, Ащықұдық, Арқалық, Беклау және Балақ. Бұл жерлер Қаркаралыдан – 120-дан 230 шақырым аралығында, ал жазғы қоныстары: Бабақ-Жаңғызтау, Сарышоқы, Жауыр, Баймырзаның-Қарасу, Нияз, Жүтқырған, Қандыадыр, Ақирек, Талпан, Ұрының-Шаты, Айғыржал және Өленті, Шідерті, Нұра өзендерінің бойымен.

10. *Қара-Айтымбет*[10].

Қысқы қоныстары: Боқты, Қарамола төңірегімен қоса,

Үлкен Қоянды, Көкпекті, Ералы, Түндік, Жуантөбе, Жыланды, Жұманши, Арқарлы төңірегімен қоса, Бай-Шолақтың батыс бөлігі, /6б, 7а/ Стректас, Жарбастау, Ақжігіт, Сеңкібай, Жабық, Қарашатау, Ізбасар, Байдал, Жанкісінін-Жұрты, Ақшоқы, Тасшоқы, Ормантас, Қадыр-Өлкесі, Қойын, Қараағаш, Байталшоқы, Қызылтас, Байғантас, Құттықадамжұрты, Бөген-Мәмбетсаз Сарыбұлақ, Итболдытау, Керегетас, Оразымбетті, Ақтас, Қараоба, Тайлақсу, Үйтас, Түзыащы, Қараөзек, Көлболды, Қызылтау, Қайрақтас, Мамандық, Ортасық, Тоқырау, Тоғанбай, Керей-Құтжал, Егінбұлақ, Керегетас, Қаракемер, Қарашоқы, Сарытерек, Қызыладыр, Айнабұлақ, Қаракөл, Ақтоғай, Жетімшоқы, Қоңыртөбе, Қаражал, Тұманбай, Сарыжал, Өртеңжал, Наршөккен, Жартас, Құнанбай, Қойтас, Қоңыр-Қызылтау, Байкелді, Ақжал, Бадыраксу, Көктас, Беріктас, Жон, Қызылтас, Бозтаңды, Жалғызтау, Тайтілеу, Бүркітті, Сарыадыр, Сайман, Жосалы, Кеңшоқы, Айтуған, Тасқора, Қотыраштау, Ұзынжал, Күлбике, Айдарлы, Балақыз, Сарықұлболды, Тәттібайтау, Көкшетау, Тоқантас, Мұрат-жігіт, Жалғызқарағай, Абысадыр, Итбайлаған, Қарадөң, Көшен-Ақтайлақ, Кешубай, Үштөбе, Қаракойтас, Қызылсай, Жаман-Беріктас, Қонысбай, Қарағай, Сімбеттешоқпай, Аққыстау, Қиындықты, Арзы-Құлкүзек, Тілеуімбет-Егіз, Қойтас, Қарабике, Сеңкібай, Жуантау, Беріктас, Қырғызбай, Қараошақ, Ақбастау өзектерімен қоса, Қонақас, Жарымкүзек, Құттыбай, Тоқтыадыр, Тоқтыөзек, Арқалық, Сулытүндік, Қосшоқы, Матақпай, Қарашатау, Ормантас, Кеңшілік, Бала-Бүркітті, Ақшатау, Көнекара, Қайдауыл, Толыбайадыр, Көбетей төңірегімен қоса, Мүжықтамақ, Ботакара, Қызылкөл, Жылантөбе, Құркұдық, Қызылашы, Үйнынсор, Қарасор, Жуантөбе, Ашысу, Нұра өзеніне дейін.

11. *Әлтеке-Сарым*[11].

Қысқы қоныстары: Әулие, Тоғанбай-Сарша, Нұртай, Кенелі, Елек, Серкебас, Майтас, Бектау, Ұрынқай, Түзбасы, Сымбек, Жанет, Қуыс, Бас-Қарабұлақ, Бесапан, Аққұм, Сарыкөл, Қоңыратшат, Ақадыр, Әуезбақы, Қарақозы, Байқозы, Сарытерек, Дувана, Керегетас, Желтау, Беғазы, Көлденең, Шомбай, Жіңішкеөзек, Айдай, Құстас, /7б, 8а/ Жыланды, Шымтау, Тиектас, Тоқырауын, Берікқара, Қызыларай, Шан, Қонысбай, Карамеңді, Қызыладыр, Үштаған, Бесшоқы, Үйқы-Көрімке, Аюлы, Маутан, Аққоян, Қарағанды, Қазыбек, Қайрақты, Қатпары-Маутан, Сарыжал, Байпақ, Баспалдақ, Қызылқұрт, Қаратүлкі, Жаман-Қаражал, Сарша, Сарыоба, Сарт-Тойынбай, Терек, Нұра, Алмалық, Шерше, Қаратоғанбай, Шымдысай, Арқарлы, Қоянкөз, Жаманеспе, Құшоқы, Сораң, Жосалы, Қарғалы, Жаналы, Мағаш, Шамақ, Құммешек өзенімен қоса, Айтуған, Қоғалы, Соналы, Тасан, Желдітау, Керегетас төңірегімен бірге, Сарытерек төңірегімен қоса.

Өзен бойындағы жазғы қоныстары: Нұра, Сарысу, Талды; сай-саламен: Қояңды, Үштаған, Жауыр, Ереймен, Құшоқы, Байғара көлі, Семізбұғы, Алтынды, Тағанақ, Көкпек, Сарысу, Өртеңжал, Топар өзені бойы.

12. *Қарсен-Керней*[12].

Қысқы қоныстары: Пірназар, Сапы, Қараеспе, Қанжығалы, Бидайық, Сырғаадыр, Орташи, Жанаркүс, Үйтас, Қараоба, Жылгелді-бойы, Ақшатау, Ақирек, Қыземшек, Бесши, Алтынсандық, Қарабие, Қарашоқы, Айыртау, Бала-Ақсары, Көсе, Бесапанның жалы, Найзакескен, Қумола, Қызылтас, Ақсоран, Киікбай, Жаманшоқы, Бекеннің-Ақшиі, Толағай, Айыртау, Жосалы, Қарғалы, Ақтас, Керегетас, Қызылағаш, Қараоба, Ақсары, Ешкіөлмес, Үлкенбұлақ, Жыланды, Қос-Келіншек, Қараша-Жалпақсары, Тілеулі, Олжабай, Сасықбұлақ, Кенебайдың-Қызылшілік, Жалпақ, Жекетас, Бала-Жүндіжал, Ақшағалы, Шөладыр, Найзакескен, Қосдоңғал, Қаратас, Бидайық, Сырлытам, Қайрақты, Шұбарайғыр, Шоңтас, Көсе, Бүркітті, Шүмек, Қараш, Кебенек, Қазаншолақ, Қараағаш, Сарыоба, Битүкір, Жантастың күмы, Бөкенін, Қонғаншілік, Ойран, Ақмай және Қызылжал; жазғы қоныстары: өзен бойымен Үлкен және Кіші Нұра өзендері, Сарысу, Айса, Көкпекті, Соқыр, Байғара, Топар; сай-саламен: Сораң, Қаратүлкі, Шолақтолағай, Тектүрмас және Ақтау бекінісіне дейін және Жара төбелеріне дейін жетеді.

13. *Қояныштағай*[13].

Қысқы қоныстары келесі сай-салаларда: Қызылтау, Бұғылы, Монатай, Үлкен-Қайрақты, Шолақ-Сеңгір, Борлы, Бәйбіше-Сораң, Қоңыркүлжа, Сары /8б, 9а/ Күлжа, Үш-Алақаз, Мойынты, Тайатқан-Шұнақ, Сөребай, Нілді, Тасық, Ешкіөлмес, Жамантоған, Шонақ төңірегімен қоса, Буралы және Биікшоқы маңындағы елді мекенімен бірге, Айыртау, Аққума, Тағылы; жазғы қоныстары өзен бойымен: Нұра, Сарысу, Байғара, Үшшоқы, осыдан кері қарай қыстауларға дейін.

14. *Дүйсенбай-Шекшек*[14].

Қысқы қоныстары келесі сай-салаларда: Боқты, Шыңғынқан, Қыстаукент, Қараағаш, Сарықүлжа, Қарақуыс, Түңқатар, Қоныспай, Қоңыркүлжа, Күлболды, Қайрақты, Жосалы, Ақтас, Аюлы, Белағаш, Жауар, Қосағаш, Наршөккен, Құшақ, Қызылтас, Қаражал, Сарыжал, Ақбастас, Керегетас, Тоқпан, Босаға, Қарамырза, Бимырза, Бүркітті, Берікқара, Атабай, Әділ, Сеңгіртас, Теміршоқы, Жалпақ, Бесшоқы, Кеңгір, Тәттібай, Қаратас, Бойақтау, Бестамақ, Қумадыр, Қарашілік, Қызылшоқы, Мырзатай, Ақтайлақ, Қаршығалы, Берікқара, Бесбойдақ, Төлебике, Төрткүл, Қарасеңгір, Ащыөзек, Сарыбұлақ, Қарашоқы, Қошқар, Ақши, Ақтүлкі, Жылантау, Үйтан-Қойтас, Шабақ, Бестерек, Бесбатыр, Қызылжал, Керегетас,

Босаға; Шөладыр, Бесшоқы, Ақжал, Айырлы, Жалғызтөбе, Ескене, Қойлыбай, Ақши, ал жазғы қоныстары да осы сай-салалар бойында.

15. *Қарауыл-Қамбар*[15].

Қысқы қоныстары келесі сай-салаларда: Сарықасқа, Майқан, Аршалы, Ор-Шұрқан, Қойтас, Аққозылы, Ұсман, Қарашілік, Саршақы, Үшқайың, Қошқар, Көктас, Түйемойнақ, Қызыладыр, Бесшоқы, Шымдықара, Қарағай, Жаба, Бүркенді, Бердіқожа, Сарыбүйен, Айғыржал, Құмадыр, Құттыбай, Көкшетау, Бестомар, Үшқара, Сөрелі, Түлкілі, Шөладыр, Қоянды, Қусақ, Құмадыр, Төлебике, Төрткүл, Одабан, Қарашоқы, Бөлекадыр, Жалаңаш, Қараағаш, Аюлы, Борлы, Ақмола, Жантай, Сүркаши, Қаражал, Өгізбасы, Тоң, Өкірше, Қадыр, Үшқора, Есенбұлақ, Көке, Өтеп, Жауыршоқы, Қалмақтас, Аюлы, Абыралы, Қоянадыр, Үшқара, Атан Шоқыбай, Топаш, Өлкесу, Сарымбет, Түршоқы, Көшек, Мырзабай, Келдіаман, Сарыадыр, /9б, 10а/ Түндік, Бердібай, Арқалық, Нынныс, Қарашатау, Майадыр, Қызылащы, Шоқпартас, Қотыртас, Томаршы, Арқалық-Шиян, Арисаз, Үшқызылсай, Қараша, Ақтөбе, Төртқұлан, Мола, Байқоңыр, Жалғызқайың, Байқожа, Тоққожа, Айыртас, Алшынбай, Бөлегенадыр, Жомарт, Майқы, Аққоян, Сарықұлқия, Тоғай, Ақсиыр, Жаманбай, Арыстанбай, Қатынадыр, Майқайың және Қараағаш; бұл жерлер, шамамен, Қаркаралыдан 45-тен 150 шақырым, ал жазғы қоныстары: Көрпетай, Нұртай және Қызылтау және Тоқырауын өзені, осыдан кері қарай жатыр.

16. *Мәмбетай-Тобықты*[16].

Қысқы қоныстары: Самай, Қоншақ, Сұңқар, Нүрбике, Құлаадыр, Қызыладыр, Токмақ, Атымтай, Қарасеңгір, Шүректің бейіті, Кентарау, Шағыр, Шаған бойымен, Қапақ, Сарыөзен, Түлкішыққан, Сарғалдақ, Мақымола, Майқұдық, Қорақ, Алтыапан, Қызылшоқы, Адыр-Шыңырау, Шаты, Қаумен, Көксерек, Күнгей, Қараәулие, Қарашоқы, Матақ маңайы, Сарыбұлақ биігі, Шоқыбалға, Балуантас, Атаншоқы, Үштаған, Байтемірдің шаты, Тінейаққұдық, Кедейдің-жаны, Сарықұдық, Қойтас, Мәтекши, Тоғалақ, Қарабатыр, Сарыадыр, Сарыбұлақ, Ащысу, Керегетас, Жанадыр, Сарыжал, Машан, Қаракойтас, Найзақазан, Өзек, Өтептас, Шыңғыл, Жарлықамыс, Тасбасқан, Жосалы, Қарамола, Жанақ, Обалы, Көкалы, Құшықтыңсоры, Үштаған, Қошқарбайдың-Қараағашы, Қарабастың-Сарыдаласы, Бүйрат, Қояншы, Байзақ, Аншағы, Саржал, Ерменсай, Жатық, Тентексай, Мінбенің-биігі, Бас-Қызылжар, Жарықши, Күнтабар*[1], Құлтай-мешіт, Найзақара өзені төңірегімен қоса, Сүттіқұдық, Күшіксай, Матақтың-Аңғары, Құттымбетаяғы, Атайдыңөзек, Бергізсу, Берсүгір-

*[1] Шамасы, *Коңтабар*.

дің-Ақшоқысы, Тілеубердінің-Қарасу, Мәуке*[2], Елағанды, Бүйратқыстау аудандарымен қоса, Қоскию, Қырыққұдық, Сейітқұл, Баймауықтың-Жалпақсуы, Тастабақ, Жанбике, Мыңқатынның-көлі, Шұңғылеспе, Сақтынқұдық, Жанқойтас, Ботқакеңадыр, Шеткі-Үштаған, Қарақатсу (Шағанқы өзенінің маңында), Тоқабай, Ылди-бүйрат, Тоқабайдың-Үшсуы, /10б, 11а/ Бегалы, Әділше, Құнан-Көктау, Жапар, Сынтас, Қаршығалы, Белгібайдың-қыстауы, Қарабұжыр, Түмен-Ақбиік, Жанбасбұлақ, Бұрғылықстау, Мырзашоқы, Суықжал, Байымбет-Қараағашы, Шағанқы өзені, Үшбасши, Майқапшағай, Қырықошақ, Шоршоқшан, Бестамақ, Шағанқы өзенінің биігі, Қарақуыс, Кебектің-биігі, Есқожаның-бүйраты, Бұғылы, Қарағұңгір, Шақпақтас, Тойөзен және Қоңыр өзен; ал жазғы қоныстары: Шыңғыс тауларынан кері, Бестасу, Үшбақсу, Шақпақтас, Тасқызылдан Көкастауға дейін, Құмадыр, Желтаса, Темірші, Майқатпана, Сөрелі, Шұбарайғыр, Жауыр және Көкшетау.

17. *Жүзбенбет-Тобықты*[17].

Қысқы қоныстары: Кеңгірбайдың-талсуы, Үйген, Майшоқы, Кеңасу, Алмабет, Бекқарасу, Аршалы, Қызылқұдық, Ақшоқы, Шақпақтас, Бетадыр, Қадырдың-жалы, Атайдың-қызылқиясы, Күшігеннің-қарағы, Қарамырзаның-Қарабұжыры Түлек, Тілеубердінің-Түлек, Қоскұдық, Қарабас, Пұшықкеспе, Төбеағаш, Шаңдаққұл, Мамытсай, Жаулыбайсай, Өмірзақ, Лепес, Бестамақ, Барлыбай, Машат, Суықжал, Шағанқы өзені бойында, Жаланаш, Бассай, Сарыадыр, Ораздың-Қарашы, Бекболатсай, Ащықұдық, Қарашоқы, Жуантөбе, Ащысу, Шолақөзен, Қараәулие, Баураадыр, Жаманасу, Машанасу, Қутасу, Ақтастыөзен, Қарашоқы, Байжол, Еспе, Түбекқия, Қарабұжыр-Қанықсе, Сор, Үлкенқия, Қадырдың-Қызылшоқысы, Жастайсай, Қырыққұдық, Күнтабар, Шыңқарау, Ортақши, Қызылқия, Жақтың-Қойтасы, Қыдыр, Моғаласу, Қандыөзек, Садырқұдық, Бүйрекши, Қарақұдық, Төбеағаш, Қорғантас, Құнан-Жартас, Қарнақ, Өленсай, Нан, Шиліеспе, Белсу, Алтыапан, Дүйсеке, Қанай, Түребай төңірегімен қоса, Ақөзен, Шыбынтайөзек, Жанбота, Сарыңыңбасы, Бұтасатқанадыр, Көкдубайбиік, Кешубай, Сағындық, Айтейөзек елді мекендерімен қоса, Аққыс, Батпанның-Торыасуы, Жамасынның-Күнгейжар, Нұрбайасу, Барақ-қыстау, Көксерке, Қаратас, Сынтас, Жанқұтты, Дөйінқара және Хотантас. Бұл жерлер приказ орналасқан жерден 350-ден 450 шақырымға дейінгі шақырымда жатыр; ал жазғы қоныстары – Шыңғыс тауларының батысынан Ақбастау арқылы, Үшбас, Шақпақтас, Тасқызылдан Көкшетауға дейін және келесі сай-саламен: Құмадыр, Жыртық, Жылтық, Темірші, Мапқапшағай, Сөрелі, Шұбарайғыр, Жауыр және Көкшетау.

*[2] Шамасы, *Мәуке*.

/10а/ МЕГДИ РАФАИЛОВТЫҢ ЖАЗБАСЫНАН ҮЗІНДІ*[1]

1813 ж. Мегди Рафаилов[1] Семейден 160 мың сомның тауарымен үлкен керуенге еріп шықты. Керуен жүзбасы Старковтың[2] басшылығындағы 70 адамнан тұратын казак жасағының қорғауында (қарауында) болды. Керуен Жетісу өлкесі және Ыстықкөл арқылы Түрфанға жүріп отырып, қажетті жерде аялдап, әдеттегі жай жүріспен 54 күннен кейін тиісті жеріне аман-есен жетті. Іледен Түрфанға дейін керуен 21 күн жүрді.

Түрфан қаласы аса үлкен емес, халқы – мүсылмандар, қытай гарнизоны 700 адамнан тұрады. Түрфанда 30 данадан бір баж салығы алынады. Рафаилов мырза өзінің Қашғарға бара жатқанын, сол жерде өз тауарлары үшін баж салығын төлейтінін айтып, мандариндерді табанды түрде барынша сендірді.

11 күн болып, керуен Ақсуға аттанды, жазық әрі орманды, азық-суы мол жерлермен жүріп отырып, 13 күннен кейін Ақсуда болды. Рафаилов Түрфан мен Ақсу арасының қашықтығы, шамамен, 120 шақырым деп шамалайды. Осы қалалардың арасында үш мыс зауыты жатыр, олар ақсу жасауылының айтуы бойынша, әр жыл сайын жылдық кіріске 500 жамбы күміс (56 пұт және 10 ф.) әкеледі.

Ақсуда Рафаилов 27 күн болды және өз тауарларының жартысын үлкен олжамен күміске сатып, алты жұмысшымен Қашғарға шығып, оған 11 күнде жетті. Бұл жолы оның сапары қытай даңғылдарымен өтті. Рафаилов осы даңғыл жолдар бойындағы бекеттердегі долоңдардан – жәмшіктерден басқа ешқандай түрғындардың болмағанын, тек Қашғарға 3 күн қалғанда, ауылдардың басталатынын; жалпы халықтың қала төңірегінде тығыздау көрінетінін айтады. Қашғарда тап болған жағдайларға байланысты Рафаилов өз тауарларын күміске сата

---

*[1] Мақаланың атауы қысқартылған түрде берілген, толықтай былай: Корпус командирі генерал-лейтенант Григорий Иванович Глазенаптың тапсырмасы бойынша Тибетке жіберілген кабул түрғыны Мегди Рафаиловтың жазбасынан үзінді.



алмады да, еріксіз тауарға айырбастауына тура келді. Ол айырбасталған тауарларды Нижегород жәрмеңкесіне жөнелту үшін осы қалаға тауармен келуі тиіс болған линиядағы өз приказчигін күтіп, Қашғарда 13 ай тұрып қалды.

Приказчик жеткізген тауарлардың олжалы болғаны сонша-лықты, Рафаилов үлкен коммерциялық пайда көріп, оларды тез арада күміске айырбастады. Осылайша, өз ісін алға бастырып, ол /10б/ Яркендке Янгигисар қаласы (Қашғардан 90 шақырым) арқылы тегіс ормандy жерлермен жүріп, 5 күннен кейін Яркендте болды. Қашғар мен Яркенд арасының қашықтығы 250 шақырымнан аспайды. Яркендте олар екі ай тұрды және екі ат, азық-түліктерін қамдап алып, Үлкен Тибетке тура тартты. Жол елсіз, шөп-ормансыз, таулармен қиып өтілетін шөлмен өтеді, ол Нубра аулына дейін бірде бір үй кездестірмейді.

Нубра Шайок өзені маңында, одан Тибетке дейін 3 күндік жер. Бүкіл жолды Рафаилов 24 күнде жүріп шықты.

Тибетке келген күннің ертеңіне ол уәзірге жолықты да, ол дәл сол күні оны өзінің иесі Ақбар-Махмуд ханға[3] таныстырды, Рафаилов [ханға] Глазенаптың хатын үсынды. Хан оны аса жылы қабылдап, тауарларын баж салығынсыз сатуға рұқсат етті, орыс саудасына қамқор болуға уәде берді. Сый-құрмет көрсетілгеннен кейін ханның атынан оған түрлі тағамдар мен тамақ қорын әкелді.

Тибетте Рафаилов әлдеқалай жағдайды ойлап, Ресейге алып кету үшін кашмир шәлісін сатып алған еді. Алайда оның осында қалуға тиіс болған қожасының орнын ауыстыруына тура келді де, Кашмир сапары оған қажет болмай қалды.

Тибетте ол 34 күн тұрды. Оның кері қайтар жолында хан оған аудиенция беріп, корпустық командирдің атына хат тапсырып, аса зор құрметпен өз елшісін жіберуге ниет еткенін түсіндіріп, Ресеймен қарым-қатынас жасауды қатты қалайтынын білдірді және баж салығын азайтуға уәде берді.

Тибеттен Рафаилов Құлжа арқылы оралды да, 8 айдан кейін Семейге келді. Рафаилов мырза Үндістан және Тибетпен сауданы күшейтіп, нығайту үшін Ақсу немесе Үш-Тұрфан арқылы жол ашуды ұсынады, ол бір ғана қырғыз сұлтандарына сауда құқығын берген Құлжадан құтылып, әрі өздерінің тонаушылық әрекеттерімен қауіпті қара қырғыздарды бағындыруды көздейді.

Глазенаптың кепілдігінің нәтижесінде Рафаилов коммерция кеңесшісі атағына ұсынылды (қараңыз: Нессельроде[4] графтың 28 ақпан 1817 жылғы хатынан).

ЖҰБАН АНА МАЗАРЫ[1]

Қайсақтар қасиетті әулиенің моласы деп құрмет тұтатын [мазар] Сарысу өзенінің оң жақ жағасында, осы аймаққа мәлім Қарағаш[2] сайынан 57 шақырым, ал Ақтау[3] бекінісінен 100 шақырым қашықтықта, Сарысу өзеніне сүйірлене тірелген тас-құмды жерде едәуір биіктікте тұр.

Ол он қырлы пирамидалды төбелері бар төртбұрыш түрінде, күйдірілген кірпіштен салынған. Оның биіктігі он жарым аршын, қабырғаларының ұзындығы бірдей – ішкі жағынан сегіз жарым аршын.

Онда оның әулиелігінің дәлелі болатын «жалаулар» көп. Осы жерден өткенде қайсақтардың кез келгені құдай жолына берілгендік түйсікпен әрі діни сезім жетегінде түрлі діни салттарды орындайды, мінәжат қылады; осы арқылы тақуаның көңілін тауып, Мұхаммедтің рақымын алғылары келеді.


Айболат моласы*[1] Дабысын-Құм құмдарының оңтүстік-шығыс бөлігінде Сарысу өзенінде, Қаракемерге құятын жерінде, Қаражардан 100 шақырым қашықтықта жатыр. Оның биіктігі тоғыз жарым, қабырғасының ұзындығы (ені) сегіз аршын.

---

*[1] Анығырақ: *Айтболат*[4].




Жұбан ата хей Аятөлат мазарларының сызбасы мен сұлбасы. Қалам. 1862 ж. III Хайханаттың сұлбасы.




Сарысу өзеніндегі Айтболат мазарының суреті мен интерьерінің бөлігі (XIII г.). Қарындаш және түшь. 1862 ж. Ш. Уәлихановтың суреті.


Ботағайдың түрпаты, солтүстік-шығыс жағынан




Оңтүстік-батыс не бүлінген жағынан алынған түрпаты




Бұтағайдың сызбасы



АВ линиялары бойымен қиық



Ағылшын дюймімен 3 аршындық масштабы.



Жұрт ойнайдысы. Бөгетей мазарының сызбасы мен түрпаты (XVII–XIX ғғ.). Түшы. 1862 ж. Ш. Уалихановтың суреті.

ҚАЗИ БАЙЗАВИДІҢ ШЫҒАРМАСЫ – «НИЗАМ УТ-ТАУАРИХ»

/9а/ *[1] نظام التواريخ از تصنفات قاضی بیضاوی

Адам тұсынан хижраның 694 ж. дейін, исламды бірінші қабылдаған Шыңғыс ханның немересі Арғын ханның хандығына дейін.

Бұл кітаптың авторы

(مولف این کتاب) مولانا سعید قاضی القضات العلوم ناصر الملة و الدین ابو الحسن علی بیضاوی*[2]

Кітап төрт тарауға (قسم) бөлінген. Бірінші тарау Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлар мен даналар از احوال حکماء عظام*[3] жайында; екіншісі – парсы әулеттері طبقه*[4] пешадалар, қаяндар, аскандар мен сасанилер туралы; үшіншісі – Мұхаммед туралы және умейи халифтері خلفاء بنی امیه, аббасидтер بنی عباس туралы; төртінші бөлім قسم چهار در. اخبار سلاطین و ملوك کرام که در عهد ال عباس*[5], 1) сафарилер туралы, 2) саманилер туралы, 3) газневилер туралы, 4) дайлемилер (буилер) туралы, 5) селжұқтар туралы, 6) сұңқарилер سنقریان туралы, 7) ассасилер (Assasine)*[6] ملوك قهستانی, 8) хорезмшахтар خوارزمیان туралы және 9) моғолдар مغول туралы.

---

*[1] «Низам ут-тауарих» – Байзави қази шығармаларынан алынған «Бірізді баяндалған тарих».

*[2] Маулана Са'ид, білімнің жоғарғы судьясы, халықтың және Әбіл-хасан Әли әл-Бейзави сенімінің қорғаушысы.

*[3] Ұлы даналардың түрмысынан.

*[4] Сословие.

*[5] Аббасидтер әулеті заманындағы лайықты сұлтандар мен патшалар туралы хабарлар.

*[6] Кухистан патшалары туралы.

ҚАРАП ШЫҒУ КЕРЕК

/31а/ 1. Ақсудан Қарасу бекетіне қарай (Ордабай моласына), жолда жансыз бейнесі бар көне мола кездеседі.

2. Іле бекеті маңайында, 30 шақырым төмен – *Таңбалы-Жар* (жазуы алынып тасталған)*[1]. Көрдім*[2].

3. Шенгелді бекетіндегі су құбыры*[3].

4. Қапалдан Ескі-Қаратал бекетіндегі таулардағы үңгірді (онда ламаи құдайларының бейнесі бар екі медальонды қазып шығарған).

5. Талғардың бас жақтарындағы қорғандардың (қалашықты) қираған жұртын*[3].

6. Шелек алқабын (таулы алқап, Шелек ағып жатқан жерде *бекіністің қираған орны* бар – мұнда Абылай талқандаған қытай қалмақтары болды деп айтады)*[3].

7. Қозы-Көрпеш мазарын суретке түсіру және көру.

---

*[1] Сөйлем басқа сиямен сызылған.

*[2] Сөздер басқа сиямен жазылған.

*[3] Сөйлем басқа сиямен сызылған.

[ТҮРКІМЕНДЕР ТУРАЛЫ]

/12а/ Түркімендер[1] арасында Түп-Қарағаннан[2] Александр-байға[3] дейін көшіп-қонатын түтас бір әулет — қожалар бар, оларды орыстың балық кәсіпкерлері «поповичтер» деп атайды. Бұл аймақты қырғыздар қадір түтады. Оның үстіне, Александр Павлович патшалық құрған кезде түркімендер сауда қарым-қатынасы туралы өтініш білдіріп, 1813 жылы орыс үкіметінен грамота алды. Абдал, бүрүншық үрпақтарының жартысы Астрахан губерниясына қоныс аударды. Алты старшинамен басқарылып, мейман есебінде саналады.

Маңғышылақта қылыштың, мылтықтың, найзаның, тапаншаның бейнелері мен жазулары бар молалар көп. Бір суретте жолбарысты қуған [екі ит ерткен салт атты] адам бейнеленген. Олардың бастары солтүстік-батысқа қаратылған (SO NW-ға). Түркімендерге тиісті бекіністердің талқандалған орындары бар. Ханга-Баба сайындағы талқандалған жерлерді қырғыздар басып алған*[1]. Александрбай маңында Құмшыңырау құдығынан алыс емес жерде жартастарда ойылған екі зындан бар.

Түркімен үйлері аса жинақылығымен ерекшеленеді, ішіне кілемдер ілінген; киіз үйде ілінген еттер таза матаға оралған.

/12б/ Пушти-Кемер тауларынан (Гурган қайнарынан 4 фарсанға*[2] төмен) Каспий теңізіне дейін өзенмен қатарласып Қызыл-Алаң қорғаны кетеді. Оның салынған кезін аңыз Ескендір Зүлқарнайынға*[3], ал жөнделуін — Нушерванға*[4] тиесілі етеді. Ол түрлі өлшемдегі — 8-ден 10 футқа дейін төбелер қатары түрінде, олар кейде тіпті тегістеліп кетеді. Табаны күйдірілген кірпіштен салынған, оған шөп өсіп, шым басып кеткен. Эрбело[4] оны Қытай қорғанымен қосылған деп ойлайды, бірақ мұның қисыны жоқ сөз.

---

*[1] яғни, *қазақтар.*

*[2] *Фарсанг, фарсах* — 6 шақырым шамасындағы ұзындық өлшемі.

*[3] Яғни, *Александр Македонскийге.*

*[4] Парсы шахы (VII ғ.).

Гокландер[5] мен жәуміттер[6] ауылды «оба» деп атайды да, ол жергілікті төрелердің اق سقل*[5] басқаруында болады; бөлімшені рулар құрайды.

Түркімендер мал шаруашылығынан бөлек, егіншілікпен айналысады. Гокландар киіз үйлерде тұрса да, барлығы бірдей диқандар. Қой мен боиндер (гоклендардан) ұрпақтарының кейбіреулері жібек құртын өсіреді. Түркімен әйелдерінің барлығы кілемді, текеметті, ат жабуын және жүқа армячинаны барынша шебер жасайды. Гокландар қатқыл жібек пен мақта мата жасайды.

Саудаға, әсіресе, жәуміттер, бейім. Жапарбай руы мұнай мен түз саудасын кеңінен жүргізеді.

Гокландер мен жәуміттер парсы шахына бағынады және теке[7] мен ямудтар аймағындағы қорғаныс қызметін жүзеге асыруда алғы шепте тұр. Гокландар басқаларға қарағанда, жақсырақ қаруланған ержүрек жауынгерлер болып есептеледі. /13а/ Жәуміттер тұрақты алым-салыққа міндеттелмеген, бірақ жаңа жылда шахқа белгілі мөлшерде жылқы береді. Астрабад билеушілері өздерін аса қуатты сезінген кездерінде, парсы үкіметіне 6 мың томанға*[6] дейін береді, әр шатрдан 2 не 3 сахабкираннан (2 не 3 сом) алады.

Жәуміттер өмір салты мен қоныстарына қарай *чамурлерге**[7] (егіншілікпен айналысатын, отырықшы түрмыс кешетіндер әрі Парсымен үнемі қарым-қатынаста болатындар) және *чорвтарга**[8] – көшпенділік басым, бөлінеді. Біріншілері Гурганның екі жағалауы бойымен Қарасуға дейін, ал екіншілері – Атреку бойымен көшіп жүреді және астрабад үкіметінің ықпалына онша бағына бермейді. Кедейленген чорвтар чамурға айналады, ақша жинап қайта чорв болады.

Түркімендер ақшаға сараң әрі кекшіл келеді. Қарулары – халықта айрықша қадірленетін найза және қылыш. Мылтықты онша тәуір көрмейді. Қысқы астықтарын жерге көміп сақтайды.

Түркімендер раджпуттар сияқты қандарының тазалығымен мақтанады. Гокландер, жәуміттер және теке өзара некеге түрмайды және бөтен тайпалыққа [қыздарын бермейді]. Б. Боде олардың мына point d'honneur*[9] қайғылы оқиғасын жеткізеді. Астрабад билеушісінің бірі жәуміт қызына ғашық болып қалады да, түркімендердің қарсылығына қарамастан үйленеді. Кикілжің басталады. Бір жылдан кейін, жас келіншек ата-анасына барып қайтқысы келеді, түркімендер оны

---

*[5] *Ақсақал* – старшина.

*[6] Анығында: *туман* – парсының алтын тиыны.

*[7] Яғни, *чомур (түрік.)* – егінші.

*[8] Яғни, *шаруа (түрік.)* – малшы.

*[9] *Ар-намыс (фр.)* мәселесі.

ұстап алып, төбеге алып шығып, бөлшектеп шауып, өздері Хиуаға қоныс аударады.

Таза қанды түркімендер ик[8] (a metis'тер ғой) деген құрметті атақпен, түтқын қырғыз, парсы және өзбек қыздарынан туғандар ежелден құлдар – гүл *[10]گول аталады.

/13б/ Қожалар оларда үлкен құрметке ие (ата, шейх, махтум). Барлық ішкі сауда солардың қолдарында және олар жауласқан рулар арасында да елшілікке жүреді. Олар жақсы жол көрсетушілер болып есептеледі, сондықтан да аса мығым. Олардың бірі халық құрметін пайдаланып, өзін құдай елшісі ретінде таныстырып, өз жолын қуушыларын Астрабадқа бастап алып келеді.

Түркімендер балаларын өте ерте үйлендіреді: ұлдарды 14 және 15, ал қыздарды 10 не 12 жаста. Неке салтынан кейін үш күн қалыңдық пен күйеу бірге болады, содан кейін қалыңдық үш жылға ата-анасына қайтып оралып, жасау дайындайды: киіз үйдің сәндік бұйымдары және киім. Осы мерзімнен кейін әкесінің киіз үйінде тұрады, содан кейін бөлініп шығуларына болады, онда да әкелері алты ай бойы оларды өз есебінен асырайды.

*[10] Анығы: قل ,قول

МҰХАММЕД-ЖАҚЫП ЖАНҚҰЛОВТЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ

/10а/ 1847 жылы Мұхаммед-Жақып князь Горчаковтың тапсырмасымен Қашғарға керуеннің келетіні жөніндегі сыбыстың анық-қанығын білу мақсатымен және мұнда болған аштық туралы мәлімет жинау үшін 1846 жылы Құлжаға барды. Жанқұлов осы тапсырманы орындағаны үшін күміс медаль мен құрмет шапанын алды. 1855 жылы Жанқұлов Шығыс Түркістанның қалаларына барды: Қашғар, Ақсу, Үш және кері Ақсудан Қашғарға оралды, содан кейін Қоқанға келді. Қоқанда бұл уақытта Құдияр хан, *мыңбасы* – Қасым, *михтар* – Көрімқұл болған еді.

Қашғарда бұл уақытта Жәңгір-қожаны ұстаған Исақ-Ванның ұлы Махмет-Тәджі تاجی بك билеуші болды. Бұл әулет Көне-Түрфаннан[1] шығады. Ол 3 ай зекетхана*[1] сарайында тұрды; Әндіжан көшесінде пәтері болды. Намат-хан – ақсақал еді.

Іледе жергілікті биліктің құрметті адамы саналатын амбан Жақыпты жылы қабылдады. Бұдан бөлек оның Қоқан хазіреті*[2] мен *михтар* Көрімқұлдың атынан кепілдеме хаты болды. Қашғардан Ақсуға Мұхаммед-Жақып 11 күн керуенсіз салт атпен жүрді. Жолда 18 бекет (*уртян*) болды, жұмсақ глейлі глаубер тұзымен жабылған біртегіс жолдар Эргол[2] өзенінің сол жақ бойымен кетеді. Сол жақтан алыста таулар көрініп тұрады (80-90 шақырым деп шамалайды).

/10б/ Жолда Эргол өзенінің екі жағынан да тал, Tamarix, Асасіа, жыңғыл, ақтықян, долана, бадалжан өседі. Орманда барыстар көп. Жол Қашғардан Файзабад өзені бойымен, оның Эрголға құятын жеріне дейін, үшінші бекетте оң жағалауға өтеді де, Маралбашыға, яғни тоғызыншы бекетке дейін тағы бес күндік жер қалады.

Маралбашы – жергілікті атау, қамыс басқан батпақты жер; жазда шыбын-шіркей көп болады. Мұнда үйғырлардың ерекше руы доландар тұрады. Чадыркөлден, жетінші бекеттен, доландардың қыстағы Ақсуға дейін созылады. Доландардың басты қаласы Байчукі, оның жанында қытай бекінісі 3 адамдық гарнизонымен орналасқан. Байчуктан бастап жол Эрголды тастап, бірте-бірте бұрыла отырып, солға кетеді.

Ақсу Эрголға құятын Ақсу өзені жағасында орналасқан.

---

*[1] *Зекетхана* – баж салығын қабылдайтын орын.

*[2] Қоқан хандығында діни қауымның бастығы.

ОРТАҒАСЫРЛАРДА ОРТА АЗИЯДА БОЛҒАН САЯХАТШЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

/26а/ Папа Иннокентий IV[1] 1246 ж. Плано Карпиниді (Jean du Plan Carpin Cordelier) христиандыққа үгіттеу үшін моңғол хандығына жіберген болатын. Оның сапары 16 айға созылды: 1246 ж. 16 ақпаннан қасиетті Иоанн[2] күніне дейін. Ол Силезия, Польша арқылы Киевке барды. Алғашқы татар ауылы Canue[3] болды. Bathy және Jaek тұрақжайлары бар Днепр, Дон, Еділді басып өтті. Осы өзендердің арасындағы елдер Куман[4] аталады. Осы өзендер келіп құйылатын теңіз «cette mer est la grande, d'ouü sort le bras de saint George, qu'est vers Constantinople*[1]».

Пасха күні Карпини Батудан Күйікке[5] (Cuyneü) шығып, Куман арқылы, содан кейін Қаңғыт[6] даласы (Comanie et pays de Cangites) арқылы жүрді. Соңғысының тұрғындары командар сияқты шатырларда тұрады. Tous les habitants eütaient paysans et eux non plus que les Comans, ne s'addonnent aux labourages des terres mais vivent des leurs bestiaux seulemenet. Ils n'ont point des maisons basties, mais ils n'habitent que sous des tentes*[2].

Ол Қаңғыттан команша сөйлейтін, бірақ сарацин дінін тұтынатын Bisermins[7] жеріне келді. Мұнда ол татарлар талқандаған көп қалалар мен сарайларды тапты. Карпини бұл елдің иелерінің Altisoldan[8] (яғни, ұлы сұлтан) аталатынын және оның барлық үрім-бұтағымен моңғолдар тарапынан жаныштал-ғанын айтады.

/26б/ Бұл елде таулар ерекше биік. Одан оңтүстікке қарай Иерусалим мен Бағдат (Baldach) және тұтас Сарацина жатыр. Оларға жақын шекарада Thiaday'a[9] балалары Buri et Cadan екі ханзада тұрады. Солтүстікте Carakattay елі, және мұхит және Батыйдың ағасы – Siban-ның[10] ордасы бар. Бұл елге Вознесениядан Иванов күніне[11] (l'Octave de St. Jean) дейін жол

---

*[1] Бұл – Константинополь маңындағы әулие Георгий бұғазына шығатын үлкен теңіз (*В. Н. Настичтің аудармасы*).

*[2] Барлық тұрғындары крестьяндар болды, олар да командар сияқты жер өңдеумен айналыспайды, жалғыз-ақ малдарының есебінен күнелтеді. Оларда қаланып салынған үйлер мүлдем жоқ, өздері шатырларда тұрады (*В. Н. Настичтің аудармасы*).

жүріп, содан кейін император сарай салғызып жатқан Nigra Cathaya[12] аяқ басты. Ол бұл жерден шығып, жағасында шағын таулары бар көп аралдар басқан кішкентай теңізді, не болмаса үлкен көлді[13] көрді, онда бір қуыс бар, одан қысқа керемет боран, жел тұрып, мұнда жүру қауіпті болады, тіпті жазда қорқынышты шу естіліп тұрады, бірақ, бақытына қарай, қауіпті емес*[3] деп айтады-мыс. Одан әрі қарай бірнеше күн осы теңіздің үзына бойымен жүріп, ақырында, оны оң қол жақта қалдырады. Бұл елде түріктің бір кәрі қолбасшысы әрі князі Орду[14] тұрған, оның өз сарайы (Court ou horde) болған. Олар Петр мен Павел[15] күнінде Naymans елдеріне жетті, оның халқы payens пұтқа табынушылар болып табылады. Бұл ел таулы әрі суық. 29 маусымда, Карпини одан өткен кезде қалың қар жауды. Тағы да үш апта Mongoles елімен жүріп өтіп, 22 тамызда қасиетті Магдалина күні саяхатшы Ұлы ханның*[4] ордасына жетті.



Белгісіз бірөнер портреті. Қалам. 1860 жж. Ш. Уәлихановтан сурет.

Доминикандық Асцелин (Ascelin) Иннокентий IV бұйрығымен татар князіне Baiothnoy*[5] Персияға 1251 ж. жіберіліп, 1257 ж. оралды. Ол Хорезмге дейін жетті. Оған /27а/ монахтар Симон, Александр және Альберт еріп жүрді. Плано Карпини саяхатының оның өзі жазған хабарламаларын және Симонның ауызша жеткізген мәліметтерін Vincent' de Beauvais[16] 1494 жылы Венецияда «Speculum historialen» атауымен және ағылшын Ричард Hakluyt өзінің «Navigation»-ында, содан кейін 1734 жылы Питер Bergeron' Парижде басып шығарды. Бұдан басқа, қараңыз: Fragmentum de rebus orientalibus Helmst. 1858 жылы – Карпинидің тамаша басылымы d'Avezac'атің қызық ескертпелерімен Recueil de voyages [et de Memoires...]-інде География қоғамының шығаруымен жарық көрді.

*[3] Bergeron, p. (*Ш. Уәлихановтың ескертуі*).

*[4] Яғни, Қаракорым қалалары, Орхон өзені алабындағы монғол хандарының резиденциялары.

*[5] Яғни, *Байджу*.

Орыс тілінде: Языковтың[17] «Собрание путешествий к татарам в XIII–XIV веках» еңбегі.

1248 жылы Карпинидің ізінше Иннокетий IV бұйрығымен татарларға соңғы елші – якобин монахы француз Andre de Lonciumel немесе Luncimel жіберіледі. Ол туралы Рубруквис үнемі еске салып отырады. Оның жіберілгені туралы хабарды Vincent'a de Beauvais-дан және Nangis-тан табамыз, алайда олар тыңғылықты баяндамалар қалдырмаған. Олар 1249 не 1250 жылдары оралады.

Rubruquis, Ruisbrock, Rubruk, француз, Людовик IX бұйрығымен Сартаққа[18] жіберілді. Рубрук 7 мамыр 1253 жылы Bartholomee de Creni ілестіріп Константинопольдан шығып, Қырым арқылы Еділге жүріп, онда Сартакты тапты,< Еділдің Etilia – олар көрген өзендердің ішіндегі ең үлкені дейді, солтүстіктен Ұлы Бұлғариядан оңтүстіке қарай ағып, үлкен бір көлге не теңізге құяды, оның айналымы үш айдан көп жолды алады, Tane-нің (Дон) Pontus Meotides-ға [Азов теңізі] құятынын айтады>. Р. Каспийдің, Mer Caspie, немесе Gircan, барлық жағынан құрлықпен қоршалғанын және де оның мүлдем шығанақ емес екенін айтады (76-бет, Chap. 20).

/27б/ 12 күннен кейін Еділ өзенінен ол Жайыққа Jagag (ал Сартактан олар 14 тамызда шықты) келіп, шығысқа қарай ашық орман-тоғайсыз даламен жүрді; 31 қазанда оңтүстікке бұрылғанында құландардың (Colan) үйірін көреді, одан әрі оңтүстікке қарай биік таулар мен тұрғын жайлар, бау-бақ сияқты суландырылған, жақсы өңделген жерлер көрінген.

2 қарашада сарациндер қоныстанған Kenkatқа[19] келді.

/28а/ Алғашқыда бұл сапардың мәлімдемелерінің жартысы Hakluyt, содан кейін толық аудармасы ағылшын тілінде басылған, сондай-ақ Кембридж университетінің, – Purchas «Navigationsda», кітапханасында сақтаулы манускриптен алынған тұтас латын мәтіні шықты.

Бержерон өзінің «Voyages etc»-тегі корольдық кітапханасындағы латын мәтінінен француз аудармасын басып шығарды. Бұдан басқа, Recueil de voyages, т. IV d'Avezac'a Itinerar Willelmin de Rubruk*[6] латынша мәтіні бар.

Гетум, немесе Hayton, армян патшасы, бір уақыттарда Рубруквиспен Менгуда болған еді. Бұл саяхат жайын 1307 жылы Кипр аралында ұзақ уақыт тұрған Гайтон ұрпақтары француз тілінде баяндады, бұл баяндама 1316 жылы папа Клементтің бұйрығымен латын тіліне Historia orientalis атауымен аударыл-

---

*[6] *D'Avezac.* Relation des Mongols ou Tartares par le frere lean du Plan de Carpin, de l'orde des Freres Mineurs. Legat du Saint-Siege Apostolique, Nonce en Tartarie, pendant les annees 1245, 1246 et 1247. Paris, 1839 (Recueil de voyages et de Memories publie" par societe de Ceographie, v. IV, h. 2).

ған болатын, осыдан кейін қайтадан монах Frere Jean Le Long d'Ipre француз тіліне аударып, 1528 ж. басылды. Бұл шығарма сонымен бірге венециандық Одерика ди Порденонның (1317) да Bouldeselle'a саяхатын да қамтиды. Гайтон тарихы: Historia orientalis ed. Helmst. 1585. Ramusius, Navigation, II. Volume. Ранкузада жинаққа Гайтоннан басқа, Oderic те енді.

/29а/ Моңғол қол астындағы Мәуереннахр тарихына байланысты бізге мәлімдерінен басқа дерекқөздер:

Тарих-и Рашиди. Бұл шығарма жөнінде және оның авторы туралы қараңыз: Notices des manuscrits, t. p. 488, 489 et aussi p. 486 et 512; M. Elliot, op. sup. Laudat., p. 7.

Тарихи-и Арбаат-улус – Ұлықбектің шығармасы, Константинопольде Шефер (Schefer) ашқан. Бұл туралы қараңыз: Jornal asiatique, janvier, 1851, p. 104; ibidem, numeros de novembre – decembre.

Тарихи-и Ташкенди, ол туралы Jornal asiatique, janvier, 1852 p. 59; ibidem, fevrier – mars, 1852, p. 216 et numeros octobre – novembre, p. 317.

Мұнда Мәуереннахрдың моңғол хандары туралы Хондемир «Хабиб ас-сиар»-інен алынған Defremery аудармасындағы мәтін орын алған.

/47а/ БАЙЛАНЫС ЖОЛДАРЫ

Семейден Верный арқылы Орта Азияның орталықтарына дейін 80 – 85 күн жүреді, түйесіне 3 не $3^1/_2$ алтыннан төлеп жол сілтеуші алуға болады, ал орыс жүк арбаларын әр пұт үшін 30 тиыннан жалдап, Иткешу және Әулие-Ата арқылы жетуге болады. Қысқа жол тақыр даламен өтеді, Шолақ-Қорған арқылы 35 – 40 күн.

Ташкенттен Қоқанға дейін 24 таш*[1], Қоқаннан Маргеланға дейін – 9 парсах, Маргеланнан Ошқа дейін – 14, Қоқаннан Ошқа дейін барлығы 24 таш. Ташкенттен Қоқанға екі жол бар. Бірі Үш (Уг) арқылы 12 – 15 күн, жол біртегіс, тек бір ғана жер шағын асу, елді мекен үстімен түйемен, арбамен жүруге болады; екіншісі – Кендір тауы арқылы, көбінесе атпен, түйе де өтеді, бірақ қиын. Бір ғана өте қиын асу кездеседі, 10 – 15 күн, ал түйе 6 не 7 күнде жүріп өтеді. Атпен жету үшін 12 – 14 теңге – 2 сом 40 т немесе 2 сом 80 т. Түйелер қымбатырақ – 3 сом – 3 сом 40 тиын. Арба өте алмайды. Сыр арқылы түбі жайпақ қайықпен жүзіп өтеді. Атқа, түйеге тең деген жүк үшін 1 теңге 20 тиын күміспен алады. Ташкенттен Наманганға түйемен, сондай-ақ атпен – 14 немесе 15 күндік жүріс. Бұл жол екіншіден, Қоқаннан Кендір-Даван арқылы асып өткеннен кейін бөлініп шығады. Қоқаннан Ошқа дейін атқа артқан теңнің бағасы 2 теңге. Өткен жылы қыстың қатал болуына орай 5 теңге болды. Арбамен, атпен жүргенде Ош пен Маргелан арасында үсақ асулар бар. Қоқаннан Ошқа дейін үш күн. Оштан Қашғарға дейін ат үшін 2 немесе $2^1/_2$ алтын алады, Терек-Даван арқылы асу – 14 – 18 күндік жол. Қашғардан Ақсуға дейін түйеге 1 алтын алады.

Яркендтен Тибетке дейін: 3 күн Яркенд шекарасына дейін, 1 ай Тибетке (Лех немесе Ладақ) дейін және 12 күн Үндістанға дейін.

Наманнаннан Әулиеатаға жол тек үш ай ғана ашық – маусымның соңында, шілде және тамызда; ат және түйемен жүруге болады; тау мен асулар өте қиын – Қарабура, Шатқал, Қайыңды. Өз аттарымен жүреді.

---

*[1] Ортаазиялық ұзындық өлшемі, 7 – 8 шақырымға тең.

[ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ МЕН СҰЛТАНДАРЫНЫҢ РУЛЫҚ ШЕЖІРЕСІ]

/3а/ Сөйтіп, қазақ сұлтандарының бір тармағы қызыл тулы сұлтандар атымен мәлім де, олар, халық аңызы бойынша, шытырман оқиға қуған ортаазиялық бір келімсектен тарайды. Бұл тармақтың ата-бабасы Ондан*[1] сұлтан, лақап есімі – Ұзыноқты Ондан, Ангрен жанындағы Құрамадан шыққан. Ол бірде бір тойда мөлшерден тыс ішіп алып айтады: өзі бір атақты құрамдықты 12 құлаш садақ тартып, жебемен атып өлтіріпті-мыс, қара арғымаққа мініп, ол жерден өзінің әкесінің досы Әлібек*[2] Агевскийге кеңес сұрап келеді.

– Сен жақсы жігітсің, – деді оған бек, – саған менің жаным ашиды. Саған мұнда қалуға болмайды. Шу далалары сыртында сұлтандар мен қожаларды қадірлейтін көшпелі рулар бар. Сен қожа бола алмайсың, бірақ сұлтан бола аласың. Сен ержүрек әрі айтулы мергенсің. Сонда барып, өзіңді сұлтан деп таныстыр.

Ол Кіші ноғайларға өтіп, ол жерден қайсақтарға келіп, ержүректігі үшін сұлтан ретінде танылды да, әскер қолбасшысы болды. Атақты Ораз-Мұхаммед осы Озсанның*[3] ұлы еді. Сондай-ақ, [Жалайыр «Жылнамалар жинағы» шығармасының] авторы Озсанды [Тәуекел хан мен Есім ханның] ағасы деп атайды.

---


*[1] Толық есімі: *Ұзын оқты Ондан* اوزون اوقتی اوندان

*[2] *Әлібек* – атақты Төлебидің әкесі.

*[3] *Озсан*, яғни *Ондан*.

[ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ МЕН СҰЛТАНДАРЫНЫҢ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕСІ]

1-кесте



АБЫЛАЙ ХАН

2-кесте

Бұл ханның 12 әйелі болды, олардан 40 қызы және 30 ұлы болды [1]. Бірінші әйелі Әбілқайырдың немесе хиуалық Қайыптың қызы Қарашаш ханымнан Абылайдың екі қызынан басқа, ұлы болған жоқ, оның бірі Барақтың ұлы Дайыр ханда, ал екіншісі – Құдайменді сұлтанда түрмыста болды. 2 – Сайман ханым – қарақалпақ бегі Сағындық-Шуақбайдың қызы хан Уәлидің шешесі. 3 – Бабақ ханым – Қытай асып кеткен Қашғар бегі Кенже-Сарттың қызы. 4 – ..... қожадан шыққан, атақты қырғыз әулиесі Сарғалдақтың қарындасы. 5 – Топчай, немесе Тубч*[1] – біраз уақыт Абылайдың Ордасында болған Қалдан Сереннің туысқаны қалмақ князі Хочу-мергеннің қызы. 6 – Тохта-ханым – ол да қалмақ ноянының қызы. 7 – Татч-ханым*[2] – қара қырғыздардан түскен олжа; одан Абылайдың екі қызы бар; олардың бірі хан Тәукенің ұлы – Түрсынға түрмысқа ұзатылған (қараңыз: кесте 1. Сәмеке хан туралы). 8 – Орес ханым, Слу*[3] (сұлу) атағын алған – қалмақтардан түскен олжа. 9 – Тұлақ ханым. 10 – Сайын Көбен. 11 – Шаған ханым және 12 – Мүнтүм. Абылайдың соңғы төрт әйелінің барлығы қалмақтар және олардан баласы болған жоқ. Тоғызыншысы Сайман ханымның жанында көмекші, ал оныншысы Қарашаш-ханымның жанында көмекші ретінде болды.

---

*[1] Қазақша түпнұсқасында: توپچ – Топыш.


*[2] Қазақша түпнұсқасында: تا پچ – Тапыч-ханым.

*[3] Қазақша түпнұсқасында: تر غاوت اوروس سولو – Торғауыт Ұрүс сұлу

2. САЙМАН-ХАНЫМ
УӘЛИ-ХАН ШЫҢҒЫС ӘДІЛ ЕСІМ
ШАЛАБАЙ
ЖУМА БАТЫРХАН
3. БАБАҚ-ХАНЫМ
ШЕГЕН РҮСТЕМ ОСМАН СЫЗДЫҚ ӘБЕТАЙ АБДУЛЛА
ДОСАН
НҰРМҰХАМЕД ДҮЙКЕН
ЖАЛБАР ТӨРЕХАН
СӘМЕКЕ
ОРМАН
ТӨРТАН МҰРАД БӨКЕЙ САМАЙ
4. ҚОЖА ҚЫЗЫ САРҒАЛДАҚПЕН БІР ТУҒАН
ТОҚ
ҚОСЫМ
АРЫҚ
САРТАЙ ПІРӘЛІ
СЫБАНҚҰЛ СҰЛТАНХАН
ҚҰШІК ӘМІР ОМАР
ТАЙЫРХАН
ӘБЕН НИЯЗБЕК МӘҢІК
ПІРӘЛІ
ШОЛАҚ
ЖӘНКЕ
ЖАНТӨРЕ
АЙТӨРЕ
БАЙТӨРЕ
ШАЛҒЫНБАЙ САЛТЫБАЙ
АРТЫҚБАЙ
ТЫШҚАН
НҰРТӨРЕ
ЕЖЕНБАЙ
ҚҰНТӨРЕ РАХЫМ
БЕКСҰЛТАН КӨГЕДЕЙ АҒАДАЙ
СЕЙІЛХАН ӘЗІМХАН ҚОЖАМСЕЙІТ
ОСМАН
ҰЛДЫ ТАСТАНБЕК БАБАЖАН
ОСМАН
5. ТОТЫШ-ХАНЫМ
ҚАМБАР
6. ТОҚТА-ХАНЫМ
ШЫҒАЙ ТАҒАЙ СҮЙІК
АҚҚАҢ
БАЙҒОЗЫ
8. ӨРІС
ШАМА
ЖӨҢГІР ШАҒАТАЙ БАШКЕН ҚАРА-ТЫШҚАН ЕСІМ ШАНАТАЙ
ДАУЫМ ИСАХАН МАЙМАҚ
ДОСМАН СҰЛТАНБЕТ
СҰЛЕЙМЕН САМРАТ МҰСАХАН
МАЙМАҚ

3-кесте

УӘЛИ ХАННЫҢ ҰРПАҚТАРЫ



[ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАЗБАЛАР]

// 21 жылы Омар[1] алғашқы ақшаны *[1] بنام حضرت خداوند سکه زدند соға бастады.

Ирактың тізе бүгуі.

22 – Ирак, Шираз, Хорасанның тізе бүгуі және Яздижердтің[2] Хорасаннан Түркістанға қашуы. Басқа тарихи деректерде 36 парсы қаласының, قصبه*[2], бекіністердің алынғаны және 4 мың кенттің, کنت*[3] алынғаны және оларда мешіттер мен медреселер салынғаны туралы айтылған. 1900 жиын мешіттерінің негізі қаланды. 23 жылы *зу-л-хидж-жа*і 27-і چهار شنبه*[4] күні Омар қайтыс болды.

25 – Африка, Тебриз және Андалуз*[5] тізе бүкті.

26 – Рум*[6] алынды.

27 – Мағриб*[7] бағындырылды.

28 – Құранның қазіргі түрінде жинақталуы. 29–30 бөлікке бөлінді.

30 – Балхты Асаф ибн Қияс[4] اصف ابن قیس бағындырды.

37 – Әбумүслім Марвазидің[5] өлімі.

185 – Имам Ханафи әл-Куфидің[6] өлімі.

Саманилер – 9 адам 102 жыл алты ай 20 күн патшалық құрды.

Газневилер – 14 адам – 165 жыл.

Себуктегін[7] аталатын Буилер – 14 адам.

Зу-л-қа'да-ның سنة احدی و عشرین و ثلثمائة*[8] басталуы.

Бахрам-Гурдің[8] үрпақтары.

Селжүқтар – 36 адам – 130 жыл.

Хорезмшахтар – 9 адам – 177 жыл.

---

*[1] Оның ұлы билігінің атынан тиын соқты.

*[2] 'Қыстақ, бекініс' *(араб)*.

*[3] Қыстақ (соғды. Кап8).

*[4] сәрсенбі *(парсы)*.

*[5] Испаниядағы омейядтық иеліктердің арабша атауы.

*[6] Византияның арабша атауы.

*[7] Солтүстік-Батыс Африка (қазіргі Марокко, Алжир және Мавритания) елдерінің жиынтық атауы.

*[8] 'үш жүз жиырма бірінші жылдың' *(араб)*.

بلغاریان*9 патшалары – 11 адам – 120 жыл.

Египеттік исмаилилер[9] – 14 адам – 260 жыл.

Иранның исмаилилер[10] патшалары – 8 адам – 171 жыл.

Қарақытай мәртебелілері. Керманда کرمان – 9 адам – 86 жыл.

Шыңғыс хан 20 *зу-л-қа'да хижраның* 549 жылы, 25 жыл хандық құрды, 574 жылы[11] рамазан айының 14 күні қайтыс болды.

Хулағу 624 жылы[12] *раби әууалдың* 19 күні түнде, *йекшанба**[10] қайтыс болды.

512 ж. – Хорезм халқының қырылуы және شیخ نجم الدین کبری[13] өлімі.

736 жылы Баха ад-Диннің[14] өлімінен 45 жыл бұрын, 5 *ша'бан* سه شنبه*[11] күні, түнде Темірланның туылуы, 808 жылы қайтыс болды, 30 жыл хандық құрды.

771 жылы – چهار شنبه*[12] күні Балхты қамауға алып, таққа жасалды*[13]. Рамазанның басында Хұсайын Курканды өлтірді. Оның қабірі қожа Акашаның عکاش*[14] (*сахаба*) аяқ жағында. 773 жылы *мухаррамда* Гератты жаулап алуы. 793 жыл – Дешті-Қыпшаққа Тоқтамысқа жорығы. 800 ж. Үндістанды, 804 ж. سه شنبه*[16] күні, 23 *джумада аввал* – Шамды*[15] жаулап алуы. 802 ж., *зу-л-хиджжа* – قیصر روم*[17] (Баязидтің) өлімі.

523 жылы پنج شنبه*[18] күні *ша'бан* айында – Хәкім-Атаның өлімі және میرزا احمد جامی[15] өлімі, 550 жылы – Имам Мұхаммед Ғазалидің[16], 618 – Имам Фахр ад-Диннің[17], 618 жылы – نجم الدین کبری*[19] өлімі және Хорезм халқының жаншылуы.

573 жылы – Мұхаммед Салих Загрияд-Йабаның[18] өлімі, 804 ж. – حکم خاقانی*[20], Балх ханы Мұхаммедтің хандығы тұсында құрастырылған, авторы Мұхаммед ибн Дервиш-Мұхаммед әл-Мифтах әл-Балхи[19] فهرست الصحایف کتاب مجمع الغرایب*[21] кітабынан.

---

*9 'Бұлғарлық' *(парсы)*.

*10 'Жексенбі' *(парсы)*.

*11 'Сейсенбі' *(парсы)*.

12 'Сәрсенбі'(парсы)*.

*13 Түпнұсқада солай, «отырды» деп оқу керек.

*14 Дұрысы, عکاشه *'Укkашаның*. Сахаба (араб. صحبة немесе اصحاب асхаб) – Мұхаммедтің серіктестері.

*15 Сирияны *(араб.)*.

*16 'Сейсенбі' *(парсы)*.

*17 'Үрім (Византия) цезарі' (араб-парсы), мұнда – осман сұлтаны Баязит I Йылдырым (805/1402 ж. Темір талқандаған).

*18 'бейсенбі' *(парсы)*.

*19 Наджм ад-дин Кубраның; қараңыз: түсініктеме 13.

*20 *Хукум-и хакани* – хан үкімі (араб-парсы).

*21 «Таңғажайыптар жинағы» кітабы беттерінің мазмұны».

Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ ЖАЗДЫ ДЕП ЖОРАМАЛДАНҒАН МАҚАЛАЛАР МЕН ЖАЗБАЛАР

ОРТААЗИЯЛЫҚ ХАНДЫҚТАР: ХИУА, БҰХАРА МЕН ҚОҚАН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ РЕСЕЙМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

С. Петербор, 18 шілде 1861 ж.

Ресей ортаазиядағы тәуелсіз үш иелік – Хиуа, Бұхара мен Қоқанға Орынбор өлкесі және Батыс Сібір жағынан 6000 шақырым арақашықтықта жанасады, біз үшін саяси, сондай-ақ сауда қатынасында ертеден аса зор маңызға ие. Ресейдің түркістандық мемлекеттерді іш тартуы, бір жағынан, біздің иеліктеріміздегі Сырдария мен Балқаш сыртындағы тыныштыққа байланысты болса, және екінші жағынан, империяның Сібір мен Орынбор шекараларында коммерциялық қызметті дамыту мақсатымен байланысты болып табылады.

Бір кездері Александр Македонский мен Темірланның соғыс театры және өз заманында Еуропаны өзінің басқыншылықтарымен тырп еткізбеген тайпалардың бесігі болған Орта Азияның[1] ұлан-байтақ жазықтары қазір Ресей мен Англияның, яғни халықтарының тағдырына әлемнің ежелгі бөліктеріндегі білімді жаңғырту тауқыметі жазылған осы екі елдің қазіргі таңдағы иеліктерін бөліп жатыр. Бұл екі елдің осы аумақтарға тікелей соқтығысы орын алмағанымен де, олар не басқа да ұлттар Тұрандағы өз ықпалдарын бірден бір коммерциялық жолмен нығайтуға үздіксіз талпыныс жасап келген. Орта Азияның селолары мен қалалары Ресейдің коммерциялық әрекетінің дамуы үшін қол жетпес[2] дерлік рынок; Оксустың сыртында жатқан базарлар ағылшын өнеркәсібінің тауарларымен толтырылған, бұл тауарлар Тұранның солтүстігіндегі қалаларға асқан қиындықпен өтеді; өйткені мұндағы азиаттық билік пен осы елдердің халқы, Үндістанды алға тартып, ерте ме, кеш пе оларға тәуелді болудан, яғни Ұлыбританияның вассалына айналудан қауіптеніп, ағылшындарға және олардың тыңшыларына сенбейді. Ағылшындардың Үндістандағы іс-әрекеттері туралы мұсылман фанаттарының әсіреңкі айтылған әңгімелері ортаазиялық халықтардың ференг-еуропалықтарға деген жеккөрушілігінің күшеюіне аз ықпал етпеді. Осыдан Түркістанды аса қат шикізат тауарларымен қамтамасыз ету тауқыметі өз тағдырына жазылған Ресейдің онда өз ықпалын енгізуі анағұрлым оңай болатыны айқындалып отыр; мұның барлығы оның өзі үшін және оның сол және басқа да қолға

алатын шаралары мен қаржыға байланысты болады, бұл шаралар ел мен халықтың жалпы сипатымен үйлесе ме? Әрине, жаулап алу туралы сөз болуы мүмкін емес, болмауы да тиіс. Аталмыш елдердің шалғайлығы және оларды қоршап жатқан Қызылқұм мен Қарақұм құмды шөлдері бұл өлкелерге жорықтар барысында біздің тарапымыздан айтарлықтай шығындарды қажет етеді әрі бұл жорықтар шыққан шығынға қарай пайда әкелмес те еді.

Орта Азияға біздің ықпалымызды енгізіп, оны нығайту үшін басқа, уақыт өте келе бізге орасан пайда әкелетін күшті, шаралар қабылдау қажет яғни, біздің саудамызды осы өлкелерде дамыту. Ол үшін, хиуалықтардың біздің кемелеріміздің Әмудариямен жүзуіне кедергі келтірмеулері маңызды; кеме қатынасының дамуы әскери флоттың күшейтілуіне, сондай-ақ Арал теңізінде құрылатын көпестік флот мекемесіне байланысты. Шындығында, Әмудария бірте-бірте Бұхараға және одан әрі қатынастыратын кәдімгі керуен жолын алмастыра ала ма деген мәселе қазірге дейін шешілген жоқ. Өзеннің сағасы мен саласының өзі күмның орасан зор мөлшері мен солтүстік желдің әсерінен жыл сайын өзгереді, сондықтан алдын ала жүргізілетін жасанды жұмыстарсыз кеме қатынасының орнауы мүмкін емес, мейлінше қиын болады. Алайда, кеме қатынасының дамуымен бірге бұл кедергілердің жойылатынына сенім білдіру керек.

Сауда кемелеріне Әмудариямен барлық қашықтыққа еркін қатынауға рұқсат беру, орыс бодандарының мүліктері мен жеке бас қауіпсіздігін жүзеге асыру, қарақшылық пен тонаудан сақтау — шарттың басты мәнісі, осы жағдайларда біздің шалғай елдермен сауда байланыстарымыз жүргізіліп, нығайтылуы мүмкін. Қазіргі уақытта, екі параход пен сонша баржадан тұратын кішкентай флотилиядан басқа, бізде, өкінішке қарай, көпестік флоттың Әмудария мен Арал теңізімен қатынау ісінің ұрығы да себілген жоқ, бірақ, оған құқық алынысымен бірге оның жасалатынына күмән жоқ.

Орта Азияның аталған елдерімен біздің сауда байланысымызды күшейту үшін немесе оның оңтүстігіне, оңтүстік-шығысына қарай жатқан елдермен хандықтар арқылы транзиттік сауда ашу үшін, Ресейдің ондағы үш хандықтың барлығында, кем дегенде, сондағы иеліктер мен аса қадірлі адамдардың Ресей державасына деген сенімін орнықтыра алатын, біздің одан арғы іс-қимыл жүйеміз үшін қажет оң мәліметтерді жеткізіп тұра алатын және сонымен бірге біздің көпестеріміздің мүдделерін қорғай алатын уақытша агенттері болуы тиіс.

Расында, біздің саудамыздың ахуалы қазіргі түрінде бізге онша тиімді емес, табанды өзгерістерсіз келешекте үлкен жетістікке кепілдік ете алмайды. Бұл мәселе туралы қолдап және қарсылық білдіріп көп жазылды, сондықтан тағы да

оған тоқталуды артық деп санаймын: қысқа сөйлеймін, қазіргі уақытта осы саудадан түсетін басты көпестік пайда тек ортаазиялық көпестерге басым түседі: орыс тауарлары ортаазиялық тұтынушыларға ең арзан бағаға, ал ортаазиялықтардікі орыстарға салыстырмалы түрде қымбатқа айналады. Бұқарлық, хиуалық және қоқандық саудагерлер біздің тауарларымызды олардың өндірілген жерінен сатып алады, сонда біздің саудагерлеріміз Бұхара, Хиуа мен Қоқанға сирек бара бастайды; мұның себебінің бір жағдайы, христиан-саудагерлерден мұсылман-саудагерлерге қарама-қарсы, әкелінген және жөнелтілетін тауарлары үшін үлкен салық алынады, неге біріншілеріне соңғыларымен бәсекелесуге мүмкіндік жоқ, бір жағынан, орыс саудагерлері онда ауыр алым-салық пен ығыстыруларға тап болып, оларды жөнге салатын ешқандай басқарма таба алмайды. Міне, осы себепті, онда Ресей тарапынан елшілердің немесе аккредитивті агенттері болғаны жөн. Алғашқыда, тәжірибе түрінде тиімдірек әрі керуенбасы сияқты керуендермен бірге барып және сонымен отанына қайтып оралатын уақытша елшілердің болуы қауіпсіздеу болар еді.

Қырғыз далаларында егіншіліктің дамуымен қырғыздар мен қарақалпақтардың азық-түлік жағынан көрші хандықтарға тәуелділігі тоқтатылады. Қазіргі уақытта олар үн мен астықты Бұхара мен Хиуадан сатып алуға мәжбүр. Мүмкіндігінше осы қолайсыздықты жойғаннан кейін саудагерлердің көрші иеліктермен қарым-қатынасы мен тәуелділігі еріксіз әлсірейді. Бұл жағдай тек қырғыздарға ғана емес, сонымен бірге басқа азиаттықтарға да біздің билігімізді нығайтып, ықпалымызды күшейтуде оңды болады.

Сөйтіп, Ресей Орта Азия елдерімен жүргізілетін сауда айналымын неғұрлым дамыта түсуге қаржы іздестіру қамын, демек, керуен жолдарының қауіпсіздігі мен орыс саудагерлерінің жеке басы мен мүлкінің аман-есендігін қамтамасыз етуді үнемі ескеруі тиіс.

Үш хандықтың: Хиуа, Бұхара мен Қоқанның және олардың Ресейге қатынасының қазіргі жағдайын айқын түсіну үшін, біздің аталған мемлекеттермен қарым-қатынасымыздың тарихи дамуына баса назар аудару қажет.

РЕСЕЙДІҢ ХИУАМЕН ҚАТЫНАСЫ

С. Петербор, 29 шілде 1861 ж.

Ресейдің Хиуа хандығымен қатынасы Иоанн Васильевич Грозныйдың тұсында басталды; Қазанды бағындырғаннан кейін 1557 ж. хиуалық елшілер орыс патшасы сарайына Ресеймен еркін сауда құқығына қол жеткізу үшін келді. Мұндай елшілердің келуі содан бері қайта жаңғыртылды. Олар Мәскеуге 1563, 1566 және 1583 жылдары келді деген мәліметтер бар. XVII ғасырдың басында хиуалықтар жайық (орал) казактарының өздеріне шабуылдары туралы шағымданды, олардың арасында қазірге дейін Хиуаға жорық жөнінде сөз сақталып келеді. 1602 жылы казактар тіпті Хиуа қаласын, хан ордасын алады, бірақ қайтар жолында талқандалады. 1622 жылы өз туысқандарынан[1] қуғын көрген хиуалық Ауған хан Михаил Феодорович патшаның қамқорлығын іздейді де, егер ол оған оның бұрынғы дәрежесін қайтаруға көмектесетін болса, Ресейге бағынуға бойсұнатынын білдіреді.

1700 жылы келген Хиуалық елші император Ұлы Петр өз ханы Шанияздың[2] грамотасын ұсынады, онда соңғысы өзіне қарайтын халқымен тұтас оны Ресей бодандығына қабылдауды өтінеді. 30-шілдедегі грамотасында Ұлы Петр бұған өз ниетін білдіріп, соның ақырында 1703 жылы оны жаңа Хиуа ханын Арак-Ахметке[3] бекітті. Осы жағдай сылтауымен Мәскеу Ведомосында*[1] сол жылдың сәуірінде келесі түрде хабарландыру орын алады: «Хиуа ханы Ұлы мәртебеліге өз елшісін Ұлы Мәртебелінің оған, ханға, оның қол астындағы барлық халқымен Құдіреті жоғары Патша қол астына мәңгілік бодандыққа рұқсат етуін өтініп жіберді, оған Құдіретті біздің Мәртебеліміз рақымшылық білдіріп, Хиуа ханына өз елшісін жібереді».

Осы уақытта Әмудария күмдары бойындағы алтын күм туралы және де хиуалықтардың осы өзеннің Каспий теңізіне құятын сағасын әдейі жауып, оны Арал теңізіне бұрғаны, содан көп қиындықсыз қайтадан бөгет қазып, Әмударияға бұрынғы ағысын қайтаруы жайындағы сыбыс жүрді. Осы хабармен Астраханьға түркімен *Қожа Нафас* келді.

---

*[1] Қараңыз: Вед. Мосак. 1703 ж., жаңа басылған...

Ол бұл қалада христиан дінін қабылдаған гилянскі тумасы князь Самоновпен достасып, онымен бірге Жоғары мәртебелінің өзбектерге қарайтын Әмудария өзені жанындағы елді түрікмендердің көмегімен билеп алуы түрғысында өз тарапынан үсыныс жасау үшін 1713 жылы Мәскеуге, император Ұлы Петрге аттанды. Осы жылы Мәскеуде Кіші Бұхараның құм алтыны туралы үсынысымен Сібір губернаторы князь Гагарин де болды. Лейб-гвардия капитан-поручигі, Ұлы Петрдің ерекше ықыласына бөленген князь Бекович-Черкасскиймен[4] танысқан Қожа Нафас пен Самонов ол арқылы патшамен жүздеседі. Сол кезде Ресей сарайы жанында болған Хиуа елшісі Ашур-бек 1713 жылы С. Петерборда болып, мұнда 1713-1714 жылдары келді; ол Ұлы Петрдің ықыласын пайдаланып, жоғарыда аталған Сібір әскербасы князь Гагаринмен де жақын қарым-қатынаста болды. Әмудариянық бұрынғы ағысы мен осы өзеннің алтынды құмы түрғысындағы сол уақыттарда пайда болған жорамалдар түсында, Ашур-бек Ұлы Петрге Әмудариянық ескі ағысының сағасында, шамасы, Красновод мүйісінде, гарнизонның 1000 адамына бекініс салуды үсынды, жоспарланып отырған бөгеттің жерін жыртуда, сондай-ақ Әмударияны ескі тармағына бұру жұмыстарына Хиуа ханының тарапынан кедергі болмайтынын хабарлайды. Ашур-бек Санкт-Пстербордан 1715 жылы босатылған болатын, император оған, айтқандайын, барлық керек-жарақтары бар алты зеңбірек және бірнеше пұт оқ-дәріні ханға арнап сыйлайды, алайда Хиуада өткен төңкерістердің салдарынан, Петр I оларды Астраханға алдыруды, ал елшінің өзін уақытша тұтқындауды бұйырды. Осы уақытта Хиуада билік басында өзгерістер болып жатты. Жәдігер қайтыс болды (1714 ж.), ал оның өз уақытында Бұхарадан[5] келген *Шерғазы* хан ауыстырған орнына қарақалпақтан келген *Аранг* хан отырды.

Елші Ашур-бек 1715 ж. 5 наурызында Астраханның оберкоменданты Чириковқа жазған хатында I Петр патшаның оған Үндістанға барып, тотықұстар мен барыстар сатып әкелуді тапсырғанын жазады.

Петр Үндістанға баратын жақын жолдарды барлау ниетінде және осы бай елмен сауда қатынасын жүргізу ойымен қимыл жасаған, бұл оның осы мақсатқа қол жеткізу үшін, соңында лейтенант Кожинді, содан кейін Тевкелеевті тағайындауынан аңғарылады, бәлкім, тапсырыстағы тауарды Үндістаннан сатып алып, С. Петерборға қайтып оралуы тиіс түріндегі мұндай тапсырманы Ашур-бекке де үсынған болар.

1716 жылы жоғарыда аталған князь Бекович-Черкасский өкілетті елші ретінде Хиуа мен Бұхараға шығыс Үндістанның алтыны туралы және сондағы сауда мен жергілікті жердің түрлі жағдайларын барлау үшін аттандырылады. Каспий және Арал теніздерінің сипаттамасын алу үшін және алдағы уақытта

басталатын іс түрғысында онымен бірге көп офицерлер жіберілді; олардың қасында Самонов мен Қожа Нафас те болды; оның қалған нөкерлері Астрахан көпестері мен орыс, татар, Бұхаралықтардың түрлі шенеуніктерінен, жалпы 200 адамнан түрды. Ол Ембінің сыртындағы жолда сенімді әрі сондағы халықтың тілін білетін және сол өлке, әсіресе, алтыны мол өзендер туралы мәліметтерді Персия арқылы барып жинап, ол жақтан Қытай мен Бұхара арқылы қайтып оралатын адамды аттандыру туралы патшаның өз қолынан бұйрық алды да, осы мақсатта Тевкелеев мырза аттандырылды. Хиуада князь Бековичтің айуандықпен өлтірілуі, бұл іске Бұхара ханы қатыспаған, осы басталған барлық істерді бұзды. Князь Бекович Хиуа қаласының солтүстік-батысында 100 шақырымдағы Порсу[6] қаласында 1717 жылы өлтірілген.

Анна Иоанновнаның патшалығы кезінде 1731 жылы Хиуаға біздің елшіміз полковник Эрдберг[7] жіберілген болатын, бірақ ол жолда тоналып, сәтсіздікке ұшырап, қайтып оралуға мәжбүр болды. Тоғыз жыл өткеннен кейін, 1740 жылы, хиуалықтар бұл кезде Ресейдің билігіндегі Кіші Орданың бастығы Әбілқайырды өздеріне шақырып, хан жариялады. Ол Хиуадағы хандықты қабылдап, оны Ресейдің боданы ретінде хабарлады, осылайша Хиуаға соғыс ашып келе жатқан парсы шахы Нәдірді тоқтатуды ойлады. Осы уақытта Әбілқайыр ханның жанында оның Сырдария сағасына жақын жерден қала салу жөніндегі өтінішіне орай екі орыс офицері: поручик Гладышев және геодезист Муравин[8] болды. Бұл екі офицер біздің үкіметіміздің тарапынан алдын ала жерді аралап көру үшін ханға жіберілген. Оны Ордадан таба алмаған олар, оның ізінше Хиуаға аттанады. Муравин ханның бұйрығымен аяушылық білдіру жөніндегі кепілдік туралы Нәдір шахтың алдынан шығуға жіберілген, алайда бұл кепілдік еш нәрсе де әкелмеді. Шах Хиуаны кірген бойда алды*[2].

Императрица Елизавета Петровнаның патшалығы уақытында хиуалықтар 1750 жылы өздерінің Ирбек елшісі арқылы Ресейге тығыз одақ құруды ұсынды, алайда бұл жайт келесі жылы олардың орыс керуенін тонауларына кедергі бола алмады.

1792 жылы императрица Екатерина Хиуа ханының өтінішімен оған дәрігер Бланкенагельді[9] аттандырды, ал ол дәрігер, соңында өз өмірін қашып кетіп сақтап қалды. Бұл жерде Әбілқайырдан кейін Хиуадағы хандыққа Ресей боданы Әбілқайырдың ұлы Нұралы сайланғанын айта кеткен жөн, ал 1750 жылы онда біздің боданымыз қырғыз сұлтаны Қайып

---

*[2] Қараңыз: 1740 және 1741 жылдары Гладышев және Муравин мырзалар жасаған Орскіден Хиуаға және одан кері сапар, Я. Ханыков басқан 1851 ж.

билік етті де, ақырында 1800 жылға дейін Ресей бодандығындағы қырғыз не қарақалпақ[10] сұлтандары үнемі хандыққа сайланып отырды, олар күні бүгінге дейін ақсүйектер – Мұхаммед пен Шыңғысханның үрпақтары ретінде Хиуа тағына мүлтіксіз құқыққа ие еді. Өзбек Илтезер[11] осы жүзжылдықтың басында барлық үсақ княздіктерді өзіне бағындырған кезінде бір қожаның қызына үйленді де, өзіне Хорезм ханы титулын иемденді де, бұл елдің Ресейге бойсұнушылығы жойылып, тіпті шабуыл саясатына көшті. Бұл, әсіресе, 1801-1824 жылдары хандық құрған оның ағасы Мұхаммед-Рахимнің тұсында, анығырақ сезілді. Ол өзінің иелігінде бұрын болмаған Аралды*[3] бағындырудан бастады, біздің қол астымыздағы қырғыздарға күш көрсете бастады; бұл күш көрсету шапқыншылық жасау, малды айдап кету, өз жерлеріне тұтас қырғыз ауылдарын тарту, оларды жұтату және т.с.с. әрекеттермен жүзеге асырылды; сондықтан бүкіл Кіші Орда, соңында, Хиуа иелігіне алым-салық төлеуге мәжбүр болып шықты. Мұхаммед-Рахимнің[12] қайтыс болған уақытында, 1824 ж. Ханыков мырза өзінің Арал теңізінің[13] картасына берген түсініктеме хатында Хиуа хандығы шынымен Хиуа иелігіне бағындырылған саяси біртұтастық ретінде танылатынын, сол себепті қазіргі жүзжылдықтың басында кейбір түста саяси беделге ие болғанын айтады. Алайда бұл жайт хандықтың бұдан ілгерідегі жағдайымен салыстырғанда үлкен жетістік болғанымен де, оны Ресейдің дүшпаны немесе одақтасы ретінде де әлі таныта алған жоқ еді.

Алайда, Хиуа хандарының әдепсіздігі оларды бірнеше рет жазаламақ болып райынан қайтқан Ресейдің ұзақ уақытқа созылған төзіміне қарамастан, тым шектен шығып кетті.

Екі рет 1801 және 1804 жылдары императорлар Павел мен I Александр Хиуаны басып алуды үйғарған еді, бірақ Орынбор өлкесіндегі келеңсіздіктерге байланысты жорық кейінге қалдырылған болатын.

Капитан *Муравьевтің* Маңғышлақ шығанағынан Хиуа қаласына баратын саяхаты 1819 – 1820[14] жылдарға жатады. Муравьев кавказ бен орынбор басқармасы тарапынан бір башқұрт шенеунігімен бірге келіссөзге жіберілген, бірақ екеуі де жетістікке қол жеткізе алмады, оның үстіне Муравьев түтқынға алынды*[4].

Хиуаның әдепсіздігіне шек қойып, хиуалықтардың айдап салуымен Каспий теңізінде және Орынбор жағынан үсталған

---

*[3] Арал теңізінің оңтүстігіндегі Арал иелігі ұзақ уақыт бойы тәуелсіз болды және Мұхаммед-Рахим ханның тұсында үзілді-кесілді Хиуаның билігінің астына кірді, оның көбінесе өзбектерден тұратын тұрғындары ішінде едәуір мөлшерде қырғыздар мен қарақалпақтар да болды.

*[4] Қараңыз: Муравьевтің Хиуаға[14] сапары.

бірталай орыс түтқындарын босаттыру үшін, 1836 жылы жоғарғы мәртебелінің Ресейде жүрген барлық хиуалық саудагерлерді тауарларымен бірге түтқындау туралы үкімі шықты. Бұл шаралар келесі басты негіздемелерде орындалды. Хиуалықтар Орынбор мен Сібірдің барлық тараптарынан, сондайақ Астраханнан да көрінген бойларында тауарларымен бірге ұсталуы тиіс болды. Олардың орнына Хиуадан орыс түтқындарын босатуды және хиуалықтардың Ресеймен барлық қаскүнемдік әрекеттерін тоқтатуды талап ету және біздің талабымызды қанағаттандырмайынша олармен ешқандай сауда қарым-қатынастарын жасамау шарты алға тартылды. Хиуалықтарды түтқындау сол 1836 жылдың тамызынан, олардың Нижегород жәрмеңкесінен қайтып оралғанында болуы тиіс еді. Бұл шара орындалысымен, Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы ол туралы Хиуа ханы Аллах-Құлиды*5 (Мұхаммед-Рахымның ұлы)[15] хабардар етіп, біздің түтқындарымызды және хиуалықтар тарапынан бізге қатысты кез келген зұлымдық әрекеттерін тоқтатуды талап етіп және мұнымен бірге осы талаптардың орындалғаны жағдайында ғана хиуалықтардың барлық тауарларымен отандарына қайтарылып, сауда қатынастарының орнына келтірілетіні хабарланады. Бұл әрекеттердің алғашқы нәтижелері – 1837 ж. қаңтарда Хиуадан қуғыншының хатпен жіберілуі болды. Келген Хиуалық «егер біз тек олардың саудагерлерін босатып, Каспий теңізіндегі Ново-Александровскі бекінісін[16] жоятын болсақ, барлық орыс түтқындарын босатуға ханның дайын екенін» хабарлады. Хиуалықтарға өзіміздің ұстап отырған түтқындарымызды бізге олардағы түтқындардың қайтарылған жағдайында ғана босатамыз деген жауап берілді; Ново-Александровскі бекінісін жою туралы әдепсіз талап жауапсыз қалдырылуы тиіс болды. Осы жылдың күзінде, қараша айында, Хиуадан Орынборға Қабылбай деген елші жіберіледі, оның туған ұлы Орынборда ұсталған хиуалықтардың ішінде болған; онымен бірге 25 адам орыс түтқындарынан қайтарылды. Хиуа ханы өз бодандарын жақсы күйде ұстап отырғанын біліп, құлықпен құтылуды ойластырды, түтқындардың мүмкіндігінше жиналғанын, егер қалып қойғандары болса босатылынатынына, т.с.с. сендіреді. Қайтып оралған түтқын орыстардан ханның қорыққанын, алғашқы талаптардың тез арада орындалуы соңынан жаңа талаптар тудыратынын, орыстардың князь Бековичтің өліміне күн немесе қан күнын талап етулері мүмкін екенін, тоналған керуендердің ақысы мен соңында кіріптарлар түтқынында өлгендердің барлығы үшін күн талап етуі мүмкін деп, осы жолы тек 25 адамды ғана босатқанын білдік. Біздің талаптарымыз өзгеріссіз қалады – барлық түтқындардың қайтарылғанын талап етеміз

*5 Аллах-Құл 1824-1840 жылдары хандық құрды.

және соған дейін ешқандай елшіні қабылдамаймыз, бізге енген кез келген хиуалық бодан біздің ортақ өзара айырбасымызға дейін үстала береді деген жауаппен олардың елшісі кері қарай сол айда қайтарылды. Екі жыл күткеннен кейін Ресейге әрең дегенде 100 адам оралды, соның арасынша 1839 жылы көктемде Каспий теңізінен тағы да 200 балық өнеркәсіпшілері ұсталған.

Ресей мүддесін қорғау, оның сауда қарым-қатынасының қауіпсіздігі, оған берілген бодандардың тыныштығы – барлығы ақырында, барынша бір шешімді, мейлінше сенімді шара қабылдауды талап етті. 14 қараша 1839 жылы Орынборда Хиуаға қарсы әскери қимылдардың себептері мен мақсаты туралы декларация жарияланды; және де онда: «Әділетті әрі негізді себептер Ұлы Мәртебелінің Хиуаға әскер шығару туралы үкіміне түрткі болды, Хиуаға қарсы жоспарланған әскери экспедицияның мақсаты: қарудың күшімен Ресей бодандарының келешек уақытта құқықтары мен мүддесін қамтамасыз ету үшін, тонаушылық пен зорлыққа шек қою, Хиуадағы қалжыраған тұтқындарды босату, орыс атына тиісті құрмет көрсетуді ұғындыру және Ресей тарапынан Азияның осы бөлігінде тыныштықтың сақталуына даусыз кепілдік беретін тиісті ықпалды нығайту» деп айтылған.

Бұл экспедицияның нәтижесі барлығымызға мәлім. Өзінің жорық қимылдары үшін қысқы жолды таңдаған генерал-адъютант Перовскийдің[17] экспедициялық жасағы қатты суық пен қалың қардың салдарынан Хиуаға жетпей, қайтып оралуға тиіс болды. Сонда да бұл экспедиция, уақытша болса да, Аллах-Құл ханның ақылға келуіне септігін тигізді. 1840 жылы жазда ол Хиуадағы барлық орыс тұтқындарын босатты. 1839 ж. Кабулдан шығып Хиуаға келген ағылшын офицері Шекспир (Shakespeare) тұтқындарды Ресейге дейін шығарып салып, оларға қамқорлық жасауды өз мойнына алды. Олар 1780 жылдан бастап 1839 жылға дейін түрлі уақыттарда ұсталған 400-ге жуық адам болды. Олардың ішінде кейбіреулері Хиуада күрметті орындарда отырды, соның бірі, Василий Лаврентьев, артиллерияның бастығы болды, ал жауынгер Анна Костина Аллах-Құл ханда кілтші қызметін атқарды.

Орынборға тұтқындар жеткенге дейін (18 қазан 1840 ж.), мұнда хиуалықтар тұтқындаған поручик Аитов оралды; ол Ресей мен Хиуа арасындағы бейбіт қарым-қатынастардың қалпына келтірілетіні туралы хабарды бірінші болып жеткізді. Ол жасауыл ретінде С. Петерборға хиуалық елші Атаниаз-Қожа-Райс Мүфтиге ілескен еді, сол елші мәртебелінің атына грамота әкеліп, 1841 жылы көктемде қайтып оралды. Одан кейін тағы үш елші келді, олар С. Петерборға барған жоқ.

Олардың біреуімен, Ишниаз-Мәмет-Ниязбен Хиуаға біздің тыңшымыз капитан Никифоров[18] аттандырылған еді. Бұл са-

пар 1841 жылға жатады. Оның мақсаты бұрынғы тәртіп пен келісімді, егер мүмкін болса, қандай да бір трактатты қалпына келтіру болды, алайда Никифоров еш нәтижесіз оралды.

Келесі жылы Хиуаға басқа дипломатиялық уәкіл, полковник *Данилевский*[*6] аттанды. Ресей мен Хиуа арасындағы алғашқы трактатты бекіту оның қолынан келді. Оның Хиуаға келген уақытында Аллах-Құлы хан қайтыс болды да, оның орнына ұлы *Рахым-Құлы* отырды. Бірақ не трактат, не ешқандай шарт еш нәрсе бере алмады: Хиуа бізге, Сырдарияда басымдығын нығайтуға талпыныс жасап, қырғыз даласына шамасы келгенінше әлімжеттік көрсетуді жалғастыра берді, Сырдарияда соңғы он сегіз жылда Сыр өзенінің бізге тиесілі жағасынан бекініс салған едік. Сырдарияда бекіністің салынуы хиуалықтардың үрейін тудырды, егер орыстар олармен бірге Сырдариядан су ішетін болса, онда хиуалықтарға күн көрудің мүмкін болмайтынын, бұл істің соншалықты маңыздылығын толық түсінді. Соңғы уақытта, орыстардың Ақмешітті (қазіргі Перовский форты)[21] алуына орай, Хиуа, шамасы, ашық жауласудан қауіптене бастаған сияқты. Қоқанның бізге қарсы бірігіп әрекет етейік деген барлық үндеулеріне қашырта жауап берді. Бізге бірден ықылас танытудың да ретін таппай, Хиуа біздің даламызға жансыздары мен зекет жинаушыларын жіберуді жалғастыра отырып, бұрынғыдан бетер жасырын түрде кесір-залалын тигізуге тырысты; сол арқылы қырғыздарды орыстарға қарсы фанаттық қастыққа түртпектеді, Кенесарының, Есет Көтібаровтың, Асауовтың және басқа қырғыз көтерілісшілерінің бүлікшілік ойларын олардың ашық көтерілісі жағдайында көмек беруге уәде етіп қолдады. Мұның үстіне, оның өз ниеті, бар мүмкіндігінше, Түркияның ықпалымен қоза түскен сияқты, себебі Хиуа елшілері 1853 және 1854 жылдары оларға екі рет барып қайтты.

1856 жылдан Хиуада бұрынғы Мұхаммед-Рахим ханның ұлы Сейіт-Мұхаммед хан[22] мен атақты Аллах-Құлының інісі хандық етеді. Ол 1856 жылы сәуірде хан сайланған, сол уақытта оның жасы отызда болған. Келеңсіздіктер мен өзара тартыс оның хан сайланып кетуіне жолашар болды, алайда Сейіт-Мұхаммед ақырында, тәртіпсіздіктерді уақытша болса да тыя алатындай етіп өз билігін нығайтып үлгерді. Осылайша, өзін таққа нық бекідім деп есептеген ол, 1857 ж. жазда Ресейге өзінің хандыққа кіріскені туралы хабармен, сондай-ақ Мәртебелі император Николай Павловичтің қайтыс болуына орай қайғымен ортақтасатынын білдіріп және арғы аталық таққа Оның Императорлық Мәртебесінің отыруымен құттық-

---

[*6] Данилевскийдің жанында[19] Дерпт университетінің кандидаты Базинер[20] болды, ол осы сапар туралы тыңғылықты жазды.

тап, елші аттандырды. Елшіліктің басында Фазыл-Қожа *шейх-ул-ислам* (хандықтың басты діни түлғасы) болды.

1858 жылдың басында Хиуаға біздің дипломатиялық миссиямыз – флигель-адъютант, полковник Игнатьевтің[23] (қазіргі генерал-адъютант) басшылығымен аттандырылды. Хиуада $1^1/_2$ айға жуық (18 шілдеден 31 тамызға дейін) болып, бұл елшілік Бұхарадан әрі Әмудария өзенінің оң жағалауының бойымен өз бағытын түзеді.

Бұл елшіліктің нәтижелері әлі жария етілген жоқ; кейбір үзінділері 1859 жылға арналған «Әскери Жинақта» (Военный сборник) орын алды, ал саяхаттың одан гөрі толығырақ сипаттамасы география қоғамының 1861 жылға арналған жазбасында Килевейннің[24] мақаласында бар. Келесі тарауда Хиуадағы ең соңғы жаңалықтар және қазіргі хан туралы қысқаша шолу баяндалады.

ХИУАНЫҢ ҚАЗІРГІ БИЛЕУШІСІ СЕЙІТ МҰХАММЕДТІҢ БАСШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ХИУАНЫҢ ЕҢ СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Серахс*[1] бекінісіне жақын жерде түркімендермен және парсылықтармен болған тартыста қайтыс болған *Мұхаммед-Әминнің*[*2] өліміне байланысты 1855 жылы Хиуада туындаған өзара тартыстар мен кикілжіңдер қазіргі билеуші *Сейіт-Мұхаммедтің* хандыққа кіріскеніне дейін созылды. Оның орнына *Абдолла-хан* (Мұхаммед-Рахимның руынан шыққан Құтлы-Мұрат-Инақтың ұлы) отырды, алайда оны, алты айлық хандығынан кейін Теке руынан шыққан түркімендер Қызыл-Текір бекінісі жанында, ал басқалардың айтуынша Ташхаус*[3] жанында өлтірді, 1855 ж. тонаушылыққа бой алдырған, сондай-ақ хиуалықтарға деген өшпенділікке құмартқан түркімендер хан ордасына басып кірді. Хан өлімі артынан ауыр қайғы әкелді. Түркімендер өздерінің тонаушылық әрекеттерін үлкен табыспен жалғастыра берді. Хиуаның өзін және Питняқты[3] есептемегенде, хандықтың барлық дерлік қалалары олардың қолдарында болды. Хиуада Абдолла-ханнан[4] кейін, Мұхаммед-Әминнің*[4] немере туысқаны 18 жасар *Құтлы-Мұрат*[4] хан сайланды. Бірақ оның билігін астана халқы ғана мойындады. Басқа қалаларда, бір уақытта Қоңыратта, Ходжейлиде, Үргеніште өздерін дербес иелік деп хабарлаған айырықша билеушілер елді өз беттерімен басқара бастады. Кикілжің мен алауыздық сөздің толық мәнісінде билік етті. Қарақалпақтар, түркімендердің тәртібімен, бас көтеріп, өздерінің ханы етіп Жарлық-төрені сайлап алды. Түркімендер, өз кезегінде, Ашрефи руы, жәуміт[5] тайпасынан шыққан Ата-Мұратты хан жариялады. Қатты қорыққан Құтлы-Мұрат түрікмендерге қарсы қарулануға шақыра отырып, адай руы қырғыздарына [қазақтарға] жар салды. Түркімен-жәуміттер

---

*[1] Мұхаммет-Әмин[1] Аллах-Құлдың немересі еді.

*[2] Серахс Мерваға жақын, 37° ендікте және 79° Ферро бойлығында жатыр.

*[3] Ташхаус[2], Хиуа қалашығы, 42° ендік және 79° Ферро бойлығында жатыр.

*[4] Басқалар бойынша — Илтезер-ханның немересі.

ханның қайғылы күйін көріп, осыны пайдаланып қалуды ойлап, 5 000 адаммен Мұхаммед-Нияз бидің жол бастауымен Хиуаға қарай жылжыды. Би 100 адам айдауылымен, ханға бас иеміз деген желеумен сарайға өтеді. Қабылдау кезінде түркімендер ханға тап беріп, оның жанындағы отбасымен, шенеуніктерімен бірге өлтірді. Осы уақытта сарайда қазіргі хан өлім жазасына кескен марқұм Мехтер*[5] болған еді. Абырсабырды естіп, ол дереу сарай қақпасын жабуға бұйрық берді де, өзі оның қабырғасына жүгіріп шығып: «Насер! Насер! (Сатқындық! Сатқындық!)»[6] деп айғайлады. Бұл айғайды естіп, қала халқы сол сәтте-ақ не болғанын түсінді де, қаладағы және сарайдағы түркімендерге қарай жүгірді. Қатты қантөгіс болды. Түркімендердің аз ғана саны құтқарылды. Хиуалықтар осы істе өздеріне қасиетті Палуан-Ата мен басқа ата-бабалар түркімендердің қолдарын байлап көмектесті дейді. Өзін хан жариялаған Мұхаммед-Ниязды Құтлы-Мұраттың адамдары ұстап, сол жерде жазасы берілді.

Аз уақыттық алауыздықтан кейін хандыққа Хиуаның бұрынғы билеушісі Мұхаммед-Захымның ұлы қазіргі билеуші *Сейіт-Мұхаммед* хан сайланды. 1824 жылы туған Сейіт-Мұхаммед сол кезде 32 жаста болды. Билікке кіріскен ол, 1856 жылы сәуірде Көне-Үргеніштен бас көтерген түркімендер мен қарақалпақтарға қарсы Хиуадан жасақ шығарды. Хиуа жасағы бұл көтерілісші топты талқандап, 1855 ж. осында хан жарияланған қарақалпақ ханы Жарлықты өлтірді, ал қарақалпақтардың жартысы Бұхара иелігіне өтті. Осы, 1856 жылдың маусым айында Сейіт-Мұхаммед өз қамқорлығына алуға уәде етіп және ол үшін алым-салық (зекет) төлеуге міндеттей отырып, қырғыздардың адай руын өз жағына шығаруға тырысты; бірақ қырғыздар ханның әзірше қуатсыз екенін біліп, бұл ілтипатқа берілмеді, Қоңырат жанында және Маңғышлақ түбегінде түркімендермен өздерінің тартыстарын жалғастыра берді. 1856 ж. желтоқсанда олар түркімендерді қатты талан-таражға салды, оның есесіне 1857 ж. қаңтарда бір қақтығыста 100-ден артық адамдарынан айырылып қалды.

Өзара тартыс және толассыз соғыстар барлық жерде сұмдық қымбатшылық пен аштыққа әкелді. Егістіктер себілмей, өңделмеген күйінде қалды. Бұл жағдай бір кездері бізден қоныс аударған барлық қырғыздардың өз аймақтарымызға қайтып оралуларына әкеп соқтырды. Тіршілік көзі болатын барлық азықтардың бағасы аса қатты өсті. Әдетте, 4 теңге*[6] (80 тиын,

---

*[5] Мехтер – Хиуадағы жоғары лауазымдардың бірі; ол хандықтың оңтүстік жартысында жанбасы алым-салығын жинайды, сонымен бірге басты қазынашысы; кейде ол әскерлерді басқарады, ал кейде тіпті, ханның жоқ кезінде мемлекетті де басқарады.

*[6] Теңге біздің жиырма тиынымызбен теңеседі.

күміс) тұратын нанның пұты, куәлардың айтуынша, осы кезде 20 теңгеден (4 сом күміс) сатылды. Ақыры соңында, нанның мүлдем жетіспеушілігінен Сейіт-Мұхаммед Бұхараға әмір Наср-Улла-Бахадур-ханға[7] Бұхара базарларынан Хиуаға нан сатып алуға рұқсат беруін өтінген арнайы елші жіберді және оған рұқсат етілді. 1857 ж. жазда, шамасы, аштықтың және онымен бірге күштің сарқылып, әлсіреу салдарынан болса керек, Хиуада індет етек алды. Әсіресе, балалар арасында өлім жоғары болды. Бұл ауру, барлық белгілеріне қарағанда, тырысқаққа келеді.

1856 ж. Хиуаның, Қоқан ханының бірнеше рет Сейіт-Мұхаммедтен бұхаралықтарға қарсы көмек сұрағанына қарамастан, Бұхарамен арада ешқандай дұшпандық қақтығыстар болған жоқ. Хиуа ханы, шамасы, өзін тақта әлі де нық сезінбегендігінен, оған көмек беруден бас тартқан болар. 1857 ж. жазда Сейіт-Мұхаммедтің хандық билікке кіріскені туралы хабармен, сондай-ақ Мәртебелі император Николай Павловичтің қайтыс болуына байланысты қайғыға ортақтастық білдіріп және Оның Императорлық Мәртебесінің арғы аталық тағына Александр Николаевичтің сәтті отыруымен құттықтап, Ресейге елші аттандырылды. Фазыл-Қожа шейх-уль-ислам бастаған бұл елшілік он алты адамнан тұрды: аса қадірлі хиуалық Ишнияз-Бай-Бабаев елшілік кеңесшісі лауазымын атқарды. Олар Орынборға 19 шілдеде жетті, ал содан кейін жоғары мәртебелінің рұқсатымен, бес адамнан тұратын елші нөкерімен С. Петерборға жіберілді, мұнда Оның Ұлы Мәртебесі Императормен таныстырылу құрметіне ие болды. 1858 ж. қаңтарда Фазыл-Қожа Орынборға жетіп, одан 28 ақпанда Хиуаға кері оралды.

1858 жылы көктем шыға Хиуа мен Бұхараға тағайындалған орыс елшілігі флигель-адъютант полковник Игнатьевтің (қазіргі генерал-адъютант) басшылығымен сол жаққа қарай аяқ басты. Ол Орынбор ведомствасы далаларымен және Арал теңізінің Хиуа жақ шекарасына дейін жүріп өтіп, жергілікті қайықтармен Үргеге мүйісі жанындағы Айбұғыр түбегі арқылы бағытын түзеді. Қоңыратқа дейін құрлық жолымен жүріп өтіп, ал Қоңыраттан хиуалық кемелермен Әмудариямен одан әрі жүзді де, 18-шілдеде Хиуа қаласында болды. Орыс параходтары Арал теңізі арқылы Әмудария*[7] сағасына өтіп, Қоңыратқа тоқтады, содан кейін Әму арқылы төмен түсіп, оның сағасына қарсы Тоқмақ-Ата аралында алдарынан Хиуа миссиясы шыққанға дейін тұрды, одан кейін олар Арал теңізі арқылы Сырдариядағы[8] № 1 фортқа қайтып оралды.

Орыс миссиясының Хиуада болған кезінде, онда мейлінше тыныштық орнап тұрды, өйткені түркімендердің олармен жау

*[7] Әмудария Арал теңізіне үш саламен келіп құйылады: Талдық, Үлкен-Дария және Кіші-Дария.

жәуміт, игдырец және т.б. тайпалары айуандық жасауға бата алмады; бірақ миссия қалай тез аттанды (31 тамыз), солай қоңырат өзбектері мен қарақалпақтар түркімен ханы Ата-Мұратпен бірігіп, өз билеушілері Құтлы-Мұратты оның үзеңгілестерімен бірге өлтірді де, оның орнына Хиуа ханы Мұхаммед-Рахимның (1801-1825) кезінде 18 жыл бойы осы қаланы бағындыруға әрекеттенген Мұхаммед-Рахымнан оңай құтылып, Қоңыратта тәуелсіз бек болған, бірақ соңында мектер Мендығай (министр, жоғарыда аталған Құтлы-Мұраттың әкесі) өлтіріп, басын оның қарсыласына берген Төре-Софының немересі Мұхаммед-Фана отырды; содан кейін 1814 ж.*[8] Қоңырат Хиуа билігінің қол астына түскен. Оны басында Мендығай, ал содан кейін оның ұлы Құтлы-Мұрат басқарды. Төре-Софының аман қалған туысқандары және оның арасында қызы жағынан немересі Мұхаммед-Фана, хандық ішінде мүлдем жоқшылықта өмір сүрді. Құтлы-Мұрат кейбір мәселеде елді Йасаул-Баши-Мәметтің бақылауымен басқарды. Қоңырат өзбектері, қырғыздар мен қарақалпақтар олардың екеуін де қатыгездіктері, байлыққа деген ашкөздіктері үшін және алым-салық жинау кездеріндегі ырықсыздықтары үшін жек көрді. 1858 ж. күзде Қоңыратта қастандық ойластырылды, оның басында қанды кекті көтеруші Мұхаммед-Фана болды. Оған Қоңырат маңында қоныстанушы қырғыздар қосылды, олардың қатарында атақты бүлікшіл Есет Көтібаровтың туысқаны Әзберген би де болды. Хиуалықтарға қарсы тұра алатындарына сенім арта алмай, Мұхаммед-Фана көмекке түркімендерді шақыруға ниеттенді. Бірақ Әзберген, елірме әрі серт бұзғыш түркімен қарақшыларынан кейін құтыла алмай қалатындықтарына сендіріп, бар күшімен мұнымен бекерге қарсыласты; Мұхаммед-Фана онымен сырттай келіскендей түрде болғанымен, түркімен ханы Ата-Мұратпен күпия түрде анттасқан одақ бекітті. Қастандық қыркүйектің аяғында бүрк етті. Құтлы-Мұрат, жоғарыда айтылғандай, өлтірілді, ал Мұхаммед-Фананы қоңыраттықтар хан жариялады. Ол дереу бұл туралы Ата-Мұратқа хабарлауға кетті. I дәрежелі капитан Бутаковтың[10] Қоңыратқа сапары дәл осы уақытқа сәйкес келеді, ол туралы 1860 жылға арналған Теңіз Жинағында (Морской Сборник) тыңғылықты сипатталған. 1859 ж. тамызда Мұхаммед-Фана бауыздалып өлтірілді де, Қоңырат тағы да Хиуа ханының*[9] қол астына түсті деген хабар келді. Барлық үрыс-керістердің аяғында, Хиуа хандығынан жоғарыда аталған

*[8] Қараңыз: В. В. Григорьевтің 1860 ж. 9 Археологиялық Қоғамның Хабарларындағы мақаласы.

*[9] Мұхаммед-Фан'а өзін Хорезмнің (қазіргі барлық Хиуа хандығының көне атауы) ханымын деп атады да, өз атымен ақша соқтырды. Қараңыз: В. В. Григорьевтің 1860 ж. Археологиялық Қоғамның Хабарларындағы мақаласы.

Қоңырат қаласының бөлініп шығуының және түркімендердің көтерілісінің нәтижесінде, Сейіт-Мұхаммед хан түркімендерден егістіктерді суғару мүмкіндігін алып қою арқылы оларды тәртіпке келтіру үшін Лаудан (Әмударияның бір саласы) өзенін бұрынғыдай бөгеу жүйесіне көшуді шешті. Алайда түркімендер оның алдын алып үлгерді, Көне Үргеніш қаласын алып, күшейгені соншалықты, Хиуа ханы өз ниетін орындауға жағдайы болмай, әскерімен Хиуадан шықпай қалды. Тіпті ол иеліктерін тыныштандырып, түркімендердің Хиуа жерлерін тонауын тоқтатуға өзіне уәде берген Бұхара әмірін қамқоршы ретінде мойындап, осының нәтижесінде Сейіт-Мұхаммед Бұхара әмірінің атымен ақша соға бастаған сияқты деген сыбыстар да жетіп жатты. Түркімендердің шабуылдарынан үрейленіп қалған халық тіпті әмірден Хиуаға ханды оның таңдауымен тағайындауын өтінгісі келіпті деп те айтады. Өз күнін көру үшін егіншілікпен айналысудың қажеттілігі партиялар арасындағы жауласуды уақытша тоқтатты. Хиуа ханы Сейіт-Мұхаммед өзінің құлы – парсылықтың сатқындығымен өлтірілді және хан болып бұрынғы билеушілердің 17 жасар Абдул-жан деген бір ұлы жарияланды деген түрдегі хабарды күзде Орынбор жағындағы керуендерден алдық. Бұл хабар, алайда, жалған болып шықты: Бұхарадан келген керуендер Сейіт-Мұхаммедтің бұрынғысынша билік етіп, өз көршілерінің барлық әрекеттерін қырағы көзбен қалт жібермей бақылап отырғанын жеткізді. Ол қоқандықтармен арада болған біздің ісімізге, орыстардың Тоқмақ пен Пішпек бекіністерін алған уақытында да, бізге қарсы қоқандықтар тарапынан жасалған қастық үгітіне қарамастан, араласпады. Шамасы, Ресеймен бейбіт байланысты бұзбаудың пайдалы екеніне біздің қаруларымыздың табыстары хиуалықтардың одан әрі көздерін жеткізген сияқты. Қазір Хиуа үкіметі біздің даладағы қарауылдарымызға ғана емес, сондай-ақ Ресей бодандары, қырғыздарға да қарсы ашық әрекеттерге бата алмайды. Сырдария бойындағы ауылдарға да, біздің Хиуамен шектес қырғыз далаларының басқа жерлерінде де олардың тарапынан ешқандай шапқыншылықтар болған жоқ. Сейіт-Мұхаммедтің қазіргі Бұхара әмірі Мұзаффар-ханмен[11] қарым-қатынастарының қандай екені әлі мәлім емес; тек біріншісінің осы жылдың басында әмірдің таққа отыруымен құттықтап, Бұхараға елші аттандырғанын ғана білемін.

Сейіт-Мұхаммедтің заңды бес ұлы бар: үлкені, Бабаджан 16 жас шамасында. Бұдан бөлек ол, сарайда түркімендер өлтіргеннен кейін өзі соның орнын басқан[12] Құтлы-Мұраттың ұлын асырап алды. Бұхараның қайтыс болған әмірі Наср-Улла-Баһадүр-хан өз қызын осы ұлға тұрмысқа беруді ұсыныпты, шамасы, соңында Хиуа билігінің істеріне тікелей араласып отыру үшін осы байланысты пайдалануды ойлаған си-

яқты деп те айтып жүр. Ханға оның үлкен ағасы Сейіт-Махмуд зор ықпал ете алады, ол – ақылды, әрі өте бай адам. Хан барлық кезде оның кеңесін сұрайды; өкінішке қарай, ол апиынды көп мөлшерде қолданғаны салдарынан әр уақыт ақылынан мүлдем адасып қалады. Хиуадағы жоғарғы лауазымды тұлғалар: *мехтер*, *күшбегі* (хандықтың солтүстік бөлігінде жанбасылық алым-салықты жинайды), *диуанбегі* (ақша сарайының бастығы және кеден салығы мен акциздерді жинаушы), *қазы* (жоғарғы сот қариі), *дорға* (сарай министрі), *йасаул-баши* (әскер бастығы) және *мехремдер* (сарай маңы қызметшілері).

Соңғы хабарларға қарағанда, түркімендердің чаудур[13] тайпасы Хиуаның Даукара көлі маңында қоныстанушы қырғыз-боданларын талан-таражға салған. Түркімендердің жәуміт тайпасы бастықтарының – жоғарыда аталған Ата-Мұраттың қызына Сейіт-Мұхаммедтің үйленіп олармен татуласқанын, енді оның жәуміттермен бірге *чаудурларға* қарсы жорыққа дайындалып жатқанын айтады.

СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ІШКІ ОКРУГТЕРІН ЖӘНЕ АЯГӨЗ БЕН КӨКПЕКТІНІ ҚҰРАЙТЫН БОЛЫСТАР

/15б/ *Аягөз:* 1) Шоқ-Уақ, 2) Сарман-Уақ, 3) Түмен, 4) Есенғүл-Садыр, 5) Байгөбек-Сыбан, 6) Жәнібек-Сыбан, 7) Жанқұлы Семіз-Найман, 8) Қаракерей Семіз-Найман, 9) Болатшы, 10) Тоғұлбай-Садыр, 11) Аталық-Матай, 12) Кенже Қапшағай-Матай.

Көкпекті: 1) Назар-Мұрын, 2) Қондыбай Бура-Найман, 3) Көнек-Терістаңбалы, 4) Ақымбет Сыбан-Керей, 5) Сартжомарт-Найман, 6) Бақтілес-Матай, 7) Жұбатай Бура-Найман, 8) Қараул-Жасық, 9) Қайшы-Мұрын, 10) Қыржы-Мұрын, 11) Қадыр-Мұрын, 12) Құттымбет-Мұрын, 13) Терістаңбалы-Найман, 14) Бура-Найман, 15) Құттықадам-Мұрын.

Ішкі: 1) Ергенекті Жәңгір-Уақ, 2) Сәмек-Бәсентин, 3) Ергенекті Уақмұрат, 4) Байуақ, 5) Көкайдар-Қыпшақ, 6) Бүйдалы Ергенекті-Уақ.

[«РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ-СТАТИСТИКАЛЫҚ СӨЗДІГІНЕН» АЛЫНҒАН МАҚАЛАЛАР]

Қырғыз-қайсақтар, *Қайсақтар* немесе *Қырғыз-қазақтар*, еур. Ресейдің оңтүстік-шығыс бөлігі, оңтүстік Сібір, Қытай Жоңғариясы мен Қоқан хандығы арасындағы орасан зор жер көлемін алып жатыр. Бұл жер көлемі 40 000 шаршы геог.м.-ден асады, Францияның аумағынан төрт есе үлкен және оның шығыс жағы, атап айтқанда, Тарбағатай мен Алатау жоталары таулы ел сипатына ғана емес, тіпті толықтай альпілік сипатқа ие болса да, Қырғыз даласы деген атпен мәлім. Орташа биіктіктегі және онша биік емес, бірақ мейлінше жартасты төбелерде еш кемшілік жоқ, ал Қырғыз даласы аталатын қалған бөлігінде кейде ғана болмаса, көпшілік бөлігінде орманды алқаптардың мүлдем жоқ болуы, сондай-ақ елдің ағынды суға кедейлігі, яғни, оның шығыс альпілік шеткері жағына мүлде сәйкес еместігі оны дала деп атауға құқық береді. Осы үлан-байтақ тұтас кеңістікте қайсақтардың қоныстары шашырап жатыр, отырықшылыққа ыңғайлырақ кейбір аздаған пункттерінде орыс елді мекендері орналасқан. Қырғыз даласы құрамына төрт облыс енеді: Орынбор қырғыздарының облысы, Сібір қырғыздарының, Семей және Түркістан қырғыздарының облыстары; тек соңғы екеуінің оңтүстік облыстарын қайсақ халқы емес, қара-қырғыздар алып жатыр. Бұл облыстардан тыс қайсақтар (Ішкі немесе Бөкей ордасының қайсақтары аталатын) тек Астрахан және Самар және Орал Әскері Жерлері губернияларының бөліктерінде өзара шекаралас Еділ далаларында жатыр. Қырғыз-қайсақтар немесе дұрысырағы қазақтар тарихта тым кеш пайда болған, нақты айтқанда, кейбір шығыс тарихшыларында XV ғ. екінші жартысында, ал орыс жылнамаларында және кейбір батыс жазушыларында, мысалы, Герберштейн мен Дженкинсон сияқтыларда – XVI ғасырда көрініс тапқан. Қайсақ халқының шығу тегі мен алғашқы жағдайлары туралы мәселе тек жақын арада Вельяминов-Зернов мырзаның атақты Бабырдың туысқаны, XVI ғасырдың басында (оның кітабы «Тарих-и Рашиди» аталады) Мұхаммед-Хайдар баяндайтын мәліметтермен, көптеген шығыс тарихшылары мен орыс жылнамаларының айтқандарымен са-

лыстыруларға негізделген тамаша зерттеулерінен анықталды. Қазақ дегенде, әлдеқашаннан ортаазиялық халықтарда баспанасыз қашқындар түсіндірілетін, өздеріне тән көшпелі түрмыстарына орай олар саяси одаққа немесе халыққа біріккенде, мұндай одаққа жеке түлғалар түрінде емес, түтас ру, ру тармақтары, немесе, ең болмағанда, ауыл, отар, киіз үй және табындарымен бір-ақ кіре алатын. Вельяминов-Зернов мырзаның зерттеуі *қазақ* халқының (немесе біздің соңғы айтқанымыздай *Қырғыз-қайсақ)* пайда болу уақытын дәл анықтайды. Бұл XV ғ. екінші жартысында болған еді, нақты 1465 жылдар шамасында. Ол кезде бүкіл Дешті-Қыпшақты (яғни, қазіргі Сібір қырғыздары облыстарымен, Орынбор қырғыздары облыстарының шығыс жағымен және Семей облысының солтүстігімен сәйкес елді) алып жатқан өзбектерге Әбілқайыр хан билік етті. Оның ығыстыруларынан Жошының екі сұлтаны – ағайынды Керей мен Жәнібек (Барақ ханның үлдары, Орыс ханның шөберелері) батыс Моғолстанға (Моғолстан Дешті-Қыпшақтан Балқаш көлі мен Қаратал өзенімен бөлінеді) қашты. Моғолстанның билеушісі Иса-бұға хан (атақты Түғлық-Темір ханның үрпағы) қашқындарды жылы қабылдап, оларды Моғолстан өлкесіне орналастырады (Жәнібек пен Керейдің өздері ғана емес, ауылдарымен қашқандарына күмән жоқ), яғни, қазіргі Үлкен Орда жерінің едәуір бөлігі болуы мүмкін. Әбілқайыр ханның өлімімен бірге Өзбек ұлысы ыдырай бастады, көпшілік халық Керей мен Жәнібекке қоныс аударды, ал 1465 ж. шамасында олардың қол астына 200 000 дейін халық жиналды да, көршілері оларды қазақ деп атай бастады. Бұдан Қазақ немесе Қайсақ халқының өзегі түтас рулардан, ру тармақтарынан және өзбек ауылдарынан құралғаны анық болды, алайда осы еркін әрі ерікті одақтың өз ерекшелігіне қарай, әсіресе, оның жарты ғасыр ішінде I млн. халыққа дейін өсуін түсінуге тырысатын болсақ, оның құрамына өзбектерге онша бөтен емес түрлі тайпа және өз руластарынан қандай да бір себептермен қоныс аударған түрлі атаулы рулардың аз кірмегеніне күмән жоқ. Сөйтіп, қазақ немесе қайсақ одағы көп тайпаларды, йә, ең болмағанда наймандардың, үйсіндердің, юе-чжи, жалайыр, дулат тайпаларының қалғандарын және басқа халықтарды өзіне сіңіріп алды, мұны қайсақ одағында сақталып қалған осы тайпалардың атынан ғана емес, сонымен бірге олардың қоныстарының содан бері мүлдем өзгермеген дерлік географиялық орнына қарап та айтуға болады, қытай жылнамалары да бұл тайпаларды көршілерімен болған некелік одақтардың ықпалына қарамастан, шығыс-түркі типтеріне мүлдем бөтен белгілерінің әлі сақталып қалған типтері бойынша сипаттап қалдырады. Күшейіп алған қазақ одағы кешіктей бүкіл Дешті-Қыпшақты жаулап алды. Керей мен Жәнібек қазаларынан кейін, біріншісінің ұлы Бұрындық хан Дешті-

Қыпшақта, қазіргі Орынбор қырғыздарының облыстарында, ал екіншісінің ұлы Қасым батыс Моғолстанда, негізінен Қаратал өзенінде басымырақ көшіп жүрді. Бұрындықтың, айтқандайын, аты ғана хан болды; күш пен ықпал Қасымға тиесілі болды, ол Самарқанда өлген Бұрындықтың құдалауымен Дешті-Қыпшақтың (осы мақсатпен ол өз қонысын Ұлытауға көшірді) толық билеушісі ғана емес, сонымен бірге өмірінің соңына қарай (ол 1520 ж. шамасында қайтыс болды) Қазақ халқы одағына 1 млн. артық адам жинаған тұлға; Қасымның майдан даласына 300 000 атты әскер шығару мүмкіндігі болғанын және Шайбани хан сияқты ортаазиялық қуатты билеушілерге де үрей тудырғанын растайды. Шайбанидың Ұлытаудағы қазақтарға жасаған сәтсіз жорығының оны әлсіреткені соншалық, ол осыдан кейін көп кешікпей Шах-Измаилмен соғыста қаза табады. Бірақ қайсақ халқы көп кешікпей өз күш-қуатының шарықтау шегіне жетті. Қасым билігінің мұрагерлері, оның ағасы Жәдіктің балалары Тайыр мен Бүйдаш 1537 ж. қазақ халқы құрамына енген рулар арасындағы келісімді ұстап тұра алмады. Бұл Жәнібек пен Керей руларына енетін көптеген қазақ сұлтандарының тіпті оларға жау, мысалы Ноғай сияқты көршілерінен қорғаныс іздеулеріне мәжбүр етті. Орыс жылнамалары қайсақтар (қазақтар) туралы 1535 ж., яғни, қазақ халқы әлі де өз күш-қуатында болған кезінде хабарлайды. XVI ғ. екінші жартысында қазақ халқы одағының қайта өркендеп, күшею дәуірі басталады. Бұл, бір жағынан, 1557 ж. Ноғай князі Исмаилдің Иоанн Грозныйға (қырғыз) – қазақтардың күшейгені туралы шағымынан, ал басқа жағынан, Дженкинсонның куәлігі бойынша, қайсақтардың Ташкентті ығыстырып, өз қарақшылықтарымен сауда керуендерінің еркін қатынасына кедергі келтірулерінен көрінеді. Қазақтардың қуатын қалпына келтіруші, шамасы, Хақназар (Ақназар) сияқты – Қасым ханның ұлы; осы Ақназарды 1569 ж. ноғайларға жіберілген Сем. Мальцов қазақ патшасы деп атайды. Хақназар ортаазиялық билеушілерімен қарым-қатынасында да зор маңызға ие болды; Ақсу мен Моңғолстанның билеушісі Абдуллатиф және Қашғар мен Яркендтің билеушісі Сұлтан-Саид ханның немересі де онымен ұрыста қаза болды. Орта Азия тарихында Хақназардың туысқаны, Жәдіктің кіші ұлдарының бірі Шығай одан да маңызды орын алады, ол туралы 1569 ж. Сем. Мальцов ханзада Шығай деп еске алады.

Шығай Бұхара ханы Абдолланың (1579–82) Баба-сұлтанмен болған соғысында, соңғысының қазасымен аяқталған ұрыста, оның сенімді одақтасы болды; Қайсақ ханы бұл кезде Ұлытауда көшіп-қонып жүрді, алайда Бұхарада қайтыс болды. Шығайдың ұлы – Тәуекел ол жақтан Дешті-Қыпшаққа оралды, 1583 ж. Туран мемлекеттерінің шиеленістеріне

араласып, 1598 ж. Ташкент пен Түркістанға және маңайдағы бүкіл елге ие болды, Ташкент пен Самарқанд арасында Бұхара ханының әскерін талқандады. Содан бері (қырғыздар) қазақтар Ташкент пен Түркістанды бүкіл XVII ғ. бойы 1723 жылға дейін үстап тұрды, ал олардың хандары Ташкентте отырды және бұл кезең қайсақ халқы күш-қуатының екінші кезеңі болып табылады. Қайсақтардың үш ордаға бөлінуі, бар мүмкіндігінше, осы кезеңде және оған Ташкент үстінен жүргізілген билеп-төстеушілік түрткі болған сияқты, өйткені Орта орда Ташкент пен Түркістан облыстарынан, ал оның солтүстік-батысына қарай Дешті-Қыпшақта Кіші, ал солтүстік-шығысқа қарай Моғолстанның батысында – Үлкен орда құрылды. Тәуекел орыс тарихында өзінің немере бауыры Ораз-Мұхаммедтің, шамасы, Сібір билеушілерінде (басында Көшімде, содан кейін Сейдақта) тұтқында болып, кейін әскербасы Чулковпен Тобылдың негізі қаланғаннан соң көп кешікпей Ресейге жөнелтілуіне байланысты себептерге орай орыс билеушілерімен болған қарым-қатынастары арқылы белгілі. Айтқандайын, Тәуекелдің немере бауырын қайтару туралы тілегі орындалған жоқ; Ораз-Мұхаммед Касимов қаласын иелікке алып, Ресейде өмірінің соңына дейін қалып қойды. Тәуекел ханның інісі әрі мұрагері Есім хан сол қазақ билеушісінің нақ өзі, оған өз ағасы Хиуа ханының ығыстыруынан атақты шығыс тарихшысы Әбілғазы 1625 ж. қашып келді. XVI ғ. екінші ширегінде, осы Есім ханның тұсында қырғыз-қазақтардың күшейіп алған қалмақ (жоңғар) билеушілерімен тартысы от алды; Есім ханның ұлы – Жәңгірдің Батур-хан тайшымен соғысы туралы 1643 ж. Фишер баяндайды. Жәңгірдің ұлы – Тәуке, қазіргі қырғыз-қазақтардың аңыздарында батыр әрі заң шығарушы ретінде мадақталады, ол өзінің бар өмірін жоңғарлармен, нақты Қалдан және Цеван Рабданмен соғыста өткізді. XVIII ғ. басында бұл соғыс Қырғыз-Қайсақ ордаларын қатты әлсіретті. Сол шақта әлі де әлсіз орыс иеліктерінің шекараларында жабайы көшпенділердің болуы және ішкі Азияның отырықшы мемлекеттерімен сауда қатынастары кезінде Қайсақ далаларын басып өту мүмкін еместігі орыстардың алғашқыда, біздің сібірлік елді мекендерімізді де талан-таражға салған өзінің көшпенді көршілерін ауыздықтауына мәжбүр етті. Істің мұндай сипаты орыс үкіметінің Қайсақ ордаларының ісіне араласуына әкеп соқтырды. Қайсақ ордаларын Азия елдеріне шығатын қақпа ретіндегі негізде қараған Ұлы Петр Қырғыз далалары ісіне ерекше байыпты назар аударды. Айтқандайын, Ұлы Петрдің тұсындағы Тәуке ханмен қарым-қатынас, яғни 1718 ж. тура өзінің қайтыс боларының алдында Ресей қол астынан сүйеніш іздеп, Орыс мемлекетіне өз бодандығы туралы I Петрге жария етілген тілегі түрғысындағы қатынас, Тәукенің




Белгісіз біреудің портреті. Қағазға. 1860 жж. Ш. Уәлихановтың суреті.

қазасына байланысты нәтижесіз қалды. 1723 жылдан бастап Қайсақ тарихында күрт өзгеріс болды: көршілермен ұзақ уақытқа созылған соғыстардан әлсіреген олардың Ташкент пен Түркістаннан бас тартуларына тура келді де, солтүстікке қарай жылжыды. Осылайша, алауыздық пен ішкі кикілжіңдерден де зардап шеккен олар орыс иеліктерімен жақындасып, күшті қамқоршы іздеуге тиіс болды. Үлкен орда Жоңғарияның қол астына түсті, ал Кіші орданың ханы Әбілқайыр (Жәнібектің ұлы Үсектің ұрпағы) 1731 ж. Ресей бодандығын қабылдады. Сол уақыттардағы Қайсақтардың жағдайы старшын Бөкенбайдың генерал Тевкелеевке айтқан мына сөздерінде тамаша суреттеледі: «Біз, – деді Бөкенбай, – Қалмақ пен Башқұрттардан, Сібір және Жайық казақтарынан тазы иттер қуған қоян тәрізді қашамыз». Кіші орданы бодандыққа қабылдаған уақыттан бастап, өз шекараларын қырғыз шапқыншылықтарынан қорғау, сондай-ақ олардың бодандығына енген Қайсақ ордаларын қорғау мен қамтамасыз ету қажеттілігінен орыстар Қырғыз даласы аталатын иеліктерге қарай қадам басуға мәжбүр болды. Кіші Қайсақ ордасының соңынан Орта орда да орыстардың қолтығынан пана іздеді, ал 1769 жылы Қайсақ ордаларының шығыс жақ шекарасындағы қуатты Жоңғар хандығының үзілді-кесілді құлауы қайсақтардың ақырғы сүйенішін жойып, олардың Ресейге одан әрі іш тартуына мәжбүр етті. Алайда Орта Орданың ержүрек әрі ақылды сұлтаны Абылай, ақыр соңында хан мәртебесін қабылдап, орын алған түрлі жағдайларға сәйкес, біресе Ресей, біресе Қытай бодандығына қарай отырып, Орта Орданың шынайы тәуелсіздігін өз қазасының соңына дейін, яғни 1781 ж. дейін сақтай білді.

Ал Абылай тағының әлсіз мұрагері Уәлихан Ресейге мүлтіксіз бағынды, бірақ XIX ғ. басына дейін не елді мекен, не бекет салмағандықтан, орыстардың тарапынан Қырғыз даласына билік пен ықпалдың

болуы мүмкін емес, олар тек Орал, Үй және Тобыл өзендері бойымен еуроп. Ресей жағынан, ал Есіл мен Ертіс бойымен Сібір жағынан орасан зор шекара торабын қамтамасыз етті. Қазіргі жүзжылдықта орыс әрекеті басқаша сипат алды: 1810 ж. Орал өзеніне тиісті Елек атымен мәлім аймақ даладан бөліп тасталды, 1882 ж. Омбы облысы ашылды, 1824 жылдан 1834 жылдар бойында Қырғыз далаларында Сібір ведомствосының, мысалы, Көкшетау, Қарқаралы (1824), Аягөз (1831), Баянауыл және Ақмола сияқты алғашқы орыс елді мекендерінің негізі салынды. 1835 жылы Орал мен Жем өзендері арасындағы жерлер даладан бөлініп тасталды, ол қазір Жаңа шеп ауданы аталады және бұл торапқа төрт бекініс (Император, Мұрагер Константинов және Михайлов) жүргізілді. 1838 ж. Сібір даласында үзілді-кесілді 7 сыртқы округ ашылды, оның соңы Қайсақ халқының не де болса, өз тәуелсіздігін сақтап қалуды көздеп құрылған партиясының орыстарға қарсы соңғы күресіне ұласты. Бұл партияның бет-бейнесі болып Кенесары сұлтанның ғажайып жігерлі тұлғасы түрды, ол алты жыл бойы (1838-ден 1844 ж. дейін) біресе осы орыс жасақтарына, біресе орыс бекіністеріне шабуылдар жасай отырып, және уақытша батыс Сібірден Орынбор генерал-губернаторына қарай, ал одан Қоқан хандығына және кері қарай бүкпантайлай жүріп, орыс жасақтарына қарсы тұра алды. Тек 1844 ж. орыс әскері ізіне түскен Кенесары Қара қырғыздардың таулы алқаптарына қашты, олардың қоршауында қалып, өзіне берілген серіктерімен бірге қаза тапты. Кенесары тудырған толқулар Орынбор ведомствосы даласында 1845 ж. Орынбор (Торғайда) және Орал (Ырғызда) бекіністерінің салынуының, ал үш жылдан кейін Ырғыз биігінде Қарабұтақ фортының құрылуының салдарынан болды. 1845 тен 1847 жылдар арасында Үлкен орда Ресей бодандығына кірді де, оны қамтамасыз ету үшін Жетісу Алатауы етегінде Қапал қала-



Е. П. Ковалевскийдің портреті. Қалам. 1860 ж. Ш. Уәлихановтың суреті.

сы салынды; сол уақытта бір жағынан Сырдария сағасы жанынан Райым бекінісі (бұрынғы Арал, қазір таратылған) салынды. 1854 ж. Үлкен орда қайсақтарын Қара-қырғыздардың шапқыншылығынан қорғау үшін Іле Алатауы етегінен Верный бекінісі салынды. Осы кезде бұрынғы Қоқан бекінісі Ақмешіттің орнына Перовский форты, сондай-ақ № 1 (Қазалы) және № 2 (Қармақшы) форттары салынып, солар арқылы Сырдария шебі басталды. Осы жылы Сібір ведомствосындағы қырғыз жерлерінен Семей және Сібір қырғыздарының екі облысы құрылды. Ақырында, 1864 ж. Верный бекінісі мен Перовский форты арасындағы Түркістан тау бөктеріндегі алқаптардың алынуы бүкіл Қайсақ жерін орта-азия отырықшы мемлекеті – Қоқан хандығы шекарасына дейін жететін үзына бойы шекарамен үзілді-кесілді түйықтады. Қайсақтар басты үш ордаға бөлінеді: Үлкен, Кіші және Орта, оларға Кіші Ордадан бөлінген – Ішкі немесе Бөкей шектеседі. *Үлкен орда* Алатау төңірегінің, қара-қырғыз тайпалары жайлаған оңтүстік жағын қоспағанда, Семей облысының үлкен бөлігін алып жатыр, үш үлкен тайпаға бөлінеді: Жалайыр, Дулат және Абдан немесе Албан, сондай-ақ Үйсін жалпы атауымен де мәлім. *Орта орда* Семей облысының қалған барлық төңірегін (Семей, Сергиопольский, Көкпекті және Қапал), Сібір қырғыздарының барлық облыстарын алып жатыр, тіпті кей жерінде Орынбор қырғыздарының облыстарына өтіп кетеді; ол басты төрт тайпадан тұрады: Арғын, Найман, Қыпшақ және Уақ-Керей. *Кіші орда* Орынбор қырғыздары облыстарының үлкен бөлігін алып жатыр; басты үш тайпадан тұрады: Әлімұлы, Байұлы және Жетіру. Соңында Бөкей немесе Ішкі орда Астрахан, Самар және Орал әскерлері губернияларының шекараларында орасан зор жер аумағын алып жатыр, ол Кіші ордадағы сияқты тайпалардан тұрады. Тайпалар руларға, **ру** ру тармақтары мен бөлімшелерге бөлінеді. Қайсақтардың нақты санын анықтау қиын. Левшин барлық қайсақтардың санын $2^1/_2$-ден 3 млн. жанға дейін деп шамалайды. 9 ревизияның мәліметтерін талқылай келе, Кеппен Қайсақтардың санын 1 201 000 жан есептеп шығарды, атап айтқанда, Үлкен ордада 100 мың, Орта ордада 350 мың, Кіші ордада 650 мың, Бөкей – 82 мың және Семей облысы ішкі округі бекет қырғыздары 18 мың жан. Барлық соңғы мәліметтерді (1861 – 1863 ж.) біріктіре келіп, Үлкен ордада Алатау округі шектігінде 100 мың жан, Орта ордада, Семей бойында 146 000-ға дейін, Сібір қырғыздарының облыстарында 260 000 жаннан артық қырғыз, Орта ордада барлығы 406 мың, Кіші ордада, Орынбор қырғыздары облыстарында 800 мың, Ішкі немесе Бөкейде 150 000 жан (30 000 түтін), ал бүкіл қайсақ халқына 1 450 000-нан $1^1/_2$ млн. жан. Қайсақтардың сыртқы келбеті

түрлі руларда әр түрлі, ақсүйек топтары моңғолға үқсас шығыс-түркі типінде келеді. Мүсылман дінін ұстанады, дегенмен, Үлкен ордада мүсылмандық мүлдем әлсіз дамыған, оның шамандық наным-сенім қалдықтарымен араласқан кейбір сырттайғы салттарын ғана орындаумен шектеледі, онда да қатаң түрде емес. Орта және Кіші ордаларда мүсылманшылық тек орыс билігі тұсында ғана татар молдаларының енуімен және мешіттердің салынуы әсерімен теңдессіз күшті дамыды. Қайсақтардың басты кәсібі – олардың бар байлығын құрайтын мал шаруашылығы Қайсақ даласының едәуір бөлігі сыртқы шапқыншылықтардан, ішкі алауыздық пен барымтадан орыс билігі қорғағаннан кейін аса жақсы дамыды.



Потанин портретінің небайы. Қалам. 1864 ж. Ш.Уәлихановтың суреті.

Далалық түқымды жылқы мен қой өсіру бірінші орында түр; көшіп-қонғанға соншалықты қажет түйелерді де қайсақтар өте көп өсіреді, ал ірі қара мал оларға қарағанда аз. Мал шаруашылығына демеу ретінде ғана саналатын егіншілік екінші орында түр: бидай, тары және арпа себеді. Кәсіпшілік қайсақтарда аз дамыған, алайда орыс шекараларына жақындаған сайын күшейе бастайды да, өздігінен тұнатын түздар өндіру, тауар тасымалдау үшін түйені жалдау, балық аулауға жалдану, ал Қарқаралы және Көкпекті округтерінде қорғасын кендері мен алтын кәсібіне, киіз даярлауға жалдану сияқты кәсіптерден түрады. Орыс губерниялары шекараларына жақын қайсақтар олармен айтарлықтай едәуір мал саудасын жүргізіп, мал өсірумен айналысады. Қайсақтарды өз сұлтандары басқарады. Кіші орда және Орынбор қырғыздары облыстары құрамына енетін Орта ордаңың жартысы әкімшіліктік қатынаста үш бөлікке бөлінеді: Шығыс, Орта және Батыс, олардың әрқайсысы Орынбордағы облыстық басқарма ведомствосындағы айырықша сұлтан-басқармаға бағындырылған. Сібір қырғыздары мен Семей облыстарындағы Орта орда әкімшіліктік қатынаста округтерге бөлінеді, олардың ішінде әрқайсысы аға

сұлтанның төрағалық етуімен болыс ақсақалдарынан тұратын ерекше приказға бағындырылған. Үлкен орда әкімшіліктік қатынаста үш тайпаға бөлінеді (Албан, Жалайыр, Дулат), олардың әрқайсысы аға сұлтанға бағынған; үш сұлтанның барлығы да Алатау округі басқармасы жетекшілігінде болады. Ішкі орданы Қырғыз қосшы билері бар орыс шенеуніктерінен тұратын уақытша кеңес басқарады. Орынбор ведомствосының қайсақтары түтін басына, Сібір ведомствасы мал санына қарай алым-салық төлейді, Үлкен орда кез келген алым-салықтан босатылған.

Қырғыздар. Қайсақтар өздерінен айыру үшін оларды *қара-қырғыздар дейді*, орыстарда – *Қара* немесе *Жабайы тас қырғыздары*, қытайлықтарда – *Буруттар*, қырғыздар – орыстардың Алатау округінің біткен жерінде Ыстықкөл көлі бассейнінде және Текес өзенінің жоғарғы бастауларында және қайта құрылған Түркістан облыстарында, Шу мен Талас өзендерінің сулы аймақтарында, қытай шекарасында – Тянь-Шаньнің оңтүстік беткейінде Тарым-гөл өзен жүйесінің ең таулы бастауларында және соңында Қоқан хандығында Сырдария мен Әмудария өзендері жүйесі бастауларының таулы жерлерінде Памир таулы үстірттері мен Сарыкөл көліне дейін мекен ететін халық. Қырғыздар қытай жылнамаларында V ғасырдан бастап белгілі, басында *Гян-гунь* (Kian-kuen) атымен, кейін *Хагас* (Hakas), ақыр соңында *Қырғыз* атымен, қытай транскрипциясы бойынша *Ки-ли-ки-цзы*, белгілі болды. Хакастар немесе ежелгі қырғыздар мекен еткен ел олардың қазіргі таралған аймақтарынан алыс болған, нақты айтқанда, қазіргі Енисей және Томск губернияларының оңтүстік бөлігінде, ал қытай шекарасында – жоғарғы Енисей аңғарында оңтүстіктегі Тан-ну тауларына дейін болған. Бұл елде қырғыздарды орыстар XVII ғасырдың өзінде үшыраструрған. XVII ғасыр бойында енисей қырғыздары Сібірдің орыс басқыншыларына қарсы табанды күрес жүргізген, ол енисей қырғыздарының мүлдем жойылуымен аяқталды: олардың жартысы соғыста қаза болды, жартысы оңтүстік-батысқа, қырғыз-қайсақ далаларына қашты, жартысы өз еркінен, тіпті өз атынан айырылып мәңгіге Енисей губерниясындағы басқа тайпалармен араласып кетті. Ежелгі қырғыздарды (хагастар) қытай жылнамашылары жирен шашты, қызыл шырайлы әрі көгілдір көзді тайпалар түрінде сипаттайды, Орта Азия көшпенділері арасында салыстырмалы түрде жоғары даму дәрежесіне көтерілген, алтын, мыс, темір өндіре алды, тіпті олардан қару соқты, мал шаруашылығынан бөлек, жартылай егіншілікпен айналысты және тек Кіші Бұхарамен ғана емес, сондай-ақ қытайлықтармен, арабтармен сауда байланыстарында болды. IX ғасырда хагастар оңтүстікте Тибетке дейін таралды, яғни олардың қазіргі оңтүстік шекарасы – Памир

таулы үстіртеріне дейін болуы ықтимал. Қырғыз аты бірінші рет 569 ж. Император Юстинан II түркі ханы – (Түғы немесе Дүлға) Дитубулу*[1]-ға аттандырылған шығыс Рим префекті Земарх елшілігінің сипаттамаларында үшырасады, ол (Дитубулу) Земархқа қырғыз тайпаларынан әкелінген өз тұтқын қызын береді. IX ғ. хағастарға бағынған үйғырлар олардың өздеріне жүргізген езгісін X ғасырда-ақ жойды, сондықтан күш-қуатынан айырылған хағастар тарих беттерінен уақытша жоғалды да, XIII ғасырдың екінші жартысында Қырғыз атымен (Қытайлықтарда – Киликицзы) бір бірінен шалғай екі аймақта қайтадан пайда болды, нақты бірі Дакемде немесе жоғарғы Енисейде, өзінің алғашқы қауымдық отанында, ал басқасы – Тянь-Шаньнің таулы алқаптары мен шатқалдарында, Мұзарт таулы өтпелі жолына жақын жерде болды, мұнда Юань әулеті жылнамашылары олар туралы Муссарт мұзды өткеліндегі ауыртпалықтарға жақсы төзетін адамдар ретінде айтады, ал XV және XVI ғ. соңында қырғыздар олармен көрші Яркенд пен Қашғар және Қазақ немесе Қайсақ хандары иеліктерінің тарихында біршама рөл атқарады. Осылайша, ішкі Азиядағы халықтардың қайта қоныс аударулары сияқты өткен X ғ-дан XIII ғ-ға дейінгі халық қозғалыстары, Алтай мен Тянь-Шань арасындағы кеңістікте қырғыз халқын екі жекелеген топқа ажыратты – Енисей және Тянь-Шань немесе Әндіжан. Қара қырғыздардың неліктен Енисейден қоныс аударғандары туралы олардың өздерінде ешбір аңыздардың сақталып қалмағанын сол заманның өте көнелігі жетік ұғындырады. Енисей қырғыздары, біздің айтып кеткеніміздей, XVIII ғ. басында жоғалды да, олардың әбден қалжыраған қалдықтары қырғыз далалары арқылы өздерінің Тянь-Шаньдық тайпалас қырғыздарына әрең жете алды, сондықтан бұл жағдай қырғыз аңыздарында еш із қалдыра алма-

---

*[1] Дату-Були хан түркі (Ту-гю) билігінің негізін салып, оның шекарасын шығыста Корей түбегіне, батыста Си-хая немесе батыс теңізіне (Арал теңізі болуы мүмкін) дейін, оңтістікте Шамо даласына және солтүстікте Солтүстік теңізге дейін жеткізген Кигнияның немесе Муюй-ханның кіші ұлы сияқты. Кингинь 553 жылдан 569 жылға дейін билік құрды. Були-хан, Т'ан әулеті қытай жылнамашысының куәлігі бойынша, Батыс өлкеде, яғни Көк төңірінің солтүстік етегінде түрған, оны қытайлықтар мен түркілер сол уақыттарда Ақ тау атаған (қытайларда Бо-шань, ал түркілерде Ақ-таг). Демек, Эктаг Земарха бірде Гумбольдттың болжағанындай, Алтай емес, Ақ-таг немесе Бо-шань, яғни Хан төңірі (Тянь-Шань). Земарханың елшілігінен кейін 61 жыл өткен соң, яғни Түркі мемлекеті үзілді-кесілді шығыс және батысқа бөлінген кезде, будда миссионері Хюан-цзан батыс түркі ханы Шехты Тянь-Шаньнің солтүстік беткейінен, Ыстықкөл көліне жақын жерден тапты, мұнда бұл хан Мыңбұлақтағы өз ордасынан келеді.

ды. Барлық жағынан түркі, ішінара моңғол типті халықтармен қоршалған қара қырғыздар өздерінің жирен шашты, қызыл шырайлы, көгілдір көзді Хагас бабаларының типінен айырылып қалды, алайда біз Сарыбағыш тайпалары арасынан жирен шашты, көгілдір көзді қырғыздарды көп кездестірдік, ал ішінара терілерінің қызғылт түсі, аздап финдік әлпетпен аралас Бүгу тайпасы қара қырғыздармен алғаш кездескенде таңқалдырады. Қара-қырғыздардың тілі таза түрік тілі, әрі алтайлық түркі тайпаларының тіліне, тіпті қайсақ тіліне қарағанда, жақынырақ келеді. Демек, ежелгі хагастар да өзге тілде сөйлеуі мүмкін, өйткені қытайлық Тан әулетінің жылнамашысы хагастардың тілінің үйғыр тілімен өте үқсас болғанын растайды. Хагас және XIII ғ. Енисей қырғыздарының тілінен қытай жазушылары келтірген сөздер де (мысалы, илан – жылан) осы сөзімізді растайды. Қазіргі қара қырғыздар басты екі бөлікке бөлінеді: оң және сол. Біріншісіне Бүгу, Сарыбағыш, Солту, Саяқ, Шоң-Бағыш, Шерік және Бассыз, екіншісіне: Сары, Мұндыз, Конче (Радлофта Қучу) және Қытай жатады. Сол бөлігі түгелдей Талас пен Қоқан және Бұхара шектігіндегі Әмудария бастаулары арасында мекен етеді. Оң бөлігі Тянь-Шаньнің екі жақ беткейіне де, жоғарғы Текестің, Ыстықкөлдің, Нарынның (Сырдария) өзен жүйелеріне және Шу өзеніне таралған. Тек Бүгу және Сарыбағыш екі тайпасы ғана 1864 жылға дейін орыс бодандығында болды, бірақ өз тайпаластарының ізімен Саяқ және Солту тайпалары да орыс бодандығына барды. Осының салдарынын тек Бүгу және Сарыбағыш тайпалары туралы ғана мейлінше тыңғылықты мәліметтер бар. Бүгу тайпасы ру және ру тармақтарына келесі түрде бөлінеді: 1) Білек руы 3 000 түтіннен және келесі ру тармақтарынан тұрады: а) *Алдияр*, ә) *Алдаш*, б) *Тоқай*, в) *Тоқаш*, г) *Саты*, д) *Тақабай;* 2) Баур руы 400 киіз үйден және екі ру тармағынан тұрады: а) Сары-Баур және Қара-Баур; 3) Арық руы 2 500 киіз үйден және 4 ру тармағынан тұрады: а) Күшік, ә) Үндан, б) Сарыке, в) Сары-Қалпақ; 4) Бапа руы 300 киіз үйден және екі ру тармағынан тұрады: а) Жолшора және ә) Чилпақ; 5) Қыдық руы 1 750 киіз үйден және 4 ру тармағынан тұрады: а) Аудай-бақты, ә) Дақсы-ық, б) Торғай, в) Жаманбай; 6) Жылдек руы 1 050 киіз үйден және 3 ру тармағынан тұрады: а) Құрышбек, ә) Сарықатық және б) Балыке. Осылайша, барлық Бүгу руы 11 000 киіз үй немесе 55 000-нан 60 000 жанға дейін жетеді. Сарыбағыш тайпасы келесі түрде бөлінеді: 1) Есенгүл (әуелгіде Болат) 10 000 үй және ру тармақтарынан тұрады: а) Асық, ә) Үсік, б) Шертықы, в) Шағалдақ, г) Абла, д) Сабур, е) Чишей, ж) Таздар, з) Қамлақы, и) Жантай, к) Аюке, л) Мүнғұлдар, м) Жарбақ, н) Ишым, о) Жетіген, п) Бішкүрен; 2) Тынай руы 4 000 киіз үйден;

3) Шырақшы (бұрынғы Темір) 2 000 және 4) Надырбек руы 500 киіз үйден*[2] тұрады. Сөйтіп, Сарыбағыш саны 16 500 үй немесе 80-нен 90 000 жанға дейін анықталды. Орыс бодандығына жақында кірген Саяқ тайпасы кем дегенде 10 000 киіз үйден немесе 50 000 жан адамға дейін тұрады, сонымен орыс төңірегінде қара қырғыздардың барлық саны 200 мың жаннан асады. Егер тағы 150 мың қара қырғыздар Қоқан хандығы (Вуд онда 100 мың жан деп шамалады) мен Кіші Бұхарада деп шамаласақ, онда барлық халықтың саны 350 мыңнан асады. Қара қырғыздардың басты кәсібі мен тіршілік көзі — мал шаруашылығы. Олардың жылқылары аласа бойлы, бірақ қайсақтардыкінен әдемірек және таудағы жүріске айрықша төселген. Қойларының барлығы құйрықты, қайсақ қойларынан мейлінше жүка жүнімен ерекшеленеді. Түйелері екі өркешті және бір өркешті, бірақ Қырғыздар өте таулы жерді мекен ететіндіктен, қайсақтарға қарағанда, түйелерді тым аз мөлшерде өсіреді. Оның есесіне, қайсақ ордаларына қарағанда, ірі қара теңдессіз көп мөлшерде, қырғыздардың Сол аталатын бөлігінде өгіздер тіпті мініс жүрісіне және жүктерді тасымалдауға пайдаланылады. Ұзын жүнді тибет қодастары Сол бөлімінің қырғыздарында аз мөлшерде өсірілмейді, кейде Бұғу тайпасында да кездеседі. Ал жалпы қара қырғыздарда олардың жиі кикілжіңдерінің және бұрынғы билеушілері — қоқандықтардың ауыр алым-салықтарының салдарынан қайсақтарға қарағанда, малдарының саны өте төмен, ең бай адамдарының жылқысы 3 000-нан аспайды, ал бұл кезде Орта орда қайсақтарының байларында жылқы кейде 25 мың басқа дейін жетеді. Егіншілік қара қырғыздар үшін тек демеу ретінде ғана орын алады. Құнарлы әрі жасанды түрде суландыруға қолайлы Ыстықкөл жағалауларындағы (Теріскейде басым, яғни көлдің оңтүстік жағалауы) егістіктерге Бұғу тайпасы бидай, арпа мен тарыны қосканда, жыл сайын 15 мың қап астық себеді. Бір қап тұқым барлық кезде дерлік 10 қап өнім береді. Астық жеке қол диірмендерінде үнтақталады; арпадан қара қырғыздар боза, ал бозадан өздері өте көп мөлшерде ішетін арақ дайындайды. Аңшылық қырғыздарда кәсіп ретінде маңызды емес; аңға олар тек әуестік үшін шығады. Ыстықкөлде балықтың молдығына қарамастан, балықшылықпен қырғыздар мүлдем айналыспайды. Қырғыздарда басқа кәсіп түрлері жоқ; олардың бірден бір өнімдері: киіз, түйе жүнінен жасалған қатқыл маталар, жүн баулар мен арқандар, тері қалпақтар және ешкі жүнінен жасалған шәркейлер. Басқа қалған нәрселердің барлығын, киім және үй қажеттерін қырғыздар оларға Қашғар-

*[2] Қырғыз рулары мен тармақтарының атаулары және олардың саны туралы мәліметтерді тілмаш Бардашев мырза баяндаған.

дан, Ташкенттен, Құлжа мен Ресейден келетін саудагерлерден малға айырбастап алады. Мұндай заттарға жібек және мақта маталары, металл өнімдері, иленген тері, орыс шұғалары, барқыт, бөз, т.с.с. жатады. Қырғыздар манап атауымен белгілі патриархаттық ру басыларымен басқарылады. Манаптар қайсақтардағы сұлтандар сияқты ақсүйектер болып табылмайды, есесіне барынша шексіз билікке ие, тіпті өз бодандарын сата алады және өлтіре де алады. Айтқандайын, Бұғуларда манаптардың билігі Сарыбағыштарға қарағанда, әлдеқайда әлсіз. Қырғыздардың қоныстары қайсақтардыкінен анағұрлым кедей, сондықтан ру тармақтары көп бөлігімен бірге болады, ұсақ ауылдарға бөлінбейді. Қырғыздар өздерін мұсылманбыз деп есептейді, алайда олардың кейбіреулері ғана пайғамбар туралы біледі, дін парыздары мен құранның мазмұнын білмеу ғана емес, тіпті мұсылманшылықтың сыртқы ережелерін де сирек ұстанады. Оның есесіне, шамандықтың ескі іздері, тіпті шамандық би және дұға оқумен орындалатын отқа табыну қара қырғыздарда сақталып қалған. Олардың шамандары ұзын шаш өсіреді, қалпақ және аққу мамығынан жамылғылар, т.с.с. киеді. Бұғу тайпасы орыс бодандығына 1855 ж., Сарыбағыш 1860 ж. кірді. Қара қырғыздар ешқандай алым-салық төлемейді, орыс әскерлері өткен кезде зат түрінде кейбір борыштарын жібереді. Олар манаптарды осы лауазымдарына бекітетін Алатау округі басқармасының жетекшілігінде болады. Қырғыздар — ән мен импровизацияның үлкен мамандары. Оларда өздерінің Манас халық эпикалық поэмасы және басқа бірнеше поэмалары бар.

Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ МҰРАЛАРЫНАН АЛЫНҒАН МҰРАҒАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР

[ОРЫС-ЖОҢҒАР ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ МҰРАҒАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР (ҚОЛЖАЗБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАР)]

Сібір губерниялық кеңсесінен Ямышев бекінісі подполковник Зоринге үстіміздегі [1]741 жылғы қаңтардың 13 күні берілген Жарлық

/8а/ Сіздің бригадирге және Сібір губерниясының губернаторы Бутурлинге мәлімдеме жасаған хатыңызда Қалдан Сереннің көп әскерінің дуалдарды айнала қоршап тұрғаны болмаса, ол жақтарда барлығы бір құдайдың жәрдемімен тыныш, ойдағыдай екені, сірә қалмақтар ма екен, өздеріне жөндеу жұмыстары үшін құрал-сайман және ұстаның көмегін сұрайтыны айтылған. Оларға бұл тұрғыдағы көмектен бас тартылғаны, бізде бір ғана ұста бар екені, оның өзі ауырып қалғаны айтылған. Тағы да олар Сізде барлығы жақсы ма екенін сұрайды. Бұған: барлығы жақсы деген жауап беріледі.

Әлде қалмақтар ма не бұхарлықтар ма, беймәлім, түнгі уақытта бекіністе жақын, бекет тұрған жерге жарты шақырымға әскермен келіп, жабайыларша қоршауды сындырып, солдаттардың ыстық ас үшін қойған отынын алып кетіпті. Қарауылды айтып қорқыта бастаған кезде, олар екеуін шөркемен ұрыпты дейді. Ал біздікілер қорғаныс көрсете алмайды және оларды бұхарлық күләпараларынан-ақ аңғаруға болғанымен, анық танып қалу түнде мүмкін болмады, қараңғы деген. Сол уақытта ауызашар болып, олар мас болған. Және сол қақтығыста біздікілерге айтыпты: сендер біздің жерімізде жүрсіңдер, біздің суымызды ішіп, жеп, біздікін киіп жүрсіңдер, біздің дәм-тұзымызды татасыңдар, біз сендерді иттен де жек көреміз депті.

Тағы 15-ші желтоқсан күні Септеннен бұрынғы адамдар келіп, олардың қалмақтары Қазақ ордаларының 400 киіз үйін талқандап, олардың көбісін тұтқынға алыпты. Сібір губерниялық кеңсесіндегі анықтама бойынша, жоғарыда жазылған хатта көрсетілгендей, барлығынан да хабардар Сіз, полковник мырза, өз тарапыңыздан Сібір губерниясы кеңсесіне хабарлама жіберілген жоқ деп мәлімдейсіз. Және үстіміздегі жылғы қаңтардың 14 күні берілген жарлық бойынша және Сібір гу-

берниялық кеңсесінің анықтамасы бойынша Ямышевск бекінісіне, Сізге, подполковник Зорин мырзаға, осы жарлықты жөнелтуге бұйрық етілген және Сізге, полковник мырзаға, егер олардың, яғни жоңғар қалмақтары тарапынан, сондай әдепсіз қылықтар болып жатса, хатта және Сіздің мәлімдеменізде баяндалғандай, шынымен орын алса, онда Сізге, подполковник мырзаға, Сібір губерниялық кеңсесіне өте жедел түрде тыңғылықты хабарлама жіберу пәрмен етіледі, кейін сол туралы жарлық бойынша мәлімдеуге және подполковник мырза Зорингке сол жөнінде осы жарлық бойынша әрекет ету тапсырылсын.

Қаңтардың 15 күні 1741 жыл.
Түпнұсқаны жазған: *Петр Бутурлин.*

Сібір губерниялық кеңсесіне Ямышев кеңсесінен рапорт

// Аталған губерниялық кеңсенің 15 қаңтарда № 0 591 ретпен жіберген, ал мұнда, Ямышев кеңсесіне, осы, 1741 жылғы ақпанның 18 күні алынған жарлықтың нақты орындалғаны туралы.

Егер жоңғар қалмақтары тарапынан, бригадир мырзаға және сібір губернаторы Бутурлинге жазылған хат пен хабарламадағыдай, әдепсіз қылықтар шынымен де, орын алып жатса, онда жарлық бойынша жоғарыда аталған губерниялық кеңсеге, тиісті жерге мәлімдеме жасау үшін тыңғылықты хабарлама жөнелту бұйырылған.

Жоғарыда аталған жарлықтан кейін осы тыңғылықты хабарлама жеткізіліп отыр: өткен 1740 жылы желтоқсан айында Ертіс өзенінің осындағы Ямышев жағында тұрған жоңғар қалмақтарының көп адамдық әскерінен келгендер – Уралчуралкашки басқалармен бірге келіп, өздерінің негізгі бастықтарының атынан, Қалдан Сереннің інісінен, Септен-ноянның атынан жөндеу үшін құрал-сайман және ұста көмегі керек деген тәрізді өтініш жасайды. Оған мұндағы бекіністе – бір ұста ғана, оның өзі қатты науқас (ол сау болса да) деп жауап айтылған. Сондай-ақ, сіздер де, барлығы жақсы ма деп сұрайды. Оған барлығы жақсы деп айтылды.

Және осы желтоқсан айының 12-сі күні Ямышев кеңсесіне жоңғар билеушісі Қалдан Сереннің жерінен келген керуендегі бұқарлықтарды қарауылдап тұрған Федор Буранов Тобыл полкі капралына мәлімдемеде мынаны хабарлады: осы 11-ші желтоқсан күніне қарасты түнде, сағат алтыда, Тобыл полкінде күзетте тұрған Яков Резин, әскери борыш атқарып жүрген Василий Пушкарев, осында тұратындардың отындарын көтерген бір бұқарлықты көріпті, ал оның есімінің кім екенін білмейді. Осы күзетшілер сол бұқарлыққа, сен не үшін орыс отындарын ұрлайсың дейді. Ал ол, бұқарлық, олармен –

күзетшілермен, төбелесіп, балағаттай бастайды. Сөйтіп оларды, яғни солдатты және әскери борышын атқарушыны шөркемен ұрып, сендер біздің жерімізде тұрасыңдар, біздің суымызды ішіп, жеп, біздікін киіп жүрсіңдер, біздің дәм-тұзымызды татасыңдар, біз сендерді иттен де жек көреміз депті. Ал, күзетшілер оны, бұқарлықты, жарлық бойынша, не сабай алмапты, не балағаттай алмапты.

Ал бұл уақытта қалмақтарда, ауыз ашар әрі мейрам болып, қалмақтар мас болған. Оның алдында, жат жерліктер, қоршауларды отынға сындырады. Сол үшін осы керуендегі башлық-бұқарлыққа Назрукбайға хабарлауға жіберілді: не себепті осындай ренішті жағдай тудырады деп; мұны оның тыйым салып, кінәлілерге айыппұл салуы үшін айтады. Бұған аталған бұқарлық-башлық: осы адамдардың оларды тануы тиістігін айтты. Алайда тану мүмкін емес еді, өйткені төбелес түн ішінде болды, кімдер екені түрінен көрінбеді.

Тағы осы 15-ші желтоқсан күні жоғарыда аталған Септеннен келген қалмақтар оберге*[1] әңгіме кезінде олардың қалмақ әскерлерінің қазақ ордасының төрт жүз киіз үйінің, тас-талқанын шығарып, олардың көп қазақтарын түтқынға алғандарын айтты.

Тағы да осындағы бекіністердегі шығындар туралы ведомство бойынша Ямышев көлі жағалауынан сол айтылған қалмақтар жарлық күшімен солдаттар мен казактардан бекініске жеткізуге дайындалған түздан өздеріне 317 қада 3328 пұт 20 қабақ тұз әкетті. Жоғарыда айтылған Септен әскерімен Заречная жағынан Яблышевск*[2] жағына қоныс аударған кезде, сонда Семей бекінісіне дейінгі жайылыммен жүріп, ал олардың әскерінен кейін, Железин бекінісіне жол бойымен төмен қарауылдық үшін көшкендер, Тобылға нөкерімен келе жатқан елшілер барлық қазыналық шөпті таптап тастады. Жарлықтармен көшіп жүретін партияларға, олардың жылқыларына қыс бойы салатын еш азық болмады, ал бекіністен бекініске өздерімен азық алып жүру өте қиынға соқты. Осы жөнінде жіберілген обер-офицер жағдайды аталмыш Септенге айтып, мұндай жөнсіздіктерден өз адамдарын тыюды өтінгенде, бұған Септен олардың өзен арқылы түнде өткен кездерінде шөпті білмей, иттер мен жылқыларды және басқа да малды жібергенін айтады. Мал шөпті жеп қана қоймай, бей-берекет шашқан. Шөп бар екенін білгенде, олар малды жібермейтін еді дейді.

Сібір губерниялық кеңсесіне жоғарыда жазылғандар бойынша осы жайт тыңғылықты мәлімделеді.

1741 жылғы 20-шы ақпан

Растап қол қойған: подполковник *Тимофей Зорин*.

---

*[1] Яғни, *обер-офицерге*.

*[2] Қате, болуы тиіс: *Ямышевск*.

[II Екатеринаның генерал-поручик Шпрингерге Жарлығы]*[3]

/15а/ Біздің сенатымызға және сыртқы істер алқаларына және Сіздің осы жылдың 12 шілдесінде Өскемен бекінісінде дайындаған әскер, оған қоса қытай жақтағы шекаралық мәселелер туралы өз тарапыңыздан алынған хабар тіркелген журналдық жазба да алынды, сондай-ақ, мұндағылар келесі жайттан да хабардар: өткен 1761 жылы инженер-майор Петрулинмен Бұқтырма өзенінің сағасында және осы өзен бойымен сол кездегі әскери азық-түлік қоймасы үшін салынған құрылыстар, білеулермен қоршалған жер қорғаныстар табылған белгілеріне қарағанда, қытайлықтар тарапынан өртелген деген, сондай-ақ кейбір жерлерде көп мөлшерде қытай әскерлері жиналатыны, осы жақтағыларға олардан қауіп төнеді деген хабармен де таныс. Және осы хабарды алған кезде генерал-майордан және селенгин комендантты Якобийден қытайлықтармен Қяхтадағы сауда-саттықты тоқтату туралы және қытай жалданбаларына қарауыл ретінде моңғолдарды енгізу туралы хабары да мұнда жеткен болатын.

Ал біз қытай сарайы тарапынан біраз уақыттан бері көрсетілген қырғи қабақтық жөніндегі хабарды, және де біздің сенатпен арадағы шамадан тыс көп сөзді, әрі қынжылысты кінәрат қоя отырып өзара алысқан хаттарымызды саралай келе, сібір шекараларын өте қажет деп таба отырып, оны күшейту және бұрынғыдан да қауіпсіздігін арттыру аса зор маңызды іс деп шештік те, біздің іс жүзіндегі құпия кеңесшіміз Неплюевке, генерал-фельдцейхмейстер Вилбоаға, іс жүзіндегі құпия кеңесшіміз Панинге, генерал граф Чернышевке, іс жүзіндегі құпия кеңесшілеріміз граф Миних пен вице-канцлер князь Голицинге, генерал-поручик Веймарнға және құпия кеңесші Олсуфьевке жоғарыда аталған жағдайға байланысты мәжіліс өткізуге, сондай-ақ мемлекетке және біздің мүддемізге қатысты барлық істі талқылай келе, шекараны қауіпсіз әрі тиімді жасау бұйырылсын және ол жөніндегі мәлімет бізге тез арада ұсынылсын.

Және біздің осы аса мәртебелі бұйрығымызды орындауға міндеттеме алған адамдар келесі мәселелер туралы конференция өткізгендері дұрыс, нақты айтқанда: 1) сібір губернаторлары мен басқа да басқарушыларға сол шалғай аймақты жақсы күйге келтірулері үшін жұмыс түрлерін анықтау және сол жалпы шаралардың орындалуына күш салу; 2) сондағы қытай сауда-саттығы мен кеден істеріне қатысты нақты қай мекемелерді қайта жөндеуден өткізу керектігін анықтау; 3) шекара қорғанысы туралы тағы қандай қаулылар қабылдау ке-

*[3] 1765 жылғы қаңтардың 3 күні алынған.

рек, оның түтқиыл шабуылдарға төзімді болуы үшін және соңында, 4) қытайлармен арамызды әбігерге салған қазіргі істі қанағаттанарлық жағдайға келтіру үшін, жақын жердегі әрі тиімді қандай құралдар арқылы олармен көтерме сауданы бастауға болады, ақырғы шара бойынша, ең болмағанда, әзірше мұндағы шекаралар оның қорғанысын ұйымдастырған уақытқа дейін, осы жақтан қалыпты талаптар қоюға мүмкіндік болу үшін, әскерилердің араласумен қорғанысты нығайту. Осы мәселелер бойынша жоспар құрып, оны бізге аса жоғары мәртебелінің апробациясына алып келулеріне қаулы еттік.

Біз осы жоспардың қаралуына сәйкес, оны бірінші жағдайда барлық түрғыдан жеткілікті деп тауып, 19-шы қазан күні аса зор мархабатпен қол қойдық. Бұл түрғыда қандай ереже, қағидалар қабылданғанынан, сіздің тыңғылықты хабардар болуыңыз үшін оның дәл көшірмесі жіберіледі. Ал алдыңғы үш пунктке қатысты келсек, ол бойынша жасалатын қаулы және ұйымдастыру ісі департаментке жүктелді, бұл түрғыда оларға дейін не істеу керек және олардан сізге тиісті бұйрықтарды күтуге болады.

Төртінші бапқа қатысты, ол бойынша сізге келесі мәселені бұйрамыз, нақты: осының алдында қытайлықтар өздерінің шектен тыс керемет тәртібі мен кез келген жағдайдағы бірбеткейлігіне салып, моңғолдардың шекаралық басқарушыларымен шекарада болған съездер үстінде екі жақты шекаралық даудың шешімінде олардың қисынсыз тілектеріне бой үрмағаны үшін біздің генерал-майорымыз әрі селенгин комендантты Якобийға ызаланыпты, алайда ол өз лауазымына сәйкес әркез күні бұрын қауіптеніп, оларға деген тиісті сый-құрметті сақтаған, сондай-ақ біздің империямыздың мүдделерін көздеушілер Якобийдің шекара ісін жүргізуде әділетсіздікке баратыны тәрізді қылықтарын (ол туралы жақында қытай трибуналынан алынған қағазда аталады) бірнеше мәрте осында жеткізді, енді сол Якобийдің орнына біздің тарапымыздан басқа атақты шенді тұлғаны тағайындауды қытайлық тарап талап етеді. Біз қазіргі қытай сарайының қылығы мен көрсетіп отырған өнегесіздіктеріне қарай, асқан тәкаппарлық танытып, олармен бұдан ары ешқандай іске келісім жасамауға, хат-хабар өткізбеуге әділетті себептеріміз болар еді, алайда біз жағымды әрекеттер арқылы қытайлықтармен ісімізді оң жағдайға келтіргенді көбірек қалаймыз, сондықтан оларды сынап болмай, соңғы шешімдерге бармау керек, оның үстіне, біздің шекараларымыз да әлі қауіпсіз жағдайда түрған жоқ, осы сипаттағы пайыммен және қытайлықтардың да келешек шекара қорғанысына дайындық жағдайына орай, әрі біздің тарапқа олардың күмәнданып қалмаулары үшін, біз қазіргі жағдайда қойылған талап жөнінен олардан жылы шыраймен орағытып өтуге бел байлағанды жөн көріп отырмыз.

Және сондықтан Сізге өзіңіздің шекаралық басқармаға тағайындалғаныңыз туралы Ресей тілінде манжур аудармасымен осы жақтан дайындалып берілген қосымша хатқа қолыңызды қойып, олардың тәртібімен оған мөр басып, генерал-майор әрі селенгин коменданты Якобий арқылы моңғол шекаралық басқармасына жөнелтуді бұйрық етеміз. Қытайлықтар Сіздің бұл хабаламаңызды, мұндағы біздің үміт еткеніміздей, мүмкін, жаңа басшы ретінде сіздің адамың басшылыққа тағайындалғанына байланысты зор ғанибетпен қабылдайтын болар. Және, өз тараптарынан сіздің осы қызметке жауапкершіліксіз қарап, шекара ісіне қатысты қандай-да бір нәрселерде сіздің пікір білдірмей шет қалуыңызға жол бермейтіндері күмәнсіз. Ал осымен бірге, мүмкін, Қяхтадағы сауда-саттықты бұрынғысынша қалпына келтіріп, біраз уақыт тыныштатып та қалар. Сонда, жағдайға қарай, тиісті қарарды қабылдауға болар.

Біз Сізге, сонымен бірге, өз тарапымыздан шекара тыныштығын қадағалауыңызды үсынамыз және қарарға дейін қытайлықтарды шамырқандыратындай жағдайға алдын ала жол бермеңіз, барлығы туралы сіздің тыңғылықты хабарларыңызды жиі күтетін боламыз. Осы істер арасында мұнда сіз жіберген шекара мәселелері туралы хабарларыңыздың барлық кезде негізді болғанын атап өту қажет деп табамыз, өйткені шалғай жатқан бізге қарағанда, жақын жерде болғандығыңыздан олардың сенімділігін сіздің талқылап, сынағаныңыз дұрыс болар, біздің қызметімізге адалдығыңыз бен разылығыңызға зор үміт артамыз. Біздің осы жарлығымыздың дәл көшірмесі жаңа жасалған қарардан хабардар болып, соған сәйкес шекара ісі бойынша қытайлықтармен өзара әрекет жүргізу үшін Селенгинскіге генерал-майор Якобийге берілді.

Санкт-Петербургте 29-шы қазан 1764 жылы берілген.

Оның императорлық мәртебесі жарлығы бойынша:
А. Панин, К. А. Голицын.

Оның императорлық мәртебесіне құзырлық баяндама

/17а/ Сіздің императолық ұлы мәртебеңіз сенат баяндамасы негізінде және сібір шекараларындағы тынымсыз жағдайлар туралы түрлі жерлерден алынған хабарлар негізінде төменде қол қойған жоғары мәртебелілерге келесі мәселелерді бұйыруға пәрмен берді: жағдайға қатысты барлық мәліметтерді жинап, мәжілістер ашу және бұл істің жартылай мемлекетке және сіздің мүддеңізге қатыстыларын саралай келе, шекараны қауіпсіз әрі тиімді жасап, бұл жөнінде сіздің императорлық мәртебеңізге үсыну.

Ал мұндай мәртебелі бұйрықтың шығарылуына осы жылдың 10 шілдесі күні Өскемен бекінісінен генерал-поручик

Шпрингерден жіберілген хабарлама басты себепкер болды, онда ол сонау 1761 жылы Бұқтырма өзені бойымен салынған құрылыстарды, сол жерлерді аралап көріп, сипаттау үшін болған инженер-майор Петрулиннің сонда келген уақытында олар жер кепе қорғаныстары болған, олар кейін де солай қалдырылған, өртелген; табылған белгілері бойынша, оның қытайлықтар тарапынан істелгені аңғарылады және сондай-ақ барлау ісіне қарағанда, кейбір жерлерде қытай әскерлері тобы жиналатын тәрізді деп жеткізеді. Мұнда төменде қол қойғандар, өздеріне тиісті аса жоғары бұйрықты орындай келе, генерал-поручик Шпрингердің аталмыш мәлімдемесін тыңғылықты қарады және онда айтылған жағдайларды сол жер жағдайымен қатар қойып саралай келегенде, ол жерлердің қытай жағынан көп адамның өтуіне тым қиын әрі өтпелі жол болуға жарамайтынын, сондай-ақ көп бөлігі түрлі сыбыстар негізінде айтылған және дәйектері де мүлде жеткіліксіз генерал Шпрингердің жеке мәлімдемесінен, сондай-ақ басқа да сондағы жерлерден алынған хабарламалардан ешбір парасатты ойдың, нағыз қауіп төндіруі мүмкін жайттың ізі аңғарылмайтыны жөнінде анықтады.

Төменде қол қойғандар осы айтылғандармен бірге, жоғары мәртебелі тарапынан оларға бүйырылған мәселелерді ойдан шығармай, мұндағы қытай шекарасымен қатысты істерді де тыңдады, түрлі ландкарталарды қарастырып, Ертіс өзеніне құятын Бұқтырма өзенінің сағасына бекініс салу туралы сіздің аса жоғары императорлық мәртебеңізден қол қойылып берілген нұсқау жөніндегі генерал-поручик Шпрингердің мәліметін ерекше ынтамен тыңдады. Және ол нұсқауды мейлінше жеткілікті деп тауып және барлық басты бөлімдеріне құрметпен қарап, сібір мекемелерін құрайтын, көп бөлігі елдімекенсіз ұланғайыр бос кеңістік түрғысынан қазіргі негізгі жағдайлар үрдісіндегі ережелерді алға тартты, ал олардың жүзеге асуы үшін талпыныс жасауға әбден болады.

Бірінші, сібір губернаторлары мен басқа да басқарушыларға сол шалғай аймақты жақсы күйге келтірудегі жұмыс түрлерін көрсетіп және сол түрғыдағы жалпы шараларды орындату міндеттелсін;

Екінші, қытай сауда-саттығы мен кеден істеріне қатысты мекемелерді қайта қатарға қосу;

Үшінші, күтпеген шабуылдарға төзімді болуы үшін шекара қорғанысы туралы жаңадан қаулы-қарарлар қабылдау; және соңында, 4-ші, қытайлармен арамызды әбігерге салған қазіргі істі қанағаттанарлық жағдайға келтіру үшін, тиімді әрі қол жететін құралдарды пайдаланып, олармен көтерме сауданы бастау; ақырғы шара бойынша, ең болмағанда, әзірше мұндағы шекаралар олардың қорғанысымен қамтамасыз етілген уақытқа дейін, біздің тарапымыздан кінарат қоюға болатындай

мүмкіндік болу үшін бекіну және де сол уақытта оны әскерилердің араласуымен нығайту.

Төменде қол қойғандар, белгіленген ережелер нәтижелеріне тез арада қол жеткізу керектігін мейліншe түйсіне отырып, аса жоғары сіздің императорлық мәртебеңізге келесі игілікті істерді бар құзырымен ұсынады.

1. Үнемі Тобольскіде тұратын сібір губернаторы мен сондағы шалғай қалалар арасында жүргізілетін хат алысу Сібір губерниясының мейліншe ұланғайыр болуына орай үлкен қолайсыздықтарға тап болады, өйткені оған жіберілген мәліметтер, кеш алынып, сонымен байланысты өз уақытында жіберілуі тиісті қарардың қажеті де болмай қалады, сөйтіп, қарарды күтуде шалғайлыққа орай мейліншe көп уақыт кетеді; осы қолайсыздықты жою үшін Сібірді екі губернияға бөлу қажет және де губернаторларды екі жерден бекіту керек, нақты: Тобольскі мен Иркутскіде. Мұнымен қоса, сондағы аң аулау ісін жетілдіру туралы сол уақыттарда қабылданған мемлекет ережелерін өзгерту керек, оған салсақ, соншалық кең байтақ әрі халқы аз патшалықта халықтың ақсүйек бөлігі ешбір қамқорлықсыз, шалғай солтүстіктегі шеткері жерде мал сияқты өмір өткізіп, ақырында өлімші халде шашырап қалады. Ал бұған керісінше, сондағы губернаторлар мен басқа да қала бастықтарының келесі шараларды өз алдарына басты мәселе етіп қоюлары міндеттелсін: кез келген тиімді тәсілдерді қолданып, мейірбандық таныта отырып, сол суық шеткері аймақтардан адамдарды алып шығып, оларды өзара жақындастырып, солайша қоныстануға, өмір сүруге қолайлы, әрі жарты күндік қана жол тұратын жерлерде елді мекендер жасау. Мұндай елді мекендер шекаралар сияқты уақыт өте келе жақсы жағдайға келтіріледі, бұл жерлерден егіншіліктен және тікелей жергілікті кәсіптерден түсетін шынайы пайда солтүстікке қарай жатқан құнарсыз сібір жерлеріндегі қазіргі күні бірден бір игеріліп жатқан аңшылық кәсібінің алдында теңдессіз өседі.

2. Ал, қытайлықтармен Кяхтада жүргізілетін сауда-саттыққа келетін болсақ, олар бұл сауданы Ресей үшін айтарлықтай керек-ақ, ал өздері үшін соншалықты қажет емес сияқты көрсете отырып тоқтатты да, Кяхтадан үш жүз шақырымда жатқан қытай қаласы Ургуға ауыстырды, бір жағынан, мұнда Ресей көпестерінен салық алу үшін, ал екінші жағынан, өзінің мәртебесін жоғарылатып, осындағы көпестерді сол Ургуға жүруге мәжбүр ету. Генерал-майор Якобийден тағы да алынған хабарламаға қарағанда, қытайлықтар көкіректерін көтеріп үлгергендерімен, Кяхтаға ел тауарларымен келе бастады да, сауда-саттық қазір бұрынғысынша сенімді түрде жүргізілуде, алайда мәжіліс сол сауда-саттықты Ресей көпестерінің пайдасына жүргізу үшін оған кіруге тілек білдірген кез келген көпес үшін айырықша ерікті компания

құруға болмай ма дегенді талқылады. Ол үшін, егер бұл сауда-саттық бір ғана компанияның қолында болса, онда ешқандай үстеме бағаның қосылуы мүмкін емес, ал бұған олардың жеке көпестік пайдасы да тәуелді болады. Ал егер бұл компания құрылатын болса, онда ол өзі үшін де жасырын сауданың барлық жолдары мен тәсілдерін жоюға тырысатын болады. Ал бұдан, Сіздің ұлы мәртебелі императорлық қазынаңызға баж салығын жинауда ешқандай зиян келмеуі тиіс. Бірақ мұндай айрықша ерікті компанияның құрылуы көптеген көпестердің келісіміне байланысты, олардың басын қосу аса қиынға соғады және көп уақытты қажет ететін болады, сондықтан қытайлықтармен мұндағы сауданы орыс бодандарына тиімді жағдайға келтіріп, оны сол түрде ұйымдастыруда қандай тәсілдерді іздестіруге болатыны да талқыланды.

Біріншіден, Ресей көпестерінің алдағы уақытта қытайлықтарға соншалықты тәуелді болмаулары үшін.

Екіншіден, қазірге дейін бір сауда-саттық түріне ұмтылыс пен өзара алауыздық басты орын алғандағыдай, осы көпестердің бір біріне ор қазғандарын тоқтату үшін;

Үшіншіден, қытайлықтардың бұдан ары осыдан бірнеше жыл бұрын жасалған сауда-саттық тарифінен түскен ауыртпалыққа шағымдануға себептері болмауы үшін.

Сондықтан да бұл тұрғыда келесі ережелер тиімді әрі оны жүзеге асыру мүмкіндігі бар деп табылды:

1. Кез келген Ресей көпесінің сол сауда-саттыққа қатысуына бұрынғысынша мүмкіндік беру.

/19б/ 2. Кяхтаға тіке бармас бұрын, алдымен, олардың Селенгинск қаласына тоқтаулары тиіс, осы кезден бастап қытайлықтармен сауда жасағысы келгендердің барлығы осында жиналып, содан кейін жан-жаққа тарқайды.

3. Селенгинскіде көпестердің қажетті саны тездетіп жиналған соң, олар сонда өз араларынан үш не төрт директор немесе дұрыс айтқанда, маклер сайлаулары тиіс, ал олардың міндеттері әрбір көпестен (өз пайдасын көздеген адамнан) осында әкелінген тауарларды және олардың осында сатыла алынатын бағасын дәл алумен анықталады. Осы айтылған директорларды ұйымдастыру кезінде олардың саудада, сатып алуда және қытайлықтармен тауар айырбасында, сондай-ақ алып кетілетін және алып келінетін тауарлар үшін төленетін баж салығын жасырып қалмауда, өздеріне тапсырылған жалпы мүддені атқаруда адал болуларына ант етуге міндеттеу керек.

4. Әрбір адамға тауарларымен Кяхтаға өз бетімен баруға рұқсат етілсе де, оның тек жеке бас мүддесі үшін қытайлықтармен қандай да бір айрықша келісімге отыруларына тыйым салынады, мұндай іске, олардың мекеме бағасымен тауарларды айырбастауы үшін, жоғарыда айтылғандай, тек қана сайланылған маклер араласады. Ал егер көпестердің ішінен бірі,

маклердің сыртынан, өз бетімен сауда-саттыққа кірісуге батылдық жасаса, онда ол елу пайыз басқа көпестердің пайдасына айып төлейтін болады және сол үшін бұл саудадан мүлдем аластатылатын да болады.

5. Кедейлердің өз нәрселерін қолдан өткізулеріне бай көпестердің мұнда әкелінген тауарларының көптігімен бөгет жасамауларын жүзеге асыру үшін, олардың да, басқаларының да Кяхтаға өз тауарларының барлығын тасымауы тиіс, яғни, тек жартысын, ал қалғандарын алғашқылары сатылғанша не қытайлықтар оны көбірек қажет еткендерінше, Селенгинскіде қалдырады.

Қытайлықтардың 1761 жылғы соңғы тарифтерге байланысты шағымдарына келетін болсақ, олар сол тариф бойынша ресей тауарларының да, қытай тауарларының да саудасы өте үлкен баж салығымен ауыртпалықта қалғаны түрғысынан кінәлайды, бұл мәселе коммерция жөніндегі комиссияның талқылауына беріледі. Сол пайда үшін біраз уақытқа кірістің жартысын құрбан етсе жақсы болар ма еді, сол арқылы қалғанын алғанымыз дұрысырақ болар еді, яғни сібір тарифін азайтып, одан босату керек, мүлдем болмаса да, аздаған мөлшерде, баж салығынан ішкі баж салығы аталатын кей бөлігін он үш пайызға азайту, қытайлықтарға сатылатын кез келген ресей өнімін, сонымен бірге жүмсақ ескі-құсқы заттардың түрлі сорттарын ана жақтағы сияқты сыртқа шығарғаннан оңдысы жоқ.

Оның үстіне, қытайлықтардың тағы тынышталулары үшін бұрын Кяхтада болған кеденді олардың көз алдынан басқа жерге көшіру қажет болып табылады. Ол үшін ыңғайлы әрі жақын жер Селенгинск қаласы болып есептеледі, ол, жоғарыда айтылған барлық жүріс-түрыстың орталығы болады. Ал Селенгин жағдайы көпестердің тауарларды айналма жолдармен баж салығынсыз өткізулеріне бөгет жасауда қиындық тудырмайды, осы себепті бұрынғы кеденді ауыстырып, баж салығын сол қаладан жинауға болады.

Коммерцияның тез өркендеуі үшін, сондай-ақ, әсіресе, істің тез арада жөнелтілуі үшін пошта мекемесін құру қажеттілігі де аз маңызға ие емес, сонымен бірге Байкал көлімен қатынайтын кемелерді жүргізу де қауіпсіз, әрі адамдар мен тауар тасымалы үшін сенімді пайдаланыла алар еді.

3. Мәжіліс Сібір өлкесін қауіпсіз әрі қорғаныс жағдайына келтіру үшін бірінші кезекте келесі әскери қарарларды жүргізуді талқылады, нақты:

Бірінші. Қазанда болуға міндеттелген Драгундық екі полкке Сібірге келіп орналасып, міндетті түрде пәтер алуы бүйырылсын: Азовский – Қасиетті Петр және Павел бекінісінде; Ревельский полкі – Омбыда; сонда жүрген драгундық Троицкий – Ямышев бекінісінде; Вологодский – Өскемен бекінісінде;

Сибирский – Железинскіде; Луцкий – Биашта; Олонецкий – Кузнецкіде; Колыванский – Иркутскіде; карабинер Якуцкий – Селенгинскіде; жаяу әскер Селенгинский – Селенгинскіде, жаяу әскер Томский полкі – Өскеменде орналасса.

Польшадан шығарылған қашқындардан Селенгиндік екі жаяу әскердің бірі құралып жатқанда, Томскінікі енді құрыла бермек, онда шет ел істері жөніндегі Коллегия әскерилермен байланысып, оның тез арада толығуына адамдардың атсалысуын жолға қоя алады. Және әскери коллегия да оларды алған бойында баяндама негізінде барлығына Иркутскі мен Селенгинскіде полк құру туралы бұйрық бере алады.

Екінші. Соңғы жағдайда Сібірде далалық артиллерияның жетіспеушілігін шешуді осында үсынылған литер «А» деген ведомствомен екі бөлімге жөнелтуді ұйымдастыру негізінде анықталады, олардың ішінен бір бөлімге аттарымен, азық-түліктерімен және қызметшілерімен дереу Омбыдан, ал басқасына – Селенгинскіден пәтер алуға бұйырылады. Екі бөлімді аттандыруға тез арада он мың сом ақша қажет етіледі, одан қалғаны олардың тұрғынжайы ретінде белгіленген жерлерде баспанамен қамтамасыз ету үшін сарай салып, ормен қоршауға жұмсалады.

/21б/ Үшінші. Сібірде жүрген генералитетке тағы бір генерал-майорды іс-сапармен аттандыру керек және бұл үшін осы жақтарды жетік білетін генерал-майор Якобийді әскери армиялық штатқа ауыстыру үсынылады. Сібірге тағайындалған барлық генералитетке пәтерлер үсынылады: генерал-поручикке – Омбыдан немесе жағдайды қай жерден керек етеді; бір генерал-майорға – Петропавловскіден; екіншісіне – Өскеменнен; үшіншісіне – Омбы бекінісінен; төртіншісіне – Селенгинскіден.

/22а/ Төртінші. Ал полктерді жинақылықта үстау үшін және барлық кезде тиісті соққы беруді үйренуге дайын болып, форпосттарда не қорғанысқа, не шабуылға жарамайтын түрде шашыраңқы болмай, басталған іс маңында табылулары үшін Әскери коллегияның сондағы басқарып жүрген генералитетіне өз атынан бұйрық пен нұсқау беру міндеттелсін. Жөнелтілетін далалық артиллерия соншалық қажеттілік жағдай болмаса, шіліктей бөлінбей, өз қызметшілерімен бірге болсын, әр әскери бөлімнің тиісті жағдайларда бір жерден табылулары туралы да ескерту маңызды.

Бесінші. Селенгинскі ормен қоршалып, соңда далалық артиллерия қойылады, сөйтіп шағын айрықша жер бекінісін жасау керек. Ал гарнизонға бұрынғы гарнизондық шекаралық батальондар негіздемесімен екі батальон тағайындау, олардың қатарында біреуін қайта құрып, ал екіншісін Иркутскіде тағайындалған екі гарнизондық батальонмен ауыстырып, мұнда әскери қаржыдан штат бойынша анықталған майор жалақы-

сымен офицерлер штабынан комендант тағайындау. Осы Селенгинскі гарнизонынан қарауылдарды жасақтау үшін Кяхтаға, немесе Кударинск слободасына, Кан және Уде абақтыларына бір ротадан жіберу. Сол үш жерге тағайындалған комендант Селенгинскідегі командада болсын, ал басқасына — Иркутскідегіге, және Иркутскі губерниясында тағайындалған басқаларына Тобыл командасында болмай, өз департаментінде болу бұйырылсын және Иркутскі коменданты штаттағы әскери қаржыдан полковник жалақысымен обер-комендант болып тағайындалсын.

Алтыншы. Майор Тевешовтің баяндауы бойынша және сенатор мырза Соймоновтың пікірінше Кяхта форпостына таяу Кударинскі слободасы (ол түрған жері жағынан да, су қатынасы жағынан да қолайлысы және қастық ойлаушылардан қорғануға да қауіпсіз, мұнда қоныстанған елді мекендер де аз емес және олар басқаларына қарағанда, осы қашықтықтарда таулы жерлерден өтуге ыңғайлырақ) жанындағы Чикое өзенінде бекініс болуы керек. Онда ана Слободаны бір уақыттарға дейін ормен және бақпен қоршап, ал бұрыштарына ормен жер редуттерін жасап, оларға зеңбіректер қою керек, бұл істі сондағы түрғындар мен солдаттар бір жазда бітіруі мүмкін. Комендант үйі, күркелер, гауптвахталар, керме ағаштардың құрылысына және басқа да қарауылдар түрағы үшін үш мың сом қаржы белгіленсін. Кяхтадағы тағайындалған комендант сол жаңадан құрылып жатқан бекіністе көшірілсін. Шабуыл болған жағдайда түрғындардың да қорғана алуы үшін олардың барлығының мылтықты жақсы қолдана алатын болулары тиіс, бұл жағдайда командирлер тізім жасап, әрбір адамға орын белгілеулері керек, себебі олардың әрқайсысы қорғауы тиіс, бұл үшін мың мылтыққа дейін осындағы арсеналдан сонда жіберіп, түрғындардың әрбірінің осындай жағдайға өзінің мылтығы мен оқ-дәрісі болсын деп хабарлануы тиіс. Ал олардың осының барлығын үйренулері үшін, оларды жыл сайын бір бірден өзіне тағайындалған орынмен таныстыру керек, олардың әрқайсысы атып үйренулері тиіс.

Жетінші. Сенатор мен инженер-офицерлердің пікірінше, Онанға жақын өзендер мен ауылдар Ақши бекінісі болуы керек, өйткені осы жерлердің маңы — екі жағынан да шекара ішіне өтуге қолайлы жерлер, көрші дүшпан партиялардың көпшілігі сол жерлер арқылы бұрын да аз өткен жоқ, ал, әсіресе, 1756 ж. жымысқы ұрылар партиясы, шекара ішіне еніп, бірталай шығынға ұшыратты. Осы жағдайға байланысты сол жер дұрыс деп табылып отыр, оның Кяхтадан қашықтығы — алты жүз жиырма жеті шақырым, оның орнына белгіленген бекіністе түрғынжайды ормен және бақпен қоршап, ал бұрыштарына ормен жер редуттерін жасап, оларға зеңбіректер қою керек, сонда майор жалақысымен комендант тағайындау

керек, жалақы басқалардыкі сияқты әскери қаржыдан белгіленсін. Ал екі рота гарнизонды селенгинскі гарнизонынан бекіту керек. Онда орнатылатын керме ағаштар, комендант үйі, күркелер, гауптвахталар және басқа да қарауылдар тұрағы үшін үш мың сом белгіленсін.

Сегізінші. Аталған сенатордың пікірі бойынша және майор Тевешовтың куәлігінше, Нерчинскі зауыты тұтастай таумен қоршалған, нығайтуды қажет етпейді. Сөйтіп, оны қорғай алатын тау қоршауында жатқан жерге дүшпан шабуылы бола қалған жағдайда, редуттер жасап, оларға екі зеңбіректен қою керек, өйткені тау арасымен дүшпанды өткізбеуге мейлінше сенімді қорғаныс бола алады.

Тоғызыншы. Алға үсынылған шекара картасы мен қолда бар хабарларға қарағанда, Арғұннан Кяхтаға дейін барлық шекараның көп бөлігі таулармен қоршалған, оларда да осындай бекіністер жасап жатыр, мұнда үлкен қолы бар әскер қандай қиындықпен болсын ене алмайды, бұл жағдайда әскери командирлерге өтпелі жолдарды форпосттармен нығайту ғана қалады, олардың қауіпсіздігі үшін шағын бекеттер құру керек, ондайлар Ертіс және Сібір бойларында баршылық. Ал, жоғарыда айтылғандай, резервте тұрақты полктер үстау алдағы уақытта еніп кетуі мүмкін жат күштерді ығыстырып шығара алады. Ал разъездер үшін және жымысқы шабуылдардан қауіпсіздік үшін жеңіл әскерден тұратын бөлімшелер жасақтау, олар дүшпан еніп кеткен жағдайда уақыт жоғалтпай тез хабар бере алады.

Оныншы. Ал жалақымен, азық-түлікпен және басқаларымен жоғарыда аталған бір карабинерді, екі жаяу әскер полкін, бір обер-комендантты, екі комендантты және бір шекаралық батальонды қамтамасыз етуге келсек, жыл сайын жүз алпыс жеті мың тоғыз жүз тоғыз сом елу бір тиын қажет етіледі, онда келесі жылдан бастап кірістен жанбасы еңбекақысына, сол бас комиссариатқа қаржы бөліп және әскери қаржыға аударуға бүйрық болмас па еді, сол қаржымен қалған әскер де қамтамасыз етілетін болады.

Сол үш полктің құрылуына, атаулы жарлық бойынша Колывано-Воскресенский зауытынан бірінші жағдайға екі жүз мың сом бөлу белгіленсе де, қазір ақшалай тек сексен мың сом босатылды, ал қалғанын, бүйрық етілген жаңа сібір тиынын, ол зауыт өздерінде мыстың шектеулі қалуына орай, қиыншылыққа тап болып шығара алмайды. Мұндағы қажеттілік мынада, қаржы алынбаса құрылып жатқан істерде үзіліс болады, сондықтан қазіргі жағдайда сол жіберілген сексен мыңға, тағы жүз мың сом басқа бір жерлерден босатуға бүйрық етілсе болмай ма, олардан /24а/ артиллерияның аттандырылуы үшін талап етілген қаржы мөлшері – он мың сом және жоғарыда аталған комендант үйлерінің т.с.с. құрылысына – алты мың сом, ал қалғаны сол батальон мен полктің құры-

луына және олардың жөнелтілуіне пайдаланылады; бұл жүз мың сом қаржыны Әскери коллегияның диспозициясына беру керек.

Мәжіліс осы аса қажетті қаржыны (жүз мың сом) қарастыру үшін генерал-квартирмейстер князь Вяземскийді генерал-прокурор лауазымын атқарушы ретінде онымен кеңесу үшін шақыруды жөн көрді, аталған қаржы қандай-да болсын, мемлекеттік кірістен жоғарыда көрсетілген қажеттілік үшін босатылуы тиіс. Соның нәтижесінде аты аталған генерал-квартирмейстер князь Вяземский осы қазанның 2-сі күні болған жиналысқа нақты шақырылып, сонда жоғарыда көрсетілген қаржының – жүз мың сомның – қазіргі қажеттілік жағдайына орай босатылуы тиіс, нақты: Мәскеуде – елу бес мың және Екатеринбургте – қырық бес мың сом, егер тек Сіздің аса жоғары императорлық мәртебеңіз осыған келісіп, рұқсат етсе деп жариялады.

4. Одан ары қарай жиналыс біраз уақыттан бері қытайлықтармен арада болған келіспеушіліктер және олардың тарапынан күні бүгінге дейін көрсетілген әдепсіздіктері мен асқан өркөкіректіктері, сондай-ақ олардың бұл жақты қынжылысқа салған кейбір қастандықтары кейде сібір шекарасы бақылаусыз, ешбір қорғаныссыз дерлік жағдайда деген оймен жасалса да, олардың Ресеймен соғыс бастауға шынымен батылдыққа барулары үшін, бұл мәселедегі көптеген қолайсыздықтарға орай олардың көз жұмбайлықпен қарауларына түрмайтыны талқыланды. Алайда кездейсоқ жағдайлар үшін, сондай-ақ сақтық үшін қажет шараларды қабылдауымыз /24б/ керек. Бірақ сол уақытта, Сібір өлкесі тиісті қорғаныс жағдайына келтірілгенше, осы сақтықты нығайту үшін берілген пәрмен түрғысындағы әзірліктерімізбен қытайлықтарды шамдандырмас үшін, олар мүмкіндігінше, дабырасыз жасалуы тиіс, уақыты жеткенше оларға жылы шырай танытатын барлық мүмкіндіктерді барынша қолдануға тырысу керек.

Ал мұның алдында қытай тарапынан генерал-майор және Селенгинскі коменданты Якобийдің орнына бұл тараптан жоғары шенді басқа адам тағайындалсын деген бірнеше үнқатыс болды. Ал қазір ондағы өлкеде генерал-поручик Шпрингер жүр, осы жиналыс қазір сол генерал-поручикке сіздің императорлық мәртебеңіздің жарлығын жіберуді қажет деп тапты, Сіздің императорлық мәртебеңіз тарапынан оған, нақты айтқанда, Ресей империясы мен Қытай мемлекеті арасындағы мәңгі бейбіт трактатын, шекаралық тыныштықты бақылау жүктеліп және өзінің шекаралық басқармаға тағайындалғаны туралы қытай шекаралық басқармасына жазбаша білдіруі міндеттелсін, сондай-ақ осы сияқты қатынасты тең дәрежеде олардың тарапынан талап етеді. Дегенмен, олардың иеліктерді Зенгорскиймен арада бөлуі бойынша екі империя арасында бұрын-соңды

шекара болмағанын, алайда оған Ресейдің ешқандай дау білдірмегенін олардың алдына тарта отырып, енді қазір империялардың өз араларындағы кез келген әуре-сарсаң мен даудамайлардан екі жақтың бірдей құтылуы үшін, ол сіздің императорлық мәртебелі сарайыңыздан өзінің басқаруға аттандырылуы кезінде осы шекараны қайта бөлуге ықылас туғаны туралы нақты және атаулы бұйрықпен қытай жағын да құлақтандыруға пәрмен алды, сол арқылы олардың тату көршілік қатынас пен келісіміне демеу ете алар едік. Және де екіжақты бұл келісімге олардың тарапынан ықылас танытылып, бұл іске олардан комиссарлар тағайындалса, онда олардан хабар алынысымен, Ресей тарапынан да осыған теңдей әрекет дереу белгіленген болады. Осы жағдайда ол Кяхтада бұрынғыдай сауда-саттықты жүргізу туралы да биязы тілмен айта алады.

Жиналыс мұндай жарлықты генерал-поручик Шпрингерге қазір жөнелтуді мына себептерден дұрыс деп тапты: қытайлықтар аталмыш Шпрингердің шекарада бастық болып тағайындалуын өздеріне күрмет ретінде қабылдаулары күмәнсіз және өз тараптарынан оның бұл міндетке жауапкершілігін талап етіп, шекаралық іске қатысты бір нәрсе болса, оны бейжай, үнсіз қалдырмайды. Сонымен бірге, бұрынғыдай Кяхтадағы сауда-саттықты да қалпына келтірер және біраз уақытқа дейін тынышталып та қалар, сол кезде жағдайға қарай, тиісті қарарды қабылдауға болатын болар. /25б/ Егер де осы аса құзырлы үсыныс Сіздің жоғары императорлық мәртебеңіз тарапынан ресми мақұлдауға лайықты бағаланса, онда соған сәйкес, мұндағы тиісті жерлерге жарлықтар да солай хабарланады, қайда талап етілсе сонда жөнелтіледі*[4].

Санкт-Петербург, қазанның 4-і 1764 ж.

Осы бойынша түпнұсқаға қол қойғандар:
А. Вилбоа, Н. Панин, граф Захар Чернышев, граф Эрнст Миних, князь Александр Голицын, Ганс Веймарн, Адам Олсуфьев.

Шекаралық бас командир Шпрингердің [қатынас қағазы]

Оның қытай богдыханы ұлы мәртебесінің жарлығы бойынша тағайындалған моңғол шекаралық басқармасына хат

/27а/ Оның императорлық самодержавиелік бүкіл ресейлік мәртебесі, менің аса мейірбан тақсыр ханымым, аса жоғары мәртебелі еркімен мені осында шекаралық бас комендант етіп тағайындады, осылай анықтай келе дәл маған оның импера-

*4 Шеткі сызықтарда: Түпнұсқаға оның императорлық мәртебесі қолымен «Быть по сему» деп қойылған. Қазанның 19 күні 1764 ж.

торлық мәртебесі атынан Ресей империясы мен Қытай мемлекеті арасында орнаған мәңгі бейбіт трактатын, шекаралық тыныштықты бақылау жүктелді. Сөйтіп, мен, осы хатым арқылы достық ниетпен сізді жоғарыда атап өтілген оның императорлық мәртебесінің еркімен хабардар ете отырып, маған жүктелген жоғары мәртебелінің бүйрығын аяқ асты етпей, өз тарапымнан соның барлығына, екі мемлекеттің пайдасы мен тыныштығына және олардың бодандарына қатысты сәттіліктің орын алуы үшін бар күшімді салатынына Сізді сендіремін. Осыған қарама-қарсы, сіздің де тарапыңыздан, сондай-ақ, оның барлық боғдыханлық мәртебесімен тағайындалған шекара басқарушыларынан да осы іспеттес қатынас тең дәрежеде орайласатынына үміттенемін.

Осы жағдай үстінде Сізді тағы да достық ниетте хабардар етемін, қазіргі уақытқа дейін /27б/ Ресей империясы мен Қытай мемлекеті арасында нақты шекара әлі анықталған жоқ, иеліктерді Зенгорскиймен арада бөлуі бойынша, алайда оған Ресей ешқандай дау білдірген жоқ, енді қазір империялардың өз араларындағы кез келген әуре-сарсаң мен дау-дамайлардан екі жақ бірдей құтылуы үшін, сол арқылы тату көршілік қатынас пен келісімге қол жеткізе алар едік, мен оның императорлық мәртебелі сарайынан өзімнің осында аттануым кезінде сіз арқылы аса жоғары мәртебелі сарайымның осы жерлерде шекараны бөлуге ықыластылығы туралы боғдыхан патшаға хабардар етуге нақты және атаулы жарлық алдым. Және де екіжақты бұл келісімге боғдыхан патшасы тарапынан ықылас танытылып, бұл іске олардан комиссарлар тағайындалса, онда тең дәрежеде, Ресей тарапынан да ол туралы менен хабар алынысымен, комиссарлар белгіленген болады.

Сондай-ақ, мәңгі бейбітшілік трактысы күшіне сәйкес Кяхтадағы шекара жанында бірнеше жылдан кейін екі жоғарғы сарай бодандары арасында олардың ортақ пайдасы үшін саудасаттық жүргізуге болатыны маған мәлім. Ал менің осында келерімнің аз алдында Кяхтадағы сол сауда-саттық сіздердің тараптарыңыздан тоқтатылған және соның арқасында екі жақтың бодандары бүгінгі күні сол кезге дейін олар үшін тиімді болып келген /32а/ саудадан еш кінәсіз айырылып отыр. Ал мен өз тарапымнан көршілік татулық пен шекара тыныштығын қалайтындықтан, сол уақытта, шекара ісі ықыласты келісім арқасында тиісті жағдайға келтірілгенше, екі жақтың бодандары тыныштыққа масайрап, қаулы етілген қасиетті трактат рұқсатымен бұрынғысынша пайда көре берер ме еді деп ойлаймын, соған орай сіздің тарапыңыздан да осы тұрғыда тиісті ұмтылыс болады деп сенемін.

Және жоғарыда жазылғандардың барлығына сізден, менің дос-жарандарымнан, аса мәртебелі өз сарайыма жеткізу үшін достық хабар күтемін.

Сол үшін осы хат жөнелтілді. Сендіруге өз қолымды қойып, мөрмен растаймын:

Қаңтардың 8-і 1765 жыл. Ертіс линиясы Омбы бекінісі.
Иван Шпрингер.

Екатерина II-нің генерал-поручик Шпрингерге*[5] Жарлығы

/36а/ Сіздің өткен шілде айының 21 күнгі рапортыңыз мұнда, коллегияға тек осы жақын күндері сәтті алынды, оған қатысты Орынбордан тілмаш Арапов арқылы жіберілген хабарды алғаныңызға дейін, Абылай-сұлтанның біздің шекараларымызға шабуыл жасау ниеті туралы мәлімет түрғысында Сізге келесі түрдегі жауап айтылады.

Бұл халықтар сияқты, қазір сіздің оларға қарсы шекараны қорғауға және жабуға тұрақты әскеріңіз жеткілікті түрде бар, егер дұрыс пәрмен берген жағдайда, ол жай қорқынышты ғана емес, бұған Әскери коллегия, күмәнсіз сенім артады, Сіз, генерал-поручик мырза, кавалер, әрине, бұл сияқты жағдайлардың бәрін ойластырып қойдыңыз, бір тұрақты эскадрон зеңбірегімен зіркілдесе, оған қарсы тура алмайды, мұнда мәселе тек сізге сеніп тапсырылған әскердің, мүмкіндігінше жинақылықта және дұрыс жағдайда болуына байланысты, қырғыздар тарапынан кішкентай бір дүшпандық әрекеттің басталғаны білінсе болды, дереу өз қарауыңыз бойынша, тұрақты әскердің біраз бөлігін зеңбірегімен шығарып, олардың ондай жиынын сол сәтте таратып, /32б/ талқандау керек. Сөйтіп, оларды осыншалық батылдығы мен әдепсіздігі үшін, алдағы уақытта олар сізді мазалау түрмақ, тіпті оған батылдары бармас үшін лайықты жазалау керек.

Дегенмен, коллегия сіздің, келесі мәселені, Исет провинциясынан жүз жиырма адам башқұрттық жаңа команданы біраз уақытқа Пресногорьков бекінісіне бұрынғыларын ауыстыру үшін тораптағы башқұрттықтарға қалдыруыңызды ресми мақұлдап отыр. Онда да, егер сіз Уфа провинциясынан бұрынғы башқұрттарды ауыстыруға бес жүз адамнан тұратын команданың келген бойында, оны жалпы бұрынғы командамен аз мөлшерде торапта қалдырып және қай жерлерде қауіп бар, сонда орналастыруды ойласаңыз жөн болып шығады. Қауіп жоғалған кезде, мұншама көп мөлшерде олар сізге енді керек болмағанда, өз қарауыңызға қарай, қолдағы осы екі команданың ауыстыруға келгенін қалдырып, ал аналарды үйлеріне қайтарып, коллегияға хабардар етсеңіз.

Санкт-Петербург, 1769 жылғы қыркүйектің 8-і.
Граф *Захар Чернышев.*
Хатшы *Иван Петухов.*

*[5] Қазанның 24 күні 1769 жылы Омбыда алынды, № 1023.

II Екатеринаның генерал-поручик де'Колонгке*[6] Жарлығы

/36а/ Мұнымен бірге қалмақтар туралы қытай трибуналы іс парағынан жасалған аудармадан алынған осы көшірме өткен 1772 жылдың 9 наурызында олардың жаңа трибуналына жөнелтілгеннің осындағыларға жауабы ретінде және де сіздің тарапыңыздан күзетуге тапсырылған қырғыз-қайсақтардың Орта ордасымен көрші отырғандарды барлауда түсінігіңіздің болуы үшін, сондай-ақ бұлар опасыз қалмақтардың қазіргі тұрып жатқан мекенін талқылап-іздестіру кезінде олармен тікелей байланыста бола алатынынан хабардар болуыңыз үшін тіркелді. Ал сіздің Өскемен бекінісіне сол қалмақтардан қашып шыққан он адам туралы осы 1772 жылдың 10 шілдедегі және 30 қарашадағы рапортыңызға байланысты қарарда Сізге келесі мәселелер хабарланады.

Сібірде ол кірмелерді асырау, әсіресе, олардың өсіп-өнген шақтарында, алдағы күндерде, мүлдем қолайсыз болатын болар, бұл жайт кейбір тәсілдермен оларды Еділге, сонда қалған өз руластарына жөнелтуді керек етеді. Алайда бұл жағдайда, олардың ондағыларды бұзып, осындағы бодандықтағы соңғы қалмақтарды опасыздық жасауға, қашуға еліктіруі мүмкін деген негізді күмән да туындайды, тура алғашқыларынікі сияқты олардың да ойы араларында болған жоңғарларға ауған.

Осылайша, осындай шығып кеткен қалмақтар болмауы үшін және де алдағы уақытта шыққандарының Сібірде қалдырылған кезінде де ауыртпалық сізге, тағы басқа сондағы бастықтарға түседі, бұл өзінің хал-күйі мен жағдайы тұрғысынан өте жақын жерден бақылауды қажет етеді. Бастысы, қай жерде жүрсе де, зиян, залал келтіретіндей күйде болмасын. Сіз оларды жөнелтетіндей болсаңыз, онда алдағы уақытта Орынборға линиялар бойымен өткізіп, сондағы губернатор генерал-поручик Рейнсдорпқа жөнелтіңіз, жолға керекті азық-түлікпен қамтамасыз етіп, оларға өздерінің бұрынғы орындарына қайтып оралатындарын айтыңыз, ал генерал-губернаторға сонымен бірге олардың жауаптарының көшірмесінен хабардар етіңіз, мұндай көшірмелер бізге де үдайы жіберіліп тұруы тиіс. Орынборға жете салысымен губернатор өзіне берілген айрықша ғибрат бойынша оларға қатысты әрекет ететін болады. Және де осы жайт, жалпы барлығы туралы туралы жалғыз өзіңіздің хабардар болатын себебіңіз, қалмақтардан жаңа келімсек пайда болған жағдайда және олар ары қарай дереу жөнелтілмейтіндей болып жатса, сіз олардың ішінен сенімділері мен сенімсіздерін ажыратуға және олардың қатарында кейде қасақана аттандырылғандары табылмай ма деген назарыңыз аударыңыз. Және бұл туралы губернаторға оның

*[6] Тамыздың 11 күні 1773 жылы алынды, № 18.

өз пайдасы үшін хабарлаңыз. Дегенмен, қалмақтардың осындағы бодандыққа оралуға көңіл қоймаулары үшін, сіздің тарапыңыздан мұндай үйғарым өте күпиялықты қажет етеді.

Сізден алынған басқа мәліметтердің ішінде келген 30 қарашадағы жоғарыда айтылған он адамның біріне жүргізілген жауап алу жайының мұнда қалай қаралып жатқанына келсек, опасыз жаулар қолға түсірген капитан Дудин қазір қырғыздарда түтқында жатқан сияқты, ал бақытсыз халге тап болған ана офицер, оның императорлық мәртебесіне адамшылық жағынан да, әділдік бойынша да қызмет етуге лайықты, сондықтан оны қүтқаруға барлық мүмкіндік пайдаланылатындай болсын. Сол себепті сізге достық ниеттегі қырғыз-қайсақ старшиналарының көмегімен және оларға жеткілікті сый-сияпаттан уәде ете отырып, ол жөнінде, Дудин жөнінде, аса сенімді хабар алу жүктеледі, ал оның қайда, кімнің қолында екеніне көзіңіз жеткенде, шынында да, оны күнын төлеп сатып алу керек.

Санкт-Петербургте берілген, 1 шілде 1773 ж.

Оның императорлық мәртебесінің атаулы жарлығы бойынша.

Граф *Н. Панин.*
Князь *А. Голицын.*

Қытай трибуналы құжатынан аударма

Ұлы Тайцин мемлекетінің[*7] *сыртқы провинциялар басқармасы Трибуналынан Ресей сенатына жіберілген қағаз*

/38а/ Өткен жылы осы жақтан торғауыт Убашы және оның серіктестері туралы сіздерге жіберілген қағаз олардың өздерінің қоныстарымен, сондай-ақ өз еріктерімен осындағы бодандыққа кіргенінен сіздердің хабардар болуларыңыз үшін жазылған, сіздер өз қағаздарыңызда, біздің ұлы мемлекетіміз ол адамдарды қабылдауға тиісті емес және т.с.с. түрде деп жауап бересіздер.

Біз сіздердің сол қағаздарыңыз бойынша жағдайды аса жоғары, ұлы, қасиетті патшамызға баяндадық және оның ұлы мәртебесі келесі мәселелерді бүйыруға пәрмен берді:

«Ресейден жіберілген қағаздан мен бір әділетсіздікті көріп отырмын. Олар, ресейліктер, дәлелді сөздері қалмағандықтан, ешқандай негізсіз сөйлейді. Сіздер осы іс жөнінде оларға ақылға қонымды түсініктерді алға тартып, ретімен жауап беріңдер».

[*7] Яғни, Тайшин, нақтырақ: Тайдзин. Феодалдық Қытайдағы ресми атаулардың бірі.

Біз, осы пәрменді іждағаттықпен басшылыққа алып, сіздер жіберген қағазды қарадық. Сіздер, Тайшин мемлекеті қалмақтарды қабылдауға тиісті емес, қалмақ ханы-тайдзидің сіздерге шынайы берілгендікке ант еткенін, хан-тайдзидің Ресей мемлекетінің басқаруында табылатын барлық қалмақ адамдарының түрмыс-жайы туралы баршаға белгілі болуы тиіс екендігін және сұңғыла ақиқатқа бағынған әрі әділетті барлық мемлекеттер мен князьдіктерде өз иеліктеріне бөтен елдің бодан адамдарын қабылдау дәстүрде жоқ екенін, барлықтары әділдікті басшылыққа алып, бейбіт келісімді сақтайтындарын, мұның барлығынсыз жер жүзінде соғыстар мен ырық бермейтін майдан болатынын, адамдардың бүкіл ғасырлар бойы тыныштықта ғұмыр кешпейтіндерін жазасыздар.

/39а/ Сіздердің осы сөздеріңіз мүлдем орынды емес. Мысалы, сіздің Ресей мемлекетіңіз қазір Конкор мемлекетімен жыл сайын соғысады, енді міне, сіздердің әділеттілікті бұзып, бейбітшілікті сақтамағандарыңыз туралы ойлауға болады. Торғауыт ханы Убашы басқалар сияқты ғасырлар бойы өздерінше ерекше князьдік құрып келеді, сіздердің орыс заңынан өзгеше суаян*[8] заңын тұтынады, мүлдем сіздердің бодандарыңыз болған жоқ. Бірақ кейін, сіздерге Ресейге Жоңғариядан келгеннен кейін, бұрынғы бір уақыттарда оларды жақсы қамтамасыз еткендеріңіз көрініп тұр, ал кейін сіздердің мемлекеттеріңіздің оларды қамтамасыз етуге игіліктері болмай, оларды шегіне жетіп әлсіретіп, кедейленген күйге түсірді және де олардан алым-салық алдыңыздар, оларды соғысқа және қызмет етуге жөнелттіңіздер. Олар үшін бұл адам төзгісіз күй болды, бұл өмірден құтылу жолдарын іздестіруге мәжбүр болды, өздерімен /39б/ сонша мыңдаған халқын алып, асқан қиындықпен, қалжырап ұзақ жүрді, Іле ге қарай ұмтылды және жетіп, біздің аса жоғары, ұлы, қасиетті патшамызға құл болғылары келетіндерін білдірді. Осылайша, осындағы бодандыққа олар өз еріктерімен кірді.

Біздің аса жоғары, ұлы, қасиетті патшамыз – жер жүзіндегі бас мәртебелі патша, тек жаңды нәрсенің барлығына жәрдемдесіп, жағдайларын түзейді, өзіне бөтен иеліктердің адамдарын ешқашан күшпен алмайды, қалжырап, одан құтқаруды өтініп, құл болуға ниет етіп, бодандыққа өз еріктерімен келген адамдарды сыртқа теппейді, адамдарды еркін өмір сүру құқығынан айыруға пәрмен бермейді. Міне сондықтан да, Убашы адамдарымен арыз етіп келген кезде, аса жоғары, ұлы, қасиетті патшамыз рақымшылық танытты. /40а/ Сонда ол Іле дзянгюнюіне*[9] оларды қабылдап, бас тайдзилерді өзінің жазғы

*[8] Суаян, яғни сары, далай-ламин заңын осылай атайды (қолжазбаның шеткі сызықтарындағы ескерту).

*[9] Генералға (қолжазбаның шеткі сызықтарындағы ескерту). Анығырақ: цзян-цзюню.

сарайына әкелуге бұйрық етті, өзінің танытқан шапағатымен мейірленуге мүмкіндік беріп, оларға түрлі рақымшылық танытты және олардың барлығына көп күміс беріп, алдарына көптеген мал салып, олардың әрқашан игілікті өмір сүрулерін қалыпқа келтірді, бала-шағаларымен жақсы қоныстарға орналастырды.

Сіздер түсіністікпен қараңыздар, бұл адамдар, осындай арызбен келген кездерінде, қабылданбай қалса, оларға тек аштан өлуге тура келетін еді. Оларды аямастан, қалай кері итеруге болды? Сіздер, оларды босқа кедейшілікке әкелетін алым-салық, баж салығы және сол сияқтылармен тұқыртпай, азық-түлікпен қамтамасыз еткен болсаңыздар, олар тыныштық пен түсіністікте өмір сүруден қашпас еді? Қатын-баласын алып, азапты қиындыққа барып, алысқа кетулеріне, Ілеге қарай ұмтылуларына не мәжбүрледі? Енді қазір олардың арасында жүрген жылмақай қуларын азғырғандай сөйлейсіздер. Ойланыңыздар, адамдардың өте аз санын ғана азғыруға болады, ал олар бірнеше мың және де бала-шағаларымен. Қалайша бір-екі жылпостың сөзімен беталды әрекетке қашырып алысқа әкетуге болады?

Оның үстіне, сіздерге тағы айтар болсақ, тез арада қуып жету мүмкін емес болды ғой, егер де олар сіздерден Ресейден аз мөлшерде, бірақ бірнеше мың адам бала-шағаларымен қашып кетсе, қуып жетіп жібермей қоюға неге болмасқа? Сіздердің оларды әркез азықпен қамтамасыз ететін жағдайда болмағандарыңыз осыдан анық болып отыр, себебі олар қашқан кезде басқа иелікпен болып жатқан соғыстарыңызға байланысты, осы жағдайды шешуге сіздерде шама болған жоқ, көзбен көріп түрып, жібердіңіздер. Тағы да, олар кері қайтатын болады дейсіздер. Біздің үлы мәртебелі тақсырымыз оларға есепсіз рақымшылық көрсетті. Жолдан өтерде оларды хазақтар*[10] талан-таражыға салса да, қазір оның мейірбандығының арқасында молшылықта ғұмыр кешіп жатыр. Енді не үшін қайта сіздерге барады, өздеріне сіздерден ажал табуға ма? Бізден екі адам сіздерге аяқ басып көрсін, оларды сіздердің мемлекеттеріңізге жеткізбей ұстап аламыз. Ал сіздердің шекараларыңызға енсе, біз талап етпейміз: олардың керегі не?

Сіздер тағы былай дейсіздер: «біздің мемлекетіміз зады әділеттілікті басшылыққа алмайды, бейбіт бітімді сақтамайды». Қызармастан, аз да болса ұялмастан айттыңыздар. Шындығында бұл күлкілі емес пе? Сіздер, әділеттілік, бәріне ортақ құқық, бейбітшілік сақталмаған жағдайда, оның соңы соғысқа, ырыққа көнбес майданға ұласады және халық тыныштықта ғұмыр кешпейді деп жазасыздар. Бұл сөз ешнәрсеге

*[10] Яғни, *қазақтар*.

қажет емес, міне, сіздерге бола бейбітшілік бұзылайын деп тұр, бірақ біз көреміз, сіздер қалай арыз айтасыздар – соғысты қалайсыздар ма, бейбітшілікті ме.

Шерен мен Лоуджанджапқа қатысты келетін болсақ, олар Жоңғарияны біздің жаулап алған кезімізде сіздерге кетті. Шын, олар кінәлі адамдар, егер сол уақытта біздің әскерлеріміздің қолына түскенде, баяғыда-ақ қатаң жазаланатын еді. Ал қазір олар өз кінәларын мойындап, мұнда өздері мойынсұнып келді, мұндай айрықша адамдарды өлімге қиюға болмайды, олардың шынайы ниетіне үлы мәртебелі тақсырымыздың әрбір тірі мақұлыққа рақымшылық танытуымен ерекшеленетін мейірбандығы түсті, керісінше, алда, бодандыққа келгендерді әрекеті үшін айыптайтын болсақ, шетелдіктерден ешкім де бодандыққа мұнда келмейтін болады. Мұншалықты әділетсіздік сіздердің ресейліктер тарапынан болуы мүмкін, ал біздің үлы мемлекетіміз ешқашан олай етпейді. Сіздердің осы сөздеріңізге қарап, бұдан былай сіздерде шаруаларыңыздың қалай шешілетінін білуге болады.

Тағы да сіздер біздің бірде бір мұңғылымыздың сіздерге қабылданбағанын айтасыздар. Бұл туралы бір сыбыс шығуы мүмкін емес. Біздің төрт князьдіктен тұратын халхаларымыз, қырық тоғыз жасақтан*[11] тұратын мұңғылдар, бәрінен мәртебелі тақсырымыздың рақымымен қамтамасыз етілген, хандық және шонжарлық мәртебеге өсірілген. Хандар мен шонжарлардың әрқайсысының қол астында бодандары бар, молшылықта, рахатшылықта, қуанышты көңіл-күйде ғұмыр кешіп жатыр. Оларға, сіздердің түрғуттарыңызға, сіздердің жақтарыңызға баруға өздерін не себептен мәжбүрлейді? Олармен беттескенде табанды бола аласыздар ма, айтыңыздаршы? Айтатын ешнәрсе болмай қалғандықтан, өз сөздеріңізбен болмайтын нәрсеге жармасатындарыңыз көрініп тұр. Күтпеген жерден, жүз мың жыл өткеннен кейін екі мұңғыл сіздердің шекараларыңызға енсе, ашық айтыңыздаршы, қабылдар ма едіңіздер? Қазір еш негізсіз осындай дау көтересіздер, өздеріңіздің табандылықтарыңызды көрсетесіздер, алайда біз оны қуаттамаумен бірге, тағы сіздерді айыптаймыз*[12].

Сіздер, торғауыттар шығып кеткен кездерінде өздерімен бірге орыстарды алып кетті дейсіздер, ол аз болғандай, жүз елуге жақын адам болғанда, оларды сіздерге қайтаруды өтінесіздер. Бізге сіздердің арам ойларыңыз белгілі. Осынша адамды қалай қайтарамыз, Сіздер, торғауыттарды қайтармайтынымызды білгеннен, сіздердің адамдарыңызға жақсырақ бо-

---

*[11] Полктерде *(Қолжазбаның шеткі сызықтарындағы ескерту)*.

*[12] Сіздерге күле отырып *(Қолжазбаның шеткі сызықтарындағы ескерту)*.

лады деп ойлайсыздар ма*[13]. Бізге келген торғауыттар сіздердің Ресейден шығарда өздерімен бірге алып кеткен орыс адамдары туралы біздің трибуналымызға ешнәрсе (өздерімен бірге олар бар ма, жоқ па) хабарламады. Бізге ол туралы білуге неге болмасқа. Олар мұнда сіздердің адамдарыңызбен шықса да, олар жолда басқа қазақтар, қара қырғыз тарапынан олардан тартып алынған, басқалары науқастан қаза болған. Олардың арасында бірнешеуі қалса да, мұнда ол істі қайта қарайтын заң жоқ.

Біз өткен жылы торғауыт Убашы және оның серіктері туралы, олардың қалай біздің ұлы мемлекетімізге бодандыққа келгені туралы, хабардар болуларыңыз үшін қағаз жөнелттік, сары тышқан*[14] жылы болған сол уақыттан бастап, бұрынғыға керісінше, бізге мейлінше кішіпейілдік танытып, игі ниет көрсете бастағандарыңызға құрмет еттік. Біз онымен сіздерді бейбіт бітім тұрғысынан хабардар еттік. Және сіздер сенаттан, керісінше, бізге мұнда шынайылық пен әділеттілікті ұстанып, кішіпейілділікпен разылық білдіруге негізделген жауап жазуға тиісті едіңіздер, алайда қазір сіздер, өз ар-ұяттарыңызды жеңе алмай, ешбір әділеттілік жөнінде сөз қозғамайсыздар және де күр сөзбен болмас нәрсеге жармасасыздар. Соншалық ұялмайсыздар. Сіздердің орныңызға біз ұяламыз. Осы уақытқа дейін, сіздер, трактатқа қарама-қайшы тек бір ғана пайдакүнемдікті іздегендеріңіз себепті, біз жүргізілген сауданы тоқтаттық. Ал сары тышқан жылы сіздердің елдеріңізден бізге кішіпейілдік пен игі ниет тұрғысында бірнеше өтініш болды, осы уақытта біздің ұлы мәртебелі тақсырымыздың баяндауы бойынша, оның рақымшылығымен саудаға пәрмен берілді. Оған аз ғана уақыт өтті, ал сіздер тағы өз қағаздарыңызда асығыс түр танытасыздар, осыдан сіздердің бейбітшілікті бұзу ниеттеріңіз ғана білінбейді емес, түп-тура сауда мен көпестіктерді тоқтатуға ізденесіздер. Бұдан қандай пайда болмақ?

Сіздердің орныңызға біз ойланамыз.

Бірінші. Өз бет-пердеңізді жасыру үшін қажетінше сөзбен жуып-шаясыздар, шындығында, сіздерге айтатын еш нәрсе жоқ.

Екінші. Торғауыттар сіздердің кектеріңізді, солтүстік өлкеде соғысып жатқан жерлеріңізді жақсы біледі деп, біз соны пайдаланып, сіздерге күмәндана қарамауымызды ойлайсыздар.

Алайда сіздер олай ойламаңыздар, екі мемлекет сонша жыл бейбіт келісімде болған кезде, бірнеше қашқындардың келуімен бейбіт бітімді бұзатын салт мұнда жоқ. Біздің ұлы мәртебелі тақсырымыз тек кез келген мақұлыққа қалжырап

---

*[13] Соншалық ұят болмай ма *(Қолжазбаның шеткі сызықтарындағы ескерту)*.

*[14] Сары тышқан – яғни олардың күнтізбесі бойынша, 1768 жыл деп ойлаймын *(Қолжазбаның шеткі сызықтарындағы ескерту)*.

тозған сипатты емес, тыныш өмір сыйлауды ғана қалайды. Неліктен сіздер өз ойларыңызды уақытынан сонша ерте кезеніп, тағы да батыл үн қатып, ұят сөз айтасыздар? Не болса да, бейбіт келісім өте қажет, оны мәңгі сақтау керек, егер бұзғыларыңыз келсе, сіздердің еркіңіз, біз мүлдем сіздердің алдарыңыздан шықпаймыз.

Біз торғауыт Убашы және басқалары туралы және олардың осындағы бодандыққа енгенінен хабардар ету үшін трибуналдан сіздерге өткен жылдың жетінші айында қағаз жібердік. Ал сіздердің сенат, не істерлерін білмей, осы уақытқа дейін олай да, бұлай да ойланып, жауапқа әйтеуір өз қағаздарын жіберді, алайда онда ешқандай да әділеттілік жоқ, барлығы әдепсіз айтылған. Осылайша, айтыңыздаршы, істі жөндеуге бола ма? Біздің трибунал бұл жағынан сіздің сенатқа ұқсамайды: сіздердің қағазды алған бойда кешіктірмей, дереу жауап жіберді. Біздің осы қағазымызды сенатта алған соң, пайдалысы мен зияны туралы ойланыңыздар, бізге тезірек жауап жіберіңіздер, біз қалай үн қататындарыңызды көргіміз келеді.

Сол үшін көк тәңіріден*[15] жіберілген – 37-ші жыл, 8-ші ай, 1-күні.

Түпнұсқа аудармасынан оқыған актуарис
Антон Иванов.

Қытай Трибуналы қатынас қағазына берілген жауаптың көшірмесі

/46а/ Ұлы Азия елдерінің ұлы императорлық мәртебесіне, жеке дара билеп төстеуші патша ағзамға, боғды және қытай ханы жоғарғы министрлері мен мемлекеттік істі басқарушыларға, трибуналдағы шетелдік департамент басқарушыларына.

Сіздердің өз санауларыңыз бойынша 37-ші жылы, 8-ші ай, 1 күнгі жазған қағаздарыңызды алып, оның императорлық жоғары мәртебелі мемлекетінен, бүкілресейлік шексіз билігінен, біздің аса мейірбан патшамыздан қашқындық жасаушы қалмақтар жөніндегі іс туралы өздеріңізге ұсынылған біздің ойымыз бен пайымызды қабылдап, және оған жауап сөздеріңізде, оның көпшілік бөлігінде, осындағылардың ниетіне қарамастан, оны басқаша оймен теріс қабылдағандарыңызға өкінішпен қарадық, екі достық қатынастағы мемлекеттер арасындағы хат-хабар алысуда міндет етпейтін және күш танытпайтындай орын болуы керек.

Алайда біздің ар-ұятымыз және әділеттілік қосыла келіп,

*[15] Көк тәңірісінің ықпасымен таққа көтерілген хан атынан (*қолжазбаның шеткі сызықтарындағы ескерту*).

сіздердің біз туралы жақсы пікірде болуларыңызды қажет етеді. Сөйтіп, біз қағаздарыңызда қамтылған сіздердің жазғыруларыңызға өз ескертулерімізді білдіруді соншалық маңызды деп табамыз.

Сіздер, барлық жоғары мәдениетті мемлекеттер, аймақтар мен халықтар арасында әдеттегідей ғана емес, нық орнаған тәртіпте өзгенің боданын қабылдамауға және де иеленбеуге тиіс екенін айтасыздар. Онсыз әлемде жаппай соғыс болып, адамзатты қайғы басып, шексіз жайсыздық болар еді.

Бұл – негізгі шынайы бастаулардың және жалпыхалықтық құқықтардың бірі. Алайда сіздер, оған нағыз соғыс кейпін бересіздер, оны біздің империямыз жүргізіп отыр-мыс деп, бізді енді әділетсіздік тұрғысынан айыптайсыздар.

Соғыс – бұл кейде шарасыз, болмай қалмайтын жауыздық. Және де жоғарыда көрсетілген қағидаларды әділетті жақты пайымдауда басшылыққа алуға болады, өйткені ең қажетті түрде үнемі солай болуы тиіс.

Егер бағынышты адамдардың ақталуы, дәлелі тыңдалмаса, олар айыпталмайтын болса, онда өзара тең, арасы зор қашықтықпен бөлінгендер де тұтас империяға қатысты істе соғұрлым бір ғана бал ашумен жазықты бола алмайды.

Бұдан кейін, қалмақтар Ресейге келімсектер болды дегенді ескерте отырып, егер олар азық жетіспеушілігінен, алынатын салықтан жұтап, жорыққа пайдаланылып, ауыр шаруадан әлсіреп, шарасыздықтан кетіп қалуға мәжбүр болмаса, әрине, бізде мәңгі қалар еді деп жасаған бұрынғы өз тұжырымдарыңызды оған қосып қоясыздар. Ал оларды кейбір іштеріндегі азғырушылары жолдан тайдырды дегенге, бұл сияқты аулаққа қашуға келісілген әрекетке бірнеше мыңдаған адамды емес, тек аздаған адамды ғана қандай да бір айрықша нәрсеге үгіттеуге болады деп түйсініп сенім артпайсыздар, және сіздердің ойларыңызша, жүріп жатқан соғысқа бола, оларды үстап қалатын жағдайда болмағандаймыз. Және сол уақытта өз тараптарыңыздан барлық жағынан қанағаттандырылған, бәріне разы қалмақтар ешқашан бізге қайтып оралғылары келмейді деген үміттеріңізді жария етесіздер, сонымен біздің осы күткен жағдайымызға жауап берген боласыздар.

Шын, қалмақтар Ресейде келімсектер болды, бірақ осыдан жүз елу жыл бұрын. Демек, қазір қашып, опасыздық жасағандардың барлығы, осы жақтың тумасы еді және бұлтақсыз осы жақтың бодандары. Олар Ресей империясының державасында молшылықта, шегіне жетіп қалжырамай қалыпты түрды, ешқандай алым-салық төлеген жоқ, тек кейде қызметке жегілді. Алайда сіздердің бодандарыңыз да, әрине, мұндайда пайдаланылады және де барлық жерде бұл әдеттегі жайт. Біз, олардың өздерінің кейбір басқарушыларының бір қулық-сұмдықта-

ры мен арам ниеттеріне*[16], әрине, наразы болғандарын тағы да қайталаймыз. Бұл жағдай сіздерге соншалықты ақылға сыймайтындай көрінгенімен де, ол, бірақ, шындық. Қалмақ халқының өз еркіне билікті бергендей болғаны үкіметтің соншалық кеңпейілдігін ең жақсы түрде дәлелдесе, ал шынындығында да, шексіз мақтансүйгіштікпен осындай батылдыққа барғандар қашу ісін ойластырып, соны, билікті армандады.

Біз ешқашан қалмақтардың барлығын кері қайтарамыз, күтеміз деген сияқтыны мүлдем жазбағанымызды осы жерде ескертіп кеткен жөн. Әрине, оларға басқарушылары тарапынан жасалған қылмыс бүкіл тірі жанға лайықсыз нәрсе деп түсініледі, біз тек мұндағы империядан аулақтап кеткендеріне қалмақтардың өкінулері мүмкін екенін ғана айттық. Ал бұл пайым қасқүнемдік ойластыруда, жоғарыда айтылғандай, адам санының аз болғандығы, ал қалғандарын еріксіз мойынсұндырып, көпшілігінің туып-өскен жерлерін, туысқандарын тастап кетулеріне міндеттелді деуі тұрғысынан шындыққа жақын келеді,

Біз жүргізіп жатқан соғысымыздың себептерінен емес, шындығында, олардың өлкесінде әскердің болмауы себепті қалмақтарды опасыздық пен қашқындықтан үстап қала алмағанымызды мойындаймыз, ал түрған жерлерінде қорғаныс үшін әскерді олардың өздері құрды. Сондықтан да, олардың шын берілгендігіне сенгендіктен де, онда басқалай күш үстап түрудың қажеттілігі болмады, бұл олардың пайдасына, тиімділігіне негізделді, олар оны өмірде соншалық еркін түрде әрдәйім пайдалана алатын еді және шынында да ол мүмкіндікке де ие болды.

Ұзақ әрі қалжырататын ел кезулерден кейінгі олардың өлімтік халіне Сіздердің адамсүйгіш қалыптарыңыздың төзбейтініне біз келісеміз және осы негіздемемен жанкешті қашқындарға өз жерлеріңізден пана бердіңіздер, бірақ сол жай ғана сендіретін баяндауға қанағаттанбау керек қой, біз оларды формальды түрде сіздерге беруді ойластырсақ, бізге тікелей талаптармен ізет көрсеткілеріңіз келмеді. Ал опасыздарды ақтайтын пікір қосу және оларға нық сенім білдіру, үміт бергендей көрінү, өз тарапынан сіздің мемлекетке әр кез сыйластықпен қарайтын, ал өздеріңіз қадір түтатын мемлекеттің жанды жеріне тиісу болып табылады. Ақылға қонымсыз істен хабардар етіп, және де барлығын қабылдау үшін құқыққа ие болу керек, демек, түрлі топтағы, дәрежедегі адамдарды және жерді бір ғана өзінің билігімен иеленіп алу бүкіл жер жүзін өзіне бағынышты санаумен тең.

Сіздердің тараптарыңыздан қойылған мәселенің өзі, біз соғыспен келеміз бе деген, онда да бізді енді бейбітшілікті

*[16] Яғни, *қастандықтарына*.

бұзғысы келетін сияқты түрғысынан айыптау да, өз сөздеріңізде қамтылғандай, Ресей империясы үшін сіздердің нұсқауларыңыз бұлжымас қағида не жарғы ретінде қызмет ете алмайды. Алайда біз, бұған керісінше, мүлде бейбітшілік пен достық келісімді бұзған жоқпыз, бұзбаймыз да; көрші екі империя арасындағы достыққа орай, сіздердің тараптарыңыздан опасыз қалмақтарымыздың қылығын пайымдап сараптауда мүлдем басқаша әрекет күтуге себептеріміз болғанын айтамыз, сіздердің мақтанғаныңыздарға қарағанда, я, ең болмағанда, олардың сіздің бодандығыңызға қабылданғанын бізге осындай салқын пікірлеріңіз арқылы білуге тура келгені ме...

Өздеріңіздің қалмақтарға жасағаныңызға ұқсас әрекетті мүңғылдарға қолданғанымыз Сіздерге де жексұрындық болып көрінді. Егер де сіздерге қалмақтар емес, мүңғылдар, сіздердің бодандарыңыз қашып барса, не істер едіңіздер және біздің тарапымыздан қандай мейірбандық күтетін едіңіздер, мұндайда бізге тура жауап берместен, тек ондай ешқашан болуы мүмкін емес дейсіздер. Оған разы болмай, тағы күлкілі сұрақ жолдайсыздар, соған жауап беруді талап ете отырып, егер жүз мың жыл өткен соң бір не екі мүңғыл біздің шекарамызға енсе, шынымен оларды қабылдайсыздар ма деп. Біз өз дәуіріміздің алшақ уақыт туралы білмейміз, ал қазіргі туралы нық сеніммен айтамыз, ал біздің жағымызға қашып келген сіздердің бодандарыңыз, қазіргі трактаттың күшіне сәйкес көпшілік жағдайда кері қайтарылып отырды және бұл туралы білмеген бола қалмаңыздар, өздеріңіздің шекарадағы басқарушыларыңыздан сұраңыздар.

Қалай болғанда да, біз опасыз қалмақтар үстап әкеткен ресейліктерді кері қайтарудан сіздер бас тартады деп күтпедік. Осы түрғыда қайталанып отырған біздің талабымызды достық ниетпен қабылдаңыздар. Егер олардың қайтарылуы біздің атаққұмарлығымыздан сұралып отыр деп есептесеңіздер, өте қателесесіздер, мүлдем олай емес. Оның үстіне, көп мыңдап жоғалтқан халықтың орнын бірнеше ондықтарға айырбастау қылығын құрметтеуге бола ма? Бұл мәселеде өз отандарынан аулақтаған, өз туысқандарын көруге табандылық танытқан және ауыр кіріптарлыққа төзген олардың қазіргі күйінің елесі қатып қалған жүректі де селт еткізетіні түрғысындағы аяушылық пен адамгершілік ісі ғана бізді иландырады. Егер қалмақтардың сіздердің шекараларыңызға аяқ басқан кездерінде олардың көпшілігі қаза болып, өмірлері үзілсе де, қазіргі күнге дейін кейбіреулері олардың қолында қалулары мүмкін ғой. Егер сіздерге келген қалмақтар олар туралы айтпаса да, онда қазір сұрастыратын және соншалық әділетсіз олжаны олардың айуан азуларынан алып шығуға болатын жағдайдасыздар.

Соңында, сіздерде бұл істі қайта зерттеп, оған кірісуге заң

жоқ дейсіздер. Алайда, ең алдымен, ішкі сезімге негізделген табиғи заң барлық азаматтық заңдардың бастауы осының түжырымы ретінде Сіздерге қызмет етсін. Ал, екіншіден, қалмақтар қазір сіздерге бағынышты болып түрған кезде, екі мемлекеттің арасында жалғасып келе жатқан трактат сол бақытсыз адамдардың құтқарылуы мен қайта оралуына пәрмен етсін, анықтасын.

Өзара коммерция жөнінде де сіздер тағы да бүге-шігесіне дейін түсіндіріп, ол біздің тарапымыздан трактат қағидаларына қарсы тек бір ғана пайда іздеуіміздің салдарынан тоқтатылған сияқты және біздің өтінішіміз бойынша ашылғанын айтып, әйтеуір ескертусіз кетпедіңіздер. Ал біздің соңғы қағазымыздан біз тек бейбітшілікті бұзғымыз ғана келмейді емес, сонымен бірге сауда мен көпестерді тоқтатуға тура ізденіп түрғандай көрінеді екенбіз, осылайша оны өз бойында ешқандай әділеттілікті, іскерлікті қамтымаған қағаз деп тану сіздерге тиімді, алайда, сіздердің пікірлеріңізше, біз қалмақтардың сіздердің бодандықты қабылдағаны туралы берілген хабарламаға күрметпен әрі кішіпейілдікпен жауап беруге тиістіміз.

Өзара сауда, шындығында, жоңғарлықтардың аздаған адамына бас сауғалауға рұқсат бергеніміз үшін кек алу түрғысында сіздердің тараптарыңыздан тоқтатылды, бүрын олар сіздерге бағынышты болғандығына қарай. Ал қазір енді өздеріңіз достық маңыздырақ әрі қымбатырақ деп басқаша сөйлейсіздер, сонда ол қашқындарға бола бүзылатын болғаны ма... Бүл жағдайдағы біздің әрекетіміз тіптен де пайда іздеуді көздеген жоқ. Сіздер біздің опасыздарды қазір тіптен қайтарғыларыңыз келмейді, онда не үшін біз сіздерге бағынышты болмаған, ерікті әрі мөлшері жағынан салыстыруға да келмейтін өлім аузынан құтылған аз адамды қабылдай алмаймыз? Сіздердің тараптарыңыздан тоқтатылған сауданың өз өтініштеріміз бен ізденулеріміз негізінде бүрынғысынша ағынмен қарқын алуы туралы үсыныстарыңызбен келісіп, оны күптау бізге еш қиындық тудырмайды. Әрине, мүндағы бодандардың пайдасы айналымда, алайда тең дәрежеде*[17].....

*[17] Жазбаның соңы жоқ.

СІБІР КЕҢСЕСІНІҢ ЖАРЛЫҚТАРЫ

/3а/ № 3. Сібір губерниялық кеңсесінің 10 желтоқсан 1739 жылғы. (№ 10659) Жарлығы, Жоғарғы-Ертіс бекінісіне, қолбасшы, секунд-майор Нелюбов мырзаға, қырғыз-қайсақтардан алдын ала сақтану керек, өйткені Әбілқайыр ханның ордасында болған бір Орынбор казағы Измаил Обрязаков Жәнібек батырдың әскер жинап жатқанын хабарлады, алайда қайда барғысы келетінін ол, Обрязаков, біле алмапты. Мұны Сібір губерниялық кеңсесіне Исецк провинциялық кеңсесіндегі полковник әрі әскер басы Татищев Орынбор комиссиясы кеңсесінен генерал-лейтенант князь Урусовка жүктелген жарлықтан көшірме жасап хабарлаған.

* * *

№ 4. Сібір губерниялық кеңсесінің 11 желтоқсан 1739 жылғы. (№ 10646) Жарлығы, Жоғарғы-Ертіс бекінісіне, қолбасшы, секунд-майор Нелюбов мырзаға. Сібір губерниялық кеңсесіне Сібір жағының бас командасы полковник Арсеньевтің осы жылдың 19 қарашасындағы рапортынан белгілі болды, онда Уфа провинциалдық комиссиясынан 6 қарашада капитан Кубицкийдің 12 қарашадағы рапортында қазанның 11 күні оған Таинскіге Уфа уезі Ноғай жолындағы Телецк болысының екі башқұрты келіп, осыдан үш апта бұрын «ұлы жиын» болғанын, қалмақтар қырғыз-керейлердің мүлкін талан-таражға салғанын, енді қырғыздардың башқұрт шекарасына қашып жатқанын және көпшілігінің Ебеней көліне жеткені туралы хабарланған. «Оған қоса, олар, қырғыз-қазақтар, башқұрттармен бекер бітімге келмеді деп айтады». Содан кейін барлық командаларға, сібір және орынбор полктеріне және зауыт шекарасына қатаң талап қойылды, бекіністерде әзір түруға және де ешқандай кәсіпке шаруаларды өткізбеуге, бұратаналардың түрғынжайға енулеріне тыйым салу, сондай-ақ мешерлер мен Ноғай және Сібір жолдарының жасақ татарларын сақтандырып, Тобыл провинциясындағы шекаралық қалаларға: Таруға, Томскіге, Кузнецкіге және Краснояр мен Енисейдің әскер-басшыларына хабарлау сұралды.

* * *

№ 8. Сібір губерниялық кеңсесінің 15 желтоқсан 1739 жылғы. (№ 1089) Жарлығы, Жоғарғы-Ертіс бекінісіне, қолбасшы, секунд-майор Нелюбов мырзаға, император Орынборда сауда жасайтын көпестерге арналған 26 тамыздағы атаулы қаулысының негізін, оларды қызықтыру мақсатында Астраханда сауда жасайтындарға қарағанда он жыл әр сомнан үш тиын түсіріп сатуға рұқсат берілді.

* * *

№ 9. Сібір губерниялық кеңсесінің 12 қаңтар 1740 жылғы. (№ 302) Жарлығы, Ямышев бекінісіне, қолбасшы, секунд-майор Нелюбов мырзаға. Генерал-лейтенант князь Урусовтың өткен жылдың 12 желтоқсанындағы промемориясында полковник Татищевтің оған башқұрт Қазанбайдың Сібір жолының барлық болыстықтарының Қырғыз-қазақ ордасына кетуге жиналып жатқанын хабарлағаны жазылған; болыстықтар кетіпте қалды, оған бұрынғы жарлықтардың күші бойынша сақ болу тапсырылады.

* * *

№ 12. Сібір губерниялық кеңсесінің 25 қаңтар 1740 жылғы. (№ 743) Жарлығы, император және билік етуші Сенаттың 22 желтоқсан 1739 ж. Жарлығының күшіне сәйкес – алдағы уақытта қытайдың қазыналық сауда керуеніне рұқсат етпеу, қытайдың белгілі көпестері мен басқа да атақтыларын жинау керек.

* * *

№ 13. Сібір губерниялық кеңсесінің 24 қаңтар 1740 ж. Жарлығы, Ямышев бекінісіне, Нелюбовке. Оның император және билік етуші Сенаттың 22 желтоқсан 1739 ж. Жарлығының күшіне сәйкес –алдағы уақытта сібір шекарасында және Сібірде тыйым салынған тауарларды, нақты айтқанда: жүмсақ ескі-құсқы заттарды сатпау керек. Осында мәртебелі императордың жарлығы қосымша берілген, онда «Пекинде қазыналық керуенге қарсы қытай көпестері осындай тауарларды үш рет Ресей шекарасынан соңда апаратыны қазір бізге белгілі болды, одан біздің қазыналық саудамызға зор зиян мен шығын келеді» деп айтылған.

* * *

№ 15. Сібір губерниялық кеңсесінің 23 қаңтар 1740 ж. (№ 671) Жарлығы, Нелюбовке. Оның, Нелюбовтың, жеткізуі бойынша, бес үй, онда үлкен-кішісі бар жиырма алты адам, торғауыт жерінен шыққандарды күпия үстап, офицері бар қатаң күзетпен Өскемен бекінісіне апару, келгендерді орыстар мен

жат жерліктердің, әсіресе, жоңғарлықтардың білмеуі үшін берік әрі құпия ұстап, жауап алынсын, ал жауаптары шабарманнан жөнелтілсін.

* * *

№ 16. Сібір губерниялық кеңсесінің 17 қаңтар 1740 ж. Жарлығы (№ 510), Нелюбовке: жоңғар елшісі Аванбай және оның жанындағы адамдар мен бұхаралықтар не мылтық, не оқ-дәрі, не қорғасын және де басқа «қорықтағы» тауарларды алып келмеулері және ешкімнің оларға жоғарыда аталғандарды сатпаулары үшін және шеберлердің ешқайсысы оларға ешқандай осы түрғыдағы іскерліктен мәлімет беріп, үйретпеулері қатты тексерілсін, құпия сақталсын.

* * *

№ 30. Оның императорлық мәртебесінің өз қолымен қол қойылған 1739 ж. 19 қыркүйектегі Жарлығы, Сенатта 23 қазанда басылған, Сібір губерниялық кеңсесінің 29 қаңтар 1740 ж. Жарлығымен Сібірде жария етілген, ол бойынша қашқын драгундер, солдаттар, матростар мен рекруттер бес тәулік ішінде келіп көрінуі тиіс, сонда олардың кінәлары жойылып, ешқандай жазасыз бұрынғысынша қызмет етуге жіберіледі, ал осы мерзімге дейін келмегендер сол мерзімде және одан кейін де ұсталатын болады және де бұдан былай полктен, қазіргі жиынынан кім де кім қашатын болса, онда оларға аяушылық көрсетілмейтін болады. Жаза: не помещиктерден, не шаруалардан ешкім оларды өздерінде ұстап, жасырмасын, өйткені «сол қашқындар тарапынан зор қарақшылық, ұрлық пен кісі өлтіру, шіркеулік дау-шарлар орын алуда, осылайша, сол қашқындар ғана емес, көбінесе оларды жасырушылар, олардың помещиктері және барып тұрған қасқүнемдер, біздің адал бодандарымызды қайыршылыққа түсіреді, ал өздері өзін қашқындар сияқты ұстап, солай көрінуге итермелейді».

* * *

№ 33. Сібір губерниялық кеңсесінің 25 ақпан 1740 ж. (№ 1713) Жарлығы, Нелюбовке, Ямышев бекінісіне. Оның императорлық мәртебесінің кабинетінен 29 желтоқсан 1739 ж. беріліп, министр кабинетінде қол қойылған Жарлығының күшіне сәйкес, онда: Сібірде, Тобыл маңында осында жақын Верхняя Тура маңында көп мөлшерде бұландар болатыны мәлім болып отыр, ал Семей бекінісі маңында мүйіздері шиыршықталған ірі-ірі жабайы қошқарлар бар және басқа да осындағы иеліктерге жақын Қонтайшы жерлерінде жабайы жылқылар үшырасады, сонымен бірге жылқы құйрықты сиырлар да бар, осының алдында Сібірден сондай бір бұқа және бір сиыр жөнелтілген; осыны алған бойда тиісті қырағылық

күшейтілсін, қошқарлар мен басқаларын да ауласын және ең болмағанда үш есе артық төлесін; өлі бұландардың терілері сатып алынсын және барлығына қаржы қазынадан төленсін. Ұстап алынғандары астық өнімімен қоректенуге үйретілсін, сатып алу кезінде қой үшін он сом, жылқы мен сиырға — жиырма сомнан төленіп, оның императорлық мәртебесінің айуанханасына жылына алты хайуаннан, олардың патша ағзамның айуанханасында төлдеулері үшін еркектері мен үрғашыларынан жіберілсін. Сондықтан да оның императорлық мәртебесінің Сібір губерниялық кеңсесінен берілген жарлығында: Тобыл және Енисей провинцияларында, қалаларда және Самара мен Демьяновтағы орларды бітіру әскербасшыларына, қолбасшыларға және обер-офицерлерге аманат ретінде тапсырылды.

ПОЛКОВНИК ПАВЛУЦКИЙДІҢ АБЫЛАЙҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ

/5а/ Оның императорлық жоғары мәртебелі аса мейірбан патша ағзамның қол астындағы қырғыз-қайсақ Орта ордасының иесі, аса қадірлі Абылай-сұлтанға полковник Павлуцкийден.

Аса қадірлі Абылай сұлтан, Сіздің жағымды хатыңызды біздің Ресей елші казактары Василий Сальников пен оның серіктері арқылы алдым, ал басқаларын өзіңізден аттандырылған қайсақ Бекбердіден алдым.

Сіздің мәртебелі тақсыр генерал-майор Киндерманға деген екінші хатыңызды сол кезде салып жібердім және сіздің барлық қажеттіліктеріңіз туралы, өзіңіз маған жазуға және өтінуге тілек еткендеріңізді мен оның мәртебесіне мұқият жеткіздім және оған сенім білдіремін және аса қадірлі Сізге, аса мәртебеліден жауапкершіліктемін: сіздің түтқын адамдарыңыз, осындағы Ертіс бойындағы бекіністерде және Тар қаласында, т.б. болғандар жиналып алынып, осының алдында сізге жөнелтілді; қалған басқа түтқындар, оның ішінде Әлімбет батырдың туысқандары, алыс қалаларға апарып тасталды және мына қалған адамдардың жиыны және жылқы, түйелер мен үсақ-түйек туралы мәліметті білуді мәртебелі тақсыр тілек етті және алдағы уақытта іздеп табылатын болса, онда Сізге, мәртебелі тақсыр ақпарат жөнелтетін болады деп ойлаймын. Аса мәртебелі Абылай сұлтан, Сіз қайсақтардың мұндағы бекіністердегі саудасы мен нан сатып алуы туралы жазуды тілек еткен екенсіз, бұл тұрғыда мен Ертіс бойында тұратын мекендерде, тіпті Тарға дейін қызметтегі адамдардың қыстақтары бар және олар әкелінетін қазыналық нәндарға разы және де өзара сатуға да оларда аздаған мөлшері бар екенінен Сізді хабардар етемін; Сізге, жоғары мәртебелі сұлтанға айрықша қатысты, неден хабардар болуды тілек етсеңіз, қызмет етуге әзір екеніме сендіремін.

Және Сізге, жоғары мәртебелім, Сіздің иелігіңіздегі барлық қайсақтардың оның императорлық мәртебесінде бодандықта табылып, әркез адалдық қызметте болуларыңызды тілеймін, сол үшін сізге әрқашан тілектестік қалпымнан мызғымаймын. Қыркүйектің 29 күні 1745 жыл.

Түпнұсқаға қол қойды *Яков Павлуцкий.*

Түпнұсқа хат татар аудармасымен жіберілді.

Прапорщик *Григорий Шишкин.*

ПОДПОРУЧИК ЖӘНЕ АТАМАН ТЕЛЯТНИКОВТЫҢ ТАШКЕНИЯҒА ЖОРЫҒЫНЫҢ ЖУРНАЛЫ

(жолдар, орналасқан жер және басқалары сержант Безносиковтың суреттеуі бойынша)

Мамыр айы 1796 жыл

/66а/ 30 күні. Семияр форпостынан, ZW*[1] румб, Ертіс өзені арқылы өтіп, алғашқы ұсақ шоқыларға дейін жазық даламен жүріп, Штеин тауының жалаңаш тастарына кезіктік; шоқылар арасындағы жер сортаң түсті, сусыз, кейбір жерлерде құдықтар бар, орман жоқ. Ертістен 15 шақырым қашықтықтағы құдықтар маңында түнедік.

31 күні. Түнеген жерден ZW румб сол ұсақ шоқылармен, оның тастары сол таужынысы сияқты, жері сортаң түсті, сусыз, шөл дала, шоқылар арасында орман жоқ, далада түнедік (20 шақырым).

Маусым айы

1-күні. Осыдан ары ZW бағытымен жүрдік, жер жағдайы сортаңды, жорық ұсақ төбелер арқылы жалғасты (40 ш.).

2-сі. ZW румб, жорық шағын төбешіктер арқылы болды, сол қол жақтан үлкен биік тасты тау көрінеді, жердің топырағы сортаңды. Құдықтарда түнедік (45 ш.).

3-і. W к:37° румб, тағы да сондай шағын тасты шоқылар арқылы Түндік аталатын өзенге дейін жер біркелкі – қалып*[2], орман жоқ, осында (30 ш.) түнедік.

Бұл өзеннің Z -тен NO-ға қарай ағады, Бийқаш аталатын сортаңға құяды. Екі жағалауында да жер сортаң, ешқандай орман жоқ, бұл өзеннің бастау бигі Көкшетау тауында, осы өзеннің өз ағысы 200 шақырымға дейін жетеді.

Бұл жерлерде жазғы уақытта Абылай сұлтанның ұлы Тоқ сұлтанның иелігіндегі Тобықты болысы қоныстанады. Сол болыстың қырғыздары топ болып жиналып, бізді тонамақшы болды, бірақ оған батылдары бармай, жай тоқтатты, сондықтан олардың Ресейге шын берілген бодандығы міндеттемесіне орай Тоқ-сұлтанға, ауылға, Шыңғыс сұлтанның ауылына дейін қауіпсіздік үшін шығарып салуға өтінген хабар жіберуге

*[1] Қолжазбада W әрпі үү түрінде жазылған.

*[2] *жайпақтық, көлбеулік* деген мәнді білдіріп тұр.

мәжбүр болдық. Жіберілген адам біз атаған сұлтанды ауылдан таба алмапты, оның інісі Самы сұлтанда болып, қауіпсіздікпен қамтамасыз етіп, жөнелтіп салуларына өтініш білдіріпті. Бұған ол сұлтан өз ағасының еркінсіз ешнәрсе жасай алмайтынын айтып, жауап береді, алайда оның ауылдарында бізге қастандық жасалмауы үшін, өміріміз бен бостандығымызды сақтауға лайықты ақысын төлеп, шығарып салушы жалдауға мәжбүр болдық. Бізді сол болыстықта тоқтатқан жағдай туралы Семей бекіністерінің бірінен қырғызша сөйлеу тілін үйренген казак Бедрин арқылы бізден жоғары мәртебелі генерал-поручик кавалер Штрандманға хабарлама жасалды, келесі күні жалданылған жөн сілтеушімен жолға шықтық.

4-і. WO жорығы [Мұнда және бұдан ары бағыт W-дан О-ға сәйкестігінде беріледі] тау арқылы Түндікке қуятын өзенге қарай болды. Алқап жері сортаң, орман жоқ. Сол өзенге таяу жерде түнедік.

5-і. /67а/ WO жорығы тау және олардан аққан бұлақ арқылы өтті, олардың жанында, соңдай-ақ тау шатқалдарында, әр жерде қайынды орман кездеседі, аңғарлар мен беткейлерде шабындық шөп, егіншілікке жарамды қара топырақты жерлер бар (20 ш.).

6-сы. WO жорығы тау арасында орналасқан бұлақтар арқылы жүзеге асты, бұлақ бойындағы шөптер шабындыққа жарамды, шатқалдарда жартылай қайынды орман бар, жері – егіншілікке жарамды қара топырақты. Бұл жерде Тобықты болысының жартысы көшіп-қонып жүреді. Көл жанында түнедік (40 ш.).

Мұнда бізге қырғыз-қайсақтың Құрбан аталатын салттық мейрамын көрудің сәті түсті. Ол келесі түрде тойланады: ауыл ақсақалы белгі береді, содан кейін мал сояды, оның етін асып, барлық жиналғандарға ас береді. Ас кезінде ашытылған мал сүтін ішіп, одан мас болады. Содан кейін еркектер, соңдай-ақ әйелдер де, жақсы киінген жастар жүрдек аттарға мініп, кең жазыққа барып топтанып тұрады да, кез келген еркек және әйел атпен шабады. Ер адам әйелді қуып жетуі тиіс, қуып жеткен соң бір қолымен оның тұла бойына қол тигізуі керек. Әйел жеткізбей шауып кеткен жағдайда, ер адам күлкіге қалады.

7-сі. WO-ға жорық үсақ төбешіктер арқылы болды, олардың биіктігі 30 шақырым шамасында, Z-тен N-ға ағып жатқан бұлаққа дейін, ол бұлақ тау жанындағы Семізбұғы аталатын сортаңға құйылады. Жері сортаң, ZN-ға [Z-тен N-ға бағыты] қарай тау арасындағы шатқалдарда қайың ормандар бар. Бұлақ басында түнедік (35 ш.).

8-і. WO-ға жорық шағын таулар арқылы өтті, Семізбұғы аталатын тауға дейін таулы жерлер, тау арасындағы жерлер егіншілікке жарамды қара топырақты, кейбір жерлерде

қайың ормандар бар. Осы тауға жақын көлемді түщы көлдер көп, олардың жағасында шабындыққа жарамды шөп жеткілікті, таудан кейінгі маңайларда қайың ормандар көп. Көлге жақын жерде түнедік. Сол күні 47 шақырымға жорық жасалды.

9-ы. WO-ға жорық тау арқылы өтті, жол бойында қайың ормандары мен көктеректі тоғай жеткілікті, Нұраға құятын Қарасу өзеніне дейінгі жер егіншілікке жарамды; осы өзеннің екі жағасында да сортаң жеткілікті, бұл жерлерде жабайы ешкілер көп жүреді. Сол өзенде түнедік. Бұл күні 40 шақырымға жорық жасалды.

10-ы. KN 70°-ға жорық Ботақара аталатын тауға дейін шағын таулар арқылы өтті, Ботақара маңайында көлдер аз емес, оларда балық жеткілікті: шортан және мөңке балықтар; жол бойында орман жоқ, жер құмды әрі егіншілікке жарамайды. Көлден екі шақырым жерде NO-ға қарай шағын адырда – мыс кеніші, осы жерден өндеу жұмыстары тамаша көрінеді. Айтып өтілген таудың оң жағында Үлкен Нұраға құятын Кіші Нұра өзені ағып жатыр, ал ол көлге құяды. Өзеннің топырағы тасты, оның екі жағалауында шабындық бітік. Шыңғыс сұлтанның ауылына жақын жердегі өзен жанында түнедік, Бөкей сұлтан де сол жерде болды. Тоқтаған соң, сұлтанды өзіміздің келгеніміздең хабардар еттік. Бұл күні 35 шақырымға жорық болды.

11-і. Бөкей-сұлтан ауылдарына келдік – 10 ш.

12-сі. ZW-ға жалпы 25 ш. жүрдік.

Жорықты Нұра ағысының бойымен жалғастырдық, жайдақ жер, құмды, егіншілікке жарамсыз, орман жоқ, өзенде шортан, аққайран және мөңке балықтар бар.

Бұл күні біз Бөкей сұлтанмен айнала балалармен қоршалған киіз үйде кездестік.

Алғашқы көрген зардабымыз туралы сыпайылықпен айтып, жеделхатымызды ұсындық, онымен танысқанынан кейін сол негізде орындауын өтіндік. Бұған мынандай жауап алдық: бізге белгіленген жерге дейін Ресейге шын берілген бодандық міндеттілігіне орай бірге жүріп барып жөнелтуге өзін тиісті (міндетті) санайды. Алайда оның ауылдарынан Ташкентке дейін арақашықтық өте зор, сонда апаратын жол бойында қарақшы топ көп, алдағы қауіптен құтылу үшін ол шығарып салуға он адамға дейін жасақты мынандай шартпен белгіледі: осы адамдардың барлығына келесі түрде ақы төленеді: жерді және жолды білетін жөн сілтеушіге – 150, ал қалғандарына – 100 сомнан ақша төлеу, өйткені бұл адамдар Ташкенияға жол қауіпті әрі шалғай деп есептеп, егер олар қаза болып не бір бақытсыз жағдайға ұшыраса, олар жоғарыда жазылған ақы үшін құрбан болады. Мұндай жауап бізді қысылтаяңға қалдырды, бұл жағдайға жоғарыдан үкім болмағандықтан, ол ту-

ралы келісуге бата алмадық та, оған қайырлы түн тілеп, өз қосымызға кеттік.

13, 14, 15, 16-сы. Бұл күндері және төменде жазылған күндерде аты аталған сұлтанмен кездестік, оның соңғы шешімін сұрадық, алайда одан өткен күндерде айтылған жауапты алдық. Уақытымызды жоғалтып, қосқа қайтып оралып, бұл туралы жоғары мәртебелі Штрандманға хабар жеткізуді және Бөкей сұлтаннан өтінуді дұрыс деп таптық. Ақы алып [жөн сілтеуші үшін], онымен үш адамды бізбен жүрген казак қарауылдарынан жасақтап, Ресейге аттандырдық, өзіміз анық шешімді күтіп, аталған сұлтанның ауылдарында қалдық.

16 маусымнан 13 шілдеге дейін аты аталған сұлтанның ауылдарында болып, бір жерден басқасына, жоғарыда жазылған Нұра өзенінің жанына орын ауыстырдық. Жайдақ жер, құмды, шағын шоқы талдан басқа орман атаулы өзен бойында жоқ.

Шілде айы

11-і. NO 30° жорығы шағын төбешіктер арқылы өтті, жол бойындағы алқаптарда жер сортаң, үсақ тобылғы шоғыры мен шомырттан басқа орман жоқ. Қарасу аталатын көлге жақын тоқтадық (20 ш.).

13-і. Оның жоғары мәртебелі Штрандманнан қарар және Бөкей сұлтанға хат алдық, ол дәл осы күні табысталып, енді оның орындалуы талап етілді. Және де шығарып салуға оның үлдарының бірін өтіндік, бұған уәде берілді.

14, 15, 16, 17, 18-і. Белгіленген күндері біздің аттандыру жөніндегі талабымыз қойылды, ал сұлтан жағы түрлі сылтаулармен 17-не дейін кешеуілдетті. Сұлтан өз ұлын жібергісі келмеді, оған қарама-қайшы біз онсыз жорыққа бел шешпедік, оған, егер де қазіргі жағдайда біздің жағымызға пайдалы істі орындаудан бас тартса, онда бізден өзінің және балаларының пайдасына ешнәрсе күте алмайтынын ұсыныспен білдірдік.

Бұл ұсынысымыз күткен табысты әкелді. 17-сі барлық талаптарымыз қанағаттандырылды, сол уақытта жолға азық-түлік қамдадық, жолға жарамсыз үш атты ауыстырып, 19-ына даяр тұрдық.

19-ы. Оның жоғары мәртебесіне тиісті хабарды жеткізіп, бізбен ілесіп жүрген жасақтан үш казакты таңдап, Бөкей сұлтан үлдарының ішінен Есім-сұлтанды және бір жөн сілтеуші серіктес пен екі қырғызды жұмысшы ретінде алып, барлығы [енді жасақ тоғыз адамнан тұрды] тоғыз адам, жасаққа кері оралуды бұйырып, жолға шықтық; бірінші түнеген жеріміз Жауыр тауының жанында Нұра өзені болды (20 ш.).

20-сы. ZW жорығы Нұра өзенінің сол жағалауы бойымен

кішкентай төбешіктер арқылы өтті, жол бойындағы жер жайдақ, құмды, бұталардан басқа орман жоқ. Аталған өзен Үлкен Нұраға, ал ол Есен көліне құяды. Үлкен Нұра бойында да сол сияқты бұталардан басқа орман жоқ, оратын шөп бар. Нұраның оң жағалауында көлдің қасында түнедік. Бұл күні 35 шақырымға жорық болды.

21-і. ZW жорығы сол Нұраның ағысы бойымен өтті, жолда жер жайдақ, жолдың жартысында сол жақта Қоянды тауы, 37-ші шақырымда Нұра өзені NW-ға қарай ағыс алады, 45-ші шақырымда Қоржын аталатын шатқалға келдік. Оған жақын сайда ақық таужынысы бар, өте үсақ, еш нәрсеге пайдалануға жарамайды. Бұл күні 60 шақырымға жорық болды.

22-сі. ZW жорығы Қарасерке, Қараағаш шатқалдарына дейін, жол бойы жер сортаңды, оң жақта көп көктеректі, қайыңды және талды ормандар бар. Және де пішенге де шөп бар, түщы бұлақтар да жеткілікті*[3]. Осы жерге жақын түнедік. 55 шақырымға жорық болды.

23-і. ZW жорығы жоғарыда жазылған ормандар арқылы өтті, ол ормандар құрылысқа жарамды бола алады; біркелкі жағдайда орналасқан, құм бар, жорық Сарысуға – Жақсытолағай аталатын тауға қарсы өзенге құятын бұлаққа дейін болды. Жол бойында сортаң жеткілікті кездеседі. Мұнда Уәлиханның ағасы Мағал-сұлтанның иелігіндегі Тама болысы көшіп-қонады. Бұл күні 35 шақырымға жорық болды.

24-і. Бір күндік демалыс болды, күні бойы толассыз жаңбыр жауды.

25-і. ZW жорығы Сарысу өзеніне дейін, жер жағдайы жайдақ, жолда сортаң көп және жердің топырағы сортаңды, біздің жолымыздың екі жағында ZWF W және Сарысу Шумен бірге Сырдария жанындағы көлге құяды. Осы өзеннің ағысы бойында ешқандай орман жоқ, шабындыққа шөп бар, ондағы су ащы, тамақ пен қажеттілікке жарамды. Осы өзенде түнедік. Барлық жорық 40 шақырым болды.

26-сы. W жорығы, күннің бір жартысына дейін 30 шақырым, ал жартысынан – ZW – WO ащы көлдердің жанына, жайдақ жер, топырақ сапасы жоғарыда жазылғанмен бірдей, аздаған шомырдан басқа орман жоқ. Осы өзенге таяу жерде түнедік, барлық жорық 55 шақырым болды.

27-сі. Жорық күні бойы ZW болды, сол өзенге жуық, орналасқан жері мен жердің сапасы жоғарыда жазылғандай. Осы өзен маңында түнедік (55 ш.).

28-і. Жорық жарты күнге дейін ZW 30°, ал одан кейін ZW 70° болды, сол қол жақта темір кені бар желкекті бөктер, дегенмен, жердің орналасуы біркелкі. Осы өзен маңында түнедік (55 ш.).

---

*[3] Яғни, *көп*.

29-ы. Жорық жарты күнге дейін W жоғарыда жазылған өзеннің оң жағында тұрған Әулие-Мола шатқалына дейін болды. Сол жерде аталған өзенді тастап, ZO 20°ға бұрылдық. Жорық жоғары даламен жалғасты, жер топырақты, сортаңды, жусан мен баялыштың аздаған бұталарынан басқа ешқандай азық жоқ. Мұнда Қоңырат болысының екі қырғыз адамына жолықтық, олар біздің жол сілтеушімізді Сарысу өзені жанында осында қоныстанушы болыстар арасындағы келіспеушілікке байланысты жолды тастап, Қорым аталатын шатқалмен жүруге үгіттеді, соған дейін шығарып салуды мойындарына алды, бұл ұсынысты қабыл етіп, соларға ердік, далада түнедік (55 ш.).

30-ы. Жорық ZO 20°ға бағыт алды. Жорық жарты күн бойы жоғары даламен кейбір белгілермен*[4] өтті және де сортаң көп болды, далада аздаған орман — сексеуіл аталатын — бар, жарты күн жүргеннен кейін Коур аталатын құмға аяқ бастық. Құдық маңдарында түнедік. Бұл күнгі жорық 40 ш. болды.

Аталған сексеуіл орманының биіктігі 6 не 7 қадақ, бұтақтары жасыл, тікенекті, қарағайға ұқсас, бұл ағаштың жуандығы 2-ден 3 дюйм, өзі қатпарлылау, оның қабығы жас қарағайға келеді, отта үнемі жанады әрі қызулы, еш нәрсе жасауға жарамайды, көмірі шоқ болып үш күн жатады. Бұл жерлерде тасбақа аталатын аралық хайуан мекендейді, ол Ташкенттің өзіне дейін және одан ары қарай жалғасады*[5].

31-і. Жорық ZO 25° жарты күнге созылды, ал одан ары Z-ға ұласты. Жер жағдайы: ұсақ төбешіктер, құмды алқапты, жер топырақты, құм, орман жоқ. Бұл жерлерде жазғытұрым, кейде қыс уақытында Сосүн болыстары қоныстанады. Бұл құмдарда не ағып жатқан су, не көл жоқ. Кейбір жерлерде құдықтар бар, сол құдықтарға жақын аздаған қамыс бар, оларды өткінші жүргіншілер мен сауда керуендері түйелері мен аттарына азық етеді. Бұл күні жорық 35 шақырым болды.

Ташкенияға өтетін бұл құмдарда су мен азықтың тапшылығына орай аттар мен тағы да қалғандары әлсіреуге ұшырайды, құдықтардан суды қамдап алып, жылқы және түйелермен тасиды.

Тамыз айы

1-і. ZW 15° жорығы сондай құмды жерлермен құдыққа дейін, сол жерде түнедік (20 ш.).

2-сі. ZW 15° жорығы сол құмдармен. Құдықтар маңында түнедік (25 ш.).

---

*[4] Мәтінде солай.

*[5] Дұрысырағы: ұшырасады, кездесіп отырады.

3-і. Бұл күні құмды жер бітті. ZW 25° жорығы жарты күнге дейін болды, ал жартысынан кейін – ZW 75° Тамғалы шатқалына дейін, одан түщы су қайнары ағып шығады. Жол бойында жер құмды, сортаңдар өте көп, сондай-ақ көп жерлерде темірі бар үсақ төбешіктер жеткілікті, орман жоқ. Осы қайнарға таяу қазақтың аты жығылды.

4-і. ZW 10° жорығы жарты күнге айналды да, ал жарты күннен кейін – ZO дала арқылы өтті. Жер жағдайы мен жер қабаты бірдей. Сусыз далада түнедік (50 ш.).

5-і. ZO жорығы Шу өзеніне дейін, жер жағдайы жайдақ, сортаңды топырақ, өзенге жақын – сексеуіл орманы мен шеңгел – шомыр тектес. Бұл өзеннің сағасында көптеген көлдер бар, оның жағасы құмды, сортаңды жерлер көп, оның суы ащы, өзінің ағысы күтпеген жерден ZO-дан NW-ға сортаңдар арқылы өтеді. Ормандар жоқ, қамыс жеткілікті, өзенде үсақ балықтан басқа ешнәрсе жоқ. Соған жақын өткел бойында түнедік (35 ш.).

6-сы. Бұл күні түрлі жерлерде аталған өзен арқылы өттік, тіке ZW румб, өйткені оның жайылма суы көптеген көлдер жасаған, солар арқылы кешіп өттік, ал кейде экипажды жаяу тасыдық. Өзеннің топырағы құмды. Далаға өтетін жерде түнедік. Осы өзеннің жағасында көп жерлерде – 6 шақырымға дейін қамыс – құмдар (15 ш.).

7-сі. Жорық жарты күн бойы Қатынқұдық аталатын құдыққа дейін 15 шақырым, ал жарты күннен кейін ащы құдықтарға дейін ZO-ға осындай арақашықтық. Жер жағдайы – жайдақ, құмды, орман жоқ, он жақта таулар көрінеді. Осы құдықтардың жанында шаршаған аттарды тыныктырып, түнедік. Бұл күні жорық 30 шақырым болды.

8-і. /71б/ Жарты күн бойы жорық Қаратау аталатын тауға дейін 30 шақырым болды, оның жоталары N-нен ZW-ға қарай созылады. Таудан өзен ағып шығады, оның ағысы бойында орман бар: шоқы тал, жиде және шомырт. Тау қара түсті граниттен тұрады. Осы тауларға жорық кезінде қазынаның екі аты жығылды. Түстен кейін тауға ZO – 5 шақырым, ZOO – 10 шақырым жорық болды. Қайнардың жанында түнедік. Бұл күні 45 шақырым жорық жасадық.

9-ы. Түске дейін ZOO-ға 15 шақырым жорық жасалды, содан кейін ZO-ға таумен 15 шақырым, одан түскенде бірінің үстіңгі бетінде +, спой-инен*[6] табылды, содан кейін ZOO-ға 15 шақырым таулы жермен жүрдік, оның жықпылдары арасында қырғыз-қайсақтардың егістік аңыздары бар, онда бидай, арпа, ал жемістерден – қауын мен қарбыз себілген. Жер жағдайы таулы, тасты әрі тасы гранитке ұсақталған. Өзен жанында түнедік. Бұл күні 55 шақырым жорық жасадық.

---

*[6] Мұнда «сурьма» (лат. stibium, ♀) атауы шифрланғаны сөзсіз.

10-ы. ZO-ға 5 шақырым, ZOO-ға 10 шақырым Әулиеағаш шатқалына дейін жорық болды, тау және шатқалдар арқылы тауды астық. Бұлақ жанында түнедік. Оның жотасы көлденеңінен, тура түзумен созылған, 30 шақырымнан аспайды. Тау мен шатқалдарда қайың орманы, қарағай орманы және желекті орман; жеміс ағаштарынан: алма, алмұрт және жиде тоғайы бар. Тауда келесі аңдар мекендейді: барыс, аю, түлкі, қасқыр. Тас табиғатына қатыстыларға келсек, онда үлкен бөлігі гранит, порфир мен серпентин, мрамор; кен белгілерімен, үлкен таулардың арасында жүрістеріміз байқалмады. Бұл күні жорық 25 шақырым болды.

11-і. /72а/ Жоғарыда жазылған таулар маңына дейін жарты күн бойы ZOO-ға 35 шақырым, ал жарты күннен соң ZW-ға 20 шақырым Түркістан қаласына, қайсақтарша Әзіретке дейін жорық болды. Канал жанында түнедік.

12-сі. Келесі күні кезекшілік етіп, Болат ханның ұлы Түғүм сұлтанның қабылдауында болдық. Бұл сұлтанның өз қонысы тауда, Ертіс өзеніне жақын, өз болыстығымен Ресейдің қол астында және әркез біздің жақтың тілектестігін пайдаланады. Біздің келгенімізді ол тек жөн сілтеушіміз Есім-сұлтаннан білді, дереу, біздің қосымызға келіп, алғашқы әдептілікпен бізді өзіне кешкі аска шақырды, біз уәде еттік те, онда мүйіз әуенімен, оларша керней аталады, қала маңындағы елді мекенге келдік, баққа қойылған киіз шатырға еніп, кілемге жайғастық. Аталған сұлтан нені іздеп таба алса, соның бәрін көрдік*[7]. Содан кейін қожайынға алғыс айтып, өз қосымызға оралдық, ал таңертең тұрып, жолға шықтық.

13-і. ZOO-ға Иканем аталатын жерге дейін жарты күн жүрдік. Жер жағдайы тегіс, Қаратау тауларына қарай сол жақта Карнак аталатын қалашық көрінеді. Түркістаннан 10 шақырым жолда — бос қалған шағын бекініс. Иканға келіп, мүлдем азған әрі болдырған аттардың кесірінен тамыздың 13-нен 22-не дейін болдық.

Аталған Түркістан қаласы мен Икан жері туралы суреттеме жасауға болады. Түркістан қаласы мен Икан каналдар үстіндегі алқапта түр, оның маңында 5 шақырымға егістік және одан көп жерде бақтар, онда жеміс ағаштары өсіріледі: алма, алмұрт, өрік. Түркістан мен Иканда бидай, арпа, тары, ал жемістерден қауын мен қарбыз мол өнім береді.

Түркістан көне уақытта Алтын орда княздерінің улан-ғайыр астанасы болды. Түрлі уақыттарда көптеген қайғы-қасіретті бастан кешірді, қазірге дейін қиын жағдайда. Мұның алдында Ташкения иелерінің осы қалаға қатысты құқықтары болды, өздеріне қарасты аймақ ретінде санады және де қазіргі иесі де оны өзінікі есептейді. Алайда қырғыз-қайсақтардың Барақ,

*[7] Яғни, *бәрінің дәмін таттық.*

Сәмеке хандары түсынан бері қазір Түркістанды – Есім және Болат хандар билейді. Аталған билеушілердің байғүс түркістандықтарға жауыздығы өте зор... Хандар, бірінен бірі қызғанып, өзара келіспеушілікте болды, сондықтан олардың бірі Есім-хан Бұхара билеушісі Шасират-бектен*[8] қаланы өз қол астына алуын өтінді, ол бұл үсынысты қуана қабылдап, 20 адам әскер шенеуніктерден жіберді, олар қалаға келіп, қаланы еш қарсылықсыз және де маңайындағы жерлерді де бодандыққа алып, сол басқарып отыр. Есім өз қатесін түсініп, қауіпті жағдайда қалды.

Иканға дейінгі қарасты жерлерді Орта қырғыз-қайсақ ордасының сұлтаны Бөкей, Барақ-ханның үлы, салдырған болатын. Сол Бөкей, әкесі жаулап алған ташкендік үрпақтан 200 отбасына дейін жинап, олар иесіз түрлі қалалар мен жерлерде тұрған, олардың жүз шақтысын айтылған Иканға, ал қалғандарын Түркістанға орналастырды. Оның өзі тұрақты түрде Иканда болады. Тұрғындар егіншілікпен қоректенеді*[9] (күнелтеді), мал шаруашылығы оларда жоқ, мақта өнімі оларда мол шығады, солардан тоқылған киімдермен киінеді, ал артықтарын сатады.

Иканда сегіз күн болып, жолға шықтық.

22-сі. ZO жорығын жүрдік. Оң қол жақта – түшы көл, Қапакөл аталады. Жер жағдайы жайдақ, орман, шөп жоқ, құмды. Далада түнедік. Бұл күні 25 шақырым жүрдік.

23-і. Түске дейін ZO-дан 25 шақырым Z-ға құдыққа дейін 10 шақырым жүрдік. Жер жағдайы жайдақ. Түстен кейін NO 20 шақырым Арыс өзеніне дейін жүріп, сол жерде түнедік. Бұл күні 53 шақырым жүрдік.

Жер аздап еңіс, Арыс өзені Алатау жоталарынан ағып шығады, онымен басқа өзен қосылады да, бірігіп Сырдарияға құйылады. Жағалау бойында тал мен жиде, әр жерінде қамыс бар, ал қамыстарда қабандар мен барыс жеткілікті.

24-і. /736/ Аталған өзенді кешіп өтіп, одан бұрылып жарты күн бойы 25 шақырым ZO-ға өзенге дейін, ал ол жерден сол бағытпен 15 шақырым жүріп, сонда түнедік. Бұл күні 40 шақырым жүрдік.

Мұнда және Арыс өзені бойында – Үлкен орданың Үйсін болысының қонысы. Жері біртегіс, аздаған еңістігі бар, көптеген жерлерде шағын саз балшықтан бекіністер салынған, басқа болыстықтан дүшпандық шабуыл болған жағдайында, қайсақтар бала-шағасымен сонда тығылып, қарсы соққы жүргізеді.

25-і. ZO-ға түске дейін 40 шақырым үсақ таулар арасындағы бұлақтар арқылы, ал түстен кейін – ZOO-ға 20 шақы-

---

*[8] Анығы: *Шахмурад-бектен.*

*[9] Мәтінде солай берілген.

рым Санташ аталатын өзенге дейін жүрдік. Бұлақ басында түнедік. Бұл күні 60 шақырым жүрдік.

Жер жағдайы біртегіс емес, граниттен құралған таулы жер (алқаптарда көп табылды), ешқандай орман жоқ.

26-сы. ZO жорығын аталған өзен ағысы бойымен жүріп, 25 шақырым өтіп, тоқтадық та, Ташкентке, сондағы билеуші Жүніс ханды хабардар етуге жөнелттік (25 ш.).

27-сі. ZW-ға жарты күн 20 шақырым, ал түстен кейін ZW-ға 20 шақырым Ташкент қаласына дейін жүрдік. Жер жағдайы жайдақ, аздаған төбешіктері бар. Көп жерлерде өзен ағысы бойымен — қырғыз-қайсақ және ташкен егістіктері, Ташкенттен 10 шақырымда осы өзеннің W-ға айналымы бар және Сырдарияға құяды. Бұл күні 40 шақырым жүрдік.

28-і. Қала үстінен қарауылдадық.

29-ы. Қалаға қабылданып, аты аталған билеуші Жүніс ханға таныстырылдық.

/74а/ Онымен танысып, алғашқы күттықтау сөз бен жеделхатты үсыну үстінде, және оларды оқу барысында онда айтылғандарды жедел орындау өтінілгені белгілі болды, біздің Ташкентке келу жағдайымызға орай, менің жанымда жүрген адамдарыммен бірге маған хан тарапынан уәде етілген қажетті жәрдемді көрсету сұралады, соған сәйкес бір шенеунікке біздің келуімізге тағайындалған пәтерге дейін апарып салу бүйырылды, біз сонда жеткізілдік. Пәтерге жайғасып, аттарды аталмыш ханның меңгеруіндегі бақылауға беріп, шешім белгіленетін күнді күттік. Соңында ол күн де туды. Ханға кіргенде оның уәдесі туралы есіне салуды ұмытпадық, ол бір аптадан кейін бізді жөнелтетінінен хабардар етті. Алайда бұл үміт қалай тез тұтанса, солай тез жоғалды, бізді аттандыру туралы бұлтартпастан талап етсек те, хан шешімді түрде өзінің жоғары мәртебелі императордың рақымшылығын өтінуге нық ниет етіп, сол үшін Ұлыресейлік депутаттар сарайына кісі жөнелтетінін, онда бұл сапар да келесі көктемге қалатынан хабардар етті. Бұған біздің тарапымыздан жауап берілді, мұндай терминнің*[10] өте ұзақ екенін айтып, ханды райынан қайтаруға тырыссақ та, оған еш нәрсе ықпал ете алмады. Ақырында оның шешіміне мынандай шартпен келісуге мәжбүр болдық, сол уақыт бойы біздің ханның қарауында қамтамасыз етілуіміз тиіс деген және осылай болды.

Ташкентте болғанда біздің осы қаланың жағдайы, оның билеушілері, халқы, жалпы олардың өмір салты туралы, жердің құнары және оның қабатынан өнетін жемістер туралы, сондай-ақ осы қаланың бекіністері туралы мүмкіндігінше тыңғылықты түрде келесі тамаша нәрселерді жасауға уақытымыз болды.

---

*[10] Яғни, *мерзімнің*.

Ташкент қаласы бұрын Жинадих аталған, мейлінше кең-байтақ өлке, өзбектің Бұхар-ханының шабуылына дейін бір ғана билеушісі болды, ол жаулап алғаннан кейін, оның өз орнына қойған ізбасарының ығыстыруынан түрғындардың өз отандарын тастауларына тура келіп, сол маңайларға, біреу Бұхарияға, біреулер Қоқан және Хожан иеліктеріне кетті.

Ташкентті жаулап алушы Бұхар-хан мен оның ізбасары қазаға ұшырайды. Бұл ханның мирасқорлары келіспеушіліктен Ташкентті билеу құқығынан айырылды. Осы уақытта қала ақсақалдары да өзара тартысып жатты, олардың ішінен төртеуі қалаға ие болып, оны тең бөліктерге бөлді. Бұлай бөлінушілік қала түрғындарына көп жауыздық әкелді, соған орай халық аз-аздап маңайларға тарап кетті.

Бұл сияқты түрлі билік қырғыз-қайсақ ордаларының хандары Барақтың, Аймамбеттің*[11] және Сәмекенің Ташкенияға шабуыл жасау ниеттеріне түрткі болды, ол шабуыл жасалды да, онсыз да бұл иелік өзінің ішкі ымырасыздықтарының салдарынан әлсіреп қалған болатын, сондықтан да өз жауларына қарсылық білдіретін шамада болмады. Аталмыш хандардың бастаған ісі табысты аяқталды. Олардың ішінен Барақ Ташкентке және басқа жерлерге ие болды, ал қалған екеуі — Түркістанға, тағы төрт шағын қалаға иеленді де, оларды өзара бөлісіп алып және де осы жерлерді өздерінің түрақты орны етіп бекітті де, осында қайтыс болды.

Ташкентті жаулап алушы Бұхар-ханның өлімінен кейін, алғашқы азаматтар қаланы уақытша бөліктерге бөлді және әр билеуші атаққұмарлықтан өзінің қарсыласын*[12] биліктен тайдырып жіберуге тырысты, осыдан ішкі соғыс басталып, ол он жылдан аса уақытқа созылды. Мұндай алауыздық Үйсін болыстарының Ташкент және басқа да қалаларға шабуыл жасауларына түрткі болып, ер-азаматтарға қысымшылық жасап, егіс жұмыстарына жөнелулеріне мүмкіндік бермеді. Олар болса, қарқынмен бастаған өз істерінде өте сәттілікке жетіп, Шымкент, Сайрам және тағы бірнеше шағын жерлерді күшпен алды.

Бір жағынан, Қоқан билеушісі, әрі көрші, осы жағдайды пайдаланып, көптеген ұрыстарда жеті қалаға дейін күшпен алып, Шелек өзенін шекара етіп белгіледі.

Ташкения осындай жағдайда қалып, соның салдарынан және .....*[13] қалада күннен күнге халықтың саны төмендеп кетті.

Мұның барлығы оның қазіргі билеушісі Жүніс-ханның уақытына дейін болды. Бұл ханның әкесі, Улұ-қожа аталатын,

---

*[11] Дұрысы: *Әбілмәмбет.*

*[12] Яғни, *бақталасын.*

*[13] Қолжазбада бос қалған.

Ташкент билеушілері қатарынан еді. Ол өзінің төртінші ұлын, онымен болған келіспеушіліктерін зерделей келе әлі балаң шағында-ақ өзінен аулақтатып, бір сенімді, адал адамға табыстады, ол оны әкесі қаза болғанға дейін алыста тәрбиеледі, оның қайтыс болған кезінде оның жасы толып, [Жүніс] әкесінен өзіне тиісті үлесін алуға ниет етті. Ол қанша мүмкін болса, сонша шынайы берілген ташкенттіктер мен көшпелі қайсақтардан 40 адам жинап, қаланың жайын білмейтін*[14] адам тәрізденіп, оның үстіне жомарт әрі құдайға қараған адам көрініп, кейін қаланың өзінің әкесіне тиісті бөлігін талап етті де, оны алды. Қалаға аяқ басып кіргенде, алауыздық пен аталмыш билеушілердің әлсіздігін көріп, оларды тайдырып жіберуге ниет қылды және оны жасады да, аталмыш билеушілер Батсамабень*[15] мен Түран-қожа Жүсіптің бұл ниетін байқаса да, күштің басымдығына байланысты, бассауға іздеуге мәжбүр болды, олардың бірі қашып құтылды, ал қалғандары құпия түрде жаныштады.

Сөйтіп, бұл хан бүкіл қала үстінен қарайтын билікке иеленіп, алдыңғы қатарлы азаматтардан өзіне төрт адам таңдап, оларды туысқан деп түжырымдап, оларға қаланың бөліктерінен билік үсынды, өзіне бүкіл қала үстінен және оның маңайына билеп-төстеушілік құқығын қалдырды. Сол уақыттан бастап Ташкент ішкі тыныштыққа мәңгіге ие болды.

Қаланың ішкі тыныштығын нығайтып, ол қайсақ болыстарына қарсы қолына қару алды: Шанышқылы болысын көрші қожа билеушісі Хүдияр-бектің көмегімен бас игізіп, алым-салық салды, ал Үйсін болыстығымен көп үрысқа шығып, олардың бірінде хандарын өлтірді, алайда оларды қаруына бас игізе алмады. Шымкент және Сайрам қалалары олардың иелігінде қалып қойды. Қазіргі кезде шапқыншылық арқылы оларды әлсіретіп, киіз үй басы бір қойдан алым-салық төлетіп, қаруына бас игізді, мұнымен бірге Шымкент және Сайрам қалаларына үнемі билік ету құқығына иеленді, алайда бұл тыныштық ұзаққа созыла ма, беймәлім.

Түркістан қаласы, Қарнақ, Сауран, Сығанақ жерлері Ташкенияға қарасты болса да, Барақ, Әбілмәмбет және Сәмекенің шапқыншылығында күшпен алынып, қазіргі уақытта да сол хандардың мирасқорларына қалды, олардың үрпақтары бұл аймақтарда осы жерлерді мекен етеді. Түркістанда оны билеушілер осы Есім- және Болат-хандар. Бұл хандардың жауыздығы, осы қалада қалай билік ететіндері айтып кетуге тұрады, өйткені теңдессіз салынған алым-салық, оның үстінен тағы үздіксіз жұмыс халықтың мүлдем қалжырауына әкелді. Түрғындардың мойнындағы мұндай ауыртпалық, бірінің атал-

*[14] Яғни, *қаланың жайынан беймалім тәрізденіп көрінді.*
*[15] Есімі бұрмаланған.

мыш хандарға қарсы бас көтеруіне мәжбүр етті, алайда өз артынан наразылық тудырғаннан басқа, еш нәрсе істеп үлгере алмады, аулақтап кетуіне тура келді. Бұл билеушілерден Есімхан өзінің ортақтасы Болат-ханға жасырын түрде тіс қайрады, бірақ тиісті бөлігінен оны айырудың жолын таппады, осы қыста өзінің елшілері арқылы бұхар билеушісі Самратбектен қаланы толықтай еркіне қабылдау туралы өтініш жіберуге ниеттенді. Бек, бұл ұсынысты қуана қабылдап, дереу өзінен отыз адаммен шенеунік жіберді, олар қалаға келіп, Болат-ханды қаланы тастауға мәжбүрледі, алайда үлгере алмады, өйткені аталмыш хан осында қоныстанушы Қоңырат болысына хабар беріп, бүкарлықтардың зорлығын тоқтатты. Шенеунік әскер жіберуді талап етті, оған 300 әскер жіберілді де, олар қаланы да, сондай-ақ жақын жерлерді де алып, басқара бастады.

Есім-хан өз қатесін көріп, оны түзеткісі келді, елші арқылы Жүніс-ханнан қаланы қоршап алып, халықты биылғы жазғы егістен айырған Бұхаралықтар мен Қоңырат болысының зорлықтарынан құтқаруға өтініш етті. Алайда Жүніс-хан бүкарлықтарды қууға кіріседі қояр ма екен, Талугатбектің қарауына қарсы тұратын шамада емес.

Түркістаннан Ташкентке қарай 20 шақырымда Икан аталатын жер Барақтың үлы — Бөкей-сұлтанға қарайды, аталмыш Бөкей әкесінің өлімінен кейін Жүніс-ханнан өтініш арқылы 200 не одан да көп отбасы жинап, олардың жүз шақтысын жаңа жерге қоныстандырды да, ал қалғандарын Түркістанға орналастырды. Оның өзі тұрақты Иканда тұрады, бірақ Бұхараәскерінің аяқ басуына байланысты оны үзақ уақыт билей ала ма, ол беймәлім.

Ташкенттің қол астына жататын жерлерге келсек, оны Шымкент, Сайрам, Алтынтөбе жері, Қарабұлақ, Сараван*[16], Темір-қорған, Жаңа-қорған, Ниязбек және тағы аздаған шағын ауылдар құрайды. Шымкент, Сайрам қалалары мен алғашқы төрт жердің түрғындары жыл бойы ханға алым-салық төлейді, ал соңғы қалған жерлер, мысалы, Жаңа- және Ниязбек-қорғандарында әскери адамдар тұрады да, олар сол әскерилерді қамтамасыз етеді.

Ташкенттегі үйлердің саны сегіз мыңға дейін жетеді. Қайсақ болыстарынан басқа, Ташкенттің елді мекендерінде ер жыныстылар 15 мыңға есептеледі. Ташкент халқы дәрежеленіп*[17] бөлінбеген, оларда қожалар теңдей дәрежеде. Ташкент қаласының ішкі басқарылуы ауызша жүргізіледі, жазбаша жүргізу оларға беймәлім және барлық маңызды істер: кісі өлімі, үрлық пен қол астындағылар арасындағы керістерді хан

*[16] Яғни, *Сауран*.
*[17] Яғни, *дәрежесі бойынша*.

өзі шешеді. Кісі өлімі, үрлық өліммен жазаланады, қалғандары – тән жазасы және хан алатын ақшалай айыппен жазаланады. Саудаға дуанбек қарайды және ол ұсақ-түйек істерді соттайды. Неке істері қазынаға, діни шенеунік кабераққа бағынышты. Сондай-ақ рам*[18] (полиция түрі) да қарайды. Маңайдағы иеліктермен хат-хабар байланысы жоқ, ауызша жеткізіледі.

Жыл сайынғы хан кірісін мына нәрселер құрайды: оның қол астындағы қалашықтардан бөз және халаттар; қайсақ болыстарынан: Үйсін және Шанышқылыдан – мал, қала маңындағы ташкендіктерден: әр қайсысынан ақшалай, біркелкі емес; қырғыздардан – әр киіз үйден жыл сайын бір қойдан жиналады, оның ақшасы 30-дан 40 мың сомға дейін жетеді, алайда бұл қаржының барлығы әскерді қаруландыруға, маңайдағы иеліктерден келетін елшілерді қабылдауға, көрші билеушілерге сыйлыққа жұмсалады.

Бұл ханның теңге сарайы болса да, онда аздаған көлемде оның атынан бақыр ақшалар басылып, ақша айналымына түссе де, бұл ақшалар Ташкенттен ары айналымда жоқ. Ташкентте, сондай-ақ, жеке ханға тиісті оқ-дәрі зауыты бар, шығарылған оқ-дәрі соғыс жағдайына сақталады, оны шетке шығаруға, қорғасын сияқты тыйым салынған, ол үшін өлім жазасы тағайындалған. Қорғасынға қатысты келетін болсақ, онда оның аз бөлігі осында жатқан таулардан әкелінеді, аздаған бөлігі жыл сайын Түркістаннан алынады да, ол*[19] соғыс жағдайына сақталады. Мылтық және ескі мәнердегі шағын зеңбіректер жасайтын шеберлері бар, ол қарулармен бірінші өз әскерлерін және ізбасарларын жарақтандырады, соғыс уақытында олар жауға қарсы түйенің үстінен әрекет етеді.

Жалпы, бұл халық егін шаруашылығымен, саудамен және кәсіппен шұғылданады. Ташкентте күтняма аталатын жібек қамқалар, мата белбеулер, мақта бөздер, дабы тоқылады, халат және т.с.с. жасалады.

Өсімдіктерге қатысты келер болсақ, онда бидай, арпа, тары, қарақұмық, қара тары мен борай бидай мол өнім береді және сегіз пұттық біздің ширек және 40 ширек тұқым орақ мезгілінде жер өңдеушілерге жемісін төгеді. Тары жылына екі рет алынады және ол мол астық әкеледі.

Ташкенияда жемістен: жүзім, ірі және ұсақ өрік, алма, алмұрт мен қара өрік, анар, грек жаңғағы өседі. Қауын мен қарбыз аса мол.

Олардың әдет-ғұрыптары. Жалпы бұл халық күмісті тәуір көреді, тез сенгіш, алдампаздыққа және барлық жамандыққа

---

*[18] *Рам* – бұрмаланған сөз болуы күмансыз, *райс* – бастық (полиция бастығы) деп оқылуы тиіс.

*[19] Яғни, *қорғасын*.

үйір. Олардың әйелдері мен әйелзаты балалары атақтыларда гаремдік өмір кешеді, қалған кедей жағдайындағылары саудаға және басқа жерлерге беттерін түмшалап шығады. Мереке кездерінде көпшілік орындарда қыдырады, алайда барлық кезде жүздері жабық жүреді. Олардың күйеулері мен әкелері соншалықты қызғаншақ.

Ташкент маңайына қатысты: жарты күндік жерден соң олар Қоқанмен, батыста – Ходжентпен шектеседі; олардағы айрықша билеушілер: Қоқанда – Нүрбота, Ходжентте – Құдияр-бек өзбек үрпақтары; Қоқанға Маргелан, Наманган – көптеген қалалар мен т.б. шағын жерлер; Ходжентке – Уратөбе және бірнеше шағын жерлер қарайды.

Аталмыш қалалар кең байтақ, сауда және де түрлі кәсіптермен шұғылданады. Жалпы, бұл өлке: Бұхария, Ходжент, Қоқан, Ташкент және Қашғария өзара сауда жасайды, Бұхариядан, сол сияқты басқаларынан да, әрі Ташкенттен де сауда Үндістанға жөнелтіледі.

Мал шаруашылығы бұл халықта жоқ, жер өңдеумен шұғылданады, мақта түқымын себу, жібек өңдеу, мақта маталары мен жібек нәрселер жасау.

Ташкенттің ауа-райы жылы, қыс қаңтардан басталады да, ақпанға дейін болады, біз болғандағы қысты қала мекендеушілері ең ұзағы деп атады, ақпанның 16-сына дейін созылды, бірақ өте жылы, сондықтан түрғындар жалаң аяқ туфли киіп, бір шапанмен ғана жүрді. 16 ақпаннан көктем басталады. Қыс, көктем, күз мезгілдерінде ауа райы түнеріңкі, тұманды болады, оқтын-оқтын жаңбыр жауады, ал кейде нөсер жауады да, түрғындардың құрылысына зиян келтіреді.

Жер қабаты өте нығыз, жердің түрі құм түстес, жаңбыр оның нығыздығынан терең қабаттарына өте алмайды, сондықтан егіншілер оны пайдалы деп есептемейді. Жазда жаңбыр мүлдем болмайды, сол үшін түрғындар өздерінің барлық егістерін су жіберілген арық көмегімен суландырады, бұл шара келесі тәртіппен жүргізіледі: егіншілердің алқаптарын суғаруда өзара үнемі сақталатын кезектері бар, сол үшін барлық уақытта егістік басында табылады, бас арнадан егістіктерге су жібереді. Ал әр жыртылған жерде су 26 сағат тұрады, уақыты өткен соң су басқа алқаптарға бұрылады. Бүкіл жаз бойы бұл үш мәрте қайталанады. Суға қандырған соң, орақты күтеді, ол мезгіл еңбеккерлерді өнімімен жарылқайды.

Бидай, сондай-ақ мақта бітік шығады. Тарыны бір жазда екі рет жинайды, ол түрғындарға теңдессіз кіріс әкеледі. Жібек құрты да өз уақытында түрғындар еңбегін онымен теңдей ақтайды.

Ташкент маңайында қабандар өте көп, сондықтан үйірімен жортып, егістікті таптайды, әсіресе, тары егілген жерлерді тап-

тап, оны ашқарақтана жейді. Сондай-ақ, барыстар, қасқыр, түлкі және жабайы ешкілер де жүреді. Құстардан қаз, үйрек бар, аққу өте сирек, безгелдек, ал оларша – қырғауылдар бар, бұл құстар көп мөлшерде әрі жергілікті халық тарапынан құрмет етіледі, оның дәмі құрдыкі сияқты.

Ташкенттің билеушісі құстан бастап тазымен аң аулайтын әуесқой аңшы, сол үшін қыркүйектен бастап қаңтарға дейін барлық күнде аңға шығады. Бір уақытта біздің аңға шақырылған кезіміз болды, аңшылар 200 не одан да көп адамға дейін жиналады, осында әркім өз ептілігін көрсетуге тырысады, әр өлтірілген аң үшін хан ерекше көзге түскендеріне сый-сияпат жасайды, яғни жаңа халат (шапан) кигізеді.

Ташкент қаласының ішкі жағдайы үнемі болатын бүліншілікке ұшырап отырады, өйткені еркіндікке үйренген бұл халық мейлінше жүгенсіз, бас июді білмейді. Билік етуші хан барлық тәртіпсіздіктерді жоюға тырысады да, кішкентай қылмыс өлшеусіз ақшалай айыппен жазаланады; ауырлары, мәселен, ұрлық, кісі өлтіру және сол сияқтылар, жоғарыда жазылғандай, өліммен жазаланады, осыдан көптеген отбасылар басқа жерлерге аулақтанып, көрші иеліктерден бассауға іздеуге мәжбүр болады, сондықтан бұл иелік күннен күнге адам жағынан азайып, одан халық күші әлсіреп барады. Көрші иеліктер көбейіп отыр.

Ташкенттің маңайында металл, сондай-ақ қара тасты, порфир, жентек тас және басқа тау жыныстары бар, қойнауы соншалық бай, алайда біздің Ташкентте қысымшылық та болған жағдайымызда, одан ары барлауға мүмкіндік болмады.

Ташкент тұрғындары тарапынан жақтырмаушылық қатынасты аңғарып, Ташкент қабырғасынан алыс шығуға еркіндігіміз болмады, бірнеше рет осы түрғыда өтініш болса да, ол қабылданбады.

/79а/ Көктем де шықты, өзіміздің жолға аттануымыз жөнінде үнемі талап етуден танбадық, алайда ол күннен күнге кейінге қалдырыла берді. Соңында білдік, Үлкен орда Үйсіндерінің күшті болысы Ташкент ханына алым-салық төлеуден бас тартыпты, керуендер мен өткінші жүргіншілер өтетін барлық жолдар алынып, олардың кейбіреулері ұсталып, талан-таражға салынған. Осындай жағдайлар біздің сапарымызды маусым айына дейін тоқтатып, соңында сол болыстықпен бітім жасалынып, кепілдікке аттестат қалдырылды.

1797 ЖЫЛҒЫ ҚАЙТАРДАҒЫ ЖОРЫҚ

Маусым айы

1-і. Ташкент билеушісімен қоштасып, жоғарыда жазылған депутаттармен және сол серіктестерімізбен, Бөкей-сұлтанның ұлы Есіммен жалпы*[20] біз қаладан аттанып кеттік. N — O — W-ға жол жүрдік. Түнедік (6 ш.).

2 және 3-і. N — O — W-ға жолын жүрдік, Ташкенттен Келес өзеніне дейін (10 ш.) даламен жүрдік, мұнда біздің артымыздағы келесі сауда адамдарын күтіп тоқтадық, олар жиналып, кешке NW жорығына Қарабұлаққа дейін 15 ш. шықтық, құдықтарға жақын жерде түнедік (40 ш.).

4-і. Жорық түске дейін NW-ға бұлақтарға дейін болды. Жер жағдайы: үсақ таулар, оларда гранитті тау жыныстары бар, түстен кейін біртегіс даламен жүрдік. Далада түнедік (35 ш.).

5-і. Жорық NO-ға Бадам өзеніне дейін болды, осы бағыт бойымен, сол жерде түнедік. Жер жағдайы біртегіс,құмайт жер. Жорық 30ш. болды.

6-сы. NO-ға 20 шақырым Арыс өзеніне дейін, содан кейін N-ға 10 шақырым жол жүрдік, осы арақашықтықта Будар өзені құйылады, мұнда түске дейін тоқтап, сол бағытпен Қорған жанындағы өткелге қарай жүрдік. WNW-ға Бончун құдығы жанына жол жүрдік те, Бүгүншаян өзенінде тоқтадық. Жол 15 ш. болды.

7-сі. Осы бағытпен өзенге жақын 10 шақырым жүрдік, мұнда ол көлге құяды, көлдің сол жақ жағалауымен өтіп, сол жерден астық, соның жағасында түнедік (30 ш.).

8-і. Сол өзеннің жанында осы бағытпен жүрдік. Жорық 5 ш. болды.

9-ы. Сол өзеннің жанында осы бағытпен жүрдік (10 ш.).

10-ы. Жорық N-ға Икан жеріне дейін жалғасты. Мұнда Қоңырат болысынан Аусар-би келді, Қоңырат болысының қонысын ауыстыруды қолға алды. Икан қайнарында түнедік (27 ш.).

11-і. Қаратау тауына аяқ бастық. N-ға 10 шақырым бұлақ жақын және тауда 10 шақырым жүрдік; бұлақ осы таулардан ағады. Бұл тау жоталары гранит тау жынысынан, кейбір жерлерінде порфир, түрлі жентек тас бар. Жорық 10 ш. болды.

12-сі. Жолды осы таулармен .... шақырымға жалғастырдық, кешке қарай О-ға 5 шақырым тау біткенге дейін жүрдік. Ол аяқталған соң, оған жақын бұлақ басында түнедік, осында жоғарыда аталмыш қырғыз байы Аусар бізді өз ауылына шақырды. Алайда біз оның бұл ұсынысынан бас тарттық.

---

*[20] Яғни, *бірге*.

Осы қайсақ Троицкі бекінісінде оның туған ағасын біздің сауда адамдарымызды тонағаны үшін ұстап, сол кезде қаза болған жағдайда бізді ұстауға ниет етіп, өлімге қимақ болды. Алайда оның әрекеті жүзеге аспады, бір күн өткен соң біздің қосымызға таңдаулы адамдарымен келсе де, бізді ұстауда өзінің ыза кегін түрлі жолмен көрсетті, бірақ үлгере алмады.

13-і. NW-ға 5 шақырым Манжан*[21] тауы жанымен жүрдік, осы құмды жота жанында, даламен 10 ш. жүрдік.

14-і. Созаққа дейін NNW-ға 20 ш. жүрдік.

15-і. Біз соған жақын тоқтадық; Қоңырат болысының сұлтаны Қарабаш 30 адам қарулы қырғыздармен біздің қосымызға келіп, барлық керуеннен бүйырып сыйлық талап етті, егер оны алмаса, тонайтындарын айтып, қауіп төндірді. Ташкендіктер, табиғатынан жасқаншақ ел, олар оған аз мөлшерде темекі және басқа нәрселер беруге мәжбүр болды, басында орындағылары келмеді, бірақ талап айтылған кезде, олар қабыл етті, ал біз сол уақытта жолға аяқ бастық. Жорығымызды жалғастыра келіп, бос далада тоқтадық. Осында түнде қырғыздар ташкендіктердің аттарын айдап кетті, алайда бұл жүзеге аспады, олар қуып жеткен соң, аттар қайтарылды. Жорық 15 ш. болды.

16-сы. Жолды Қаратау тауын ойға ала отырып, NNW-ға даламен жалғастырдық. Сусыз әрі құмды далада түнедік (25 ш.).

17-сі. N-ға жорық болды, Шу өзеніне келдік, ол арқылы біз сияқты бүкіл керуен де қамыстан дайындалған салмен өтті де, өзен жағасында түнедік (25 ш.).

18-і. N-ға жолымызды жалғастырып, 12 шақырым құдыққа дейін жүрдік.

19-ы. Казаннан*[22] бірінші күні осы жерден NNWN-ға жол жүрдік. Далада қысқа үзіліс жасадық (25 ш.).

Жорық түске дейін N-ға Шеңгелді бұлақтарына дейін болды (35 ш.).

20-сы. Түстен кейін N-ға сусыз даламен Саванға*[23] жүріп, мұнда өткен жылы болғанбыз. Тау суы құдығының қасында түнедік (20 ш.).

21-і. Сусыз даламен жүріп, сортаңда түнедік. Жорық 15 ш. болды.

22-сі. NNO-ға жорық, құмды жермен жүрдік. Қызылқұдық құдығына жақын түнедік. Бұл күні жорық 45 ш. болды.

---

*[21] *Манжан* — бұрмаланған, сөзіне қарағанда, Мынжылқы — Қаратау жотасы шыңдарының бірі.

*[22] *Казан* — шамасы, Шу өзенінің оңтүстігіне қарай орналасқан Қазаншай сайы айтылып тұрған сияқты.

*[23] *Саванга* — бұрмаланған соз, тәрізі, Табан-Құдық, Кендірліктен алыс емес.

23-і. NO-ға жүрдік, онда Құдайменде сұлтан тұрады, төленгіт жіберіп, керуеннен сыйлық талап етті (20 ш.).

Содан кейін NNO-ға сортаң арқылы 15 шақырым жүрдік. Далада түнедік (35 ш.).

24-і. Коуртобулы аталатын NNO-ға аяғына дейін жүрдік (45 ш.).

25-і. NNO-ға Бозғақ көліне дейін жүрдік, онда тозыңқы*[24] тауы бар, су болмайды (30 ш.).

26-сы. Осы бағыт бойымен сол жерге қарсы сол қол жақта – Қаракөл көлі, түстен кейін NNO-ға 15 шақырым жүрдік, мұнда сол жақта – Боскөл көлі (30 ш.).

27 – 28-і. Осы бағыт бойымен Бұталыадырға дейін – 20 шақырым O-ға, Ұрғуат-Сарысуға дейін NO-ға – 20 шақырым, барлығы 40 шақырым жүрдік.

29-ы. N-ға 25 шақырым көлге дейін жүрдік, оның жанындағы таудан бұлақ ағып жатыр, осы жерден NO-ға – құдыққа дейін (25 ш.).

30-ы. NO-ға Керданлы – Құлан Өтпес құдықтарына және сол қол жақта NNO-ға – көл жүрдік, барлығы 40 шақырым.

/81а/ **Шілде айы**

1-і. NO-ға 25 шақырым Көрпетау шатқалына қарай жүрдік, Нұра өзенінің жартысына дейін өтіп, Бала-Құндыздыға дейін жеттік. 40 шақырым жол жүрдік.

2-і. NO-ға 4 шақырым, N-ға 15 шақырым Бекағаш-Құндызды өзеніне дейін жүрдік, ол Нұраға құяды (30 ш.).

3-і. N-ға 15 шақырым сол Құндызды аталатын өзенге дейін, содан кейін N-ға 13 шақырым Балықтыкөл көліне дейін жүрдік, содан Бөкей-сұлтан аулын да таптық.

4, 5, 6, 7-і. Бөкей ауылдарымен бірге көштік.

8, 9, 10-ы. Кезекшілік еттік.

11-і. ZO-ға 4 шақырым Қаражал-Қарасу өзеніне дейін жүрдік. Жорық 20 ш. болды.

12, 13-і. Кезекшілік еттік, Ташкенттен керуен келіп, Петропавловск бекінісіне аттанды.

14-і. NNO-ға Ямакульмияс тауы арқылы жүрдік.

15-і. Осы бағыт бойынша Якшинияс шатқалына дейін жүрдік, олар солға қарай қалды. Жер жағдайы жайдақ және қайың орманды, содан кейін NNO Шерментау тауы жанындағы Қызылағаш сайына дейін жүрдік. Жорық 20 ш. болды.

16-сы. NNO-ға 15 шақырым Улендук өзеніне дейін жүрдік, ол өз бастауын Сеимен тауынан алады. Осы жерде қайсақ болысы Байбөрі-Қаракесек тұрады (20 ш.).

17-сі. Осында сол болыстықтың басталатын жерінде

*[24] Яғни, *желге қағылған.*

түстендік. Түстен кейін О-ға 4 шақырым жүрдік. Жорық 10 ш. болды. Осы жерде тау артта қалды.

18-і. Таза даламен жүрдік, румб NO-ға 20 шақырым Шадырлы өзеніне дейін, оның шыңы осында, осы жерден өткен жылы Ташкентке аттанғанбыз, NO-ға өзеннің жанында, 20 шақырым жүрдік. Барлығы 40 ш. болды.

19-ы. NNO-ға 20 шақырым, өзенге жақын NNO-ға 20 шақырым жүрдік. Барлығы 40 ш. болды.

20-сы. О-ға 20 шақырым құдыққа дейін, NO-ға сортаңды көлге дейін жүрдік, барлығы 20 ш.

21-і. NNO-ға 15 шақырым сортаңға дейін, олар сол жағымызда қалды, содан кейін N-ға 20 шақырым, барлығы 40 шақырым.

22-сі. ONO-ға құдықтарға дейін 8 шақырым, ал содан кейін 7 ш. құдықтарға дейін жүрдік. Барлығы 15 шақырым болды.

23-і. NNO-ға 10 шақырым, содан кейін Z 10 шақырым Коряковский форпостына дейін жүрдік. Осында келіп, Ертіс арқылы өтіп, жоғары мәртебелі Штрандманға хабарлама жасадық, жол заттары мен аттарды қайтарып, Омбыға аттандық.

ЖЕРГІЛІКТІ САУДАНЫҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ БҰҚТЫРМА КОМЕНДАНТЫНЫҢ РАПОРТЫ*[1]

/55а/ 1803 жылғы бұқтырма кеденінің негізін салу кезінде бұл жер су қатынасына қолайлылығы жағынан қытай саудасы үшін таптырмас жер бола алады деген ой болған, алайда 1808 жылы коммерция жөніндегі кеңесші Батыс Сібірдің бас басқармасы ретінде шақырылған Нерпин, Қытайға*[2] приказчик Бурханэтдин Раимбакы Ремелмен керуен жарақтандырып болғанша, барлық нәтижелер қанағаттанарлықсыз болды. Коменданттың хабарламасы бойынша, бұл сауда астыртын жүргізілген, біздің көпестеріміз Қытайға қырғыз сұлтандарының приказчиктері түрінде өткен. 1815 жылдан бастап бұл саудагерлердің орыс бодандары екені белгілі болып қалса да, қытайлықтар бұған түсіністікпен қарайды және де екі үкіметтің өзара келісімі жағдайында тіпті тікелей сауданың орнағанын да қалар еді.

Керуен жолы туралы

Бұқтырма бекінісінен Шәуешек қаласына екі жол бар: бірі – Ертіс және Нор-Зайсан арқылы сумен, содан кейін Тарбағатай жоталарымен Шәуешекке. Тарбағатай арқылы өту жүк тиеген түйелер мен аттар үшін қолайлы. Арақашықтық, шамамен, (көлден қалаға дейін) 200 шақырым. Жолда қытай карауылдары сай бойларында: Шөрге, Қызылеспе*[3] (قزل ايسپه), Котанчи (Тарбағатайдың өзінде) өзендерінде, Қараүңгір өзені жанында.

Су жолы Краснояр өзенінен күйылатын Ертістің сағасын-

---

*[1] *Құжаттың толық атауы келесі түрде*: Рапорт бухтарминского коменданта полковника Шевина от 15 сентября 1825 г. № 561 на запрос Омского областного начальника Бривого о состоянии местной торговли и о путях в Китай.

*[2] *Осыған қарсы шеткі сызықтарда белгі қойылған*: Мұнда сауда ісінің алғашқы басталуы, яғни 1808 жылдан.

*[3] Географиялық атаулар бұрмаланған, бірақ Ш. Уәлиханов қолымен түзетілген. Ол Қызылеспенің арабша жазылуын өзі келтірген.

да өскен қамыспен өткенде кейбір қолайсыздықтарды тудырады. Барлық керуендер жүретін басқа жол Бұқтырма бекінісінен тіке далаға, Баты қарауылына кетеді. Чугуға дейінгі арақашықтық 420 шақырымға есептеледі. Жолдағы қытай пикеттері Баты, Балықөл көлінде, Бұрқан өзенінде, Жүзағаш, Базар, Тарбағатай, Улалы өзенінде (Имиль өзеніне құяды) және Шәуешекте.

/55б/ Шәуешектен Құлжаға дейін — 90 (?). Жол бойында жатқан қарауылдар: Маяты, Шаған-тоғай, Алакөл көлі, Шолқа-Қарағай өзені, Бөротала, Қанжығалыбұлақ, Талқы, Сарыбұлақ және Қызылқайың.

Шәуешек пен Құлжада сауданы ташкендіктер, татарлар және шетелдік қырғыздар жүргізеді. Алғашқылары әртүрлі Ресей өнімдерін, соңғылары жылқы, ірі қара мен қой сатады. Шәуешекте сауда жасап жүрген қытайлықтармен олардың шенеуніктерінің бақылауынсыз жай айырбас жасайды; Құлжада барлық Ресей тауарлары керуеннің келген бойында дереу қазынаға канфа, фанза, дабының жақсы сорттарына, иілгіш қағаздарға және байха, кірпіш шайларға айырбастауға алынады.

* * *

Қаржы министрлігі 15 қыркүйек 1824 жылы Батыс Сібірдің генерал-губернаторына Сібір өлкесінің онда Азияның түрлі халықтарымен сауда байланыстарын ұйымдастыруға және бұрын тек Кяхтыда ғана болған қытай айырбас саудасының таралуына және Тибетке, сондай-ақ барлық ғасырларда сауданың басты орны есептелген Үндістанға жол ашуға және түрлі азиат елдерімен жақындасуға, мұнда еуропа халықтары қаржы жетіспеушілігінен еш жағдайда бізбен бәсекелесе алмайтынын көптен бері ерекше назар аударып келе жатқаны туралы жазды. Мұның барлығы өте жіті қарауды қажет етеді, алайда мемлекеттің шалғай елдер туралы оң мәліметтері болмағандықтан, болса да олар түрлі уақыттарда ұсынылған, қандай да бір бекем жүйе құруға жеткіліксіз, сондықтан Батыс Сібір генерал-губернаторынан барлық жергілікті мәселелерді саралап, азиат саудасын қазіргі жетіспеушіліктерін жөндеп қана қоймай, оны мығым, гүлденген әрі тиімді жағдайдағы жолға қою тәсілдерін қарастыруды өтінеді.

1803 жылғы бұқтырма келенін құру кезінде бұл жер уақыт өте келе қытай және үнді саудасына танымал бола алуы мүмкін деген ой болған. Мәліметтерді негізге ала отырып: бірінші, Қытай империясының Батыс өлкесінде ташкендіктердің Ресей өнімдерімен саудасы және Семей мен Өскемен бекіністерінен оларға керуендер жөнелту туралы; екінші, қытайлықтардың Бұқтырмада және шекарада бізбен бейбіт сауда айналымын жүргізетіні, шамасы, тікелей сауда-

ның тиімділігін сезетін болар және үшінші, соңында Кяхтадағы сауда айырбасы мың шақырымға созылып жатқан құмды дала Гобиге байланысты қиындық тудыратыны, ал Батыс провинциясы саудасы Кяхтаға дейін мүлдем жетпейтіні — қытай айырбас саудасы үшін жаңа пункт ашу туралы ойлауға мәжбүрледі, атап айтқанда: Ертіс өзені арқылы су қатынасына айрықша қолайлы болып табылатын Бұқтырмада. Сол уақытта Сібір торабын басқарушы генерал-майор Лавровтың біздің көпестік Қытаймен Шәуешекте жаңа сауда аша алатыны туралы хабарламасы расталса да, сонымен бірге оның қырғыз сұлтандарының араласуынсыз жүргізілуі мүмкін еместігі, олар біздің керуендерімізді өздерінің қорғанысына қабылдап, көпес приказчиктерін өз адамдары деп жариялайды да, тек осы арқылы сауда айырбасын қауіпсіз жүргізуге мүмкіндік беретіні анықталды. Бұқтырма барлық жағынан саудаға ыңғайлы орын ретінде танылған жоқ, оған керісінше, ташкендіктердің таулы жолдардан қашып, Семей, тіпті Петропавл бекіністерін тәуір көретіні аңғарылған. Осы хабарламалардың негіздемесінде 1804 жылдың жартысында тәжірибе үшін аудармашы Безносиков жанында қырғыз сұлтандарының біріне тиісті аталған Қытайдың Батыс провинциясына керуен аттандырылды. Керуенге Шәуешекке, Құлжаға Ақсуға дейін бару бұйырылған болатын, алайда олар Шәуешекке соқпай, тіке жолмен Құлжаға жеткен. 1804 жылдан 1810 жылға дейін сауданың таралуына байланысты жаңа тәжірибелер қолға алынған жоқ, бұған Қытайдағы біздің сәтсіз елшілігіміз себепкер болды. Глазенап сібір торабы басқармасында сөйлеген сөзі арқылы азиат саудасының қалпына келтіріліп, өркендеуі тұрғысында аса табандылық көрсетті. Ол екі рет тарскі гильдиясының көпесі Нерпинді тауармен Шәуешек пен Құлжаға приказчик жөнелтуге иіктірді. 1810 жылы керуен Бұқтырмадан қырғыз сұлтанының атымен шықты. Мұның нәтижесі туралы хабар мынандай болды: қытайлықтар керуеннің орыстарға тиісті екенін білсе де, бұған түсіністікпен қарайды, тіпті тікелей қарым-қатынасты қалайды деген. Соның салдарынан Қытайға біздің көпестігіміздің саудаға қырғыз сұлтандарының делдалдығынсыз жүргізілуі мүмкін болмаса, онда кяхтылық саудамен теңесуі тұрғысынан рұқсат алуына үміттенген ниетте жаңа елші жөнелту туралы жорамал жасалған болатын.

Сол жылы Қоқан билеушісіне Орта орда сұлтандарының бірінің ұлы оны Ресеймен сауда қарым-қатынасында болуға үгіттеу үшін жіберілген болатын. Хан ұсынысты қабылдады. Генерал-лейтенант Глазенап жоғары мәртебелі рақымшылығымен елшілерді сарайға жөнелтті. Осы жағдайды пайдаланып, көпес Свешнев Қоқанға жөнелтілетін алғашқы керуенді едәуір сомаға жабдықтады. Қоқан елшілерінің Санкт-Петерборға келген бойында, жоғары мәртебелінің Қоқанда сауда ашу туралы

үкімі шықты. Керуендерді қабылдау және жөнелту пункті болып Петропавл бекінісі мен Коряковский*[4] форпосты белгіленді. Елшілерді аттандыру кезінде өз бетімен олармен бірге Петропавл бекінісінен басқа керуен еріп шықты. Бұл табыстармен тоқтап қалмай, генерал-лейтенант Глазенап Ресейге тиімді сауда құру мүмкіндіктері туралы, бір жағынан орталық қала Ақсу арқылы Шәуешектен және Құлжадан, екінші жағынан Қашғардан, Тибет және Қоқаннан, Бұхара және Кашмирмен, мәліметтер жинады. 1811 жылы осы мақсатта Семейден Ақсуға керуен жөнелтуді ұсынды, бұған атақты саудагерлерді көндірді: ташкент старшинасы Мірқұрбан Ниязовты және қазан татары Әбділғазы Омаровты (Ғұмаровты), 110 мың сомамен. Осы уақытта бұқтырма айырбас саудасы да күшейді де, қытайлықтардың өздері осы жерге келе бастады. 1811 жылы Бұқтырмада 160 мың сомға тауар айырбасталған. 1813 жылы тамызда Глазенап мырзаның қамқорлығымен Семейден 321 мың сомның тауарымен Ақсу қаласына және Қашғарға жаңа жолмен аударmашы Бубеновпен, қара қырғыздардың жерлері арқылы керуен аттандырылды. Бұл орданың ақсақалы Ресей пайдасына мойынсұнып, керуенді шығарып салуға және баж салығын алмауға міндеттенді; достық пейіліне сендіру үшін Сібір торабы бастығына өз үлдарын жіберді, олар сауда жасауды қалайтындарын, керуендерді Қашғардың өзіне дейін шығарып салатындарын ауызша хабарлады да, оларды жоғары мәртебелі сарайына жеткізуді өтінді. Соңғы тілектері қабылданбады, елшілер капитан шенін және қылыш алды. Керуен Қашғардан 1814 жылы сәуірде қайтып оралды және миллион сомға рауғаш, шай, дабы, жібек, қамқа, сирек кездесетін азиат өнімдерінен құралған тауар әкелді.

*[4] Қазіргі Павлодар.

МАМЕДИЯРОВТЫҢ ЖОЛЖАЗБАЛАРЫ*[1]


	/4а/ Жүрілген жолдың маршруттары	Түнеген және аялдаған жерлер жөніндегі ескертпелер
1, 2 наурыз	Кривая степь редутінен	Тегіс дала
3 »	Аршалы сайы	
4 »	Дастарбасы	
5 »	Солонешко (Сортаңды) Сарықасқа	
6 »	Үшқара сайы	
7 »	Едірей және Қызытау сайлары арасында	Бұл сай-шатқалдар бойында су мол, жайылым
8 »	Чжамағұл-Шоқы сайы*[2]	оты мен орман-тоғай
9 »	Қарағанны-Шоқы*[3]	жеткілікті.
10 »	Атабай сайы	
11 »	Сарықұлжа маңындағы Бөкей сұлтанның ауылы	
	12-нен 24 наурызға дейін Бөкей ауылында болдық.	
25 »	Кентқазылық сайы	Құрылысқа жарамды қарағай орманы бар; суы жақсы.
26 »	Қоңыркұлжа (сай?)*[4]	Қайнарлар көп; Нұра
27 »	Қарақуыс сайы	өзені таудан ағады, оның
28 »	Тоғанбай	суы таза; аласа талдардан
29 »	Нұра өзенінің биігі	басқа орман жоқ.

*[1] Жазбаның толық атауы келесі түрде: Путевые записки с замечаниями мест, ведущих от Сибирской линии в город Коканд и обратно; сол жазбалар бойынша 1811 ж. колледж регистраторы Мамедияров аудармашысының басқаруымен Сібір тораптық әскерінің казак командасы жүріп отырды.

*[2] Дұрысы: *Жұмағұл-Шоқы.*

*[3] Дұрысы: *Қарағанды-Шоқы.*

*[4] Мұндағы және төмендегі сұрақ белгілері Ш. Уәлихановтікі.



Шу өзеңдегі қамыстан жасалған сал

30 »	Шетшоқы сайы	
31 »	демалыс	
1 сәуір	Сарысу өзені	Суы жақсы, орман жоқ
2 »	Аңғырт сайы	
3 »	Учки-Ульмес (Ешкіөлмес)*5	
4 »	Моелты*6, Шүмекті	
5 »	Шүнақ	
Осы сайда кешке Тарақты болысының қайсақтары командаға шабуыл жасап, Сұлтан-Ғазының жеті жылқысын алып кетті, атысу түнде де жалғасты. Қолдарына түсірген жылқыларды қайсақтардың кері қайтарып беруімен аяқталды.		
6, 7 және 8 сәуір	Қауіп-қатер сейілгенше орнымызда тұрып қалдық	
9 »	Болат сайы	Тасты тау
10 »	Ачлузек (Ащыөзек)*7 сортаңы, немесе Қызқашты*8	Құдықтар суы ащы, орман жоқ
11 »	Көкүйірім сортаңы	Құдықтар суы ащы
12 »	Қарауылшоқы	Тасты тау
13,14,15 »	Шу өзенінің ағысымен төмен	Қамыс, суы ащы әрі жағымсыз
16 »	Көкмұрын өткелі. Казактар жасаған қамыс салдармен жүзіп өттік.	
/46/ 17 »	20 шақырым жер мидай дала	Төбе болып үйілген құм, арбамен жүру қиын
18 »	Созақ жері	Шағын ауыл, осы жерге дейін арба жолы бар

*5 Ш. Уәлиханов түзеткен.
*6 Қазір: Мойынты.
*7 Ш. Уәлиханов түзеткен.
*8 Қазір: Қиқым-қыз.

19 »	Қаратон сайы	Сандық аталатын асу, қайнар, қараағаш орманы мен алма бағы
20 »	—	—
21 »	Қарнақ жері	шағын ауыл
22 »	—	—
23 »	—	—
24 »	Түркістан қаласында	қала маңындағы шағын
25 »	Сонда	тоғайдан басқа орман жоқ
26 »	Дала	орман жоқ
27 »	Арыс өзені	Соның бойымен жоғары жүрдік, үсақ талды орман
28 »	Осы өзенмен келеміз (талдан жасалған салмен асып өттік)	
29 »	Қырқұдық құдығы	Суы ащы, орман жоқ
30 »	Ащықұдық құдығы	
1 мамыр	Келес өзені	Суы жақсы, орман жоқ
2—11 »	Ташкент қаласында	Шыршық өзенінен тартылған арналардағы қала
12 »	Шыршық өзені	Ағысы өте жылдам, кешіп өту аса қиын. Кері қайтар жолда Қоқан депутаттары нөкерлерінің бірі суға батып кетті: оның аты аяғынан сүрініп жығылды.
13 »	Қарасу өзені	Шалғынды жер, шөбі шүрайлы
14 »	Ангроен (Әңгірен)*[9] өзені	Ағысы тез, кешіп өтуге болады
15 »	Кендір-тау тауы арқылы	Тік, арбамен жүруге болмайды
16 »	Қарашан жері (солтүстікте)	Пароммен өтуге болады, дала басталады
17 »	Қоқан, 18 мамырдан 7 маусымға дейін осы қалада болдық	
8 маусым	Кері жол	
9 »	Динин-Тура*[10]	Арна бойындағы шағын ауылдар
10 »	Шайдалы*[11]	
11 »	Кендір-[даван] арқылы асу	
12 »	Сол таумен	
13 »	Телек жері	

*[9] Ш. Уәлиханов түзеткен.
*[10] Шамасы, *Дін-Қорған.*
*[11] Дұрысы: *Шайдам.*

14 »	Ташкент жанындағы Қарасу, 15 маусымнан 9 шілдеге дейін Ташкентте	
10 шілде	Жолға шықтық	
11, 12 »	Қала түбінде түрдық	
13 »	Келес өзені	
14, 15 »	Даламен	
16, 17 »	Арыс өзенімен	
18 »	Сусыз даламен	
19, 20, 21 »	Түркістанда	
22 »	Жолға шықтық	
23 »	Карни*[12] өзені	
24, 25 »	Қаратауда	
26, 27 »	Созақта	
28 »	Жолға шықтық	
29 »	Шу өзені	
30 »	Қарақия сайы	
31 »	Тошбұлақ*[13]	
1 тамыз	Тошбұлақта дем алып, аялдадық	
2 »	Буритишкен*[14] құдығы	Төбелерден тұратын таулы жер
3 »	Ергенекті [Пыстан] сайы	
4 »	Дала	
5 »	Болат[тау] сайы	
6 »	Болаттан жолға шықтық	
7 »	Шажағай өзені	
8 »	Алақұнан өзені	
9 »	Ортау*[15] сайы жанындағы қайнар	
10, 11	Сарысу өзені	
12 »	Ашалының Қара-Су өзені	
13 »	Байғұлының өзені	
14 »	Өзен	
15, 16, 17, 18 »	Бөкей сұлтанда болдық	
19, 20, 21 »	Сонда болдық	
22 »	Құлболды сайы	
23 »	Жарлы өзені	
24 »	Төгерек өзені	
25, 26 »	Түндік өзеніндегі терек (?)	
27 »	Дала	
28 »	Аршалы сайы	
29 »	[Ертістегі] Кривой редуті	

*[12] Бәлкім, *Қарнақ өзені.*

*[13] Яғни, *Төсбұлақ.*

*[14] Дұрысы: *Бөрі-тескен.*

*[15] Қайнар деп, шамасы, Ортау тауының батыс бөктерінен ағатын Манака өзені айтылып отырса керек.

[XIX ғ. I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ РЕСЕЙДІҢ ОРТА АЗИЯ ХАНДЫҚТАРЫМЕН ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САУДА-САТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ]

[Қарқаралы округіне Қоқан ханы Сейіт Мұхаммед-Әлидің екі елшісінің Батыс Сібір генерал-губернаторына 1828 жылғы 1 қыркүйектегі хатын алып келуі туралы]*[1]

/1а/ Омбыдағы аса мәртебелі генералға!

Біздің арамызда күдіретті құдайдың көмегімен достық әрі тартымды қатынастардың орын алғанына жеткілікті уақыт өтті, өйткені біздің жақтардың халқы бұл мемлекеттердің бұрынғыдан тыныш, алдағы уақытта түрлі тонаушылықтар мен реніштерден қауіпсіз қатынас арқылы кейбір істі бастауға ниеттілік жөнінен хабардар болып жүр. Мұндай екіжақты достық тағы да тұжырымдалатын болса, онда бодандар кез келген жаман әрекеттерден қауіпсіз болар еді; қазір осында келуші біздің саудагерлерден біздің сондағы жерлерге кіріп, қарызға берілген мүлік, малдары бар кейбір бодандарымыз оны қайтармастан үрлықшылардың тарапынан қайыршылыққа ұшырайтыны, сол кезде, қырғыздардың мұндай арсыздығы мен жыртқыштық жағдайының уақыт өткен сайын көбеюіне байланысты, тіпті біздің иелігімізге қайтып оралғысы келетін біздің бодандарымызды да жібермейтіні туралы сыбыстар бізге жетіп жатыр. Біздің ойымызша, келесі мәселе қолайлы көрінеді, Ресей мемлекеті иелігінің көпестері осындай жағдайлармен бізге бодан қырғыздардың қолдарына түссе, Ташкент облысын меңгеруге өкілетті қала бастығы оларды іздеп тауып, оларға қайтарды, осыған қарама-қайшы біздің осы сияқты жағдайларға түскен бодан көпестерімізді де Омбы облысын меңгеруші генерал да қайтарар ма еді; егер мұндай нұсқау мен тәртіп өз арамызда орнайтын болса, онда өте жақсы болар еді; әділеттілік тұжырымдалатын еді және екі жақтың халқы да тыныштықта болып, бейбіт өмір кешер еді.

/2а/ Бізге тағы мынандай сыбыс жетті, ташкент иелігіне қарасты Биш-Қазылық*[2] жеріне бекініс салынды, ал Қараталда орман шабылды деген, мұндай істер басталмаса, жақсы болар еді, әйтпесе мұндай жағдайлар туралы жеке өзі білуі үшін

---

*[1] Аты қысқартылған түрде берілген.

*[2] *Биш-Қазлық* Қарқаралы округіндегі Қарқаралы, Кент, Қу, Едрей және Қызыларай тауларын білдіреді *(Аудармашының ескертуі)*.

ұлы мәртебеліге сәлем жолдап, өз нөкерлерім жанында шенеуніктер судур*[3] Түрсын-қожа мен Қажы-Құрбанды аттандырамын.

Аудармасы дұрыс: бөлім бастығы *П. Сумин.*

[Батыс Сібір генерал-губернаторына Сыртқы істері министрінің 28 ақпан 1829 жылғы хаты]

/2б/ *Қайырымды мәртебеліміз Иван Александрович!*

Қоқан елшілері Түрсын-қожа мен Қажы-Мір-құрбан сегіз адамнан тұратын нөкерлерімен, жүзбасы Чириковтың жол көрсетуімен, астанаға осы жылдың қаңтары күні, сіздің өткен желтоқсанның 10-ындағы № 866 жоғары мәртебелі қатынас қағазыңызды алғанымнан кейін екі күннен соң келіп жетті.

Сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаментіне бәрінен бұрын осы елшілердің жеке бастарының қасиеттерін, сонымен теңдей олардың мұнда келулерінің негіздемесі мен мақсатын жуық арада қарауға кірісу тапсырылды. Олардың жоғары мәртебелі атына Қоқан ханынан әкелген грамоталарының мәнісі, ішкі жағдайлар мен Қоқанның қазіргі қарым-қатынастары туралы түсініктемелері, соңында, олардың ойларының негізгі сипаты Орта Азия мекендеушілерінің әдеттегі қарапайымдығына сәйкес танылып, олардың Ресейге келулері сондағы үкіметтің бізге достық ниетінің нәтижесі екенін және мұнда келген қоқандықтар, шынында да, өздеріне сенім артқан билеушілерінің еркін орындаушылар екенін көрсетті.

/3а/ Олар осы тұрғыдағы құрметпен оның императорлық мәртебесіне таныстырылып, өздерінің жаңа хандарының қалауын жеткізушілер әрі өзара жақын сауда қарым-қатынастарын түзырымдаушылар ретінде ерекше монархтық ілтипатқа лайықты табылды. Жоғары мәртебелінің пәрменімен мұнда оларға және олардың жанындағы шенеуніктерге жақсы күтім көрсетілді, көз тартарлық ғимараттардың есіктері ашық болды, бұдан бөлек, өз отанында ұзақ уақыт көз ауруының азабын тартқан бас елшінің ұлы тоқсаба Ишан-қожа осындағы жақсы дәрігерлердің бірінің емдеуіне сеніп тапсырылды. Жалпы, монарх еркін саралай келе, министрлік аталмыш қоқандықтарға астанада болған уақыттарында ең жағымды әсер қалдыруға тырысты, Ресейдің, тіпті оның жақсы қарым-қатынасын іздеуші қарапайым ғана жат елдіктерге соншалықты ілтипатты екеніне көздерін терең жеткізу үшін.

Өздерінің елшілік міндеттерін атқарған бойда Түсынқожа мен Қажы-Міркұрбан нөкерлерімен осы наурыз айының 3

*[3] *Судур* — діни түлға, қауымның дінбасы.*

күні Санкт-Петербордан кері Қоқанға аттанады, оларға сол баяғы казак жүзбасы Чириков және үш урядник торапқа дейін серіктесіп барды. Олардың бәрі аса мейірбан мәртебелі тарапынан жіберілетін хатта көрсетілген сыйлықтармен марапатталды және де олардың билеушілеріне сый ретінде белгіленген нәрселер жоғары мәртебелінің атынан жеткізілуі үшін берілді. Теңдей түрде олардың ханына аса жоғары грамота және елшілерге менің тарапымнан ерекше нота тапсырылды. Бұл қағаздардың мазмұнын, сіздің аса жоғары мәртебеңіз үшін, енгізілген тізімнің ішінен көре аласыз.

Осы қазіргі елшілікке қатысты патша императорымыздың аса рақымды ілтипатына орай, сіздің басқаруыңызға сеніп тапсырылған Батыс Сібірге келетін Қоқан бодандарына барлық жерде іштартушылық пен қорғаныс, сондай-ақ олардың ісі бойынша әділетті әрі тез шешім көрсетілуі түрғысындағы пәрменді тиісті адамға тапсыруды Сізден, сіздің жоғары мәртебеңізден өтінуді маған жария ету императорымызға аса тиімді болды. Сонымен бірге оның ұлы мәртебесі 1812 жылы жасалған қаулыны бекітуге ерік береді, Сібір шебінде қоныстанған қоқандықтарға қарасты үйлер, тек қалған басқа жергілікті адамдардың үйлерінің барлығына олар орналасқан кезде ғана уақытша түнемелікке қойылсын деп бекітілсін.

Омбыға Қоқан ханының атынан әкелінген арғымақтарға қатысты келсек, сол жөніндегі менің осы баяндауым арғымақтарды сол өлкедегі казак полктарында солардың табынында жүріп, пайдаланылуы үшін шекара басқармасының қалауына берілсін деген жоғары мәртебелінің еркін сол күшінде жеткізеді.

Өздерінің қайтар жолдарында Түрсын-қожа, Қажы-Мірқұрбан, олардың нөкерлері мен шығарып салушы казак шенеуніктері азық-түлік, төлем ақшаларымен Семиярскі форпостына дейін жабдықталды, бұл олардың өз отандарына Омбыдан аттанып кететін мүмкіндіктері болмай қалған жағдайдағы қамдары үшін жасалды. Жүзбасы Чириковқа тиісті жерге келген бойында өзінің басқармасына Азиа департаментінен оларды (Қоқан елшілігін) аталмыш форпостыға жеткізуі үшін өзіне берілген нұсқаумен бірге, бөлінген ақшаның есебін беру тапсырылды. Содан кейін оның императолық мәртебесі аталмыш елшілердің нөкерлерімен бірге бұрынғы тәртіп бойынша казак жасағының қорғанысымен Қоқан хандығының шекарасына дейін шығарып салынуын пәрмен етуге ерік берді. Ал Қоқан елшілерінің осы жерден кетерлерінде алған хабарлары бойынша айтқандарына қарағанда, олардың Қарқаралы округінде қалдырылған түйелері аяздан тұралап қалған, сондықтан кері қайтар жолдарына қатысты қиналатындарын білдіргендеріне орай, патша император сіздің мәртебеңізге пәрмен етуді тапсырды, өз иелігіңіздегі қаржыны құрайтын

ақшадан қажеттісін жүмсап, түралап жығылған түйелердің орнына басқа жарамдысы сатып алынып, оларға сыйға тартылсын, және осы жөнінде сіздің маған беретін жауабыңызға сәйкес сол уақытында Азиа департаментінен сома қайтарылатын болады.

Жоғарыда баяндалғандардың барлығын хабарлай келе, рақымды тақсыр, аса жоғары мәртебелі патшамыздың еркіне орай сіздің жоғары мәртебеңізге құрметпен бас иген әрі шын берілген құлыңыз боламын.

Граф *Нессельроде.*
Дұрыс: бөлім бастығы *У. Лиханский.*
С.-Петербург, 28 ақпан 1829 ж.

1829 ж. Қоқан ханына және оның елшілеріне жоғары мәртебелі тағайындаған сыйлықтар туралы жазба.

/5а/ 1. Қоқан ханы Сейіт Мұхаммед-Ғалиға: түрлі-түсті, жақсы қамқа, әрқайсысы 12 ар. үш кесек; ең жүқа мәуіті, әр түрлі түсті үш кесек, әрқайсысы 12 ар.; жақсы атлас 36 ар.; асыл тастармен көмкерілген алтын жиекті қанжар; мылтық; 2000 сомдық шыны және фарфор ыдыстары.

2. Оның екі елшісіне. Садр гамалдар Түрсын-қожаға және дүғагөй*[4] Қажы-Міркүрбанға, әрқайсысына: екі кесек қамқа, әр қайсысы 12 ар., хандыкіне қарағанда, төмен сапада; екі кесек мәуіті, әрқайсысы 10 ар.; екі кесек атлас, әрқайсысы 10 ар.; ең жақсы кәйсе, 50 ар.-дан; ақшалай 300 сом күміспен.

3. Бірінші елшінің ағасы Орақ-Шәріп-қожа Найзақожинге және осы елшінің ұлы тоқсаба Ишан-қожа Түрсынқожинге, әрқайсысына: /5б/ қамқа 12 ар., атлас 10 ар., мәуіті 10ар., ақшалай 150 сом күміспен.

4. Елшілердің жанындағы қалған төрт шенеунікке, әрқайсысына: қамқа 12 ар., атлас 10 ар., мәуіті 10ар. (сапасы жағынан бұл маталар жоғарыда аталған шенеуніктердікінен біраз төмен); ақшалай 125 сом күміспен.

5. Ресейге елшілермен келген хан қызметшілеріне: осында келген екеуіне және Омбыда қалған төртеуіне, әрқайсысына: мәуіті 6 ар., шыт 20 ар., алғашқы екеуіне ақшалай – 100 сом күміспен, ал соңғы төртеуіне – 50 сомнан күміспен.

6. Сібір тораптық казак әскерінің жүзбасы жасауыл Чириковқа – 150 сом күміспен.

7. Осы әскердің үш уряднигіне: Даниловқа, Набоковқа және Грибановскийге – 75 сомнан күмістей әрқайсысына.

Дұрыс: бөлім бастығы *У. Лиханский.*

---

*[4] Яғни *дуʿагуйду* – «ғибадатшы».

Қоқан ханы Сейіт Мұхаммед-Әлидің елшілері Садр гамалдар Түрсын қожаға және дұғагөй Қажы-Міркұрбанға вице-канцлер мырзаның нотасынан тізім

/6а/ Оның ұлы патша императордың мәртебесінің атына жоғары дәрежелі Қоқан жерінің билеушісі Сейіт Мұхаммед-Әли-ханнан, Сізден, елші мырзалар әкелген қағаз айрықша ілтипатпен қабылданды. Оның императорлық мәртебесіне жоғары дәрежелі Сіздің билеушіңіздің, ынта-ниетін тану өте жақсы әсер қалдырды, ал оның Бүкілресейлік империя мен Қоқан иелігі арасында достықты нығайту жөніндегі және өзара сауда-саттық қатынастарын жалғастыру туралы ұсынысына, мұндай қалауына тең дәрежеде, ұлы мәртебелі императорымыздың жеке еркі де толықтай сәйкес келеді. Осыны білдіру үшін біздің ұлы патшамыз Сіздерге, елші мырзалар, жоғары дәрежелі Сіздің билеушіңіздің атына жеткізу үшін сонда тіркелген грамотаны тапсыруға пәрмен етті. /6б/ Бұл грамотаның мазмұны Сіздің билеушіңізге оның императорлық мәртебесінің оның барлық көршілерінің игілігі мен Ресей және Қоқан арасындағы орнаған бауырмалдықты мәңгіге сақтауға әзір шынайы ниетін айқын танытады.

Сіздердің жеке тәжірибелеріңіз Қоқан бодандарының Бүкілресейлік империядан әділетті қамқорлық пен жәрдемді әркез таба алатынын ең сенімді түрде тұжырымдауға қызмет етеді.

Осылайша, біздің үкіметіміз қоқандықтарды ерте уақыттан бері Ресей қол астында жүрген далалық қырғыздардың да жәбірінен қырағылықпен қорғайды, олар Каспий теңізі мен каспий*[5] иеліктері арасындағы кеңістікті қоныстанады. Соншалықты еркін далалық өмір салтын ұстанатын біздің қырғыздарымызды жақсырақ ауыздықтау үшін, жоғары мәртебелінің әмірі бойынша Орта, сондай-ақ Кіші ордаларда тыныштық пен тәртіп орнатуды басты мақсат етіп қойған ең қатаң шаралар қолданылады.

/7а/ Осыған сәйкес Сіздің жоғары дәрежелі билеушіңіздің аймақтарында да келіп-кетуші орыс бодандарына да ілтипатты қабылдау мен қорғаныш болатынына және біздің көпестік Сіздердің тараптарыңыздан да қанаушылардан және түрлі орынсыз салықтардан сақтандырылатынына сенім артуға тиіспіз. Сонда ресейліктер мен қоқандықтардың және басқа азиат халықтарымен арадағы өзара саудасы өз шеңберін кеңейтіп, гүлденеді және де барлығына бірдей едәуір пайда әкеледі.

Сіздердің өтініштеріңізді назарға алып, біздің шекара басқармасына қазір Сібір торабында қоныстанған қоқандықтарға

---

*[5] Қате, *қытайлық* деп оқу керек.

қарасты үйлер бос қалған басқа жергілікті адамдардың үйлерінің барлығына олар орналасқан кезде ғана уақытша түнеуге қойылсын деп бекітілді.

Соңында, оның императорлық мәртебесі Сіздің жоғары дәрежелі билеушіңізге сыйлыққа Сіздерге құрметті патшамыздан ұсынылып та қойылған және сол тіркеулі тізімде белгіленген кейбір өз заттарын жіберуге рақымшылық етті.

Түпнұсқаға қол қойған вице-канцлер граф *Нессельроде.*
Дұрыс: бөлім бастығы *У. Лиханский.*

Қоқан ханы Сейіт Мұхаммед-Әлиге жоғары мәртебелі грамотасының тізімі

Қоқан жерлерінің иеленушісі Сейіт Мұхаммед-Әли баһадүр-ханға біздің мәртебелі императорлық ілтипатымыз бен күттықтауымыз. Сіздің бізге, ұлы патшаға, Сіздің елшілеріңіз Түрсын-қожа мен Қажы-Мір-құрбаннан жіберілген Бүкілресейлік империя мен Қоқан иелігі арасындағы достықты бекіту тұрғысындағы тілегіңізден хабардар ететін қағазыңызды аскан қуанышпен қабыл алдық, олар жолға қойылған салтқа сәйкес, біздің алдымызға тартылды. Біз, Сіздің біздің империямыздың шектігінде екі ел бодандарының пайдасы тұрғысындағы ниетіңізді ерекше құрметпен қабылдап, бұрынғысынша қоқандықтарға олардың істері бойынша бауырмалдық, қорғаныс пен әділеттілік көрсетеміз. Біз Қоқан аймақтарына келіп-кетуші біздің бодандарымызға да ілтипатты қабылдау мен қорғаныс болатынына және ресейліктер мен қоқандықтардың арасындағы сауданы ығыстыратын кез келген жағдайларды жоя отырып, Сіздердің көршілеріңізді осындай игі шараларға сендіріп, біздің құдайдан сеніп тапсырылған біздің және одақтастарымыз халықтарының бақыты жөніндегі қамқорлығымызды бөлісесіздер деп сенім білдіреміз.

Қорыта келіп, құдіретті құдайға жалбарынып, Сіздерге жер бетіндегі игілікті жіберсін, Сіздің үйіңіздің күш-қуатын әрқашан нығайтсын, Сізді оның қасиетті құдіретіне тапсырамыз.

С.-Петербургте берілген, ақпанның 27 күні 1829 жылы. Біздің мәртебелі патшалықтың төртінші жазында.

Бекітті: бөлім бастығы *У. Лиханский.*

[Батыс Сібір генерал-губернаторына Ташкент күшбегінің хаты]

/9а/ (Генерал-губернаторға Ташкент күшбегі хатының аудармасы)

Ескі уақытта ақ патшамен*[6] келіссөздер арқылы Орта орда мүсылмандарына шекара белгіленген еді; олар Ертіс өзені арқылы біздің, сондай-ақ сіздің аймақтарға еркін өтетін мүмкіндікке ие болды, одан кейін ешқашан соғыспауға шарт қойылған болатын. Бүгінгі таңда сол орданың халқын өз қол астыңызға алып, бірнеше жерден диуандар*[7] құрып, мүсылмандарды тыныштығынан айырдыңыздар, сондай-ақ оларды бұрынғысынша еркіндікте де қалдырмайсыздар, сіздердің мұндай өкімдеріңіз нақты неге қатысты?

Жоғары дәрежелі біздің ханымыз, менің иелігіме алты сан*[8] қарақалпақтарды, Қоқан диуанының осы жақтарында мекендейтін қырық сан басқа халықтарды және Іле өзені бойындағы қара қырғыздарды тартып, осы халықтарға қатысты барлық істерді шешуге маған билік берді, ал сол уақытта Ұратөбе, Қаратегін, Құлаб және Дарваз қалаларын алып, оның халқын бас игізіп, олардың әрқайсысына өз тарапынан айрықша бастықтар тағайындады, мұның үстіне басқа қалалар мен халықтарға иеленіп, барлық мүсылмандар енді ханға тиісті деп есептеді, алайда соңында оған төленетін алым-салықтың азайғанына қарап, Қоқан иелігі шонжарларының келісімімен маған Қашғарияға аттануға пәрмен берді. Мен алты қаладан өтіп, он сан қытайлықтарды шаптым, олар барлық мүсылмандарды сатып кетіп, менімен бітімге отырды, содан кейін тағы қырғыздардың Үлкен ордасының бірнеше болыстары біздің боданымызға қабылданды.

Осының ізінше Орта қайсақ ордаларының ру ақсақалдарынан бірнеше адам жоғары дәрежелі ханға келіп, орыстардың олардың малдарынан алым-салық ала бастағанын: жүз қойдан – бір қой, қалғандарынан – бір қарадан жылқы, ал олардың өздерін – солдатқа алып жатқанын және кейбір рақымсыз қырғыз сұлтандарының кейбіреулері орыстарға ұқсап, Ресей бодандығына енгенге қол жұмсап, олардың тыныштығынан айырғанына шағымданды; алайда бұл жағдай туралы басқа халықтарға мәлім емес; осы шағым бойынша жоғары дәрежелі хан маған сол жерге барып, жеке өзімнің оның ақиқаттығына көз жеткізуіме пәрмен берді. Сондықтан мен, осы өлкенің түрлі болыстарына барып, тіпті Есіл өзенінен өтіп, әрқайсы-

---

*[6] Азиялықтар *ақ патша* деп мәртебелі императрицаны атайды (Аударманың ескертуі).

*[7] *Диуандар* – приказ, бекіністер.

*[8] *Сан* – көне уақыттағы *түмен* дегенмен бірдей, яғни *он мың адам*.

сын өз есебімнен екі атпен жабдықтап, тағы жүз адамды жөнелттім, олар қайтқан уақытында Сіздердің құрған диуандарыңыз бен Сіздер сапарға шығарған жасақтардың ақиқаттығы туралы жеткізді.

Бұл сияқты пәрмендер Сіздің патшаңыздың еркімен бе, әлде Сіздің жеке тарапыңыздан жасала ма?

Диуандарды жойып, орыстарға мұсылмандардың ортасынан қайтып, оларды бұрынғысынша қалдыруға бұйрық беріңіз, өйткені қытай жасағын хан Абылайдың талқандағанынан кейін, осы уақытта келген басқа қарулы әскер Орта қайсақ ордасының мұсылмандарымен келіссөздер арқылы Қара-ағаш-та*[9] өз таңбаларын қойды, демек, қытайлықтар, осы орда қырғыздарына ықпалға ие болып, олар да диуан құруға келісім білдіруге тиіс болған; алайда олар, қауіптеніп, мұсылмандарға мұны жасамады.

Нақты қандай себептермен Сіз, өз иеліктеріңіздің шегінен шығып, мұндай пәрмен беретініңізді білгім келіп, мен осы хатты жіберіп отырмын, және соның салдарында өз тарапымнан да тәуелді ете алатын пәрмен бере алу үшін; алда Сіз, сұлтандардың Ресей бодандығына енгені үшін қол жұмсағандарын айтасыз, соңда қалғандарына тиіспей, сол қол қойған сұлтандарды ғана өзіңізге ауыстыруға тиісті боласыз, өйткені олардың діні мен келісімі мұсылмандардан басқа (қоқандықтардан) ешкімге тәуелді емес және олардан зекет пайдалану құдайдан және оның Расулынан (Мұхаммедтен) бізге ұсынылған.

Сіз мұсылмандардың малынан алым-салық аласыз: жүз бастан бір қой! Ресей мемлекеті ақша мен малдан таршылық көрген бе еді? Тағы да мұсылмандарды солдатқа аласыздар! Бүкіл орыс халқы ұрыста қырылып па еді? Егер мұсылмандарды (қырғыздарды) бұрынғысынша қалдырсаңыздар, онда бұрынғысынша дос қалпымызда қаламыз, ол екі мемлекеттің арасында (бүкілресейлік император мен Қоқан ханы арасында) жалғасқандықтан, басқаша жағдайда осы достықтың тоқтауымен қанағаттанбаушылық тууы мүмкін, оның үстіне, Сіздерден келген жасақ біздің екі қорғанымызды талқандады, Шапырашты болысының биі Бұланбайды өлтірді, Қазыбай биді, Қушықмырзаны және Сіргелі*[10] болысының биі Дәуітбайды тонап, бізге қарасты бірнеше болыстықтарды жұтатты, мұның бәріне мен біздің белгіленген достығымызды сақтап, үш жыл төзімділік таныттым және Сіз, оны білмей тұрып, мұсылмандарға тым көп қол көтеруге батылыңыз барды, тіпті

*[9] Қара-ағаш Жаңа-Арқа (Атасу) бекетінің солтүстігіне қарай орналасқан.

*[10] Сіргелі руының атауынан (Үлкен жүз қазақтарының үрпақтары).

біздің елшілеріміздің өзі Сізден қысылып қайтты, келешек уақытта мұндайды олар арқылы жіберуге болмайды.

Осы хатқа достық не дүшпандық жауаптарыңызды жіберіңіздер, өйткені мен сол бойынша өз пәрменімді жасайтын боламын. 1250 жыл*[11].

I Николайдың қоқандық Мәделі-ханға хаты

/79а/ Құдайдың рақымымен, Біз, Николай бірінші, император әрі бүкілресейлік билігі шексіз монарх ....

Қоқан жерінің билеушісі Сейіт Мұхаммед-Әли баһадур-ханға біздің мәртебелі императорлық ілтипат пен достық сәлем.

Сіздің елшіңіз Ишан Мұхаммед-Хәлел сағибзаде біздің империямыздың астанасына келген бойда, Бізге, ұлы мәртебелімізге, таныстырылып, Сіздің жоғары дәрежеліңіздің грамотасын ұсынды. Бізге одан Сіздің қуатты Ресей мемлекетімен үнемі достық қарым-қатынаста болуды қалаған ниетіңізді тану өте жағымды әсер қалдырды және Біз де өз тарапымыздан Сіздің игі ниетіңізге толық сәйкестікте әзір екеніміздің хабардар етеміз. Сіздің өзара көршілік байланысымызды сақтау және нығайту түрғысындағы қамқорлығыңызды толық бағалай келе, Сіздің мұндай шынайы ниетіңізге айқын көз жеткізетін қамқорлығыңыз табысты нәтижелер әкелетініне сенімдіміз. Ресейге келген Сіздің бодандарыңыз мұнда қамқорлық пен қорғаныш таба алады; Біз Ресей бодандарының да Сіздің иеліктеріңізден теңдей қауіпсіздік пен әділеттілік тапқанын қалаймыз. Сонда ғана біздің екі иелік арасындағы қарым-қатынастар негіздемесі мызғымас беріктікке ие болуы мүмкін және Біз, Сіздердің де осы түрғыда күш салуға талпынудан бас тартпайтындарыңызға сенім білдіреміз. Сол үшін Сіздерге бар игілікті тілейміз.

С.-Петербургте берілген, ақпанның 17 күні 1842 ж., біздің патшалығымыздың он жетінші жазында.

Департамент директоры *Сенявин бекітті.*

Хиуа билеушісінен берілген міндетті актінің көшірмесі

/81а/ Жоғары дәрежелі билеуші Хиуа ханы Рахим-Құлыханнан жоғарыда тағайындалған актіні алып, оның императорлық мәртебесіне ұлы император әрі бүкілресейлік билігі шексіз монархқа жеткізу үшін, мен, маған берілген өкілеттілік негіздемесінде, мынаған сендіремін, сол актіде қойылған өзара шартқа қуатты Ресей мемлекеті:

---

*[11] Хижраның 1250 жылы – біздің жыл санауымыз бойынша 1835 жыл.

1. Оған қарсы Хиуа билеушілерінің бұрынғы қастық әрекеттерін мүлдем ескермеуге тырысады.

2. Осы уақытқа дейін тоналған керуендердің төлемі туралы талаптан бас тартады.

3. Ресейге келген Хиуа бодандарына зор жоғары қауіпсіздік және заңды қамқорлық көрсетуге уәде береді.

4. Өз иелігіндегі жерлерде Хиуа саудагерлеріне басқа да азиялық иеліктерінің көпестері де пайдаланатын барлық артықшылықтарды алға тартады.

Менің тарапымнан жасалған, осындай куәлік жазбаша түрде айбынды әрі аса қуатты Ресей мемлекеттік вице-канцлерімен жоғары мәртебелі оның императорлық ұлы патша ағзам, бүкілресейлік шексіз билеуші монархтың атынан бекітілетін болады. Аса қадірлі Хиуа билеушісі тарапынан да жоғарыда жазылып, қаулы етілген акті шарттарының дәл солай сақталуы Ресей империясында жүруі мүмкін Хиуа бодандарының жеке басы мен мүлкінің сақталуымен қамтамасыз етіледі.

Хиуада берілген. Желтоқсанның 27 күні 1842 жыл.

Түпнұсқада жазылған: Ресей императорының агенті
полковник *Данилевский*

Бекітті: коллеж асессоры *Ханыков*.

Қоқан ханына жоғары мәртебелі атынан берілген грамотаның көшірмесі

/82а/ Қоқан жерінің билеушісі жоғары мәртебелі Шерәлі-Баһадүр-ханға біздің императорлық мәртебеміздеи ілтипат пен достық сәлем.

Біздің айбынды генерал-губернаторымыз князь Горчаков, Сіздің жоғары мәртебеліңіздің тілегіне сәйкес, бізге Сіздің сеніміңізге енген Ишан Мұхаммед-Халелден ұсынылған грамотаңызды жеткізді.

Біз ерекше ынтызарлықпен Сіздің берекелі отаныңызды шайқалтқан келеңсіздіктердің келмеске кеткенінен және заңды билік Қоқан халқының әділетті қалауына сәйкес Сіздің түлғаңызбен қалпына келтірілгенінен хабардар болдық.

Сіздің тарапыңыздан қуатты Ресей империясы мен Қоқан хандығы арасында ертеден келе жатқан көршілік достық қарым-қатынастарды қолдау және нығайту түрғысында білдірілетін ізгі ниетіңіз ынтымақты жақтаушы біздің кейпімізбен толық орайласады.

Сіздің мұндай тұжырымыңызды қуана қабылдай отырып, біз Ресейде қоқандықтарға көрсетілетін қорғаныс пен ілтипаттың өзара орын алуы үшін, біздің империямыз бен қол

астыңыздағы хандықтың арасындағы күні бүгінге дейін келе жатқан істі кеңейтуге Сіздердің әзір екендіктеріңізді дәлелдеу үшін және біздің иеліктеріміздегі екіжақты достық пен ынтымақ тиісті беріктікке ие болып, мызғымас қуат алу үшін сіздердің де өз иеліктеріңізде Ресей бодандарына әділетті қамқорлықты кешіктірмессіздер деп сенеміз. Ресейде өз еркімен қалған елші Ишан Мұхаммед-Халелді жіберуге пәрмен етіп, біз онымен бірге Сіздің жоғары мәртебеліңізге біздің Сізге деген ізгі ниетімізді білдіру үшін біраз заттар жіберіп, сонымен Сіздерге барлық игілікті тілейміз.

Петербургте маусымның 30 күні 1843 жылы берілген, біздің патшалығымыздың он сегізінші жазы.

Коллеж асессоры *Ханыков бекітті.*

Хиуа билеушісінен берілген міндетті актінің көшірмесі

/84а/ Құдіреті күшті рақымды құдайдың атымен.

Билеуші хорезм шахы жоғары мәртебелі Рахым-Құлы-ханнан берілген осы акті бойынша қасиетті әрі аса қуатты Ресей империясымен әрқашан ынтымақты әрі тығыз достық қарым-қатынаста болуды шын ниетпен қалай отырып, онымен ашық ілтипатты байланысымызды нығайтып, ынтымақ сүйгіш рақымды көршілер ретінде барлық қағидаларды бұлжытпай сақтап, біз өзіміз үшін және біздің жолымызды қуушылар мен ұрпақтарымыз және біздің қол астымыздағы барлық тайпалар үшін міндеттеме аламыз:

1. Бұдан былай алдағы уақытта Ресейге қарсы ешқандай күпия, не жария қаскүнемдік әрекеттерге бармау.

2. Далада да, Каспий теңізінде де тонау, қарақшылық және түтқындап ұстау әрекеттерін жүргізбеу, оған күптаушылық танытпау, егер мұндай тонаушылықтар Хиуаның қол астындағы тайпалар тарапынан жасалатын болса, онда кінәлілерді дереу жазаға тарту, ал тоналған мүліктерді тиісті жеріне қайтару.

3. Орыс түтқындарын қамауда ұстамау және Хиуа иелігінде болуы мүмкін кез келген орыс бодандарының жеке бастарының қауіпсіздігі мен мүлкінің сақталуына жауапты болу.

4. Хиуа жерінде ресейлік боданның қаза болуы жағдайында оның артынан қалған мүлкін түтастай Ресей шекара бастығына оның мұрагерлеріне табыстау үшін жіберілсін.

5. Хиуа иеліктерінде орыс бодандарының ішіндегі қашқындардың не бүлікшілердің жүруіне жол бермеу, оларды Ресей шекара басқармасына ұстап беру.

6. Хиуа иеліктеріне орыс көпестері арқылы жеткізілген тауарлардан жылына бір рет оның негізгі бағасының бес пайызынан асырмай баж салығы алынсын.

7. Бұхараға не басқа да азиялық иеліктерге Сыр өзені арқылы жөнелтілетін немесе осы жолмен кері әкелінетін Ресей көпестеріне тиісті тауарлардан ешқандай салық алынбасын.

8. Азиялық иеліктердің Ресей империясымен керуен саудасына ешқандай кедергі жасамау, тек заң бойынша зекет алынсын.

9. Жалпы барлық жағдайда тату көршілік және шынайы достық қалыпта әрекет ету, қуатты Ресей империясымен достық байланысымызды нығайта беру керек.

Растау үшін осы актіні біз өзіміздің алтын мөрімізбен бекіттік те, оны қуатты Ресей империясы тарапынан келген уәкіл подполковник Данилевскийге ұсындық.

Хижраның 1258 жылы мухаррамда*[12] берілді.

Түпнұсқа актінің сыртына Хиуа билеушісі
Рақым-Құлы ханның мөрі басылған.
Коллеж асессоры *Ханыков бекітті.*

Қоқан билеушісі Шерәлі ханның мөрі қойылған парсы тіліндегі хатынан аударма

/86а/ Құдіреті күшті құдайдың рақымымен әлем тыныштығы шайқалмай сақталуда!

Текті тұқымды, аса қадірменді, мырзалардың қасиеттісі, атақты, үкімет билігіне аса лайықты өкіл, абырой мен тектіліктің көркі, ұлы тақсыр уәзір, билікке орныққан князь, күрмет пен сыйға, бақыт пен күш-қуатқа кенеліп, мәңгі жан рақаты мен шаттыққа бөлене берсін, содан кейін төменгілер түсіндіріледі:

Азап тартып күнәлары кешірілген марқұм, біздің ендігі жұмақ төрінен орын алған ағамыз Мұхаммед-Әли хан, бақытпен және патша билігімен шаттанып, түрлі текті құмарлықтар мен әуестіктерге беріліп, салғырт та бейқам болды. Ол өз бодандарының игілігі туралы ойланбастан, заң қағидалары мен әділеттілік табалдырғынан аттап кетті, адамгершілік жолы мен адамдық парыздарға қайшылықты қылық көрсетті, ол өзінің ұлы бабалары жүрген жолдан тайды да, сонымен өз иелігін жұтаушылыққа жеткізді, өйткені өзінің мырзалары мен шенеуніктерінің кеңес, насихаттарына құлақ салмады. Осы себептен атақты адамдар және қарапайым бодандар өз тараптарынан билеушіге деген қандай да бір шынайылық сезім мен сүйіспеншіліктен ада болып, ықыластары мен ақыл-ойларын басқа жау жаққа аударды. Бұхара ханының әділеттілігі мен рақымшылдығына көздері жетіп, олар оған шынайы көңілмен берілді

*[12] Мухаррам, хижраның 1258 жылы, 12.2 – 11.3 1842 жылға сәйкес келеді.

де, оған күпия түрде сатқындықпен жазбаша шақыру жіберді, сол бойынша Бұхара ханы дереу қыруар әскермен келіп, қарудың күшімен бізге мирас мемлекетімізге ие болып, ағамызды балаларымен, анасымен және бүкіл үрім-бұтағымен азапты өлімге берді және елде асқан жауыздық, зорлық-зомбылық, рақымсыздық жасап, оны тонап, мүлдем қайыршылыққа түсірді, ақырында, жаулап алған елді басқаруды жауыз хакімдерге (басқарушыларға) тапсырып, өзі Бұқарияға қайтып оралды.

Біздің құрметті адамдарымыз көп уақыттан бері, талай жылдан бері өз иеліктерінен, өз әулетінен, халқы мен қалаларынан айырылып, өз қоныстарын Талас аталатын жерде орнықтырды, мұнда біз өмірімізді құдіретті құдайға қызмет және тағзым етуге арнадық, сол уақытта біз жоғарыда айтылған оқиғалар туралы хабар алдық. Біз шыдамсыздықпен ерліктің атына мініп, бір құдайға сеніп, жеңімпаз әскермен, ержүрек әрі шын берілген батырлармен қысқа уақытта біз қырсық-қыңыр жауыздардың лайықты жазасын беріп, ата-бабаларымыздың иеліктерін жау қолынан күшпен алдық, ал басқаларына бұғау салып, зындандарға жаптық, содан кейін мемлекеттегі ақ сүйектер мен атақтылардың келісімімен, қалауымен біз ата-бабамыздың тағына отырдық та, жұтаған иелігіміздің игіліктерін қалпына келтіруге, заң күшінің таралып, қорғалуына назар аудардық. Сол уақытта адасқан, жауыздық пен азғындық жолына түскен бұзық Бұхара ханы қызғанышқа бой алдырып, әрі бізде жатқан тұтқындарын босату ниетімен қыруар әскер, артиллериялық қару мен зеңбіректер жинап, менмен даңғойлықпен бізге жетті. Алайда біздің тарапымыздан бір құдайдың жәрдемімен қарсы көтерілген әскерден қарсыласымыз қатты жеңіліс тауып, үлкен шығынға ұшырады: көптеген шатырлар, артиллериялық қару мен зеңбіректер, қазына байлық және басқа мүліктер біздің әскеріміздің олжасына түсті, осылайша, құдайға рахмет, біз толықтай кегімізді қайтардық.

Өткен оқиғалар туралы әңгімемізді аяқтай келе, өтініш пен тілегімізді ұсынамыз, біздің достарымыз бен тілектестеріміз қуанышпен шаттануы үшін және біздің Сіздің ұлы мемлекетіңізге өте көне замандардан қазіргі уақыттарға дейінгі достығымыз бен адал ниетіміз тұрақты болып, ешкімнің күмәнін тудырмайтындай болатынын айғақтаймыз. Көп азап шеккен ағамыз, Мұхаммед-Әли ханның шат-шадыман есімімен елші, ар-ожданды ер, біздің діндарымыз, екі рет қасиетті жерлерге сапар шеккен, айнымас сахибзаде Ишан Мұхаммед-Хәлел накиб*[13] жөнелтілді, біздің бұрынғы ізгі ниетімізді жаңғ-

*[13] *Накиб* – ортаазиялық хандықтардағы жоғарғы әскери шендердің бірі.

*[14] Анығырақ: *Құрбан*.

ыртуды қалап, біздің қызметтегі сенімді Құбан*[14]-қожаны Ишан-накибтің Сізбен, біздің ізетті бауырымызбен, ұлы уәзірімізбен, кездесуі кезінде біздің достық қағидалар мен бауырмалдығымызды Сіздің келісіміңізбен көркейтер ме (тұжырымдайды) деп жібердік, ізетті бауыр әрі ұлы уәзір, құрметті тұлға ұлы мәртебелі императордың денсаулық жағдайы туралы сұрастырып, біздің сүйіспеншілігімізді жеткізеді және содан кейін оның атақ-дәрежесіне лайық құрмет пен ізет көрсетіп, кері аттандыруларыңызды өтінеміз.

Сөйтіп, Сіздің әрдайым да бақытқа кенелуіңізді және билігіңіздің берік тілейміз.

Лауазымды кеңесші *Ғаббасов* аударды.

[Н. И. ЛЮБИМОВТЫҢ ШЫҒЫСҚА САПАРЫНЫҢ ЖУРНАЛЫ. 1845 ЖЫЛ]

/1а/ Оң жақтан екі аттам осы жерлерден Аягөз де өз бастауын алады. Біз бүл жүретін жерімізді (біраз бүрынғысынша) басып өттік. Жол бойы біраз жауын астында қалғаннан кейін күн ашылды. Тарбағатай мен Үй-Кетшенің келбеті ашық, күн де өте тамаша. Бірінші — жер беті (дөңес пен бөктерлер) түтас көк шөппен көмкерілген; ал соңғысы (сол жақтан алыста) — көп бөлігі жалаңаш құлама, созылған тау адырлары. Олармен шағылысқан күн сәулесі — өте ғажап.

Жолда дамылдаған кезімізде біз киіз үй тіклей, шатыр мен киізден күрке тектес баспана құрдық. Аялдаған орнымыздан $5^1/_2$-де көтерілдік. Біздің алдымыздан сол сәтте Тазтау тауы көрінді, ол — Тарбағатайдың биік қыраттарының бірі. Сол жақтағы (Үй-Кетше) таулар, алыстан үлкен таулы өлке, — толқынды теңіз, бір сәтте оның толқындары тасқа айналғандай көрінеді. Кешке, күн жарығымен бүл сурет өте керемет болды. Тазтауда бүдан да керемет (түрлі жерлерден, еңістерден) қар көрдік. Осы күні 50 шақырым жүрдік. Шаршадық.

Тамалардың (т а м а — қырғыздардың басқа бір руы, олар да біздің қол астымызда) ауылдарына келдік. Олардың киіз үйлері Тарбағатайдың етегінде, тау алқаптары арасында (олар да биік қыраттар). Қолайлы жағдайда көпестерге (ташкендіктер мен татарларға) тиісті көп малдарды сату үшін (әсіресе, қойлар) осында, Шәуешекке таяу жерде үстайды. Бүл түрғыда олар малды алыстан айдап әкелетін көпестердің алдында үлкен басымдыққа ие; демек, татымды бағаға сатулары тиіс. Әдетте, қойдың бағасы — 2 немесе $2^1/_2$ дабы.

Кейде олар малды Ташкенияға айдайды, мүнда одан да гөрі жақсы өткізеді. Бізге, жіберілген казақтардың (20 адам, байжігіттердің үстінен олардың тамаларды талан-таражға салуларына орай шағымға байланысты жіберілген) осы ауылдарда біраз алысырақ байжігіттіктерден жауап күтіп жатқандарын айтты. Кеше-ақ, Тарбағатайға жақындағанда, қазір ол арқылы асып өтеміз деп ойладық; сол уақытта, міне, келесі күні де әлі оның сілемдері мен бөктерлері бойымен, тура жотаның

жанында келе жатырмыз, ал оның жоталарын асып өте алмаймыз. Тіпті ертең де жүріп өтуіміз екіталай дейді.

NB. Тарбағатай арқылы (теңделген түйелердің жүруі мүмкіндігіне арналған) өтпелі жолдар өте аз: ең белгілілері және әдетте, сол арқылы көпестік бағыт алады – екеу: Күтел (Кутель-асу) [асу қырғыз тілінде] тау арқылы өту дегенді білдіреді және Сай-асу. Біріншісі Аягөз арқылы өтетін жолмен, яғни Семейден Аягөзге жүрсең, ал басқасы Көкбекті жолымен (егер Көкбектіге жүрсең). Олармен арбамен де жүріп өтуге болады, әсіресе, Күтел*[1] арқылы. Содан кейін тағы да басқа өрлер, түрлі далалы жерлер арқылы өтетіндері бар, бірақ олар өте қолайсыз болғандықтан да көпестер одан қашады (біздің татар-серіктесіміз Абдраимов сияқты қырғыздардан сатып алынған малмен даладан қайтқанда сол жерлердің маңайын жүріп өтуге тиіс болған кезде мүмкін бе); алайда бұл жағдайда көпестер жоғарыда сипатталған жолдардың бірін тәуір көреді. Мысалы, біз, егерде байжігіттіктердің тентектігі (тентектік дегендері біздің қырғыздар мен басқарушылардың тарапынан өсіріп айтылған сияқты) және Күтелде қызайлардың шынында да кәнігі қарақшы партиясы түр деп барлық қырғыздар мен көпестердің айтқанындай сыбыс тоқтатпаған болса, Күтелге бағыт алған болар едік. Ал байжігіттіктерге келетін болсақ, Сыбанқұлды ұстаған уақыттан бері көпестер олардың үстінен шағымданбайды. Олар, маған кейбір адамдардың айтуынша, орыс бодандығына қабылдануға емінген, алайда олардың бұл тілектері қабыл алынбаған сыңайлы (мұны және де, тек Михаил Иванович айтты), анығы: маған Захаров және Маджира да кейбір байжігіттіктердің орыс боданы болғысы келетінін, әсіресе, кейбір сұлтандардың, ал басқа халық қорқып қаламайды деп айтқан сияқты. Сұлтандар арасында олардың бастылары – Сәбек және оның ағасы Дүлембай. Сәбек – бізге барынша берілген адам. Олардың арасында тағы мейлінше ықпалды ақсақал Сысанов бар, ол туралы маған Захаров айтты. Сәбек (басқалары және одан да көбірек) қазақтар келеді деген сыбысты естіп, жазықсыздан жазықты етіп шығаратын олармен істес болып қалмау үшін алысқа қоныс аударды. Маджира маған байжігіттіктердің 4 бөлімі біздің билігімізді мойындайды, ал 12-сі әлі өздерін орыс боданымыз деп есептемейді дейді, шын ба, білмеймін.

Олардың барлығы да жақында біздікі болатынына күмән жоқ, өйткені қытайлықтар оларды қорғамайды, ал біздің қырғыздар оларды ығыстырады да, барлық қақтығыстарда олар өздерінде экзекуция түрін көруге, яғни, олар мен біздің қырғыздар арасына сот және жазалаушы түрінде, ал шын

*[1] Сол және басқа да өрлер туралы, әрі қарай қараңыз.

мәнісінде, тек бір мүмкіндік туса, оларды тонауға жіберілген бір казактар партиясын көруге бел шешіп отыр.

NB. Байжігіттіктер (олар, негізінде, өте жуас) мен қызайлықтарды тек бағындырып ұстауға болатын еді, егер аягөз жасағы бастығы Михаил Иванович Нагибиннің ойын орындауға келтірсе — яғни, егер Алакөлде үнемі бақылаушы пикет болса және сонымен сауда жолдары мүлдем қауіпсіз етілетін еді.

29-шы маусым (Петров күні). Таңертең Захаровтың қырғыздармен саудасы болады: Семейде ассигнациямен 12 сом тұратын күдері терісін 4 қой және екі елтіріге сатты. 4 қой Шәуешекте 8 дабы (ең төменгі өлшеммен 2 дабы бір қойға деп есептегенде) және 4 елтірі 1 қой (1 сом 60 т. ассиг.), барлығы 9 немесе, дұрысы, 10 дабы (тіпті одан да көп), біздің ақшамызбен 20 сом ассиг. тұрады. Демек, теріден 8 сом (тіпті одан көп) пайда көрді. Міне, тіпті Шәуешектің түбінде тұрып, қырғыздар көпестерге қалай таланады !!!

Көпестер қырғыздардан тауардың нағыз бағасына қайшы, яғни тек қырғыздар тарапынан тауар үшін малды келесі жылы беретін шартпен, үнемі екі есе көп алады. Осылайша, қой 2 дабы (әдеттегі баға) не тіпті $2^1/_2$ дабы тұрады, ал қырғыздар 2 дабыға қырғыздан келесі жылы екі қой алады.

Қырғыз тауарды алып тұрғанда, көпшілік бөлігінде барлық қойлары қолдарында болмайды; ол қолда барынан бөлек, келесі жылы қоздайтынынан, не сол уақытқа дейін біреудегі ескі қарызын аламын деген үмітпен, т.с.с. береді. Жаз келіп көпестер ауылдардан осы қарыздарын (алдыңғы жазда сатылған тауарлардың қойларын) жинауға аттанады, қырғыздар да бас тартпай төлейді, ал біреуде төлем малы болмай қалса, онда қарызды келесі жылға жазады.

Мұның барлығында осы халықтың таңқаларлық қарапайымдығы мен надандығы жатыр: оларға нағыз бағасын төлеп тұрғандай көрінеді, өйткені 2 дабыға бір қой береді және осы бағаға енетін тағы бір қой әлі туған жоқ, демек, олар үшін ол дәл сол уақытта есепке енбейді және оны қарызға алғанның есебінде сатады. Олардың немесе олардың өз өздерін алдап тұрғандарын, негізінде олар екі есе төлеп тұрғандарын түсіну үшін соншалық көрегендіктің қажеті жоқ. Егер, тауарды қарызға алып, бірақ төлемін бір жылдан кейін жүзге жүз төлеу десек те, тым шімірікпестен қойылған пайыз.

Киіз үйлер Тарбағатайдың еңісінде жатыр (біз түнеген жерде)!!!

Тарбағатайды бұлақтарға бай деп айтуға болады. Кез келген жерде қайнар, бұлақ, ағындар (әр қадам сайын деуге болады).

Түнеген жерімізден сағат күндізгі 4-те аттандық. Жотадан бері бөктерлер мен тау сілемдері одан да жиі кездеседі, осы



жолымыздың барлығы өрлеу мен құлдилаудан тұрды және де әр қадам сайын қайнарлар мен бұлақтар кездеседі. 18 шақырым жүріп өтіп, сол тамалардың ауылдарына аялдадық. Жолда да олардың ауылдарын кездестіре бердік. Бұл жерлерде, әдетте, мұрындықтар қоныстанады. Түнейтін жерімізге жетпей, 4 шақырым жерде, біздің қазақтарды (барлығы 20 адам) байжігіттіктермен түсінісу үшін аттандырып, байжігіттіктер тарапынан тоналған тілмашпен бірге ұшырастырдық. Соңғыларының жауабы өздерінің ешбір кінәсі жоқтығын айту болды, алайда, егер біздің үкіметімізге олардан бірнәрсені талап ету қажет болса, онда олар бой тасаламайды.

Тарбағатай арқылы асып, жол жүру жөнінде. Ең белгілілері (әдеттегі, сауда жолдарында) – К ү т е л және С а й - а с у. Біріншісі Аягөз, екіншісі Көкбекті жолында. Күтел бәрінен ыңғайлы және оңайырақ: тік өрлеу мен құлдилау жоқтың қасы, ал Сай-асу мейлінше қиын (өр өте үлкен), алайда, тіпті жүк тиелген арбалармен де өтіп жатады (шағын арбамен). Күтел, әрине, ең қолайлысы, бірақ, керісінше, көпестердің сөзіне қарағанда, Сай-асу арқылы жол, оған дейін және одан кейін тегістеу әрі жақсырақ; бір ғана асу, сонымен іс бітеді. Содан кейін тағы Ш а ң ғ ы р а қ - а с у, С у - а с у және Қ ы з - а с у және басқалары бар.

Біз Күтел мен Сай-асудан мейлінше алыс болғандықтан, бізге соңғы үшеуінің ішіндегі қолайлысы деп Су-асу арқылы жүруге кеңес берді: оның үстіне қорқынышты құлама, сондай-ақ құлдилауда өте қиын. Жүк теңделген түйелермен, қиын болса да, өтуге болады, ал арбамен өту мүмкін емес. Егер осы асулардың барлығын батыстан шығысқа ретімен қарай санаса, онда 1-ші К ү т е л, 2-ші Ш а ң ғ ы р а қ - а с у, 3-ші С у - а с у, 4-ші Қ ы з - а с у және 5-ші С а й - а с у*[2].

30 маусым. Су-асуға шығатын өр. Үш сағат көтерілдік. Түйелерге де ауыртпалығы аз болмады. Зорға көтерілді. Биікте – қырғыз-түмендердің киіз үйлері. Көп жерлерде қар жатыр (солайынша ерімейді). Биіктен қарағанда, ғажайып көрініс көз тартады және де сонан соң, ең биігіне жеткенде, сай арқылы Шәуешекке (қытай жағында) қарай алқаптың кейпі одан да әдемірек. Захаровтың арбасымен өте қиын болды. Төмен құлдилаған кезде аударылып қалды, сәл болмағанда, төменге ұшатын еді. Өзімізге қарай бірнеше сажын (құлаш)

*[2] Күтелден Шәуешекке дейін, мүмкін, 150 шақырым я сол шамада, ал Сай-асудан, оны асып өткенімізде, – барлығы 60 шақырым. Егер Сай-асу арқылы емес, Хабар арқылы жүретін болсақ, Көкпекті даңғылы арқылы жолды қысқартуға болады. Онда 50 шақырымға айналады. Алайда саудагерлер онымен жүрмейді, өйткені өр өте тік (Сай-асудан тіктеу); ылди сай-шатқалмен емес, қия беткеймен өтеді. Салт атпен жүргенге жақсы. Хабардан Шәуешекке дейін 25 шақырым.

тартып, және осында кішкене төмен түсіп, (түнеуге) тоқтағанымыз жақсы болды, әйтпесе ары қарай бірнеше шақырымға созылатын саймен төмен түскенде, арбамен жүру мүмкін емес еді. Бұл Тарбағатай арқылы өтетін жол (өр мен еңіс), – тура жарты күнге айналатын еді, яғни оңтүстікке қарай (және басқалары да бір Күтел ғана емес біраз шығысқа қарай тәрізді көрінеді).

Сөйтіп, Тарбағатай бойымен, оның солтүстік еңісімен жүріп, – тек шығысқа қарай бағытпен жүріп, оған жеткенімізден бері, – біз, осы тау жотасымен асып өту арқылы, оңтүстікке бұрылыс жасадық, жотаның тура биігіне – түнеген жеріміздің бірнеше құлаш жерде қар сілемдері жатты, шамасы, ол бүкіл жаз бойы ерімей, қысты күтіп жататын сияқты. Түнде біздің **кезеңнің?** сипаты керемет тамаша болды: ай (өзінің алғашқы ширегінде) барлығына бір ғажап сәуле төгіп тұрды, ал бізді айнала қоршаған жартастар, төбелер, түрлі таулар, үстінде қырғыздардың киіз үйлері, жанымыз – жылғалардың шуы, дұрысын айтқанда, ағын (оның жанында біздің киіз үйіміз болды), алда – төмен қарай сай, оған біз барған сайын төмендеуге тиіспіз, – жалпы, таңқаларлық жабайылық. Жер бүкіл Тарбағатайдағы сияқты шөпке шүйгін болды (жалаңаштанған таулар аз, барлығы желекке оранған).

1-ші шілде. Аса қиын асу. Барлығы сай-шатқалмен, 10 немесе одан да көп. Жылғалар алғашында шағын да, одан ары қарай (басқалармен қосылғаннан), түрлі ағыстардың ағыл-тегіл құйылуынан қатты ағынға айналады. Ол бүкіл сай-шатқалға созылатындықтан, біз одан жүз рет өттік. Арбаны бұзып, барлығын түйеге теңдедік. Оны алып жүруге ешбір мүмкіндік болмас еді: өйткені атпен қиналып өтесің, ал түйе үшін бұл нағыз азап: барлық жерде дерлік тас (аттардың тұяқтары жарылып кетті), тасқын судың тереңдігі соншалық – аттар аяқтарын әрең алып басады; ағынының қатты кезінде қарасаң, құлап, барлығымыз судағы тасқа жығылатындаймыз; ал одан кейін тасты еңіс пен өр, өйткені біз, бірнеше сағаттар бойы осы шатқалмен жүрсек те, – төмен түсе бердік, алайда кейде – шағын ылдимен жүруге, ал кейде кенет төменге қарай түсу қолайлы болды, және бұл сұмдық тастармен ылдилаудың қандай қиын екенін ойлап көрудің өзі қандай; кейде үйіңді әрі тар соқпақпен жүруге тура келді, олармен аса қатты тас ағындары жүріп, – бәрінен бұрын малға, әсіресе, теңделген түйелерге қиын болды; байғұстарды төпелеп, неше түрлі нәрселермен, айғаймен де, үілдеп те, қамшымен де түртпектедік. Басқа жерде кез келген түйені осылай төмен түсіру немесе ағын арқылы өткізу – өз алдына әуре-сарсаң. Қиындықтың аяқталуына қарай найзағай жарқылдап, нөсер жауды; жол суға толып, табанымыз тайғанақтап жатты, ал түйелер үшін бұл ең қиыны. Қайта біздің бақытымызға

қарай, жаңбыр шатқалдан шығуымызға екі шақырым қалғанда ғана басталды. Біздің бәрімізді шетімізден суға малшындырды (Мені ергагым қорғап қалды). Осы жабайы шатқал арасынан тағы да екі жерден қырғыздардың (туминдердің) киіз үйлерін үшыраттық; олардың отарлары тау еңістерінде жүрді, ал олардың киіз үйлері ең төменде, шулы ағыс жанында болды. Мұнда шөптің түр-түрі өте қалың. Үнемі ылғалдан арылмайтын өсімдік қаулап өскен. Ауа қоңыр салқын бір хош иісті сіңірген; шатқалдың соңына қарай (үш шақырымда) ағаштар көрініп, олар біз жақындаған сайын көбейе бастады. Соңша уақыт (Семейден шыққан уақыттан бері, өйткені Аягөзде үлкен ағаштар жоқ) ағаш көргенім жоқ, біз оларға туғанымызды көргендей қуандық. Олардың көп бөлігі көктерекке ұқсас жай ғана терек, алайда басқа ағаштар тым тік әрі бұтақты. Сондай-ақ әр жерде мойыл да бар.

Жазыққа шыққанымыздағы қуанышымызда шек болған жоқ. Мал, менің ойымша, бізден де разы болғандай. Алдымыздан тағы да далаайқара ашылды, бірақ ол жылырақ, көңілдірек әрі жайдарырақ. Шатқалға кіреберіс жер ерекше көркем, ағын шығар ауызға қарай шағын өзен түрінде түзіледі; оның бойымен топтанған ағаштар шашыраңқы орналасқан, тау алды құлама шағын ормандар үшырасады. Өсімдікке де өте бай. Түрлі шөптер мен гүлдер толып жатыр; әсіресе, қара бидай (mauves); олардың ақшылдары тіптен керемет.

NB. Жалпы, Тарбағатайдың оңтүстік еңістігін (осылай аталатын, қытай жағында) топырағы, өсімдігі, сондай-ақ суының молдығы жағынан аса бай деп айтуға болады, өйткені мұнда Тарбағатайдың әр түрлі шатқалынан шығатын сулар солтүстік еңісіндегі сияқты енді жылға емес, шағын өзен түрінде (олар тауда жаңбыр жауған кездерде) кенет ұлғайып кетеді.

/6а/ Шалғын ғажап, шабындық жерлер қайда болса да, керемет болатын еді; жалпы елді мекендерге барлық жағдай бар; және бұған дәлел осы жағында түрлі жерлерде қырғыздардың егістіктері бар (олардың жалқаулығына қарамастан); жалпы, барлық жер егістікке жарамды бола алар еді және тағы бір маңызды жағдай, осы оңтүстік жақтағы шатқалдарда барлық жерде дерлік орман (Су-асудағыдай сайға енерде де); әсіресе, орман Үржарда мол: бұл – Шәуешекке барар жолдағы терең сай, егер Аягөзден Күтел арқылы жүретін болса (Күтелден өте бере, оңтүстікке қарай ізге түскенде). Қытайлықтар бұрын мұнда кейбір жерлерде ағаштарды кесіп тастаған (Су-асу шатқалында және басқа тау маңайындағы жерлерде) [Біз олардан кейін түнеген Бөктір өзенінде тіпті олардың жер кепелерінің орындарын көрдік; олар мұнда (ағаштан) көмір өндіруге келген, олардың да қалдықтарын тағы тауып алдық].

Біз келе жатқан шатқалда қырғыздардың киіз үйлері

көбірек болған деп айтады, бірақ олар, олардың арасында таратылған жалған сыбысқа қарағанда, 2 мың адам орыс жасағы келе жатыр деп, басқа жерлерге қоныс аударуға асыққан көрінеді. Осыдан да біз жазыққа шығар ешбір жерде қырғыздардың жылжымалы үйлерін үшыратпадық. Сайдан шығатын жерде бізді тағы да қатты жаңбыр суға малшындырды. Біз осында (сайда шыға беріп) солға, яғни тағы да шығысқа қарай бұрылдық та, осы бағытпен бұрынғыдай Тарбағатайдың солтүстік жағына жүргеніміздей, яғни оның бойымен, тау жоталарын енді сол жағымызға алып жүрдік.

Тік жар емес бөктермен жүрдік. Әр жерлерде күлпынай орасан мол әрі әбден піскен (ал солтүстік беткейінде енді ғана гүлдеп келе жатқан сияқты не әлі көк) (өзен бойында сол сияқты қожақат та көп). Шатқалдан ағып шыққан тағы бір шағын өзеннен [біз жүріп келе жатқан саймен аттас] (Су-асу өзені сияқты) өттік.

Ақырында, (Қыз-асу шатқалынан ағып шығатын) Жидебай өзеніне тоқтадық [я біз өткен бұл өзен осы шатқалдан ағып шығатын тәрізді]. Су-асу шатқалынан сағат бірден бастап жүріп келеміз; ал түнеген жеріміздің барлығы 6-ақ сағат, бұдан мен біз сай-шатқалмен тым баяу, минут сайын тоқтап жүрдік, — 15 шақырым жүрдік және сайдың өзі 10 немесе 12 шақырымға созылады.

Біз тоқтаған Жидебайдың ағысы өте қатты. Біз осында бұл жерлер үшін мүлдем әдеттегі жай саналатын құбылыстың куәгерлері болдық; әрең дегенде өзеннен өткеніміз сол еді (жаңбырдан кейін), ол кенет тауда жауған жаңбырдан бірнеше минуттар ішінде жылғадан кейде тек жүзіп өтетін үлкен өзенге айналды. Біздің кейбір кешігіп қалған түйелеріміз әрең өтті, ал қойларды кешке дейін өткізе алмадық (су қайта кері қайтқанша). Біздің түнейтін жеріміз тым көңілді болды: біздің киіз үйіміздің жанында — шулы өзен, оның о жақ бұ жағы — көленкелі ағаштар, құлама бөктерлер бойымен тағы да жас шағын ормандар бар. Біздің келіп жеткенімізде, әлі түскі сағат 2 еді. Ауа райы тез түзеліп кетті. Бұлт мүлдем ыдырап, қайтадан күн жарқырады; кешкі шақ тамаша болды. Келген бойымызда киіз үй (біздікінен басқа татар Абдрашидта тағы біреуі болды) мен шатыр (Овечкинде) құрдық. Қазір адамдардың шай қамдау қарбаласы басталды. Қой сойдық; бауырсақ пісіре бастады. Қалғандары кептірінді.

Мен шай алдында жуынып алдым, су өте суық, судың ағынының қаттылығы соншалықты, ағызып кетпес үшін тастан мықтап үстап тұру керек. Содан кейін біз барлығымыз шай іше бастадық; барлық қиындықтар естен шықты; қуанып, көңіл-күйіміз көтерілді. Қиындықсыз өмір де жоқ, жер бетінің рақаты да жоқ. Маған адамдар күлпынайдың қалың жерін тауып берді.

2-ші шілде. Тағы да даламен, шағын бөктерлермен, Тарбағатай бойымен шығысқа қарай түрлі өзендер арқылы жүрдік. Табиғат соншалықты бай, керемет шөп, ендігі жерлердің барлығы ашық, алаңқай бөктерлермен, – нағыз дала. Құлпынай, қойбүлдірген қалың. Қырғыздардың сыртынан аңду. Алыстан 4 адам көрінді, біз оларды ұры деп қалдық, өйткені керуенге қарай тура жүрген жоқ, бізден аулақтаңқырап, шоқылардың бойынан көрінді. Біз олардың соңынан жүрдік, бүкіл керуен толқи бастады; шоқылардың артында олар көптеп жасырынып жатыр, ал мыналары тек жансыздары деп ойладық, оның үстіне біздің екі қызметшіміздің (Абдрашидтің) екі аты жоғалып кетті, сол уақытта олар бір жерде аялдап қойлармен бірге тоқтапты, ал өздері үйықтап қалыпты (кейін, бірақ, аттардың өздері қашып кеткен болып шықты, оларды бірнеше сағаттан кейін ұстап алдық). Сол уақытта біз арттарынан қуған 4 адамға да жеттік; олар біздің қарулы 3 адамымызды енді тым жақын қашықтықта көргенде, өздері бізге қарай жақындады. Олар даланың ана жер, мына жерімен жүргендерін, тауар, азық-түлігімен бірге тең жоғалтып алғандарын, соны іздеп жүргендерін айтты. Олардың біреуі біздің округтерімізде тұратын (сонда қашқындар қатарында жазылған, бұрын да және тіпті қазір де, онда мұны жасау мүлдем оңай) татар болып шықты. Әрине, біз олармен бейбіт адамдар сияқты дұрыстап сөйлесуге тиіс едік.

Айтқандайын, бұл сияқты дабылдар мен қуғындар немесе біздің тарапымыздан бір жерлерде көп, не аз мөлшерде (әдетте, үш-төрт адам, ал кейде он шақтыдан) үшырасқан күмәнді адамдардың соңына түсу – сирек болған жоқ және көпшілік жағдайда олар біздің тарапымыздан батылдықты көріп аулақтап, жасырынып қалды, ал кейде, жаңағыдай бейбіт түрде келетін. Біздің керуенімізде 15 адамның ішінде төрт орысымыз бар тобымыздан ең бастысы батылдық пен сергектік байқалып жатты, ал қайсы жерде бір орыс, – қырғыздық өзін екі есе батыл сезінеді; оның үстіне, біздің көп бөлігіміз қаруланған болатын. – Николай мен Иван Овечкиндер – керемет шабандоздар.

/8а/ Таңертең $3^1/_2$ сағат жүріп өтіп, Қатын-су өзенінде (бұл Сай-асу өріне жақын Қытай жағындағы Қатын-су емес) аялдадық. Бұл өзеннің де ағысы тым қатты әрі суы суық. Мен онда екі рет жуындым. Енді даламен; Захаров қайтадан арбамен келеді (ол Сай-асу арқылы өткенде түйеге мінген). Науқас та (Иван Овечкин) оңалды. Бұл адамдардың мінезқұлқы қызық: қатты қызба ауруына душар болды, оны әрең тоқтаттық (жиі-жиі іш жүргізетін үнтақ беріп, бастан қан алды, мұны бір қырғыз жасады), тек содан кейін ғана біраз жақсы болды, бауырсақ (қойдың майында пісірілген) жеді; аурудан аяғы жүрмей қалған дерлік еді (қызбадан кейін әдетте

болатыны сияқты), – әрең қозғалды, – ал сол уақытта Сайасу арқылы асып өткен кезде (тауға және бүкіл шатқалға) – жас жігітті атқа мінгізген едік, ол осы сұмдық жаман жолдың барлығын атпен жүріп шыққан еді, – енді қазір де атпен жүруді жалғастырып келеді және де мүлдем ауруынан айығып кетті (ал 5 күн бұрын ғана өлім аузында болды).

Қатын-суда үш не төрт сағат кезінде тұрып, күндізгі сағат 5-те қайта жүріп, сағат 8-де осы күні 30 не 35 шақырымды жүріп өтіп, Көктерек өзенінің жанына түнеуге тоқтадық. Көктеректе кешке суға түстік. Су мейлінше жылы әрі таза. Күн барынша ыстық болды да, бұл уақытта суға шомылу нағыз рақат еді.

3-ші шілде. Ертеңгі сағат 9-да жолға шықтық. Күн одан да ыстық. Ендігі жерлер біздің ашық даламызға үқсай бастады. Қалың көкорай шалғындар артта қалды; бар жерде шөп, жалаңаш дала жоқ, бірақ соншалықты мол емес әрі соншалық көк емес.

Біз басында Көктерек ағысы бойымен мейлінше ұзақ жүрдік. Әр жерде қырғыздардың егістіктері бар, ал қалған жерлерде – тастап кеткен егістіктердің орны, ол егістікті суғару үшін өзеннен жүргізілген арықтардан байқалады. Олардың егістіктері үнемі өзендердің қасында не жылғаларда. Басқаша болуы бұл жерлерде мүмкін емес. Өңдеу, яғни күтіп-баптау аз еңбек емес (су жүргізу, суғару, ору және с.с.). Тары мен бидайды көп себеді; алайда, біз, қырғыздардың қоныстарын көрмедік. Шамасы, орыс казактарының келетінінен қорқып, олардың көп бөлігі ары көшіп кеткен сияқты. Мұнда енді байжігіттіктердің қоныстары (бізге де және ешкімге де тәуелді емес). Өткен түнде және де, бізге екі ит келді, бұған қарап алыс емес қашықтықта бір жерде киіз үйлер болды деп түжырым жасауға болады.

Жолда көп жабайы қарасора көп. Жабайы қара бидай да бар деп айтады.

Біз тағы жолсыз даламен құстай үшып жүріп келеміз. Шыжыған ыстық. Жолда бір өзенге шомылып алдық. Тағы да топ қырғыздарды көрдік (алыстан, 10 адам), олардың бізге жақындауға батылдары жетпеді де, көп өтпей жасырынып қалды. Бәлкім, бұлар осында біздің жолымызда кездескен өздерінің егістіктеріне қоныстарынан келген қырғыздар болуы мүмкін.

Біз енді Бақты тауына қарай бағыт алып жүріп келеміз, онда қытай пикеті бар, ар жағында 30 шақырымда – Шәуешек. Бұл тау бізден оңтүстік-шығысқа қарай, ал Тарбағатай әлі біздің сол қол жағымызда, шығысқа қарай тура бағытта. Оның шыңдары және осы беткейіндегі кей жерлерін қар жапқан. Бұдан оның қандай биік екенін аңғаруға болады.

Таңертең 20 шақырым жер жүріп өттік. Егістіктерді суғару үшін жүргізілген арықтың (ал мүмкін бұл жай жыра да шы-

ғар) қасында аялдап, дем алдық. Оның бойы – тары егістігі. Жырада біздің бір түйеміз батып кете жаздады; жыраның қасында жатып, аунағысы келсе керек, түсіп кетіп, шыға алмай қойды; сосын шығарып алдық.

Түстен кейін тағы 15 шақырым жүріп, жырашық маңында тоқтадық; қытай пикетінен 30 шақырым жерде. Сонда Шәуешектен далаға қайтып келе жатқан керуенге жолығып қалдық. Онда Сарықожа мен Төреқожаның үлдары болды. Ендігі жерлердің шөбі нашар.

4-ші шілде. Таңертеңгі сағат 8-ден аттандық. Жердің шөбі жұтаң. Өзенде қоныс аударып, көшіп жүрген қырғыздармен (байжігіттіктермен) үшырастық. $3^1/_2$ сағат жүрдік (демек, 20 шақырым жүрдік) те, дем алуға жылға (ор сияқты) не жыра маңында және байжігіттіктердің ауылдарында – ойпаң мен жылғада аялдадық. Осы жерден қытай пикетіне сағат 4-те аттандық.

Тоқтап тұрған кезімізде қырғыздар қаптап кетті; олардың ауылдары бізден бірнеше сажын (құлаш) болса да; бірақ бүзауға мінсе де, әйтеуір ешкім жаяу келмеді. Біреулері түйемен, басқалары атпен, ал көпшілік бөлігі өгіз, сиыр және тайыншамен келді. Тек әйелдер ғана өздерінің айрандарын көтеріп жаяу келді.

Біз осы жерден енді қытай қарауылы Джигирмэге (біз аялдаған жерден 15 не 20 шақырым жерде) аттандық. Таңертең бізге түнеген жерімізден мұнда емес, басқа қарауылға немесе біршама жақын Бақты пикетіне (сол таудың атымен аталған) жүруге болатын еді; алайда біз Джигирмэге керуендер көбірек тоқтайтын болған соң, солай қарай бағыт алдық.

Бізбен келе жатқан татар Абдрашид ауылда (жанында біз демалған) өзінің жылқыларының жартысымен бірге қалды. Ол олардың тек жартысын ғана (он шақтысын) Шәуешекке жіберді, егер де барлық табынды жіберсе, онда олардың жақсыларын қазынаға алып және де олар үшін жеке сатып алушыларға сатуға болатын бағадан төмен беретін еді. Ал егер аздаған бөлігін айдап апарса, қазынаға ешнәрсе алынбайды. Ал қойдан салық ретінде жүз қойдан бір қой алынады.

Қарауылға келіп жеттік. Қарауылда кім ахалакшы (старшина немесе керуенбасы сияқты өз ішімізден сайланған өкіл) деп сұрады. Ахалакшыға Григорий Никитич Захаров аталды, ол қытайлықтарда Гургур атымен мәлім.

18-ші шілде. Шәуешектен шығу. 15 шақырым жүрдік; Көктұмадағы Дүлембай сұлтанның ауылдарына тоқтадық. Сұлтаншадан – қымыз және жылқы еті. Көпес – татар Шарафи. Дүлембайда (Пулат) тұрып жатқан, орыс тілін білетін татар (шамасы, қашқындардан болуы керек) Молда әрі бас кеңесші ретінде тұрады. Үш күн болдық.

21-ші шілде. Сұлтанның ауылдарынан осы 21-і күні, түстен

кейін аттандық. 12 шақырым жүріп, ауылдардың маңына тоқтадық. Суды қазылған құдықтардан алдық (нашарлау).

22-ші шілде. Таңертеңгі сағат 7-де шықтық. $5^1/_2$ сағат (үлкен қамыстар, қалың шөп) жүрдік; Емел өзенінде аялдадық; күндізгі сағат 4-те аттандық; тағы да $6^1/_2$ сағат жүрдік (бір шетте қырғыз ұры-қарыларының тобы; шабуылдауға батылдары бармады), – сағат 10-да не одан кешірек қырғыздардың егістіктері бар ауылдарға келіп жеттік. Бұл күнгі жүріс өте ұзақ болды (барлығы 60 не 70 шақырым болады). Қалжырап шаршадық.

23-ші шілде. Таңертең аз уақыт демалдық. Егістіктерді көрдік. Файзулламен бірге аң қарадық, 3 күр атып алдық.

/18а/ Мәліметтер

(Шәуешекте жазылған)

Шәуешектегі сауда механизмі. Орыс тауарлары жалпы тез өтеді (оларға сұраныс үлкен) және қытайлықтар тарапынан жақсы бағаланады; бірақ тиімді сатыла ма – ол басқа мәселе. Барлығын дабымен әрі өте тиімді (кейбір нәрселер тіптен тиімді) бағалап, содан кейін ендігі жерде өз тауарларын дабымен емес, басқа тауармен айырбасқа (оларды шамасы келгенше аз беруге тырысады, бұрынғы даудың бастысы сол үшін – бағаларының үйлесімі болмай қалмауы үшін орын алған, өйткені дабы да бұл өлкеде көп таралған ақша), көбінесе байха шайын береді, яғни беруге тырысады. Орыс көпестері және басқалары оны алмайды не мүмкіндігінше аз алуға тырысады, өйткені бұл шай оларға қымбатқа түседі, қытайлар тарапынан қымбат бағаланады (баж салығы, жеткізілуі бар, оның үстіне, Ірбітте жеткізілуін айтса, сол шамалас бағада шығады).

Осылайша, өз тауарларын, шамасы, өте тиімді (үлкен олжамен) өткізеді, егер оның бағасын тек дабымен есептейтін болсақ, шындығында, оған керісінше жағдай жиі шығады, егер қытай тауарына айырбасқа алынған тауарлар қатарында шай көп болса (ал шайсыз, яғни шай бермей қытайлықтар орыс тауарларын алмайды).

Шамасы (бұл сауданы білмейтін кез келген адам үшін), қызық жайт, олардың әрбірі қытайлардан бізде (Ресей ішінде) мүлдем жоқ немесе аз тауарды (дабы, кірпіш шай) алуға тырысады, ал бізде барлық жерде жүретін бірден бір тауарды (байха шайы) алмайды немесе еріксіз алады.

Кедергі жасайтын себептер. Жалпы бар мәселе (осы сауданы тиімді жасау үшін) шайды арзанға алуда тұр, бұл оңай нәрсе емес. Бірақ, әрине, Шәуешек саудасының жаман жағы тек мұнда емес; тағы да толып жатқан басқа да жағдайлар

бар, олар ниеті түзу көпесті (тіпті дұрыс приказшикті) Шәуешекке не де болса, бармайтындай етеді.

Шәуешектегі сауданың сипаттамасы (қысымшылық және басқалары). 1. Баж салығын аз алса да: 10 дана үшін 1-еу, ол да жайдан-жай емес, жарты бағасы*[3] беріледі, алайда есесіне барлық нәрседе толық еркіндікке иеленеді; не алғысы келсе, алады; егер ұнайтын болса, барлығын дерлік алып кетеді.

2. Майтазда – нағыз айқай-үйқай, гоморр; пақтаузға адам сыймастай толып кетеді (кеден қызметкерлері де, көпестер де, жай теңселіп жүргендер де); кез келген алады, көреді, қазбалай сұрастырады; қуып жіберуді ойлай да алмайсың, әсіресе, кеден қүйыршықтарын. Кейбіреулері осылайша, жоғалып та кетеді. Кеденшілер сұрай береді, сұрай береді, өтініп, өтініп қояды.

3. Майтазда қоймаға аса қолайлы жерлер мынандай: бұрыла алмайсың және олардағы бар орын 6-7 (бұдан және де, әкелінгендердің көбісі жойылып кетеді).

4. Барлық саудагерлерді осылай аталатын қорғанға (керуен-сарай сияқты) жауып тастайды; бұл балшық қабырғамен жүргізілген 2 десе (десятина, жер ауданының 1,09 гектарға тең жер өлшемі) шағын жер, осында барлық сауда жасаушылар тоқтайды, бірақ мұнда тауарларын әкелмеулері тиіс. Осы шағын жерде 200 (кейде 300) (біз болғанда 100-ден) шана болады. Мұнда адамдар да және олармен келген мал да (сатылмайтын) – түйелер, қойлар, жылқы, есектер де тұрады. Қапырық, сасық иіс, ыстық; ал кешке қалай ас қамы басталады, – қара түтін мен күйе болатыны соншалықты, тек көзің ғана қалады, тыныс ала алмайтындай жағдай орын алады. Біз болған кезде тек түйенің өзі 500-дей болды. Күндіз оларды жайылымға айдап жібереді, ал кешке кері айдап қайтады. Адамдар да күндіз шығады, бірақ түнге қарай барлығын бірге жауып тастайды. Және де күндіз бірден бір шығатын жер – елді мекенсіз дала, ондағы көз қуаныш – жалғыз ғана өзен; қытай қаласына басқаша жұмысың болмаса рұқсат жоқ, алдын ала өтіну керек. Түрғынжай, әрине – киіз үй, мұнда басқасына ие болу мүмкін емес. Қандай тәрбиелі керемет адам мұндай келісімге бара алады және өзінің қолайлы жағдайларынан айырады.

5. Бірақ бастысы – сол, тек қытай шенеуніктеріне ғана емес, тіпті кез келген құйыршықтарға да мүлдем бағынышты боласың: кез келген саған сөйлей алады, кез келгені үрып тастай алады (түкке түрғысыз біреу киіз үйге рұқсат сұрамай еніп іске араласады, барлығын ұстап көреді, қызғанышпен қарайды). Қытай билігінің сауда жасайтындармен толып жатқан дөрекі қарым-қатынастарын санауға болар еді; м ы с а л ы,

*[3] Оның үстіне, барлығына жеңіл-желпі қарайды.

осы жылдың көктемінде бір өте бай ташкенттікті — Балтабайды — кілті Семейдегі өзінің приказщигінде қалған сандықты ашпағаны үшін таяқпен ұрып, тақтай кигізген.

Өткен жылы Өскемен көпесі Жигаловтың приказщигі Еслимді кеденде тауарларыма аз берді деп айтқаны үшін сәл болмағанда, сол жерде сабап тастайтын еді. Кеден бастығы оны тізерлеп отырғызуға бұйырды да, жанына ұзын қамшы қойды; ол жылай бастады, осынысымен голдайдың рақымшылығын алды.

Тіпті менің көзімше бір жағдай болды; тіпті қаладағы емес, барлығы жүретін жақтағы диірменді көруге кіргеніміз үшін, менің приказшигімді шақырып алып, оған дүре соғатындарын айтыпты; тіпті қамшыны да әкеп қойыпты. Ал бұл қытайлықтардың жайын біліп, қорықпапты, барлығын қалжыңға қабылдайды және сондай-ақ үш рет голдайдың алдында тізесін бүгіп тұруы керек және ол кетіп бара жатқанында таңертең оған 50 қамшы дүре соғуларын тапсырыпты. Көпшілігі, әрине, олардың тараптарынан қорқыту үшін айтылады, дегенмен іс жүзінде жасалмайды, бірақ бүкіл сауда қауымы алдында айтылады, демек, барлығының көзінше қорқытады (бұлай тағы ресейліктермен де болады, оларға басқаларының алдында анағұрлым жақсырақ түсіндіреді, ал басқаларын алғы тұспалдарсыз-ақ не болса, сонымен қорқытады).

Амбанның қабылдауында. 13-ші шілдеде амбанда болдық. Бір сағат күттіріп қойды. Барынша ізгі ниетпен қарсы алды. Отырғызды, дәм татқызды және т.с.с. Бірінші сөзі: «Мұнда орыстарға сауда жасауға рұқсат етілмеген, ал сіздер келдіңіздер» болды. Және де мұнысы мейлінше қалжыңға жақын, жұмсақ айтылды. Захаров тиісті жауабын берді, яғни оның және басқаларының көптен сауда жасайтындарын, оларға рұқсат беретіндерін, сондықтан менің де келуге батылдық танытқанымды, т.с.с. айтты. Амбан мұны аса мейірбандықпен тыңдады да, әзірленген дастарқанға отыруға шақырды, дастарқанда кепкен жемістер, бисквит, қытайдың тоқаш нандары және т.б. болды. Содан кейін шай ұсынды (сүт қатқан джинак шай); жалпы бізге дайындалғаны байқалады; амбаннің өзі макуадзда бас киіммен отырды. Сыйлықтарды көре бастады (2 шилан, моншақпен әдіптелген 2 әмиян, жұмсақ коленкор кесегі, кенеп кесегі, 2 шөлмек шарап (мадер және портвейн) жарты бас қант және тағы бірнеше алтындатылған шыны аяқ пен шәугім, Захаровтан (Гургур) аталған). Сыйлықтарды мақтады. Оған Күлжаға баратынымды айттық. Кімге тауар апаратынымды сұрады, Захар түсіндіре бастаған кезде; оның үстіне, әуелі тәжірибе түрінде аз әкелгенімді, менің Петерборда тұратынымды, Кяхтыда сауда жасайтынымды айтқанда, амбан мұның бәрін білетінін, барлығы туралы естігенін айтты. Бисквиттермен сыйлады. Мен Захаров арқылы сұрақ қойдым: ал-

дағы уақытта орыс саудагарлері Шәуешекке өздерінің ұлттық киімінде келе ала ма? Амбан бұған: «болмайды, өйткені Шәуешекте сауда орыстарға емес, әндіжандықтарға (ташкендіктер мен қоқандықтарға) рұқсат етілген, азиаттық киімдерде келсін» деп жауап берді. Жалпы, киімге қатысты жауапты теріс деп, ал саудаға қатыстыны оң деп қабылдауға болады. Қоштасар алдында бізге әзірленген сыйлықтарды әкелуге бұйырды: маған креп тәрізді қызыл жібек мата, тағы бір қызыл лянза және 2 жәшік шай; тағы да амбан оның сыйлықтары біздікімен орайласпаса да, оның бізге құрметінің белгісі ретінде қабылдауымызды өтінді. Захаровқа бір жібек мата мен екі жәшік шай берді. Содан кейін Файзолла туралы сұрады: ол кім, біз оның татар, менімен келген — менің приказщигім екенін айттық. Қоштасар кезде дастарқанда болғанның барлығын бізге салып беруге бұйырды; осының ақырында сол арада оның көзінше барлығын орамалға төгіп берді. Шыға беріп, бір тіземізді бүгіп, бірнеше рет тағзым жасадық (кірген кезіміздегі сияқты). Барлық жағдай жарты сағатқа созылды. Барлығы қытайша, жалпы, ізгі ниетпен әрі мұқият жасалды, әсіресе, оның көпестерді қабылдағанын саралайтын болсақ.

Алдымен, амбанға барардан бұрын біз голдайға, кеден меңгерушісіне, кіргенбіз (жақында ресми түрде кіріп-шықтық); ол барлық сыйлықтарды қарап көрген және тағы амбаннан келе жатып оған кіруге тиісті болғанбыз, алайда оны ұстай алмадық та, енді кеденге барып, сонда амбаннан бізге не сыйға тартылғанын, барлығын айтуға тиіс болдық.

Тағы бір кереметі, амбаннан келгеннен кейін жарты сағаттан соң бізді шығарып салып жүрген шенеунік (манжұрлық) келіп, амбан орыс көйлегімен келуге болмайды деп айтса да, онымен (орыс көйлегімен) және бастағы шашты алмай келуге болатынын айтты. Ол мұны оң қабақпен, амбанның өзі рұқсат беретіндей жұмсақ дауыспен айтты. Амбанның (болмайды деп айтқан) тарапынан басқа жауап күту де мүмкін емес еді, өйткені қабылдау көптеген шенеуніктер мен құйыршықтардың қатысуымен болған еді; алайда ол азиат киімінде келу керек деп түрып, басқа сөздермен тек азиаттық киіммен келіңдер дегенді жеткізді. Ал бұл бастысы оның өз аузынан осыған рұқсат алу деген сөз.

Ол өткен жылы тіпті Захаровқа былай депті, барлығына бірдей болмайды, ал екі-үш адам (ол екі-үш адам сол кездегі белгілі болған) орыс киімінде болса, бұл соншалық қиын нәрсе емес депті.

Қытай баж салығы (механизмі). Келетін көпестерден жиналатын салық (10-ынан 1 дана жарты бағасына) — еш қағусыз бетімен кеткен салық, яғни, ол қытай үкіметінің қанағатсыздығынан орнатылған, заңды емес. Мұны бізді амбанға апарған

қытай шенеунігінің өзі айтты. Оның сөзіне қарағанда, Майтазда баж салығы ретінде келетін көпестерден осылайша жиналған тауарлар амбанға (және жартысы голдайға) кетеді. Ол оны содан кейін Құлжаға жіберіп, сонда ақшаға айналдырады [оның өзі Құлжаның тумасы, сонда оның үйі және ержеткен ұлы бар; ал кәдімгідей шені бар басқа ұлы жақында оған Шәуешекке келді].

Қытай көпестерінен алынатын салық. Негізіндегі заңды салық бұл – қытай көпестерінен алынатын салық, яғни олардың келген шетелдік көпестермен ауыстырған тауарынан алынатын салық. Бұл салық дабыдан 4 фынаны (фына ассигнациямен 4 тиынға тең) құрайды, ол салық алу үшін шығарылған, қытайдың 5 мысқалына бағаланған, яғни 2 орыс сомы ассиг., 4 фына 30 ермакпен*[4] (чохпен) теңеседі. Демек, 30 чоха, немесе 16 тиын ассиг. 2 сомнан, 8 тиын ассиг.1 сомнан алынады.

Менен 6102 дабыға орыс тауарын айырбастаған Джан Джангуйда, оның сендіруі бойынша, 160 сари немесе 4 жамбымен барлық салығын жапқан сияқты.

NB. Шамасы, бұл асыра айтылған нәрсе (оның үстіне, олар салығын жабу үшін орыс тауарларын алға тартқан кезде өзгесін мүлдем көрсетпейді)*[5]. Сондықтан, бәлкім, бұл қытай көпесінде жария етілгенінде 6102 дабыға емес, одан аз дабыға белгіленген болар.

NB. Осы салық алынғаннан кейін қытай көпесіне түбіртек сияқты айырбас құжаты беріледі, және бұл салықтың барлығы жазылып, Пекинге жөнелтіледі (қазынаға түседі); оның барлығын күміспен алады (Пекинге жөнелту үшін алтынға айырбастауға тырысатын тәрізді). Джангуйданың сөзіне қарағанда, одан жылына 3 т. сари немесе 60 жамбыға дейін (әр жамбыда 40 сари есептеледі) салық кетеді.

Қытай саудагерлері қайдан келген. Шәуешектегі барлық дерлік саудагерлер Шаньсидан. Бар-жоғы үш тауар (екеуі маңыздырақ), қалғаны үсақ-түйек, ауыстырады. Олар да Кяхтыдағы сияқты сауда үйлерінен (компанияларынан) сатады.

Қойма орындары. Олардың кеңселері: Үрімшіде, Қашғарда, Яркендте, Ақсуда, Түрфанда және Шаньсида. Басты орындары Үрімшіде. Мұнда барлық қытай көпестіктері тауар сату және сатып алу үшін соғады. Джан Джангуйда Үрімшіні Шәуешекпен салыстырады, Шәуешекте 2 көпес болса, ал Үрімшіде 1 000 ірі көпес бар дейді.

---

*[4] Демек, фына 4 тиын асс-ға тең. Бұл жөнінде әрі қарай қараңыз.

*[5] Ал қайсыбірін көрсетсе де, арзанырақ бағалауға тырысады; мысалы, былай: бөз 140 дабқа сатылып алынса, 120 даб көрсетілген; нанка үшін бізге 11 дабтан төленді, ал ол 8 дабқа бағаланған және т.с.с.

Әкелінетін орыс тауарлары және олардың қайда таралатыны жөнінде. Әкелінген нәрселер, жеткіліксіз. Мұнда Кяхты шұғаларының да әкелінетіні тамаша. Бұл, шамасы, Кяхтыдан мұнда жететін бірден бір әрі аз көлемде келетін тауар (тағы да камлоттың жартысы, Джангуйданың сөзіне қарағанда, ол да кяхтынікі сияқты). Оның үстіне, бұл Батыс Қытайдың орыс тауарларына деген сұраныстарын Шәуешек пен Құлжаның соншалықты қанағаттандырмайтындарына дәлел болады (Әрине, Қашғария мен сол сияқты жерлердегі өтімділігі үшін, Үрімшіге шұғаны жетімсіз әкеледі).

Біздің **коленкорымыз** Шәуешектен Қашғарға (Қашғарияға) өтеді, ол мұнда орасан көп көлемде қажет етіледі, сондықтан біз өзіміздің шамамыз келетін ондық үлесті де жеткізе алмаймыз: қытай саудагері (менен орыс тауарларын сатып алған) Үрімшіге бір көпестің 4 т. тең (әр теңде 15 данадан) ағылшын коленкорын және оның барлығын Қашғария үшін әкелгенін айтты.

Нанка (ол да зор мөлшерде талап етіледі) — Үрімшіге, Түрфан мен Қашғарияға.

Шұға — Үрімшіге (ол жерден Қытайға кетеді), Түрфан, ал нашарлары — Қашғарияға.

Тері — Харашарға (етік тігу үшін); барқыт Үрімші мен Қытайға өтеді.

Мен, көріп отырғанымыздай, біздің тауарларымыздың үлкен бөлігі Батыс Қытайда тарап кетсе де (Үрімші — басты сатып алынатын жері, көріп отырғанымыздай, едәуірі Қашғария үшін), алайда олардың жартысы Үрімші арқылы (Шәуешек саудагарлерінің өздері тарапынан) Қытайдың өзіне жеткізілсе, онда, мысалы, шұға, барқыт және басқаларының нақты қай жерде таралатынын сұрадым, жауап мынандай болды: барлық жерде, сондағы басты орындарда кяхты шұғасы және басқа тауарлар бар, ал егер Шәуешек тауарлары әкелінсе, онда түрлі шағын қалаларға әкетіледі.

Жалпы, қытайлық сонда Қытайда орыс кяхты шұғаларының бар екенін, ал ағылшындардікі аз екенін, ал коленкорға (коленкор деп, шамасы, миткальді, жалпы мақта маталарды және сол сияқты боялмаған тауарларды айтады) келетін болсақ, оның барлығының дерлік ағылшындық екенін айтты, сондай-ақ оның енділігі мен беріктігін мақтады.

Шәуешек пен Құлжа арқылы жететін біздің тауарларымыз, барлық пікірлерден көріп отырғанымыздай, негізінен Батыс (сырттан) Қытайда таралып кетеді және олар қажеттілікпен салыстырғанда, өте аз (оларға байланысты қытайлықтардың барлық сұраныстарын толық қанағаттандырмайды). Қанағаттандырмайды, сонымен бірге көп бөлігі қытайлықтарға арзанға түседі (егер біздің көпестерімізге мұнда, әсіресе, шайдың қалай арзанға түспейтінін ойлайтын болсақ). Әрине, егер кях-

ты бағаларындағы орыс тауарларына Шәуешек бағаларын салыстыратын болсақ, онда көптеген мәселеде олар біздің саудагерлерімізге тиімділік жасайды. Алайда, Батыс Қытайдағы біздің тауарларымызға деген сұраныста саралай келгенде, олар бұдан да гөрі тиімдірек өтетін еді де, шай кәдімгідей арзанға түсер еді.

Мұның барлығы нағыз көпестердің жоқтығынан болып отыр және олар көптеген себептерге байланысты да болмай тұр (егер барлығын қазіргі қалпында қалдыратын болсақ, онда олар болмайды да).

Ағылшын тауарлары. Мен одан Үрімшіге ағылшын тауарлары көп әкеліне ме? деп сұрадым. Мақта маталары көп; бастысы: коленкор (және миткал), сондай-ақ мақта орамалдар, шыттың жартысы және с.с. (және тағы камлот туралы айтқан сияқтымыз).

Сұранысқа қарамастан, камлоттың мұнда аз әкелінетіні аңғарылады, онда да оның әкелнуі өте қатты тапсырылады.

Шай. Мен қазбалап сұрадым: сауда үйі (Джан Джангуйданың Шәуешекте тауар сататын орны), өзінің кеңсесі немесе Фуцзянда шайды толайым сатып алатын делдалы (өйткені Шәуешекке жеткізілетін қара, байха шайының барлығы Фуцзяннан келеді) бар ма? Джангуйда онда тұрақты делдалдары жоқ екенін айтты, ал сонда шай сатып алуға баратынын айтты (бірақ, шамасы, негізгі үлесін Шаньсидан, сондағы Фуцзянмен қарым-қатынасы бар көпестерден әкелетін сияқты), сондай-ақ, Үрімшіге Қытайдан келетін көпестерден сатып алуы мүмкін. Бірақ Джан Джангуйда олардың үйі және Фуцзянда өз адамдары бар екеніне сендірді.

Барлық дерлік көпестер және Үрімшідегі көпестердің де (олардың саны онда 1000-ға дейін жетеді) – Шаньсидан екені тамаша.

Қашғарлықтар жоқ. Мен онда қашғарлықтар жоқ па деп сұрадым (Қашғария үшін тауардың көп сатып алынатындығына қарап). – Жоқ, – қашғарлықтардың мұнда келулеріне рұқсат жоқ, – сондықтан барлығын Қашғарияға қытайлық көпестер жеткізеді, олар бүкіл қашғарлық қалаларда қаптап жүр.

Апиын. Семейлік көпестер (ташкендіктер мен орыстар) апиынды афим деп айтады. Оның өткен жолы Ірбітте (татар Марзымның сөзіне қарағанда) бір пұты 650 және 700 сом ассиг.-дан сатып алыныпты. Ал Шәуешекте, қазір, оның айтуынша (және басқалары да растады), оны пұтын 4 жамбыдан (әр жамбыда 400 сом ассиг. немесе соған жуық) алады, 380 – 390 сом ассиг. жартылай тауармен қайтарды, яғни шаймен және канфамен, ал қалғанын күмістей қайтарды. Негізі оны қауіпке бас тіксе де, солай тез сатып әкетеді.

Оны жеткізеді, далаларда үстайды (қырғыз ауылдарында, мұнда Шәуешектен сатып алушылар келеді), ал Шәуешекке

тек жасырын түрде әкеледі. Мұның барлығы ташкендіктердің және Шәуешекте тұратын қайбір қағылған-соғылғандардың араласуымен жасалады.

Жүк жеткізу үшін төленетін бағалар (жүк тасушылықпен айналысатын сол татар Марзымнан алынған мәліметтер).

Семейден Шәуешекке дейін, егер сонда және кері қарай анықталған уақытқа (әрине, бүкіл жаз бойына емес) болса, — 4 сом ассиг. бір пұттан; ал егер мерзімге, яғни сонда болуға болса, мысалы, екі апта — $3^1/_2$ сом ассиг. Тасымалдаушылардың азығы — олардың есебінен және көпес мұны білмейді.

Семейден Шәуешекке дейінгі бір ғана жағына бір пұттан $1^1/_2$ ассиг. Ал Шәуешектен Семейге — 1 пұттан 1 дабы (және арзанырақ).

12 күнде Көкбекті арқылы (күніне 2 асудан жүріп өтеді, яғни 40 не соған жуық шақырым) жетеді. Бұл тасымалдаушы арбакештің өз сөзі. Ол 12 күнде жетеміз, сонда 5 күн боламыз, содан кейін 12 күн Шәуешекке кері жаңа тауарлармен (14 не 15 күн жолға жетеміз) қайтамыз дейді.

Аягөз арқылы 3 (я екі) күнге ұзақ, сондықтан да және де ана жол қауіпсіз (Шәуешектен Кутельге дейін) — Аягөз арқылы жүрмейді.

Сай-асуды (ылди) 2—3 шақырым жолды тазаласа, онда тіптен тамаша жол болады.

* * *

Жамбының бағасы. Қытай жамбысын дөңгелектеп $4^1/_2$ фунт (432 мысқал) деп шамалауға болады. Нағыз жамбыда, яғни заңдастырылған салмақта 440 мысқал (441 мысқал) — орыс ақшасына оны 400 сом ассиг.-ға жуық есептеуге болады. Ірбітте әдетте, 380 не 390 сом ассиг.-ға сатып алады. Ал мысқал 85 тиын ассиг.-ға шамаланады.

* * *

Шайдың бағасы. Егер шайды жамбыға сатып алатын болса, онда жақсы қарасынан (мен оған 165 дабы төледім) екі жәшігін жамбыға сатып алуға болады. Бұл сонда бір жәшік үшін 190 не 200 сом ассиг.-ға шығады.

* * *

Шәуешекте ірі көпестер көп пе. Менен тауар сатып алған көпестің есімі: Д ж а н (Джан Джангуйда. Джангуйда сөзі — қожайын (дегенді білдіреді). Бірақ ол сауда жасайтын немесе оның серіктесінің сауда үйі В а н - С и н - ю а н ь.

* * *

Басқа бір ірі көпес Ван (Ван Джангуйда) аталады, Ти-Си ин-си-ти компаниясының қаймағы — басты осы екі көпес,

біздің мануфактуралық тауарларымызды шайға және басқаларына сатып алады. Тағы да үшіншісі бар, соншалықты маңызды емес (Ли-Джангуйда). Міне, барлық негізгілері, ал содан кейінгі барлығы ұсақ-түйектер.

Содан кейін тағы қырғыздар мен татарлардан малға айырбастайтын бірнеше көпестер бар (Малға айырбастау үшін көпестер арасында кезек сақталады).

Бұл көпестердің көпшілік бөлігі Шаньсидан. Тіпті барлығының да сол жақтан болулары мүмкін, өйткені мен кімнен сұрасам да (ал мен көпшілігінен және беделділерінен де, ұсақтарынан да сұрастырдым), барлығы да Шаньсидан екендерін айтты. NB. Көпшілігі Шаньсидағы Син-джу (Синджоу) қаласынан.

/26а/ **Айырбасталған шайдың көлемі. Бірте-бірте өріс алу** (тарихқа қатысты). Джан Джангуйданың сөзіне қарағанда, қазір Шәуешекте байха шайынан барлығы төрт мың жәшік бір жазда (сауда кезінде) сатылып кетеді. Екі-үш жыл бұрын (не бес) 2 мың жәшіктен көп сатылған емес. Жалпы сатылып кете бастағанына 8 жылдан көп уақыт өткен жоқ. 1838 жылы Захаров 50 жәшік, ал 1839 жылы 200 жәшік сатып алды да, оны (Қазанда сатты). Бұл, шамасы, бұл тарап бойынша бір ғана саудагердің көп көлемде шай сатып алуының бірінші жағдайы болса керек. – Қытай көпестері жалпы 4-ші жылдан бастап келе бастағанын айтады. Үлкен жеткізілімдердің басына 1840 және 1841жылдарды жатқызуға болады. Бұрын тек бір сәбетшай (Ташкент үшін) мен кірпіш шай жүрді. Сәбетшайды қазір де толтырып алады, бірақ Ресей үшін бір фунт те алмайды.

Шай қайдан келеді. Джан Джангуйда мен Ван Джангуйданың сөздеріне қарағанда, – барлық байха шайы Фудзян*[6]-нан келеді. Олар өздерінің, яғни олардың сауда үйінің адамдары сонда шай сатып алу үшін баратындарын айтады (Ван Джангуйда енетін сауда компаниясынан алады, Фудзянда тұрақты делдалы не кеңсесі бар сияқты). Олардың сөзінен шайдың едәуір бөлігінің олардың тарапынан Шаньсида, үлкен көлемде шай сататын (Фудзянда Кяхта*[7] үшін орасан зор сауда жасайтын, тіпті Үрімшіде де Қытайдың ішкі жағынан келген көпестерден сатып алады, оның көпшілік бөлігі Шаньсидан) сондағы көпестерден қайта сату үшін сатылып алынатынын сеніммен айтуға болады.

Шәуешек пен Құлжадан Қытайға баратын жол. Шәуешекке

---

*[6] Барлық қытайлықтар Батыс провинцияларда Қытайдың өз шайы шықпайды, оның барлығы Фудзяннан, ал көк немесе (фучай) Ху-наннан (Хэ-нан) әкелінетінін бір ауыздан айтады.

*[7] Мен алған байха шайының бірі жөнінде Джан-Джангуйда оның Шаньсидан сатылып алынғанын айтты.

шайды жеткізудегі шығындар және салықтар, қытай көпестерінің сөзіне қарағанда, орасан зор: шай, Джан-Джангуйданың сөзіне қарағанда, Фудзяннан 3 ай сумен (өзенмен), екі ай түйемен (шамасы, Ганьсудан Үрімшіге дейін) және бір ай арбамен келеді. Арбамен жеткізу — Үрімшінің өзінен Шәуешекке дейін. Дегенмен, оның пікірі бойынша, Хамиден ұлы қорғанға дейін (мұнда құмды жер) тек арбаны жеңілдеп, сонымен жүріп жетуге болады. Жалпы, бұл, әдетте түйелермен жүріп өтетін жол да арба жүрісіне соншалық қиын емес [NB. Бір қытайлықтар арбалармен Үрімшінің өзіне дейін (Шәуешектен) қазір-ақ әкеліп жатыр].

/27а/ **Нор-Зайсан. Нор-Зайсан туралы** (Шәуешекке Көкбектіден келген отставкадағы казактың мәліметі). NB. [Бұл казак жыл сайын дерлік басқалармен бірге балық аулауға осы көлге келеді, оның барлық жан-жақтарымен жүрген, оны өзінің бес саусағындай біледі].

Оның сөзіне қарағанда, көлдің ұзындығы 80 шақырым, ал ені 60 шақырым (*дөңгелек дерлік*). Шығыс жақ жағалаулары шөгінді құмдардан таяз (өйткені жел Тарбағатайдан көбірек соғады, демек, Батыстан Шығысқа соғып және шығыс жағына қарай құмды үйеді). Батыс жағынан жағалаулар мейлінше терең.

Осында жүзуге де болатын еді, алайда ол дауылды болуына орай қолайлы емес, сондықтан тереңінде жүзу қауіпті*[8]. [Бұл оны, шамасы, казактардың балық аулауға әдетте, қайықпен (және де, 200 не 300 пұтты көтеретін) баратынына, ал онымен ашық теңізге шығудың қауіпті екенін меңзеп тұрған сияқты: кенет жел көтерілсе, көлде де қатты толқын басталады].

Нор-Зайсан, осы казактың айтуынша, Шәуешектен 80 не 100 шақырымға, ал Захаровтың пікірінше, 200 шақырымға кейін түр. Олар менің көзімше осы жөнінде дауласты, шамасы, осы арақашықтықты жүзден сәл көп деп шамалауға болатын тәрізді, ал көп болса 150 шақырым. Бұл және де егер Шәуешектен Тарбағатай арқылы Көкбектіге қарай бағытта /27б/ ташкендік Ауча қоныстанған белгілі пунктке дейін жүретін болсақ. Бұл пункт Шәуешектен 100 шақырымда, осы жерден бұрылған дұрыс; сонда көлге дейін 50 шақырымнан аз (ал барлығы, осылайша, 150 шақырымдай). Ал егер де Шәуешектен тура жоғарыға, не Қара Ертіске жүретін болсақ, онда 150 шақырымнан көп болады: Шәуешектен осы бір өзенге дейін 150 шақырым болады, ал одан ары тағы көлге жету керек. Алайда бұл жол (Шәуешектен Қара Ертіске дейін) қолайлырақ: Тарбағатайды асып өту керек болса да, мұнда ешқандай

*[8] Казак айтты: қайбір жағыңнан бұлт қаптағанын байқап қалсаң, онда дереу тезірек жағаға асық; күшті толқындар көтеріледі.

да биік өрлеулер мен ылдилар кездеспейді; десек те Шығысқа қарай еңістеу, сондықтан ары қарай ешқандай қиын асу болмайды: оны сезбестен өтіп кетеміз.

Нор-Зайсанның осы жақтарында қырғыздар қоныстанады; ана жағында да қырғыздар; бірақ көлдің өзіне жақын жерде осы батыс жағында олар жоқ (яғни, жақын маңда жоқ, ал шығыс жағында жақын жерінде олар бар).

Қалмақтар, дұрысын айтқанда, урянхайлар Қара Ертіс бойымен кәдімгідей жоғары қоныстанады, ал сағасына қарай олар жоқ.

/28а/ Жоғарғы (Қара) Ертіс аталмыш қазақтың айтқанындай, а л м а с а д ы, яғни кешіп өтетін тайыз жерлері бар және де жалпы, әр жерінде таяз, сондықтан да кеме қатынасына қолайсыз.

Төменгі, немесе Ертістің (біздің) өзінің бойымен шағын кеме (тіпті кәдімгілері де) жүре алады. Қазір енді онымен сағасының өзіне (және сол жерден көлге) тек балықшылар қайықтары (Нор-Зайсанды балық аулауға пайдаланып, Өскеменнен – Бұқтырмаға және өздерінің бекеттері орналасқан пункттерге жөнелтілетін қазақ әскерлерінің қайықтары) жүреді; бұл қайықтар 300 пұт (бұрынғылары 200 пұттан аспайтын болған, ал қазір одан көптерін қолдана бастады) көтереді. Бір ретте қайыққа бұдан көп мөлшердегі балық тиеліп еді, қазақтың айтуынша, аз әурешілік болмапты (NB. Және де қара, тағы ары қарай Нор-Зайсан жөнінде).

Ертіс. Бұқтырмадан Өскеменге қарайғы аралыққа келетін болсақ, онда кәдімгідей үлкен өлшемдегі*9 кеме мұнда жүре алады: осы аралықпен енді әдетте Зыряннан Өскеменге кен тасымалдайды және бұл кеме 8 т.-ға дейін пұттарды Зыряннан Бұқтырмаға дейін көтереді, бірақ онымен жүзу қолайсыз, сондықтан Ертістің өзіне дейін құрғақ жолмен кенді жеткізеді, ал Бұқтырманың сағасына жақын жерде кемеге тиейді де, осылайша, Өскеменге дейін жөнелтеді.

Балықшылар қайығы Ертістің сағасынан, яғни көлден Бұқтырмаға дейін (Өскеменге дейін емес пе) 8 күн, ал одан (жоғары) сағаға дейін 20 күн жүзеді.

Казактың пірінше, Шәуешектен Семейге тауарды су жолымен тасымалдаудың ешқандай есебі (ешқандай пайдасы) болмайды, жалпы қолайсыз; және басты қолайсыздығы (басқасын айтпағанда) арақашықтықта түр: Өскеменнен көлге дейін Ертіс бойымен, оның сөзі бойынша, м ы ң шақырымға дейін жетеді (ал таумен, яғни құрғақ жолмен, 450 шақырым). Тек көлге дейін, оның өзінде Өскеменнен – қандай арақашықтық!!! – Сол уақытта, Өскеменнен Көкбекті жолымен Шәуешектің өзіне дейін 400 шақырымнан аз (Өскеменнен

*9 Және Бұқтырмадан Нор-Зайсанға да бара алады.

Көкбектіге дейін 170 шақырым, ал Көкбектіден Шәуешекке дейін 200 шақырымнан аспайды).

Сонымен бірге, ең бастысы, Нор-Зайсан бойымен қауіпсіз. Және де Ертіспен оның сағасынан Бұқтырмаға дейін үлкен кемелермен жүзіп жету өте қиын (шамасы, NB. Қара. ары қарай). Тіпті Өскеменнен Семейге дейінгі жолдың оңай емес екенін көріп отырмыз, ал одан жоғары, әсіресе, Бұқтырмадан сағаға дейін одан тағы да жүз есеге қиын. Бұқтырмадан Өскеменге дейін өте шапшаңдығына орай қиынырақ, ал Нор-Зайсаннан Бұқтырмаға дейін едәуір аз жылдамдықта әрі түбі соншалық тасты емес – құмды.

/29б/ Және мұның барлығы ағыс бойымен жүзу жайын айтып тұр, ал жоғарыға қарай тіпті ойланатын да ештеңесі жоқ сияқты (Әрине, қиынырақ, алайда жоғарғы Ертіспен тіптен мүмкін емес).

Бұл – бастысы. Ал егер осының барлығымен бірге құрлық жолының қолайлылығын ескеретін болсақ, оның қысқалығы, шығынның аздығы және т.с.с. – онда бұл мәселені (Нор-Зайсанды тауармен жүзіп өту туралы) талқылаудың да қажеті жоқ сияқты.

* * *

Шәуешектік жаңа батыр-амбан осы жаздың басында (әлде көктемде, троицын күні қарсаңында) қытай пикеттерін тексеру кезінде балық аулап жүрген біздің бірнеше казактарды (көкпектіліктер) кездестіреді. Ол олардың қағаздарын сұрайды, – неге мөр қойылмаған, алдағы уақытта орыс басқармасынан мұндай билеттермен жүрмесін, – дейді. Ал біздің тарапымыздан балық кәсібі үстінен қарауға қойылған бақылаушыға – балық приставына батыр-амбан олардың иелігіне (яғни Нор-Зайсанға) қалай болса солай жүруге болмайтынын, ал казактардың мұнда балық аулауға арбамен баратындарын білдіріп өтеді. Бақылаушы бұрын солай болғанын айтып, енді осы кәсіп үшін салт атпен келуге бола ма деп сұрайды. Жауап теріс болмапты.

Бұрынғы батыр-амбанның мұндай жағдайларда (тексеріс кезінде) кәдімгідей сыпайырақ болғанын айтады, ол Көкбектіге жақын пикетке келе жатқанында біздің Көкбектідегі жасақ бастығын хабардар ететін, – ал бұл өз кезегінде оған әдептілік тұрғысынан әрі қытайдың маңызды ірі шенеунігі ретінде барып, жылы қабылданылатын. Батыр-амбан мұндай жағдайларда олардың патша ағзамдарының тату түрып жатқандарын, сондықтан ұрыс-жанжалдың қажет емес екенін; орыстардан еш жаманшылық көрмегендерін, сондықтан да оларға қытай иеліктерінде балық кәсіпшілігімен айналысуларына рұқсат етілетінін айтатын.

Біздің тарапымыздан Нор-Зайсандағы бұл балық кәсібіне

қазақ әскерлеріне (ал бұрын шаруалар да барған) құқық берілген. Казактар Ертіспен барады және де олардың негізгі кәсібі шығыс жағында сияқты (NB. Дегенмен де, көлдің барлық жерінен сүзеді) [батысында, Букон сағасына жақын жерде де, көкбекті казактары балық аулайды]. Балық аулау құқығы үшін казактар қытайлықтарға (тарту ретінде) бірнеше балық (кептірілген шоқыр балық), сондай-ақ желім мен қарағаш (оларға бәрінен қажет) береді. Мұның барлығы қытай басшылығына пикеттердің бірінде беріледі. Қытайлықтар, шамасы, мұны алым-салық деп есептейді.

/30./ **Қытай күмісі мен ақшасының бағамы**. Захаров маған қытай күмісі жөнінде түсіндірді: фыня 8 ермакқа (чохқа) теңесетінін, бірақ 10 фынды өз құрамында қамтитын қытай сомында (немесе мысқалында), — 80 ермак емес, 77 ермак. 10 мысқал бір сари құрайды, ал 40 сари жамбыны құрады. Сарида біздің 5 сом ассиг. бар.

NB. Қытайлықтан (көпестері) Шәуешекте (шаньсилықтар) Кяхты туралы Шаньсиға мүлдем жақын жер ретінде (олардың сөздерінше, әрине, асыра айтылған, — 10 күн ішінде Шаньсидан Кяхтыда үлгеруге болады) айтады, Шәуешек туралы олардың отанынан (Шаньсидан) едәуір шалғай жер ретінде айтады. Әрине, Шәуешекке дейінгі арақашықтық туралы бұл пікірлердің барлығы бір ниетке сәйкес артық кетіп түр; алайда, шынында да, Шәуешек Қытайдың өзіне өте жақын емес.

NB. **Қытайдан әкелінетін нәрселер.** Шәуешектегі Қытай көпестері, әрине, енді біздің саудамызға өтіп жатқан сол заттардан бөлек, егер біз қажет ететін болсақ, тағы да көп нәрселер жеткізе алатын еді. Ш а й дың өзі мұның дәлелі болады, ол тек жақын болғандығынан ғана әкелінбейді, өйткені сол фудзян байха шайын (төменгі сорттарын, ал төменгі болатын себебі, олардың жақсыларын біздің ұсақ көпестерге өткізу қиын) — жеткізуінің нақты себебі, оған сұраныс өсе бастады. Түрлі ж і б е к маталары да (канфа, канча және т.с.с.) олардың тарабынан Дзян-наннан және сонымен шектес провинциялардан (маған сатушылардың өздерінің айтқанындай) әкелінеді. Демек, олар басқаларын да, олардан қажет етілетін нәрселерді (жібек пе, әлде, шикізат, индиго ма, т.б.) оңай жеткізе алады.

Нені болса да, әкеле алатын еді. Мен Джан-Джангуйдадан осы сияқты жаңа нәрселер және олардың бағасы жөнінде сұрадым. Жауап ә к е л е а л а м ы н болды, ал бағасын (қаншаға айналатынын) білмейді. Егер де мен келесі жылы да келетін болсам, әрине, алғашқы бетке аздап болса да байқау үшін тапсырыс беретін едім (бұл тұрғыда ешқандай қатер болмайтын еді). Менің сауалым индиго (қара көк бояу, сыр) туралы еді, оған жауап алдым.

Қытай тауарлары. Қазір қытай тарапынан барлық сауда да-

бымен тұрады: ол да бұл өлкеде жүретін ақша, ол бірден бір қырғыздар мен азиаттықтарға жүреді, Ташкенияға, Қоқан мен Бұқарияға шығатын с ә б е т- ш а йда, қырғыздарға шығатын кірпіш шайда және қазір Ресейге жеткізілуі көбейе бастаған жартылай Ресейге шығатын байха шайда жүреді; сондайақ азиаттықтар мен қырғыздарға өтетін аз көлемдегі түрлі ж і б е к өнімдерінен тұрады, оны да біздің көпестер алмайды деуге болады.

Шайды басқаларының үстінен алдым. Демек, Ресейдің өзіне жартылай кірпіш шай мен байха шайы*[10] өтеді. Біріншісіне – бізде бұл жерлерде сұраныс үлкен емес, ал екіншісі тым қымбатқа түседі де, саудаласу кезінде оны алмауға тырысады [яғни, шама келгенше аз алу, бірақ қытайлықтар байха шайын*[11] алмайынша олармен қандай да бір мәмле жасау мүмкін емес дәрежеге жеткізді].

Шәуешек базары енді тиімді ме. Бұдан бір нәрсе түсінікті, Шәуешек базарының оның қазіргі жағдайында аса ірі көпестер үшін ешқандай айрықша пайда түсірмейтіндігі. Бірақ егер істің жағдайын өзгертетін болсақ, онда басқаша болуы мүмкін.

Сауда сипаты. Муйтазда немесе қытай кеденінде әкелінген тауарларды сақтау үшін барлығы 5 дүкеншік (әрбірі мұқтаждық түрінде) және олардың көпшілігі бос. О р ы с т а у а р л а р ы н қолға тигізбей алып кетеді. Бұл тауардың аз әкелінуіне байланысты, сондықтан қолға тигізбейді: майтазға қойғаны қойып үлгереді, – бір не екі күннен кейін қарасаң, барлығын алып кетеді. Менің тауарым бір күн жатты. Түрлі нәрселер үшін қайтадан тауармен келген көпестерге қытай көпестері бай қалыңдыққа қарағандай күрмет көрсетеді.

NB. **Қытай тауарларына (шайға) баға неліктен жоғары. Апиын барлығын бұзады.** Шайға бағаның жоғары болатындығы бастысы апиынның сатылуына байланысты болады. Оны әкелген көпес шайды қандай да болсын, бағаға алуға құлшынып тұрады, өйткені апиын сондай қымбатқа бағаланады, бұл оған тиімді де, ол сондықтан шайдың бағасына қарамайды. (Ірбітте апиынды пұтын 650 сомнан сатып алады да, Шәуешекте 4 жамбыға (1600 сом ассиг.-ға дерлік) сатады. Әдетте (апиын қытай көпесіне сатылған кезде) жамбыға көтеріледі, яғни, қытай күмісіне, содан кейін апиын үшін есептелетін жамбы

*[10] Бұл оларға тауарды жеткізу, салық және басқа шығындарға қарамастан, қандай қажетті көлемде болса да, арзан әрі жеңіл түсетінінің нағыз дәлелі.

*[11] Байха шайларынан – барлығы қара (яғни, жақсы), ал гүлдіден бір жәшік Ван-Джангуйдада болды (бағасын айрықша қара). Дегенмен, егер тек қаттырақ сұраныс болатын болса, қытайлықтардың гүлдісін де қанша болса да жеткізе алатынына күман жоқ.

санына немесе жамбының жартысына қандай да қытай тауарын алуға келіседі (олардың жартысын күміспен, яғни, жамбымен алу үшін); бірақ жамбымен әдетте жартысынан едәуір аз алынады да, барлығы тауармен алынады, – және басым бөлігі шай тауарымен, өйткені қытай көпесі оны қалайда өткізуге тырысады. Апиынды сатушы, әрине, шайдың бағасын соншалық түсіруге мәжбүрлемейді (қытай көпесінің апиын үшін келісілген жамбы санына түсетін өз шайының бағасын), өйткені апиын үшін екі еседен көбірек алатынын ескеріп, ол шайды өзіне мүлдем басқа тауармен сәйкес келетін бағасына емес, екі есе арзанға түсетінін біледі, осылайша шайға жоғары баға қойылады; өйткені қытай көпесі басқа көпестердің біріне өз шайын сатып (апиынға, не басқа нәрсеге), – солардан кейін енді бір тиынға да түсірмейді, бұл бағаның белгілі екенін, оған да және соған да осындай бағамен сатылғанын айтады.

NB. Шайдың бағасын түсіру (оларға бізге тиімді бағаны қою) – біздің көпестерге өте қиын (жоғарыда жазылған және де басқа себептерден); бірақ олар бір нәрсе жасай алады (және де оңай) – өз тауарларының тағы да бағасын көтеру. Сонда шай да оларға анағұрлым арзанға түседі.

NB. Осыдан тағы да ол Ресейге өтеді, әйтпесе мейлінше азырақ әкелінетін еді.

Енді, қазіргі шілденің 14-күні, 1000-нан көп жәшігін қытай көпестері апиынға айырбастады, ал мұндағы тауарға 500 жәшігі де айырбасталмас еді.

Сондай арзанға түскен ақшалай жамбыға апиын көпесі кейде шай алады және де тауарға қарағанда, анағұрлым арзанға алады, өйткені күміс қазір қытайлықтардың сұранысына ие болып отыр. Осылайша, жамбы үшін ол екі жәшік жақсы шай алады; бұл (егер жамбыны 400 сомға есептейтін болсақ) әр жәшікке 200 сомнан шығады, ал жамбыны 380 сом ассиг.-ға шақсақ, жәшігіне 190 сом ассиг. Ал дабыға келсек, жақсы қара шай үшін 160 дабы десек, – ол 320 сом ассиг.-ға айналады (дабы үшін 2 сом ассиг. деп есептегенде).

NB. Дегенмен де, бұл тауар үшін (тауарды дабыға бағалағанда), ал егер шайды сондай-ақ ақшалай дабымен (ақшалай күміспен алған сияқты) сатып алатын болсақ, ол да арзанырақ болады. Бірақ соңда да күміске алғандай арзан емес.

NB. Осыған қарап біздің кейбір көпестеріміз қорытынды жасайды, Ірбіттен жамбы сатып алып, оларды бір нәрселер (шай мен не басқа бір нәрсе) сатып алу үшін тағы да Қытайға апарады, өйткені анағұрлым тиімдірек түседі. Олар бізде, яғни жамбы кәдімгідей арзан: кейде жамбына 375 сом ассиг.-ға сатып алуға болады.

Шай барған сайын қымбат. Шай жалпы жылдан жылға

қымбаттайды: өткен жылы жақсы шай 340 дабы тұратын тауарға бағаланған болатын, ал енді – 340 ең ортан қолы, ал жақсылары – 460 дабы (одан да қымбатырақ).

Нор-Зайсан (Ертіс). Тағы да Нор-Зайсан туралы. Бұқтырмадан Өскеменге дейін таумен (құрлық жолымен) 80 шақырым, ал Ертіспен – 100 шақырым не одан көбірек. Ағыс өте шапшаң: егер таңертең ерте Бұқтырмадан шықсақ, түске қарай Өскеменге жетуге болады; ал Өскеменнен Бұқтырмаға дейін (ағысқа қарсы) 3 күн жүзеді және де бұл ең жылдам жүзгенде, ал әдеттегі одан да көпке созылады. Нор-Зайсаннан Бұқтырмаға дейін ағыс соншалық қатты емес және саласы да тасты емес, топырақты. Бұқтырмадан Өскеменге дейін, жоғарыда айтылғандай, сегіз мың пұтқа дейін көтеретін кен тиелген (мыс) кемелер жүреді. Мен осы жағдайға байланысты қазақтан сұрадым: кемелер осылай Бұқтырмадан Нор-Зайсанға жүре ала ма деп. Казак айтты: неге жүре алмасын; онда ағыс соншалықты шапшаң емес және түбі де тегіс. (NB. Жалпы, еш жерде, жоғары да, төмен де шоңғалдар жоқ). Бірақ судағы арақашықтық (Бұқтырмадан Нор-Зайсанға дейін) жоғарыда айтылғандай алшақ.

Нор-Зайсанды барлығы онда теңіз деп атайды (және олар да ол туралы Байкалды айтқандай айтады, яғни егер оны көл деп атаса, онда Нор-Зайсан ұнатпайды).

NB. Казактар Жоғарғы Ертісте де (Қара, оны осылай атайды) балық аулайды. Онда тіпті бірден бір ақбалық ауланады (Қара Ертістің сағасында және жоғарырақ). Казактар бұрын жүз елу шамалы керме аумен желтоқсан айына қарай сонда жүз елу қайықпен шығатындарын [желтоқсанда әдетте мұнда осы балықтың түрі ауланады және көл де бұл уақытта қата қоймайды, қыста сәл кешірек қатады, сондықтан оған баруға болады] айтты.

Бұл жағдай балық аулаудың еркін уақытында болатын, яғни казактардан басқа кез келген (шаруалар да, тіпті әрбір адам) жартылай казактарға беріп, жартысынан аулай алатын болған кезде.

Шаруаларға және басқаларға балық аулауға тыйым салынуы және бұл құқықтың тек бір ғана казак әскеріне берілгеніне 12 не 10 жыл болды (яғни, князь Горчаковтың Басқаруына дейін); бұрын Нор-Зайсандағы осы балық кәсібі мүлдем еркін болатын. Ол осыдан 50 жыл бұрын басталған.

Қазір Қара Ертіске аулауға керме аумен бір не екі қайық қана шығады.

Шаруалардан Нор-Зайсанда балық аулау құқығы алынғаннан бергі сол уақыттан балық анағұрлым қымбатырақ сатылады (балықтың пұты 12 сомнан; ал бұрын 50 балық 10 сом болатын, 50 балық бірнеше пұт салмақ тартады). Бұл тұрғыдағы балық аулауда пристав та болды.

* * *

Біздің қырғыздардың (мұрындықтардың) қоныстарында, яғни Тарбағатайдың солтүстік жағында (негізінен толықтай біздікі деп санауға болатын жағында), [Шәуешектен 100 шақырым жерде] тұратын ташкендік Ауча сондағы бір өзенде бірнеше диірмен орнатыпты. Шәуешектік батыр-амбан осы көктемде (троицын күні қарсаңында) қытай пикеттерін тексерген кезде осы диірмендерді қытай жеріне салынғандарын қиратуға бұйырады; NB. Оларды оның көзінше қиратады да. Қытай басқарушыларының бұл сияқты өз бетімен берілген пәрмендерін жайдан жай қарауға болмайтын еді. Сондай-ақ осы жерлердегі болыс басқармасының (қазақтардың) бірнеше диірмендерін де қиратқан. Осыдан бірнеше жылдан кейін тағы да Аучаның диірмендері қиратылды; бірақ бұл жолы қытай басқармасы оған келтірілген шығын үшін ақы төледі.

Байжігіттіктер орыс бодандығына енуге әзір. Казак (ол туралы жоғарыда айтылған, Нор-Зайсан жөнінде мәлімет беруші) байжігіттіктердің сұлтаны Сәбекке барды. Ол қайтып келген кезінде бұл сұлтанның өзінің болысымен орыс бодандығына енуге бет алғанын аңғарғанын айтты. Ол (осыдан бір жарым жыл бұрын) оған неге сұлтандыққа – Көкпекті округіне сайламағанына кінә артыпты; Күсекті сайлағандарына реніш білдіріпті, Күсек қарапайым қазақ, ал ол сұлтан, яғни сұлтан қанынан. Казак оған біздің үкіметіміздің кінәсы жоқ екенін, қазақтар өздерінің сайлағандарын айтыпты. [Мен казакқа тағы да былай деуге болатынын ескерттім, Сәбек орыстардың бодаңы емес, сондықтан да қазақтар оны сайлай алмады деп айтуда. Алайда, карт-казактың байқағанындай, олардың барлығы бір рудан, сондықтан бұл ешқандай кедергі болмас еді (олар бодандар, ал Сәбек бодандыққа әлі ант берген жоқ; сайлаған кезде – ант беретін еді)]. Казактың қырғыздар сайлауды өздері жасады деген қарсылығына Сәбек сұлтан өзінің, қайдағы бір Кисекке қарағанда, әрине, орыс үкіметіне пайдалырақ болатынын және де оған қазақтарды көбірек тарта алатынын айтыпты. Сондай-ақ, казак жасақтары олардың жерінде бола ма дегенді сұрапты.

Орналасатын жерлер. Осы жақтарды жетік білетін казактың айтуынша, Жайтөбеде пикет болғаны өте жақсы болар еді. Бұл Тарбағатайдың осы жағындағы (Шәуешек жағындағы) жеке тау, не төбе: оған жақын Құлжа керуендері жүреді, оның өзінің қасынан Аягөзден Шәуешекке баратын жүргінші өте алар еді (ол Күтелден шалғай қашықтықта емес). Бұл таудан Қатын су өзені ағады және ол осы жерден тармақталады. Жалпы пикеттің құрылуына қажет жағдайдың барлығы бар. Сонда Шәуешекке жақын қоныстанатын қырғыздардың барлығына ықпал жүргізуге болар еді және керуен жолдары да қауіпсіздендірілетін еді (Аягөзге барсаң да, Көкпектіге аяқ бас-

сан да — қайда болса да қауіпсіз болар еді, өйткені бұл жасақпен қажетінше барлық жерде әрекет етуге жеңіл болар еді, тіпті әрекет етуге де мәжбүр болмас едік, өйткені орыс жасағы алыста емес дегеннің өзі — барлығын тәртіппен ұстауға жеткілікті болар еді) — және де қытай басқарушылары да бізге танаударын соншалықты көтермес еді, орыс көпестігімен жақсы тіл табысатын еді.

Бұл бекітуді қажет етеді. Мұндағы басты ұрылар керейліктер (Қара Ертістен келген қазақтар, Шәуешекке жақын Бахты тауының маңында қоныстанады); олардың барлығы кедейлер, басты бұзықтықтың барлығы солардан келеді. Егер Жайтөбеде орыс жасағы болатын болса, олар онда мүлдем жуаситын еді.

Апиынды қандай жолдармен жеткізеді. Апиын Ірбітте ашық дерліктей сатып алынады: дүкенге келіп, қара тауарды сұрайды. Қожайыны айрықша бір бөлмеге бастап апарады, осы жерден енді барлығын да қалай қарасаңыз да көріңіз. Жандармдар бақылағанымен, оның шамалы екені байқалып тұрады. Оны Ірбіттен Томскіге, одан Канскі мен Барнаулға; Барнаулдан Локотьқа (Локоть күмісбалқыту зауыты, ол, шамасы, 200 шақырымда не Семейден жақын), алдымен тағы — көне Алейге апаратын, осы жерде жайдақ шанадан өздерінің атына қайтадан артады, аттарды осында сатып алады не әзірлейді, немесе осылайша шанамен Локотьқа апарады, ал бұл жерден Семейге, яғни Семейге таяу тоғайға жеткізеді; мұнда тиісті адамға хабар біліріледі де, түнде тасымалдайды не Семейдің өзіндегі үйге жеткізеді, не тура Заречный жағына апарылып, сонда бір киіз үйге (не дүкенге) қояды.

Баж салығынсыз шай да дәл осы сияқты жолмен Семейден, яғни Заречный жағынан тасылынады: оны Заречный жағынан (үш не жүп атпен) жоғары не төменге, Ертістің арғы жақ бойымен әкетеді, сонда өзен (мүз) арқылы өтіп, орманға тура тартады; ал ол жерден Локотьқа, Алейге, Барнаулдан өтіп Канскіге, одан Томскіні басып өтіп Ірбітке жетеді. Торап бойымен Семейге де, Семейден де тасымайды (апиынды), өйткені әр жерде тексеретін заставалар бар (Омбыда, Коряковада, Семиярскіде).

Тарихқа қатысты. 1838 жылы Андрей Иванович Кожевников Шәуешекте сауда жасай бастады. Ол кезде шай әлі аз болатын, бірақ осы жылдан бастап көп- көптен әкеліне бастады.

Апиын қай уақыттан бері көбейе бастады? Апиын да ол уақытта аз болатын. Ол сол кездерден бастап көбейе бастады, ал 5 жылдан бері, әсіресе, көп келуде.

NB. **Біздің жағымыздан кім сауда жасайды?** Мұндағы саудада үлкен саудагерлер айтарлықтай жоқ: Құлжаға баратын бүкіл керуенде тек самсонов тауары біршама құнды, әйтпесе біреу 5, біреу 10-ға тауар апарады, ал 20 мыңға тауар айнал-

дырса, онда кәдімгідей ірі көпес болып саналады. Шәуешекте да сол: Ибрагим-қожаның өзі, Шарафидің сөзінше, 50 немесе 40 мыңнан көп сомаға тасымайды, өйткені 80 не 100 жәшіктен көп шай алып шықпайды (200 тасымалдамайды).

NB. **Капиталистерге қажеттілік болып түр, онда жағдайды да түзетіп, тауарға бағаны да көтеруге болатын еді.** Шарафидің пікірінше, қаншадан сату керек, шайды қаншадан айырбастау қажет және де ешкімнің сол бағадан түспеуі түрғысында (Захаров та айтқан) көпестердің арасында қалайда кеңес болғаны жөн. Ал қазір бір ташкендік айтады: тамаша саудаластым. Сұрайды: қалай? – Жауап: қытайлықтар барлығын талап әкетті. Ал ол мұның барлығына өздеріне арзанға түсетін болғандықтан терең үңілмейді де, ал олар өздерінің шайы үшін бізден еселерін жақсылап қайтарады. Негізі (сол Шарафидің сөзі) қытайлар арасында жүз есеге сауда жасауға және бір ауызды болуға ептейді. Шарафи қазір көпестер арасында бұл сияқты кеңесші жиын ұйымдастырудың мүмкін еместігіне толықтай келіседі, өйткені түрлі елдерден мыңдаған көпессымақтар жүр. Бірақ егер нағыз көпестердің бірнешеуі болып, оларда басты тауарлар болса, онда барлығын ұйымдастыру да жеңіл болар еді: ұсақ көпестер әркез оларға қарыздар болып, сондықтан оларды тыңдайтын еді, егер тыңдамайтын болса, онда бәрібір: ұсақ-түйектер істі сонша бүлдіре алмас еді.

Тарихқа қатысты. Ол Шәуешек пен Құлжада сауда жасауға тек қазақтарға рұқсат етілген деп айтады, біз де қытай басқарушылары мен олардың үкіметі алдында қырғыздар үшін тұрамыз.

Қазақтардың Шәуешек пен Құлжадағы саудасы. Қазақтардан тауар және м а л үшін салық алу заңда белгіленбеген. Бұрында да олардан ол алынған жоқ, демек, бізден де (Өйткені біз қазақтар қатарында сауда жасаймыз). Салық 10-нан 1 дана және малдан (100-ден – 5 немесе 10 тал. – қара: Ол туралы не жазылған) салық алу – жақында, 3 жылдан бері енгізілді. – Бұл салық заңсыз болғандықтан, әрине, ол түгелдей амбанның қалтасына және қытай шенеуніктеріне кетеді. Заңды салық оларда тек қытай көпестерінен алынады да ол қазынаға құйылады.

NB. Шәуешекте үкімет емес (қытайлықтар тарапынан), көпестер сауда жасайды.

(Ескерту: Шәуектегі сауда үкімет қолында емес, көпестерде – бұл олардан салықтың заңды алынатыны жақсы дәлел).

Ресей ішіне тасымалдау бағалары. Семейден Ресейге тасымалдау бағалары (Шарафиден алынған мәліметтер): Семейден Қазанға дейін жазда бір пұттан бір сом, ал қыста 5 сом ассиг. (демек, қыста – бір жәшік шайдан 15 сом). Ал Ірбітке дейін 3 сом – сонда және 2 не 11/2 – кері.

Шайдың көлемі туралы. /38а/ Шарафи қазір Шәуешекте

төрт мың жәшік байха шайын сатып алып кетті дегенге сенбейді. Осы жылы да, мүмкін, осының шамасында шығатын болар (Онда да, көп сияқты). Ал өткен жылы, оның ойынша, мың жәшіктен көп шыққан жоқ (бұл енді тым аз).

Байжігіттіктердің орыс бодандығына ену ықтияры жөнінде (Дүлембай сұлтан ауылдарында тұратын татар Пулаттан алынған мәліметтер).

Дүлембай мен оның үлкен ағасы Сәбек Абылай ханнан тікелей тарайды. Міне, олардың шежіресі:

А б ы л а й - х а н н ы ң А б у л ф а й з деген ұлы болған,
Абулфайздан – Шанияз,
Шаниязда – екі ұл: Қамбар*[12] және Сүк,
ал Сүктен – Сәбек және Дүлембай.

Сәбек пен Дүлембай қытай үкіметіне мүлдем көңілдері толмайды, оларды қолдамайды да, орыстармен болған қайбір істе оларды қорғамайды. Пулат Шәуешек амбаны Дүлембай осы және осы сияқты басқа нәрселерді (жақсы қоныстар туралы өтінгенде, бас тартатындай болса, орыстардың боданына кететінін айтып, қорқытатын сынайлы) өтінген бұл сияқты жағдайларда, – егер оларға қолайлы болса, орыс бодандығына көше алатынын айтып жауап беретінін айтады, ондай болса, бұл жағдайда біздің шекарамызға қоныс аударулары тиіс, өйткені қазір отырған жерлері Қытайға қарасты. Пулат бұл тұрғыда (Дүлембайдың сөзіне қатысты, әрине), – амбанның бұл сөздерінің – барып тұрған сандырақ, өйткені қырғыздар қоныстанған ғана емес, тіпті Шәуешек пен Шәуешек артында жатқан жерлер ертеден оларға (Абылай ханға) тиісті; бұл қазақтардың тартып алына алмайтын дәулеті (Абылай хан, шамасы, қытайлықтарға өз еркімен бағынған сынайлы және бұл жерлерді оларға ешқашан бермегендей) – сондықтан қытайлықтар оларды емес, ал олар қытайлықтарды қуып шыға алады. Сонымен бірге Пулат тағы да Дүлембайдың Петерборға бару ниеті бар екенін, оны бодандыққа қабылдау туралы өтінгісі келетінін, сондай-ақ орыс патшасына олардың Шәуешек және оның маңайымен қоса, барлық жерлерін сыйлайтыны туралы ниетін аңғартты.

Алайда Дүлембай патшаның алдына жеке өзінің бармайынша бодан болғысы келмейді, демек, ол өзінің Петерборға жөнелтілгенін (өз ақшаларына болса да) және бұл тұрғыда өзіне түрлі құқықтар сұрап алуды көздейді.

Алайда, оның бұл ниетіне келгенде, күйсем де, піссем де, әпам рұқсат етпейдінің кері болып тұр.

Егер біздің округтерімізде басқару жағы жақсы болса және де сондағы қазақтар да соншалық жауыз қарақшы болмаса,

*[12] Қамбардың ұрпақтары Шәуешектің сыртында, қалмақтардың қонысына таяу қоныстанады.

онда байжігіттіктер де, әлі бодандыққа бас үрмаған басқа қазақтар да (қытайлық не қытайлық емес) күшіміздің басымдығын, қорғаныстың беріктігін, т.б. көріп, баяғыда-ақ күмәнсіз бізге жармасатын еді; бірақ, өкінішке орай, олар сонымен қатар, басқарушылар тарапынан қысымшылық та көреді.

/39а/ Байжігіттіктер (яғни, олардың сұлтандары), шынында да орыс бодандығына ену жөнінде ойланған болса, онда оларға қиын болып жатқандығынан: біздің қазақтар оларды қоныс жағынан да ығыстырады; біздің басқарушыларымыз олар мен біздің қазақтар арасында аздаған дау-дамай туындап қалса оған қуанып, оларға тиісіп, жерлеп қалуға тырысады.

Тоналған тілмаш (тағы кім екені беймәлім) жөніндегі істе 11 жылқы (айтуынша, ол жылқылар тілмашты шығарып салушы біздің қазақтарда болыпты-мыс), тілмашта болған, енді ол солардан айырылып қалды деген желеумен олардан бір түйе және 1600 сом ассиг. талап еткен. Тілмаштың өзі осы жағдайға байланысты олармен сөйлесіп, 200 қойға келісіп, татуласқысы келген болса керек. Дүлембай сұлтан тілмашта ешқандай жазба құжаты жоқ болғандықтан, оның бір ғана құр сөзіне бола талабын қанағаттандыра алмайтынын және мұнымен бірге қарақшылықты жасаған байжігіттіктер екенін де мойындамайтынын білдірді.

Байжігіттіктердің саны. Байжігіттіктердің барлығы үш бөлімше болғанымен, саны жағынан едәуір көп. Мен олардың қанша түтін екенін сұрадым. Маған белгісіз деді, өйткені ешкім ешқашан санаған емес, олардың қоныстанған жерлерін жүріп өту үшін 4 не одан да көп күн қажет (Әділбектің ауылында жазылған).

Басты үш бөлімше (барлық байжігіттіктер осылай бөлінген) аталады: *Мәмбет, Жұмық және Түғас.*

Мәмбеттерді *Сәбек және Дүлембай* сұлтандар басқарады. Жұмықтарды – Қамбар сұлтан (Сәбек пен Дүлембайдың өлген әкелерінің туған ағасы, демек, Сәбек пен Дүлембайдың аталары). Түғас бөлімшесін Сасан бай басқарады. Жұмық бөлімшесі қожаның сөзіне қарағанда (Әділбектің ауылында тұратын), ең көп мөлшерде. Олар жоғарғы Ертіс бойында және тауларда қоныстанады.

Ордадағы сауда. Приказщик – ташкендік Абдулфаттах (ол күлжа керуенінен бұрын қызайлықтарға жіберілген), сондай-ақ Үлкен Ордада болған. Ол да сонда өте тиімді сауда жасауға болатынын айтады. Сұраныс (қазақтар тарапынан) тауарға өте жоғары, ал көпестер оларға аз келеді. Онда қой, қой терісі және басқаларынан бөлек көп түлкі (өте жақсыларын), қарсақ, т.с.с. алуға болады. Қазақтар (әдеттегідей) нанка, бөз, күдері терісін, барқыт, шұға, коленкор және с.с. қажет етеді.

Айрықша қауіпсіздік болуы мүмкін емес, әсіресе, олармен

танысып-біліскеннен кейін (онда тіпті приказщиктер арқылы саудаласуға болады).

Рүстем сұлтан шынында да, Үлкен орда сұлтандарының бірі, ол басқаларынан қауіптірек. Ол бұрын Қоқан аймақтарында қоныстанып жүрді, алайда кейін ренжісіп қалып, ары қарай Үлкен ордаға қоныс аударды. Қыста ол Құлжаға қарай (яғни, Құлжаға жақын жерге) көшеді.

Үлкен орданың қазақтары ешкімге тәуелді емес, ташкендіктің сөзіне қарағанда, (Лепес пен Басқандағыларынан, – бізге жақындары тұратындары және Ресейге бағынштыларынан басқалары); алайда оларды біреулер ығыстырған жағдайда (орыстар ма, қоқандықтар ма, қытайлықтар ма) – олар өздерін жағдайға қарай, – не қытайлықтардың, не орыстардың, не қоқандықтардың бірінің боданы атайды.

Сауда жасауға бәрінен дұрысы оларға көктемде барған жақсы, – нені болса да, айырбастайсың және Құлжаға әдеттегі керуеннің де келетін уақыты, – Құлжаға да барасың.

Ташкенттіктер. Біздің семейлік көпестер (ташкендіктер, татарлар мен жартылай орыстар, – приказщик-татардың айтуынша, – сауда емес, – олар тек сауда жасаймыз дегенді айту үшін ғана сатады, сауда жасаймыз деген құр сөз ғана) жүргізетін сауда (Құлжамен); жүреді, жүрмейді, жайбарақат қимылдап, әркез тойлайды. Оңай ма! Семейден 5 шілдеде шықты, – қазір әлі 12 тамыз, – Үржарға жеткендері қазір!!!

Егер Шәуешекке (Семейден Аягөзге) жүретін болса, онда Үржар арқылы өту керек, не Тарбағатай бойымен жүруге болады: арақашықтықта айырмашылық болмайды. Үржардан Шәуешекке дейін керуен жүрісімен әлі 3 күн бар, ал Үржардан Тарбағатайға, осында қазір Әділбектің ауылы қоныстанған, – 3 түндік арақашықтық (3-ші күн жартылай). Егер Үржардан Қараағашқа болса, Абдулфаттахтың айтуынша, – 70 шақырым, онда Үржардан Шәуешекке дейін 60 шақырым болады. Алайда мен Қараағашқа дейін қалайда 100 шақырым, ал Шәуешекке дейін 80 шақырым болады деп ойлаймын.

/14а/ Шәуешектен шығар жол туралы мәліметтер

Пулаттан алынған мәліметтер (Дүлембай сұлтанның ауылдарында тұратын; ол қашқын татарлардан болуы тиіс, енді шалақазақ (жартылай қазақ) болып жүр, Дүлембайдың және басқаларының тәрбиесінде болған қазақ қызына үйленген).

Қытайға (арақашықтық) баратын жол. Шәуешектен Үрімшіге дейінгі арақашықтық, бұл да оның сөзі бойынша, Семей мен Шәуешектің арасы сияқты: тауар тең делген түйелермен 18 не 20 күн жүреді, өгіздермен – айлық жер. Арбамен де, оның сөзіне қарағанда және ары қарай баруға болады, яғни Үрімшіге жетуге болады.

Апиын. Көпес Уәлибаев (татар приказщигі Файзолланың қожасы, мен оны Шәуешекте кездестірдім), осы Пулаттың айтуынша, Мәскеуде 200 не 100 пұт апиынды әр пұтын 500 сом ассиг.-дан сатып алып, оны (өзінің приказщигінің араласуымен, өзі Мәскеуде және Қазанда тұрады ғой) өткен жылы желтоқсанда Шәуешекте бір пұтын 51/2 жамбыдан (2100 сомға, тым жоғары) сатты.

Абдрахман (жылпос), мен оған осы жайында айта бастап едім, апиынға осындай жоғары баға тіпті желтоқсан айында да болғанын, ал мұның алдында қазанға дейін Шәуешекте апиынның пұтын 1/2-сіз тек 2 жамбыдан берген сияқты айтады (оның алдап тұрғаны күмәнсіз).

Қазір, яғни осы жазда, барлығының сөзімен, апиынның бағасы Шәуешекте бір пұты үшін 41/2 жамбы.

Құлжада одан да тиімдірек сатылады: татар-көпесінің (біздің киіз үйімізге Әділбектің ауылында болған кезімізде келген) сөзінше, қазір Құлжада апиын 6 ф. үшін бір жамбыдан, 11/2 пұты үшін 10 жамбы береді.

Ол менде апиын бар ма екенін сұрады, мен оның жоқ екенін айтқан кезімде, сенбегендей түр танытып күліп жіберді де, Құлжаға бірде бір көпестің апиынсыз өтпейтінін айтты.

Шәуешектегі малдың бағасы. Бұл татар малмен сауда жасайды, мен одан бағасы жөнінде сұрадым: Шәуешекте осы жылы үлкен қойға, 100 басына 380 дабы (31/2 дабыдан қой үшін тым жоғары) алған; ал бір жасарға (олар да енді ересек) 230 дабы 100 басына алған. (Әдетте, мен бар кезде қойдың бағамдық құны бір қойға 21/2 дабы болды, әрине, керемет жақсысына емес).

Өгіздерге әрқайсысына 25 дабыдан алды (бұл баға жоғары емес).

Қой үшін алынатын салық. Ол үшін (тегінде, салық емес, ерікті жарна) 20 бастан 1 қойдан алды. Мұның барлығы Шәуешекте.

Осы татардың айтуынша, Құлжада қазір, әсіресе, түйе арзан; бір түйені 25 дабыдан сатады. Ал онда қойдың бағасы: 60 ісекке (шамасы, бір жасарлық) жамбыдан келеді.

* * *

Тағы да Пулаттан алынған мәліметтер. Шұғаның бағасы. NB. Көпес Уәлибаев (ол туралы жоғарыда сөз болған) Мәскеуде, шамасы, өткен жылы аршынын 5 сом ассиг.-дан шұға сатып алған, ал оны (өзінің приказщигі Файзулла арқылы) Шәуешекте аршынын 51/2 дабыдан (Мазиритский Рыбниковтың шұғасын сатқандай бағамен, Мәскеуде аршыны 6 сом 40 тиын тұратын) сатты.

Тарих пен механизмге қатысты. Шәуешек саудасы қытай

үкіметі тарапынан, затында, тек қазақтарға ғана рұқсат етілген (ал орыстар мен татарларға рұқсат жоқ); тіпті, Пулаттың айтуынша, ташкендіктерге де рұқсат берілмеген (соңғысы — сандырақ болуы тиіс, өйткені амбанның өзі маған Шәуешекте олардың тарапынан әндіжандықтарға рұқсат етілгенін айтқан).

NB. Амбанның сарт (сарт деп, әдетте, барлық ташкендіктерді, қоқандықтар мен бұхарлықтарды атайды; бұл тек ташкендіктер мен қоқандықтарды бірыңғай көрсету үшін) емес, әндіжан деген сөзді қолданғаны тамаша болды. /15а/ Салық олардан, қазақтардан, Пулаттың айтуына қарағанда, ешқандай алынбайды, заңды емес (бұл шындық болуы тиіс), ал кеденде тауардан және малдан алынатын салықтың барлығы — заңсыз.

Қазақтардан, қазірдің өзінде алмайды. Мысалы, былайша: Дүлембай сұлтанға қарасты қазақтардан (Пулат сонда тұратын) ешнәрсе алмайды. Оның (сұлтанның) атын кейде соның ауылдарында тұрған не аялдаған көпестер пайдаланады, яғни өздерінің малдарын онікі дейді (оның келісімімен және де шамасы, құр текке емес) де, қазақтарға айдатады не өздері Шәуешекке айдайды.

Пулат керемет бір оқиғаны айтып берді: осыдан 10 жыл бұрын Шәуешекте бір бұхарлықтан оның осында айырбастау үшін әкелген елтірісінің барлығын алып қояды (заңсыз деп қазынаға алып қояды, өйткені бұқарлық әкелген), ал ол 140 мың сомға бағалы болған, Дүлембай сұлтан көпестің өтінуімен осы іске кірісіп, Күлжада джанжунға ол елтірінің барлығы өзімдікі деп хабардар етіп, шағым түсіреді. Іс Пекинге кетеді де, боғды-ханның өзінің пәрменімен оған елтірінің өзі тұратын бағасынан екі есе күміс беруге бұйырылады. Осылайша, Дүлембай 280 м. алады, оның жартысын көпеске беріп, жартысын келісім бойынша, өзіне алады.

Пулаттың сөзіне қарағанда, Шәуешекте қойдың (егер бөтен көпестер айдап келетін болса) 10 басына біреу, яғни 100 басқа 10 қой (заңсыз алынады). Алайда бұл Шәуешекте Молда-тараншының айтқанына қайшы келеді. Оның айтуынша, одан өткен жылы, шамасы, 100 қойдан 5 қой алған сияқты, ал 10 қой талап еткен. Ал татардан (жоғарыда жазылған) 20 қойға 1 қой алған. Бұл да 100 бастан 5 қойға шығады. Бұл алым-салық, айтылып жүргендей, Мамиджанның құлаққа күюымен енгізілген, әрине, бұл оның өз бетімен жасаған әрекеті (жоғарғы қытай үкіметінің еш рұқсатынсыз). Бұрын малдан не мардымсыз дүниеден ешәрсе дерлік алмаған. P. S. Оспан сұлтанмен бірге болған қазақ (мырза не көпес), алайда бұрын да татарлардан және басқаларынан алған, тек аз мөлшерде болса керек. Ал қазақтардан, оның айтуынша, ешнәрсе алуға болмайтын және де оның үстіне дунчилерге (кеден

қызметкерлеріне) тағы басқаларына олардан да 100 бастан 5 қой (бұл аздаған нәрсе) алынатын.

/15б/ **Тарих пен механизмге қатысты.** Шәуешекке келген шетелдік көпестерден (олардың тауарларынан) жиналған барлық түсім, Пулаттың сөзіне қарағанда, амбанның қалтасына кетеді.

Заңды баж салығы – нақты қытай көпестерінен – олар айырбастаған тауарлар мен малдан түседі. Малдан түсетін бұл салық, Пулаттың сөзінше, – қойдан $1^1/_2$ мысқал (қытай көпестерінен), [ал мысқалда 74 не 75 ермақ].

Енді Шәуешекте қой $2^1/_2$ дабы тұрады, күзде одан қымбатырақ.

* * *

Шарафи (Шарафетдин) – Семейде тұратын біздің қазан татарлары көпестерінің бірі, қазір ол да Құлжаға барып тұрады, ол кәдімгідей нанканы (қытай саудасынан осы жақтан баратын басты тауарлардың бірі) Шәуешекте қазіргі уақытта шайға жүріп тұрған бағамен шайға айырбастаудың тиімсіз екенін айтып, есептеді, яғни бір данасына 11 дабыдан*[13], сонда оның 14 данасы бір жәшік шайды құрайды.

Оның есебі мынандай:

NB. Шұғаға да (барқытқа да және жалпы басты тауарларға да) осы сияқты есеп жасау керек.

/16а/ NB. **Есеп, қытай тауарлары бізге арзанға түсе ме (айырбас тиімділігі жөніндегі түжырым). Шәуешекте нанканы шайға айырбастау тұрғысындағы есеп.** Нанканы 11 дабыдан бағалай келе, оған, яғни оның 14 данасына 80 ф. 1 жәшік шай – тауар бағасымен – 154 дабыға (бұл байха, қара, күмәнсіз, жоғарғы сапалы; тәуір қара шай мен болған кезде тауарға 160 не 165 дабыға сатылды) алуға болады. Нанканың 14 данасы тасымалы және басқа шығындарын қосқанда тұрады:

Нағыз нанка – 35 тиын ассиг. бір аршыны үшін*[14] (осы бағамен Шарафи Нижнийде сатып алған; бұл нанка, шамасы, Крестовников фабрикасынікі сияқты). Бір кесегінде 43 аршын болды, демек, кесек 14 сом 25 тиынға айналды, ал 14 кесек үшін – 199 сом 50 тиын ассиг.

Нижнийден Семейге тасымалдау: 14 кесектің салмағы 2 пұт*[15] тартады. Нижнийден Семейге дейін жеткізгені үшін бір пұттан 8 сом, ал Ірбіттен – 3 сом.

Семейден Шәуешекке дейін $1^1/_2$ ден пұтқа – 3 сом. Барлығы – 219 сом 10 тиын ассиг.

---

*[13] Шәуешекте жақсы нанкаға $11^1/_2$ дабы береді. Урусовтікіне, тіптен, шаймен 12 дабы алуға болады деп ойлаймын.

*[14] Мәскеуде 39 тиын асс. аршынға төленді (нанка Урусов фабрикасынікі). Шарафида 29 тиынға да бар (және жаман емес).

*[15] 40 кесекте әркез – 5 пұт 35ф. болады.

Және осы соманың пайызы екі жылға - 12? [өйткені бұл сияқты саудагерлерге арзанға бермейді, өз қаржысының аздау болғандығынан, олардың барлығы қарызға сауда жасайды; мұнда екі жылға есептелетін себебі, Құлжамен сауда жағынан айналым оның қазіргі жағдайында екі жылсыз аяқталуы мүмкін емес, яғни қытай тауарларының түсімі (мысалы, Нижнийда сатып алынған орыс тауарына) және соңғысының Нижнийде не Ірбітте] сатылуы; пайыз екі жылда 48 сом ассиг. көп құрайды. Тіпті бір жылға 6? деп шамалағанда 24 сомнан көп шығады.

Соңында, тағы есепке басқа шығындарды да алу керек: жұмысшылардың, өзінің азығы, түрлі жерлерден өту және тамақ, т.с.с. Бұған 10 тиын, ақшамен – 25 сом. Барлығы – 168 сом.

/16б/ Осылайша, қытай көпестерінің бір жәшік шайға талап ететін 14 кесек нанкасы орыс көпесіне жеткізуімен және кейбір шығындарымен 268 сом ассиг.-ға айналады (Шарафи мұнда бір нәрсенің үлкейтіліп айтылып тұрғанын мойындайды, дегенмен, шындығында, 240 сом ассиг. деуге болады).

Енді ақырғы қорытынды шығару үшін, не тұратынын есептеу керек, осылайша, шайды оның Нижнийге не ең болмаса Қазанға*[16] жеткізіліуімен, баж салығымен және басқа шығындарымен оны қаншаға сатуға болады: 80 ф. қара шайдың жәшігі (154 дабының тауарына бағаланған) оны 14 кесек нанкаға айырбастағанның өзінде 268 сом ассиг. тұрады.

Оны сақтауға қолданылатын бір ғана терісі, ол Шәуешекте 2 дабы, не 4 сом тұрады.

Семейге жеткізігені үшін; бір жәшікте 80 ф. деп есептей келе, жәшігі және сақтағышымен 3 пұт, ал бір пұт үшін $1^1/_4$ дабы, демек, $3^3/_4$ дабы – 7 сом 50 тиын.

Баж салығы 80 ф. үшін 60 тиын күміс; 48 сом күміс немесе 168 сом ассиг.

Тағы да бір карантиндік (?) 1 сом 1 тиыннан және қағаз үшін 2 сом. Қазанға дейін жеткізу (3 пұтқа) үшін, оның өзінде қысты есепке алғанда, (жазда пұтына 8 сомнан) – 5 сом ассиг., ал пұтына – 15 сом. Барлығы – 464 сом 50 тиын.

Және тағы өз жеткізетіндерің бар. Сондықтан бұл шайды (шығынсыз сату үшін) 500 сом ассиг.-дан кем сатуға болмайды. Ал Ірбітте ол 325 сом ассиг. тұрады.

Тіпті, Шәуешекте бір жәшік шай 268 сомға емес (кішкене асыра айтылған), 240 сомға (ең аз дегенде 14 кесек нанка жеткізілуімен бірге тұрады) айналды деп шамаласақ та, – онда да, бұл шай 436 сом ассиг.*[17] тұратын болып шығады.

---

*[16] Ірбітке дейін емес, Қазанға дейін жеткізілуімен, өйткені Ірбітте сату туралы ойлауға да тұрмайды; онда Шәуешек шайының жәшігі 300 я 325 сом асс..

*[17] Және нанканы кесегін... дабыға емес, $11^1/_2$ дабыға қою керек; демек, 15 кесекке шайды 154 сомға емес, 160 дабыға алуға болады.

Ірбітте, демек, оны сату мүмкін емес. Қазанда да 500 сом баға ақылға сыйымсыздау.

Шарафи өткен жылы Ірбітте бірнеше жәшік шайды 90 ф. 300 сом ассиг.-дан сатып алды да, кейін Қазанда 400 сом ассиг.-дан сатты (және Самсоновтан да Ірбітте 300 сомнан сатып алды). Бұл шай соншалықты сапалы емес еді, есесіне 90 ф. жәшік. Кішкене де болса пайдасы болу үшін, Шарафи айтқандай, – бір жәшік шайды 14 кесек емес, 10 кесек нанкаға алу керек (Бұрын ол 16 кесек нанкаға жамбы алған, ал жамбыға 2 жәшік шай келеді).

Бұл сияқты есеп үшін шұғаны байқау керек, 9-жарым кяхтылық емес, яғни енді емес шұғаға (өлшегенде де 21 аршын жарым), – $5^1/_2$ пұт шамаланады. Ал енділері 2 жарымнан $1^1/_2$ пұт шығады.

Шарафиға бір рет (шамасы, өткен жылы) 15 аршын кяхты енді шұғасын (150 сом ассиг.-ға сатып алынған) бір жәшік шайға сатудың сәті түсті. Бұл шайдың бағасы 110 дабы болған.

/17б/ **Дала саудасы**. Шарафи енді қызайлықтарда жүр. Қазір тауарларын қойларға айырбастап жүр: 2 аршын түкке түрғысыз верверет (оның аршыны 70 тиын ассиг. түрады) үшін 1 қой алады.

Осылайша, қой оған 1 сом 40 тиын ассиг.-ға түседі.

P.S. Айтқандайын, бұл хабар асырып айтылған болып шықты: менің қонағым болып жатқан татар-приказщик Шарафидің $4^1/_2$ аршин барқытқа 1 қой*[18] алатынын айтты.

Татардан (Қасымдық тума, 15 жыл қызайлықтарда түрып, далада сауда жүргізген Тухвейтулла) алынған мәліметтер:

Біздің пикетіміз Лепсіде емес, одан да ары, нақты айтқанда: Басқанда Садырматайлықтарда. Бұл, яғни, Жетісуда. Бұл татар жақында, – Жеті-судан және де нақ сол жерлерден дейді. Тіпті Лепсі – Жетісуда. Бұл жерлер біздің иелігімізде саналады: «Садырматайлықтар, – татардың айтқанындай, – орыс бодандары». – Онда мүлдем қауіпсіз және үйсіндерде қауіпсіз емес, олар едәуір әрі (Іле бойында) және олар, татардың сөзінше, біздің бодандар емес.

Жасақ Басқанда тек жазда түрады; қазір, шамасы, кері қайтуға жиналып жатыр. Олар Аягөзден жіберіледі. Садырматайлықтар – Аягөз приказының басқаруында.

Апиын. Осы Тухвейтулла татардың айтуынша (өте сенімді), а п и ы н енді (оның айтқанындай, боқ, – және бұл сөз

*[18] Алайда, (хабарлама бойынша, бұл енді жоққа шығарылады, Шарафи 70 тиын асс. жолақты верверетке қой алатынын) айтып жүрді. Приказщик-татар ол нанканы, Шарафидің 10 аршынды бір қойға, бөзді – 11 аршын, елтірі терісін – 4 қойға, 1 аршын қызыл шұғаны 2 қойға, кәдімгі шұғаны 1 аршынын 1 қойға я серкешке беретінін айтты. Серкеш – екі жасар лақ.

халпыхалықта қабылданған) Күлжада – 1 пұты $6^1/_2$ жамбы тұрады. Жуық арада, оның айтуынша, бір қазандық Рахметулла есімді көпес, оны ол Жетісуда кездестіріпті, нақ осы бағамен апиынның 6 пұтын таза ақшаға, яғни күміске сатқан.

Малдың бағасы. Жеті-суда қазір қойды сатып алады: 6 ісекті (жас) жамбыға; ал үлкен қойларды – 40 жамбыға.

/40а/ **30 маусым**. Тама ауылдарында айырбасталды:

1) Түрсынбайдың әйеліне 10 аршын бөз бір көк дабыға және 2 кірпіш шайға.

Егер дабыны 2 сом 50 тиыннан бағалайтын болсақ, ал кірпіш мұнда, далада 1 сом 25 тиын (ол Семейде 1 сом 50 тиыннан), онда 10 аршын бөзге 5 сом ассиг. (50 тиын ассиг. аршынына)*[19] түсті.

2) Көпес-татарға сонда 12 аршын бөзге 2 кесек ташкендік шапқысы (әрқайсысында 18 аршыннан) айырбасталды.

Семейде осы шапқының кесегі 3 сом 50 тиын ассиг. тұрады, ал Шәуешекте – $1^1/_2$ дабы (демек, 3 сом ассиг.). Осы есеп бойынша 12 аршын бөз 6 сом ассиг.-ға Шәуешек бағасымен сатылды, яғни бір аршын 50 тиын ассиг.-дан.

Шәуешекте нанканың кесегі енді $11^1/_2$ дабыдан айырбасталады деп айтып жүр.

Омбыда және Мәскеуде айтатын сөз.

1. Алакөлдегі, Қараталдағы және қара қырғыздардағы тұрақты бақылау бекеттерінің пайдасы туралы; екеуінде 50 адамнан, ал қара қырғыздарда – 100 адам. Онда сауда жолдары мүлдем қауіпсіздендірілетін еді және Қашғарияға да баруға болатын еді.

Қараталда 50 адам Рүстемді де және басқаларын да бағындырып ұстайтын еді, қазіргі тәртіпсіздіктерге де шек қоятын еді, сол тәртіпсіздіктерге бола көпестер және керуендер де Үлкен ордаға жүрмейді.

Алакөлдегі жасақ қызайлықтар мен байжігіттіктерге қарсы өте пайдалы болды. Ал қара қырғыздарда жасақпен қамтамасыз етілу – Қашғарияға баратын жолды қауіпсіздендіру түрінде.

Қытайлықтар, көпестердің және Нюхаловтың сөздерінше, бұған разы болады да, ешнәрсе де айта алмайды. Қараталдың бұрынғы тарихы тілмаш Лобановтың (маскүнем) қытай амбанін қорқытып жіберген ақымақтығына бола сәті түспей қалды.

NB. Егер қара қырғыздарда (бақылау пикеттерін) құрудың әлі уақыты келмесе де, онда ең болмаса Қаратал мен Алакөлде құру керек. Көпестер оны (князьді) қазір Сыбанқұлды мақтан еткендей мақтан тұтатын болады.

---

*[19] 110 кірпіш (бір жәшік) шай үшін Шәуешекте 65 дабы беріледі. Кірпіштен алынатын салық 30 тиын асс.

2. **Барақ сұлтан туралы** (оны Аягөз округінің ақсақалы қояр ма еді), ол жас болса да, қолынан іс келеді; басқарма, айтқандайын, оның үстінен байжігіттіктермен және тағы басқаларымен арадағы барымтаға байланысты шағым жасамайды, шамасы, мұның мәнісі қазіргі аға сұлтанның олақтығы мен ақымақтығы және дүниеқоңыздығынан болса керек.

Казактар жорыққа тап бір аңға баратындай жүреді, жалпы барлығы үшін қуанышты жай. Мен өзім оның Аягөзде куәсі болдым. – Нюхаловтың сөзі (терісін сыпыру).

3. **Нюхалов әлсіз**. Казактар бет-бетімен жіберілген, тентектікке салынып жүр. Оның өзі оларға: үрла, тек қолға түспе дейді.

Жол бойындағы пикеттерге жақын жерде – тіпті еш жерде бір киіз үй жоқ (түтас жол бойында). Олардың дүниеқоңыздығының, ашкөздігінің мысалдары менде жазулы тұр. Округтердегі казактар үстінен тораптық офицерлерден (кавалеристерден) бастықтар болса дұрыс болар еді.

4. Өз беттерімен қазақтардан жүк арбаларын алудан оларды шектеу. Шынында қазына қажеттілігімен приказдардан жүретіндерге жарлық немесе билет түрінде құжат берілсін, сонда жылқылардың саны (жүру үшін қажет) орысша және татарша көрсетілер еді.

5. Қазақтарды тыныштандыру қажет. Әйтпесе бәрінің салдарынан одан бетер қорқады, яғни келешекте өздерінің жайы не болады деген түрғыда. Қазіргі жағдайлары адам қызығарлықтай болмаса да, ол әлі ештеңе емес, олар оған оңай бойсұнатын еді, тек егер болашақтарына алаңдамайтын болса. Бұл ой, (түкке түрмайтын біреулердің таратуымен олардың арасындағы жайсыз қауесетті қолдайтын) оларды үнемі ойландырып, мазалайды. Өздерінде әскер болады деп ойлайды, тағы нені ойлайтындарын құдай білсін.

6. Біз сол жақтағы кез келген іс-қимылдардан, тіпті мұнда жіберілген әр нәрседен қорқып, Тарбағатайды Ресей мен Қытай арасындағы шекара деп босқа сенеміз. Онда біздің қазақтар қоныстанады (әсіресе қыста). Тамалар, тіпті мұрындықтардың жартысы және басқалар, біздің казактар да онда бірнеше мәрте болған. 1840 жылы түтас жасақ Шәуешектен 20 шақырым, ал қытай бекеттерінен 2 шақырым жерде.

Қытай бекеттері – міне, біз үшін нағыз шекара. Ал біз тіпті 1838 жылы Тарбағатайға экспедиция жөнелтуге (Карелиннің хабарламасы бойынша) қорықтық.

Артық жерлер мен артық боданларға (және артық жасақ алу) иелену түрғысынан, әрине, одан әрі шекарамызды созуға болмайды, алайда бұл сауда түрғысынан керек, әсіресе, егер Шәуешекте сауда күшейетін болса (мұның барлығын күтуге болады) және әсіресе, ол айырбас пункті болатын болса. Онда Шәуешек Маймочина сияқты болады, ал мүмкін жаңа Кяхта болар.

NB. Міндетті түрде байжігіттіктерді де, төртуылдерді де (екеуі бір дерлік) өзіміздікі деп тану қажет, ол үшін жылылық және т.с.с. қолдану керек. Шамасы, олардың өздері соған еміпді. Оның үстіне, оларды біздікілер барлық жағынан ығыстыруда. Егер оларға тыныштық, қорғаныс, жақсы қыстаулар беруге уәде етіп, сұлтандарына жылы шырай танытылса, онда қазір өздерін орыс боданларымыз деп жария етеді.

7. Бұл тұрғыда сібір басшылығына біздің Орта ордадағы (тіпті шалғай жерлерде) үстемдігіміздің таңқаларлық беріктігіне орай құрмет көрсетуіміз керек. Қайбір 20 казакты түрлі талаптармен шалғай руларға жібереді де, барлығы оларға бойсұнып, түрлі реттегі сұраныстарын қанағаттандырады, тіпті керек болмаған жағдайда да (Байжігіттіктердің тарихын айтсаң болды, кез келген сұранысын қанағаттандыруға әзір және де өздерін еш кінәлі сезінбейді).

8. Апиынға қатаңдықпен қараса болмас па еді, бұл сауданың өзі үшін тиімді болар еді, яғни қытайлардан айырбастаған кезде шайға бағаны төмендету үшін. (Не жазылғанын айту).

9. Сәбек туралы және оның Көкпекті округіне сұлтан-басқарушыға оны емес, Кисекті сайлағандарына байланысты өкпесі және оның орыс боданлығына енуге әзірлігі туралы (оның пайдасы жөнінде). Қараңыз: Шәуешектегі казактан алынған Сәбек туралы мәліметтер.

10. Жайтөбе және онда пикеттің болғанының пайдасы туралы.

11. Шәуешектен Мамиджанның көзін құртса; саудағы зиянын тигізуде (қытайлықтар тарапынан салынатын барлық салықтар – соның ықпалынан). Ол Аягөзде және шекара басқармасына көп сыйлықтар ұсынады.

12. Бізге көрші қазақтарға казактардың тарапынан болған тәртіпсіздіктеріне байланысты (тіпті бәйгелерде есерленеді; бұлардың барлығы басқа қырғыздарға жеткізіледі) жаман әсерлер туралы.

13. Дүлембайдың Санкт-Петерборға бару ниеті туралы (тоқтатылмаса екен) /43б/ байжігіттіктермен бірге көшіп-қонатын төртуылдықтар бұрын (Сыбанқұлдың кезінде) үлкен ұрылар болған; қазір жуас.

Сасан-би байжігіттіктердің бір бөлімшесінен және олардың арасындағы ықпалды адам.

NB. Мәскеуде Усачевпен танысып, оған байха шайы мен фу-шайдың*[20] түрін көрсетіп, оның сатып алғысы келмей ме екенін сұрау және олардың бағасы туралы сөйлесу.

---

*[20] Фу-шай мен джейняк туралы оның халық арасына таралу жолдарын сұрау, пур-шайды, джейнякті көрсету (Фу-шай – аралас шай).

NB. Мускус пен рауғаштарды дәріханашыларға көрсету.

Мәскеуде ғой. Рауғаштың бағасы туралы сұрау (қазынаға қаншадан айналатынын сұрастыру) және мускустың да бағасын білу.

Өңделмеген жібек пен индиго жайында да.

NB. Мускус туралы дәріханашыдан бағасы жөнінде (негізі, түрлерін көрсетіп, менің жүпар суымның бағасы жайында) сұрау. Және тек дәріханаға жарамды ма, тағы не үшін керек? Және де көп мөлшерде қажет етіле ме, қайдан алынады?

Рауғашта да дәріханашыға көрсету, ал бағасы туралы көпестен сұрау.

Жол журналы. 10-қыркүйектен 17-қыркүйекке дейінгі 6-дәптер

Жалғасы (үш бет) – алдыңғы 5-дәптерде, ал ары қарай жалғасы 2-дәптерде

Жол және басқалары туралы Батыс суннитгердің жуан дзангинінен алынған мәліметтер осында.

Тағы да осында (соңында): Питерге нені хабарлау керектігі жөнінде.

/1а/ **Жолдар туралы**. Үргеден шығатын миссия әдетте Даркан (Даркан-дзам) жолымен, не үлкен сауда жолымен жүреді; таптаурын болып қалған әрі үгітіліп кеткен; сол жолмен Үргеден Қалғанға баратын барлық тауар жөнелтіледі. Өз атауын Даркан тауынан алған. Осы таудың сыртында бірнеше бекеттен кейін (әлде басқасынан ба?) бізді үлкен жолдан бұрылуға мәжбүрлейді де, бір ауыларалық жолдарға бастайды, ол жолдармен көбінесе тек түйелермен жүреді, сондықтан дұрыс жол да жоқ. Сауда йә Даркан жолынан бұратын бұл жолдардың біріншісі Арғал жолы аталады, ол Арғал тауынан немесе Арғал жотасынан, бұл тау йә жота Халхастардың қоныстарын Суннитгерден бөліп жатыр және ол осы жолдың аяғына дейін жатыр. Осы жотаның сыртында үш бекеттен кейін (бәлкім, содан бастап) бұл жол Баткай (не Батмай) деген атау алады.

Баткай-дзам, осы аттас өте тиімді жерде орналасқан бекеттен, /1б/ бірнеше көлдері бар тау. Баткай-дзам Олон-құдық бекетіне дейін, тіпті одан да әрірек кетеді; осы бекеттен біз Ганчай-дзам аталатын басқа жолға бұрыламыз: ал Баткай жолы енді оңтүстік-шығысқа Долоннорға кетеді. Ал Ганчай жолынан кейін Нарим-дзанға немесе ауыларалық жолға төмен кетеміз. (Нарим, яғни ауыл арасы) [қайда кетеміз?], онымен біраз жүріп, – енді қайтадан үлкен сауда жолына шығамыз (сол Даркан жолына), ол мұнда Г у н ч у д з а м аталады және сонымен Калганға дейін жетеміз. Міне миссияның алдыңғы жүретін жолы. Кері қарай әуелі Гунчудзаммен, ал со-

дан кейін батысқа қарайғы даңғылмен кетеді және барлық аталынған жолдар, сондай-ақ Даркан жолы да шығыста қалады. Миссия бұрынғы даңғылға Хан-Ұлыға жақындап, тура сол Үргінің түбінен шығады. /2а/ Бұл жол (кері) барар жолға қарағанда, қолайлырақ; соншалықты құм жоқ және су да жеткілікті. Алайда ең ыңғайлы жол, барлық моңғолдардың айтуынша, – олардың тауарлары жүретін жол, арбамен баратын жол, атап айтқанда: Даркан-дзам, сонымен елшілер Гунчудзамға шығады, бізді Батыс сүннеттердің ведомоствасы бойынша шығарып салушы әрі осы жолдардың барлығымен жүріптұрған Дзангин сауда жолы ретіндегі бұл жолдар – әбден тапталған, жүріліп бастырылған; су да әркез жеткілікті дейді және оның үстіне, онымен 2 күнге ерте жетуге болады, әдетте миссия қайтып оралатын ана жолға қарағанда (Гунчудзамнан, егер Үргіге жүретін болсаң, үш жол апарады: бірі Даркан жолы және басқа тағы екі жол; миссия соңғы екеуінің бірімен жүреді); бұл үш жол да содан кейін Хан-Ұлы тауында, Үргі түбінде тоғысады).

/2б/ Осы жолмен (Даркан және Гунчудзам), ең қолайлысы деп табылып, өткен жылы Пекинде болған үргілік хутухта қайтып оралды. Алдыңғы жолда (кері қарай емес пе?) ол Долоннормен жүрген және сондықтан шығысқа қарай бет алуы тиіс еді. Сонда ол үшін барлық құдықтар жөнделді, енді олар, Дзангиннің сөзіне қарағанда, барлық сауда жолы бойында жақсы суға кенеледі.

Дзангиннің сөзінше, сауда даңғылы барлық жағынан миссияның жүруі үшін ең қолайлысы болып шығады.

* * *

Қытай тауарлары, яғни байха және кірпіш шайлары Үргі мен Кяхтаға екі амалмен тасымалданады – өгізбен және де түйемен жеткізілетін екі доңғалақты арбалармен әкелінеді. Бірінші амалмен жазда, шілдеден (ерте) бастап, күздің дәл ортасына дейін; ал екіншісімен – қазанның соңынан бастап, ақпанға дейін және сәуірге дейін тасымалдайды. Өгіздермен арбаларда әр уақытта қолайлы деп санап, сауда жолымен жеткізеді және оны, әділеттілікпен үлкен жол деп атауға болады; ал түйелермен – қай жолмен болсын, сауда даңғылымен де, алдыңғы жолында миссия өтетін шығысқа қарайғымен және басқа да жолдармен болсын жүре береді. Бұл соңғы жолдар тек сай-шатқал және тауларда, қоныс жерлерде мәлім, ал жолдардың өзі еш жерде көрінбейді. Түйелермен күздің қалың ортасы мен қыста тасымалдайды, өйткені бұл уақыт олар үшін ең ыңғайлырағы. Жазда олар қара табанданады [біздің сібірліктердің тілімен айтқанда], яғни аяқтарын құмға, үсақ тастарға егейді, ал қыс оларға жүруге жеңіл, есесіне онда өгіздерге арбамен жүру қиынырақ. Түйелерде тасымалдаумен

моңғолдар айналысады, ал өгіздермен арбаларда – қытайлықтар шұғылданады.

Моңғолдар әдетте 300 гин (біздің салмағымыз бойынша 10 пұт) шай теңделген түйеге Калганнан Үргіге дейін қазіргі уақытта $4^1/_2$ не 5, 6 лан, ал Кяхтаға дейін 7-ден 8 ланға дейін алады. /3б/ Жалпы, қазір тасымал бағасы түсіп кетті. Бұрын Кяхтаға дейін 16-дан 18 ланға дейін алатын.

Неліктен баға сонша түсіп кетті? – деп сұрадым. – Бәсекелестіктің көптігінен: моңғолдардың көбі осы жерлерден түзды Калган, Хукунор, Долоннорға (тағы да бір қалаға) тасымалдаумен бұрын да айналысатын, бұл оларға кәдімгідей кіріс әкелетін; түзды олар нанға тиімді айырбастайтын не ақшаға сататын. Алайда қазір, соңғы жылдары бұл жерлерде астық түсімсіз болып тұр; астық алдыңғы жылдармен салыстырғанда азырақ; нан қымбат, сондықтан моңғолдар түз кәсібімен айналысуды соншалық тиімді деп таппай отыр, барлығы тауар тасымалдауды тиімді санап, соған ұмтылды. Соңғы операцияға баға осыдан да төмендеп кетті.

Арбалы өгіздерге әдетте Калганда және оның маңайында тұратын және осы тасымалмен айналысатын қытайлықтар жалданады. Олар өгіздердің көпшілік бөлігін халхастардан сатып алады, ал оларды цахарларда жаяды. 360 гиннен көп тиемейтін әр екі доңғалақты арба тасымалы үшін ...лан Үргіге дейін және ... Кяхтыға дейін алады.

Калганнан Пекинге дейін әдетте не түйемен тасиды, онымен ... де моңғолдықтар айналысады, не қашырлармен тасиды да, жолдың қысқалығына қарай түйеге не 300 гин 3 лан және одан төмен, ал қашырға ... бір ланнан және одан аз алады.

Күмістің бағасы біраз уақыттан бері айтарлықтай өсті. Бұрын ланға 1600 чох беретін, ал қазір небары 1100 чох келеді (Оның да себебі тағы түсімсіз астықтан сияқты). 1836 жылдан осылай өсе бастады.

Кірпіш шай Калганда $4^1/_2$ лан, Үргеде – 5 не 6 лан, ал Кяхтыда – 8 лан тұрады.

/4б/ Даван ведомствасында немесе цахарлар мен халхастар арасындағы моңғолдар қоныстарында барлығы 10 қосын, олардың ішінде 2 сүннет (Бірі Шығыс, басқасы Батыс, 4 Абагаев, 2 ... және 2 ...).

Шығыс сүннет тайпасы қосынында 20 рота, Батыс қосынында – 18 рота; абағайларда бірінде 13 рота, басқасында 7; ал екеуінде 5-тен; қалған қосындарда қанша екені сүннеттердің есінде жоқ.

NB – Барлығы жалпы 10 қосында 108 рота. Кейбір роталар 150 адамнан, басқалары 100-ден немесе одан аз. Жалпы барлық қосын әскері (роталардағы адамдар) 20 мың адамға дейін. Ал тұрғын халықтың саны – беймәлім: басқа ротада отбасы бойынша 800 адам деуге болады, ал келесіде едәуір

көбірек. 13 ротасы бар Батыс сүннетте, Дзангиннің пікірінше, 10 мыңға дейін жан болады, ал Шығыстықтарда одан көп.

/5а/ Қосын әскері не рота, — кордонда, сондай-ақ Қобда, Үрге мен Улясутай арасындағы поштада қызмет атқарады. Бұл олардың басты борышы, содан кейін Пекиндегі кумиреньді қамтамасыз ету үшін алым-салық көп болады; қандай да болсын. 1000 бас малы бар адамнан жылына 20 ланға дейін алады. Бұл оларға қатты салмақ түсіреді. Мұнда асыра сілтеушілік көп сияқты. Бұдан басқа жылқыларды боғдыханға сыйлыққа жөнелтеді.

Содан кейін бұл моңғолдарда роталардан бөлек айрықша әскер бар, олар әскери тәсілдерге көп төселдірілген (ол земство әскері сияқты, ал бұл тораптық ретінде тәрізді); ол 10 қосын тұтас ведомствада бар болғаны 2 мың; бұл екі мыңдық корпус барлық әр қосыннан және әр үлкен ротадан (150 адамы бар) іріктеліп алынған жас әрі қарулы 18 адамнан, ал кішілерінен (100 не одан аз) 9 адамнан алынып құралған. Бұл әскер қандай да бір соғыс қимылы жағдайына жасақталған. Ол сондай-ақ кордондық қызметке де пайдаланылады, басқасы болмағандықтан. Бұл әскердің өзінің айрықша басқармасы бар. Оның бастығы джан-джунь, оның қол астында дзахорокчий, ал онда дзангиндер. Джанджунь моңғолдардан, әдетте, боғдыханның бұйрығымен дзасактардан тағайындалады; және ол атағы жағынан джулган дарғаға бағынышты, ал джанджунь атағы бойынша тікелей трибуналмен шығарылады.

Барлық роталар мен қосындар екі джулгидардың бастауымен, олардың бірі аға (үлкен), дахан мәртебесіне ие және Шығыс сүннеттер қосынында қоныстанған, басқасы кішісі, ол да дахан мәртебесіне ие, Абагаянда қоныстанады.

/6а/ Маңыздырақ істе олар бір бірімен кеңеседі, алайда Трибуналға қатысты істе аға даван шешеді. Оның кеңсесінде 70 адамға дейін болады. Оны қосын тусулакчиларының (немесе дзахорокчиларының) бірі кезекпе-кезек басқарады. Қосындарда (үлкен) әдетте екі дзахорокчи, екі тусулакчи, 2 майрны, 2 дзалан және бірнеше дзангин болады. Дзахорокчилердің әркайсысының басқаруында бірнеше ротадан болады. Майрнылар олардың көмекшілері. Тусулакчи қосында түрлі істерді шешумен және тергеумен айналысады, дзалан оның көмекшісі.

/7б/ 10-қыркүйек Шарабудурган бекетінен Дурнаға қоныс аудару. Барлығынан ең қиыны және шынында да, біздің барлық ойымыздан асып түсті. Мұндай құмдарды, не бір ертегілердегідей жеткізе алмайсың, не бір қаламмен жаза алмайсың. Тұтас құмды тау, адырлар, солар арқылы асып өту керек. Жалпы, бұл бекет бұрынғысына қарағанда да қиынырақ болып кетті: соңғы бірнеше жылда құмды адырларда шөп (осы жерлерде өсетін) өте аз шығуда. Осыдан жел кезінде құмға көтерілген жеңіл және жал-жал болып қалады. Біздің

көз алдымызда әр аттаған сайын жаңадан үйілген құмдардың жалы болды, онда шөптің қылтаңы да болған жоқ.

Көшу үшін келесі шаралар қабылданды: көп жүктер (барлығы дерлік) мүмкіндігінше жеңілдетілді; түсірілгендердің барлығы түйелерге теңделді. Барлығы 46 түйе кетті, оның ішінде 6-уы жай түйелердің санатында жүрді. Арбаларға көпшілік бөлігінде 4 аттан жегілді (тек тарантастар сияқты), арбаға – 6 қаптан. Барлық мүшелер, тіпті ерекше архимандрит – салт атта. Алайда бұл шаралар жеткіліксіз болды, өйткені құм барлығының, тіпті әрқайсысының соншалық есін шығарды. Біздің бейнетімізге қарай жүк арбаларын алғашқыда қысқа*[21] әрі қиын жолмен жүргізді; содан кейін онымен жүру мүмкін емес болғандықтан бұрылып, басқасымен – ұзағырақ және жүруге болатындайымен кетуге тура келді. Бес шақырымға айналым жасалды. Дегенмен бұл жолда соншалық құлама құм жалдар болмаса да, барлығы терең келеді, көбінесе тауға қарай әрі көбі жал-жал. Арба сағат 5-те шықты, бекет 25 шақырым болса да, жарты жолда-ақ қараңғылық түсті. Әбден әлсіреп, күшінен айырылса да, тек түйелер ғана бекетке жайымен жетті. Мен талқандалған әскер сияқты, бекетке алдымен жетіп, Секурскийді жөнелтуге мәжбүр болдым. Біріншіден, олардың лансосы түйелерде болды, шамасы, бекет моңғолдарынан сұрап алған тәрізді. Старшинаны шақырып алып, достық қарым-қатынастар негіздемесімен олардың бізге көмектесуге міндетті екендерін айтып, түйе берулерін өтіндім. Тек 6 түйе ғана бар екен, соларды жөнелттік. Содан кейін біздерден келгендерден 12-сі жіберілді (18). Сонан соң мен өзім осы бүйрықтардан кейін аттанып кетіп, шашыраған әскер тәрізді жапырақ-жапырақ болып қираған жүк арбаларын таптым. Тоқтаттым да, дем алуға пәрмен бердім. Бағымызға қарай, бір жерде су мен малға өзен таптық. Басқа арбалармен бірнеше рет ауыстырсақ та, ел де, аттар да әбден қалжыраған. Түнгі уақыт барлығының және де әрбір адамның күшін нығайтты. Әсіресе, түйелер өз қызметтерін атқарып шықты. Кешкі уақыттан бастап көмекке келген арбалы керуендердің 14-і жөнелтілді, олар ауыртпалықты айтарлықтай жеңілдетті; содан кейін менің айтуыммен тағы бізден 8 түйе моңғол арбаларымен жөнелтілді.

Моңғолдар көп жәрдемдесті. Олардың тарапынан, жүк арбасында болған 18-інен басқа тағы 10 адам жасақталды. Кешке өзім бардым, казактармен бірге түнедім, кірпіш шай, кепкен нан, жүгіріп жетіп, бір нәрсе тастай ма деп үміттенген ит сияқты отты айнала отырған моңғолдықтар. Басқалар қараңғылық басқан түрлі жерлерде түнеп шықты. Таңертең барлығы

---

*[21] *Жол жиегіндегі сызықта*: қалжыраған аттарды ауыстыру үшін арбамен бірге табын айдап жүрді.

тыңайып тұрып, сергек қалыппен алға жылжыдық. Бағымызға қарай, су да болды (Осы құмды жерлерде су табу да оңай. Қазып, шағын шұңқыр жасаймыз, қолма-қол суға толып шыға келеді. Кейбіреулер осы сияқтыны місе түтты).

11-і күні таңертең қираған арбаларды, арба керуенін тегіс қарап шықтық. Арба керуенінің алдыңғысынан ең соңғы артқысына дейін 6 шақырым болды. Ара-арасында тағы екі жерде арбалар болды. Түйелерді тағы жеңілдеттік. Дзангинмен және тайдзимен кездесу болды. Көңілдері жай тапты да кетіп қалды.

Арбалар аман-есен және межелі уақытынан ерте жетті. Алайда екі аяқты арбалар алдындағы құмдармен, құм жалдарымен, әсіресе, бекетке жақындағанда өте қатты айқасты. Олардың алдыңғы бөлігі тапа-тал түсте келді, ал қалғандары қараңғылық түсе бастағанда кешке жақын жетті. Барлығы қуанды. Қайғы құрсауы мен пәледен құтылғандай жарқын-жарқын сөйлеуде /9а/ (Иван Акимович Менду !...). Моңғолдардың түйелерінің бірі жығылды. Алайда, оған ақы талап етпеді.

Барлығымыз шаршап, бір тостағаннан шарап іштік. Келесі күнді демалысқа арнауға ұсыныс болды. Биткенші жариялады.

12 қыркүйек. Демалыс. Дурма бекетінде бір не екі шақырым арақашықтықта суы малға жақсы көл бар. Сондай-ақ түшы сулы бірнеше құдық та бар. Алайда, түр-түсі құмды далаға келеді. Алда құм төбелер, біздің киіз үйлеріміз де құмда.

NB. Шарабудурганнан Дурмаға дейінгі аралықта осы құмдардан қай жерде де киіз үйлерді кездестірдік. Немен тамақтанатындарын құдай білсін. Таулар мен құм жалдары және төбелер арасында кей жерлерде аздаған шөбі бар желекті алаңқайлар кездестірдік. Осында кейде жұпыны киіз үйлерді ұшырастырдық. Кейбіреулері тым биік құмдарда. Құмдарда да айрықша түрдегі шөптер бар, кей жерлерде сұлы (суло) аталатын шоқ бұталар бар, біздің бар малымыз осы құмды шөл арқылы жолды өткен кездерінде сол бұталарды місе түтты. Жалпы тіршілік өте жұтаң. Жан-Жақ Руссоны шақырар ма еді. Киізүйсымақтардың көпшілік бөлігі күрке тәрізді. Малдың көбісі түйе, дегенмен, әредік ірі қара мал да бар, бірақ өте аз (Барлық сүниттерде болса да). Түнде (жолда түнеген кезімізде одан-бұдан иттердің үргендері естіліп жатты) әр жерден киіз үйлерден от жылтырады (құм жалдарында шырақ түрінде). Әлі енді жүріп келе жатқан бетімізде бір жерде таңертең биік құм жалдардың беткейінен жападан жалғыз екі ағашты (талдар болуы тиіс); жақын жерден киіз үйлерді көрдім. Біріне біздің адамдарымыз кез келген киіз үйде болатын кірпіш шай сұрау үшін кірді. Оларға сарқыт сияқты бір нәрсе беріпті. NB. Осы құмдарда шөптің тағы бір ерекше түрі өседі, оны .... атайды.

Ол тікенекті және .... түрінде, бұта тектес; піскен кезінде (нақ осы біз өткен уақытта) үшында қарасораныкіне ұқсас тұқым бар, дәні тары сияқты. Осы шөпті түрғындар жинап алып, шайға қосып (қой етімен пісіреді) және жай суға қайнатып тамаққа пайдаланады. Бұл шөп үлкен құмдардан басқа жерлерде өспейді. Содан кейін оны кездестірген жоқпыз (басқа құмдарға тағы да тап болсақ та), тек келесі бекеттен ғана аз мөлшерде үшыраттық, өйткені бұл бекет құмды болды. Біз құм аралықпен жүріп өткен кезде әр жерден осы шөптің бау сияқты шағын будаға байланған үйіндісін көрдік. Бұл уақытта ол әбден піскен (сарғайып-ағарып, құрай бастаған), түрғындар оны жинап қысқа қамдап жатыр. Біз өсімдіктің өзін де, тұқымын да алдық. Өте дәмсіз нәрсе, мұндай түкке түрғысыз шөпті тек жоқшылықтан ғана тамаққа пайдалануға болады.

Бізге ілесіп жүрген және басқа жерлерден келген моңғолдардан қалайша құм әлемінде түруға болатынын, сондай-ақ мұнда малдың қалай өмір сүретінін сұрадық. Олар осында туып, осында өсіп, адамның да, малдың да оған үйренісіп кеткенін, біріншісіне басқа жердің көңілсіз екенін, ал екіншісінің тіпті жақсы шөптен де арықтап кететінін айтты. Осы қорқынышты жерлерді мекендеушілердің арасында тіпті дәулетті адамдардың, бар екенін, олардың малының (осы жерде асырауға болатын түрлерінің) өте көптігін де айтты. Жазда қатты қызып оларды күйдіретін осы құмдардың өзінен болатын ызғарлы суыққа шыдайды, құм қыста нақ осы ыстықтан суық болады, яғни құм суып, температураны одан әрі салқындатады. Киіз үйлерде суық, т.с.с.

Мұнда қалай өмір сүруге болатыны таңқаларлық әрі ақылға қонымсыз. Бұл – адамның қайда болса да, күн көріп кететінінің айқын дәлелі. Осында қалың өсетін сүйе туралы да екі-ақ сөз айтуға болады: біздегі қияқөлең шөбі тәрізді, тек үшкірлеу келеді. «Ол туралы пікір мынандай, ол малға тым зиянды, әсіресе жылқыға», – деп жазады Тимковский өзінің саяхатында. Алайда бұл зияндылық онда тым асыра сілтенген сияқты. Тым болмағанда, жазда және күздің басында ол соншалық қауіпті емес. Біздің малдар бірнеше бекет бойы тек бір ғана сонымен қоректенді, бірақ ерекше зиянды ешнәрсе болған жоқ; тек барлық табын ішінен жылқылардың 5-еуі аздап әлсіреді (тышқақ); жалпы ол (шөп) нәрлі емес. Біздің барлық жылқыларымыз Батыс сунниттері арқылы асу кезінде, қай жерлерде осы шөп көбірек, ал басқалары азырақ жерлерде – тым арықтап кетті; ал моңғол малдарына келсек, онда бұл шөп оларға еш зиянды әсер етпеді және олар одан арықтамайды. Моңғолдықтар оны тіпті де зиянды деп таппайды, тек көктемде оның нашар салдары болатынын, оның өзінде одан емес, ал жылдың бұл мезгілінде оның тамыры әлі әлсіздеу келіп, жылқы және басқа малдардың

оны тамырымен бірге жұлатындарынан, демек, күммен қоса жейтіндерінен асқазан бітеліп қалады да, жылқылар кейде қиналады; басқа қалған мезгілдерде еш зиян емес екенін айтады. Оның миссияны бастаушы алғашқы малдарға қазіргіге қарағанда, көбірек зиян келтіруінің себебі, шамасы, бұрынғы миссиялар бұл жерлерден едәуір кеш (қазанның аяғында немесе қарашада) өткен сияқты; шөп бұл уақыттарда қатқылдау келуі мүмкін, ал өзіне ең қолайсыз кездерде жүрген мал әлсіздеу болған шығар.

Дурма бекеті күмда әрі дарасуда түр, яғни барлық жағынан айнала күм, кейде ақсиған тістей тау; ал жанындағы жырадағы дарасу аса биік.

13-ші қыркүйек. Ертерек шықпақ болғанбыз, бірақ одан да бұрын қар жауды. Таңертең оянған бетімізде барлық жер тұтас ақ қар болды және ол жауғанын тоқтатпады. Ауа райы тым жаман. Біз тағы да демала түрайық деп шештік. Биткенші аз да болса қиындық тудырмады. Және де, біздің жүру не жүрмеу ниетіміз түрғысындағы жағдайларда, толықтай өз қарауымыз бойынша әрекет етіп, оны тек хабардар етіп қойдық, ал олардың тарапынан бұл мәселеде ешбір қарсылық болған емес. Бұл мырзалар әуел бастан тиісті қарым-қатынас жасау мәнеріне үйретіліп қойылған (Оның үстіне, уақыт та өзгерді). Үргінің өзінде-ақ мен оларға біздің биткеншінің және бошконың не екенін жақсы білетінімізді, олардың ақылдылық танытпай-ақ қоюларын, білгішсінбеулерін, онымен бізден еш нәрсе ала алмайтындықтарын, тек өздері жек көрінішті болатындарын басқалар арқылы хабарлап қойғанмын. Содан кейін олардың біздің алғаш келген бетімізде майордың жол жөніндегі қажетті келіссөз туралы сөйлесуге кіріп кетуі түрғысында (басқаша айтқанда, бірінші болып оларға менің баруым түрғысында) білдірілген ниеттеріне мен жай күлдім де, таң атқанша құжат тапсырысудың бола қоймайтынын айттым; оның ақырында келесі күні маған олардың өздерінің ұсынысты тапсыруы болды. Жол жөнінде де олар бұрынғы әдет бойынша менің қадамымды күтіп қалды, алайда, соңында, қытай менмендігін ұмытып, бекеттегі менің киіз үйіме жуасып келді. Бұл жағдайда мен өз тарапымнан тек әдептілік танытып, олардың келістерін өтедім.

Бүгін қар жауып, нашар ауа райының болуы — бірінші күн. Әйтпесе өте салқын болса да, барлық кезде тамаша күндер болған. Дурмаға өтетін күні (бірінші) бәрін қиындатып жіберген өте ыстық күн болды. Енді содан бір күннен кейін суық түсіп, қар жауды. Және мұндағы жерде, байқағанымыздай, жалпы ауа-райы тұрақты болса да тез өзгерістерге бейім келеді. Қар таңертеңгі сағат 10-ға дейін жауды; сонан соң тоқтады да түгел еріді, ал түске қарай тіпті жайнап кетті. Біздің 10-ы және 11-і күндері қиын асулардан қалжыраған

малдарымызға бұл артық демалысымыз мүлдем көптік етпеді, бізге көбірек демалуға мүмкіндік берді.

Біздің суретшіміз осы күнді пайдаланып, бекеттің сипатын оның маңайымен бірге бейнеледі.

14-ші қыркүйек. Дурма бекетінен шығатын өр жоғары қарай мейлінше тік, онымен ары қарай жол жатыр және өр – құмда. Біздің арба керуенінің офицері, алайда, оңға қарай алып, оны айналып өту мүмкіндігін тапты. Қазіргі асу, бұрынғымен еш салыстыруға келмейтін болса да, қиын: бас кезінде құм: жолда да әр жерде құм, әрі үлкен жалдар; біздің керуеніміз үлкен өрлер мен құмды жерлерден қашып үнемі алқап жағымен бұлтара жүрді. Бекеттің біткен жерінде 3 шақырымға дейін тағы да құм әрі мейлінше терең, енді оны жанап өту мүмкін емес болды. Айтқандайын, біздің арбалар аман-есен жетті. Кейбір арбаларда жетекке алынған аттар болды, яғни қам жасау ниетінде, (қорыққанға қос көрінеді); осыған оларды өткен бекеттер үйретті, олар бірін табынға жіберіп, басқасын үстап, әбден азаптанып, аттарды бірнеше рет ауыстыруға тиіс болған кезде осы жетекті айтты. Бұл асу – тура 20 шақырым.

Цаколдак бекеті. Дурма алдындағы жаман құмдардан кейінгі бұл жолдар бізге тым ширақ көрінді. Бекеттерде құдықтар бар; сондай-ақ мал үшін көл (?) (есімде жоқ, құдықтан суардық па?).

15-ші қыркүйек. Біз енді құмнан мүлдем құтылдық деп ойладық, соның арасынша, бекеттен ең басынан – құмды әрі мейлінше қиын өр және терең; одан кейінгі жол енді жақсы, құмсыз, олардан, құдай сақтасын, ақырында шықтық. Сол бекетке жақын жерде, жолдың оң жағында (құмнан енді ғана өткенде) біз аялдаған кумирня бар. Мейлінше кең. Екі ішкі ауласы бар. Онда бұл уақытта болмайтын құбылған бар. Кумирняның артқы жағында (түкпір бөліктерінде) дін жорасы өтеді; біз сонда таңқаларлық сахна көрдік. Ламалар (будда дінінің монахы) әдеттегідей өкіріп, дабыл қағып, мүйіз үрлеп жатты (алайда мұның барлығы әлі ештеңе емес); бір жақ бүйірде олардың күлдіргі қызметші не Дон Кихот сияқты киінген біреуі болды; басында – ескі темір шошақ, бір қолында найза тәрізді бір нәрсе, басқа қолында – көне қылыш; ол айрықша бір қимылдар жасады, найза мен қылышты сілтесе барлығы бір бағытқа – түкпірге қарай, оның қасындағы қабырғадағы шымылдықтың ішіне кетеді. Ақырында, шаршағандай, креслоға құлады да, барлық ламалар түсіп, жай дауыспен одан бір нәрселер сұрай бастады. Біз өз кезегімізде, одан нені сұрап жатқанын, мұның барлығының, жын ұрғандай болудың мәнісі не екенін сұрадық. Әркім одан өз ісі, тағдыры келешегі және сол сияқтылар туралы сұрайды; ал бұл кезде сәуегейлік рухымен масайған лама, оларға барлы-

ғын болжап айтады. Мұның барып түрған алдамшылық екені көрініп түрды. Жалған нәрсе екенін көру үшін осы ламалардың сұрына қарасаң жеткілікті. Пайғамбар, сондай-ақ түрып, күлімсіреген бойда бізге келді. Біз шымылдықтың ішіне қарап, онда атпен жүрген қорқынышты қара құбыжық тәрізді бет-келбетті көрдік (атты шағын мүсін). Буддистердің (есімі) ілімі бойынша, бұл қара рух. Кумирняда жағылған тибет шырақтары, тағы бір нәрсе сасиды, соншалық ауыр иіс, зорға шыдап түруға болады. Кумирняның барлық жерінен алдымен, артымен мейлінше үлкен мүсіндер қойылған, ал жан-жағынан оның шәкірттері тұрады; киімдері – үнділердің үлгісінде. Тағы шкафтарда, сөрелерде барлығы бір түрдегі, гунсава формасындағы (одан үргі кутухтасы қайта туылған, сонда оның рухы жайлап жүр) мыңдаған кішкентай бурханшықтар (буряттар мен қалмақтардың табынатын буддалық пұты) жатыр.

Кумирень құрылысын сипаттау. Бөлім (3). Біріншісінде (шіркеу баспалдағы түрі), 4 – жер рухы немесе қорғаушылар: сұрықсыз өңді қорқынышты мүсіндер; бірі қолында балалайка (бір ішекті), басқалары бір аяқтарымен маймылды тірек етіп жылан, атжалман және т.с.с. үстап түр. Бүйір жақ ғибадатханаларда әдеттегідей олардың қасиетті кітаптары сақталады.

Осы жолдан өткенде шөп мол; әсіресе, өткен жолдардағыдан кейін тіпті жақсы көрінді. Жолда құм (шамасы, бұл соңғысы болуы тиіс) болса да, аса қиындықсыз жеттік. Келесі келіп жеткен бекет Э л е с у т у деп аталады. Ол цахарлар жерінде; цахарлар мен сунниттер арасында бекетке жақын шекараға жетпей. – Біз осы жерден суннит шенеуніктерімен қоштастық: 3-дәрежелі тайцзилармен, ол ведомоства бойынша барлық сунниттерді (екі жақтың елшілерін) жуан дзангинмен шығарып салды және тек Батыс сунниттерінде ілесті. Олар әдеттегідей көп нөкермен қоштасуға келді: бізді шығарып салушы бір тайцзилармен, кя және т.с.с. шендермен. Олардың барлығы іште киіз үйді айнала отырды; рямкаларды қызықтады, құйылғандарды т.б. тамсанып ішті. Барлығы сыйлықтармен марапатталды, салтанат терең күрметпен өтті. Бастылары ретінде тайдзи мен дзангинге 2 түлкі және тағы мауыты мен стақан тартылды. Содан кейін бір шөлмек шарапқа дзангиннің портреті салынды; достар болып тарқастық.

NB. Негізі сунниттер миссияға қатынасында жігіттерше әрекет етті, сол үшін де оларды сыйлап, даванға сыйлық жіберуге болатын еді, әркез адамдарды тек табында қиындық т.с.с кезінде ғана емес, тіпті барлық қызметтерде (киіз үй тіккенде, бүзғанда, жүк теңдегенде, т.б.) бөлді.

/13а/ Тіпті өздерінің түйелерін берді; барлығына көмектесті.

NB. Цахарларда мүлдем басқаша. Барлық саяхатымызда ешбір жерде олардың тарапынан мұндай жансақтықты, сал-

ғырттық пен қуанбаушылықты кездестірген жоқпыз. Біріншіден, олардың ең алғашқы бекетінде (Элесутуде) біз әдетте құрылатын 3 киіз үйдің орнына, тек екеуін ғана таптық, онда да тым нашар. Менің талабыма орай жаңа шенеуніктер (цахарлар) келді: бір дзангин (бас киімінде көк түйіндері бар) және бір кундуй — ақ түйінмен; киіз үйді, айтқандай, дереу тікті, екі киіз үй жөнінде ғана пәрмен болғанын айтып, кешірім өтінді. Бұл киіз үй де жыртық болды. Біз бүкіл жол бойы миссияны өз киіз үйлерімен жабдықтаған үкіметімізге соншалық разы болдық. Моңғол киіз үйлерінде біздікілер жеткенше ғана орналастық (барлық мүшелеріміз арбалармен әдетте кейде екі не үш сағатқа арба керуені мен теңделген түйелерден ерте келетін); содан кейін моңғолдардікі ас үйге және казактарға берілетін, ал біз өзіміздің кең әрі таза киіз үйлерімізге жайғасамыз.

Тимковский цахарларды жауынгер атайды. Олардан кішкентай да жауынгерлік рух сезілмейді. Бұл тұрғыда олар түп-тура басқа моңғолдар сияқты, боғдыхан әскерінің бір бөлігін құраса да, олардың жүзінде қытайлықтармен бір үқсастық бар. Қан араласқаны байқалып тұр. Көпшілігі қытайша; кейбіреулері, әсіресе, шенеуніктерден, тіпті манжұрша да сөйлейді.

Шенеуніктер өте оңбаған келеді; дзангин және кундуй — енді ғана кірді, қазір қызмет етіп жүр, шамасы, менің көзімше бата алмаған сыңайлы. Міне, тағы жауынгер цахарлар арасындағы ортақ қасиеттер; олардың көпшілік бөлігі жылпос әрі ұры. Ұрлық оларда кең етек алған десе де болады. Олардың еліне кіргенге дейін бізді Голда сақтыққа тиісті шаралар қабылдауымызды алдын ала ескертті; соның салдарынан қызықтап келгендерді қуып, түнде керуенге күзет қойдық. Соның өзінде келесі күні жүген; тағы ожау (оны бір моңғолдан іздеп таптық) жоғалды. Олардың өздері 100 адамның арасында — 50-і ұры болады деп айтады, алғашқылары бай, жарлылардан қой, ірі қара мал ұрлайды, ал кедейлер өздерін қорғау үшін бірнеше киіз үй бірге топтасып көшуге тырысады; ал шағымдану — яғни өзіңнен соңғы теріңді сыпыру деген сөз. Ешкімнен әділеттілік іздеме. Бұл тұрғыда толықтай Қытайға жақындығы сезіледі. Бір өткенімізде біз бір цахардың киіз үйіне кіргенімізде, оның бірінші сұрағы мынандай болды: бізде ұры бар ма? Мәселе қайда, кімнің қай жері ауырса, ол сол жөнінде айтады.

Олардың туға (қосынға) бөлінуі жағынан барлығы 8; әрқайсысында 2 мыңнан адам. Қарулары — найза, садақ пен жебе. Бастықтары — гучай амбан; содан кейін — майрндар, дзангиндер және кундуй. (Жасақтардың орнына....). [Екі сөз түсініксіз] — олардың оған Қытайды жаулап алуға көмектескендері үшін дән разы, сол құқықтарды бере оты-

рып, оларды өздерінің манжүр әскері қатарында есептеді. Басқарма мен әскер санатындағы барлық қатардағылар үлкен қаражат алады (қанша ?). Тіпті жай ғана қатардағы – жылына 12 лан.

Оларда жер (боғдыхан отары көп) жақсы. Бірінші бекеттен шүйгін шөп басталды, жүрген сайын жақсара береді.

16-шы қыркүйек. Таңертең цахар шенеунік-мырзалары дзангин және кундуй тарапынан жаңа бір жаңсақтық жіберілді; 20 адамның орнына барлығы 15 тағайындалған және де олар болған жоқ; кейбіреулерін Голдаға алып кеткен, басқалары бытырап кеткен де, 4 адам ғана қалыпты, сондықтан түйелермен және киіз үйлермен де өз адамдарымызды жөнелттік. Оларға сөгіс берілді. Келесі бекетте олар барлығын жөндеп, өз адамдарын үсынбақ болды.

Жүретін жол айтарлықтай үлкен – 30 шақырым. Мейлінше ірі жалдар бар, бірақ жол тегіс, құмсыз, сондықтан келесі Харатологай бекетіне дейін айтарлықтай қиындықтарсыз жеттік. Оның шаруашылығында цахардың түрлі жерлерінде отар көп. Кейбіреуінде – қой, басқасында – жылқы, үшіншісінде – ірі қара мал. Боғдыханның түйелеріне келсек, онда олар халқас жерлерін мекендейді (сунниттер шекарасында десе де болады). Бұл жерлерде, олар арқылы біздің қазіргі жолымыз өтеді, арық қойлардың отары жайылып жүрді, жан жақтарында әр жерден оның бақташыларына құрылған киіз үйлер көрінеді, олардың барлығы жақсы жалақы алады (жылына 12 лан? Онда да, шамасы, бірыңғай шенеуніктер) және бірнеше киіз үйден топтасып тұрады. Негізінде бұл жерлер едәуір жанданған, адам көбірек, малды әрі көңілдірек және шөп те шүйгін – бір сөзбен, кең жазира. Бақташылардың үстінен аға бақташылар мен өз басқармалары қарайды, олардың Калганда айрықша кеңсесі немесе гусай амбаннің кеңсесінде бөлімдері бар, ол цахар корпусына, сондай-ақ боғдыханның түрлі малдарының барлық корпустарына қарайды. Гусай амбаннан кейінгі олардың негізгі бастықтары укаридтер немесе укардтар, ал олардың астында ...

Қазіргі жүрген жолымыздағы бір өңірде 40 отар қой және әрбір отарда 1100 қой, барлығы 44000 бас қой. Олардың ішінде, бақташылардың сөзінше, жыл сайын Пекинге жоғары мәртебелі сарайына 10 мың басқа дейін қой жөнелтіледі. Мен оның кім үшін жөнелтілетінін сұрадым. Қалайша барлығы боғдыханның ас үйіне арналады. Түрлі ас үйлерге болып шықты: біріншіден, боғдыхандыққа, екіншіден, оның жоғары мәртебесі кейде бұл қойларды өзінің мандариндеріне сыйға беруге бұйырады.

Бұл қойлармен біреуді бақытты етуге боғдыханның шешім қабылданған кезінде тарту ретінде олар қалай жіберіледі? – Кейде тірідей, кейде Үйітілген түрінде – менің бұл сұрағыма

осындай жауап болды. Бұл мемлекет тізімінде тұрған, әрі шенеуніктер мен ревизорлар тарапынан тексерілетін қойлардан әр жыл сайын белгілі бір санмен төлдері болуы тиіс; егер көп болса — шенеуніктердің бағы, аз болса — олар төлеулер тиіс. Бұл қой шаруашылығының, сондай-ақ жылқы басқармасының (ірі қараға да қатысты) айрықша тағы бір қасиеті боғдыхан мал қырғыны мен ауруын білмейді және білгісі де келмейді. Мал мәңгі және өлуі де тиіс емес. Өлгендер кірістермен толтырылады, және де сандары да белгілі түрде молаюы тиіс; ал егер мал өлімі не соған үқсас бір нәрсе болса — онда қойылған шенеуніктердің кінәсі, солардан барлығы қуғындалып, орны толықтырылады; сондықтан боғдыхан бұл түрғыда қамсыз. Жылқыларды кейде әскер үшін қолданады.

Харатолоғай бекетіне жетпей, біз әрең көрінетін, бірақ аңғарылып түрған топырақ үйіндісінен жасалған дуал іздерін байқадық. Тимковскийде ол Орхонға дейін жетеді, оны біздің арба керуенінің офицері онда біздің шекарамызға дейін жететін үйінді бар екенін түжырымдап сендірді. Сонымен, шамасы, бір кездерде Қытай иелігі моңғолдардан бөлінген сияқты.

17-ші қыркүйек. Дзангин мен кундуй бізбен адам таңқаларлық әрі ең рақымсыз түрде қалжыңдасты. Келесі бекет — 35 шақырым. Куйтун аталады. 35 шақырым — едәуір жол сияқты. Құмдармен және жалдармен қалжыраған малдармен өткен сүмдық жолдардан кейін. Жоқ олар екеуінен ... таңдады.

/18б/ Олардың қазіргі бағасымен салыстыру үшін, Калгандағы бұрынғы уақыттағы біздің барлық тауарлардың бағасы туралы. Әсіресе, аң терісі жөнінде: олардың қазіргі бағасы бұрынғыдағыдай.

* * *

/16б/ Питерге хат жазу, шайға байланысты алаңдатпау, тыныштандыру, Калганға жетті, не күтіледі: келесі жыл (және болашақ) түрғысынан қауіптену. Бұл түрғыда барлығын: құрлық жолы жөніндегі барлауды (барлап барып жазу), яғни соншалық мүлде қауіпті емес, егер де тіпті сонымен шайды Калганға жеткізуге тура келсе де, тіпті барлық қауіптер біздің көпестердің тарапынан әдейі асырылып айтылғанын, ақымақтардың осыған сенгенін жазу.

Біздің көпестеріміз оның орнына, шай операциясынан олжа табу үшін, осымен, елге таратқан қорқынышпен шықкылары келді де, осыдан өз түсімдерін алмақ болды.

NB. Жалпы, келешек мәліметтерде құрлық жолдары туралы міндетті түрде жазу және сол жолмен шай тасымалдауға тура келуі мүмкін бе, егер ықтимал болса, онда қандай дәрежеде тиімді. Егер сонша қолайлы болмаса, онда да бұл уақытша қолайсыздық екенін, содан кейін соғыс тоқтатылысымен қайтадан теңіз жолымен қатынасатынын қосып жазу.

Кяхты көпестігі, Ресейді қорқыту үшін, әдейі осы сияқтылармен көбірек қауіп тудырғысы келді де, соны пайдалана отырып (яғни шай саудасына алдағы уақытта сөзсіз сәтсіздік төнетінін) орасан бағаға сату.

Ағылшын Гисозиолан? түрлері туралы Фудзянға ауыстыру. Мұнымен бірге бізге кетіп жатқан шайлардың ағылшындарға да теңіз жолының қиындығына шыдамай (Джилий бұғазына дейін сонымен барса да) баратынын түсіндіреді, алайда бұл қарсылыққа осы тұрғыдағы себепке бола орын берілмесе керек.

/17а/ Келешектегі болатын қауіпті де қосып жазу, егер де тіпті ағылшындармен өз түрлерімізге қол жеткізген күннің өзінде, шай саудасы олардың қолына көшер еді (яғни, бізге кетіп жатқан шайлар, ағылшындардың Фудзянда нақ осы шайлардың оларға кете алмауы себепті жүруіне қарамастан, бізге барар еді) – бұл, міне, сөзсіз қауіпті тәрізді, олар бүкіл Қытайды шұғаға, жүннен тоқылған бұйымдарға толтырып, біздікілерді анық шайқалтады. Көпестер біз сияқты сонша арзанға ағылшындар ешқашан сата алмайды деп ойлайды. Алайда, бұл қисынсыз тәрізді (?). Негізінде, осы уақытқа дейін неліктен шайқалтпады. Бұл жөнінде ойлану керек.

/15б/ Тағы жазу керек: Англиямен араның ашылуы шұғаның және басқа мануфактуралық бұйымдардың бағасына қалай ықпал етті? Олардың бағасы көтерілмеді ме, сұраныс артпады ма және біз мұны пайдаланып кете алмаймыз ба. Қытай көпестері осы себептерден келесі жылы бізден барлық фабрикалық бұйымдарды үлкен мөлшерде қажет етуі ықтимал және олардың үміті олардың жақсы өтетінінде және де тауарларды төмен бағада жібермес үшін бұл туралы біздің көпестерге құлағдар ету артық болмас еді, бекініп, төтеп бере алар еді.

NB. Қалгандағы жағдайды жөндеп, келешекте Петерборға мәлімдеме жазу: Кяхтаға бұрынғы қалдықтардан қайбір шай жөнелтілді ме, бұл қалдықтар орасан көп болуына байланысты, жалпы қанша жөнелтілді?

NB. Қалғанға жаңадан жеткізілімдер болған жоқ па, өткен жылдан қалған шайларды құрлық жолымен кешеуілдесе де және бұл жеткізілімдердің көлемі қандай мөлшерде. (Егер жеткізілімдер болса, онда, шамасы, бұдан Үргіде маған хабарланған жалған мәлімдеме шығатын еді).

NB. Біз (әсіресе Даркандзамда) байха шаймен келген көптеген жүк арбаларын кездестірдік: бұл қандай шай? Олар қанша болса да жөнелтілген болып шығады. Сонда қанша?

NB. Әсіресе, шай алуға үміт бар ма және қай кезде мүмкін болатынын білу.

NB. Ал бастысы шай жөнінен тыныштану. Мен шай саудасына қатысты қауіп туралы қауесеттің қоғамдағы барлық

таптарды жайлағанына, және барлығының шайсыз қалудан қорқатындарына сенімдімін; – бұл қауіптің енді негізсіз екенін, үрейленетін еш нәрсе жоқ екенін, шай түрғысынан барлығының болатынын көрсету.

/18а/ Калганнан Кяхтаға дейін түйеге 7-ден 10-ға дейін лан алады да, түйеге 300 гинге дейін жүк теңдейді, ол бір жарым шайды не гүлді шайды құрайды, онда 82 фунт – 4 орын, ал шаньсиндік, онда 55 фунт – 4 орын.

Жақсы нерчин (аргун) тиіні қазір 150 сом түрады (олардың терісі иленген).

Полик өзінікіне 90 сом төледі (қымбат). Оның жон терісі қатқыл әрі табан сияқты, бірақ оған 75 сом берді ғой. Оның сөзінше, [екі сөз түсінілмеді] жарты жеткізілім тері не ... теріден [бір сөз түсінілмеді].

Біздің буряттар мен орыстар қытайлықтардан неше түрлі маталар, дабы және сол сияқтыларды алады, ал біздің нанкаңы алмайды, берік емес. Ондай дабыны біз жасадық, бірақ берік емес. Нанка, алайда, арзан болғандықтан қытайлықтарға, моңғолдарға үлкен мөлшерде жеткізіледі.

NB. Осы неше түрлі маталарды (дабы, ланения [?], қытайка және т.с.с.) Кяхтада сатып алып, алып шығу керек.

Тағы буряттар мен орыстар қытайлықтардан ағаш аяқ (ыдыс) сатып алады, (буряттарға) әдеттегідейін әкеледі, оларды моңғолдар да (кірпіш шайға) пайдаланады, ал орыстар үшін арнайы дайындалғандарын (жақсыларын) жеткізеді.

Біздің нанкаларымызды сатып алмайды, берік емес әрі ыстық ауаға шыдамайды, жарылып кетеді.

NB. Сондай-ақ тағы түрлі ағаштардан жасалған көп қалыптарды алып кету.

Тағы да біз қытайлықтардан түрлі шойын бұйымдар аламыз.

Оны да үлгі үшін алып кету.

Қызық, біз олардан неше түрлі бұйым аламыз, ол заттармен оларды толтырып тастай алар едік, егер тек жақсырақ өңдейтін болсақ, алайда біздікілер бұл түрғыда мақтана ма сосын.

КҮНДЕЛІК ЖУРНАЛ 1855 ж.

Ақпанның 9-ы. Шарафи манжұрлердің Қытайдың ішінде барлық облыстарды қайтарғанын – оларға инсургенттер билік еткен, енді істің оңға басып, тыныштық болатыны туралы хуарандықтар – көпестердің хат алғандарын айтты.

Ақпанның 11/7-і қыт. Әбдірайымның әңгімесі. Чанпандар тыныштаратын емес, олар қайтадан бүлік жасамақшы, оны 15-і күні (19 ақпан) бастауды болжап отыр. Қалада бұрынғысынша күзет үстайды.

Қаскүнемдік жол алғанға дейін барлық шенеуніктерде чанпандардан екі не алты адамнан қызметте болды, алайда осы жағдайдан кейін барлығын қуып жіберді.

Қытай ішінде (оған чиныҷтар айтыпты) – жағдай яман*[1]. Міне, тек (өз қолының алақанына «0» дөңгелек сызып көрсетті) – Бечжинға дейін 500 ли*[2], ал қалғандарының барлығын қара қытайлар алды. Чжаннан, Хунян, Гандун және басқалары – коб-коб*[3], жиырмадан көбі алынды. Ал жақында мына әңгіме айтылды, манжұрлықтар Нанкиннен басқа көп қалаларды қайтарды-мыс, онда бұл – бейкар*[4], бұл хан қағаздарынан айтылған, мұнда соңғылары бізге сол жерлерден жақында келген адамдардан мәлім болды. Абдулла-ахун оған да іште жағдай жаман дегенді білдіріпті. Және мұнда, егер күміс келмейтін болса, онда ханбиндерден жаман жағдай күту керек.

Алғашқы қаскүнемдік беті ашылған соң жауап алу кезінде айдалып келгендерден сұрадық:

– Бұл найза мен пышақтарды сіздер кімді шауып, кімге сұғу үшін жасадыңыздар?

– Хой-хойларды.

– Өтірік айтасыңдар (Азаптағаннан кейін олар манчьжурлар үшін дайындағандарын мойындады).

---

*[1] *Яман (түркі.)* – жаман, түнеріңкі.

*[2] *Ли* – қытайша ұзындық өлшемі, шамамен 0,5 шақырымға сәйкес келеді.

*[3] *Коб-коб (түркі.)* – көп-көп.

*[4] Дұрысы: *бекер* – өтірік, ойдан шығарылған.

Мұндағы басқару орны дұңғандардың да айдалып келгендердің қастандық түрғысындағы жоспарларына қатысы бар ма деп күдіктенеді.

Қашғарда тыныштық орнап түр.

Чантудандар*[5] Цзян-цзюнға Қашғардан хабарлама келгенін, онда қоқандықтардың Ақмешітті қарудың күшінсіз кері қайтарып алғанын айтады. Стамбулдан Бұхараға елші келіп кетті, ол сұлтанның атынан Бұхара мен Қоқан хандарына бірігіп, орыстардан Ақмешітті азат етуге әрекет жасауды ұсынды: басында орыс басшылығына ол жерден өз еріктерімен кетулерін келіссөз арқылы ұсыну, ал қарсылық болған жағдайда әскери күш қолдану. Осыдан екі ай бұрын Бұхарадан екі мың адаммен жасақ жіберілді және осынша Қоқаннан шығарылды. Ақмешітке келген бойда осы әскердің бастығы Шадбек тездетіп орыс басшысына Ақмешітті босатуды талап етті, ол, шынында босатты да, мұсылмандар сонда аяқ басып, бұрынғысынша иелік етуде. Қопалдан жақында келген сарт қорғанда*[6] соны әңгіме етті. Ақмешіт орыстардан кері қайтарылды; Қопалда осы жөнінде дабыл қақты!

Үрімшіде күмістің бағасы жамбыға шаққанда 25 т. дейін түсіп кетті, осы уақытқа дейін онда күміс лянға 3800-ден болса, қазір 3300. Мұның себебі, күмістің көп жиналып қалуынан, ал оны ішке қарай жөнелту қауіпті. Қашғарда да ол арзандап кетті: бұрын жамбыға 1000 не 1100 теңге беретін, ал қазір 800 не 900 теңгеден көп бермейді. Сондықтан ондағы көпестер бұл жақтан күміс әкелмеуді хабарлап жатыр. Мұнда жамбы, бұрынғысынша, 154 не 155 теңге.

Ақпанның 12-сі. Шарафидің әңгімесі. Қалада тыныштық орнап түр. Қытай ішінде (оған Мафар айтыпты) бұрынғы тәртіп қалпына келіп жатыр. Хан істері түзеліп келеді. Кантон көпестері маньжур үкіметіне үлкен қайырымдылықтар көрсетті. Бір банкир төрт жүз тұман*[7] күміс және тағы 100 кеме беріп жәрдемдесті, басқа біреу екі жүз тұман қайырымдылыққа ұсынды (осыдан да Үрімшіде күмістің құны түсіп кеткендей), алайда күмісті мұнда жөнелту жөнінде еш сыбыс жоқ. Тек көпестерден бұрынғы қарыздарын талап етіп жатыр; олар былай жауап қатты: күміс жоқ және уақытымен әрбір *бяч*-қа төленсін деп өтінді. Басқару орны келіспей отыр, келісімге бір жамбыға жүз елу теңгеден жармақтармен саудаласуды мәлімдеп отыр. Мұның немен аяқталатыны беймәлім.

/2а/ Біздің саудамыз бұрынғысынша жүріп жатыр, тым болмағанда, кепкен нанға пұл табады деуге болады, әрқайсы-

---

*[5] *Чантудан* – қытайлық ірі шенеуіктердің үйғырларға берген лақап аты.

*[6] Бұл жерде Құлжадағы *кеден мен керуен-сарай*, қытайша *майтунцза*, сөз болып тұр,.

*[7] *Тұман* – он мың бірлік.

сы күніне 2-ден 10-ға не 10-нан 15-ке дейін сәр*[8] сатады. Қытайлықтар мен манжұрлықтар астық және нанка сатып алады.

Сағат 12-де дулин*[9] менің қонағым болды. Ол менің Хоргостан консулдың атынан оның жіберген хатын алғандығымды сұрады.

– Алдым.

– Не жазады?

– Жақсы және ерте жеткенін жазады.

– Консул нима иш бар китеди, яғни оның сұрағысы келгені: «Консул не үшін және қандай іске бола кетті?» – Дулиннің татарша сөйлегені менің қытайша сөйлегенімдей болғандықтан, мен оның сөзін түсінбегендей, жауап беруге асықтым.

– Иә, мен купурдің*[10] сыртына шығарып салуға бардым. Сол жерде шай ішіп, ет жедік, ал сені қуып жетпедік.

– Таяуда барасың ғой!

Бір рюмка ромды ішкеннен кейін ол айтты:

– Иә, сіздердің керуендеріңіз қалай кішкентай, алты түйе ғана (бұл Әбдірайымның керуені болған) жөнелтілді. Пайцзда (трактатты меңзеп түр) жиырма деп жазылған ғой!

Бұдан басқа ол еш нәрсе айтқан жоқ (Керуен сағат 9-да аттанып кеткен, жол сілтеуші де болды).

Жүрек жалғап алғаннан кейін біз екеуіміз құдыққа және моншаға серуен жасап бардық.

Осы жерде мен оған ұсыныс жасадым: оның буға шабынғысы келмей ме? Мен соған пәрмен етемін (монша дайын түрған), алайда ол қазына жұмысы бар – тезірек оралу керектігін айтып бас тартты. Осы серуеннен кейін қоштасарда ол тағы да сауал жолдады:

– Сыбырден хат кельдимо, консул кетди?*[11] Жауап:

– Хат кельди, консул барды. Хош, аман-бул*[12] (сөйтіп бір бірімізге бас идік).

/2б/ **13/9.** Қытай көпестерінің өздері біздікілерге чаган*[13] алдында Гуйхуачэннен Үрімшіге бес мың жәшік шай келгенін, бірақ әлі ешқайда жылжымай түрғанын, Шәуешекке де жөнелтілмегенін, өйткені онда сауданың жүрмей түрғанын айтыпты. Вань Фань-сын айтады:

– 12 күннен кейін оған 110 жәшік келеді.

Қытайдың Батыс өлкелеріне шай жеткізілетін жолдар

---

*[8] *Сәр* – 50 дана тиынның байламы; алтынның 36 граммына тең.

*[9] Дулин – кеден шенеунігі, Құджадағы кеден бекінісінің комендантты.

*[10] Дұрысы: *көпір.*

*[11] Сібірден хат келді ме? Консул жетті ме?

*[12] Хат келді, консул жетіпті. Көріскенше, хош-сау бол.

*[13] *Чаган (монг.)* – қытайдың үлттық көктем мерекесі.

қауіпсіз (не жүріп өтуге мүмкіндік бар, өйткені көтерілісшілер көпестерге тиіспейді).

Бүгінгі күннен бастап манжұрларға айрықша бір нәрсе болды. Қаскүнемдік орын алғаннан кейін олар маңайдан мүлдем көрінбей қалғандай болған, алайда бүгін олар барлық жерде жүр – арзан асханаларда, кумирняда, ішіп-жеп, көңіл көтеруде. Әбдірайым айтады: манжұрлер өз тараптарынан былай шешім қабылдады: «Бізге ажал жетіп түрса, одан ешқайда қашып құтылмаймыз, сондықтан еш нәрсе болмағандай ғұмыр кешу керек» деп, бұрынғы тәкаппар рух және артықшылықтарымен қыр көрсетіп, ештеңеден үміт етпейді.

Он тұман күмістің жөнелтілуін күтіп жүр, бірақ оған толық сенімді емес тәрізді, сондықтан цзян-цзюнь жақында жалақыға беру үшін он мың тұман матыны осында тез арада жеткізулері үшін түркістандық амбандарға пәрмен берді.

14/10. Шэбо-зеңгі мұнда Іле өзенінен және Хоргос сыртындағы таулардан чанпандардың екі мыңға жуық жиыны және олардың пышақпен, найзамен қаруланғандары байқалғанын цзян-цзюнге жеткізу үшін әдейі келді. Ту-колдай бос нәрсе екенін айтып, оны кіргізбей қойды. Зеңгі өз амбанына мәлімдеді, ал бұл – цзян-цзюнға және де жасақ жіберуді өтініп, оларды атпақшы. Ту-колдай цзян-цзюнді де мұның барлығының бос сөз екеніне сендіреді.

Әбдірайымның танысы Чабақ былай пайымдайды: қытай, хамбиндердің қатысуынсыз чанпандардың бір өзі еш нәрсе де істей алмайды, оларда күшті қару жоқ, алайда мұндағы халықтан жамандық күтуге болады.

/13а/ Исаев. Онда танысы Ху-янгуда болып, бір шартына келісуінен дәмеленеді, қырық жәшік шайды жиырма үш ляннан үсынады. Одан күміске алтын – біздің полуимериалдарымызды*[14] сатып алуға үсыныс жасады, жамбыға отыздан берді, барлығы екі мың дабы.

Жамбының бағамы 154 теңге.

15/11. Сағат 11-де Сүйіктің ұлы Ибрагим келді. Қытай аймағына жүру рұқсаты билетін және Абакумов мырзаның қатынас хатын (мөр басылмаған) көрсетті, борохуджирлік офицердің оны сіздерді орыс билетімен кіргізбеуге, тек салықпен өткізуге бұйрық бар екенін айтып, билеті болса да өткізбегенін түсіндірді. Ол пикетте бес күн тұрып, цзян-цзюнға алым-салық ретінде екі атты алға тартатынынан хабардар етуге бел шешті, тек сонда оны өткізді. Маған келіп, оған қайда тоқтауға болатынын сұрады? (оның теңделген 5 түйелі керуені арқандарымен артта қалды).

– Цзян-цзюнға алым-салық ретінде аттардың берілетіні туралы қағаз қайда?

---

*[14] *Полуимериал* – бес сомдық алтын тиын.

– Колдайға берілді.

– Ал ол кімнен берілді?

– Мені өткізбей қойған кезде біз өзіміз пикетте қағазды лайындап, қүрттан – құрғақ сүзбеден жасап, мөр қойдық.

– Сен орыс боданы ретінде билетпен келдің, біздің факторияға тұрақта, ал аттарды беруге міндетті емессің, мүны жасама. Тезірек түйелеріңді жеткіз де, ол керуенді көрсетілген орынға жайғастыр.

Қатынас қағаз неліктен ашылған және кім жасаған дегенге қатысты ол Копалға оның ағасы Мухаметше барғанын, сонда оған мөр басылмаған күйінде берілгенін түсіндірді.

Манжүрлер бұрынғысынша қайда болса да және барлық кезде әлсіз. Олар маңаймен жүріп, күндізгі сапарға шығып тұрады, ешкім жүрмейтін жерлермен жүреді. Көзбайлаушы және басқа да сайқымазақтар кейпіне түскен тыңшылары бар (мүндай адамдар Қытай үкіметінен жіберілген-мыс).

20 (24 ақпанда) осында айдалғандардың тарапынан ашылған қаскүнемдік ісіне байланысты боғдыханның шешімін алуға тиіспіз деп күтіп жүр. Бұл туралы цзян-цзюнь егжей-тегжейлі жеткізді.

/Зб/ 16/12. Полиция Іле бойымен төмен чанпандардың не істеп жатқандарын білу үшін барды. Олар: «Біз мүнда баяғыдан бері тұрамыз, жүмыс істейміз, өз күн көрісіміз үшін кәсіп етеміз», – деп жауап беріпті.

Хуарандықтар манжүрліктердің батыл мінез көрсетіп, сондай-ақ еркін жүруге бет алғандарын айтып күледі.

Жақында Суйдиннің сыртындағы тау маңайында жүз адам шамасында айдалғандардың Лусагун*[15] елді мекеніне тонау мақсатында келеді. Шебо – сол жердің түрғыны, күзетте болып, тонаушыларды өткізбей, олардың арасынан бірнеше адамды қайта үстап алып, әжептәуір төмпештеген көрінеді.

Әбдірайым Беденев Ғалидің – тігінші үстінен шағым айтып келді: Ғали оның, Бедевтің әйелі өзін тәуір көріп қалғанына мақтанады екен, қала сыртына келген кезінде оны бірде сүйіп алыпты, әйелмен Беденевтің жүмысшысын ярмакпен сатып алып, сол арқылы жақындасыпты. Мүны білген оның әйелі енді жылап жүр.

– Сен осы мақтаншақтыққа сенесің бе?

– Жоқ, сенбеймін, сонда да өте қынжылтады.

– Қынжылтатыны рас. Сондықтан мен былай деймін, осында ақсақалдар және басқа да қадірлі адамдар бар, егер қаласаң, Шарафиге айтып қауымды жинап, істің анық-қанығын шешейік, егер Ғали осы үшін жазаға тартылса, сіздер өз беттеріңізбен оны жазаға тартуға бара алмайсыздар, онда мен шын көңілмен тілектеріңізді орындаймын. Шарафии Ғалиді

*[15] Дүрысы: *Луцаогоу*.

шақырып, оны тергеуге алып та қойған, алайда ол ешқашан еш нәрсе айтпағанына, мұның барлығының бос нәрсе екеніне ант беріп отыр. Бірақ оның лепірмесін Хасан, тағы басқа қосшылар*[16] естіпті. Шарафий және басқа ақсақалдар шариғат бойынша Ғалидің қатаң жазалануы тиіс деп біледі, алайда Әбдірайым мен олар Ғалиді жазалау барысында барлық жерге Әбдірайымның әйелін Ғали масқаралапты деген сөз тарап кетеді, соның арқасында қорғанда, сондай-ақ қалада тек әйелдерге қатысты ілініс сөз болады, оның үстіне, Ғали олардан кек алмақ болып қастық жасауы мүмкін деп түйсініп, басқаша түр көрсетті: «ит көп емес пе», көкке қарап үргенде, оның аузына қақпақ бола алмайсың, сондықтан Шарафии мен Әбдірайым бұл іске кіріспеуді өтінді, мен еш нәрсе білмеймін-мыс, бірақ ыңғайлы жағдайда барлығына қауіпті адам ретінде Ғалиді факториядан аластату керек.

/4а/ **Ақпанның 17-сі**. Сауда сарайынан екі тунши*[17] біздің фактериямызға Сүйіков сұлтанды іздеп келді. Оны қостан іздеп тауып, оның өздерімен бірге майтунцзуға баруын талап етті. Сұлтан маған қарай келеді, олар оның артында. Мен тілмаштан сұрадым (оңтүстік қазарманың өткізу жолында):

– Саған не керек?

– Мына казак қарауылда сартпын және цзян-цзюнге екі жылқы апара жатырмын деп мәлімдеді, бірақ бізге келген жоқ, енді жылқылар жоғалып кетті, сондықтан оған онда барудың керегі жоқ болып қалды дейді.

– Сіздерді кім жіберді?

– Майтунцздағы біздің чонымыз – үлкен адам жіберді.

– Ол сарт емес, бірақ ол орыс боданы. Қарауылда ол колдайға билетін көрсетіпті, алайда ол қабылдамаған, содан кейін біздің боданымыз ретінде біздің үкіметіміздің билетімен осында өткен, сондықтан да біздің тұрағымызда тоқтады, оған сіздермен барудың еш қажеті жоқ.

– Онда біз өзіміздің чонға осылай деп айтамыз.

– Солай деп айтыңдар (осымен олар кері қайтты).

Қаланың шығыс жақ маңайында осы күні түнде болды: қалаға кіруге жақын жерде арзанқол асхана мен керуен сарай бар. Сол түні осы сарайға жүз елу адамнан көп айдалғандар (олар мұнда бұрын да жиналатын, бірақ аз мөлшерде) жиналыпты. Осы сарайдың иесі, қытайлық, олардың күпия әңгімелерін тыңдапты да, содан кейін оны полицияға жеткізіпті, ал ол жерден сарайға команда асығыс аттаныпты. Қырық екі адам ұсталған, қалғандары қашып кетіпті. Осында Құлжаның маңайындағы жерлерге айдалғандарға жөнелту үшін дайындалған көтерілістің қалай және қашан басталатыны жөніндегі хат-

*[16] *Қосшы* – керуеннің қызметшілері.

*[17] *Тунши* (тұнчи) – тілмаш, аудармашы.

тар мен жазбалар анықталды. Жазба негізінде әзірленілген қарулар да белгілі болды – найза, пышақтар және басқа суық қарулар.

Ұсталғандар мен жалған ақша жасауда әшкереленгендерден жиырма шақты адамды өлімші етіп сабады.

/4б/ **Ақпанның 18-і.** Күндізгі сағат 4-те бұрынғы бас көтеруші ұсталғандардың ішінен бес адам көпшілік алдында жазаланды. Осы қанды көрініске мыңдаған халық ағылды. Қылмыскерлерден екі чанпан, бір қытайлықтардың саудагері (мұнда үсақ-түйек дүкені болды және он мыңға жақын лян ярмак қаржысы бар), төртіншісі хамбин, қызметші, бесіншісі қытайлық болды, ол қазынаның күзетшісі еді. Аталғандар арасындағы үш айдалғандардың қатарында біреуі – әйелі алғашқы қастандықты ашып қойған адам. Ол ең залымдарының бірі деп айтады, бірақ ол жаза кезінде жасқанбады. Оған айтты:

– Сен неге мұнда отырдың?

– Қайда бұйырсаңыздар, сонда отырамын. Жендетке қарап, ол былай деді:

– Сен өз міндетіңді атқаруға жарамайсың, қолдарыңның дірілдеп тұрғанын көрмеймісің және де қылыш өткір емес!

Көргендер бұл қылмыскердің ескертуінің дұрыс екенін айтады, өйткені осы жендет басқасы бір сілтеп шапқанда, ол үш рет сілтеп оның басын әрең шапты. Сол қылмыскердің әйелі жазадан кейін оның басында ырым жасады: қағаз бен шырақ жақты. Қалған қылмыскерлерді де, олардың ішінде манжүрлік шенеунікті де (яғни, богдыханның шешімі алынған) жақында жазалайтын болады дейді. Екі жүз адамдық айдауыл жазалау кезінде, аттанып кетіп, арыстанша білгендерін істеген деседі.

17 күнгі оқиғада, манжүрлердің айтуы бойынша, айдалғандардың жергілікті халыққа қарсы қастық ойлары болған жоқ, айдалғандар тек өзара үрсысып қалған да, сол үшін олардың ішінен алты адам түтқынға алынған. Қытайлықтар алғашқысын растайды, яғни көтеріліс туралы кеңес және сол сияқты.

Екі кантон көпесінің манжүр үкіметіне төрт жүз күміс тұманымен жәрдемдескені расталады.

Қытайлықтар жаман адамдардың жолы сонда деп жазалағандарға байланысты өкініш білдірмейді.

/5а/ Дүңгандар айтады: чанпандарды күніне мыңдап шауып тастау керек.

Бүгін қалада бұрын осы күні болатын сауық пен көңіл көтеру, сондай-ақ коо-тай маскарады да болмайтыны құлаққа жетіп жатты, алайда күн бата бастағаннан кеш бойы онда кәдімгі думан – оқ-дәрі жарқырату, сатыр-сұтыр, шу жүріп жатты.

Шарафи қазынаға өткізілген тауар үшін он алты жамбы алады.

19/15. Көпес, Ху-янгуданың жолдасы, Исаевпен сұхбаттаса келе, кешегі жаза жөнін талқылағанда, чанпандарды жазғырды: «Яман киши»*[18], – және шығысты нұсқай отырып, айтты: «Міне, жақында чанпандар онда үрыс-керіс жасады да, олардан аздаған адам ұсталған. Хан яхши киши, манжүрде лоя киши, яман кюмуш. Канту, хан де кюмуш бульди, ишь халас»*[19]. Оның соңғы сөздері: кюмуш бульди, ишь халас – қазіргі уақыт тұрғысынан түсіну керек, яғни ханда қазір күміс [бар], ісі оңға басты.

Қытайлықтар мен манжүрлер сауық құруда, көпшілік коотай маскарадын жарақтандырды, алайда цзян-цзюнь оны қалаға енгізуден бас тартты.

Исаев, ақырында, Ху-янгудамен келісімге келді, оған жағдай жасап, одан қырық сегіз жәшік шайды жиырма екі лян жеті мысқалдан және әр жәшікке бес фыннан алды, енді шай болмайтындай. Шартқа қайшы бір лян және жеті жарым мысқал қосты. Керісінше Ху-янгуда әділ әрекет жасады: жақсы салмақпен берді – дөңгелектеген есеппен жәшігі сексен чжиннан. Исаев тексерді, сонда әр жәшікте сексен екі не сексен төрт фунттан таза шай шығады. Дым дәмі жоқ болса да, шай маған да алдыңғы сынап көруге жіберілгенінен жақсы, тәуір көрінді. Сонымен қатар бұл партияда, оның бақытына қарай, қияқты көпесі Тун-Хумоцзи фирмасының үш жәшік жоғарғы сұрыпты шайы және тағы Хулючий Лян-синнің фирмасынан төрт жәшік шайдың шығуына орай көңілі жай тапты. Көпестерге ол бұл туралы айтқан жоқ. Мен шайды татып көрдім. Ана Син-куй өзінің шайымен күшейіп, былай дейді: «Не отыздан, не енді жиырмадан аламын. Менің бағыма, жамбының бағамы 159 теңге». Қытайлықты жөнелтуге күміс өте керек сияқты түсіндіріп, шайды осы бағамен беруге мәжбүрледі, әйтпесе ол шайды қойып қояр еді. Және тағы Исаевтан қарызға не кешікпей жеткізілетін шайға он жамбы сұрайды, сонымен ол оған бұл шайды оның басқа көпестер сататын бағасынан екі лянға арзанға бермек.

/5б/ Бұған дейін көптеген қытай шай болатындықтарын айтқан, алайда бүгін Фу Тэн-лун мен Ван Фань-юн шай болмайды деді.

20/16. Кантон көпестері манжүр үкіметіне емес, қарсы жаққа, яғни қарақытайлықтарға құрбандық көмегімен жәрдемдесті. Әбдірайым айтты: «Чанпанның басы алынған күні ханнан гумак*[20] келді, қалай гумак келді, цзан-цзюнь конвертті үстіртін қарап, дереу шабуға бұйрық берді. Хан

---

*[18] *Яман киши* – нашар адамдар.

*[19] Хан – жақсы адам, маньчжурлер де жақсы адамдар; күміс – жаман (іс), ханда күміс бар, сондықтан оның ісі оңға басты.

*[20] *Гумак* – қағаз.

цзян-цзюньге қатты ашулы: «Маған осындай істі жазуға қалай батылың барды, мен мұнда тұрамын, ал сен сонда тұрасың, қандай іс бар екенін білмейсің», – оған қатаң ұрысты (ол мұны маньжұр шенеунігінен естіпті).

17 күні шығыс жақта болған оқиға былай тұжырымдалады: айдалғандардар өзара ұрсысып қалған, осы ұрыстан біреулері басқаларына қастандық ойластыруды дәлелдеуші болып оқиға өрбіген.

Мұнда жоғарғы маньжұр шенеуніктері арасында бір нәрсеге бола ұрыс-керіс пен келіспеушілік жүріп жатыр. Көпшілігі Ту-колдайды жазғырады. Оның әкесі – қуатты қарт, осы күндері оны кеңірдегінен ұстап алып, айтыпты: «Сені қылқындырып өлтіремін, сосын өзім де өлемін». Жақында Қашғардан йә Ақсудан қайтып оралған А-Колдай бір нәрсеге әсіресе, Ту-Минь-таймен ұрсысты. Солдаттар да оның қайырымдылығының арқасында күмістің орнына мат пен нанка алатындары үшін оны жазығырып жүр. Олар: «Біздің қатын, бала-шағамыз бар, алдымен соларды асырау керек, содан кейін көйлек-көншек жағын ойлау керек, олар аш отырғанда, біздің көйлек-көншекте шаруамыз жоқ. Егер, енді толықтай күміспен беруге мүмкіндік болмаса, онда ең болмаса үшінші немесе екі бөлігін, тіпті бір мысқал берсін, сонда тамақ сатып алуға болар еді!» – деп күңкілдейді.

Жамбының [бағамы] 159 не 160 теңге.

Қандай ағаштар керек екенін білуге хой-хой келді. Мен оған түсіндірдім. Ол бақты аралап көрді. Қайыңды сипап тұрып, қазір әлі ерте дейді. Ағаштарды әкелемін, сонда бағасын да беремін. Сірә, да-лоя*[21] келгенше ақша да алмайтын шығармын.

/6а/ **21/17.** Тұрғындар айтады: бұрын осындай күндері чанпандар көп болушы еді, бірақ қазір олар мұнда көрінбейді.

Көпестер күн сайын төлем ретінде полицияға күміс жинайды. Олар жармақпен бергілері келеді, ал басқарма күміспен төлеуді талап етеді. Цзян-цзюнь оларға айтты:

– Мына сегіз колдай не деп шешсе, соны сіздер орындауға міндеттісіздер. Ту-колдай көпестер жағын ұстанып тұр: олардан жартылай жармақпен, ал қалғанын күміспен қабылдайды, қалғандары да сол сияқты, бірақ А-колдай бұған қарсы және де Ту-минь-тайды қазынаға тауардың біздің көпестерден қабылдағанына бола кінәлайды – осылардың барлығы үшін олар қатты ұрсысып, ренжісіп қалды.

Іледен төмен қарай шенеунік жіберілді, ол чанпандардың тұратын жерін көрді. Олардың тұрақжайларына қарағанда, он

---

*[21] *Да-лоя (қытайша)* – жоғары мәртебелі, яғни Күлжадағы ресейлік консул.

мыңға тарта адам мекендейтін сияқты, ал олардың қайда кеткендері беймәлім, іздері де анықталмады (дұрысы, іздеген де жоқ).

Ақпанның 22-сі. Көпестер бүгін қарыз төлемдеріне байланысты іс олардың зор пайдасына шешілгеніне өте емен-жарқын қуанышты. Былай шешілді: олардан оннан тоғызын жармақпен, ал толық екі мыңды бір лян күміске шаға отырып есептей келе, оннан бір бөлігін күміспен қабылданатын болды. Барлығы олар қазынаға жеті жарым тұман қарыз, оны осы жылдың ағымында келесі мерзімде төлеп бітулері тиіс: III-ші, VI, IX және XII-ші айларда. Барлығы айтып жүр: осы шешімі арқылы цзян-цзюнь көпестер үшін де, халық үшін де үлкен пайда келтірді, ал басқаша болғанда, жүтаңшылық орын алатын еді және жаманы, енді, дейді олар, мұнда күміс арзандайды, себебі айырбастаушылар көпестердің қазыналық қарызын есепке ала отырып, күмістерін сақтап, жоғары бағамда үстап отырды. Және де мұның ақиқат болуы тиіс. Айырбастағыш қарт көптен көрінбеді, алайда бүгін боранға қарамастан, Шарафиге келіп, айтты:

– Күміс сатып алғың келмей ме?

– Ал қаншадан?

– 58!

– Жоқ, қазір менде жармақ жоқ.

/6б/ Шарафи мен Нияз айтады: маньжүрлер шынымен де қара-қытайларды Нанкиннен қуып шығыпты. Олар мұны жақында осы түрғысында хат алған мейлінше ізгі ойлы қытай көпестерінен естіпті. Чиныктің сөзіне соншалық сенуге болмайды, ол кантондық және маньжүрлерге қатынасында оның ниеті дұрыс емес.

23/19. Қопалдан келген Әлімқожа қорғанда былай деді: Қопалда барлығы Құлжадағы орыс саудагерлерінің өлтірілгенін және сонда фактория болған жер де тегістеліп тасталғанын айтып жүр. Консул қашып жүр. Абакумов мырза оны қалай да құтқарып қалуға қатты қам жасап, қарсы алдынан арба жөнелтуге пәрмен берді. Шәуешектен Құлжаға бара жатқан біздің саудагеріміз осыны естіп, Қопалда тоқтапты.

Шарафи Қашғардан әкелінген бес мыңға жуық түлкіні тауарға айырбастады: шытқа, жиһаз матасына, тарьякқа; түлкіні төрт жүзден алды, ал тауарды берді, қаншадан екені белгісіз, «Жарайды, аздаған шығын бар», – дейді.

24/20. Әбдірайым: хуардандықтар он бірінші айда өздерінің барлық қарыздарын төлеп құтылғысы келеді; фузульдіктерге мерзім бір жылға ұзартылды ғой.

Хуардандықтар біздікілерге ішкі жақта тыныштық орнына келіп жатқанын, маньжүрліктердің қарақытайларды жеңіп, оларды Нанкиннен және басқа да олар жаулаған қалалардан қуып шыққандарын, қарақытайлардың әлсірегенін айтыпты.

Осы туралы жақында бір хуарданлық хат алыпты, бұл хабар рас екен.

25/21. Бүгін біздің факторияға көп манжүрліктер келді, балалы шенеуніктер де болды. Көбіне өткізсе де, тауар да – ұсақ-түйек сатып алды, нанка да алды.

Нияз қорғанда Үрімшіден алты түйеге жүктелген шаймен үлкен керуен келе жатыр деп естіпті. Басқару орындары елу тұман күмістің жақында жеткізілуін күтіп отыр деп естіпті.

Қалада да чанпандар жөнінде сыбыстар саябырлап қалды.

/7а/ **26/22.** Кешке маған Шарафи келді. Оған дулин келіп, оны ертең цзян-цзюньнің үйіне жәшіктерге машинаны орналастыруға келуге шақырыпты. Шарафи оған айтыпты: жақсы. Бізде осында лоя бар, сүрануым керек.

27/23. Таңғы сағат 7-де маған Дулин келіп айтты:

– Цзян-цзюнге сандыққа бір мынандай нәрсені (қолымен, аяғымен түрлі белгілерді көрсетті) жайғастыру керек, сіздердің Шарафи осындай істердің шебері болғандықтан, цзян-цзюнь оны өзіне шақырып отыр. Мен айттым:

– Өте жақсы, мен Шарафиге сонда барып келуін қуана жеткіземін. Сондай-ақ келесі сауалға:

– Цзян-цзюнь не, жақында жүре ме? Ол былай жауап берді:

– Төртінші айда, оның орынбасары келген кезде.

Осыдан кейін Дулин Сүйіков сұлтан туралы айта бастады.

– Қасақ, олар барлығы алты адам күзетте тұр, бізге келді деген бірақ келмеді, сіздерге тоқтап, өмір сүріп жатыр. Бұл қалай?

– Бұл қасақ біздің боданымыз, сондықтан да бізге келді.

– Онда пайцзы жоқ қой.

– Онда Пайцза-тяо деген әйелде болған, ол сонымен маған келді, егер қаласаң саған оны көрсетейін. Билетсіз әрі еш жазба құжатсыз адамдарды мен де біздің тұрағымызда тоқтауға рұқсат бермес едім, сен мұндай рұқсат қағазын көргенсің, мен де өткен жылы көрдім.

– Бірақ онда бес түйе ғана, ал трактатта жиырма деп көрсетілген ғой! Осы жолы ол аса көңілді, достық ниетте болды, мен де жайдары түнде, дос көңілмен айттым:

– Жиырма деген немене, онда сонша болып шықпаса?

– Бірақ, – дейді ол, – қолдай мен консул жиырма түйе болса ғана өткізу керек деп шешті ғой.

– Консул мен қолдай, бәлкім, солай талқылаған шығар, алайда мен олар осылай шешті деп ойламаймын және тек мынаны білемін, консул маған сіздікілер шақырыла алады және егер жиырма түйеден аз болса, керуенді шығарып салудың керегі жоқ деп айтты. Оның үстіне, – дедім мен, – біз екеуіміз үлкен істерді шешетіндей емеспіз, кішкентай адамдармыз, одан да шай ішейік! Ол күлді де, біздің әңгіміміз жай

сүхбатқа айналды: жасы қаншада, хотунза, баланза*[22] сияқтылары бар ма.

Қоштасарда мен оған ертең керуеннің аттанатынын айттым.

— Кім барады?

— Біздің саудагеріміз Нияз бен басқалары және ана қасақ*[23].

— Қанша түйе?

— Жиырма алты, — дедім мен.

— А! Бу яхши*[24].

Шарафи цзян-цзюннен еңбегі үшін 6 сяр жармақ марапат алды. Цзян-цзюннің көңілді екенін айтты, соншалық қою шаймен сыйлағанын, оған шашалып қала жаздағанын айтты. Цзян-цзюнь сұрапты:

— Сен неден, Шарафи, арықтап кеттің?

— Сауда жүрмей жатыр, — деп жауап берді Шарафи. Мен Шарафиге айттым:

— Сен цзян-цзюнге алғыс айтып, біздің Ресей көпестері жасағандай істемедің бе?

— Жоқ, бұл болмайды, оларша бір сяр берсе де, алуың керек, оның үстіне менің жәшігім машинаның астына төселді, бұл төрт сяр тұрады.

/7б/ Қытай көпестеріне екі жүзге тарта керуен келді, тауарлар әкелінді: мата, фу-шай, кірпіш шай, сәбет-шай және байха шай елу жеті жәшік Ху-янгудаға.

Кешкісін менің үйімде Шарафи, Әбдірайым, Нияз бен Исаев әңгімелесіп, қазір қалада үлкен үнсіздік — чанпандар жөнінде сыбыс жоқ екенін, манжұрлердің батылдана бастағанын талқыға салды.

28/24. Исаев Ху-янгудадан отыз жеті жәшік шайды біріншісі сатып алған бағамен алды. Қалған жиырма жәшік жоғары сұрыпты шайға ол қымбат сұрап отыр — жиырма жеті лян. Жиырма жеті жәшіктен ақшаның жетімсіздігіне орай Исаев Васильевтің приказчигіне он алты жәшікті төлем үшін берді, жамбысына жүз елу алты теңгеден жармақпен де өткізді.

Наурыздың 2/26. Михайло Исаев Ху-янгудадан чанпандардың бүгін түнде тағы да жаман іс ойластырғанын естіпті. Біздің саудагерлердің мазасы кетіп, барлау жасауға асықты. Түнде оған ұрылар келіпті, бірақ еш нәрсе ұрлап үлгермепті, тек қарауылдың аяғын пышақпен жаралаған болып шықты. Осы түні ұрылар Кан Фан-куидің дүкеніне түсіп, жүзге тарта

---

*[22] *Хотунза, баланза* — *қатын, бала* деген түркі сөздерінің қытайша айтылуы.

*[23] Яғни, *Сүйіктің ұлы.*

*[24] Бұл жақсы *(түркі.)*.

сяр жармақ және екі кесек шұғаны ұрлап кетіпті. Цзян-цзюнь оларды дереу іздеп табуға бұйрық берді.

4/28. Исаев Калашниковпен достасып, онымен бірге Хуянгудаға шай сатып алуға барып жүр. Калашников он жәшік алғысы келеді, олардың екеуі де бұл шай жиырма алты лян тұрады деп тауып отыр және осы бағаны беруге де келісті. Басқалары оларға айтты:

– Қымбат, күте тұруға да болады, егер қаламасаңдар, құдай жарылқасын.

Кейін кейбіреулердің сөзін құлағым шалды:

– Біздің ақыл-кеңесіміз неге керек! Мен оларға айттым:

– Сіздердің барлықтарыңыздың ортақ кеңестеріңіз бен келісімдеріңізге күллі іс байланысты. Сағат он екіде маған Исаев пен Калашников келді.

– Міне, – дейді олар, – А.М. он жәшік шай сатып алады.

– Сіздердің тіпті мыңын сатып алғандарыңызға тілектестіпін, қаншадан?

– 26-дан!

– О! Мұндай баға әлі осында болған жоқ қой!

– Шай жақсы, өте жақсы.

– Ал, қауым біле ме?

– Енді ше, біз айттық, барлығы алғыс жаудырды.

– Ал мен қауым онша разы емес деп естідім.

– Жоқ, біз қазір ғана Шарафимен және басқаларымен сөйлестік, олар да келісіті.

– Бұлай болса, менің тарапымнан сіздерге табыс тілеймін. Және де, – деймін мен, – осындай баға беріп, өздеріңе жаман жасап алып жүрмейсіңдер ме, келешекті ойлау керек, неменеге асығамыз: Ірбіт өтті, Макарьиге дейін алыс, аттаныс саған, шал, жақын тұрған жоқ, демек, не асығыстық бар, оның үстіне мұнда шай келеді деген сыбыс келіп жатыр. Қазір жиырма алты лян он жәшікке беріп алып, кейін қытайлық он жәшікке жиырма жетіге дейін жеткізетін болады, осылайша сіздер аз-көп жаңылысып қаласыздар да, Шәуешекте, ең болмағанда, сіздер мұнда қазірге дейін шайдың бағасын үстап тұрғанда, ешкім әлі бұл бағамен сатып алмайтын дәрежеге жетесіздер.

– Тап солай, аз екені анық; алайда бұл шай осы ақшаға татиды ғой; мұсылмандар бағасы тұрғысынан арзандауын айтады, бірақ шайдың сапасын ажырата білмейді.

Исаев сенімді айтты:

– Шай болмайды.

– Сіз қайдан білесіз?

– Мен өз таныстарымнан емес, басқалардан естідім, Фу Шенлун да шайдың болмайтынын, өйткені оның шайы Үрімшіде жиырма бес ляннан сатылып кеткенін айтты.

– Сендер қытайларға сенесіңдер ме, олар сендерге шынын

айта ма және қалайша сендер аңғармадыңдар, барлық қоймалар шайға толып тұрған кезде де олар шай жоқ деді емес пе. Дегенменде, өздеріңіз біліңіздер, сіздердің ақшаларыңыз, өздеріңіздің пайдаларыңыз бен шығындарыңыз, ал мен сіздерді тоқтатпаймын. Қауым келісімде болса да, келешекті ойлағандарыңыз артық болмас еді. Менен қайтқаннан кейін олар қайта ойланып, сатып алуды тоқтатып қойыпты.

Кешке мен Шарафиге кірдім, сонда Исаев та болды, тағы да сол жөнінде талқыладық. Исаев бұл шайдың Си Синкуевтің және Мұхаммеджан сатып алған шайлардан жақсы екенін мәлімдеді, ал Шарафи, керісінше, әлдеқайда нашар деп, мынаны айтты:

– Калашников маған енді осы сұрыптың он жәшігіне ақша берсін, мен жиырма бес ляннен алуға келісемін, ал өзім кейін осындай шайды жиырма алтыдан не жиырма екіден сатып аламын – бұл менің бағыма қарай.

Шарафи бір нәрсені сезеді, оған Хайсянь қарт сегіз күннен кейін 200 түйеге тиелген шайлы керуеннің келетінін басқа айтқан жоқ; Үрімшіге шай көп келді және мұнда төртінші айға дейін жеткізеді.

5/29. 27 ақпанда Үрімшіден керуенмен жеткен кірешілер біздің факторияда жиырма чжин*[25] шай сатты. Олар біздің адамдарға Үрімшіден үлкен керуеннің шыққанын, байха шайының көп екенін және он төрт тұман қазыналық күміс әкеле жатқандарын айтыпты, оларды Үрімшіден шыққаннан соң бес бекеттен кейін қуып жетіпті.

Фу Мен-лун Исаевқа айтты:

– Сауданың мұнда дамуын күтуге болмайды; қазір тыныштық әрі қалыпты, бірақ алда қандай болатынын кім біледі және де сізге кету керек, мұнда несіне тұрасыз (Исаевтің сөздеріне мен толықтай сенбеймін).

/8б/ Ху-янгуда Исаевқа басқару орындарының біздің адамдарға несие бермеулеріне, ал кім берсе, ренжімесін деген қаулы етілгенін айтыпты.

Ақсақ Түрдыбек Ху-янгудамен Калашников сатып алғысы келген шайға саудаласып көріпті, көпес жиырма жеті лян сұрапты, ал ақсақ айтыпты:

– Ал жиырма төртке қалай болады?

– Ақылдасайын.

Сол Син-куй Шарафиге оған жеті күннен кейін сексен жеті жәшік шай келетінін айтыпты.

Оның барлық тауарлары үшін Са да-лоеге күміс бергені туралы Шарафи мәлімет алды, бірақ ол көрінбейді; жақын

---

*[25] *Чжин-чин, цзинь* – қытайша салмақ өлшемі. 500 граммға тең.

күндері ол кішкене шар, құттықтау алды, енді тойға жол жоқ.

Үрімшіден Шәуешекке жеті мың жәшік шай жөнелтілді. Мұны біздің адамдарға қытай көпестерінің өздері айтыпты.

1-нен 8 наурыз арасында жамбының бағамы 155 не 154 теңге.

7/1. Бүгін цзян-цзюнь кумирняға салтанатты түрде келіп, хан жарлығын қабылдады.

8/2. Біздің көпестер ол жарлықтың осында жіберілген күмістер жөнінде екенін естіпті. Барлығы тек үш тұман ғана жіберілген, ол мұнда үшінші айда келеді.

Таңертең Дулин болып кетті, менің есендігімді сұрады. Мен разылығымды білдірдім. Ол маған көз тастай қарап, ұзақ үндемей отырды. Біз бір-бір шыныдан шай ішкеннен кейін ғана ол:

– Қопал алыс па, әлде, жақын ба? – деп сөз бастады. Мен айттым:

– Кім тез жүреді, оған алыс емес, ал түйелі керуен он бір не он екі күнде келеді. Содан кейін ол Семейге дейінгі және одан Сібір – Омбыға дейінгі жолдарды сұрады.

10/4. Әбдірайым бүгін бір манжур шенеунігінің үлымен әңгімелесіп, содан сұрапты:

– Жақсы ма, енді қазір тыныш өмір сүріп жатырсыңдар ма? – Қазір тыныш, – деп жауап берді ол.

– Сіздердегі чанпандар арып-азған халық, сіздер не, оларды жаман сабайсыздар ма?

– Жоқ, біз оларды жақсылап сойдық!

/9а/ Жамбының бағамы саудагерлер арасында 154 не 153 теңге және қазынадан жалақыға жармақпен екі мың тоғыз жүз бір лян үшін берді, яғни жамбысына жүз қырық бес теңге. Күміспен де берді, бірақ өте болмашы бөлігін – бес мыс-қалдан, оның өзі, төмен шенді шенеуніктерге сияқты, одан да аз алғандары бар.

11/5. Әбдірайым қаладан келе жатып, Абдулла-ахунмен және бір сартпен кездесіпті. Соңғысы өзінің бір іспен Ту-колдайда болғанын, Ту-колдайдың жақсы, сыпайы адам екенін әңгімелепті. Абдулла-ахун айтты:

– Шын, жақсы адам, оны өткен жолы Та-дажень мен А-колдай қатты ренжітті, оның үстіндегі құрманың дал-дұлын шығара жаздап, оны мен Ха-колдайды былай жазғырды:

– А! Сендер орыстарға чинчисіңдер.

Әбдірайым айтады, чинчи – бұл құда деген сөз.

Ол мұндағы басшылықтың тиісті билік орындарына біздің факторияның ұрылардан қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету түрғысынан қатаң тапсырғанын, егер сондай бір нәрсе болса, онда ұрылардың жазасы екі есе болатынын, ал биліктегілерге екі есе айып салынатынын естіпті.

Жамбының бағамы 154 не 153 теңге.

13/7. Біздің саудамыз бұрынғысынша. Мұнда шай жеткізіледі деп сендіреді – сол Син-куй Әбдірайымге айтыпты.

15/9. Көпірге серуендеп барғанда, маған бір жас тунгэнь жолықты. Бас киімін шешіп, маған келіп, тағзым етті. Сәлемдескеннен кейін ол өзінің біздің қызметшімен таныстығын түсіндірді, өйткені одан сүт сатып алады екен.

– Консул кетті ме? Қайтадан қайтып келе ме?

– Кетіп қалды, келеді.

– Ол үш жыл тұрды емес пе?

– Біздің ханымыздың заңы үш жыл ғана қызмет ететіндей емес, тек сіздердің хандарыңызда сондай тәртіп. Дегенмен де, сіздердің цзян-цзюндеріңіздің мұнда қызмет еткеніне талай жыл, тек енді ғана кетеді.

– Жоқ, – дейді тунгэнь, – ол бұл жерден кетпейді; барғысы келген өйткені хан оны Бечжинге қара-қытайлармен болатын іске бола шақырған, ал қазір ол іс тоқтатылды да, хан тағы оны осында үш жылға қалдырды, бұл туралы цзяньцзюнь өзінің ұлынан хат алды, ал ол үлдың Бечжинге кетіп, сонда тұрғанына алты жыл болды.

17/11. Таңертеңмен маған приказчик Кузнецов келді де, оның қызметінде жүрген семейлік ташкен Таша (тапал, қара торы, ол Бұқаштың үйінде тұрған) кеше қалаға кетіп, қайтқан жоқ, содан әлі келген жоқ деді. Мен оған оны Ғали сияқты қарыздары үшін ұстап алған жоқ па қалада деп сұрастырып білуді тапсырдым. Күндіз ол қарыздары үшін жасырынып жүріпті: Кузнецовқа жиырма бес мың жармаққа жуық, Ысқаққа – үш, Әбдірахманға – сегіз мың қарыз екен, Ташаның қайда жасырынғаны белгісіз, факторияға бес адам Қашғарлықтар мен қытайлықтар Ташаны борышкер ретінде іздеп келді. Біздің саудагерлеріміз таңертең оны тунгэндердің біреулерінің қаладан көргендері түрғысында хабар алыпты, сондықтан оның сонда бойдақ адамдар бас сауғалайтын үйде жасырынған деп болжайды. Басқалары оны қорғаннан көргендерін, оның сартқа өзі сатып алған фу-шай апарғанын айтады, бұл түрғыдан оның кеше қорғаннан аттанған керуенмен Қопалға не далаға кетуі мүмкін деп жорамалдайды. Сондықтан біздің саудагерлеріміз Ташаны ұстау үшін ертең екі адамды Көкдала мен одан ары қарай керуенге жөнелтуді ойластырды. Алайда біріншіден, егер Таша қалада алаяқтыққа ұрынса, онда оны о жақтан ақымақты сүйрегендей бізге алып келеді, онда бізге ұят келеді; екіншіден, егер ол қорғанда жасырынған болса, онда алдын ала дулинді құлағдар етіп қойып, оны о жерден алу керек; үшіншіден, егер ол түнде қорғаннан Көкдалаға кеткен болса, біздің қуғыншылар сонда барып, қытай бекетіне тап болуы мүмкін немесе сарттар Ташаны

оларға бермейді, егер оларда болса деп саралай келе, мен өзіме дулинді шақыруды дұрыс деп шештім, оған біздің адамымыздың қалаға кеткеніне, міне, екінші күн, әлі қайтып оралған жоқ және де кеше оны сарттармен жүргенін көріпті; сондықтан мен қорғанға өзімнің екі адамымды Ташаны іздеп табуға бірлесе әрекет ету үшін жөнелтпекшімін дегенді айтпақ ниетте болдым.

18/12. Таша факторияға келді де (ол, шамасы, өзінің серіктестері арқылы, мысалы, Ғали, оны үстау түрғысындағы шаралар жөнінде білген сияқты), үш кесек фу-шайын ақшасын төлемей алып, суандықтардың ауылына кетіп қалған Емелбайды Көкдалаға өзінің қуып барғанын мәлімдеді. Бұл оның өз бетімен кетіп қалуына ақталу болып табылмайды. Оның соңынан факторияға қытайлық Ван-Ман-цзи келіп, одан кеше Ташаның елу дана фу-шай алғанын, оның тек жиырмасына ғана ақша төлегенін біздің саудагерлерге айтты. Ары қарай Таша осы шайды үш мың елуден сатып алып, оны қорғанда сарттарға екі мың сегіз жүзден қайта сатқан болып шықты да, төленбеген ақша алпыс мың жармаққа тарта қалды-мыс. Мен қытайлыққа менің бұған араласа алмайтынымды, оның осындай қосшыға сенгенінің дұрыс емес екенін айтуды бұйырдым. Біздің адамдар қорғанда сарт Мұхаммед-Ташаның Ташамен ісі болғанын, одан шай алғанын және сол шайдың жиырма данасы Ташаға тиісті екенін біліпті. Сондықтан сартқа Сұлтанбайды жіберіп, шайды алғыздық; он данасын қытайлыққа қайтарып бердік, ол, шамасы, разы болған сияқты, ал жеті данасын қарыздарының өтеміне өзара бөліп алу үшін факторияға алып келдік.

Мен көпестердің, егер оның бұлардың қалған қарыздарын төлегенін қаласа немесе қытайлықтардан өздерінің мейірбандықтары арқасында қордаланып қалған қарыздарын жинағандарынша оны өз кепілдіктеріне ала ма дегенді алдарына тарттым, өйткені ол бұлардың өздерінің арқасында, олардың оған қаппен тауарды тасып қалада сату үшін бергендерін бірде сәтті, бірде сәтсіз орындап, қарызға батып әрі алаяқтыққа ұрынған, алайда олар екіүшты жауап берді: егер бұйырсаңыз, біз оны кепілдікке аламыз, бірақ өз еркімізбен оған кепілдік беріп, жауапкершілікті бола алмаймыз, егер ол қашып кетсе, Ташаны ұстап беретін ешкім жоқ, өйткені коштың онымен бірге келген нағыз иесі жоқ және де тағы оның кошынан көзінше кетіп қалды. Оның алаяқтығы туралы формальды іс қозғауды мен қаламадым. Тек барлығының көзінше нық полициялық үрей тудырып қойдым да, өзімізде бір алаяқтың азаюы үшін оны факториядан Семейге шығарып салатын сәтті жағдайды күттім, оны үстіне, егер ол жолда қашып кететін болса, онда Семей, Ташкент қауымы одан еш залал көре қоймайды және маған да бұдан оның факториядан қашқандағы-

сындай соншалықты үят келе қоймайтынын есепке ала отырдым.

Күндізгі сағат төртте маған Дулин келді. Сәлемдесіп, азмаз сөйлескеннен кейін мен оған айттым: біздің бір саудагерімізді іздедік, сол жұмысшы, қалаға кетіп, екі күн келген жоқ, сол аралықта ол қорғанда бір сартта жасырынып жүрген, ал ол сарт одан сақтау үшін шай алған; сол біздің адамымызды сол жерден іздеп тауып, алып келу үшін мен сені шақырдым, бірақ ол жұмысшы бүгін өзі келгендіктен, енді іс те бітті дедім. Дулин менен шыққан бойында біздің көпестерге соғып сарт туралы сұрапты, оның есімін жазып алып кетіпті; еш нәрсе жасай қоймайды деп ойлаймын, бірақ, ең болмағанда, сол сарт Дулиннен сыбағасын алады, жармақпен өтейді және де олар оған, айтпақшы, тісін қайрап жүр.

/10б/ **19/13.** Әбдірайым Ту-колдайдың Пекинге сарайға аттарды тарту ету үшін жолсапарға тағайындалғанын естіпті.

Біздің үсақ-түйек саудамыз бұрынғы қалпынша. Жеткізілген шай жоқ, бірақ шай болады дегенді айтады.

Жамбының бағамы 155 не 156 теңге.

Чанпандар жөнінде бір сыбыс естілмейді.

21/25. Бүгін жиырма екі түйеге төсеніш пен түлкі терісін артып Шарафидің керуені аттанды. Осы керуенмен Ташаны мен Семейге шығарып салдым. Оны өзіме шақырып алып, мұсылмандық тұрғыдағы сенімді нықтадым: «Сен, жас жігіт, ақымақтық жасадың да, сол үшін жазаңды алдың, бұл — баланың жазасы, оны саған әкең де қолданатын еді. Мен сенің Семейде мейірбан қарт — анаң бар деп естідім, сен соған бар. Бірақ, егер сен осыдан кейін де алаяқтық жасайтын болсаң, онда күрисың, егер жолда бір жаққа қашуды ойласаң, алдымен өз басыңды ойла: біздің қолымызға түспесең де, алланың өзі қатаң жазалайды, сені дүниеге әкеліп, өсіріп, тәрбилеген қарт анаң бар екенін есіңнен шығарма, оның көз жасын аяп, оған бар». Оның жолға мінетін өз аты бар, жолына азыққа жеті кесек фу-шайдың біреуін беруге, ал өзінің қалтасынан шыққан бір жармаққа нан сатып әперуге бұйырдым.

Ташаны аттандырар алдында біздің саудагерлеріміздің ішінен кейбіреулері маған өте айлалы амалды айтты, қытайлар біздің Ташаны іздестіргеніміз жайында біліп, орыс шенеуніктері сондай әділетті әрекет етеді деп, аса разы болып қалыпты, соған орай олар тамаша кеңес берді: қытайлықтарға одан әрі ықпал ететін осындай шаралар болуы үшін, сол арқылы олардағы қарызды алудың өзі жеңілдейді. Олар менің пікірімді сұрады: Ташаны аттандырған кезде оның мойнына шынжыр салып, көше бойымен алып жүріп, таяқпен ұрып жөнелтуді қаламаймын ба? Бұған мен айттым: «Біздің әрекетімізге қытайлықтар разы ма, не разы емес пе, онда менің шаруам жоқ, мен өзім оларға қызметшілік етудің қажеттілігі жоқ деп

есептеймін, оның үстіне, сіздер үсынып отырған күлкілі шараға бел шешетін біз – қытайлықтар емеспіз ғой, Ташаға мен оның сол қылығы үшін біздің ережеміз бойынша талап етілетін жазаны қолдандым, ал бұл сіздерге аз ба? Сіздердің барлықтарыңыз бас киімдеріңізді шешіп, ант етіп, менен оны үрып-соғуды тоқтатуымды өтінген сияқты едіңіздер ғой? Бұған тіпті Шарафи де былай деп айтуға ұялмады: «Иә, біз әдейі ант еттік!» Міне, мүсылмандық аяныштың түрі. Ақша қайда, олар тіпті кінәсіз адамды да өз істерінде жағып жіберуге дейін әзір және сондықтан Ташаның қылығын пайдаланып отыр; олар оның жон терісін қытайлықтарға сыйға тарту етіп, осындай оңай сыйлық арқылы олардан өз қарыздарын тез алуды есеп етті.

23/17. Бүгін қытай көпестерінің елу түйелі керуені келді, Си Син-куйдің байха шайы жеткізілді, оның сөзіне қарағанда, тек елу бес жәшік (ал 100-ден көп деп шамалайды), кірпіш шай бірнеше жәшік қана. Ақпанда және наурыздың басындағы болған бағасынан кірпіш шай енді арзанырақ: сол кезде сарттар үш жүз қырық бес және үш жүз елуден жамбысына сатып алды, ал қазір үш жүз елу бестен береді де, үш жүз алпысқа келіседі, бірақ ешкім әлі сатып алған жоқ.

Жамбының бағамы - 156 теңге.

25/19. Күткен күмістеріміз қазірге дейін әлі келген жоқ және бұл күтісіміз ақталар ма екен. Қытайлықтар Әбдірайымге айтыпты: маньжурлерге ішкі іс әлі де жаман болып жатыр, тек Кантон беріспей түр, ал қалғандарының барлығы қарақытайлар тарапынан алыныпты, сондықтан мұнда күмістің жөнелтімін күтуге болмайды, егер өткен жолы цзан-цзюнь кумирняға күмістің жөнелтімі туралы хан жарлығын алуға шыққаны болса, бұл маньжурлердің мұндағы әскердің рухын көтеріп үстау үшін ойлап тапқандары, егер күміс келмесе, олардың мұнда қалуларына болмайды.

Жамбы – 156 не 157 теңге.

Ван-бек тағы бақытсыздыққа үшырады: осы жақтан қайтып бара жатқанында ол, бір нәрсе жасап, боғдыханның шапағатына ие болу үшін, Яркенд маңындағы тауларда мыс рудасының бай кен орнын ашқанын, соны анықтай түсу үшін жүз елу түркістандық адамның жөнелтілгенін жеткізеді. Сол уақытта оның Қашғардағы кіші інісі хәкімбек ретінде халыққа салатын салығын үш жамбыға көтереді, сол арқылы кенді анықтауға жөнелтілген қытай басшылығына сыйлық тарту етуде ағасына көмектесу үшін; алайда мыстың тырнақтай да белгісін таба алмай, олар наразылық көрсетіп, олардың санынан қырық адам жүзбасының көзінше жұмыстан қашып кетеді де, қарауылдардың біріне келіп, офицерден командың мыстың ізіде жоқ жерге аса бейнетті жұмысқа жөнелтілгенін, мұның тек Ван-бек пен оның інісінің өтірігі екенін, осы ар-

қылы олардың өздеріне шең, дәреже алмақшыларын, сондай-ақ алым-салық туралы да түсіндіріп, осыны оның өзінің амбанына жеткізуін өтінген. Офицерге айтыпты: «Егер жеткізбесең, бізді күшпен мәжбүрлесең, біз Қоқанға қашамыз». Офицер олардың түсініктерін амбанға, ал ол богдыханның алдына тартқан. Енді шешім жүріп жатыр.

Біздің сарттар Таша ісіне бола сарттарға қытай басшылығы тарапынан бір нәрсе жасалған не жасалмағанынан еш нәрсе айтпаса да, тек ақсақ Түрдыбек бүкіл қорғанның сол сартқа жазғыра тиіскенін былай айтып білдірді:

– Орыстардың осында орнығуымен, құдайға рахмет, біз қытайлықтардың ығыстыруынан көзіміз ашылды, ал сен...*[26] олардың жұмысшысымен не жасадың! Ал егер орыс басшылығы қытай басшылығына кінәрат артса ше, онда тағы бізге не болады – біз тағы түрлі ығыстыруларға тап боламыз!

/11б/ **27/21**. Таңертең 11-де бізге көптен күткен қопалдық қонағымыз – пошта келді. Ал, қайырымдылыққа үміт етеміз, қымбатты көршінім, өте орынды: сенің келісің біздің бақытымызды ортақ қуаныш минуттарымен аяқтады. Урядник Серебренников қарауылдардан жақсы өтіп кеткенін түсіндірді. Кейбір қарауылдарда офицерлер бізге бес жүзге тарта чанпандардың адамы қашып кеткенін айтыпты. Олар қайда? Урядник жауап беріпті: «Біздің мемлекетіміз ондай адамдарды қабылдамайды, ал егер олар бір жерлерден көрініс берсе, оларды қуып жіберер еді».

Әбдірайым Пекинге жолсапарға Ту-колдайдың орнына Хаколдай тағайындалып, сол баратынын естіпті.

Жақын уақытта алты тұман күміс жеткізіледі деп күтілуде.

Жамбының бағамы 157 не 158 теңге. Қашғарда күміс қымбаттады – жамбысы 1100 және 1200 теңгеден.

28/22. Цзян-цзюңді жөнелту жөнінде сыбыс естілмеді, бірақ бұрынғысынша жаңадан келетін цзян-цзюн туралы сөз қылуда. Улясутайдан тағайындалған цзян-цзюнь мұнда шығып кетіпті, бірақ жол бойы мұндағы қазынаның бос екені, шығынның көп және қазына мүлкінің барлық мәселеде жетіспеушілігі түрғысынан мәлімет жинап, ол кері қайтыпты, ауруына байланысты Құлжаға аттана алмайды деген түсініктеме жөнелтіпті.

Қайтадан осында бекітілген хәкімбек қатты қарызданды. Осы лауазымға қол жеткізгенде, ол осындағы саудагерлерге екі мың жамбыға қарызданды да, енді өзінің барлық мүсылмандары мен Қашғарлық саудагерлерді өзіне кеңеске шақырып, көмек қажет етеді. Кедей тараншаларға да таратып бөлінген, олардың арасында да күңкіл сөз орын алғанын айтып жүр, хәкімбектің осындай әрекеті арқасында тараншалар тарапынан наразылық күтуге болады.

---

*[26] Үш сөз түсініксіз.

31/25. Менде Дулин болып кетті. Ол екі қолдайдың атынан ол менен консулдың қайда, халі қалай екені туралы мәлімет алған, алмағанымды сұрады. Мен алғыс айтып, хабар алғанымды, консулдың аман-есендігін, қазір Омбыда болуы тиістігін айтып жауап бердім. Бұдан әрі ол жеке сұхбаттан басқа ешқандай әңгімеге араласпады. Бүгін қытай керуені келді, Фу Жен-лунға қырық және Маштекке елу жәшік байха шайы әкелінді.

Жамбы 158 не 159 теңге.

/12а/ Бүгін Талқы тауларында жақында үш күнге созылған жер сілкінісінің болғаны, сол уақытта төбелердің бірі шығысқа қарай күркіреп орнынан алға 20 шақырым (?) жылжығаны және де бүкіл шыңды сонда ағатын өзендердің бірінің жайлағанын, содан ол өзеннің енді егістікті суғаруға сумен қамтамасыз ете алмайтыны жөнінде сөз тарады. Бұл әдеттен тыс құбылысқа көз жеткізу үшін Иш-дулай мен тағы басқа көп шенеуніктерді аттандырдық.

Сәуірдің 2/27. Әбдірайым Чонкузада болып, қытайлықтар арасындағы әңгімені естігенін, онда іштегі жағдайдың аса қиын екенін айтты және Чонкуза былай депті:

– Жоқ, мен мұнда іс ашпаймын, кетемін, – депті де, өтініпті, – дулайға Бұқайды кері қайтаруын айтса болмай ма.

Пшек, қорғанда болып, Юзсыға кіріпті, осы кезде бір жақтан белгілі ұры Бұқай келіпті, оның атына отырып, кетіп қалыпты; қуғыншылар қуып жете алмады, боран бөгет жасады, ал Пшек маған осы жөнінде айтқанда, мен айттым:

– Бұқайдың сенің өзіңе отырмай кетпегені өкінішті, сонда сендер қорғанға келуді тоқтатар едіңдер, әсіресе, осындай боранда жүрудің керегі не, еш нәрсе көрінбейтін кезде.

Сәуірдің 3-і. Жалған ақша жасағаны үшін бүгін бекіністе бес адам дарға асылды.

Қазыналық қарыздардың өтемі қатарында қазынаға көпестерден бақыр ақша да қабылдайтыны енді бәріне мәлім, олар қарыздарын көбінесе Ноғатыдан шығарылған жаңа жармақтармен тапсыруға тырысады. Қазір қазынада бұл ақшаның қазынадан шығарылғанынан жетпіс тұманға артық шыққанын айтып жүр. Цзян-цзюнь сол уақыттан бастап және бүкіл кеңес осы жағдай тұрғысынан таң қалысып жүр. Жалған жармақтарды нағыз жармақтардан айырып, олардың кімнен түскенін біліп, содан кейін оны қайдан алғандарын анықтау үшін тергеуге жіберу бұйырылды.

Қашғардан отыз адам айдалған мұсылмандар партиясы келді. Олар бұл жазаға 1852 жылы сонда болған тәртіпсіздік ісі бойынша тартылған.

Қашғар хәкімбегі лауазымынан аластатылып, сонда түткынға алынды.

Аластатылған хәкімбек тағайындалған тұрақжай орны Түр-

фанға келген бойында кеден амбанына кірген жоқ, алдымен театрға бет алды, сол үшін амбан оны түрмеге отырғызды, одан босанып шығу хәкімбекке өте қымбатқа түсті.

4/29. Шарафи осындағы қазынаға үш тұман күміс әкелінгенін және 15-і күніне қарай тағы алты тұманы күтіліп отырғанын айтты.

Абдрахман қашғарлықтармен айырбас жасады: жеті мың кесек матыны нанка мен бөзге айырбастады; нанканың кесегі — он бір дабы, ал бөз — жүз қырық дабы.

/12б/ **5/1.** Сағат 12-де маған Дулин маңызды шаруамен келді. Келген бойында ол дереу айтты: мені Борохуджирге сіздердің саудагерлеріңіз — ноғайлар келгенін, барлығы екі адам, тек екі түйемен ғана жүргенін, трактатта жиырма деп көрсетілгендіктен, оларды өткізуге болмайтынын айтуға қолдай жіберді; сондықтан қолдай сенің де олардың кейін қайтуы үшін өз тарапыңнан қағаз жіберуіңді айтты. Мен бұған мұндай бұйрық жіберуге менің құқығым жоқ деп жауап бердім.

— Оларды бәрібір бұлайша өткізуге болмайды ғой?

— Қолдай — үлкен адам және мен сіздерге бұл тұрғыда нұсқау көрсете алмаймын, оның үстіне, консул мен ол жиырма түйе жөнінде бір рет те талқылаған жоқ, сондықтан егер саған менен сұрау тапсырылса, онда Ту-даженге бұл істің соған байланысты екеніне оның көзін жеткіз. Осыдан кейін ол әңгіменің бетін басқа жаққа аударды: «Не де болса, өз пікіріңді айтшы: егер офицерге сол ноғайларды өткізбеуге бұйрық етілсе, сенің көңілің тола ма, әлде, оларды өткізуге бұйрық етілсе, көңілің тола ма?» Бұған мен тағы да айттым: «Мен бұған да, басқасына да қанағаттанбаушылық білдіре алмаймын, менің пікірім мынандай, ол ноғайлар, әрине, Құлжаға сауда үшін бара жатыр, ол сауда біздің үкіметтеріміздің достық қарым-қатынастарына сәйкес мұнда ашылған, ал егер олар алыстан келіп, сіздер оларды өткізбесеңіздер, онда бұл оларды қынжылтады да, олар орнына келмейтін шығынға түсіп, зардап шегеді, сондықтан Ту-даженге бұл жағдайда менің оларды өткізгендерін қалайтынымды білдір». Менің ноғайлар қынжылатын болады, шығынға батады деген сөздерімді қайталап, қолдайға ол осылай айтады, дулин өзі атынан ба, әлде, Ту-қолдайдың бұйрығымен бе, менен тиісті орынға осыдан кейін біздің керуендеріміздің жиырма түйеден аз жүрмеулері тұрғысында қағаз жөнелтуімді өтінді. Мен бұған тек консулға хабардар ете алатынымды айттым.

Кешке қарай ол ноғайлардың Хотовтың қызметшілері екенін, мұнда Шәуешектен келе жатқандарын білдік. Чихан сарт арқылы олардан хат алыпты, онда олар өздерін өткізбей жатқандарына, корпус офицерінің олар туралы Құлжаға мәлімдегеніне шағыныпты.

Жамбы – 159 не 160 теңге.

8/4. Абдулла-ахун Әбдірайымге осы жақын күндері шынымен үш тұман күміс және алпыс лян әкелінгенін, тағы он тұман күтіліп отырғанын; ол жөнінде қағаздың да алынып қойғанын айтыпты.

Талқы тауында болған таңғажайып құбылысты да растап жүрген сол ғой, алайда полицмейстр жеке басының куәлануы үшін онда барған жоқ, өйткені бұл жауап алу мәліметімен расталды, сондықтан да цзян-цзюнь оның қазір баруына пәрмен бермеді, сегізінші айға дейін кейінге қалдырды.

/13а/ **9/5.** Біздің саудамыз әлі аз-аздан жылжып жатыр, күніне он мың не жиырма мыңнан ақша түседі.

Жамбыны 165 теңгеден деп айтып жүр.

Сағат 11-де дулин келіп, қолдайдың цзян-цзюнге екі түйемен Борохуджирге жеткен керуен туралы, оларды кейін қайтару қынжылысты әрі ноғайларды шығынға батыратынын мәлімдегенін, сондықтан цзян-цзюннің оларды өткізуге рұқсат бергенін және бұл жөнінде офицерге пәрмен жөнелтілгеніне үш күн болғанынан хабардар етті. Сонымен қатар, дулин менің саудагерлерге жиырма түйеден кем керуенмен жүрмеулерін ескертуімді тағы да қайталады. Осы жолы дулин неге екені айрықша көңілді әрі ашық көрінді, бір сағаттан аса әңгімелесті және егер қазына жұмысы көп болмаса, маған күнде келіп тұрар ма едім деп айтты.

– Мен, – деді ол, – таңертеңнен кешке дейін жаңа жармақ (ақша) ісінің басы-қасындамын, бос емеспін және майтұнцзда да солай болуым керек. Омбыға дейінгі ара қашықтықтың қаншалықтығын сұрады. Мен кім тез жүрсе, оған соншалық алыс болмайтынын, ал түйелі керуенмен жүрсе екі айға созылатынын қайталап айттым. Омбыда бекініс бар ма, әскер көп пе екенін де сұрады. Мен бекініс бар, әскер де жеткілікті – жаяу әскер төрт мыңдай және мың адам атты әскер, дегенмен де, одан да көп болуы мүмкін, алайда мен әскери адам болмағандықтан бұл жөнінде анық білмеймін деп жауап бердім.

– Консул жақында келе ме?

– Бұл жөнінде әлі хабарым жоқ.

– Ол үйленген бе, үйленбеген бе?

– Жоқ.

– Енді үйленбей ме?

– Ол келген кезде көреміз.

Калашников алпыс дана нанканы матқа данасын алты жарым дабыдан айырбастады; мат жақсы, алпыс тиын күміс тұрады.

Сұлтанбай күдеріні матқа айырбастады, бір фунтқа 82 матыдан.

10/6. Қытай көпестерінің керуені келді, кірпіш шай

жеткілікті мөлшерде әкелінді, ал байха шай жөнінде әлі белгісіз. Кірпіш үшін қымбат сұрайды – бір данасына төрт жүз елуден, ал жамбыға тек үш жүз отыз данасын береді.

11/7. Тунгэне, Хайшань қарт, менімен Шарафидің дүкенінде кездесіп, менде күміс бар ма екенін сұрады.

– Бар.

– Айырбастайсың ба?

– Мүмкін, қаншадан бересің?

– Жүз елу екіден.

– Жоқ, бұл бағамен бізде күміс жоқ, қазір жамбының өзі жүз алпыс бестен ғой.

– Жүз елу бес ал.

– Оу, қартым, босқа саудаласудың керегі жоқ. Сонымен бірге қазына күмісі шынымен келді ме екенін айтқызуды қалап, мен былай дедім:

– Сіздерде енді күміс көп емес пе – әкелінді ғой, хан күмісі де жеткізілді.

– Қағазы алынды, – дейді ол, – ал күмістің өзі әлі жоқ, жақын уақытқа күтіліп отыр. Алайда бұл, меніңше, осындағы басшылықтың манжүрліктерді алдаусырату үшін айтылған жай мылжыңы сияқты.

/13б/ Әбдірайым хабардар адамдардан, бірақ кейбіреулері егжей-тегжейімен айтудан қашқақтайды, қазір мұнда тыныштық қой, алайда алтыншы не жетінші айда тағы бір нәрсе болады, жақсылық күтуге болмайды дегенді естіпті.

Осы жақтан манжүрлер мен хамбиндердің жасағы Үрімшіге осында тағайындалған цзян-цзюнді қарсы алу үшін аттанды.

Қытай ішінде жағдай жаман, қарақытайлар енді Пекиннің өзіне бет алуда.

Мұндағы басшылықтар күміс және мыс кенін өңдеуден босамайды; күмісті екі жерде өңдеп жатыр: Суйдин сыртында және Каш тауларында, тағы осында мыс кенін де өндіреді; Са Да-лой мыс кендеріне баяғыда кеткен, екі өндірісте де нәтижелер соншалық табысты емес, ешқандай пайда әкелмейді, ал шығын едәуір. Шарафи бұл өндіріске олардың алпыс жамбы талап етіп үлгергенін айтты. Ол бір түрлі әбігерленіп кетті де, күміс кенінің балқыту ісінде болған үлгісін әкелді, бірнеше пұтын сынақ (тәжірибе) үшін сатып алуға тәуекел етпекші, тек мұндай істі кіммен келісетінін әлі айтпай жүр. Исаевтің мысы жөнінде хабардар болу үшін, ұжинына төрт жүз елуден беріп, келді.

12/8. Біздің мұсылман көпестеріміз отыз күндік оразаның таяп келе жатқанын аңғарып, осындай ұлы күндерде мінәжат етуге барлығы бір жерге бару мүмкіндігіне ие болу үшін мешіт салуға кірісті. Ол үшін олар қала сыртынан Мендібай берген жерді таңдады. Ынталы жігерлілікпен қайраттанып, үлкенінен кішісіне дейін жұмысқа ала таңнан кірісті, сондық-

тан кешке қарай ғибадатхана өзір болды. Сәулетінің сақталмағаны үшін кінәрат қоюға тиісті емеспіз, алайда, керісінше, оларға осындай мықты әрлеу жұмыстары мен осындай жомарт құрбандыққа барғандары үшін құрмет көрсетуіміз керек: олар биіктігі екі жарым аршыннан төрт тағанды жерді қазып тұрғызды, бөренелер салды, оларға бірнеше сырғауылдар қойды, жөкемен жауып, үстінен топырақ төкті, ал негізгі тірек қабырғаларға қатысы жоқ екі жақ қоршауды да сырғауылдардан тұрғызды. Ғибадатхананың құрылысына қатысқан барлық адамдар бұған ақша салған жоқ, ал қатыспағандар жөке мен сырғауыл сатып алғанға ақша салды, мысалы, іждаһатты бір еркек Әбдірайым бұл іске бес жүз, /14а/ бірінші қазан гильдиясының көпесі Шарафи – мың, семейлік ташкендік Сұлтанбай – үш жүз, көпес ұлы Әбдірахман – екі жүз, Сар*[27] – мың жәрдем ақшасын берді, қайырымдылыққа барлығы үш мың сом түсті. Математика бойынша және біздің сомымызға шаққанда, бұл сан аз ақша құрамайды, оған біздің Ресейде бір селода жақсы үй тұрғызуға болады. Алайда, ынта білдірген мұсылмандар бұл үш мыңға ауылдардағы еркектердің өз қойлары мен бұзауларына тоңбаулары үшін қысқа салатын қоршауынан жаман да емес, жақсы да емес мешіт тұрғызды десем таңқалмаңыздар. Сіздер сұрайсыздар ғой: қалайша бұлай? Қалжың емес – үш мың! Иә, шын, үш мың! Алайда үш мың деген не, міне, мәселе осында! Жауап: жармақтар, және осы үш мың – күміс пен үш сомнан аз, міне, сіздерге, жомарт қайырымдылық пен тамаша ғибадатхана.

13/9. Сағат 12-де кәмшат терісі мен түлкі табаны тиелген екі түйемен хотовтық керуен келді. Жеткізген арбакеш шалақазақ Мұхаммед Ғалиға Борохуджирге келген бойда оған офицердің сені жібере слмаймын, өйткені жиырма түйеден аз керуен жіберілмесін деген бұйрық бар дегенін айтыпты. Ол өткізу үшін базарлық ұсыныпты, алайда офицер бұған да келіспей, былай деп жауап беріпті:

– Біздің заңымыз бойынша сыйлық алуға тыйым салынады. Содан кейін айтыпты:

– Егер қаласаң, онда күте тұр, мен цзян-цзюнге жеткізейін.

Сол рұқсатты күтіп ол пикет жанында он екі күн тұрыпты. Өткізгеннен кейін барлық жерде карауылдардан еш кедергісіз өтіп, ешбір қынжылармлық жағдайға кез болмапты.

Дулин және тағы бір шенеунік Исаевтан чжинға без жүзден мыс алуға келді; іс салмаққа бола жүзеге аспай қалды: олар ауыр чжин әкеліпті, сондықтан, Федордың есебі бойынша, отыз алты пұттан олар екі пұт қымқыра алатын еді.

---

*[27] *Сар* – қысқартылған есім, Сары, Сәрсембай, Сәрсек т.с.с. оқуға болады.

14/10. Әбдірайым улясутайлық цзян-цзюнінің Құлжаға аттана алмай қалуына түрткі болған ауруы туралы сөзінің салдарынан, оған Пекинге келуге пәрмен берілгенін, оның сонда баяғыда кетіп қалғанын айтты.

Жамбы – 165 не 166 теңге.

/14б/ Жалпы, Іле түрғындары қазіргі құрғақшылыққа бола қатты алаңдауда, осы кезге дейін бір рет те жаңбыр жауған жоқ, үш күн бұрын қолдайлар Ламасыға*[28] ламаға оның жаңбыр жөнінде мінәжат етуін өтінуге барды, лама барлық діни қауымымен үш күн жалбарынады, бірақ жаңбыр сонда да жоқ. Дегенмен, бүгін кешке қарай батыстан бұлт шықты. Бізде бау-бақшада жұмыс істейтін тараншы олардың хәкімбектерінің құрғақшылықты уайымдаудан ауырып қалғанын айтты; цзян-цзюннің оны көзге түртіп, былайша жазғырғанын жеткізді: «Сен байғұссың, сондықтан да жаңбыр жоқ, ал бұрынғы хәкімбек болған кезде, жаңбыр жиі жауған».

Дулин Федордан дұрыс салмағы бойынша мыс алды; төлемге жармақтар әкеліпті, бірақ толықтай емес және есебі жағынан да саны толық емес – алпыс тоғыздан және мысқалмен жетпіс. Федор алмай қойды, ал шенеуніктердің толықтырғысы келмеді, *тецзылармен* берді, алайда ол оларды сенімсіздігінен қауіптеніп қабылдамады. Дулин Федорды түсінісу үшін маған әкелмек болады, бірақ, дұрысы, ойлана келіп тоқтап, Шарафиді делдал етіп қойды да, оған *тецзны* беріп жіберді; *тецзы* айырбастаушы карт та сенімді. Олар тағы он мың *чжин* мысты апаруға шақырады. Біздің адамдар кепілақы берулерін өтінеді, онсыз қауіптенеді. Айырбастағыш қулық қолданған – Шарафийге барлық үлкен жаңа жармақтарға дерлік *тецзы* берді.

16/12. Қытайлықтардың шенеунігі Дун Фул Әбдірайымда болып, төртінші айдың басында сегіз түманға дейін күміс болатынын, мұнда арты жаман болатынын күту керектігін айтыпты. Чанпандар – бұл қисынсыз сөз, олар жүз мың болса да, олар еш нәрсе шеше алмайды, одан да қытайлық-тунгэндерден көбірек қауіптену керек, олардың жүрегі таза емес, олар маньчжурлерге кек сақтап, чанпандар туралы түрлі қауесет таратып жүр, чанпандардан бірнеше мың адам орыстарға қашып кетті деген сөз солардан шықты емес пе.

Жамбы – 165 не 166 теңге.

19/15. Бүгін Әбдірайымда цзян-цзюннің камердинерлерінің (қызметші-малай) бірі болды. Ол қытайлық, ол онда он төрт жыл бойы қызмет етіп келеді, сол цзян-цзюннің осындағы жағдайларға қатты алаңдайтынын, тіпті нан жоқ, күміс жоқ және күтуге де болмайды, ал егер күміс әкеледі, болады десе де, мұның барлығының осы өлке үшін жалған тұжырым

*[28] *Ламасы* – ламайлықтар шіркеуі.

екенін, өйткені, депті ол, осылай басшылық жасайды, орыстарға күмісті жиі әкеледі, ал бізге жоқ, /15а/ өйткені, өз мемлекеттерінің кедейленіп бара жатқанын көрсетпеу үшін, басшылық сөз таратып жатыр: міне, осынша күміс жеткізілінеді және осынша соңынан болады дегенін айтыпты. Цзянцзюнь төртінші айдың ортасында аттануға жиналып отыр. Қазір ол үшінші күн Кумирняда түрып жатыр, жоғарғы діни басыларымен бірге жаңбыр жөнінен жалбарынуда. Құрғақшылық пен жиі соғатын, тіпті күн сайынғы жел мен дауылдан мүлдем астық күтуге болмайды.

Бүгін мен де ауыз бекітуге тиіс болдым: Передков, базадан қайтып келе жатып, онда не сиыр етінің, не қой етінің жоқ екенін, өйткені барлық қытайлықтар, жалпы Құлжадағы халықтың цзян-цзюннің жарлығы бойынша құрғақшылыққа орай жеті күн бойы ораза ұстайтындарынан хабардар етті. Егер жеті күн ішінде жаңбыр жаумайтын болса, онда отыз күндік ораза ұстауға бұйырылатынын айтып жүр.

Дегенмен, нанның бағасы әдеттегідей: қара бидайдың бір чжині енді 1200-ден 1300 [жармақ], үн 1200 жармақтан.

Қазынада астықтың қоры мол дейді; үш жылға жеткілікті.

Түрғындар – қытайлықтар арасынан біздің адамдар олардың манжұрлерге деген кегі мен ызасын аңғаруда. Манжұр мен қытайлық арасындағы болмашы дау туындаған кезде қытайлықтар сырт көзге оларды татуластыруға тырысқандай болып көрінеді, ал қалай дауласушы манжұрлік олардан алыс кетсе, оған соңынан тістерін қайрайды.

20/16. Таңертеңгі сағат 8-де тыныштық мүлгіп түрды. Ал сағат 9-да шығыстан қатты дауыл көтерілді. Осы уақытта біздің фактория-ның солтүстік қақпасының сыртынадағы қидың бір үйіндісінен от шықты. Суаттан келе жатқан бір жұмысшы мұны көріп, дереу көпестерге білдіреді; Передков базардан келе жатқан, ол да көріп, адамдарды жинауға асығады; жел от үшқынын басқа қи үйінділеріне ұшырып жатты, бірақ барлығымыздың күш салуымызбен өртті тез сөндірдік. Бұл от, дұрысы, өтіп бара жатқан қытайлықтардың мүштігінен түсті, бұрында бірнеше мәрте өтіп бара жатқан үш-төрт қытайлық жиналып, отырып алып шылым шегіп, шоғын қалдырып кететінін аңғарғанбыз. Біздің көпестеріміз ондайды байқаған бойларында үнемі қуып жіберетін. Власов та екі рет мұндай әңгіме-дүкен құрушыларда қуған болатын.

Жалған ақшаның жаңа түрде айтарлықтай мөлшерде пайда болуы себепті басшылық сауда жасаушы тапты жармақтарды көпшіліктен қатаң бақылап қабылдауға міндеттеді. Осының салдарынан көпестер мен жалпы сауда жасаушылар жаңа жармақтармен алуды тоқтатты дерлік жағдай болды. Солдаттар мен түрғын халық осы жағдаймен цзян-цзюнге өтінішпен кірді де, қайтадан көпшіліктен жармақтарды бақылаусыз

қабылдай беретін болды да, көпшілікке жалған ақша жасаудың қатаң қудаланатыны, қылмысы ашылған жағдайда айыпкердің тағдырын басшылықтың өзі шешетіні ескертілді. Қазір жалған ақша жасаудың соншалық дамып кеткенін, әсіресе, басшылықтың өзі қатаң қудалаудан қорқатын тұнғындер жасайды деп жүр, сондықтан күмәнділерді қалаға соттың алдына апаруға міндеттелмей, оларды тұратын жерінде, не ұсталған жерінде жазалауға рұқсат етілген.

/15б/ Солтүстік таулар маңында тұратын қалмақтар біздің саудагерлерге Талқы тауында айтып жүргендей ешқандай құбылыстың мүлдем болмағанын айтыпты: бір төбенің етегінде бұрын кен өңдеу өндірісі болған, уақыт өте келе шұңқыр сумен толып, төбедегі шұңқырды тереңдеткен де, ақырында, сол төбенің сумен шайылған бір жағы құлаған.

21/17. Іле халқының жаппайғы мінажаты естіліп тұр: таңертеңгі сағат 9-да батыстан бұлт көрінді, сағат оннан екіге дейін үсақ жауын жауды, содан кейін ашылды да, қайтадан шығыстан жел тұрды.

Бүгін кешке қарай Бауцза де менімен баққа серуендеді, кумирняны нұсқап, цзян-цзюннің сонда тұратынын, оның көк тәңірісіне жаңбыр жіберуіне жалбарынатынын, қазір қалада ешкімнің ешқандай ет жемейтінін түсіндірді. Мен сұрадым:

– Етті ұзақ уақыт жемей ме? Ол аспанға нұқсады да, айтты:

– Жаңбыр болмайынша жемейді.

– Бүгін жаңбыр жауды ғой!

– Э! Сяо юй шибудале*[29].

Әбдірайым хуардандықтардың көңілсіз екенін, оларда сауданың бір жармаққа да тұрмайтынын айтты, кейбіреулер екі жылдан кейін мұнда хуардандықтардан ешкім қалмайтынын айтады.

Қолында шайы бар көпестер айтарлықтай жұмсарып келеді, өйткені біздің адамдарға аса мұқтаждықтан емес, жай келгендей тұр көрсетіп өздері келе бастады. Си Син-куй Шарафидің оған ертең жүздесуге келуі үшін адам жіберіпті. Мұндағы қолда бар шайды екі жүз алпыс жәшіктен көп емес деп есептейміз, қолдағы белгілілерімен, жалпы одан да көп бар деп шамалаймыз.

22/18. Күндізгі сағат үште пошта алынды. Урядник Сальников дала мен қытай қарауылдары арасынан аман-есен сәтті өткенін жеткізді.

Шарафи Си Син-куйге барып, жүздесіп келді. Іс, әрине, шай жөнінде. Ол айтыпты:

– Ал, енді саудаласамыз ба?

---

*[29] Қалың емес, үсақ жауын (қытай.).

– Мүмкін, – деп жауап береді Шарафи, – егер көп әңгіме айтпайтын болсаң. Анау көп мәністі алға тартыпты, Үрімшіде шайдың қымбат екенін, енді мұнда да болмайтынын және соңында өзінің шайына 25 лян сұрапты. Шарафи айтыпты:

– Жоқ, бізге мұндай бағамен сатып алуға болмайды, жиырма ляннен, бәлкім аламын, онда да жартысын тауармен.

– О! Тауар жөнінде сөз қозғама.

– Енді сен өткен жолы жиырма үштен бердің емес пе?

– Иә, сен неге алмадың, ал енді мен қазір ол бағамен ала алмаймын /16а/ және де сіздердің он бірінші айға дейін шай сатпайтындарыңызды да білемін (бұл оларды абдыратып тастады, біздің адамдардың осындай нық төзімділікке бел буғанына таңырқап қалды), сондықтан маған асығатын ештеңе жоқ, күзге дейін күтемін. Оларда бағаны үстап тұру жөнінде жалпы шарт қойылғанын өздері мойындап, енді сол үшін бір-біріне ызаланып жатыр.

Әбдірайым Пекинге іссапарға Ха-колдай емес, Ту-колдайдың және оның Тұмантай емес, басқа екенін естіпті.

23/19. Қазіргі уақытта қытай басшылығы әдеттегі сыпайылық үстінен енді бізді кішіпейілдікке міндеттейді. Бұрын олар поштада жөнелтілер алдында біздің аман-есендігіміз жөнінде біліп келуге адам жіберетін. Бұл жолы поштада келер алдында дулин жіберіліпті. Ол Ту-дажен мен Ха-колдайдың атынан консул аман-есен бе, ол қазір қайда, жақында келе ме, содан кейін мен жағдайымның қалай екенін, қалай тұрып жатқанымды сұрады. Мен алғыс айттым да, консул аман-есен, қазір ол Омбыда, ал қашан келетіні жөнінде мағлұматым жоқ, бірақ бір айдан кейін келеді деп ойлаймын деп жауап бердім. Аз-маз жеке сұхбаттан кейін біз бір-бірімізге тағзым еттік те, мен оған жылы лебізбен айттым:

– Айтпақшы мен айтуды ұмытыппын: ұрылар қайтадан көпірден ағаш әкетуді бастады, міне, енді төрт тақтайды алып кетіпті. Ол былай жауап берді:

– Жақсы, мен іздеп табамын (солай болды да!).

24/20. Әбдірайым Пекинге Ту-даженнің аттанатынын тағы да айтты.

Айырбастағыш кісі жақында төрт тұман күміс болатынын айтты, тағы мұны басқалар да растап жүр.

Жамбының бағамы біркелкі емес: 155 не 156 теңге, ірісіне жаңа жармақтарды 165 не 170-тен сатып алады.

25/21. Қазыналық күміс жеткізілсе, басшылықтың жаңа түрмен шығарылған барлық ақшаны жинап алмақшы екенін, оның түрін кішірек етіп, яғни, бір жармақ онға және одан артық етіп қайтадан жасайтынын сөз қылып жүр.

Жаңа цзян-цзюнді төртінші айдың 18-ші күніне күтуде, ал қазіргі де сол уақыттарда, 20 күні аттанады.

/16б/ **26/22.** Хуарандықтар цзян-цзюнге Қашғарлық саудагерлердің осы жақтан бар күмісті алып кеткендеріне, енді мұнда күмістің болмауынан оларға сауда жасаудың мүмкін еместігіне шағымданды. Бұған цзян-цзюнь былай жауап берді: «Сіздер не үшін шағымданасыздар! Олар да көпестер, яғни күміске қол жеткізудің жолын тапты».

Жалған ақша жасау одан ары етек алып барады. Қылмыскерлерді қанша атса да, дарға асса да, түрмелердің солармен лықа толғанын айтып жүр.

27/23. Қазір енді біздің факторияға сатып алушылардың басым бөлігі ірі жармақтармен келеді. Біздің адамдар жармақтармен алудан қашқақтаса да, әсіресе, егер қытайлық он, не жиырма жармақ артығымен қымбат беруге келіссе, алайда кейде тауардан қол үзудің өзі өкініштi, тауарды да сатады және нақ осы ақшаға, тек аздаған ақшаға – екі не үш сомға. Мен өз тарапымнан көпестерге консулдың осы түрғыдағы ескертуін, егер соңында бір нәрсеге ұшыраса, олардың бізге осыған орай шағыммен келмеулері жөнінде айтқанын естен шығармауларын мәлімдедім.

29/25. Әбдірайым бүгін екі мың сяр жалған жармақтармен бір қытайлықтың ұсталғанын, оның оларды Хоргостан осында әкеле жатқанын, алайда оның өзі қашып кетіп, жұмысшысының ұсталғанын айтты.

Енді қазір қалада және біздің саудагерлерге борышкерлер ірі жармақтармен төлем үсынуда, біздің адамдар алмайды, ал аналар, яғни «біз бұл ақшаларды цзян-цзюннен аламыз ғой, неге сіздер алмайсыздар? Егер алғыларың келмесе, онда күтіңдер, ал бізде үсақ жармақтар жоқ» деп, осылайша құтылмақ болады. Айналымда ескі ақшаның аз-ақ екенін айтып жүр: барлығын жаңа жармақтар түрінде қайта жасаған.

Жамбы 175 теңге – жартылай ескі және жартылай жаңа ірі жармақтармен.

/17а/ **30/26**. Әбдірайым енді манжұрлердің өздерінің былай дегендерін: «Шамасы, біздің тіршілігімізге тықыр таянды, күміс жоқ, енді тамақ сатып алатын еш нәрсе жоқ, бұрын ең болмаса, маты, аз да болса, күміс те беретін, ал қазір ештеңе де бермейді» деп айтады.

Мамырдың 1/27-сі. Қытайлықтар керуеннің келуін күтуде; Ху-янгуда қырық жәшік байха шайын күтіп жүр. Хуарандықтар, шамасы, ірі жармақтардың әуресінен құтылу үшін сатып алушыларға сүрап түрған тауарының болмай түр деген желеуді айтып, ол ақшаға еш нәрсе сатпайды. Олардың тіпті дүкендерді де ашпайтынын айтып жүр.

Көпестер қауымы жетпіс адаммен цзян-цзюнге ірі жармақтар жайына байланысты жол тартты: олар үшін ірі жармақтарға тауар өткізу мүмкін емес, өйткені оларға күміс керек, саудадан түскен күмісті төлемге жібере алады, ал мына ақша-

ны жіберу мүмкін емес. Кедей елдімекендер түрғындарының көпшілігі бұл ақшаны цзян-цзюннің аяғының астына лақтырды.

3/1. IV ай. Кешке қарай ірі жармақтарды айналымға жіберуге тыйым салынатыны анықталды, кімде қанша бар, барлығын жинап алып, қазынаға өткізуге бұйырылды, олардың орнына үсақ жармақтар – мың жармаққа сегіз жүз беріледі. Кімде аз-маз ақша болса, олардың орнына айырбас ақшасы дереу беріледі, ал кімде ірі жармақпен кәдімгідей қаржы болса, оларға біраз уақыт – осы жармақтарды жаңа түрде қайта құйғанға дейін кейінге қалдырып, әзірше тецзы беріледі, жаңа жармақтар төрт түрде болады: 10, 20, 30 және 40.

/17б/ Цзян-цзюннің ірі жармақтардың орнына толық мөлшерін, яғни мыңға мың беретінін айтып, біздің саудагерлердің де қамын ойластырғанын сөз етіп жүр. Қытай саудагерлеріне олардың өтінішін сыйлағаннан ғана мыңға сегіз жүзден бергізді, ал қалған түрғылықты халыққа барлық залымдықтың – жалған ақша жасаудың солардың ішінен шыққаны үшін еш нәрсе бермеуге пәрмен етілді.

4/2. Қазынаға барлық ірі жармақтардан тек сары мыс ақшаларды тапсыратындарын, ал қызыл мыс ақшалардың бұрынғысынша айналымда бола беруге тиіс екені, оған тыйым салынбайтыны жөнінде хабарландыру ілінді, алайда аталмыш сары мыс ақша үшін қазынадан қандай тарту болуы керектігі туралы ештеңе айтылмады да, бұл түрғыдағы шешім де әлі беймәлім.

5/3. Әбдірайым солтүстік таулар маңында, жұмыстан мүлдем босаған И-колдайдың бағында полиция солдаттарының жақын күндері жалған ақша жасау ісін ашқандарын әңгімеледі. Олардың күпия хабарына орай қырық адаммен шенеунік жіберіліпті. Бақтың иесі И-колдай өзінің қызметшілерін үстап бергісі келмепті, алайда олар түтқындалған. Олардың артынан цзян-цзюнге оның өзі келіп, цзян-цзюннің мына сұрағына: Мұндай қылмысты іске ол қалай бел шешкен? И-колдай жауап берді:

– Мен жармақтар жасайтыным жөніндегі сөзімнен айнымаймын және мұны қылмыс деп есептей алмаймын, өйткені оны барлығы жасайды. Әрине, сіздер қазына үшін жасайсыздар, бірақ қазына үшін ақша соғылғанда, ол үшін ақша сарайы бар емес пе және бұл істе түрлі ведомстволардан аманат жүктелген шенеуніктер болулары тиіс, алайда сіздер ақшаны өз жандарыңыздан соғуға рұқсат бердіңіздер, онда қазына үшін де және сонымен бірге өздеріне де ақша соғады. Бұған қарап, осы іспен сіздің де сегіз кеңесшіңіз айналысты, ал олардың соңынан сол ізбен ақша жасау барлық жерде дамыды, адамдардың барлық таптары арасына таралды. Сондықтан, үлкенінен кішісіне дейін өздеріне ақша соғатынын көріп оты-

рып, қор жинап қалу мүмкіндігіне ие болу үшін, қомақты қорға қол жеткізу үшін менің де шұғылдануыма неге болмасқа деп ойладым, сондықтан жармақ жасай бастадым.

Цзян-цзюньнің бұл сөзге еш нәрсе деп жауап айта алмағанын, И-колдайдың бостандықта қалғанын сөз қылып жүр.

Қызыл мыс жармақтардың айналымына тыйым салынбаса да, көпестер мен жалпы саудагерлер ешкімнен оны алмайды да, сатып алушыларды ондай ақшамен дүкеннен қуып шығарады. Қазіргі берекесіздікке орай енді күмістің бағасы да белгісіз болып тұр және қытайлық саудагерлер де әзірше жармақ жөніндегі істің шегіне жетпейінше күміс туралы еске алудың да қажеті жоқ деген пікір айтуда.

Біздің тамырымыз Ту-даженнің көзі көрмей қалғанын, кеңседе болмайтынын, жұмыстан мүлдем кетуге тиіс екенін, оның орнын Ту-колдай алатынын айтып жүр.

Біздің саудагерлердің ірі жармақтар тұрғысынан сақтандырылғандарын атап өттім, бірлесе іс-әрекетке ашық үндемесе де, осыны қажет ететінін, мына сөздерінен көрінеді:

– Біз енді өз жармақтарымызда қайтеміз, оларды қайда жібереміз, мұның бұлай болатынын білу мүмкін болмады ғой, мен кімде қанша жармақ бар екеніне анықтамалар жинап қойдым және бұл барлығымызда да бар болып шықты, алты жүз сексен сегіз мың жармақ. Қытай басшылығының тарапынан өзінің алғашқы ескертпесіне сілтейтінінен басқа жауап күтуге болмайтыны түсінікті; біздің саудагерлер тұрғысынан, ірі жармақтар тұрғысынан бір ой түйінін басшылыққа ала отырып, мен майтунцзға өзіме Дулинді шақыруға кісі жөнелту қажет деп есептедім де, егер ол біздің саудагерлердің бұл тұрғыда ескертілгендеріне айтып қатты қасарысса, онда былай деп айтуды ниет еттім:

– Мен мұны консулдың келген бойында сіздің тарапыңыздан: неге сізге біздің көпестеріміздің қолында бар ірі жармақтардың мөлшерінен хабардар етілмеген деген сөздің шықпауы үшін жасап жатырмын.

– **7/5.** Сағат 11-де Дулин келді. Әдеттегі аман-саулықтан кейін ол сұрады:

– Не болды, қандай іс бар? (ал өзі, ендігі, күмәнсіз, білді, нүскау алды).

– Ал, міне, қандай іс, - деп жауап бердім мен.

– Ірі жармақтардың айналымға түсуіне тыйым салынғаны рас па?

– Тыйым салынған, – рас және енді барлығына қазынаға тапсыру бұйырылды, алайда тек жүздік және елулік сары мыс жармақтар; қызыл мыс, шойын жармақтар мен ондық сары жармақтар, – бұл ақшалар бұрынғысынша айналымда қалады.

– Біздің көпестерімізде де ірі жармақтар бар, міне сол үшін мен сенің келіп кетуіңді өтіндім.

– Ал олар не үшін алды, бұл жөнінде қолдай консулға айтты емес пе?

– Білемін, қолдайдың айтқанын және біздің көпестер де ұстап отырған, онсыз оларда қазір айтарлықтай қомақты қаржы түскен болар еді, алайда бұл ақшаның жалпы айналымынан құтылуға болмайтын болды, таныс сатып алушылардан, оның үстіне, сіздердің шенеуніктеріңіздің таныстарынан 1 не 2 лян ешқашан алмау мүмкін емес. Мысалы, міне, сенен, таныс ретінде, Ысқақ тіпті 5 мың ірі жармақтармен тецзі алған.

– Ә! Қалай менен? Жоқ, ол өтірік айтады!

– Мүмкін, Ысқақ қателескен шығар, дегенмен де, мен одан осылай естідім.

– Ал сіздердің көпестеріңізде ірі жармақтар көп пе?

– Жоқ, шамалы, барлығы тек жеті жүз сяр шамасында.

– Жақсы, олардың жармақтардың сұрпы бойынша жалпы есебін құрастыруларына бұйрық бер.

– Біз әңгімелесіп түрғанда есеп те құрастырылыпты, ол өзінің тізіміне тек сары мыс жармақтардың екі сұрыпын жазып алды: жүз және елулік жармақтарды, оңдайлар аздаған мөлшерде, алты жүз он сяр ғана шықты, қалғандарын ол айналымына тыйым салынбаған деп жазып алған жоқ.

Сұхбаттасып отырған кезімізде ірі жармақтық тецзілерімен Шарафи келді, олар онда бес жүз мың сярға екен. Дулин бұларға оның ұсақ жармақтар алатынын айтты, өйткені жоғарғы тұлғалардың тыйым салуынан кейін, тецзі берушілер онымен ірі жармақтар үсынуға батылдары бармайды. Әңгіменің соңына қарай, шығатын кезде, қырсыққанда, Ысқақ қарсы үшырасты. Дулин одан бір нәрселерді сұрап, оған айтты:

– Мен қашан саған тецзі бердім?

– Өткен жолы, есіңде ме, люстрин сатып алған кезінде?

– Олай болса, мен оны аламын. Мен өзімде де, – деді ол, – жүз қырық ірі жармақтарым (18 мың сяр), қазынаға өткізуім керек, бірақ олар үшін 18 мың сяр не 9 бере ме – білмеймін.

Қоштасар кезде дулин менен біздің сауда жасаушыларға олардың сатып алушылардан ірі жармақтарды қабылдамауларын хабарлауымды өтінді.

Әбдірайым қалада болған, қазір онда барлық жаңалықтар ірі жармақтар төңірегінде болып жатыр; көп адамдар ауыр жүк етіп тасып жүр және оларды қайда жіберетіндерін білмейді, сатып алуды үсынады, жүздік жармақты алты фынға береді, бірақ ешкім алмайды. Көпестер ірі жармақтардың қайсы түріне болмасын, олардың айналымына мүлдем тыйым салынсын, әйтпесе олар өздерінің дүкендерді жауып, сауда жасамайтындарын айтып талап етуге жиынға шықпақ болды.

8/6. Көпестер қауымы цзян-цзюнге бірауыздан ірі жармақтар түрлерінің айналымына мүлдем тыйым салынсын, әйтпесе

олар мұндағы өздерінің сауда істерін тоқтататындарын мәлімдеді. Басшылық олардың қалауы бойынша сияқты ақшаның үсақ түрде: сегіздік және бұрынғысынша он жармақ түрінде шығаруды шешті.

Қазір енді біздің фактoриямызда сатып алушылар жоқ дерлік, тіпті Қашғарлықтар да болмайды; кейбір қытайлықтар, дегенмен де, әлі де ірі жармақтармен келеді, бірақ ешкім оны қабылдамайды.

/19б/ Бүгін біздің адамдар барлық хуарданлар мен фузулдардың қамалғанын, ешкім сауда жасамайтынын, қалада халық көрінбейтінін аңғарды — барлығы бір жерге барып тығылып қалғандай.

Кешегі күні қытайлықтардың, кедей түрғындардың тобыры, оның ішінде, чанпандар да, бай фузулдардың бірін олардан соңда айырбастауға екі мың лян ірі жармақтарды қабылдамағандары үшін талқандап кете жаздаған. Осы іс үшін цзян-цзюнь полицмейстерді, оның дөңгелекшесін алып түтқындады, өйткені оған алдын ала бұл адамдардың тілегін қанағаттандыру бұйырылған, бірақ ол басқа жұмыстардан босамадым дегенді желеу етіп, орындамаған.

Барлығы күтіліп отырған цзян-цзюннің өте қатал екенін, оның мұнда не тәртіп орнататынын, не қатаң іс-әрекетімен одан бетер жаман жағдай орын алатынын, екінің бірі болатынын айтып жүр. Оның осы лауазымға дейін төменгі шеннен (бэнь не бень) еңбегі сіңіп жоғарылағанын сөз етуде. Тудаженнің орнын А-колдай басады.

9/7. Көпестер және Құлжадағы жалпы халық, ірі жармақтарды қазынаға тасып апаруға міндетті болса да, басшылықтан осы ақшаның орнына алдымен тарту берулерін талап етіп, ақшаны апарып, ешкім ұсынған жоқ.

Басшылық әлі де шойын жармақтар (оңдық) мен сары мыс (ондық) жармақтардың бұрынғысынша айналым күшінде қалдырылуына мәжбүрлеуде, алайда көпестер мұндай жармақтарды алмайтындарын және басқаша жағдайда осында сауда жасамайтындарын анық білдірді.

Біздің көпестер қытай басшылығының олардың ірі жармақтары жөнінде мына түрде талқылаған-мыс деген мәлімет алыпты: егер орыс басшылығы мәжбүрлейтін болса, онда олардың тілектерін тез арада қанағаттандыру керек, ал егер үндемейтін болса, онда оны кейінге қалдыру керек. Сондықтан біздің көпестер қауымы маған келіп, қытай басшылығын ірі жармақтардың анықталған сомасы үшін оларға ақы берулерін асықтыруға болмай ма дегенді сұрады. Мұның олардың ішіндегі бірінің, мысалы, ақсақ Түрдыбектің (онда бұл жармақтар бәрінікінен көп) не Әбдірайымның (онда жүз елу мың) қулық ойы екенін түйсініп, оларға мен былай жауап бердім: «Қытай басшылығының бұл ойы жөнінде білгендеріңіз

жақсы болыпты, сіздердің ақшаларыңыздың босқа кетпейтініне сенуімізге болады, тағы да бірнеше күн күте тұрыңыздар, көрдіңіздер ғой, енді олардың бізсіз де әуре-сарсаңы толып жатыр».

/20а/ **10/8.** Ту-дажень науқасына орай қызметтен бас тартты да, оның орнын А-колдай басты, соған ол өзінің мөрін де тапсырды.

Көпестер мен халық мұнда цзян-цзюнді елдің ірі жармақтар түрғысындағы тілектерін қанағаттандырмайынша босатқылары келмейтіндіктерін айтып жүр.

12/10. Тунгэндерге басшылық олардың келісіміне сәйкес ірі жармақтардың орнына мыңына төрт жүзден үш мың сырға дейін ұсақ жармақтар берді. Көпестер және қытайлық түрғындар мыңына сегіз жүзден талап етуде, ал онсыз еш келісімге келмейді.

Цзян-цзюннің өз кеңесшілерін олардың ірі жармақтар жөнінде таралған зұлымдықты оған уақытында мәлімдемегендері үшін жазғырғанын және қазынадан шығарылған ірі жармақтардың сомасы үшін ол өз меншігінен ақы төлейтінін, ал ірі жармақтардың қазынадағы шығарылымынан артығын оның кеңесшілерінің төлеуіне берер едім деген мәлімдемесін сөз етіп жатыр.

Біздің саудагерлер кірпіш және фу-шай теңделген сексенге жуық қытайларға келген түйелі керуенді көріпті; екі жәшік байха шайы – Ху-янгудаға.

Жамбы – 165 теңге.

Қашғарлық саудагерлерге де мың ірі жармаққа төрт жүзден берілді.

Жаңа хабарландыру ілінді, ал алғашқысы жойылды, жүздік, елулік шойын және сары мыс ірі жармақтарға тыйым салынады, айналымда тек шойын және сары мыс ондық жармақтар қалады, мың жармақ үшін төрт жүзден сыйақы тағайындалғаны хабарланған.

/20б/ **14/12.** Күндізгі сағат 5-те пошта алынды. Бүгін Ташкенттен жиырма түйеден тұратын керуен келді. Олар Чунцықарауыл арқылы келіпті. Олар наурызда шыққан. Ол жақта тыныштық. Қоқанда қалифтер сұлтанынан мына кеңеспен елші болып кетті: Қоқан мен Бұхара неге үнсіз жатыр, неге Ресейдің осы жағынан соқтықпайды. Ханның жауабы қандай болғаны беймәлім. Сол уақытта Қоқаннан бес мың адамы бар үлкен жасақ Алматы бағытына қарай жөнелтілген. Бір жарым аршын қалың түскен қар бұл әскерге ауыртпалық түсірді, осыдан кейін олардың қандай шешім қабылдағаны белгісіз.

Хиуадан да Ақмешіт ісімен Қоқанда елші болды. Ол ханға айтты: «Бұл жерлер біздікі болған, кейін сіздер иелендіңіздер, ал енді қазір оларды сіздерден орыстар алды. Сіздер өздеріңіз бұл жерлерді қалдыруға оларды мәжбүрлейсіздер ме, әлде,

біздің осы іс жөнінде Ресеймен келіссөзге баруымызға келісесіздер ме?» Бұған Қоқан тарапынан берілген жауап беймәлім.

Қоқан ақсақалы Қашғарда өз үкіметіне Қытайдағы көтерілісшілер ағылшындардың үйретуімен манжұрлерді күпия түрде уландырудың құралын ойлап тапқаны жөнінде Қашғар бектерінің қолдарымен акті жіберіпті; манжұрліктердің тек фушай ішетіндіктеріне орай, көтерілісшілер плантацияда фу-шайды тығындау кезінде оған белгісіз у араластырып жіберуді пәрмен еткен. Қашғардан Қоқанға тек осы шайдың сұрпы жеткізілетіндіктен, бектер сол елге осындай қауіптің төніп тұрғанынан хабардар етуді өз міндеттері деп тауыпты. Ақсақалдың хабары алынысымен, Қоқанда саудагерлердің Қашғардан және де жалпы Батыс Қытайдан фу-шай сатып алмаулары, мұнда әкелмеулері жарияланды. Қазір енді мұнда да фушай бұрынғыға қарағанда, әлдеқайда арзанырақ: бұрын 40–45-тен және де жамбысына 50 данадан артық бермейтін, ал енді 6 данадан береді.

Терең ой мұның қаншалық дәрежеде негізді болуы мүмкін екенін пайымдайды. Мен Ташкенттен керуеннің келуі, Алматыға әскердің жөнелтілуі туралы әңгімені, Ташкенттегі фушайды қолданудың қауіптілігі жөніндегі жарияланым сияқты өз ескертпемді мәлімдеймін.

Дегенмен де, сарттардың мұны өз пайдалары үшін ойлап табуы қарапайым нәрсе: қытайлықтарды осы шайды арзанырақ сатуға мәжбүр етіп, өздерінің соның арқасында үлкен олжа түсіруі.

/21а/ **16/14.** Біздің саудагерлер қала көшелерінде үнемі болып жататын үрыс-төбелес, шу мен батпаққа лақтырып, таптаған ірі жармақтар үшін цзян-цзюнді қарғаған қарғысты аңғаруда.

Кеше бір тұнгэн басқасына он ірі жармақ беріпті, ал ананың алғысы келмеген кезінде, ол оған пышақ тығып, сол арада өз-өзін жаралапты.

Біздің саудагерлер қаны қарайған тобырға бола мұнда жаман оқиғаның орын алуынан қауіптенеді. Кейбіреулері шығып кетуге ниеттенеді. Мен олардың қауіптерін азайтуға тырыссам да, шынын айтқанда, өз жүрегім де қобалжулы, тек бір нәрсеге үміт артамын: құдіретті тәңіріге!

Көпестердің мыңның орнына төрт жүз жармақтан қабылдауға қарсы табандылығы, олардың бұған жаңа цзян-цзюнь келгенде келісімге келулері күтіледі. Цзян-цзюнь Сантайда жүр.

Қазынаға ірі жармақтарды өткізу туралы екінші хабарландырудан кейін де не көпестер, тіпті ешкім ешқандай сыйақы ала алмай қаламыз деген қауіппен өткізген жоқ. Мыңына төрт жүзден сыйақы ресми түрде тағайындалып қойса да,

алайда ол жетінші, сегізінші айға кейінге қалдырылып белгіленген. Көпестер, кейбіреулерінің біздің адамдарға ашық мойындағанындай, өзара мыңына төрт жүзден алуға келісуге шешім қабылдапты, бірақ тек бұл туралы жаңа цзян-цзюннің үсынысын естіген кездерінде және сондықтан өздерінің бұл келісімдерін оның келуіне қарай жариялауға бел шешіпті, өйткені олар мыңына төрт жүзден не тецзыны кепіл ретінде қабылдауға келісім алуға енді қазір күмәнданады: мүмкін, жаңа цзян-цзюнь ірі жармақтар үшін ондай төлем жасағысы келмейтін шығар.

Жаңа цзян-цзюнь бүгін Саньтайға жетіп, сонда түнеуге ыңғай білдірді.

Шарафи айтты: жамбының бағамы 157 теңге, солдаттардың жалақысы*[30] .... екіден күміс.

/21б/ **17/15.** Сағат 12-де (майтұнцзыға поштаның жөнелтілгені жөніндегі хабар жіберілгеннен кейін) дулин келді. Ол аса асыққан кейіпте амандық-саулық сұрамастан, айтты:

– Сіздерде ірі жармақтардың мөлшері қанша?

– 4452.

– Бұл шындық па?

– Солай, бірақ бұл тек сары мыс жармақтар, ал қызылдарын сен сонда жазбадың ғой.

– Ал, сонда қызылы қанша? Мен айттым да, оның қалауы бойынша оған жазбасын жасадым. Осыдан кейін ол сұрады:

– Консул қашан келеді?

– Жақында келеді деп күтіп отырмын, мүмкін бес не сегіз күннен кейін келеді. Өз кезегімде мен де сұрадым:

– Қолдайлар аман-есен бе?

– Аман-есен.

– Жаңа цзян-цзюнь жуық арада келе ме?

– Төрт күннен кейін. Қоштасарда мен айттым:

– Жармақ туралы осы істі аяқтау керек еді.

– Жақсы, мен екі күннен кейін саған келемін.

18/16. Хайвазкамен көпір маңындағы кездесу. Жайлап бастап, әңгімені ірі жармақтар туралы іске әкеп тіредім:

– Ал не! Ал сен бірдеңе жасадың ба?

– Жоқ, аздап – 30 сяр.

– Оны қайда апарасың? Қазынаға ма?

– Білмеймін, қазынадан жүзіне тек қырықтан береді; барлық көпестер мен барлық халыққа үлкен шығын болып түр, сондықтан қазынаға бермейді. Қазір цзян-цзюнь қара бет болды. Ол чанпандарды, қытайлықтар мен манжұрлерді балағаттайды, ал тунгэндерді мақтайды – қайырымды халық, онымен бірге тунгэндер осы жармақтарды барлығынан да көп тапты.

---

*[30] *Жалақысы* дегеннен кейін бірнеше сөз өшіріліп қалған.

Власов полиция солдаттарының ірі жармақтарды қазынаға өткізулерін бүйырып, хуарданларды аралап жүргендерін байқапты.

19/17. Қашғарлықтардың маты тиеген үлкен керуені келді. Бір саудагер Әбдірайымға жақында Қашғардағы халықтың хәкімбекке қарсы оның салған салығы және мыс кенін өңдеуге мәжбүрлегені салдарынан көтеріліс жасағанын айтыпты. Көтеріліс хакімбекке ашық шабуыл түрінде өткен, екі жақтан да қару күші қолданылған, сонымен қатар адам өлімі болған. хәкімбектің өзі бекініске қытайлықтарға қашқан; амбаннің жарлығы бойынша шенеуніктер мен команда жіберіліп. көтерілісті тоқтатқан. Хәкімбектен амбан дөңгелекшені алып қойды.

/22а/ **21/19.** Күндізгі сағат екіде жаңа цзян-цзюнь келді. ол качир*[31] жеккен арбамен келді, қырық адам жасауыл жаяу болды. Алдымен ол *кумирняга* соқты, онда көрермен көп болған; көпестерден сауда жайынан сұрады:

– Жақсы сауда жасап жатырсыздар ма? Олар жауап берді:

– Жоқ, сауда жаман.

Мүндағы басшылық ірі жармақтар үшін мыңына төрт жүзден үсақ беріп қанағаттандырады. Ол былай шешті: алдымен, кімнің 2 не 3 *сяры* бар, кедейлерді қанағаттандыру, ал содан кейін кімде 10-ға дейін *сяр* болса, соларды, сөйтіп бірте-бірте 50 *сяр* және 100 *сярға* дейін жармақтары барларды қанағаттандыратын болады.

22/20. Әбдірайым ірі жармақтар үшін төленетін жармақтардың келесі сомасы біздің көпестерге цзян-цзюннің жарлығы бойынша қазынадан бас басқармаға босатылып қойылыпты деп естіпті.

Шарафи Са-далойдан екі жамбы алды және ол тағы алтын білезік үсынды, бірақ ол алмады.

Түрдыбек те оны аңдып жүрген де, олар Шарафимен Мофардың үйінде кездесіп қалған.

Түрдыбек маған Шарафидің оны қытай көпестеріне шайды Шарафиге арзанға сатпаңдар, Бұқаш келеді, онда күміс көп, сондықтан сол сатып алады деп айтыпсың-мыс деп әділетсіз жазғырғанын мәлімдеді, сондықтан Шарафи оған қытайлықтардың шайға енді 23 емес, 27 лян сұрап отырғандарын айтыпты.

23/21. Сағат екіде Дулин келді. Мен самауыр қоюды тапсырмақ едім, уақыт жоқтығын айтып, бас тартты да, былай деді:

– Мен сіздердің жармақтарыңыздың ісімен келдім, бізде ірі жармақтар үшін жүздігіне қырықтан тағайындалды және өз жармақтарыңыз үшін де аласыз. Мен айттым:

---

*[31] *Качир* – қашыр.

– Біздің адамдар үшін бұл шығын, қабылдау мүмкін емес, өйткені олар тауарды сатқанда, мыңына мың жармақ алды ғой.

– Ал, не үшін алды оларды?

– Не үшін олар алды – бұл жөнінде өткен жолы-ақ айтылған.

– Ал, оларды шақыр да, сұра, мүмкін, олар келісетін шығар?

– Жоқ, оларды шақыратын түгі жоқ, өйткені олар мұның алдында, сіздердің өз адамдарыңызға жүздік үшін қырықтан беретіндеріңізді білген кездерінде маған мұндай сыйақы сіздердің қонақтарыңыз ретінде, ал біздің бодандарымыз ретінде оларға қатысты болмауы керек деп мәлімдеді.

– Егер сен, – деді ол, – жүздікке қырықтан алуға келіссең, мен онда қолдайға баяндаймын да, жармақтар дереу жеткізілетін болады.

– Ту-даженге мен біздің көпестеріміз үшін шығын болуына орай келісе алмайтынымды жеткіз, егер сіздер қазір қанағаттандырмасаңыздар, онда менің консулдың келуіне дейін шыдауыма тура келеді.

– Ал консул жуық арада келе ме?

– Күтіп жүрмін, жақында келеді деп ойлаймын.

Осыдан кейін ол консулдың үйінде болуды қалап, әйтеуір, тез көзбен барлай қарады. Ол қандай да бір өзгеріс тапты ма, білмеймін, тек бұдан мен оған консулдың осында қайтатынынан белгі беретін із байқала ма дегенді барлап келу тапсырылған деп шештім.

Түрдыбек Са-далойдан бір жамбы алды, тағы 3-еу қалды.

Кешке мен Дулиннің біздің көпестерді: олардың жүзіне қырық жармақтан алуға келісімдері түрғысында байқап көргенін білдім. Әбдірайым онымен көп мылжыңдасты, ал кешке оны өзіме шақырғанымда, әңгімені ірі жармақтарға жеткізіп, оларда Дулин болды ма? деп сұрадым. Ол оны мүлдем көрмегендей жауап берді де, бірақ содан кейін Дулинді Федордан көргенін мойындады, оның жармақтар жөнінде жүздікке қырықтан алуларын айтқанын, ал оған Әбдірайым айтыпты: «Жоқ, бұл бізге үлкен шығын, біз бұған келіспейміз, бірақ біздің басшылығымыз бізге келісуді бұйырса, онда басқа амал жоқ».

Шойын ақшалар айналымда қалады да, жаңа мыс ақшалар бес жармақтық түрде болады.

Кешегі күннен бастап сатып алушылар келе бастады, бес, он сырдан ақша түсімі бар. Бүгін жаңа цзян-цзюн жанындағы қызметшілер болды, шенеуніктер отыз сырға жайпақ табақтар мен үстелдің беткі тақтайларын сатып алды.

Жаңа цзян-цзюннің осында келе жатып мұндағы істердің жайлары туралы білгенін, Баяндардан Гуйхуаға күміс әкелу

үшін әдейі шенеунік жөнелтіп, енді өзінің де аздап әкелгенін айтып жүр.

/23а/ **23/21.** Бүгін сарттар Көктам арқылы алты жүзге тарта қой айдап келді.

Әбдірайымның адамдары барлығы төрт жүз матыға айырбасталған қойлармен келді. Оның жұмысшылары қырық мыңға жуық адаммен Қоқан әскерінің Алматыға келіп, он шақырым жерде бекіністі айнала орналасқанын ауылдардан естіпті. Ауылдардан келген сарттар Гичжедегі ауылдарды қара қырғыздардың талан-таражға салғандарын және ол тонаушы топтың қатарында қоқандықтардың да болғанын айтады.

24/22. Жаңа цзян-цзюнмен көпестердің ірі жармақтар үшін мыңына бес жүзден сыйақы алуға келіскенін айтып жатыр. Шойын жармақтар айналымда қалады. Жаңалары бес мыс жармақтар түрінде шығады. Мыс ақшалардың қазіргі айналымында әрбір мыңдықта екі мысқал шойын болады.

25/23. Сағат екіде бұрынғы цзян-цзюнь аттанды. Ол шығыс жақ қақпадан шығып, қаланы айнала жүріп, батыс жақ төңірекке келіп, осы жерден алыс жолға аттанды. Жаңа цзян-цзюнь оны Суйдинге дейін шығарып салды. Жаңа цзян-цзюннің тексерісі кезінде мұндағы қазынада он тұман шамасында ақша жетіспей қалғанын сөз қылып жүр.

Ту-дажень тек науқастанып қалған, алайда қызметін өткізбеген-мыс. Жаңа цзян-цзюнь оған айтыпты: «Сенің жасыңда көз ауруына шалдығуға әлі ерте, алайда әдетте саналатындай, құдай сені істі көзіңді жұмып қойып атқарғаның үшін осылай жазалады».

26/24. Бүгін маған Маштековтың ағасы одан фанза (қытай, корей шаруаларының үйі) сатып алуыма ұсыныс етіп келіпті, одан кейін оның таныс көпестеріне үйді көру үшін бізге келулеріне рұқсат етуіме өтініш етті. Алғашында мен былай дедім:

– Саған біреулерге бола әуреге түсудің қажеті қанша, сен таныс адам ретінде барлық жерде жүре бер, көр, тіпті құдықты көр, ал олар маған таныс емес, беймәлім адамдар ғой, олар не қылған адамдар?

– Жоқ, өтінемін, олар жақсы адамдар, көпестер, олардың екеуі жақында Үрімшіден келді.

– Ал, жарайды, сен үшін рұқсат беремін – алып кел.

Екі минуттан кейін ол төрт адамды алып келді де, олар көзге түскендердің барлығына көз жүгіртті. Кейін мен біздің көпестерден олардың екеуінің шынында да Үрімшіден келгенін және осындағы сауда жөнін барлап, осында шай әкелмек ниетте екендерін білдім.

Жамбы 165 теңге деп Маштек айтты.

27/25. Қытайлықтарға керуен келді. Чинычке жүз жәшік

кірпіш шайы, басқаларға да кірпіш шай әкелінді, байха шай көрінбеді.

Жамбы 170 не 172 теңгеден, Әбдірайым айтты.

28/26. Жаңа цзян-цзюнь – бұрынғы цзян-цзюннің туысы, сондықтан олардың арасындағы іс осылай тез аяқталды деп жүр.

Кешке қарай мен қашғарлықтармен Бұқаштың дүкенінде жолығысып қалдым. Олар ірі жармақтар жөнінен сөз қылды, басшылық ірі жармақтарды жоймақшы емес, бірақ құнын түсіріп бұрынғысынша айналымда қалдырмақ, яғни жүздік жармақ тек жиырма жармақтың құнына, елу – он жармақтың құнына ғана татымақ, алайда бұл әлі шешілген жоқ, көпестер қауымының келісімі сұралатын болады.

/24а/ Қашғарлықтар айтады: қытай басшылығы – даңғой билеушілер; көрмейсіздер ме, оларды ешкім тыңдамайды. Бүгін бүйрықты жариялап, көпшіліктің хабардар болуы үшін оны іліп қояды да, ал ертеңіне өз қарарларын кері алып, оны жоюға мәжбүр.

Олар Мүзтау арқылы керуендермен өтетін өз адамдарының жиырма бес-отыз шақты адамға топтанған чанпандарды жиі көретінін, ал оларды қытай басшылығы төңіректегі жерлерден үстап алып, мыс кеніне жөнелтетінін айтты. Енді, дейді олар, мұндағы басшылық чанпандарды бос қалдырмай, жұмысқа пайдалануға үйғарды.

Жамбының енді олардың тарапынан 170 теңгеден сатып алынатынын да солар айтты ғой. Оларға ірі жармақтар үшін әлі сыйақы берілмеген.

Қауым бүгін цзян-цзюнге бармақ болды да, артынан ертеңге қалдырды.

29/27. Әбдірайым қазіргі цзян-цзюнь өз мемлекетінің қаржылық жағдайы сын көтермейтін күйде екенін түйсініп, осындағы барлық манжұрлерге осы өлкені қолдауға бірлесе әрекет етуге тиіс екендерін жариялап, сондықтан оларға құрбандық жасауларын ұсынғанын естіпті.

Біздің факториядан керуеннің жол жүретінін пайдаланып, мен біздің көпестерге ірі жармақтар үшін сыйақы берулерін тағы да талап етуге тырысып көруді ойладым да, сол үшін дулинді шақырдым. Сағат үште ол келді. Сұхбаттасқаннан кейін мен оған айттым:

– Міне, біздің кейбір көпестеріміз кетіп бара жатыр және тағы басқалары да кетпекші болып отыр, сондықтан жармақтар жөніндегі істі бітірген жөн болар еді.

– Бітіруге болады, – деді ол, – жүздікке қырықтан алсын.

/24б/ Мен бұл олар үшін шығын болатынын және бұған келіспейтінін тағы да айттым.

Ол бұрынғы сөздерін қайталады:

– Олар не үшін сол жармақтарды алды? Ал мен де тағы

бұрынғы сөзімді қайталап, енді бұл істің консулдың келуіне қалатынын айттым. Ол сұрады:

– Консул жақында келе ме?

– Жақында жетеді деп күтіп отырмын. Осыдан кейін біз бақ аралап, содан кейін қош айтыстық. Сіздің, мырза, бізге жармақтарды толықтай даярлап қойғаныңызды, бірақ менің төменгі шенімді үлкен адамдар сияқты күрметтегіңіз келмей тұрғанын көздеріңізден байқап тұрмын.

– **30/28.** Остяков карттың керуені. Мен оған бұрын керуенді жөнелтпей, күте тұруға кеңес бергенмін, бірақ ол бірнеше мәрте келіп өтінді. Арбакештер, қорғаннан сарттар жалдады. Олар сағат он бірге дейін түйелерді әкелген жоқ, шамасы, егер мен сартты таяқпен ұрып, қаттырақ қорқытпаған болсам, кешке дейін де әкелмес еді.

Жаңа цзян-цзюнь бұрын осында сегіз кеңесшінің бірі болып, кейіннен босатылған Чи Шань-далойға көп ынғай танытады. Қазір цзян-цзюнь оны қайтадан сол лауазымға тағайындады. Бұрын оның өте ықпалды әрі барлығына сыйлы адам болғанын және қазір цзян-цзюннің барлық мәселеде онымен ақылдасатыны жөнінде айтылып жүр. Ту-дажень сүйкімсіз көрінді; ол цзян-цзюнге бес жылқы тартты, алайда ол қабыл алмады. Ба-колдайдан сегіз жылқының ішінен екеуін алды. Ірі түрдегі жармақтардың құны болатыны шешілгені айтылып жатыр: ірі жүздік жармақ он бес жармақтың құнына, ал елулік жармақтар сегіз жармақтың құнына, шойын ондық жармақтар төрт жармақ құнымен есептелетін болады. Ірі жармақтарды ұсақ түрге ауыстыруға оның көп еңбек керек ететіндігінен басшылықтың құлқы жоқ емес, ақшада ханның есімі болғандықтан-мыс, егер ақшаны ауыстыратын болса, қасиетті борыштарын күрметтемеген болып шығар еді, демек, хан есімін отқа жағумен тең.

/25а/ Мұнда Үрімшіден екі жаңа көпес келді, көп кірпіш шайын, фу-шай және тұрғын халыққа қажет тағы басқа да ұсақ-түйектер алып келді. Абдулла-ахун Әбдірайымге Үрімшіден Құлжаға шығуға үш жүз елу түйемен керуен дайындалғанын, алайда жоғарыда аталған көпестер осында келіп, мұндағы істердің жағдайын көрген соң, керуенді тоқтату үшін дереу шабарман жіберілгенін айтыпты.

Жамбы – 172 не 175 теңге.

31/29. Бүгін Көкітам арқылы қорғанға көп қосындар келді. Түрлі болыстардан қырғыздар келді: Бексұлтанның қол астынан және Лепсі биіктерінде қоныстанушы байған мен тоқпан руларынан бар, сарттар да бар; ақалақшы болып Бабажан сарт келді, барлығы мың бес жүз қой және елу шақты жылқы айдалып келді.

Осы керуеннің қырғыздары Әбдірайымге Ырғайтыда қытайлықтардың алтын өндірісімен айналысып жатқандарын

айтыпты. Оларды қуып шығару үшін жиырма бес адам әскермен орыс офицері келген, бірақ қытайлар қаруланып үлгеріп, офицер кері қайтты, соңында үлкен әскер болуы тиіс. Тентек өзені бойынан да қытайлықтар алтын іздестіруде.

Ойжайлауда орыс елді мекені ашылып жатыр, жиырмасына қарай сонда қырғыз сұлтандары Тәуке мен Бөкейге кіріп шығуға бұйрық берілді.

Сарттар Шәуешектегы қорғанда әлі шайды алтынға сатып алудың жалғастығын тауып жатқанын айтты. Алтынды қазір онда қымбатқа қабылдайды, яғни 1 : 10. Шай арзан.

/25б/ Қашғарда күміс өте қымбат: жамбысы бір мың екі жүзден бір мың үш жүз теңге дейін. Ал алтын арзан: жамбысына елу ділдәдан, ал орыс жарты империалдарын қырық алтыдан береді. Мұны Шарафиге Қашғарлықтар айтыпты және ол Қашғарда алтын соншалық арзан болып тұрған кезде, осында әкеліңдер, менде жамбы бар, мен сатып аламын – жамбыны қырық бес жарты империалға оларға беремін депті.

Маусымның 1/30. Әбдірайым бүгін цзян-цзюнге чантудандықтардың старосталары келгенін және оларға ірі жармақтары үшін мыңына төрт жүзден берілгенін естіпті. Хуадандықтарға да сыйақы беріледі, алайда енді анықталған соманың тек жартысын ғана береді, ал қалғанын – бесінші не алтыншы айлардың бойында, басшылықтың осы уақыттарда келіп қалады деп күтіп отырған күмістің жетуімен сәйкес береді.

2/31 V айдың. Химан-тунгэне қарт Әбдірайымге қытай басшылығының көпестерге ірі жармақтар үшін толықтай – мыңына мың сыйақы беруді ұйғарғанын айтыпты. Мұны басқа да қытайлықтар растады.

Бұрынғы цзян-цзюнь мен жаңасы жеке меншіктерінен төрт мың сяр ірі жармақтар түрғысынан туындаған талаптарды қанағаттандыру үшін беріпті және мұнан басқа сегіз кеңесші де осы салаға төрт мың сярдан құйыпты.

Чантудандықтар біздің адамдарға Қашғарда тыныштық сақтау үшін бір күпия қауіпсіздіктің жасалып жатқанын, көпестердің қаладан төңіректегі жерлерге шығып кеткендерін және олардың көпшілігінің өз тауарларын бір жақтарға өткізуге тырысып жатқандарын, сондықтан да осында матылардың көп жеткізілгендігін және онда Айпақ-қожаның балаларының көтерілісі күтілуде екенін айтыпты.

/27а/ Бикташ суандарда сауда жасап жүр, қой мен ірі қара сатып алып жатыр.

Фазылдың балдызы аталған Мәмбет болыстарға шығып келді де, содан кейін қарауыл ақалақшысы сияқты жазылып, қытай сауда сарайына көшті.

Ахметжан, ташкендік, орыс тауарларымен келді; ол шүға мен бөзді өте арзанға сатып жатыр деген қауесет бар.

Қаратау қырғызымын деп танысқан Сәбит (күдігіміз бой-

ынша ол —татар) Фазылда үзақ уақыт түрып қалды, ал содан кейін қайда екені белгісіз жасырын жоғалып кетті, ал Фазыл оның шығып кеткені жөнінен хабардар етпеді және оның қайда кеткенін білмеймін деп жауап берді.

Мұса Уәлитов Қараталға кетті, оның ауылдары Борохулжир маңында. Оның әйелі колдайға Үсек ауылынан оларды қуып шығудың әділетсіздігіне шағымданды. Колдай уақытты күте түруға бұйырды. Қырғыздардың қытай пикеттері торабының сыртына қуылып шығарылуы түрғындар тарапынан мал үрлығы үшін түсірген шағымдарының салдарынан болды.

Фазылдың әңгімесі Қаратау мен Көксу арасында орналасқан болыстардан ілелік барымташылардың алты жүзге тарта жылқыларды айдап кеткендері және мыңға жуық барымташылардың Алтынемел маңында қалғаны жөнінде.

Әти-би ауылынан шыққан Асылбек, Османға қымыз алып келіп, қырғыздар мен Адамсат сұлтанды қытайлардың торап сыртына қуып шыққан себебі, осы жөнінде оларды өз болысына қосып алу үшін Тезек сұлтан өтінген екенін айтты. Байсеркенің Іле өзенінің сыртына көшіп кеткені жөнінде және қоқандықтардың оларды Шу өзеніне алып кетті-мыс деген сыбыс бар. Іле сыртында әскер дайындалып жатқаны жөнінде, болыстықтардан түйе жиналып жатқаны туралы қауесет таралды.

Адамсат Қопалда болған, болысқа қайтып келіп қырықтай арба аттары мен түйелер жинап, Қараталға алып кетті.

Мұса Уәлитов басқалармен бірге Борохуджирдан тауға қоныс аударды. Барлығы Байсеркемен болған іс барысында шешілген сияқты, оған үрланған тайтұяқтар*[32] қайтарылып, төрт жүз қой берілуге үйғарылды.

Ішкі қытай пикеттерінде қоныстанған қырғыздарды қытайлықтар жыл сайын біздің адамдардың үрлықтары үшін шағымдануы салдарынан пикетердің сыртына қуып шығарады, ал содан кейін мал өтемін [қытайларға] жасаған қырғыздарды, — қыс бойы оларда қаншауы жоғалды, қайтадан сол жерлерге өткізеді. Диқаншылар солтүстік таулар маңына қытай басшылығы қырғыздарды қуып шығарып, осы қуылудың арқасында олардың жеке бастарының күнелтуіне қауіп төнетінін, сондықтан қырғыздарға бұрынғы орындарына қайтып оралуға рұқсат берілген сияқты-мыс деп жария еткен кездерінде егістіктерін тастап кетті.

/27б/ Ташкенттік Мерабдулла өткен жылы Ташкенттен сегіз пұт апиын алып келіп, пұтын үш жамбыдан сатты.

Бикташтың жұмысшылары қытай сауда сарайында болып, Тайырдың досы Фазылдың киіз үйінде тұрды, Бикташтың тауарларын, қандай екені беймәлім және ірі қара сатты.

---

*[32] Анығырақ: *тайтұяқ* — тайдық түяғы іспеттес күйылған күмістің кесегі.

Қашғардағы сауда – үлкен әрі көтерме сауда. Сонда Қоқан билеушілері тарапынан қойылған ақсақал азиаттықтардан алым-салық жинайды, $^{1}/_{40}$ бөлігі қазынаға, Қоқанға жылына сегіз жүз не мың жамбы төлейді.

Яркендте де сауда маңызды, Қашғарлықтардан сәл артта, бірақ көп бөлігі бөлшек сауда, алтын мен күміске айырбас бар. Бадахшан, Кашмир және Тибеттен келген көпестер үнемі сонда тұрады.

/28а/ **Маусымның 22-сі.** Көпестердің керуендері.

Көктау арқылы Аягөз округінен 180 адам Бексұлтан мен Бөкейге қарайтын Қара-Керей, Семіз–Найман болыстарынан қазақтар келді. Аманжол-қожа мен қазақ Нысанбай – керуен старшиналары. Олар алым-салыққа төрт жылқы алып келіпті, сату үшін екі мың үш жүз қой мен төрт жүзден аса жылқы айдап келген, үсақ-түйек нәрселер: қаптар, арқандар, киіздер алып келген. Осы керуен келген бойда Фазыл шалақазақ деп таныстырып, үш адам ертіп келді. Реджаб, Мәмбет-Садық оларға қайда тоқтауға болатынына кеңес сұрады.

Қазақтардың қарауылдағы офицерлердің олардың өтулері үшін қой бопсалағандары, қазақтардың екі не үш қойдан бергендері, үшінші қарауылда офицердің жүзден екі қой талап еткені мәлім болды. Қазақтар кері қайтуға оқталады; шалақазақ Ғали сұрап тұрған қойларды берулеріне кеңес етеді, қырғыздар бұған қарсы шу көтеріп, Ғалиді өрме қамшымен сабайды, осыдан кейін колдай Мукусин сыйға қой мен ешкіні алып, қырғыздарға тезірек алға өтулерін ұсынады.

Қазақтар сұлтаннан Қопалда олардың керуендерін Күлжаға өткізетін билет беріп жатқанын естиді, алайда олар неге екені онда барғылары келмейді де, тіке жолмен жүреді.

Қашғарлықтардың қойды дабыға сату ісі, көпестердің өз тауарларына ақша ала алмауларына орай көңілдерінің толмауы. Қытайлықтардың ірі қойларды қазынаға іріктеп алып, оның орнына нашар дабы берулеріне байланысты ашу-ыза.

Шілденің 1-і. Аягөз округінің Садыр-Матай болысының жүзден аса адамы бар керуені, Бодорхан Сайбақов сұлтан, болыс сұлтаны Ибақтың немере інісі, ақалақшы қырғыз Анақай алым-салыққа үш жылқы тартып, үш жүз елу қой мен жүз алпыс жылқы айдап келген.

Шілденің 2-сі. Ташкендік Нәдірдің жұмысшысы Белгібай қазақтардың мұндағы ақшаның есебін түсінбейтінін айтты. Нәдір бір жарым жамбыға тоқсан үш қой сатып алып, оны қытайлықтарға қайта сатып, он бес сяр түсім алған.

Фазылдың досы әрі серіктесі Тагир Ташкенттен шығатын өзінің керуенін күтуде.

Ақмырза, ол да алдыңғы керуеннің старшиналарының бірі, сұлтанның оларға өткізу билеті жөнінде айтпағанын айтады.

/28б/ Мас Ғалимен кездесу, қойылған сұраққа ол өзін

вятка татарымын, тіпті паспортым бар деп мәлімдеді. Факторияға Фазылмен есеп айырысу үшін соққан. Фазылға маралдың екі жүп мүйізін жамбыға сатыпты.

Шілденің 3-і. Қара қырғыздар арасында орыстардың Құлжаға келуі жөнінде, керуендер келген кезде жәшіктерде тауар емес, әскери адамдар әкеледі деген қауесет жүр.

Орман Шуға қоныс аударады; көктемде қоқандықтар оны сонда көшуге мәжбүр етті.

Бурут ақсақалдарының талқылауында орыстар осындағы елге қоныстанған кезде, олар осы жағдайды пайдаланып, олардың қол астына енеді де, таудың осы бетінен жер алады.

Ең басты манап Боранбайдың қоныстары Ыстықкөл көлінде; Тоқсоба манап қыста таудың солтүстік жағына қоныс аударады да, қалмақтармен бірге жайғасады.

Қытайлардың буруттарға жорығы. Манаптар оларға малды алым-салық ретінде емес, адамдардан жаман қылықтары мен үрлықтары үшін жинайды; бұған қарап, мұндай адамдар қанша болса, сонша жылқы жиналады. Жүз жылқы жымқырған ұрыны манаптар қытай жасағына береді.

Аягөз округі болыстарындағы саудагер татарлар Құлжаға баруды ниет етіп, алайда мұнда тура жолмен – Көктау арқылы жүруге бел шеше алмай тоқтады, бірақ Борохуджир арқылы жүрді.

Шілденің 5-і. Елеусіз Бұхар Майсуфте кейіннен болмай шықты (Фазыл айтты).

Борохуджир арқылы орыс керуені: жеті адам орыс, он бес ноғай, отыз екі түйе келеді деген хабар.

Шілденің 6-сы. Мірабдулла, ташкендік, ташкен тауарларын сатады, онда апиын да бар (осылай оның жұмысшысы айтты).

/29а/ **Шілденің 12-сі.** Фазыл Тарбағатайдан Қапшағай арқылы керуен келеді деді; барлық сарттар мен шалақазақтар үш мың тоғыз жүз қой айдап келеді.

Шілденің 13-і. Қопал шалақазағы Әбубәкір келді; ол Құлжаға қой айдап жол тартқан қызай қазақтарының керуенінен. Ол қыста факторияда болды, көктемде қызайларға кетті; Фазыл оны екі жамбының тауарымен жабдықтады. Қызайларға бір қойға бір жарым дабыдан сатты. Мәмет – Фазылдың балдызы қызайларда сауда жасайды. Әбубәкірден сонда сауда жақсы жүреді, жеті-сегіз жамбылық тауарға ие боласың деген хабар алған соң, оны сонда Фазыл жіберген болатын; Фазылдың нұсқауы бойынша ол даладан түсірген тауарды іске асыруға тиіс.

Қызай қазақтарының керуені (Фазыл айтқандай, сарттар мен шалақазақтар емес), олармен бірге сұлтан Нұрмағамбет Төреқазин болды. Алым-салыққа үш жылқы әкеледі; үш мың жеті жүз қырық қой айдап келеді. Барлықтау тауындағы

қоныстарынан шығып, Чиндан қарауылы арқылы өткен, онда өткізу үшін жеті қой төлеген, ал Қапшағайда офицер жиырма қой сұраған, Боротағар қарауылында он қой төлеген.

Темірбек Чиндан қарауылы маңында қоныстанады. Қыста ол өз ауылдарында Молда саудагер Паттахты ұстады. Рахым оған қытай көпестеріне қарыздары үшін Молда Паттахты ұстап алуға хат жазды. Оны ұстап, Темірбек оның бостандығына жамбы сұрады, сол уақытта Рахым арқылы қытай көпестерін хабардар етіп, олардан көрсеткен қызметі үшін төрт жамбы сұрады. Молда Паттах Рахым бастық емес деп айтты, Темірбектен оған орыс не қытай басшылығының қағазын көрсетуін талап етті. Темірбек оны Құлжадағы көпестерден Молда Паттахты саудагер ретінде ығыстыруға тиіс емес, онымен өздерінің есеп айырысатынын, ал мұндай қылығымен ол, Темірбек өзінің ұры екенін дәлелдейді деген хабар алғандай болған бетінде босатқан. Темірбектің оны ұстаған уақытында Паттахтың жеті түйесі жығылды, сондықтан осы үшін, сондай-ақ саудасының тоқтағаны үшін ол Құлжадағы не Қопалдағы орыс басшылығына шағымданбақ ниетте. Паттахтың қолында мың шамалы қой бар, мыңымен қарыздарын жапты да, бір айдан кейін Құлжаға келгісі келді.

Шілденің 15-і. Қызайлықтар кеше қазынаға қойлар өткізді, қытайлықтар жақсы сектер мен құнан*[33] қойларды таңдады, алайда олар үшін маты берген жоқ, өйткені қойлар толығымен көрсетілген жоқ. Сұлтан қытай басшысына қойларды қанша қой айдап шыққан санынан бастап көрсеткенін айтты да, өз тауарларын өткізуге келген саудагерлер ретінде олар хан бодандығынан мұндай қынжылыста қаламыз деп күтпеген еді. Егер маты берген болсаңдар, оның керегі жоқ, қойлар сендерге қалсын, бәрібір оларды бізде қасқыр жейді ғой.

Керуенде тек бір ғана ноғай (ол — Әбубәкір). Жақсы әрі ірі қойларды ол әне ана жерде (Көкдаланы нұсқап), сендердің қойларың жайылып жүрген жерде қалдырды, ал мұнда тек қытай қазынасына тапсырылатындарын ғана айдап келді. Ол енді оларды сатқысы келмей қалды, содан кейін. Қазір қойлар арзан — ең жақсылары төрт матыдан, ал қалғандары — үштен не екі жарымнан. Тайтүяққа он төрттен не он үштен, ал аз қалғанда он екі қойдан береді, ал өткен жылы ғана сегізден, көбі он қойдан берген. Қашғарлықтар мен қытайлықтарға күміске, жармақ пен матыға сатады.

— Осынша еркін көшіп-қонып жүрген сіздердің қызай болыстарыңыз кімнің боданы?

— Ақсақалдар айтады, біздің болысымыз орыс бодандығына енді, алайда бұл әлі іс жүзінде емес.

---

*[33] *Сек* — екі жасар піштірілген қой, құнан — үш жасар піштірілген қой.

Шілденің 16-сы. Фазыл Сарыбұлаққа Әбубәкірмен бірге қойларды қытай көпестеріне сатуға барды.

Ол Іленің сыртына буруттардың керуеніне олардың әкелген тауарларын сатып алу үшін және онда өзіне қарыздар адамдар жүрген жоқ па екенін тексеру үшін барып келуге рұқсат сұраған болатын.

Қызайлар қытай қазынасына өткізген қойлар үшін маты алды.

Мірабдулла бай, далада үлкен сауда жүргізеді, ол кез келген тауардың бағасын түсіреді және ол қандай баға қойса, сонымен қытайлар тауарды да, малды да алады.

Шілденің 17-сі. Қарақырғыздар келіп, төменде ташкендіктермен бірге тоқтады. Олар тауарлар алып келген: мүйіз, елтірі.

Шілденің 18-і. Қызай керуенінің бір бақташысы олармен бірге келген ноғайлар шықты ма деген сұраққа, былай жауап берді:

– Жоқ, әлі жатыр.

Шілденің 23-і. Орыс әскері Ақмешітке жақын Сырдарияда. Шудың бергі бетінде болған қоқандықтар кері шақырылды; олар алты не жеті мың шамалы адаммен әскерге енді, келіссөздер жүрді; әскер басшысы ешқандай ала бөтен ниетінің жоқ екенін, балық аулауға келгенін, күзде кейін қайтатынын айтып жауап берді. Қоқандықтар қайтып оралды.

Дулаттардың албандармен жауластығы. Мінезі беймаза Тезек, қазір онымен жүзден аспайтын ауыл көшіп-қонып жүр, қыста екі жүзден аса ауыл Іле сыртына кетті. Осыдан бір ай бұрын дулаттар албандарды шаппақ болды. Чибиш-Молда мұны, сырт билер мен сұлтандардың оларды мұндай ниеттен тайдырғанын Фазылға айтыпты.

/30б/ **Шілденің 24-і.** Садық өзін қарауылдан өткізбей жатқаны, қой айдап келе жатқаны жөнінде хабар жіберіпті. Ол Адамсаттың аулында, хатты ташкендік жұмысшыдан жіберіпті.

Қытай керуені Үрімшіден шығатын жолда келеді. Кірпіш шай бес-алты күннен кейін болады, енді жамбыға тек үш жүз қырық – қырық бес және үш жүз елу теңге беріп жатыр.

Фазыл мұнда еш шықпай қатарынан үш жыл тұрып жатыр, ал Ресейде болмағанына сегіз жыл, Ташкентте, болыстықтарда және Құлжада сауда жасады. Соңғы рет мұнда екі мың бес жүз қой айдап келді. Ол кезде қой қымбатырақ болған. Құнан қойларды жамбысына 50 не 47, 48, сектерді – 75 не 80-нен берді. Қалмақтарда сол кезде екі жыл қатарынан болған мал қырғынына, үлкен шығынына байланысты қой болмады, алайда сол кезде саудагерлер қырық мыңнан аса мал айдап келді және қызайлар мен байжігіттіктерден отыз мыңға жуық келді де, барлығы тез әрі ақшаға сатылып кетті.

Шілденің 28-і. Боранбайдың приказчигі Тінібайдың керуені келе жатыр деген хабар.

Шілденің 29-ы. Тағырдың жұмысшысы қожайынының керуенбасы Фазылмен бірге сауда жасап жүргенін айтты. Фазыл апиын саудасын, мұнда біз, орыстар келгеннен бастап тоқтатты. Бұрын барлығы апиын саудасын жасаған. Мірабдулла — әлуетті кісі, ол тіпті қытайлардың өзінің аузын аштырмайды.

Боранбайдың керуенімен Семейден ташкендік Нәдір-батырдың әйелі келеді. Нәдірдің онда тұрақжайы мен үйі болған, ол ендігі өртеніп кетті; ол Құлжадан шықпастан үш жыл бойы тұрып жатыр. Олармен (керуенмен) бірге Османның қарындасы оның күйеуінің бейітіне құран оқыту үшін келе жатыр.

/31а/ **Шілденің 30-ы.** Қара-қырғыздық саудагерлер келді, мүйіз алып келді. Орман Шудың биігінен Ыстықкөл көліне көшті. Дулаттар мен албандар өзара жауласуда, сондықтан Алматы мен Талғар арасындағы жолмен өтуге жүргіншілер қауіптенеді.

Кеше Шәуешектен амбан сол жақтан кезектен ауысқан солдаттар командасымен қайтып оралды. Чиндана пикеттері арасындағы жолда қызайлықтар олардан алпыс жылқы айдап кетті, ал бір тунгенэ саудагерін тонаған, қойлар, маты, жылқы мен түйе үрлап кеткен.

Үш шәуешектік көпес Ырғайтыдағы алтын өндірісін жалғастырып жатыр, алайда бұрынғыдан әлдеқайда аз алады.

Шәуешекте айдайтын қой жоқ; онда қойлар алты дабыдан.

Шілденің 31-і. Сыньфанды Қожағұлдың ауылдарынан, айдауда болған жерлері — Кеген өзенінен, Тілестен келіп, қайтарылды, қазір Семейде жүр. Қырғыздар арасындағы оның ісі бойынша орыстар Мұса Уәлитовті үстап алғысы келеді деген қауесет сөз бар.

Нәдір Боранбайдың керуенімен келе жатқан әйелінің алдынан шығуға аттанды. Оның мазарға барғысы келді.

Тамыздың 2-сі. Тінібайдың керуені келді. Боранбай, Садық, Ысқақ, Ибатулла айдаған қойларымен бірге келді. Олардың керуенімен көпес Ибрагим Әміровтың әйелі Тумон қызы Кенже-бибімен келді. Олар факторияда тоқтауға ыңғай танытты да, қабыл етілген шараларға сәйкес осыған мәжбүр болды. Кенже-бибі Нәдірде түнеді. Оның Құлжада біржола қалу ниетімен келу себебі, өзінің күйеуі — Керім сұлтан — Қиыр Құлжада жерленген, онда оның ұлы Мірбақының балалары тұрады. Олар жақында Семейден керуенмен Осман Юсуфходжин, Тумонның немере туысы және Керім сұлтанның екі ұлы: Мірбақы мен Мірсақа келеді дегенді айтты. Біріншісі біздің үкіметіміздің қағазымен, ал соңғысы — билетсіз болады.

Тамыздың 4-і. Мүса Уәлитов Қараталға келді, оның Қопалға барғысы келді деген хабар бар.

Өткен жылы осында Апсалам көпестің приказчиктері деген атпен болған Ғалиакпар мен Наджімедин татарлар, алайда олар өз қаржыларына сауда жасайды. Біріншісі – Апсаламның күйеу баласы, қомақты дәулеті бар.

Тамыздың 7-сі. Қазынаға қой тапсыру; Садық өзінікін тез өткізді, ал Ысқақ, Ибатулл мен Хамитуллалардан күнан қойларды қабылдамаған себебі, олардың қатарында кішілері мен арықтары болды-мыс; сол кезде олар күнан қойларын ешкімнің қарамағанын айтты; қойлар үшін матыны оларды қабылдаудан бұрын жеткізіп, Фазылға тапсырды.

Тамыздың 8-і. Аталмыш татарлар күнан қойларды да өткізді, жарамсыздары болған жоқ.

/32а/ **Тамыздың 14-і.** Дулаттардан келген саудагерлер (Фазыл айтты) пристав Шүбарағашқа келіп орын тепкенін, сол жердің маңында, Тойчубековтың бекінісі болған жерде бекініс түргызатынын айтып жүр. Іле өзенінде Талғардың күйылысында қырық адам пикет пен паром салып жатыр.

Қоқанда тыныштық, тек хан өзінің үлкен ағасымен, Ташкент билеушісімен бір-біріне дүрдараз қалыпта және сондықтан тіпті саудагерлер де Қоқаннан Ташкентке және кері жүрулерін тоқтатыпты-мыс.

Көктемде үш мың адамдық Қоқан әскері Ақмешітке аяқ басып, орыстармен аздап соқтығысып қалыпты.

Фазыл Көкдалаға қытайлықтарға қойларды көрсету үшін барды. Садық кеденнен билетті Күлжаға баратын жолда Аяққарауыл жанында алғанын айтты, Қопалда сол үшін қызметші қалдырылған. Билетті салып жіберу жөнінде ол Қопалдан 25 не 26 маусымда Апсаламға хат жазды.

Тамыздың 15-і. Фазыл қойларды Қашғарлыққа сатты: елу жеті күнан қойды жамбыға, ал сексен бес секті күміске сатты.

Садық барлық қойлардың өзіне тиісті екенін, ал апсаламдыкінің жоқ екенін айтты. Ол Фазылға өзін қарауылда өткізбей жатыр деп жазған жоқ, тек суан ауылдарындағы қойларды не істейтінін, яғни оларды Күлжаға айдау керек пе дегенді ғана жазды. Ол қарауыл арқылы Боранбаймен бірге өтті, оны Саз сайында күтіп алды.

Тамыздың 16-сы. Аздан сатылған қойлардан қытайлықтар салық алады. Фазылдан қой сатып алған қашғарлық, егер басшылықтың өздері пәрмен бермесе, баж салығын бермейтінін айтты.

Бүгін Борохуджирге жол бастаған әскер ізімен қытай арбалары мен солдаттары аттанды, ал ол жерден ары қарай шекараны көруге жүреді. Амбан ертең не ертеңнен арғы күні шығады.

/32б/ **Тамыздың 17-сі.** Фазыл Қашғарлықтан қойларға баж салығын қаланың сыртында, ол Қиыр Құлжаға айдағанда алғандарын айтты. Және қалған сатып алушылардан да баж салығын алады. Сатып алушылар хабарландыруды сілтесе де, кеден басшылығы айтады: сіздер не ойлап шығарып түрсыздар? Сіздер орыссыздар ма не? Манжүрлерден баж салығын алмайды.

Ахметша Сүйіков сұлтан келді. Ол Борохуджирде оны билетімен өткізбеген себебі, жиырма түйе жоқ болғандықтан деді және сондықтан ол алым-салыққа үш жылқы беремін депті. Осыдан кейін ол билетті тек туншеге, аудармашыға ғана көрсеткенін айтты.

Тамыздың 18-і. Дулинмен Мұхаммедше жөнінде сөйлесу. Шығарда ол көпес үйіне кірді; Османның сауалына қазақтар туралы істің басы-қасында болдым деп жауап берді, алайда олар билеттерімен келді, оларын ол көрген жоқ. Хамитулла Көкдалада кешегі түні ұрылар табынға шабуыл жасады, таң алдында оның екі аты жоқ болып шықты. Қытай әскері сонда орналасқан, сондықтан аттарды солардың осы әскеріндегі солдаттары ұрлады деп ойлайды. Жұмысшылар олардың табындарын қарайын деп еді, бірақ оларды жібермеді.

Садық далада қойларды матыға сатып алатынын айтты: өткен жылы секке бір матыдан берген, құнан қой үшін — бір жарым матыдан, ал қазір секке — бір жарымнан, құнан қойға — екі маты, жылқыға — он екі не он бес маты, өгізге — сегізден маты береді.

Тамыздың 19-ы. Сұлтан Ахметшінің жұмысшысы былай пайымдайды:

— Қарауылға біз кешкұрым келдік; сұлтан ноғаймен алға шығып кетті, түйелермен келіп, біз шатыр тіктік. Кешікпей түнше басқа бір қалмақпен келді. Туншинің сауалына сұлтан айтты:

— Құлжаға әкемнің қазасы жөніндегі хабармен келе жатырмын, цзян-цзюнге алым-салыққа жылқылар апара жатырмын. Тугши айтты:

— Жаксы, ертең жүре аласыз. Қызыл мөрлі билет жайында еш нәрсе айтқан жоқпыз.

Мұхаммедше таңертең төменге барып, сонда туншамен және дулинмен кездесті. Олар Қалмырза сартқа кіріп, онда не істегендері белгісіз, кездескен кезде тунша айтты: біз сені іздедік қой, сен неге майтунцзда болмадың? Сұлтан айтты:

— Мен орыс боданымын, сондықтан да факторияға тоқтадым.

/33а/ Хамитулла Көкдаладан қайтып оралып, ұрланған жылқылардың іздері ашылмағанын жариялады; маңайдағы қытай әскерінің табынын аралап қарадық. Ұрылар жылқыларға ұмтылғанда, жұмысшылар мұны байқап қалып, оларға қарсы

жүгірген: бір жұмысшы белгісіз бір сартты ұры деп шап бергенде, осы уақытта басқа біреуі оны арқасынан шоқпармен*[34] ұрып, аттан құлатыпты.

Фазыл Кенже-бибі мен Тумон жайындағы кепілдемемен келді; оларға қайырымдылық, не т.с.с. танытуға болмай ма дейді.

Тамыздың 22-сі. Фазыл айтты: Есексу өзенінде орныгатын жерді пристав таңдапты, Талғарға жақын, онда жер кепелер салынып та қойыпты. Ол екі жүз адаммен Шу өзенінің осы жақ бетінде Мүзтөбе сайында көшіп-қонатын дулаттардың биі Диқанбайға барды. Ол жетекке алу үшін түйелер берді. Приставқа қара қырғыздардан Қасымбек манап бодандыққа орыстардың қол астына енуді қалайтынын білдіріп келді. Албандардың қызылбөрік деген бір руы өз руластарымен араздасып, көшіп кетіп, енді сол манаптың болысында қалады, сондықтан пристав оған оның сол қырғыздарды Албан болыстығына жіберумен айналысуын, ал кейін оның тілегі бойынша шұғылданатынын, сол үшін оны өзінің үйінде қалдырғанын мәлім етті. Анау болса, сол үшін өз адамдарын жіберді.

Тамыздың 26-сы. *Қызай болысынан шыққан қазақтардың керуені келді. Олар мың жарым қой айдап келді.* Олардың сұлтаны Бөтеке қытайлықтар тарапынан көрсетілген қысымнан қорғауды өтініш етіп хат жіберіпті. Оның ұлы Хұдайменде Қызай болысы Алакөл маңында Қараағаш сайында көшіп-қонатынын әңгімеледі. Ақсақалдар мен халықтың ниеті мынандай, олар қытай басшылығы мен орыс үкіметінің талаптарын орындауға дайын, сондықтан да оның әкесі Бөтеке, екі мемлекетті де достастықта деп қадірлеп, оны Құлжаға осылай қытай басшылығына да және орыс басшылығына да баруы үшін жіберді. Және ол, Хұдайменде, мұнда келіп, айтты: «кімнің жерінде тұрады, соның суын да ішеді, сондықтан да кешіріңіздер, менің төменде тоқтағаныма, мен әкемнің тілегін орындап отырмын, ол сіздерге және қытай басшылығына баруыма пәрмен етті».

Шәуешектен әр жыл сайын қытай жасағы қырғыздардан алым-салық жинауға шығады; қазір әлі әзірше болған жоқ, бірақ осы айда болуы керек, өйткені жылда үнемі осы уақытта шығады.

Сұлтанмен болған шалақазақ Тоқмолда айтты: өткен жылы Бөтеке сұлтан Аягөзде болып, генералдың алдына барды, онымен бес сағаттан аса мәселелерді талқылап, бүйрық алған, онда Бөтекенің найман қазақтарының талаптарын қанағаттандырумен айналысуын, ал егер қызайлардың оларға қоятын кінәсі болса, онда оны Қатынсудағы жалпы съезде есептесуді тапсырған. Бөтеке болысқа қайтып оралып, жалпы съезде бол-

*[34] *Шоқпар* – сойыл.

ды, онда қызайлардың наймандармен барлық істері аяқталып, бейбіт бітімге келген, енді қазір халық бейбіт өмір сүріп жатыр. Генералдың алдына барған кезінде Бөтеке оны боданды-ғына қабылдауы жөнінде өтініш жасады. Генерал өзінің бұл туралы князьге жеткізетінін айтты.

Осы жылы мамыр айында Бөтеке Аягөз приказына қағаз жіберіп, сол жөнінде сұрады да, Қараағаш сайында қорған түрғызғысы келетінін білдірді. Алайда әлі жауап жоқ.

Тамыздың 27-сі. Садық Қопалдан оның тарапынан Қызай болысына приказчик жөнелтілгенін, ол қойлармен Құлжаға келуі тиіс болғанын, бірақ ол Жүзағашқа өтіп кеткен сияқты — бұл мені қатты мазалайды дегенді айтты. Қызайлардан шыққан Паттах Молда жақында Қопалға, ал ол жерден Құлжаға аттанбақшы болды.

Фазылдың әйелін — Зулейханы суандарда қалдырғым келеді.

Пшеке Кенже-бибінің Семейден шығуға бір жарым ай қалғанда өз заттарын Аркатқа жөнелткенін айтты, шамасы, Ибрагим оны Құлжаға жіберуге келіспеді, бірақ кейін, шын, одан шешесі өтініш етіп, өзінің көз алдында оны хәкімбекке түрмысқа беру үшін онымен бірге шықты, егер ол оны алатын болса, алмаған жағдайда онымен бірге кейін қайтады.

Тумон Қопалда өзін күйеуі күтіп алуы тиіс екенін, ал ол болмаса, онда ағасы күтіп алатынын айтты. Оның күйеуі Ибрагим Қопалда сауда жасамақ ниетте және князь бұған және үй салуға рұқсат берді.

Садық айтты: егер оның өзіне Семейге баруға қажеттілік тумайтын болса, онда Құлжаға бір айдан не болмаса, бір жарым айдан кейін келемін. Қытайлықтармен болатын қандай да бір іс түрғысында, қалай да қарыздарды төлеу және қарыз алу, ол мұның барлығын Тағир жөндейді, оған мұның бәрі мәлім дегенді айтты.

Тамыздың 28-і. Ескендір кеше өзінің қырық сегіз сусар және қырық бес түлкі терісіне сатып алғанын, сусар мен түлкі терісін қоса алғанда жетпіс жамбы болғанын мәлімдеді.

Жағадағы бақташылардан семейлік ташкендік Чжиндыныяздің қызай қазақтарымен бірге келгенін білдім, ол жүз елу қой айдап келіп, басқа ташкендіктермен бірге тоқтапты.

Қызайлықтар қойларды ақша мен матыға сатады, күнан қойларды — екі жарым сырдан және бес не алты дабыдан; тайтүяққа — он бір не он екі қойдан.

Қыркүйектің 1-і. Қызай болыстығынан үш қосын сарт қойларымен келді, алты жүзін айдап келген. Жиенбай сарт өзінің Шәуешекте болғанын — онда әлі құрылыстың аяқталмағанын, әлі де ағаш жұмыстарының жүргізіліп жатқанын әңгіме қылды. Ол о жерден жиырма күн бұрын шыққан. Шығар алдында Бұқашты көріпті, ол сол кезде енді ғана

келіпті. Саудагерлер онда көп, Троицкі мен Петропавловскіден келе жатқан керуенді ұшырастырыпты (үш жүз түйе шамасында).

Қыркүйектің 2-сі. Кеше цзян-цзюннің алдына Хұдайменде Бөтеке сұлтан келді: ол оның халқының аман-есендігі жөнінде сұрады. Өзінің Бөтекеге көңілі толатынын, оның Шәуешекке қарай және кері жол тартқан қытай жасағынан қазақтар ұрлаған жылқылар мен түйелерді іздеп табуға пәрмен еткені үшін разылығын білдірді.

/34б/ Цзян-цзюнь сұлтаннан сұрады:

– Қазір сіздер жақтан қойларды неліктен сонша аз айдап келеді? Ол жауап бергісі келді:

– Өйткені, қарауылдарда офицерлер қысымшылық корсетеді – қой көп алады, ал мұнда айдап келгенде, жақсыларын қазынаға алады. Алайда бұдан істің насырға шабатынын – мұнда қарауыл қолдайларын алдыртатынын, оның ақырында өзінің осында ұзақ тұрып қалуға тура келетінін біліп, ол былай жауап берді:

– Бәрінен бұрын қойлардың жартысы айдап келініп қойды және қырғыздар мұны кім қалай көреді, қаншалық қажеті ретіне қарай жасайды, сондықтан қойлардың айдалып келінуі әр адамның еркіне, қалауына байланысты.

Осы уақытта Тезектен қайбір сарт келді. Цзян-цзюнь оған айтты: «Мына жаққа алым-салық жинауға біздің Ишдарин жіберілді; Тезекке айт, оны жақсылап қарсы алып, шығарып салсын».

Чечженмен бірге өз ауылдарынан Адамсат келді. Жолда оны Чифаньцзыға жақын жерде екі солон тоқтатты. Олардың сұрақтарына бір ауылдан басқасына өтіп бара жатқанын, Укурдайға қымыз апарамын дегенді айтты.

Іле сыртындағы жасаққа арбаға ол жиырма шақты түйе берді. Қожағұл мен Күншайдың ауылдарынан бес түйе алуы тиіс болды, бірақ олар, «Тезектің орыс басшылығы мұны талап етіп отырған жоқ, бірақ Адамсат өзі осындай қызметімен көзге көрінгісі келеді деп айтқан сөзімен» оны бермеді. Тезектің өзі оның болысының барлығының Іленің сыртында екенін айтып, бірде бір арба бермеген сияқты.

Пристав бес қазақ ұрыларын атып тастады; біріншісі шапыраштылық болды, оны атқан кезде (мұны Адамсаттың ауылының арбакеші көріпті), одан кейін басқаларын атыпты; олар Албан мен Дулат болыстарынан.

/35а/ Адамсат айтты: көктемде, Боранбай манап Алматы маңайында көшкен кезінде, қара қырғыздардан оған барымташылар келіпті, алайда Іле сыртына асып өтпеген, Боранбай Шудың осы беткейімен көшіп-қонады; оның өзі не баласы, біздің бодандыққа енгісі келетіндерін білдіріп приставта болыпты.

Дулаттың беделді билері Диқанбай мен Сұбатай орыстарға бодандығын мойындады, тек Тойшыбек аз ауылымен Шудың төменгі жағына көшіп кетті, алайда ол ешқайда қашып құтылмайды.

Адамсат Тезектің төленгіттер арқылы суандардан мал ұрлайтындарына және мұны місе тұтпай оның ауылдарының тыныштығын ала беретініне шағымданды. Қазір Қопалда болған кезінде ол осы қынжылыстарын приставқа былай деп түсіндірді: «Тезек сіздің көзіңізше қойдай момын, алайда ауылда ол жолбарысша атылады». Тезек осыдан кейін достық ниетпен оның қолын алып, айтты: «Ал, жетеді, есеп айырысамыз». Бірақ қайтып оралғанында бұрынғы ұрлықтары үшін разы қылмақ түрмақ, оған жіберілген елшінің атын алып қойды.

Қытайлықтар әр жыл сайын көктемде қазақтарды қарауылдардың сыртына аластатуға пәрмен етеді; биыл да солай болды; және бұған Тиекеде қоныстанушы Мұса Уәлитовтың ауылдары қытай егістіктерін таптап тастағандары да себепкер болды; қытайлықтар бұл жөнінде Борохуджирдегі қолдайға шағымданған, ал ол Құлжаға жазыпты. Тезек бұрынғы уақытта да қытай басшылығына барып әуреге түсіп жүрді, олардың Адамсатты онымен біріктіру*[35] үшін жоюларын қалады, алайда биылда өтінген / өтінбегенін — [Адамсат] білмейді де, бұл жөнінде өтірік айта алмайды.

/35б/ **Қыркүйектің 7-сі**. Бізде Хұдайменде сұлтан болды. Ол айтты: «Цзян-цзюнде болдым, ол айрықша еш нәрсе айтпады, тек қана халық аман-есен бе және қайда көшіп-қонып жүрсіздер деп сұрады». Алым-салыққа ұсынылған жылқыларға ол бір маңлық, бір кесек материал, төрт шань дабысын, екі дана фу-шай, бір құмыра арақ, бір қап күріш пен тары алды.

Қойларды елу жетіден жамбыға сатты. Қазынаға ісектерді іріктетпей өткізді, бұл жөнінде алдын ала Ту-қолдайдан өтініш жасады да, ал ол бұған осы құрметін көрсетті.

Қызайлықтар қыста Тоқты қарауылы маңайында қоныстанады, жазда онда қоныстанбай, қысқа азық ретінде сақтайды.

Қойларды болыстың өзіндегі жерлерде сатқан да тиімді, өйткені қалмақтар да күміске сатып алады.

Қыркүйектің 11-і. Боранбай айтты: «Жақын күндері ташкендік Абзан келіп, Қоқан ханы Худиярдың әскермен Ташкентке барып, кеден билеушісі — өзінің үлкен ағасы Мәлібекті өлтіргенін айтты, бұған себеп болған, Мәлібектің Худияр-ханның билігін мойындамауы болды, оған Ташкенияда жиналатын алым-салық төлеуден бас тартты, мұндай алым-салық жиырма бес мыңға дейін жетеді, оның үстіне, Мәлібек жағымсыз іс жүргізе бастады — өз нәпсісін қанағаттандырып,

*[35] Қолжазбада солай жазылған.

ол тіпті өзіне ұнаған қыздарды үйлерінен алып кеткен. Халық оның мұндай қылығынан әбден қорланды, Худияр-хан келген кезде, олардың өздері оған Мәлібекті ұстап берді».

Қыркүйектің 12-сі. Баба Ауповтың керуені келді. Пристав қытайлықтарды Көксудан күтті. 50 адамдық қытай жасағы Көксуға қарай жол тартты. Пристав олардың келгендерін біліп, екі казакты олардың оған келулері үшін шақыруға жіберді. Таңертең ертемен қытайлықтар приставқа кетті, ол оларға шай беріп, қой етімен сыйлады. Керуен Үйгентасқа жақындап қалғанда, қытайлықтар Көксудан кері қайтты да, олардың керуенге жолыққан төрт адамы айтты: «Лепсіге барғымыз келген, бірақ онда баруға болмайды деп айтады». Қытай жасағының бас штабы Үсекте, Тезек сұлтан – приставта. Көксуге Аққенттен зәңгі барды. Сибо-зәңгі Тышқанда тұрады.

Қыркүйектің 14-і. Бүгін қорғаннан әр текті шай жүктелген отыз түйемен керуен шықты; сөз ыңғайына қарағанда, бұл керуенді Ташкентке жөнелткен, кеше де бірнеше түйе Көкдалаға жөнелтілген; Нәдір-батыр да өз шайларын жөнелтті.

Боранбай жұмысшысын төрт түйемен бір мың екі жүз елу сомның тауарымен жөнелтті.

Қыркүйектің 16-сы. Митан мен Баба Аупов қойларын Қашғарлық Құдайбердіге жамбысына тоқсаннан сатты, жартысын күміспен, ал қалғанын – матымен алады.

Баба Қашғарлыққа теріні бір жарым жамбыға отыз тоғыздан жамбысына сатты.

Қыркүйектің 19-ы. Құдайберді Митан мен Бабадан сатып алынған қойлардан баж салығын алған жоқ және сұрамады да дейді.

Қыркүйектің 20-сы. Баба тауарларды жүз елу сырға сатты, нанканы үш сыр бес мысқалға сатты, үш сырдан жеті мысқал және төрт сырдан, сарысын – бес сырдан сатты.

Қытай уряднигінен Әбдірайымның екі жүз түйелі керуенмен келе жатқаны жөнінде хабар алынды. Осман қырғыздардың қой айдап келе жатқанын, олардың екі мың екі жүз екенін айтты.

Қыркүйектің 23-і. Әбдірайымның керуені басқалармен бірге жетті, 1500 қой айдап келді. Шәуешекте сауда тамыз айынан бері тоқтап тұр, біздің тауарларымызды мүлдем алмайды десе де болады.

Қытай сауда үйіне үш қосын сарттар келді, мыңға жуық қой айдап келді. Мірбан да осында келді.

/366/ **Қыркүйектің 24-і.** Бүгін қытай жасағы Борохуджирден жорықтан қайтып оралды. Семей ташкені Момын Сұлтанов Құлжаға өз тауарларымен келді, бірақ сауда жасау құқығына сенімхат Аюпов көпестен алынған.

Қазанның 3-і. Қызай қырғыздары келді – Бөтеке сұлтанның ағасы Әбітай, жеті жүз қой айдалып келді.

Қазанның 6-сы. Саудагерлер қытай көпестеріне бүгін көп шай келгенін әңгіме етті. Әбдірайым барқытты кесегін он жеті сырдан сатты.

/26б/ Абдуллатиф оның Көкдаладан табыннан екі жылқысын үрлап кеткеніне, үрлық ізі Тарчжы ауылына алып келгені жөнінде шағымданды.

Қазанның 7-сі. Қызайлықтар сұлтаны Әбітай қойларды матыға сатты, төрт не төрттен үш маты – бір қой.

Қазанның 10-ы. Абдулла-ахун – майтұнқызда қызмет етуші біздің саудагерлерге кеше Борохуджирдан Исмаилдың керуенмен келе жатқаны жөнінде, онда төрт мың қой мен бес жүз ешкі айдап келе жатқаны туралы хабар алынғанын мәлімдепті.

Қазанның 13-і. Исмаиыл керуенімен келді, төрт мың екі жүз қой айдап келді, Исаев тауарлары – бес түйеге жүктелген. Борохуджирде Исмаиыл қолдайға екі қой үсыныпты, алайда ол алмай, жеті қой сатып алыпты да, екі жарым дабыдан төлепті.

Бүгін қытайлықтарға елу түйемен шай келіпті.

Грысов Борохуджирде қолдаймен бірге орысша түсінісетін шенеуніктің бар екенін айтты.

Қазанның 21-і. Әбдірайым консул Шәуешекте бір қытай шенеунігін қытайлықтардың алым-салық жинау ісіне байланысты өлтіріп тастағанын әңгімеледі; бұл жайында цзян-цзюнь тарбағатайлық амбаннан соның салдарынан бір қолдайдың осында аттанатыны туралы қағаз алды.

Қазанның 23-і. Ол Шәуешекте қытайлықтармен арада қырғыздардың жерлері үшін іс шығып қалғанын, ол жерлерде қытайлықтардың алтын не күміс өндіретінін мәлімледі.

Қазанның 24-і. Пошта келді, Исаев та келді, ол айтты, Фазылға Қопалға қызайлықтардан оның приказчигі – жирен ер адамның, оның бір көзінде тыртық бар (бұл Фазылдың балдызы Мәмет), қой айдалып келгенін айтты.

Қазанның 27-сі. Кешкі аста Нияздың үйінде Сәлімжан карт әңгімелесіп отырды; ол қытай қорғанынан келген, алайда, ол Арқаттан шыққан ташкендік болып шықты, Күлжаға Әбдірайымның және басқаларының керуендерімен бірге жеткен.

/37а/ **Қазанның 29-ы**. Менде қытай шенеунігі – орыс тілінің белгілі аудармашысы болды, ол өзінің жұмысы көп болғанын, сондықтан маған көптен келе алмағанын түсіндірді. Шәуешектен осында бір қағаз алынғанын айтты, онда Тентексу жері үшін іс басталғанын және сондықтан осы жерден үш күн бұрын А-колдай солдаттармен аттандырылғанын баяндады.

Қазанның 30-ы. Әбдірайым айтты: «Қазақтардың қытай бекеттері мен ауылдарын тонаған кездерінде, мұндағы басшылықтың оларға жасақпен полковникті жіберген кездері болған, қырғыздар олардың талаптарын орындауды ойламайды да,

сөйтіп, соңында оларды жылы шырай танытып көндіреді. Осыдан кейін қырғыздар қайбір тентекті, ешқайда жарамсыз қырғызды барлық жасалған тонаушылық пен кісі өлімінің айыпкері ретінде алып барады. Полковник Құлжаға қайтып оралады, шатыр құрады, жарымеске жақсы халат кигізеді де, оны бірнеше күн асырайды, содан кейін цзян-цзюнге мынандай колдай басты қарақшыны ұстады деп хабар жеткізеді. Ол қарақшы-жауынгерді сотқа шақырып, барлық генералитеттердің қатысып отырғанда жауап алады: «Сен мынандай тонаушылық жүргіздің бе?» Анау, бір сөзді, не істі түсінбей жауап береді: «Мен жасадым». Сот оның басын шабуға шешім қабылдайды, үкім дереу орындалады. Осы оқиғаның ізімен сұлтандар да келеді, мысалы, Тезек сияқты, қарақшыны ұстауда бірлесе әрекет танытқаны үшін қытайлықтардан сый-сияпат алып қалуды көздеген және қытай басшылығы да олардың тілегін жомарттықпен қанағаттандырады».

Ол айтып берген еді: «Семей ташкендігі Әлім әйелімен Қопалға азық-түлік заттарын алу үшін келіп, содан әрі Құлжаға аттаныпты, ал әйелін Қарататда қалдырыпты. Жолда өзі еріп келе жатқан екі татар оны түнде тұншықтыра бастапты да, іс қалжыңға айналдырылыпты. Бикташпен кездескен кезде оған бұл мәселе түсіндірілді де, ол бұл татарларды мұндай жаман қалжыңдамайды деп жазалайды. Қазір енді не татар, не Әлім жоқ. Әлімнің әйелі кеше бір сартпен қытай қорғанына келді және бұл жөнінде консул мырзаға шағым жасамақ ниетте, қаратал сарттарының болжамы бойынша бұл мәселенің Тезекке мәлім болуы мүмкін, сол татарлардың бірі Ташкентке кетіп қалды, ал екіншісі – қайда екені белгісіз».

Албан руының шашжаби бөлімі Бибатыр бұрын саудагерлерге көп зиян шектірді, олардан көп мал үрлады. Ол осы жерден алыс емес Іле бойында қоныстанған. Қазір саудагерлерге өз жұмысшыларына малды жақсылап күзетуге бұйыруларына кеңес береді, әйтпесе, егер ұрлық болатын болса, бұл оған және оның ауылына жабылады, алайда ол қазір ондай ниетте емес және оларды өкпелеткісі келмейді.

/37б/ **Қазанның 30-ы**. Қалада бүлікшілердің Саньси*[36] қаласына ие болғандары жөнінде қауесет жүр! Қытай патшасы Пекиннен төнген қауіпке бола қашып кеткен.

Қарашаның 1-і. Цзян-цзюннің жолдасы хэбэ-амбан Саньсиға губернатор болып тағайындалыпты, енді жиырмасына қарай осы жақтан шығуы тиіс деп жүр. Қытай көпестерінен алынған басқа хабарлар бойынша, хэбэ-амбанді Пекинге шақыртып жатыр; оның үстінен ханның Уанбектің ісі жөнінен шағым түсіпті, ол одан екі жамбы мен алтын аяқ (ыдыс) ал-

*[36] Яғни. *Шаньси* – Қытайдың солтүстік-батысындағы провинция.

ған, енді амбанға жаман болады, оған қырық күннің ішінде келуге мерзім беріліпті.

Қарашаның 12-сі. Хэбэ-амбан шығыпты; оның мүліктері тиелген керуен елу арба болып, ал күміс – жиырма түйеге тиеліп аттаныпты.

Қарашаның 13-і. Исмайыл Манасыпов одан тоғыз жүздей қой сатып алған Қашғарлық Құдайбердінің қойлардан жинайтын қытай алым-салығы туралы айтқанын баяндады: «Алым-салық төлеуге тиіс емес екенімізді білемін, бірақ, білесің бе, осындағы билікке тәуелді болып түрған соң, олардың тарапынан қысымшылыққа тап болуын мүмкін, ал бұдан құтылу үшін, өз еркіммен бажчигерлерге – алым-салық жинаушыларға бестен немесе бір қойдан екі жарым фыннан бердім». Сол, Манасыпов одан тунгэнэ қой сатып алғанның да қытай басшылығынан қысымшылық көрмес үшін алты жүз қойға баж салығын төлегенін және Манасыповтан, егер салық жинаушылардың бірі сұраса, осы санды көрсетуді өтінгенін, ал оның сол уақытта тоғыз жүздей қой сатып алғанын айтты.

Ташкендік Нояб, Бұқаштың қызметшісінің, сол уақытта Бұқаштың есебінде өз қаржысы да бар.

Қарашаның 14-і.

– Мұрат, қайда барасың?

– Қорғанға, арқаттық ташкендіктерге сыпырғыштар апара жатырмын, олар да керуенмен бірге шықпақшы болып жатыр.

Нияз өткен жылы семейлік кеденнің Индияға жазбамен шығарылған шай үшін одан баж салығын сегіз тиын күміспен бір фунттан артық, консулдың жазбасы мен бар куәлікке қарама-қайшы түрде алғанын айтты.

Қарашаның 15-і. Исмайыл Манасыпов, семейлік көпестің ұлы, келесі жылы Қашғарға қойларды қара қырғыздардың болыстықтары арқылы айдап, сонда қойларды жамбыға айырбастап, Құлжаға келу ниетін түсіндірді. Қыркүйекте қара қырғыздардан шығады да, қарашада Құлжаға жете алады. Қашғарда қой сатқан тиімді; олар өз құнында түрған кезде, онда құнан қойларды 35-ін жамбыға береді, ал сектер – 45 не 50; ал қойлар арзан болған кезде, құнандарды 40 не 45-тен береді, ал ісектерді – 60 не 65-тен жамбысына береді. Есеп жамбымен жүргізіледі, жамбыны 500 не 400 Қашғарлық теңгесімен есептейді.

Дала қазақтары саудагерлерден алданып қаламыз ба деген күдікпен күміс және алтын ақшаларды алмайды, бірақ ассигнациямен тез алады. Билер және басқалары, ақшаны қабылдаса да, өздерінде сақтауға қолайлы әрі сенімді ассигнацияны тәуір көре түрса да, оны құлықсыздықпен енді қажеттіліктен алады.

Исмайыл айтты: «Өткен жылы Шәуешекте консулдың жылқысы үрланыпты, байжігіт қазақтарына күмән түсіпті, олар

қанша болса да төлеуге ұсыныс жасапты: жиырма жылқы немесе түйелер, бірақ бұл ұсыныс кері қайтарылып, жылқының өзін табуға талап қойылған кезде, сондай жылқы іздеп табылыпты. Биылғы жылы тағы бір саудагердің аты ұрланыпты, байжігіттіктер ол үшін он жылқы айып төлепті.

Қызай қазақтары, олардың ауылдарында Исмайыл сауда жасаған, біздің бодандығымызға енгілері келмейді де, былай дейді: «Орыстар бізге келіп мәжбүрлесе, сонда кіреміз».

Қарашаның 17-сі. Әбдірайым қытайлықтардан естіпті: үш чампан Қытай ішінде орын алған тәртіпсіздіктер туралы айта келіп, былай депті: «Біз де осында бір нәрсе бастасақ болмай ма!»

Қарашаның 18-і. Исмайыл осы жақтан рауғаш алып кетсе бола ма деп сұрайды. Қытай көпесі басында жүз жиырма чжин жамбысына берді, кейін жүз қырық және соңында екі жүз чжин беруге келісті.

Шынында да, біздің саудамызға зор пайда болар еді, егер біздің көпестеріміздің барлығы ақылдасып, бет-бетімен емес, бағаны ұстап тұру үшін тауарлар мен малды өткізіп, өзара қабылдауда бірауыздан әрекет етсе, әсіресе, ұсақтары. Алайда бұған талпыныс жоқ, ал әрқайсысы бір жамбымен болса да, қытайлықтардың қолынан алуға асығады, тіпті қымбат болса да; мынандай да болды, оларға біздің адамдардың қолынан, мысалы, шалақазақ Хайбулла сияқты, тауар алу ұсынылды, оған Исмайыл кеңес берді: /38б/ «Саған қытайлықтарға асығудың, барудың жөні жоқ, одан да менің қолымнан шай не басқа керектіні ал». Алайда ол бұған келіспек тұрмақ, ашуланып, қойнына жамбысын тығып қалаға барып келді.

Қарашаның 19-ы. Исаев жақында оған қытай шенеунігі кіріп, бір полуимпериалды көрсетіп, «Алтын жоқ па», деп сұрапты да, ол өзінің осындайдың жүз отыз данасын сатып алғанын айтыпты, онымен бұдан ары ол түсінісе алмапты.

Қарашаның 25-і. Біздің саудагерлердің керуендері аттанды; берілген хабарлама бойынша барлығында жүз сексен бес түйе көрсетілген, ал керуен шығып, тексеру болған кезде, екі жүз алты түйе болып шыққан. Саудагерлерден кейін бұған жауап талап етілген кезде былай болып шықты: Баба Аупов он үш түйе жалданылғанын, олардың хабарламада жазылмағанын айтты, Момында – үш, Исмайыл картта – екі түйе, олар да жалданылған және хабарламаға жазылмаған. Күмән туындайды: бұл саудагерлер қорғаннан бөтен саудагерлердің тауарларын алған жоқ па, өйткені олардың алдында арқаттық сарттар Саминчжан басқаларымен сол жерден шықты, олар мұнда да біздің керуендермен бірге келді ғой.

Осы күнгі түнде біреу түйемен Шыңғыл арқылы өтті; кімнің қосынына кеткен ізін тану мүмкін емес. Исмайыл қарт кешкісін Новоселовтан өзірше батыс жақ қақпаны жауып

қоймауын өтініпті, өйткені оның өзі және басқалары қоқыс пен қар шығарады. Басында, барлық саудагерлерді тергегенімізде: «Урядниктен қақпаны жауып қоймауды кім сұрады?» – ешкім мұны көрсетпеген, ал урядниктің жеке өзі Исмайылды көрсеткенде, ол шынында да өтінгенін мойындады.

Қарашаның 28-і. Елшібек Шәуешектен. Онда Құлжада қытай басшылығымен дау-дамай жүріп жатыр, біздің саудагерлеріміз қуылып шығарылды деген қауесет тарады.

/39а/ **Желтоқсанның 2-сі**. Қатышевцев керуенімен келді. Онымен бірге Әли-сұлтанның қол астындағы қазақтар да, ақалақшы Жаубасар – барлығы жиырма екі адам келді; олар цзян-цзюнге алым-салыққа үш жылқы алып келді. Борохуджирде олардан қойларды іріктеп алатын қытайлықтардың қысымшылығынан құтылу үшін, қырғыздар екі жүз қойдан елу бес жақсысын бөліп алып, Қатышевцевтен сол қойларды өзінікі деп айтуын өтініпті, олардың қожайыны етіп қырғыз Манабайды қойыпты, ол біздің фактория да келді. Сексенбайды Ералы-сұлтан консул мырзаның денсаулығын білуге жіберіпті-мыс, алайда ол сол уақытта аталған керуеннің жолбасшыларының бірі кешке төменге кетіп, сонда түнепті. Лутфулла татар, Қатышевцевтің арбакеші, Борохуджирға жетпей, оларды мына қырғыздар қуып жетіпті, олар Құлжаға бара жатқандарын, цзян-цзюнге алым-салыққа жылқы апара жатырмыз дегендерін айтты. Әбдірайым осы жылы қытай сауда үйіне барлығы он төрт – он бес мыңдай қой айдалып келгенін айтты.

Қорғанға сауда жасайтын сарттар тарапынан қазіргі уақытта жүз алпыс жәшік шамасында байха шайы, кірпіш – он мың данадай әкелінген.

Желтоқсанның 7-сі. Әбдірайым біраз уақыттан бері бекіністе түнгі барлау құрылғанын айтты; түні бойы сексенге дейін адам жүріп-тұрады; бұрын түнгі қарауылдар бекіністің бұрыш мұнараларында болатын.

Желтоқсанның 10-ы. Поштаның келуі. Наквасин қазақ жылқысымен келді, Қопалдан ол пошташылармен аттандырылған, бірақ олар атпен Жанғозы-сұлтанның Бичже-Көксу мен Алтынемел сайларындағы ауылдарына дейін әрең жеткен.

/39б/ **Желтоқсанның 12-сі**. Нияз Хунхулы – бұл Құлжадан Ілеге дейінгі және солтүстікте тауларға дейінгі жерлер деп түсіндірді.

Желтоқсанның 19-ы. Исаевтың Ху-янгудадан шай сатып алуы. Шұғаны үш кесектен жамбыға сатады. Баба мұны Исаевтың осы шұғаны алдыңғыдағы екі жарым кесегін жамбыға береміз деп шарттасқандай емес, ақылдаспастан жасағанын, үш кесекті жамбыға кеңеспестен бергенін айтты.

Желтоқсанның 22-сі. Жиырма екі түйемен ташкендіктердің

керуені келді, тауар – апиын, олар жиырма жеті арбадай шықты; олардың керуен басы – Бабаджан.

Желтоқсанның 23-і. Әбдірайымның әңгімесі; ташкендіктердің Ақмешіттің жанында орыстармен қалай соғысқандары, орыс әскерінің Ақмешіт бекінісін алған кезінде діни сенімдегі мұсылмандардың өлтірілгендері көп болды; тез арада Қоқан үкіметі сегіз мың жауынгер жіберген. Шадбанорақ көпірлерді бекіністен тап басуға асықты, олар жасырын түрде жаңа қонақтарды жолда күтті; сонда жарты әскер өткен кезде орыстар зеңбіректен ата бастады, көп, үш жүз не одан да көп адам өлтірілді, қалғандары шашырап, кері қайтып оралды. Шадбанорақтың артында бас жол бастаушы келе жатты; осындай хабар алып, ол Шадбанға орыстармен қайта соғысуға бұйрық берді, алайда ол оған бәрібір өлім төніп тұрғанын айтып, бас тартты, әскер қайтып оралған кезде, Шадбан қатын аталды, өйткені ол қорыққанынан кейін шегінді, қашып кетті, сол үшін ханның бұйрығымен сақалын қырып тастады, ал басына әйелдің жаулығын байлады.

/40а/ **Желтоқсанның 24-і.** Исаев, қаладан шығып, қытай көпестерінің сауданы тоқтатып тастағанын анықтады; олардың тауарларына баж салығы салынған: бір жәшік шайға екі мысқалдан; көпестер қайбір асып-сасқан күйде; Ху-янгуда, шайын барқытқа айырбастаймын деген келісімінен бас тартты. Әбдірайым айтты, осы күні түнде ханнан цзян-цзюнге жарлық жеткізілген, ал түнде кеңес жиналған, қандай іс – беймәлім. Көпестерге жиырма мың кесек қазына дабысын алып және оның ақшасын құюға бұйырылған.

Желтоқсанның 25-і. Цзян-цзюннің бұйрығымен староста көпестерді өзіне жинап алып, қырық мың кесек қазына матасын екі мысқал күміспен алуға ұсыныс жасады, алайда көпестер бас тартты. Әбдірайым цзян-цзюннің түнде үкіметтің Іле өлкесінен .... күміс түменін жеткізуді талап еткені үшін жинады.

БАСПАГЕРГЕ ЖОЛДАНҒАН ХАТТАН ҮЗІНДІ

...Қазір енді аз да болса, Қазақ даласы жөнінде. Орта орда қазақтарының ясақ, яғни өз отарының анықталған бөлігін төлейтіні мәлім, дегенмен де, жылқы, қой және сол сияқтылармен табиғи өнім түрінде төлеу баяғыда-ақ ақшамен ауыстырылған. Бұл, шамасы, ең ұтымды салық, Англиядағы incometax*[1] тәрізді бір нәрсе, өйткені мүлікке шамалас бөлінеді. Бірақ, әттеген-ай! Іс жүзінде мүлдем олай болмай шықты. Бұл салықты жинардың алдында барлық малды санап шығу қажет, ал бұл мынандай түрде жасалады. Әр үш жыл сайын приказдардың мүшелері ауылдарда тізіммен жүреді, онда алдын ала малдың саны жөнінде ірі сандар қойылып қойған; кімнің мөлшерсіз ясақтан құтылғысы келсе, шенеунікке беруі тиіс болады, оның көрсетілген мал басын азайтуы үшін, ол мал басын негізінде санап шығу мүмкін емес. Бұдан тек приказдар мүшелері ғана емес, сонымен бірге облыстық басқармалардан алғашқы қатыстырылатын адамдар да өздеріне жағдай жасап алады, әсіресе, омбылықтар (семейлік губернатор Панов түрғысында жаман айтуға болмайды, ол толықтай адал адам). Ясақты үй басы салығымен, яғни киіз үй басы төлемімен ауыстыру көптен айтылып жүр, алайда омбы басшылығы мұны тиімсіз деп табады, бірақ, мысалы, бүкіл Кіші орда, яғни орынбор қазақтары, осы жүйемен салық төлесе де.

Дегенмен де, Кіші ордада да бұл мәселе жаман аяқталмайды. 1858 жылы, Катениннің далаға бармақ болып жиналған кезінде, салтанатпен қарсы алуды ұйымдастырмау туралы оның тыйым салғанына қарамастан, 60 000 сомнан аса күміс осы үсыныс түрғысында орданың бір ғана Батыс бөлімінен жиналған. Бұл ақшалар, айтып жүргендей, Орынбор облыстық басқармасына кетті және осы жөнінде тыңғылықты мәлімет алуға қызығушылық болар еді, мысалы, биограф-ориенталистен, ол қазір Орынбор қазақтары басқармасын басқарып отыр.

---

*[1] Яғни, *табыс салығы*.

Орынборға аяқ басқанда, басқа бір жартылай көшпелі, жартылай отырықшы байғұс халық – башқұрттар туралы еріксіз сөз қозғайсың. Олар бүкіл еуропалық Ресейдегі, витебск және белорус шаруаларынан басқа, ең байғұс адамдар екені мәлім. Олардың қайыршылыққа ұшырауын Обручевтен көреді, алайда бұл шындық емес. Обручев шыншыл қарт болған, егер де башқұрттарға салықпен ауыртпалық түсірсе, онда тек олардың жүтауына үлес қосты, ал оны мүлдем бастаған жоқ. Оларды кантондық басқарушылар және әскери басқарма жүтатуда. Бұл аймақтарда, мысалы, сақар жағатын жерде, башқұрт алым-салықтың үстінен тағы 1 сом күміс осы заттың әрбір бөшкесіне төлеуге тиіс болады, ал 15-тен 20 000 бөшкеге дейін өртейтін кантондар да бар.

Алайда тағы қазақ даласына ораламыз, ол жайында көп нәрсе айтуға болатын еді. Оның жүтауының екінші себебі казактармен байланысты. Бұл қарақшы халық өздерін қай жерде де танытып бақты, тек шаруалардан құралып қалыптасқан Кавказ (тораптық әскер) бен Забайкальеден басқасы. Білесіздер ме, қазақтарға олар қалай қарайды? Өте қарапайым. Оның барлық жеке меншігін казак өз меншігі тәрізді көреді де, қазақтың қойын алып кету, одан өгіз не жылқы ұрлап кету ерлік сияқты ғана есептеледі, басқа еш нәрсе емес; сондықтан офицерлер бұл үшін тіпті төменгі шендерге сөгіс те бермейді, өздері де ауылдарға жиірек шабуылдап тұрады. Тіпті өздеріне осы арқылы атақ жасап алған мырзалар да бар, мысалы, есаул Бутаков, подполковник Абакумов және т.с.с.

Подполковник Абакумов Қопал округін сол ордадағы аса қадірлі ақсақалдардың малын небары 8-10 бас қойы мен мінетін жалғыз мәстегі ғана қалғандарынша тонады. Гасфорт, оған дала жорықтарындағы пысықтығы үшін ұзақ уақыт бас иген, ақыры оны полк командирі және қапал қазақтарының бастығы орнынан алып тастады. Абакумов өз мансабын тіпті Кенесарының атақты уақыттарында, орыс жасағының даламен осы үгітшінің ізіне ұзақ түскен кездерінде-ақ бастаған. Олар мұны әдейі істеді, өйткені басшылыққа бірнеше жыл қатарынан әскерді қымбат азық-түлік және мал жемімен азықтандыруға тиімді болды. Бұл мырзалар бірнеше мәрте Кенесарыға, шамасы, ең мықты тұзақтан құтылып кетуге мүмкіндік берді. Ақыры, Кенесарыны өлтірген қара қырғыздар, оларды осы азық көзінен айырды. Сол кезде мейлінше тойынған, мысалы, Карбышев, Волков және басқалары, бекіністерге барып, сонда түрлі зауыттардың құрылысымен, мал саудасымен және сол сияқтылармен айналысты, ал Абакумов далада қалып қойды.

Қырғыздардың есебінен тұтас сібір әскері күн көрді деп айтуға болар еді.

Үлкен орда алым-салық төлемейді, бірақ олар да орыстардың «заңды түсіндіруін» талап ете бастады, яғни, олар малды

қандай негізде алатынын, мысалы, өгіздер мен түйелерді жұмысқа алып, жалдағаны үшін төлеу тұрмақ, тіпті сол малды өздеріне қалдыру жайын түсіндіруді айта бастады. Уәлиханов мырза өзі Батыс Географиялық қоғамында жариялаған мақаласында осыны өте күлкілі әрі мүлдем әділ сипаттады, мұнда тіпті кейбір түлғалар да аталған, мысалы, Тургенев сияқты, орда бастығының бұрынғы көмекшісі, әрі аудармашысы Бардашев, олар бүкіл қыс бойы Қараталда отырып, соңда кісі өлімін жасырған. Дегенмен де, нақ біздің өзімізге Үлкен орда жөнінде мәлім емес, соңдықтан әзірше басқа еш нәрсе айтпаймыз.

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

/6а/ **Тіл.** Тіл халықтардың басты ерекшелігі болғандықтан, қайсақты түркі тайпасына жатқызу керек.

Моңғол шабуылына дейін даланы мекендеген халықтар түркі тегінен болған және тағы олардың атаулары: қаңлы, қыпшақ және басқалары – қайсақ руларында қалған. XIV жүзжылдықта осы елдердің барлығының билеушісі болған моңғолдар, осы жергілікті халықтың тілін қабылдаған. Алайда, сонымен бірге олардың далаға ықпалы айтарлықтай зор болған. Олардың кейбіреулері моңғол тайпаларынан: керей, қоңырат және басқалары – күні бүгінге дейін қайсақ руларында ұшырасады. Демек, қайсақ – түркі мен моңғолдың араласы: ол біріншісінің тілімен сөйлейді де, екіншісінің келбетін алған.

Көненің барлық қалдықтары жөнінде: бейіттер, тастап кетілген егістіктер, диірмен тастары мен қалдырылған кен орындары туралы – олар Ресейге кеткен ноғайлардың жұмысы ретінде айтады. Демек, ноғайлар, немесе татарлар, сол уақытта аталғанындай, ордалықтар үстінен билікке ие болды және бұл түрғыда оған Едігенің бейіті жетерлік дерек, ол осы даланың түкпіріндегі Ұлытауда түр.

Моңғолдардың осындай ықпалында бола түрып, қайсақтар олардан түр-келбетпен бірге, бірнеше моңғол сөздерін де ала алмай қалмады, ол сөздерге аңдардың, нәрселердің, ал кейде етістіктері де, моңғолдың *ху* немесе *кю*-інің орнына қойылған өзінің қалыпты *мақ* немесе *мах* қосымшаларына ие бола отырып, олардыкімен бірдей дыбысталады.

Түрлі ордалардың қайсақтары тілдері жағынан ажыратылмайды. Алайда Үлкен орда қайсақтарының тілі ташкент (шағатай) тілінің ықпалымен кірген аздаған ерекшелікке ие, бұл орда аз уақыт ташкент және Қоқан иеліктерінде қоныстанды. Бұл, әсіресе, сұлтандарда – Абылай-ханның ұрпақтарында айрықша аңғарылады, олар, күмәнсіз, олар ташкенттіктермен көп соқтығысып, еріксіз оларға еліктеуге тырысты. Сұлтан сөйлескенде шағатай сөздерін қолданды, оны тыңдаушы – қарапайым қайсақтың түсінген, түсінбегеніне мән бермеді, ал

қатардағы қайсақ өз көсемдерінің мейлінше ұзақ монологын тыңдап, оған бұл түсінбейтін көп-көп сөздер айтқан сұлтанның ақылына қайран қалып бір шетке кетеді.

Жалпы барлық қайсақтар Қазан, Астрахан, Тобыл және Семейде мекендеген татарлардыкіне (ноғайлардыкіне) ұқсас тілде сөйлейді, өйткені олардың түпкі тілі ортақ – көне түркі. Қайсақ тілінің татарлардыкінен айырмашылығы әріптердің өзгерісінде болып табылады. Мысалы, *шин* (ш) әрпі үнемі *син* (с) әрпіне ауыстырады, мысалы, *байғуш – байғус*; *фи (ф), би (б)* және *пи (п)* әріптерімен ауыстырылады, мысалы, *фатыха – батыха* (патиха); дауысты әріп *яй (и),* сөздің басында келіп, үнемі джим әрпімен алдынан алынады, мысалы, *яйлау – джайляу*; *ю джу*-мен ауыстырылады: *юрт – джурт; чим (ч)* әрпі *– шим (ш): кулач – құлаш; кискач – қысқаш* және сол сияқтылар; екі *лам (лл)* өзгеріссіз қалмайды және соңғысы *даль*-ға *(д)* немесе *ти*-ге *(т)* өтеді, сөздің жуан не жіңішкелігіне қарай, мысалы, *алмалы – алматы; күреклі – күректі, ал* жіңішке *көзлі – көзді* және с.с.

/6б/ Тағы лям сияқты, сондай-ақ басқа да кейбір әріптердің қайта жаңғыртылуы бар, алайда мен бұл тілді тыңғылықты талдап-саралауды артық деп білемін, ал қайсақ сөздерінің акценті татар тілімен салыстырғанда, өте қатаң әрі дөрекі келетінін аңғарамын.

Үлкен орданың қайсақтары дауыстарын көтеріп және жылдам сөйлейді, бөтен үйреніспеген құлақ мүлде түсінбейді, бұл климат жағдайына байланысты болуы тиіс.

Қайсақ тілі, шығыс тілдерінің жалпы бағытымен жүре отырып, кейде шешен әрі өркениетті сұлтан тілінен ғана емес, қарапайым қайсақтың тілінен шығатын өз әдемілігінен мүлдем ажырамаған, бір қарапайым қайсақтың есі кірген тентек жөнінде қалай сөйлегенін өзім естідім: «Оның жаны жарық сәулені іздеп тауып, оған ашық күнге қарағандай үңіледі». Ол жан тыныштығы күйінің сипатын білдірді.

Үлкен орда қайсақтарының тілі туралы мақалама филологиялық ізденуге негізделген ғылыми маңыз беруге дәтім бармай, мен оны аз сөзбен қорытамын.

/7а/ [...] Үлкен ордаға орыс ықпалы жайылғанға дейін, қанша байқағанымыздай, өз тілінің сауатына байланысты білім қайсақтың мүлдем ойына келмеді және оны мазаламады. Ұқыпты ұлы сұлтан және қайсақ жалдамалы түрде өзінде ташкендік адамды ұстап, соған барлығын сеніп тапсырады. Алайда заман мен жағдайға орай, ордаға мекемелік басқарманың келуімен, қайсақтар оларға жазу мен оқуды білудің өте пайдалы екенін және оның екі түрғыдан пайдалы екенін түсіне бастады: біріншіден, қайсақ шала сауаттылардың ерекше ілтипатын пайдалана бастайды, олар мұндай адамдарды Молда сияқты басқаша атамайды және де сауатты не айтса

да, оның айтқандарының барлығы пайғамбар заңдарымен негізделген деп болжап, түгелін сеніп тыңдайды, пайғамбар заңдылығы, әрине, Молдалар тарапынан түгесіліп, ұғынылып қойған; екіншіден, жазу мен оқуды үйреніп, ол нәрселік пайдаға да иеленеді; өзінің мінажат кітаптарынан, түрлі дұға мен бойтұмарларды көшіріп жазу арқылы ол оларды қайсақтарға ешқашан тиімсіз жағдайда қалмай өткізеді.

Бұл білімді берудегі басты қозғаушылар деп бұрынғыға қарағанда, орыстардың мұнда саудамен көбірек пайда болуымен келе бастаған біздің саудагер татарларды мойындайтын болғандықтан, қайсақтар онда татарша оқып үйренеді. Аға сұлтандар, сауаттылықтың пайдасын түсініп, осы ағарту саласына табандылықпен қамқорлық танытады және мұны олардың ар-ұятына тапсыру керек, қазірге дейін де өздерінің ауылдарына сауатты саудагерді қызықтырып түсіргісі келеді, оған ғылым аясына өз балаларын ықыласпен береді.

Оқу мен жазуды үйренген сауатты қайсақ барлық кезде дерлік өз ауылымен сұлтанның маңына үйіріледі де, оның орыс басшылығымен қарым-қатынасында хат жүргізушісі ретінде пайданылады.

Ашық аспан астында дала төсінде туған қайсақ білімге қайбір көмекші құралдарсыз-ақ табиғаттың өзінің тарапынан әлпештелген. Алайда, осы жағдайларға қарамастан, қайсақ халқында қағазға жазылып алынбайтын, бірақ үрпаққа ауызша жеткізілетін, тілдің бірден бір байлығы ретіндегі өзінің поэзиясы мен әдебиеті бар. Олардың ән-өлеңдері, поэмалары мен ертегілері және сол сияқтылары бар.

Өлеңдер оларда екі түрге бөлінеді: салттық және жай өлеңдер. Соларды және басқаларын мен осы мақаланың соңында жеке үсынамын*[1].

Өлеңдердің жалпы сипаты қайсақ аузында даланың, мүсінді жылқы мен сұлудың әсерімен туды, сондықтан да қайсақ үнемі осы нәрселердің жанына үйіріле береді.

Қайсақтарда өлеңді бірыңғай еркектер, не бірыңғай әйел мен қыздар, немесе жас жігіттер қыздармен айтады. Үйлену тойларында әрқашан қыздар жігіттермен қосылып күйеу мен қалыңдықты мадақтап ән айтады және де үнемі аз-маздаған сыйлық алады, дәріптелгендердің жомарттығына қарай, алайда мен бұл туралы өз кезегінде айтамын.

Қайсақтар әнді бірнеше дауыста айтқанды ұнатады, бірақ дыбыстардың үйлесіміне аса мән бермейді. Оларға бәрібір, айтылса және соңында тыңдармандардың әншілерді соншалық қатты қанаттандыратын қолпаштаушы одағай — чауы болса болғаны.

---

*[1] Ш. Уәлихановтың мұрағатында сақталған қолжазбаларда ешқандай қосымша жоқ.

Поэмалар. Үлкен орда қайсақтарында, басқа да қайсақтардағы сияқты, өзінің қызықтылығы жағынан әлі айырылмаған жалпы түтас поэмалар бар. Олар, сондай-ақ домбыраның, балалайканың сүйемелдеуімен де айтыла береді де, жай ғана құралмайды. Мен Баян сұлудың өзінің өліп жатқан Қозы Көрпешінің кеудесіне қанжарды қойып, өзі оның үстіне құлап жатып өлгені туралы естідім.

Осы екі ғашықтың бейіт*[2] ескерткіші Аягөздің оң жақ жағасында, Қызылқия бекетінен он шақырым жерде, Семейден Қапалға баратын жол бойында оңтүстікке қарай, жолдан бір жарым шақырымда, өзеннің оң жағында. Ол пирамида*[3] түрінде жай жабайы тастан, балшықпен салынған. Ескерткіштің биіктігі 7 аршын, оның түрі төртбұрышты сондай призмадағы пирамидаға келеді; оның іші бос, пирамида жоғары жағынан күмбез түрінде дөңгеленген; айналасына тізе бүгу үшін баспалдақтар қойылған; есіктері оңтүстікке қараған, ал терезе қуыстары – батысқа.

Ескерткіштің аяқ жағында граниттен салынған алқаларымен төрт мүсін тұр; олардың ішінде біреуі қалған барлығынан биік, басы жоқ. Қайбір тапқыр қайсақ бұл Қодардың мүсіні деп айтады, оның басын құдық түбінде отырған шайтан тістеп жұлып алған дейді, алайда бұл сөз қисынсыз: басы әлдебір орыс наданның тарапынан сындырылған, ал Қодардың өзінің жеке қабір бағанасына қойылған өз мүсіні бар.

Мен оқырмандар бұл поэманы жақында түтастай өз алдарында көреді деп ойлаймын; бір ғалым сібірлік ориенталист басқалармен қатар, осы саламен көптен айналысып келеді және де шамасы, ориентализм табынушыларын соншалық қызық еңбегімен тамсандырады.

Тағы да маған қайсақтардың әңгімесі бойынша, «Ноғайлы» поэмасы белгілі, ноғайлылардың осындағы көші, біздің ішкі губернияларымызға қоныс аудару себептері мен олардың барлық іс-әрекеттері туралы шымыр әңгімелейді. Бұл поэмамен сәті түскен қолайлы жағдай туғанда тыңғылықты түрде шұғылданамын.

Бұл екі поэманы да қайсақтар проза түрінде де әңгімелейді. Поэманы жырлаушыларды өлеңдерде «ақын» деп, ал прозамен әңгімелеушілерді – *«ертекшілер»* атайды.

Барлық поэмалар ауызша ұрпақтарға мирас етіледі және өз поэзиясының құпияларымен әлі көзі ашылмаған сауатты қайсақ барлығын қағазға түсіруге назар аудармайды.

Олардың поэмалары соншалықты ұзақ, оларды айтып шығу үшін кейде төрт күн керек болады.

Поэмаларды жырлаушылар мен әңгімелеушілер ауылдан ауылға домбырасын алып теңселіп, ел кезген, негізінен тек

*[2] Ш. Уәлихановтың қолымен қойылған.

осы іспен дерлік айналысатын ақындардан басқа ешкім де емес.

Импровизация және импровизаторлар. Қайсақтар суырып салып айтудың шеберлері. Импровизация жай ғана «өлең» деп аталады, ал суырып салып айтушы – «өлеңші» немесе «ақын», әділетшіл. Қабілеттілік жағынан ар-ұятты импровизаторлар өте аз.

Дала импровизациясының мазмұны, мәні мен сипаты ешқандай ерекшелігімен ажыратылмайды: үнемі осы өлең арналып айтылған тұлға мақталады да, тым аңғал суреттеледі. Байды мадақтаудағы қиялы үшқыр, ол оны бүтақты алып терекке, қайыңға, т.с.с. теңейді. Оның сұлулығын айту үшін, оны таза алқызыл шұғамен салыстырады; жүрегі мен жанын мадақтауда ақсұңқар құсты атайды, батырлығын – асау жылқыға, жолбарысқа, т.с.с. теңейді. Халық алдында жырланатын кез келген мадаққа оңай берілетін қайсақ, әсіресе, өз домбырасының шектерін мән-мағынасыз сабалап, өз импровизациясын речитативті әуендеткен ақын мақтауы кезінде еріп кетеді. Ақын өз импровизациясын көзбе көз ешқашан орындамайды: оған жырға бөленетін кейіпкерден басқа, оның үшқыр қиялын сезінетін, кейде күлкімен, ал кейде айғаймен үздіксіз жиі шабыт беретін көпшілік керек, ал сол уақытта импровизатор атақ-даңққа бөленіп, батырды жырлаумен бірге, тыңдармандарға өзінің бүкіл қайсақ халқындағы бірінші ақын екенін және де оның атағы мен дарынды шешендігі бүкіл ордадағы тыңдармандарды, күмәнсіз, қанағаттандыратынын да аңғартып өтуді ұмытпайды.

Маған қаншалықты мәлім, ақындар өте өндіріп айтумен бірге, мадаққа сараң емес; олар балалайкамен бес-алты сағат қатарынан бір адамға арнап өлең жырлауға дайын және де сөз іздеп қалтасын қарманбайды, ал жай қайсақтар оны күндер бойы тыңдауға әзір.

Мадақтауды аяқтап, ақын өзі жырлаған тұлғадан марапат күтеді. Аса құнды емес сыйлық алып (байлар кейде өз жомарттығы тұрғысынан мақтаншақтық пен атаққұмарлықтан жылқы да мінгізеді), қайсақ ақыны ретінде жүзінен қанағаттанбаушылықты танытпай, қайтадан жырлауға көшеді, алайда сыйлық берген адамға разылығын емес, өз көңілінің толмағанын, жыр арналғанның сарандығына меңзеп, күлкімен келекелей отырып, жалпы тыңдармандарды күлкіге кенелтеді. Жаны жұмсақ адамдар оның сарандыққа меңзеуіне төзе алмай, мазақтан кейін бәріне қанық ақын ол туралы білетіндерінің барлығын түтас әлемге жария етеді деп қауіптеніп, еріксіз ақынға жақсы сый-сияпат көрсетеді.

/116/ Мен Үлкен ордадағы екі айтулы ақынды білемін, олар қабілет, икеміне қарай өздерін осыған арнаған. Оларды халық қатты қадірлейді де, өз импровизацияларын қайсақтар-

дың жиын-тойларында – ас пен бәйгелерде айтады әрі кез келген қайсаққа емес, таңдау бойынша да жырлайды. Бұл ақындардың екеуі де қоғамдық той-жиындардан қалмайды және олардың онда бару мақсаттары соншалық қалта мүддесін көздегендіктен емес, өз істеріне сүйіспеншіліктің салдары, vis-a-vis отыру ниеті және өз қиялдарының үшқырлығын жарыстыру, халықтан өз тапқырлықтары мен үшқыр ойлары үшін атақ алу. Бұл жағдайда қайсақтар өз руларының ақсақалдарын жоғары көтеріп жырлаушы тілі тәтті ақынды өз руларының өкілі ретінде қабылдап, екі топқа бөлінеді. Әнжыр дуэттермен*[3] үйлеседі, онда әрбір ақын-импровизатор, өзіне қарсылас-ақынды тірідей шымшып, әрине, балалайкамен жырлайды, қарсыласы да өз сөзінің бар күшімен, өз қызыл тілімен қаруланады және қайсақтық өзімшілдік пен тәкаппарлықты терең қозғайтын бұл дуэттің соңы жоқ. Бұл ақындар көпшілік жағдайда жеке-жеке айтады және де менің айтып өткенімдей, қайсақтар олардың кеңестерін зор құрметпен тыңдап, іске асырады.

Мен басқалармен бірге екі ақынның дуэті мен импровизацияны да осы мақаланың соңында*[4] алға тартамын.

Ертегілер. Қайсақтар кешке қол бос кезде ертегілер айтады, олардың айрықша ешнәрсесі болмаса да, алайда олардың сонда да қайсақ үшін үшқыр ойлы ата-бабаларының қиялымен жасалып, үрпағына қайсақтың қайбір батырлығын, ал кейде түтас рудың да ерлігін жеткізген жалпы қызықшылығы бар. Ертегінің, біздің де халықтағы сияқты, өз алыптары, батырлары мен темір қолды, мыс саусақты құбыжықтары бар; адам кейпіне енген шайтандар да бар, олардың шындықта бар екеніне сенетін тыңдарманды дүр сілкіндіретін барлық қорқынышты жайттарды мұнда ойдан шығарылды деп әсте күдіктенбейді. Сказка «ертегі» деп, ал әңгімелеуші «ертекші» деп аталады. Ертегінің сипатын, мәнісі мен рухын жете ұғыныпуы үшін мен өзімде бар ертегілердің бірін ұсынамын*[5].

Мақал-мәтелдер мен жұмбақтар. Қайсақ тілінде олардың мінезін, болмысын, жалпы халықтық сипаты туралы сондай айқын түсінік беретін мақалдар бар, әрине, олар орыс адамының жанына тиетіндей соншалық өткір, қысқа әрі нұсқа емес, алайда олардың ішінде кейбіреулерінің өте керемет екенін мойындауымыз керек. Алға ұсынылатын мақалдардың ішінде кейбіреулері алғашқы бетте қайсақпен таныс емес адамға соншалықты түсінікті емес, күңгірттеу әрі ешбір мәнмағынасыз сияқты көрінгенмен, осы халықтың өз тілінде өте

---

*[3] *Шеткі сызықтарда Ш. Уәлихановтың белгісі:* «Бұл, білмекке аса құмарлық, мүлдем дуэт емес!»

*[4] Қолжазбада қосымша жоқ.

*[5] Қосымша жоқ.

орынды әрі өткір. Олардың көне болуы мүмкін, бірақ «Өгіздің мойны жаман, ал орыспен әзіл жаман» мақалы дала үстінен біздің ықпалға ие болған кезімізде туғанын анық айтып тұр.

Мақалдардың көпшілігі, біздің ескі орыс әндері тәрізді, теріс теңеу, салыстырулармен басталады, ал олардың кейбіреулері орыс тіліне аударғанда мән-мағынасын жоғалтады, мұндай мақалдар ауыспалы мағынасына қойылмаса, оны тіпті түсіну де қиынға соғады.

300-дей мақал жинаған мен оларды қуана-қуана осы кітаптың соңында ұсынамын*[6].

Кез келген жібі түзу би мен сұлтан мақал-мәтелдермен әуестеніп, қайсақпен сөйлескенінде өзінің бар сөзінде дерлік мақалды жаудыруға тырысады. Бұл оларда ақылды, іскер және би, әділқазы болуға әбден лайық адам ретінде танытады. Мақалдардың кейбіреулері олардың тіліншe өте өткір және де өткірлікті өте тәуір көріп, соның пайдасына ыңғайланған қайсақ іскер адам тапқырлыққа көбірек салмақ салу үшін өз түсін сабырлы қалыпқа келтіріп, мақалдың қайбір ащы, өтімдісін жіберген кезінде күлкіден жарылады.

Қайсаққа, әдетте, біздің орыс мақалдары ұнайды және өз ауылдасына айту үшін, ол, әсіресе, жанына жаққанын сол қалпында ашкөздікпен жаттап алуға тырысады. Біздің жұмбақтарға олар таңырқайды, себебі олардың түсінуі мен саралауына еш келмейді. Олардың өз жұмбақтары да бар, бірақ олар өте әлсіз, ұзын әрі тым айқын. Қайсақтың тіліне жұмбақтың мән-мағынасы оралады, алайда ол өзінің ұғымдарға байланысты әлсіздігі мен орамсыздығына сәйкес оны ұзақ уақыт саралап, түсіне алмайды, ал кейде мүлдем талдаусыз қалдырады. Міне, түйені жасырудың үлгісі мынандай: азан шақырғандай даусы бар, қазандай қарны бар, ұрымы тамшыдай, ал құйрығы қамшыдай. «Тап бір егіз қозылардай, екеуі де сүйексіз» — әйелдің омырауы.

Қайсақ шешендікте кейде мақалмен айналыспай, өзінікін шығарады. Оларда өз анекдоттары (хикаят), тіпті жаңылтпаштары бар, оларды жиі қайталау барысында тәжірибесіз адам барлығының күлкісін келтіріп, дөрекілеу сөз айтады.

* * *

/1а/ [*Поэзия*]. Қырғыз поэзиясы жақсы сақталған, әсіресе мүләйімдіктен ада, отырықшы халықтай тым сыпайылық танытпайды.

Поэзия барлық кезде халықтың өмір салтымен байланысты болады, алайда барлық кезде қайырымдының жақсылығы мен жауыздың надандығын бейнелейді. Сондықтан көшпенді ха-

*[6] Қосымша жоқ.

лықтың өмір салтына және қырғыздардың болмысына үңілу қажет.

/1б/ Егер біз қырғыздың көшпелі тұрмысымен танысатын болсақ, бізге оның еркіндіктегі өмірі ұнайды; сіздің де осы тұрмысты, осы өмірді өз оқырманыңызды далаға әкеліп, олармен аз да болса, бірге көшу мақсатында қызықтыру үшін сипаттағыңыз келер еді. Неліктен қызықтырып жазбасқа, қарапайым тілмен шындығында не көргеніңізді тыңғылықты жазсаңыз болды; осы арқылы оқырман автор көргенді көреді.

Сондықтан да біз өлең, ертегілер мен мақал-мәтелдер қырғыз тұрмысын көркемдендіру мақсатымен жазылуы мүмкін тұтас кітаптарға қарағанда, оқырманға даланы мейлінше тамаша, ғажап түрде танытады деп ойлаймыз.

Бір ертегіде бүркіт құралай терісін жамылып, сол күйінде құралайдың үйірін қуған аңшыны нағыз құралай екен деп алып кетеді. Басқа біреуінде – кемпір жарылып кеткен жерді жамап отырады. Сіздер осы өзгеше ғажайып әлемге сенесіздер, сіздің осы сиқырлы далада оның перзенттерімен бірге көшіп-қонғыңыз келеді!

Қайсақ ертегісі, әдетте ұлан-ғайыр далада бір бай, яғни оның соншама көп малын жазықта айдап келе жатқанда, сол жерде өрт жалмағандай бір тал шөп қалмаған деп басталады. Ары қарай ертегі кейіпкерлерінің бастан өткізген түрлі оқиғалары баяндалады. Кейбіреулерінде орыс ертегілеріндегі сияқты қорқынышты құбыжықтар үшырасады: далада алып тауларды соғыстырған алыптар – қайбір у-шу сабылыс. Қайбір ертегілер, олар орыстарда поэма аталады, дала поэзиясының шындығына толы. Олардағы қиял біздің сенімімізге нұқсан келтірмейді, өнер алдында өтіріктің бөтен адамдарда құлағы іспейтіндей ғажайып бейнеленуін бағалайды.

/3а/ Соңында, ертегілердің тағы бір түрі бар, оларға орыс әдебиетінде «сатиралық» деген атау берді және оларда ақымақтық, алдамшылық пен сол азиялық жарамсыз қылықтар бейнеленеді. Олардың бірі «Жантай мен оның ағасы туралы» ертегіні мен осында ұсынамын*7.

Ертегілердің орташасы өте сирек, олар көне заманнан жеткізілген поэтикалық аңыздар. Олардың кейбіреулерінің, Қозы-Көрпеш және Едіге тәрізділерінің негіздемесіне көне молалар бар, біріншісі – Аягөздің оң жақ жағасында, Петропавлдан Құлжаға баратын керуен жолының нақ бұрылатын жерінде. Екіншісі – Ұлытау тауының екі биігінің бірінде. Бұлардан басқа, мен Үлкен ордадан «Әджіғаміл» ертегісін естідім, аты ғана мәлім тағы бірнешеуі бар. Бұл ертегілер өлең деп аталады.

/3б/ Қайсақ импровизаторлары ақын жөніндегі біздің

*7 Қосымшасы жоқ.

түсініктерімізді өз бойында қамтымайды. Онда жұпыны киімнің астында жалған тәкаппарлық пен рух тәуелсіздігі жасырын жатпайды, керісінше, оның импровизациясы қайбір байға жарамсақтанудан тұрады да, мақсаты алқызыл шұғаның кесегі мен т.с.с. алуға бағытталады. Ол, өзінің дарынына қарамастан, оған сұлтандардың өздерінен де жоғары марапатталатын құндылық ретінде қарамайды, керісінше, оған сый-сияпат олжалау үшін берілген кәсіп ретінде қарайды.

[Ш. Ш. Уәлихановтың ескертпелері]

/4а/ Бұл жазбаларда өте қызықты жайттар, бірнеше деректер бар; оның есесіне жалпы көзқарас тым үстірт. Автордың сыни идеялары, тарихи зерттеулердегі талпыныстары ортаазиялық мемлекеттер тарихы мен қазақ аңыздарын мүлдем білмейтіндігін көрсетеді. Автор қолжазбасының әлсіз ғылыми танымдық ілім теориясына, өзіне еуропалық көзқарас дарытуға ұмтылысы және соңында, қырғыз өмірінің көлеңкелі жақтары туралы әңгімелердегі мысқыл леп — мұның барлығы бізге шамадан тыс жағымсыз әсер қалдырады. Автордың «Война[*8]» мақаласында ордаға казактар тудыратын үрейге неліктен мәз болатынына таңданамыз? Автордың сібір казактарын көкке көтеретін ерекше ыстық ықыласына қарағанда (және оның мүлдем әділетсіз екенін мойындауымыз керек), оның өзінің де Сібір жаулашыларының бірінен шыққан ба деп шамалауға болады. Жалпы, оның көзқарастары мен түсініктері толықтай қазақтікі.

[*8] Бұл бөлім, ғылыми құндылыққа ие емес бөлім ретінде құрастырушылар тарапынан алынып тасталды.

ТҮСІНДІРМЕЛЕР

ШОНА БАТЫР

(XVIII г. авантюрисі)

УШЖ (Уәлиханов шығармаларының жинағы) мәтіндері бойынша – т. 1, 1961, 431 – 436 б. басылды. Алғаш рет Н. И. Веселовскийдің (ЗРГООЭ – Записки Русского географического общества по отделению этнографии / ОГҚЖ ЭБ – орыс географиялық қоғамының жазбалары этнографиялық бөлім бойынша) редакциялық басқаруымен шығарылған Ш. Уәлиханов Шығармаларында жарияланған. В.И. Вербицкийдің «Народные легенды кузнецких телеутов» (1858 ж.) жұмысына жасалған сілтеме жұмыстың жазылған уақытын 1860 жылдан ерте мерзімде көрсетудің мүмкіндік еместігін дәлелдейді.

[1] *Дабашы* (Дабачи, Даваци) (XVIII ғ.) – Севан-Рабдан руынан шыққан мәртебелі жоңғар князі, Жоңғариядағы хан тағына үміткерлердің бірі.

[2] *Әмірсана* (1757 ж., қыркүйекте қаза болған) – Жоңғар хандығындағы ықпалды феодал, батыс моңғолдардың үлт-азаттық қозғалысында (1755 – 1758 ж.ж.) маңызды рөл атқарған. Қалдан-Серен хан қайтыс болғаннан кейін (1745 ж.) Әмірсана хан тағына иеленбекші болды. Басқа үміткерлердің тарапынан болған қарсылыққа ұшыраған ол көмекке манжур-қытай әскерін шақырды. Алайда, манжурлердің Жоңғар хандығын жойып жібергісі келетіндеріне көзі жеткен Әмірсана манжурлерге қарсы халық көтерілісін басқарды, ол көтеріліс аяусыз жаныштады. Әмірсана Ресей аймақтарына қашып, сонда кешікпей қайтыс болған.

[3] *Қарасақал* (Қара-хан) – Башқұрттың Ресейге қосылуына қарсы бағытталған реакциялық сипаттағы 1740 ж. башқұрт көтерілісінің басшысы. Көтеріліс басылып-жаныштағаннан кейін Қарасақал Қазақстан жеріне кетіп, Қарқаралы аймағында Қазбек биден бас сауға тапқан. Қазбекпен жауласқан қазақ феодалдарының қастандығынан қауіптеніп, Қарасақал тез арада Қарқаралы өңірін тастап, Қара Ертіске өтіп, осында жаңадан қорғаныс – наймандардың ықпалды жауынгері Қабанбай батырды тауып, сонда өле-өлгенінше қалған. Қара.: Башқұрт АССР-і тарихының материалдары, т. III, – Л., 1949, 524 – 539 беттер; *Р. Игнатьев.* Карасакал, лже-хан Башкирии. Труды научного общества по изучению быта, истории и культуры башкир при Наркомпросе БАССР, вып. 2. Стерлитамак, 1922, 38 – 66 беттер.

[4] *Шона* (Шоно-Лоузан) – ойрат ханы Севан-Рабданның еділ қалмақтарының ханы Аюке-сетерджабтың қызымен некесінен туған ұлы. XVIII ғ. 20-жылдарының ортасында Қалдан-Сереннің қолынан өлу

қаупімен еділ қалмақтарына қашып барып, сонда 1732 ж. қайтыс болған. Қара.: В. А. Моисеев. Дело Шоно-Лоузана. – Общество и государство в Китае. Тезисы и доклады XIV научной конференции. М., 1982.

[5] *Қабанбай* (XVIII ғ.) – белгілі қазақ батыры, жоңғарлармен болған соғыс көсемдерінің және ұйымдастырушыларының бірі. Ол туралы көптеген нұсқалары бар батырлық эпос сақталып қалды. Оның тізімдерінің бірі ЛО ИВ АН СССР (Ленинград)-та, проф. И.Н. Березиннің мұрағатында (ф. 5, оп. 1, лл. 174 – 177) сақтаулы. (Қара.: «Қазақ әдебиеті тарихы» Алма-Ата, т. 1, 1948. 308-бет; «Қабанбай батыр жыры». РОБАН / ҒАККБ – Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба бөлімі, № 996 – 999; С. Аманжолов, Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, 52-бет).

[6] *Комовщиков* – дұрысы – Котовщиков.

[7] *Барақ* (1750 жылдар шамасында қаза болған) – Орта жүздің ықпалды сұлтандарының бірі. 1723-1730 жылдар кезеңінде жоңғарларға қарсы соғыста қазақ халқының тізе біріктіруінде басшылық жасағандардың бірі. Қара.: Барақ-батыр (С. Сарыбаевтың халық аңыздары бойынша жазбалары). ҚазССР ҒА ККБ, № 1084.

[8] *Вербицкий Василий Иванович* (1827–1890) – этнограф, миссионер; нижегород семинариясын бітірген, содан кейін Алтайда жергілікті тайпалар арасында тұрып, оларды христиандыққа айналдырумен шұғылданды. Вербицкий алтай тұрғындарының тілі мен тұрмысын зерттеді, соның негізінде «Алтайские инородцы» (Алтай бұратаналары), «Краткая грамматика алтайского языка» (Алтай тілінің қысқаша грамматикасы), «Словарь алтайских и аладагских наречий тюркского языка» (Түркі тілінің алтай және алатау наречиелерінің сөздігі) еңбектерін жариялады.

[9] *Алексей Михайлович* (1629–1676) – Романовтар әулетіндегі екінші патша, I Петрдің әкесі.

[10] *Аюке-хан* – еділ қалмақ-торғауыттарының ханы (1709–1721 ж.ж.).

«ТАРИХИ-РАШИДИ»-ден

УШЖ (Уәлиханов шығармаларының жинағы) мәтіндері бойынша – т. 1, 437 – 450 беттері – басылды. Мұхаммед Қайдардың «Тарих-и Рашиди»-інен қысқаша үзінділер, қолжазба түрінде сақталған екі үзіндінің бірі «Т.–Р.-ден үзінді» деп, ал екіншісі «Тарихи-Рашиди» деп аталады (КСРО ҒА Мұрағаты, ф. 23, оп. 1, д. 11, лл. 1–2об., 7–7 об.; д. 10, л. 11–11об.). Қолжазбаның шимай нұсқасы да бар (ЦГАЛИ – Центральный Государственный архив литературы и искусства (Москва) / Әдебиет пен өнердің Орталық Мемлекеттік мұрағаты (Мәскеу), ф. 118, оп. 1, д. 490, лл. 375–376). Үзінділер еркін аударма түрінде танылады және «Т.–Р.»-дің парсы және түркі мәтіндерінен алынған үзіндісі Ш. Уәлихановтың түсініктемесімен берілген. Жұмыс, шамасы, Петерборда 1860 ж., Уәлихановтың Қашғардағы сапарынан оралғанынан кейін жазылған.

[1] *Мухаммед (Мухаммед) Садық Кашгари* – оның «Тазкира-и 'Азизан» («Әулиелердің өмірбаяны») еңбегінің қысқартылып өңделген түрі болып табылатын атақты «Тазкира-и Ходжаган» тарихи шығармасы-

ның авторы. Үйғыр тілінде жазылған екі еңбегі де 1768–1769 жылдары аяқталған.

Уәлихановтың пікірі бойынша, бұл еңбектер Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди»-дің жалғасы іспеттес.

«Тарих-и Рашиди»-дің парсы тіліндегі түпнұсқасынан аударылған шағатай тіліндегі жақсы аудармаларының бірі тағы Мұхаммед Садық Қашғаридің қаламынан туған; 1855 ж. тізім ЛО ИВ АН СССР / КСРО ҒА ШИ ЛБ – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, Ғылым Академиясы Шығыстану институты Ленинград бөлімінде 590 d шифрімен сақтаулы.

[2] *«Тарих-Табари»* («Тарих-и Табари» تاریخ طبری) – арабтардағы танымал тарихшы Әбу Джа'фар Мухаммед ибн Джарир ат-Табари (923 ж. қаза болған) құрастырған белгілі «Тарих ра-русул ва-л-мулук» («Пайғамбарлар мен хандардың тарихы») атты көптомды жалпы тарихтың қысқаша баяндамасы. Парсы тіліндегі аудармасы мен өңделуі самани билеушілері 'Абд ал-Мәлике ибн Нүх (954–961 ж.ж.) пен Мансүр ибн Нүхтың уәзірі Әбу 'Әли Мухаммед ибн Мухаммед Баламиға тиісті.

[3] *«Тазкиряи-Ходжаган»* (Тазкира-йи Ходжаган) – қара. Жоғарыдағы 1-түсініктеме.

[4] *Сұлтан Махмуд, Жүніс-ханның ұлы* – осы басылымның 27-бетіндегі Жүніс-ханның генеалогиялық кестесін қараңыз.

[5] *«Зафар-наме»* – «Жеңістер кітабы», Темірдің әскери жорықтарының тарихшысы Шараф ад-дин 'Әли Йаздінің (1454 ж. қаза болған) шығармасы; жорықтар кезінде басқыншыға ілесіп жүрген мүншылар (хатшылар) жазған ресми хабарламалар негізінде құрастырылған. Парсы тілінде жазылған бұл шығарманы 1425 ж. оның авторы Темірдің ізбасары Шахрухқа әкелген, сол уақыттан бері тарих ғылымында кең танымалдылықпен пайдаланылып келеді.

[6] *Куча* (басқаша Кусан, не Кучар) – Шығыс Түркістандағы қала, Ақсудан Қашғарға және Түрфанға апаратын жолда.

[7] *Түлек* – Мұхаммед Қайдар атаның ағасы. Қара.: Моғол ұлысы құшбегінің немесе Жетенің генеалогиясы (ААН / FAM – КСРО Ғылым академиясы мұрағаты. ф. 23, оп. 1, д. 1 об.); осы басылымның 15–16 беттері.

[АЗИЯ КАРТАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР]

К. Риттердің «Жалпы жер туралы іліміне» Азия атласы

УШЖ (Уәлиханов шығармаларының жинағы) мәтіндері бойынша – т. 3, 187 – 188 беттері – басылды. Қолжазба FAM-ында сақтаулы, ф. 23, оп. 1, д. 11, л. 19.

Ішкі Азия картасы

УШЖ (Уәлиханов шығармаларының жинағы) мәтіндері бойынша – т. 3, 188 беттері – басылды. Қолжазба FAM-ында сақтаулы, ф. 23, оп. 1, д. 11, л. 9. Картографиялық материалды Петерборда Ш. Уәлиханов Бас штабтың тапсырмасымен Орталық және Орта Азияның картасын құрастырумен айналысқан кезінде жинаған.



[Жапония картасы туралы] жазба

УШЖ мәтіндері бойынша – т. 3, 188–190 беттер, түпнұсқаның (сонда, 189 б.) факсимилі бойынша В. Н. Настичевтің жөндеп, қосымша түсініктемелермен толықтыруларымен басылды. Қолжазба ҒАМ-ында сақтаулы, ф. 23, оп. 1, д. 11, л. 25; француз тілінде, Ш. Уәлиханов түсініктеме мәтіннен Жапонияның бас картасына көшіріп жазған. Осы жазба алынған дереккөз көрсетілмеген. Қолжазбаның күні Ш. Уәлихановтың Петерборда болған уақытымен белгіленген.

[1] *...Фитц[у] провинциясындағы Митодан* – Мито қаласы – Ибараки (Хонсю аралында) префектурасының әкімшілік орталығы; провинцияның ескі аты Митодан 30 шақырым солтүстікте орналасқан Хитати қаласының атауында сақталып қалған.

[2] *Анье жылдары* (француздық түпнұсқасында Алуее) – анығырақ *анъэй*; Жапонияда қабылданған «девиздер» (ақпан 1772 – сәуір 1781ж.) жүйесі бойынша заман (эра) атаулары.

[3] *Йедо* (Йеддо, не Эдо) – Токио қаласының ескі аты, 1869 ж. император Муцухито тарапынан қысқартылған.

[4] *Сацума (анығырағы: Сацумо)* – Кюсю аралындағы түбек, қазір Кагосима префектурасына енеді. Көрсетілген координаттарға қарағанда, Жапонияның картасы тек Кюсю, Сикоку және Хонсю аралдарының аумағын ғана қамтыған; Хоккайдо аралы мен Осуми бұғазының оңтүстігіндегі барлық аралдар белгіленген бойлықтан тыс жатыр.

[5] Түпнұсқада *Микава* сөзінің үстінен k әрпі қойылған – түсініксіз жазылған сөздегі осы әріптің оқытуын анықтау үшін қойылғаны күмәнсіз.

[6] Келтірілген тізім Жапонияның XIX ғ. аяғында Муцухито кезінде ескі провинциялардың префектураға өзгертіліп құрылған кезінде жүргізілген реформаға дейінгі топонимикалық тізімдемесін танытады да, елдің қазіргі кездегі әкімшіліктік бөлінуімен мүлдем сәйкес келмейді. Тізімдегі атаулардың жартысы фонетикалық және орфографиялық тұрғыдан нақтыланып берілмеген (мыс., Кавати орнына *Каваци*, Хида орнына *Фида*, Сайкайдо орнына *Сайниндо*, Харима орнына *Фарима* және басқалары); олардың ішінде кейбіреулері мүлде күмәнді, өйткені келтірілген топонимдердің көпшілігі толықтай немесе жартылай дыбысталуы жағынан өзен, тау, арал, бұғаздармен және т.с.с. сәйкес келеді де, соған орай тарихи ғана емес, физика-географиялық тізімдемені танытады.

[7] «Жетінші» ірі облыстар провинцияларының тізімі түпнұсқада берілмеген; ол істе сақталмай қалған келесі беттен орын алуы тиіс еді.

[Бабырдың «Жазбасы» және Кятиб Челебидің «Жаһан-намесі» бойынша Орта Азия картасы]

УШЖ (Уәлиханов шығармаларының жинағы) мәтіндері бойынша – т. 3, 191 бет – басылды. Қолжазба ҒАМ-ында сақтаулы, ф. 23, оп. 1, д. 17, л. 49. Екі тілде (түркі және орыс) жазылған және Орта Азияның сызба картасын танытады, онда Каспий мен Арал теңіздерінің, Балқаш пен Ыстықкол көлдерінің контурлары берілген, Шу, Сырдария, Әмудария өзендері, Кабул және Үргеніштен Қашғарға дейінгі және Түркістаннан Пянджаға дейінгі қалалар көрсетілген.

Мәтінде «Жаһан-наме» шығармасы мен Бабырдың «Жазбаларына» сілтеме мен олардан алынған қысқаша үзінді орыс тіліндегі аудармасында беріледі.

Сібір картасы

УШЖ (Уәлиханов шығармаларының жинағы) мәтіндері бойынша – т. 3, 192 бет – басылды. Қолжазба ҒАМ-ында сақтаулы, ф. 23, оп. 1, д. 11, л. 18 об.

[«Сібір хабаршысынан» көшірме]

УШЖ (Уәлиханов шығармаларының жинағы) мәтіндері бойынша – т. 3, 193–194 беттер – басылды. Қолжазба ҒАМ-ында сақтаулы, ф. 23, оп. 1, д. 11, л. 5. XVII – XVIII ғ. Қытай, Бұхара және Ташкентке орыстар тарапынан қабылданылған сапарлардың уақыты мен бағыты жөнінде қысқаша үзіндіні қамтиды.

Қара-Кем өзені

УШЖ (Уәлиханов шығармаларының жинағы) мәтіндері бойынша – т. 3, 195 бет – басылды. Қолжазба ҒАМ-ында сақтаулы, ф. 23, оп. 1, д. 13, л. 41 об. Ш. Уәлихановтың Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір карталарын құрастыру үшін дайындаған жазбаларының бірі ретінде танылады.

Қырғыздардың ескі уақыттардағы сауыт-саймандары және олардың әскери қару-жарақтары

УШЖ мәтіндері бойынша – т. 1, 463–468 беттер – басылды. Жұмыс 1861 жылдан кеш жазылмаған. Алғаш рет ОГҚЭБЖ-ында жарияланған, т. XXIX, Спб., 1904, проф. Н. И. Веселовскийдің редакциялық басқаруымен; Ч. Валиханов. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958.

[1] *Ырғай* – көк шешекті, үшқат.

[2] *Наркескен* – қисық өткір кескіш қылыштың түрі. Оларды қазақтардың өздері де аз жасамаған.

[3] *Селебе* – үш жағы сәл иілген түзу қылыштың түрі. Шабуға арналған өткір қару, ұзындығы 1 метр, жүзінің ені 5 см-ге дейін.

[4] *Жекеауыз* – қалыбы жағынан селебе сияқты, бірақ ұзындығы едәуір қысқа қару. Жекеауыз – қанжардың түрі.

[5] *Найза.* XVIII ғ. және XIX ғ. бірінші жартысындағы қазақ найзаларының үлгілері бізге дейін жетті, қазір олар Алматы қаласының Республикалық мұражайында сақтаулы. Найзаның өлшемі: ең қысқалары (аңшылық) – 150 см, ұзындары (әскери) – 195 см. Екі түрінің де жуандығы – 3,5 см.

[6] *Сауыт бұзар* – жебенің үшы моңғол уақытынан қалған үлгімен ромбтиптес келеді.

[7] *Қозыжауырын* – үшы ромб типтес келетін жебенің түрі, қалыбы жағынан кішкентай жауырынды еске салады. Сауыт бұзардан мейлінше жұқа түтігі және қысқалығымен, алайда үшының өткірлігімен ерекшеленеді.

[8] *Көз кеш* – қолдан жасалған білте мылтықтың бір түрі.

[9] *Күлдір-мамай* – көз кештен алысқа үшатындығымен ерекшеленетін бітте мылтықтың бір түрі.

АДОЛЬФ ШЛАГИНТВЕЙТТІҢ ӨЛІМІН ТЕЗДЕТКЕН ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

УШЖ мәтіндері бойынша басылды, – т. 2, 481–485 беттер. Алғаш рет «Орыс Географиялық Қоғамының Жазбаларында» жарияланған, 1861, 1-кітап, 20–24 беттер.

Ш. Уәлихановтың хабарламаларынан алынған қысқаша үзінділер А. Шлагинтвейттің ағайындары еңбектерінің бірінші шығарылымынан (Results of Scientific Mission to India and High Asia Leipzig, 1860–1866) орын алған, онда «бір орыс саяхатшысы, қырғыз сұлтанының ұлы, Ваников (Vanikoff)», Қашғарда болып, Адольф Шлагинтвейттің өлімі туралы растама әкелді. Бұл жұмыста Ш. Уәлихановтың тегі бұрмаланған себебі, сірә, орыс жалғауын есептемегенде ол Шлагинтвейтті жазалаушы Уәлихан-төренің есімімен сәйкес келуімен болса керек. Басқа жағынан, көрсетілген еңбектің авторларына белгілі орыс саяхатшысы М. И. Венюковтың (1832–1901) – Шоқанның замандасы, онымен бірге географиялық басылымдарда жиі аталатын фамилиясының таныс болғаны күмәнсіз: нақ осы фамилия Шлагинтвейттер тарапынан «жөнделіп», жіберілген қатенің негізінде жатыр.

[1] *Алтышаар* – XIX ғасырдың ортасында Қашғар аймағы Йаркенд, Хотан, Үш-Түрфан, Ақсу және Куча (Кусан) қалаларымен осылай аталды; кейінірек, 1867–1870 жж. Ташкендік әскербасы Жақып-бек (1820–1877) оларға Үрімшіні біріктіре отырып (осыдан басқа атау – Жетішаар, яғни «Жеті қала» шыққан), осы аумақта тәуелсіз мемлекеттің негізін салды; қалалар мен мемлекет атауын «жиынтық» түрде беруші қалалардың саны түрлі авторларда түрліше. 1878 ж. Жетішаар цин жазалаушыларының соққысына ұрынды да, Шығыс Түркістан қайтадан маньжур-қытай империясының құрамына енгізілді. Қазір – ҚХР-дағы Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданы.

[2] *Рамазан айы* (рамадан) хижраның 1273 жылы жөнінде сөз болып отыр, ескі мәнер бойынша 13 сәуір – 1857 жылдың 12 мамырына келеді.

[3] Аздаған ауытқушылық: «ауызашар мейрамы» (арабша ид алфитр, парсыша ид-и шариф) әркез рамазан айында сақталатын ораза аяқталғаннан кейін, яғни келесі айдың – шаввалдың алғашқы күндерінде аталып өтеді; қазіргі жағдайда 1857 жылдың 13 мамыры (жаңа мәнер бойынша 25 мамыр) туралы сөз болып отыр.

[4] *Оқсалур* – Күш-Юки алқабындағы елді мекен, Қашғардан Иіркештам асуына және одан ары Алай алқабына кететін жол бойында.

[5] *Шон-бағым* – қате, шоң-бағыш деп оқу керек.

[6] *Жәңгір* (Жахангір-қожа) – атақты Қашғар бегі, 1825–1828 жж. циндерге қарсы көтеріліс басшыларының бірі, Бузрук-хан – Жахангирдің ұлы әрі Уәлихан төренің немере інісі, Қоқан регенті Әлім-Құлдың қолшоқпары; 1865 ж. Қашғар ханы болып жарияланды. Өзінің барлық істерінде дерлік ақырында оны Жетішаар мемлекетінің

басы қойған Жақып-бектің нүсқауларын басшылыққа алды (қара. 1-түсініктеме).

[7] *Ақсақал* – Қоқан мен Қашғарда XIX ғ. ортасында болыстық (қалалық) басқармадағы әкімшілік лауазымы.

[8] *Хәкімбек* – ірі аймақтағы (бектікте не вилайетте) ханның орынбасары; кейде бұл дәреже аталық және күшбегі лауазымдарымен сәйкес келеді.

[9] *Мыңбасы* – мың жауынгердің басшысы, жоғарғы ақсүйектік шен, ханнан кейінгі екінші түлға; П. П. Ивановтың сөзіне қарағанда, «ішкі істер министрі мен мемлекеттік канцлері арасындағы аралық бір нәрсе» (Қара.: П. П. Иванов. Очерки по истории Средней Азии (XVI–XIXғ. ортасы). М., 1958, 185-б.). Хандық әскерінің бас қолбасшысы лауазымын жиі атқарады.

[10] *Гашиш* – есірткілік елтітетін дәрмек, үнді қарасорасының аналық өсімдіктерінен бөлінетін шайырдан алынады.

[11] ... «янычар эмигранты» – Қашғарда Осман империясының түрлі уақыттарда сұлтандар тарапынан болған жазадан қашқан келімсектері – түріктердің бірнеше отбасылары тұрды.

[12] Ференг (араб тілінде فرنجي, парсыша فرنگي) – мұсылманшылық Шығыста еуропалықтарды осылай атады. Көне «франктар» этнонимінен шыққан, бұл этноніммен алғаш рет басқыншы-крестоносшылар – Таяу Шығысқа жасалған крест жорықтарына (1096–1270) қатысушылар белгілі болды. Көптеген бірбеткей түрде көңіл бұрған мұсылмандар үшін «ференгтер» дереу жойылуы тиіс жау, жат елдік дегеннің синонимі болды.

[13] ... «Қоқан ханына, олар соның атына жіберілген». – Сол уақытта Қоқанда Құдияр-хан билік етті (1845–1858).

[14] Өкпе – «кіна қою, жазғыру».

[РЕСЕЙДІҢ ҚЫТАЙМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ]

УШЖ мәтіндері бойынша – т. 3, 196–199 беттер – басылды. Алғашқысы үзінді түрінде Шоқан қағаздарынан табылған. Онда Ресейдің Қытаймен XVII ғ. басындағы алғашқы қарым-қатынастары туралы мәліметтер қамтылған. Ол автордың халықтардың өзара байланыстары тарихына аса зор қызығушылығына куәлік етеді. Осы құжаттың парақтары арасында Х. Фаизханов жазған араб тіліндегі мәтін кездеседі. Қолжазбаның шеткі сызықтарында белгі: «Ғалым Молда Құсайын Фаизханов Мәскеудегі Шет ел істері министрлігі мұрағатынан өзі тапқан татар тіліндегі қолжазбаны хабарлады». Құсайын Фаизханов (1826–1866) – ғалым-шығыстанушы, ағартушы. 1857 жылдан – адъюнкт, 1862 жылдан – Петербор университетінің оқытушысы. 1858 жылдың тамызынан бастап Шет ел істері министрлігінің мұрағатына жұмысқа жіберілген, онда үш айлық жұмыс барысында шығыс тілдеріндегі 1000 парақтан аса құжаттарды тауып, көшіріп алған. (Қара.: М. А. Усманов. Заветная мечта Хусаина Фаизханова. Казань, 1980).

[1] *Иван Петлин* – 1618 жылы Қытайға барған алғашқы орыс елшісі, томскі казагі. Өзінің жол серігі Андрей Мундовпен бірге ол

Пекинде бір айдан аса болып, бір жылдан кейін отанына қытайша сауат ашып оралды, ол кезде ешкім оны оқи алмайтын. 1619 жылы қыркүйекте Петлин Мәскеуге келіп, сонда ол өз елшілігінің «Статейный список» пен «Роспись Китайскому государству и Лобинскому и иным государствам, жилым и кочевым, и улусам, и великой Оби, и рекам и дорогам» атты жазбаны таныстырды. Онда алғаш рет Моңғолия мен Қытай халықтарының өмірі мен тұрмысы, олардың діні, діни салттары және т.б. тыңғылықты сипатталған. Қытай мен Моңғолия туралы алғашқы еңбек ретінде Петлиннің жазбасы ағылшын, француз және голланд тілдеріне аударылып, басылған. Ресейде ол Г. И. Спасский тарапынан «Путешествие в Китай сибирского казака Ивана Петлина в 1620 г.» деген атаумен жарияланған («Сібір хабаршысы», 1818, II бөлім). Жазба екі тізімде сақтаулы: Черепанов жылнамасында және А. В. Фроловтың жинағында (қазір ГПБ / МКК – мемлекеттік көпшілік кітапханасының қолжазба бөлімі жинағында, XVII, д. 15). Петлиннің Қытайға сапары туралы тыңғылықты мәліметтерді қара.: Ф. И. Покровский. Путешествие в Монголию и Китай сибирского казака Ивана Петлина в 1618 году. ИОРЯС / ОТӘШҚХ –орыс тілі мен әдеби шығармашылығы қоғамының хабарлары, т. XVIII, кітап 4, СПб., 1914, 257–304 б.; А. Г. Банников. Первые русские путешествия в Монголию и Китай. М., 1949; Б. Г. Курц. Русско-китайские отношения в XVI, XVII и XVIII вв. Харьков, 1929; З. С. Мясников. Империя Цин и Русское государство в XVII веке. М., 1980.

[2] *Байков Федор Исаакович* – боярдың ұлы, 1654–1658 жж. Қытайда дипломатиялық миссияны басқарды; ол Тобылдан су қатынасымен Ертіс бойымен жоғары «Қамыс жолымен» аттанды, Зайсан көліне жетіп, осы жерден құрлықпен Моңғолиядан өтіп, тек 1656 ж. Пекинде болды. Алайда елшілер адам абыройын қорлайтын қытай әдебі талаптарына бағынудан бас тартқандықтан, Байков елшілігі қытай императоры тарапынан қабылданылған жоқ. Қытайда алты ай тұрып, олар отандарына қайтып оралды.

Байков сауатсыз еді, бірақ оның бейнелі әңгімесі бойынша, ақырында Сібір, Моңғолия және Қытай тарихы бойынша дерек-көздердің біріне айналған «Статейный список» құрастырылды. Алғаш рет оны Н. И. Новиков (ДРВ, басылым 2, бөлім IV, бет. 120–142), содан кейін Г. И. Спаский («Сібір хабаршысы», бөлім XI, 1820), С.И. Сахаров (Сказания русского народа (Орыс халқының аңыздары), т. II, кітап VIII, СПб, 1849, с. 125–134) жариялады.

[3] *... елшілікке жергілікті үш казак таңдалды.* – 1608 жылы моңғол алтынханы Шолохо Убашиға елшілік миссиямен аттандырылған Иван Белоголовый бастаған томскі казактары жөнінде сөз болып отыр. Алтынханға барған орыс елшіліктері жөнінде қара.: Н. П. Шастина. Русско-монгольские посольские отношения XVII века. М., 1958.

[ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНДЕГІ ЖЕР СУЛАНДЫРУ КАНАЛДАРЫ ТУРАЛЫ]

УШЖ мәтіндері бойынша – т. 4, 1968, 29 бет, басылып отыр. Алғаш рет «Записки РГО» журналында, I кітап, СПб., 1861, 183-бетте басылды.

[1] *Көксу* (Қараталдың төменгі ағысында) – Жетісу атауын берген жеті негізгі өзендердің бірі; өз бастауын Жоңғар Алатауы шатқалдарынан алады да Балқаш көліне құяды.

[2] *Фут* – метрге дейінгі ұзындық өлшемі (ағылш. тілінде foot, сөзбе-сөз – аяқ, табан). Орыс футы XIX ғ. 1/7 аршынды құрап, 30, 48 см-мен теңесті.

[3] *Көксу бекеті* – нақты орналасқан жері анықталмаған; Талды-қорғанға жақын қазіргі Киров елді мекені аймағына келеді.

ҚЫРҒЫЗДАРДАҒЫ ШАМАНДЫҚТЫҢ ҚАЛДЫҒЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр – т. 1, 469–493 бет. Көшірме мәтінін Н. И. Веселовский сиямен дәптерге жазып, қарындашпен редакциялық түзетулер жасалған. Көшірмесінде бүрмалаулар көп. Қолжазба П. П. Семенов-Тян-Шанскийдің мұрағатында болған, алайда одан тауып ала алмаған. Уәлиханов еңбектерінің бірінші басылымында редактор болған проф. Н. И. Веселовский Географиялық қоғамның ғалым хатшысы А. А. Достоевскийге Уәлиханов қолжазбасын табуына көмектесуі түрғысынан өтініш етеді. Ол былай деп жазады: «Уәлиханов шығармаларының басылуы аяқталуға жақын, соңғы екі мақалалары терілді, алайда олармен бірге оранды дау шығады. Олардың түпнұсқасы Петр Петрович Семеновта, ал мен оларды көрген жоқпын; соларды сұрап, оған өтініш еткен кезімде, П. П. оларды таба алмады... Сізден Уәлихановтың екі қолжазбасын Петр Петровичтен алуға тырысуыңызды өтінемін. Мүмкін Сіз менен гөрі бақыттырақ боларсыз» (Архив АН СССР, ф. 723, оп. I, № 32).

Қолжазбада күні қойылмаған. Дәптерге қарағанда, ол ауылда 1862–1863 жж. жазылған. Біздің басылымымызда Н. И. Веселовскийдің кейбір сәтті редакциялық түзетулері сақталған. Алғаш рет Н. И. Веселовскийдің редакциялық басқаруымен шыққан Шығармаларында жарияланған (ОГҚЖ ЭБ, т. XXIX, СПб., 1904, бет. 8–36); Ч. Валиханов. Статьи. Переписка. Алма-Ата, 1947; Ч. Валиханов. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958.

[1] *Шамандық* – түрлі халықтардағы қауымдық құрылысқа тән анимистикалық наным-сенім және дінге байланысты кең ауқымды жүйе. Түрлі халықтардағы түрлі наным-сенімдерді бір терминмен белгілеуге мүмкіндік беретін ортақ сипаттар бұл – ата-бабаларымызда табынушылықтың, наным-сенімнің болуы, сондай-ақ салт жораларының шаманның тарапынан (қаз. – бақсы), яғни ерекше қуанышты күйге түсуге қабілетті адам тарапынан атқарылып және бұл күйінде нанымды тұтынушылардың түсініктеріне сәйкес оның о дүниемен байланысты жүзеге асыруы болып табылады. Жүйкесінің бұзылуымен байланысты «шаман дертімен» ауырған адам шаман бола алады. Бұл тұрғыда әруақтар адамды өлтіріп, одан кейін оны «тірілтіп», «қайта жаратады». Қараңыз: Л. Я. Штернберг. Первобытная религия в свете этнографии. Ленинград, 1936; Дж. Дж. Фрэзер. Золотая ветвь. М., 1981; С. А. Токарев. Ранние формы религии и их развитие. М., 1964.

[2] *Оба* – ежелгі уақытта моңғолдар мен түркілердің әруақтарға – сол жердің «иелеріне» тағзым ететін орыны. Қазір бұл шыбық,

бұтақтар қадалған тас немесе топырақ үйіндісі, оларға әдетте шүберек қиындылары мен жылқы жалының бір шоғы – тау аруақтарының құрбандарына байланған, өйткені Моңғолияда обалар көбінесе биік тау асуларына орналасқан (Қазақтарда бұл қабір үстіндегі ескерткішке жасалады).

[3] *Ваджрадар Мэрген (Дияничи)* – лама, моңғолдар арасында будданы уағыздаушы. Ол екі кітап болды: «Обряды и молитвы, читаемые при обо» («Оба жанында оқылатын мінажаттар және салттар») және «О сооружении обо» («Оба құрылысы туралы»). Шамандық салттардың ескі сарқыншақтарынан Уәлиханов будда салттарымен үқсастық табады.

[4] *Демонология* – алғашқы қауымдық анимистикалық түсініктерге жататын қара рухтар, әзәзілдер туралы ілім. Демонология ежелгі вавилон және ежелгі иран діндерінде ерекше дамыды, содан кейіндеп иудаизмге, христиандыққа және исламға сыналап енді. Қазақстан аумағында демонология исламның алғашқы кезде мүсылмандық догмаларды жергілікті наным-сенімге бейімдеуге тырысқан софы уағыздаушылары тарапынан орнығуына байланысты таралды. Сондықтан қазақтардың наным-сенімі ортодокстық исламнан айрықша ерекшеленді, міне, осыған Ш. Уәлиханов баса назар аударады.

[5] *Аруақтар (онгондар)* – моңғолдардың сенімі бойынша – атабабалардың рухы. Қазақтар оларды аруақ деп атайды.

[6] *Көктәңірі* – сөзбе-сөз: көк аспан, ауыспалы: көк түрағы және түркілердің жоғарғы құдайының өзі.

[7] *Шайтан, пері, дию, жын* – мүсылмандардың сенімі бойынша – фантастикалық қара ниетті рухтар.

[8] *Дзаягачи (Джаягач)* – табынды қорғаушы рух. Қазақтарда – жайшы – күн күркірін, жаңбыр мен найзағай шақыратын өнерпаз. (Қараңыз: Н. Рычков. Дневные записки путешествия в Киргиз-кайсацкую степь в 1771 г. СПб., 1772, 36–37 беттер).

[9] *Спиритуализм* (лат. тілінен spiritualis – рухани) – объективті-идеалистік қағида, ол бойынша рух – дүниенің материяға тәуелсіз алғашқы негізі. Спиритуализм барлық діни наным-сенімдердің негізінде жатыр.

[10] *Карлейль Томас* (1795–1881) – ағылшын буржуазиялық философы, тарихшы, публицист.

[11] *Платон* (б.з.д. 427–347) – ежелгі грек философ-идеалисі.

[12] *Фетишизм* – жекелеген нәрселер мен заттарды дәріптеу, құдай деп тану, оларға күпия, жаратылыстан жоғары, адам түсінігі жете алмайтын күш дарыту. Діндер дамуының төменгі сатысында фетиш (пұт) – дінге сенушілердің табынатын нәрсесі.

[13] *Зороастризм* – Орта Азия, Әзірбайжан және Парсының ертедегі халықтарының діні. Оған екі нәрсені мойындау тән болып келеді – қайырымдылық пен жауыздық, отқа табыну, өлікті жерлеуте тыйым салу (оларды құстардың жеміне берді). Зороастризм ақырзаман, о дүниелік өмір, өлілердің қайта тірілуі туралы ілімді мойындайды.

[14] *Хормузд* (көне иран. Ahura Mazda 'құдай ең данышпан') – зороастризмнің жоғарғы құдіреті.

[15] *Сиқыршылар* – ежелгі және ерте ортағасырлық Ирандағы зороастризм дінінің абызы.

[16] *Каср* (араб тілінен كسر – 'азаю, шығын') – терминологияда – халіккe қарама-қайшы құдай тарапынан жіберілетін пәле, бақытсыздық.

[17] *Рычков Николай* – орыс офицері. 1771 ж., Еділдің төменгі сағасынан кеткен қалмақ-торғауыттарды ізімен қуып, ол өз әскерімен Үлытау тауларына дейін жетті. Өзінің жеке бақылаулары мен сұрастырулары арқасында Н. Рычков қызықты тарихи-этнографиялық материалдар жинаған, оларын ол «Дневные записки путешествия в Киргиз-кайсацкую степь в 1771 г.» (СПб., 1772) кітабында жариялаған.

[18] *Аларих* – ежелгігермандардың вестгот тайпалары корольдерінің есімдері: Аларих I 395–410 жж. ережелер, Аларих II – 484–507 жж.

[19] *Готтар* – герман тайпаларының тобы. III ғасырда Солтүстік Қара теңіз жанында мекендеген. Олар вестготтарға (батыс готтары) және осготтарға (шығыс готтар) бөлінді.

[20] *Скифтер* – Еуропаның оңтүстік-шығысы мен Азияның ұланғайыр аумағын мекендеген ежелгі көшпелі тайпалардың атауы.

[21] *Дарий I Гистасп* (б.з.д. 522–486 жж.) – Ахменидтер әулетінен шыққан ежелгі иран патшасы.

[22] *Кидандар* – ежелгі уақытта Моңғолияның шығысында мекендеген тайпалар. X ғасырда кидандардың Моңғолия аумағын, Солтүстік-Батыс Қытай мен Манжүрияның жартысын алған Ляо атауымен мемлекеті құрылды. 1125 ж. ол мемлекетті манжүрлер құлатты. Кидандардың жартысы Солтүстік-Батыс Қытайда, ал жартысы Орта Азияға (Қара-кидандар, қара қытайлар) кеткен.

[23] *Моңғолдарға жол тартқан еуропалық саяхатшылар* – Плано Карпини, Рубрук пен Марко Полоны (XIII ғ.) айтып тұр.

[24] *Кірме сөздер...* парсылардан енген... – парсылардан шамандық халықтардың отқа табынуды алғаны жөнінде айта отырып, Ш. Уәлиханов Банзаровтың ізімен қателеседі (Қара.: Д. Банзаров. Сочинения. М., 1955, 52-бет). Отқа табыну Қазақстан аумағында көне дәуірлерден келе жатқаны расталған, алайда қазақтардағы отқа табынудың нақты сипаттары зороастризмдегі отқа табынумен үқсас емес. Демек, бұл діни нанымның зороасртизмде және Қазақстанның ежелгі түрғындарында қатар дамығанын шамалау керек.

[25] *...от...* – *әулие* (яғни, қасиетті, күтқарушы) – анықтамасы сонша лық дәл емес. Қазақтар отқа табынған, алайда оны *«әулие»* деп атамаған. Мысалы, *от–әулие* деп айтпайды, ал *от–ана* деп айтады. Әулие (араб. *аулийа, уали* дегеннің көпше түрі) – таза, қасиетті; исламнан қабылданған, тірі нәрсеге қатысты, табиғат күштеріне қатысты емес.

[26] *Аласта* (немесе *аластама*) – отпен тазалау. Ежелде алас (алау) – қасиетті от. Бұрын қазақтар қоныс ауыстырған кезде керуенді үлкен жолға жағылған алау арасынан өткізіп, дұға оқыған: *алас, алас, әр пәледен қалас.*

[27] *...үлкен үйде отқа табыну* – келіннің ата немесе күйеуінің әкесі үйіне баруы, оның отбасының да ата-бабаларының бақытты болғаны сияқты бақытты болуы үшін.

[28] *Ергене-қон* – аяқ баспайтын таулармен қоршалған аңызға толы таулы алқаптың атауы, онда бейбіт тайпалар мекендеген.

[29] *Сілекейін... алу*– жылқыны немесе басқа малдарды сатқан кезде жасалатын салт.

[30] *.... ол бізге бүгінгі күнге дейін мәлім.* – Ортаазиялық тарихшы Рузбихан қазақтардың ай мен күнге табынғанын растайды.

[31] *... аспан болмауы үшін...* – Мұнда аударма дәл емес: *көк соққыр – көк соқсын, көктің қарғысы тисін.*

[32] *... жарлықпен ұқсастық...* – Уәлиханов *жарлық* – хабарлама, нұсқау, грамота мен *жарылқамақ* – қайырымдылық таныту, сый-сыяпат көрсету терминдерін араластырып жіберген.

[33] *...сүт көп, көмір аз* – адам өміріне қауіп төнген жағдайда айтылатын кабалистік формула; шарасыздық сөзі.

[34] *Васильев Василий Павлович* (1818–1900) –Қазан университетінің, кейіннен Петербор университетінің профессоры, академик, көрнекті орыс тілші-синологы. Буддизм жөніндегі зерттеулерімен танымал. Өзінің Петерборда болған кезінде (1860–1861 жж.) Уәлиханов көптеген шығыстанушылармен тығыз достық қарым-қатынаста болды, соның ішінде Васильев те болды.

[35] *Гомбоев Галсан* (1822–1863) – бурят шығыстанушысы, 1854 жылдан бастап Петербор университетінде жұмыс істеді. Оның басты еңбектері: «Алтан-Тобчи – монгольская летопись в подлинном тексте и переводе с приложением калмыцкого текста истории Убаши-Хунтайджия и его войны с ойротами» (ТВО РАО / ОАҚ ШБЕ – Орыс археологиялық қоғамының Шығыс бөлімі еңбектері, IV, СПб., 1859).

[36] *Кие және кесір* – қазақтардағы өзара қарама-қайшы бастаулар: *кие* – жақсылық, қайыр, *кесір* – зұлымдық. Қара.: жоғарыда, түсініктеме 16.

САХАРА МҰСЫЛМАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр – т. 1, 524–529 бет. Түпнұсқасы ЦГАЛИ / ӘӨОММ – Әдебиет пен өнердің Орталық Мемлекеттік Мұрағатында сақтаулы, ф. 118, оп. 1, д. 479, лл. 1–8 об. Алғаш рет Н. И. Веселовскийдің редакциялық басқаруымен шыққан Ш. Ш. Уәлихановтың Шығармаларында қысқартылған түрінде жарияланған (ОГҚЖ ЭБ, т. XXIX, 1904, 194–201 беттер).

Жұмыс 1863 жылдың аяғында, не 1864 жылдың басында науқас Уәлихановтың айтып отыруымен жазылған. Орфографиялық дәлсіздіктер мен түсіп қалған жерлер айтып отырғанды жазған адамның қолымен түзетіліп, толықтырылған. Кейбір сөздерді (цевелизация – цивилизация, на Русси – на Руси, эпдосы – эпосы, конпетентных – компетентных және т.б.) Уәлихановтың өзі түзеткен.

[1] *Киіз кітап.* Қазақ ақсақалдары бұрын киізге жазылған көне мәтіндердің болғанына сенеді. Осыдан киіз-кітап атауы шыққан.

[2] *Прозелит* – қандай да бір дінге жаңадан айналдырылған адам; бұл жағдайда – исламды қызу қолдап, жақтаушы.

[3] *Апокриф* – қасиетті жазу санатындағы шығарма, ортодаксальды шіркеу тарапынан қағидаға айналдырылмаған.

[4] *Шәміл* (1798–1871) – Дағыстан мен Шешен таулықтарының патшаның отарлау саясатына қарсы азаттық көтерілісінің басшысы. Шәміл басқарған қозғалыс мүридизм жалауы астында өтті. 1834 жылы ол есеп бойынша Дағыстандағы үшінші имам болып жарияланды. 1840 ж. қарай азаттық қозғалысы ең жоғарғы шегіне жетті. Әрі қарай Шәмілдің озбыр әскери-теократикалық мемлекетінде ішкі қарама-қайшылықтар көрініс беріп, шиелене түсті де, оның қуаты әлсірей бастады. Патша әскерінің тықсыруымен Шәміл мемлекетінің аумағы бірте-бірте тарыла түсіп, 1859 жылы ол тізе бүгуге мәжбүр болды.

[5] *Әбділқадыр* (Абд ал-Кадир Алжирский, 1808–1883) – араб әмірі, Мухий ад-дин әл-Хасанидің ұлы, 1832 жылы алжир тайпаларының француздарға қарсы қозғалысын бастады. Оның тарапынан құрылған тоуелсіз мемлекет 1847 жылға дейін өмір сүрді, француз отарлаушы әскері мен мароккалық жалдамалы-феодалдарының соққысынан құлады. Абд ал-Кадирдің өзі өз күндерін Дамаскіде «құрметті» айдауда өткізді. Бүгінгі күні алжирліктер тарапынан ұлт батыры ретінде тағзым етіледі. Абд ал-Кадирдің көтерілісі Алжирдің араб тайпаларын діни-саяси ту астында біріктіру ұранымен өтті. (Н. Г. Хмелева. Государство Абд аль-Кадира Алжирского. М., 1973).

[6] *...қырым татарларының 1854 ж. науқан уақытындағы бөлінуі.* – Сөз қырым-татар ақсүйектер шоғырының Қырым хандығын Осман империясы қамқорлығымен 1853–1856 жж. орыс-түрік соғысы уақытында қалпына келтіруге тырысулары жөнінде болып отыр.

[7] *Жарқыраған Порта* – Константинопольдегі осман сұлтандары сарайының ресми атауы.

[8] *Григорий VII (Гильдебранд, 1020–1085)* – рим папасы, шіркеу реформаторларының бірі. Иннокентий IV – рим папасы, 1243–1254 жж. Еуропада үлкен саяси ықпалға ие болды; Тевтон орденін оның Шығыс Еуропадағы басқыншылық саясатында қолдады. 1246 жылы ол Қарақорымға Плано Карпини бастауымен моңғолдарды өз жағына шығару үшін елші жіберді.

[9] *Сүлеймен I Кануни* – түрік сұлтаны (1520–1566). Оның жаулап алған Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдері мен Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы ұлан-ғайыр осман экспансиясына жүргізген билігі аяусыз озбыр режимімен сипатталды. Барлық мұсылман сүннеттерінің рухани көсемі (халиф) орнына үміттенді. Амурат (Мұрат III) – түрік сұлтаны (1574–1595), I Сүлейменнің немересі, ол да өзінің халиф мәртебесіне талаптануымен мәлім болған (В. В. Бартольдт. Халиф и султан. Соч., т. 6, М., 1968, 72–73 бет).

[10] *Шигалей патша (XVI г.)* – соңғы қазан ханы.

[11] *Опричнина* – 1565–1572 ж. князь-боярлық оппозицияны талқандап, Орыс орталықтанған мемлекетін нығайту бағытында Иван Грозный тарапынан жүргізілген шаралар жүйесі.

[12] *Чилибуха* – Азияның жылы тау бөктерлі аймақтары мен басқа да континенттерде кездесетін логаниев тұқымдас ағашқа үқсас өсімдік. Құрамында бірқатар алкалоидтердің (бруцин, стрихнин және басқа) болуына сәйкес ерте уақыттан бері күшті әсерлі дәрілер мен у әзірлеуде қолданылады.

СОТ РЕФОРМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБА

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр – т. I, 494–522 бет. Жұмыс 1864 жылы жазылған; алғаш рет Н. И. Веселовский жариялаған (ОГҚЖ, ЭБ, 1904, т. XXIX, 151–178 б.); *Ч. Ч. Валиханов.* Статьи. Переписка. Составление, вступительная статья и примечания Х. Г. Айдаровой. Алма-Ата, 1947. 40–65 б.; *Чокан Валиханов.* Избранные произведения. Алма-Ата, 1958, 196–236 б.

[1] *Яценко Иван Еремеевич* – Сібір қазақтары облыстық басқармасының шенеунігі. 1852 жылы Яценко қазақ заңдары жинағын құрастыру үшін шекаралық басқарма жанындағы комитеттің төрағасы болып тағайындалды. Қазақ әдет-ғұрып заңдары бойынша материалдар жинау үшін, ол далаға жиі сапар үйымдастырып түрған. Сол сапарларының біріне (1862 ж.) Ш. Ш. Уәлиханов та қатысады және өз жазбаларында Яценко қызметіне кінә арта сипаттайды.

[2] *Миль Джон Стюарт* (1806–1873) – ағылшын философ-позитивисті әрі экономист, көптеген ғылыми зерттеулердің авторы, ол еңбектерінде білімнің бірден бір көзі деп тәжірибені мойындайды.

[3] *Сперанский Михаил Михайлович* (1772–1839) – орыстың мемлекет және саяси қайраткері. 1822 жылы бекітілген «Устав о сибирских киргизах» жобасы оның қаламына тиесілі.

[4] *«Сибирское уложение»* – бұл жағдайда «Устав о сибирских киргизах» (1822 жылы бекітілген, 1824 жылы ресми түрде күшіне енген) жарлығы сөз болып отыр. «Уставтың» кіріспесі патша өкіметінің Орта жүздегі хан билігін үзілді-кесілді жойып, басқарудың отарлық жүйесін нығайтуға тырысуымен байланысты болған.

[5] *Бөкей ордасы* – 1801 жылы Кіші жүз қазақ тайпаларының жартысының бірігуі негізінде пайда болған феодалдық хандық, ол батысында төменгі Поволжья далаларымен, шығысында – Орал өзенімен территориялық жағынан шектелген. Орданың әкімшілік орталығы Орда елді мекені болды (хан ордасы). Қара.: С. З. Зиманов. Россия и Букеевское ханство. Алма-Ата, 1981.

[6] *Буддизм* – «Әлемдік» (христиандық және ислам діндері қатарындағы) діндердің бірі. Буддизмнің пайда болуын б. з. д. VI ғасырға жатқызады. Алғашқыда Индияда пайда болып, соңында (б.з. V–VI ғасырларында) буддизм оңтүстік-шығыс Азияда, Бирмада, Қытайда, Жапонияда, Тибетте және Моңғолияда таралды.

[7] *...батый татарларының урпақтары...*– Сөз Орда құрамына енген, кейінірек қазақ халқының өзегін құраған тайпалар (қыпшақтар, ноғайлар, қаңлы, наймандар, қоңыраттар және басқалары) жөнінде болып отыр. (Қара.: В. В. Бартольд. История турецко-монгольских народов. Сочинения, т. V, М., 1968).

[8] *«қара қазақ»* немесе *«қара бұқара»* – қазақтың қалың еңбекші тобының атауы, яғни қазақ терминінің аудармасы. *Қара-қазақ* орнына әдебиетте кейде *қара сүйек (черная кость)* термині кездеседі, шындығында, қазақтар тарапынан ешқашан қолданылмайтын термин.

[9] *1854 жылғы билер тізіміне енген кейбір сұлтандар мен билер...* – Сөз 1854 жылы қабылданылған заң жөнінде болып отыр, ол бойынша аға сұлтандардың (Орта жүздегі) және басқарушы сұлтандардың

(Батыс Қазақстандағы) лауазымдары қысқартылды. 1854 ж. Заңға сәйкес басқару жүйесі, сот-тергеу органдары мен прокуратураны қоса, бүкіл Ресейге бірдей үлгі бойынша бір ізге салынды. Уәлиханов қалың көпшілікті кіріптар етіп, қазақтың феодал шонжарларының аз шоғырының құқығын нығайтуға бағытталған заңның кертартпалық мәнісін өшкерелеп оған қарсы шығады. (Қараңыз: «Особое Учреждение Управлений инородцев, именуемых Сибирскими киргизами». Свод законов. Изд. 1857, т. II, ч. 2).

[10] *Сотников* (1845 ж. қаза болды) – Сібір қырғыздары Шекаралық басқармасы жанында аса айрықша тапсырмаларға бекітілген шенеунік; Қазан университетінің шығыс факультетінде білім алды, түркі тілдерін жақсы білген. XIX ғ. 40 жылдарының басында қазақ халқының заңгерлік және генеалогиялық аңыздарын жинаумен айналысып, ол оқтын-оқтын далаға сапар шегіп тұрды, Уәлиханов ауылына жиі барған. Ақырында Сотников Шығыс Сібірге жіберілген еді.

[11] *...өздерін Түркия мен Арабиядан шыққан келімсіктер деп көрсетті.* – Қазақтардың арабтардан, оның ішінде, аты аңызға айналған Мұхаммедтің серіктестерінің бірі Уққаштан шыққан тегі жөніндегі нұсқасы XVIII ғ. 70-жылдарында-ақ академик П. С. Паллас тарапынан жазылған.

[12] *Қаракесек руы* – жекелеген рулардан тұратын арғын тайпасының тармағы, ерте кезден Қарқаралы өңірін мекендейді, шығыста Ертіске дейін шашылған, батысында – Сарысу және Мойынты өзендерінің салаларына дейін, оңтүстікте – Балқаш көліне жанасады.

[13] *Қаржас руы* – Қарағандыдан шығысқа қарай, ал Баянауыл тауларынан оңтүстікке және оңтүстік-батысқа қарай мекендеген қазақ руы.

[14] *Әбілқайыр* (1748 ж. қаза болған) – Кіші жүз басында тұрған қазақ ханы. Жоңғарлармен соғыс кезінде ол жалпықазақ жасағын басқарды. Оңтүстік Қазақстанды жоңғарлар жаулап алғаннан кейін (1723–1732 жж.) Әбілқайыр орыс бодандығына ену ниетімен 1731 жылы ресми түрде өз тарапынан қабылдаған өтінішін орыс өкіметіне білдірді. Осы акті негізінде Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының негізі қаланды.

[15] *Төле би* (XVII ғ. аяғы – XVIII ғ. бірінші жартысы) – Ұлы жүзден шыққан атақты би, «Жеті Жарғы» қазақ заңдар жинағының беделді білгірлерінің бірі. Жүздердің басы қосылуы кезеңінде ол төбе би дәрежесіне ие болып, бас би ретінде саналды. Хандықтың жекелеген феодалдық иеліктерге ыдырап, құлағанынан кейін Төлеби тек Ұлы жүзді ғана басқарды. (Қара.: А. И. Левшин. Описание... ч. II, 63-б.; Марджани. Мустафад аз-Ахбар, 155-б.; К. Байболов. Төлебидің тарихы. РОБ АН КазССР / ҚазССР ҒА ҚҚБ, № 763, лл. 1–122).

[16] *Әйтеке* (XVII ғ. аяғы – XVIII ғ. бірінші жартысы) – Тәуке түсындағы қазақ хандығындағы бас билердің бірі. Әбілқайырға дейін Кіші жүз қазақтарын басқарды.

[17] *Блекстон* (Блэкстон) *Вильям* (1723–1780 жж.)[4] – ағылшын ғалым-құқықтанушысы, Оксфорд университетінің профессоры, Commentaries on the Laws of England (Ағылшын заңдарына түсініктеме, 1765–1769 жж.)

[18] *Гнейст Генрих Рудольф* (1816–1895 жж.) – неміс ғалымы, публицист, 1844 жылдан Берлин университетінің профессоры. Гнейст өзінің «История государственных учреждений Англии» (Ағылшын мемлекетттік мекемелерінің тарихы, орысша аудармасы А. С. Венгеровтікі) зерттеуі жарияланғаннан кейін танымалдыққа ие болды.

[19] *Конт Шарль* (1782–1832) – француз ғалым-құқықтанушысы, публицист, 1789 ж. француз рефолюциясы идеяларын қорғады.

[20] *«Русская правда»* – XI–XII ғасырларға жататын көне орыс құқықтарының ескерткіші.

[21] *Барымта* – шығынның орнын қазақ әдет-ғұрып заңдары тұрғысынан күштеп толтыру түрі.

[22] ...заңды қанағаттандыру. – Осы сөздерге қарсы белгі қойылған, шамасы, автор жолма-жол ескертпе жасағысы келген немесе өз сөзін басқа мәліметтермен толықтырғысы келген болуы керек, алайда бұл орындалмаған.

[23] *Сүннилік жікке бөліну* – Орта Азия мен Қазақстанды қоса есептегенде, көптеген мұсылман елдерінде таралған исламдағы негізгі екі пайымның бірінің өкілдері.

[24] *Ишан* – алғашында сопы тәлімгеріне (шейх, пір) құрметті ізет сөзі болатын; кейінірек бұл сөз діни қауымның беделді өкілдерінің лауазымына енді.

[25] *Мансуров Мухаммед Шариф* – жалған атақ жамылушы, пайдакүнемдік мақсаттарды көздеп, өзін соңғы пайғамбармын деп жария етті.

[26] *Муфти* – шариғат бойынша діни және заңгерлік мәселелерде соңғы шешім, пәтуа шығаратын бас төреші.

[27] *Птоломей (Птолемей) Клавдий* (II ғ.) – ежелгі грек ғалымы, астроном, математик әрі географ.

[28] *Юркевич Памфил Данилович* (1827 – 1874) – кертартпа философ, идеалист, Киев діни академиясының профессоры, «Русский вестник» журналында Н. Г. Чернышевскийдің философиялық жүйесіне қарсы бағытталған мақаласымен шықты. Уәлиханов Юркевичке сілтеме жасай отырып, мұсылмандық схоластиканы ғана емес, сонымен бірге Юркевичтің де философиялық кертартпасын мысқылмен келемеждейді.

[29] *Эпикалық және беллетристикалық шығармалар* ...Шәміл ілімімен...– Сөз феодалдық ортағасырлық кейбір эпикалық поэмалардан көрініс тапқан ғазауат – діни соғыс жөнінде болып отыр.

[30] *Гораций Флакк Квинт* (б.з.д. 65–8 жж.) – рим ақыны.

[31] *Маулави Жамидің тамаша бозбала Мырза-Хамдамға сүйіспеншілігі туралы роман* – Орта Азияға танымал «Мырза-Хамдам туралы әңгіме» айтылып отыр. (Қара.: Собрание восточных рукописей АН УзССР, т. II., 1954, 417-б.).

[32] *...бүлбүлдың райхан гүліне махаббаты туралы, қытай ханзадасы туралы повесть...*– Сөз шығыс әдебиетінде кеңінен таралған дәстүрлі лирикалық желі жөнінде болып отыр.

[33] *Мір-Қайдар – Маңғыт* (1799–1826) әулетінен шыққан Бұхараәмірі, Шах-Мұрад (1785–1799) әмірдің ұлы әрі ізбасары.

[34] *Әбу-Мүслім* (Абд ар-Рахман ибн Муслим ал-Марвази; 755 ж.

өлтірілген) – антимейяд қозғалысы көсемдерінің бірі, қозғалыс соңында халифаттағы билік басына Аббасидтер келді. Оның түсында Мәуернахрды арабтардың жаулап алуы аяқталды. Әбу-Мүсілімнің дін үшін болған соғыстағы ерліктері кейінгі орта ғасырлардағы Орта Азияда таралған көптеген поэмаларда, аңыздарда өз көрінісін тапқан.

[35] *«Ет! сенікі, сүйегі менікі»* – формула, оқушы балаларды төн жазасы түрғысынан молдаға берілген шексіз дерлік құқық. Әдетте, молдалардың мейірімсіздігі жауыздыққа дейін жетті, жаза қорлыққа айналды.

[36] *Бабажанов Мухаммед-Салық* (1832–1871) – қазақ этнографы, Бөкей ордасының тумасы. 1861 жылдан Орыс географиялық қоғамы этнографиялық бөлімінің мүшесі, қызметкері. Осы саладағы зор еңбектері үшін 1862 жылы күміс медальмен марапатталған. Екі халықтың жақындасуы, орыс ағартуы мен мәдениетінің қызу жақтаушысы болды. (Қараңыз: Н. П. Ивлев, Н. Э. Масанов. Видный казахский ученый М. С. Бабаджанов. – Вестник АН КазССР / ҚазССР-і ҒА Хабаршысы, 1982, № 11, 06–65-б.).

Ш. Уәлиханов оның 1861 жылғы № 137 «Санкт-Петербургские ведомости» газетіндегі «Заметки киргиза о житье-бытье и участи его родичей» мақаласын айтып отыр.

[37] *Ясак* – заттай төленетін алым-салық, төлем.

ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ ҚОНЫСТАРЫ ЖӨНІНДЕ

Жұмыс 1864 ж. 26 наурызда Батыс Сібір генерал-губернаторының атына ресми хат түрінде Омбыда жазылған; ол Уәлихановтың немере ағасы М. Шормановтың атынан жазылған. Үш қолжазбалық көшірме түрінде сақталған, олардың ішінде біреуі «Докладная записка подполковника Чорманова об упразднении Баян-Аульского приказа / Подполковник Шормановтың Баянауыл приказын тарату жөніндегі мәлімдеме хаты» атауымен Омбы облысының Мемлекеттік мұрағатында сақтаулы (ф. 3, оп. 5, К-697, лл. 1–31), екіншісі, авторландырылған көшірме, – НБТГУ / ТМУҰК – Томскі мемлекеттік университетінің ұлттық кітапханасында (Г. Н. Потаниннің мұрағаты, лл. 1160–1167), үшіншісі – ЦГАЛИ / ОМӘӘМ – Орталық мемлекеттік әдебиет және өнер мұрағатында (ф. 159, оп. I, №179, лл. 163–166 об.). Мәтін бойынша алынған бұл барлық тізімдер толықтай сәйкес. Тек ЦГАЛИ / ОМӘӘМ тізімінде ғана соңғы парақтың жиек сызықтарында Г. Н. Потаниннің қолымен белгі қойылған: «Кеңсе хатшысы қолымен жазылған түпнұсқаны Шоқан Уәлихановтың немере ағасы Мұса Шормановтан мен алдым. Далалық басқармаға Мұса Шорманов атынан түскен оған ресми хат сипаты тән болса да, мен оның алғашқы нұсқасы немере ағасы үшін немере інісінің қолынан жазылған деп болжаймын». Қолжазбаның алғашқы түрінің Уәлихановқа тиісті екенін 1864 жылы 4 наурызда К. К. Гутковскийге жазылған хаттағы хабарламада растаймыз, онда ол былай деп жазады: «Қазір біз Баянауылды Белағашқа көшіру үшін әуреленіп жатырмыз». Уәлихановтың өз қолымен жасалған түзетулер, енгізілген толықтырулар сақталған авторландырылған көшірмені барлығынан гөрі сенімді деп есептеу керек. Ол жақ-

сы өңделген, онда ресми реңк алынып тасталып, ғылыми түсініктемемен ауыстырылған, және де бұрынғы ресми атаудың («Его высокопревосходительству господину генерал-губернатору Западной Сибири / Жоғары мәртебелі мырза Батыс Сібір генерал-губернаторына») орнына оған «Қырғыздардың қоныстары жөнінде» деген жаңа атау берілген (қарындашпен).

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, – т. I, 530–535 б. Алғаш рет М. Шорманов СОВ-та, 1871, № 33, кейін Н. И. Веселовскийдің редакциялық басқаруымен шығарылған Шығармаларында жарияланған (ОГҚЖ ЭБ, т. XXIX, 1904, 321–326-б.).

[1] *Баянауыл округі* – сол кездегі ішкі округтердің бірі, әкімшілікке қатынасы жағынан сібір қырғыздарының Шекаралық Басқармасының (кейінірек Облыстық басқарма) бастығына қарасты. 1832 ж. құрылған (Қара.: М. Кузьминский. Краткое статистическое обозрение Западной Сибири. Материалы для статистики Российской империи. СПб., 1839, т. I).

[2] *Сібір қырғыздары* – бұрынғы Ақмола мен Семей облыстарының және жартылай Томскі губерниясының территориясын мекендеген Орта жүз қазақтары.

[3] *Мүғалжар тауы* – Ақтөбе облысында Орал жоталарының оңтүстік тау сілемдерін түзетін аласа таулар.Солтүстіктен оңтүстікке Ырғыз өзені бастауларынан Үстірітке дейін 400 шақырымға созылған екі қатар тасты тау тізбегінен тұрады.

[4] *Борсық* – осы басылымды қара., т. I, 390-б, түсініктеме 8.

[5] *Қарақұм* – осы басылымды қара., т. I, 390-б, түсініктеме 9.

[6] *Көкшетау округі* – Сібір қырғыздары облыстарының ішкі округтерінің бірі. 1824 жылы сібір қырғыздары туралы Жарғы қабылданғаннан кейін құрылған.

[7] *Ақмола округі* – ішкі округтердің бірі және Солтүстік Қазақстанды оңтүстік облыстармен байланыстырған маңызды әкімшілік әрі сауда орталығы; 1833 жылы құрылған.

[8] *Атбасар округі* – 1841 жылы Торғай даласы мен сібір қырғыздары Облыстары арасындағы шекарада құрылған ішкі округтердің бірі.

[9] *Қарқаралы округі* – ішкі округтердің бірі, әрі Орталық Қазақстан мен Жетісу өлкесі арасындағы үлкен жолда орналасқан маңызды әкімшілік және сауда ауданы; 1824 ж. құрылған.

[10] *Кент және Қазылық* – Қарқаралы тау жүйелеріне енетін таулар. Қарқаралы қаласының шығысында және оңтүстік-шығысында орналасқан.

[11] *Баянауыл* (бұрмаланған форма, тарихи дұрыс атауы Баян-Аула; моңғ. Баян-Ола сөзінен) – бақ-дәулет тауы. Баянауылдың (оның жүйелерінде) жанында басқа тау – Жаман-Аула – жаман тау орналасқан.

[12] *Ерейментау* – Орталық Қазақстандағы тау.

[13] *Төртүғыл болысы* – Баянауыл округінің болыстығы жөнінде айтылып тұр.

[14] *Қанжығалы қырғыздары* – Арғын тайпасының (Орта жүз) рулары. Басым көпшілігі Ерейментау тауында, қазіргі Ақмола облысының

территориясы, ал жартысы – Ертістің сол жақ жағасында, қазіргі Павлодар аймақтарында түрған.

[15] *Қозған қыргыздары* – арғын тайпасының рулары; Атбасар даласында Есіл өзені бойын мекендеген, жартысы басқа аудандарға шашыраған (Ақмола, Баянауыл).

АБЫЛАЙ

Қолжазба толығымен сақталған. УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. I, 1961, 426–430-б.

[1] *Орынбордағы қыргыздардың бір ру ақсақалы өз отандастарының қайғылы күйін...* – Сөз 1731 жылы жоңғарлармен соғыста даңққа бөленген Орта жүздің атақты батыры Бөгенбай жөнінде болып отыр. 1731 жылы ол қазақтардың Ресей бодандығын қабылдауын дәйекті жақтаушылардың және ең белсенділердің бірі болды. (Қара.: жинақ: Казахско-русские отношения XVI–XVIII гг. Алма-Ата, 1961, док. №25–74).

[2] *...әсіресе, 1723 жыл өзінің аяусыз сипатымен қыргыздардың есінде қалды...*– «Ақтабан шұбырынды» – 1723 ж. жоңғар шапқыншылығына байланысты қазақ халқын жайлаған үлы зұлмат сөз болып отыр. Алайда төменде қате кеткен. Жоңғарлардың қазақ даласына басып кіруі 20-жылдары

Қалдан-Сереннің қолбасшылығымен емес, ал басқа әскер басы – Шона-Дабының, жоңғар қонтайшысы Севан-Рабданның немере інісінің бастауымен жүзеге асқан болатын.

[3] *Ол екі рет тұтқында болды* – Абылай сұлтан жоңғарларға Қазақ даласына олардың екінші рет Севан-Рабданның ізбасары жоңғар қонтайшысы Қалдан-Сереннің 1741 ж. жасаған ірі шабуылы нәтижесінде тұтқынға түсті. Өзінің тұтқыннан босауында ол Ресей елшілері мен Н. И. Неплюев басында отырған Орынбор шекаралық әкімшілігінің белсенді қимылдары алдында міндетті болды. (Қара.: осы басылым, т. I, «XVIII ғ. батырлары туралы тарихи аңыздар» мақаласына берілген 15-түсініктеме).

[4] *Тевкелев М.* – шетел істері алқасының аудармашысы, кейінірек Орынбор экспедициясының мүшесі. 1731 жылы сәуірде патша өкіметі тарапынан Кіші жүзге Әбілхайыр ханды Ресейге адалдық антына алып келу үшін жіберілген.

[5] Шын әскерлерінің Қазақстанға 1756–1760 жж. басып енуінің тарихы, сондай-ақ шын сарайы мен бірқатар қазақ феодалдарының арасындағы байланыстың орнау себептері мен осы байланыстың сипаты кеңес тарихнамасында зерттелген. (Қара.: Б. П. Гуревич. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX вв. / Орталық Азиядағы XVII ғ. – XVIII ғ. бірінші жартысындағы қарым-қатынастар. М., 1979; В. С. Кузнецов. Цинская империя на рубежах Центральной Азии. (Вторая половина XVIII – первая половина XIX вв.). / Орталық Азия елдеріндегі шин империясы (XVIII ғ. екінші жартысы – XIX ғ. бірінші жартысы). Новосибирск, 1983).

[6] *Нұралы сұлтан* (1790 ж. қаза болған) – 1749–1785 жж. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ұлы.

[7] *Ердана-би* – XVIII ғ. Қоқан билеушісі.

[8] *Нәдір-шах* (Тахмасп Құлы-хан, 1688–1747) – парсы шахы (1736–1747), Бұхараның оңтүстік аудандары мен Хорезмді жаулап алып, біраз уақыт өзіне бағындырды, алайда кейін ортаазиялық хандықтардың біріктірген күшінен жеңіліс тауып, Парсыға қайтып оралады.

[9] *Ахмет* – Ахмад-шах Дуррани (1747–1773), Ауғанстандағы Дуррани әулетінің негізін салушы. (Қара.: Ю. В. Ганковский. Империя Дурани. М., 1958).

[10] *Үйсін болыстары* – қазақтардың Ұлы жүзді мекендеген болыстықтары.

[11] *Ходжент* – Орта Азиядағы көне қалалардың бірі; батыс «қақпа», солар арқылы Ферғана жолынан Самарқандқа және тағы Орта Азияның басқа нүктелеріне жол өтеді.

[12] *Жизақ* – қазір Өзбек КСР-і Самарқанд облысы Жизақ ауданының орталығы және облыс қарамағындағы қала. Санзар өзенінде орналасқан.

[13] *Әзірет* (бұрмаланған, араб.-парсыша Хазрат) – қазір Шымкент облысы Түркістан қаласы. Қаланың атауы сонда жерленген Қожа Ахмет Яассауи – Хазрат-и Түркістанға қатысты түрақты эпитеттен туындайды; Түркістан деп ортағасырларда Шаш пен Сырдарияның ортаңғы ағысы бойындағы Сығанақ арасындағы аймақ аталған.

[14] *«Шаңды жорық»* – қазақ күйінің атауы.

[15] *«Қоржын қақпай»* – күй, аңыз бойынша, Абылай жауынгерлері әскердің азық-түлігі таусылды дегенді жеткізу үшін орындаған.

ӘБУ-НАСЫР САМАНИ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 179–181-б. Қолжазба КСРО ҒАМ-да (ААН СССР) сақтаулы (ф. 23, оп, I, д. 11, л. 8). Қараханидтердің ру көсемдері Боғра-хан تذکرهء سلطان ستوق بغرا خان туралы шағатай тілінде жазылған «Сатұқ Боғра-хан сұлтанның өмірбаяны» тарихи аңызы кіріспе тарауының аудармасы. Осы тарихи шығарма нұсқаларының бірін Ш. Уәлиханов Қашғардан алып келіп, Ғылым Академиясының Азиат мұражайына тапсырған (1860 ж.). Осы тізімнен аударма жасалуы мүмкін, ол Ш. Уәлихановтың шығыс қолжазбаларын қаншалықты еркін оқығандығын танытады.

[1] *Сатұқ Боғра-хан* (915–955) – Қараханид әулетінің көсемі. Исламды қабылдап, Саманидтердің қолдауын пайдаланып Сатұқ Боғра-хан Тараз бен Қашғарды бағындырды, ал 942 жылы ол Баласағұн билеушісін тақтан тайдырып, өзін ұлы қаған деп жариялады.

ЕДІЛ БҰЛҒАРЛАРЫ

(Березин, Қазан, 1853 ж.)

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 181–185-б. Н.И. Березиннің Қазан университеті 1852 ж. «Ученые записки»-інде жария-

ланған, ал 1853 ж. жеке кітап болып шыққан «Еділдегі бұлғар» еңбегінен алынған үзінді ретінде танылады. Еңбек XVI ғасырдың бірінші жартысында жазылған Хисам ад-дин б. Шараф ад-дин Бұлғаридің түсінік берілген аудармасы ретінде танылады. Ш. Ш. Уәлиханов исламның тарихын зерттеумен шұғылдана жүріп, осы мәселеге қатыстының барлығын осы кітаптан, бәрінен бұрын, әсіресе, «Еділ мен көрші жерлердегі ислам тарихына» арналған төртінші тараудан алған. رساله‌ء تواریخ بلغاریه و ذکر مولانا اقساق تیمور و خراب شهر بلغار

[1] *Зикр* (араб. «[Алланы] еске түсіру») – сопы намазының негізгі бөлімі, оның мақсаты анықталған мінажат формулалары мен дене қимылдарын көп мәрте қайталау арқылы жұмбақ экстазға қол жеткізу болып табылады.

[ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ШОЛУҒА ҚОСЫМША]

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 2, 421–442-б.

[1] *Риттер Карл* – Қара.: осы басылым, т. 2, б. 362, түсініктеме 59.

[2] *Гумбольдт Александр* – осы басылым, т. 3, б. 364, түсініктеме 5.

[3] *Саркөл* (Сарыкөл, Зоркөл, Виктория), көлдің атауы тау жотасының немесе Сарыкөл алқабының атауымен не территориялық, не мағыналық мәнісі мен осы екі атаудың шығу тегі жағынан байланысты емес.

[4] *Сарыкөл тау жотасы* – Алай тау жоталарының бөлігі емес, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай жалпы бағытталған оқшау тау жотасы; солтүстікте Заалай жотасының шығыс шетінен басталып, оңтүстікте ол Гиндукуш пен Қарақорым жоталарына жанасады. Сарыкөл жотасы Әмудария мен Тарым бассейіндері арасында суайырғыш қызметін атқарады. Тау адырлары бойымен КСРО мен Қытай арасындағы шекара сызығы өтеді. Сарыкөлде Қытайдың Памир жағына апаратын көп биік асулар бар. Ш. Уәлихановтың уақыты кезінде және одан кейінірек Сарыкөл топонимінің Памирдің шығыс жақ шетінде орналасқан округтің не провинцияның атауы ретінде қолданылуының басымдығымен белгілі болды. Сарыкөл жотасының атауы оның барлық ұзына бойында орыс географиялық әдебиетінде тек XIX ғ. аяғынан бастап бекіді.

[5] *Вуд (Wood) Джон* – осы басылым, т. 2, б. 365, түсініктеме 5.

[6] *Ақсу өзені* бастауын Ауғанстан территориясындағы Памир тауының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Шақпақтыкөл көлінен алады. Ақбайтал өзенінің төменгі құйылысынан Сарез көліне дейін ол Мүргаб деп, одан кейін Бартанг деп аталады да, Рушан мен Язгулем жоталары арасынан ағып өтіп, Пянджге құяды.

[7] *Дуранилер кітабы* – осы басылым, б. 406, түсініктеме 9.

[8] *Гук және Габбе* (Huc et Gabet) – лазаристер орденді француз миссионерлері. 1839 жылдан Қытайда тұрған. 1844 жылдан 1846 ж. дейін Моңғолия, Қытай және Тибетке саяхат жасап, христиандыққа уағыздай жүріп, осы елдер халықтары туралы этнографиялық мәліметтер жинаған. 1853 ж. Гук Парижде «Souvenirs d'un voyage dans la Tartarie, le Thibet et la Chine» кітабын шығарды.

[9] *Паладий* (Палладий) – Кафаров Петр Иванович (1817–1878) – орыс ғалымы, қытайтанушы; Діни миссияның құрамында 30 жыл Пекинде тұрған. Үлкен орыс-қытай сөздігінің авторы. Оның Қытай,

Моңғолия, Манжүрия және басқа елдердің тарихтарына арналған еңбектері, сондай-ақ аударма жұмыстары Пекиндегі Орыс діни миссиясы мүшелерінің «Еңбектерінде» (1866, т. 4), «Шығыс жинағында» (СПб., 1887), «Сібір Жазбалары ОГҚ бөлімінде» (1879, 8-кітап) және т.б. басылды.

[СОТ РЕФОРМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБАҒА ҚОСЫМША]

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 234-б. Ш. Уәлиханов қағаздары ішіндегі жеке парақ; сот реформасы жөніндегі жазбаның нобайы іспеттес.

[«АЗИЯ ХАБАРШЫСЫ» ТУРАЛЫ МАҚАЛА ЖӘНЕ ОДАН ҮЗІНДІЛЕР]

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 156–159-б. Қолжазба АВГО / БГҚМ – Бүкілодақтық географиялық қоғамның мұрағатында сақтаулы (разр. 65, д. 72, лл. 31–32). Орта Азия туралы материалдар жарияланып тұратын «Азиат хабаршысы» (Азиатский вестник) (1825, № 1–5) журналынан орын алған мақалаларға рецензия.

[1] *«Сібір хабаршысы»* (Сибирский вестник) журналы Петерборда 1818 жылдан 1824 жылдар арасында басылды.

[2] *Қара-Көл көлі* Бұхараға шалғай емес көне астанасы Пайкендке жақын жерде.

[3] *Әму өзені ... өзіне алты өзенді (дария) қабылдайды: Бадахшан, Дарваз, Гингеаб, Вавия, Қаратегін және Гиссар.* – Осында санамаланған жер-су аттарының көпшілігі, бәрінен бұрын – облыстар не тау жоталарының атаулары. Бадахшан өзені дегенде, шамасы, Пяндж өзені айтылып тұрса керек; Дарваз өзені – шамасы, Ванч; Қаратегін – Сурхоб өзені; Гингеаб өзені – Хингоу өзені; Гиссар – Сүрхандария. Вавия атауы теңдестіруге келмейді, шамасы, жаңылыстық болса керек, Вахш орнына.

[4] *Қызыл-Арслан* (Қызыл-Арслан Усман) – атабектер Ильдегиздер әулетінен шыққан билеуші (1187–1191).

[5] *Емлак* (амлак) – милк дегеннің көпше түрі (қара.: төмендегі 7-түсініктеме); терминологиялық тұрғыда ханның жеке қарауында табылатын мемлекеттік жерді белгілеу үшін қолданыла алады.

[6] *Харадж* (тегінде, мулк-и харадж) – жеке меншіктегі жерлер, олардан жер салығы – харадж алынған.

[7] *Мулк* (мулк) – жеке меншіктегі жерлер.

[8] *Жамшид* (көне иран. Yima xsaeta) – иран мифологиясында «Алтын ғасыр» патшасы.

[9] *Сакарпур* (Шикарпур) – Пакистанда Синд провинциясындағы қала.

[10] *Мультан* (Мултан) – Пакистандағы Пенджаб провинциясындағы қала.

[11] *Сейки* (сикхи) – дербес діни ағымда XVIII ғ. қарай үйымдасқан индуилік секталарының бірі – сикхизмнің ізбасарлары.

[12] *Хосров-хан* – өзбектердің аты аңызға айналған рубасы.

[13] *Баян-Қулы-хан* (Буянқулы) – Мәуераннахрдың билеушісі (1348–1359), Шағатаилер әулетінен шыққан.

ҚАРҚАРАЛЫ ІШКІ ОКРУГІ БОЛЫСТЫҒЫНЫҢ ҚЫСҚЫ ҚОНЫСТАРЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 340-348-б. Мұрағат материалдарын Ш. Уәлиханов Қазақстан тарихы бойынша жұмыс жасау үшін жинаған.

Қолжазба «Сот реформасы туралы», «Сахарадағы мұсылмандық» және басқа жазбалармен бірге В. В. Григорьев қорында сақтаулы (ОМӘОМ, ф. 159). Жазба XIX ғ., 30-жылдарында жиналған ресми статистикалық материал сипатын танытады.

[1] *Надан-Тобықты* (Дадан-Тобықты) болысы. – Атау қазақтың дадан-тобықты руының атынан шыққан. Қыстақтары: Балқаштың солтүстік жағалауы, Тоқырау өзенінің сағасында Қандықты сайына дейін. Жайлаулары: Тоқырау өзені бойымен оңтүстікте.

[2] *Төленгіт болысы* – Қарқаралы төленгіттерінің негізгі тобы Аягөз өзені сағасының солтүстігіне қарай далада, белгілі Шұбар-Айғыр, Жауыр, Саяқ және Қусақ сайларында; олар керейлермен көрші болған.

[3] *Керей болысы* – қазақ рулары керейлер мекендеген территория. Қыстақтары Шұбар-Айғыр, Жауыр, Жорғабайтал, Шұбартау және Дағанды мен Бақанас өзендері алқаптарында орналасқан. Жаз мезгілінде керейлердің жартысы өз көштерімен Абыралы тауы мен Құсақ өзенінің бас жағына дейін жеткен.

[4] *Тарақты болысы* – Қазақтың тарақты руының атымен аталған. Олардың басым бөлігі Ақмола уезінің оңтүстігінде тұрған, жазғы қоныстарында Шу өзенінің сағасына дейін жеткен.

[5] *Күшім-Байбөрі болысы* – 1841 ж. мәлімет бойынша Қарқаралы округінде Көшім және Байбөрі болыстары жеке қоныстанған (ҚазССР ОММ / Орталық мемлекеттік мұрағат, ф. 374, д. 911, лл. 36–45; М. С. Мұқанов. Этнический состав и расселение казахов младшего жуза / Кіші жүз қазақтарының этникалық құрамы мен қоныстануы. Алма-Ата, 1974, 104-б.).

[6] *Жағалбайлы-Байбөрі болысы* – Екі қазақ руының атауларынан шыққан; жағалбайлылар Кіші жүзге, ал байбөрілер Орта жүзге енеді.

[7] *Жалықпас болысы* – Қаракесек руынан шыққан қазақтар иемденген территория.

[8] *Нұрбике-Шаншар болысы* – Қаракесек руынан шыққан шаншар тармағының қазақтары иемденген аумақ.

[9] *Айбике-Шаншар болысы* – Атау шаншардың осы тармағы бойынша берілген, алайда айрықша болысқа бөлінген.

[10] *Қара-Айтымбет болысы* – Өз атауын қаракесек руынан шыққан қара тармағының қазақтары атынан алған аумақ.

[11] *Әлтеке-Сарым болысы* – Қаракесек руынан шыққан әлтеке-сарым тармағының қазақтары иемденген аумақ.

[12] *Қарсен-Керней болысы* – Қаракесек руынан шыққан қарсен-керней тармағының атымен аталған аумақ.

[13] *Қояншы-тоғай болысы* – Қаракесек руынан шыққан қояншы-тоғай тармағының есімімен аталған аумақ.

[14] *Дүйсенбай-Шекшек болысы* – Қаракесек руынан шыққан шекшек тармағының есімімен аталған аумақ.

[15] *Қарауыл-Қамбар болысы* – Қаракесек руынан шыққан қамбар тармағының атымен.

[16] *Мәмбетай-Тобықты болысы* – Тобықты руы қазақтары иемденген аумақ.

[17] *Жүзбенбет-Тобықты* (Жүз-Мәмбет-Тобықты) *болысы*. 1850 жылы бөлініп, Мәмбет-Тобықты болысынан шыққан.

МЕГДИ РАФАИЛОВ ЖАЗБАЛАРЫНАН АЛЫНҒАН ҮЗІНДІ

ҰШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 2, 419–420-б. Жазылған күні белгісіз. М. Рафаиловтың жазбасы ГАОО / ООММ – Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатында сақтаулы. Қараңыз: Н. Григорьев. Записка о Тибете. «Омская правда», 1938, 5-август.

[1] *Рафаилов Мегди* – ауған көпесі, Кабул түрғыны. 1813 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторы Г. И. Глазенаптың тапсырмасы бойынша шағын керуенмен Семейден Қашғарға Тибетпен сауда байланысын орнату үшін аттанды. Тапсырманы табысты аяқтап, Рафаилов Омбыға қайта оралып, Тибетке барған жолы туралы және өзінің сонда болғаны жөнінде жазба құрастырды.

[2] *Старков Е. И.* – полковник, Сібір казак әскерінің офицері, Омбы кадет корпусында сабақ берді.

[3] *Ақбар Махмуд-хан* – Тибеттің билеушісі.

[4] *Нессельдоре Карл Васильевич* (1780–1862) – Ресейдің сырткы істер министрі (1816–1856), Мемлекеттік Кеңес мүшесі әрі мемлекеттік канцлер.

ЖҰБАН АНА МАЗАРЫ

ҰШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 232–234-б. Қолжазба КСРО ҒАМ-нда сақтаулы (ф. 23, оп. 1, д. 13, л. 41). Мақаланың негізіне, шамасы, бұдан да ертеректегі қолжазбалық дереккөзден алынған көшірме қойылған тәрізді. Қараңыз: Айтболат, Жұбан-ана мазарларының сипаттамасы (АВГО разр. 75, оп. 1, д. 10).

[1] *Жұбан-ана мазары* – XI-XII ғғ. Күйдірілген кірпіштен түрғызылған белгілі мола. Жезқазған темір жолы Жаңа-Арқа бекетінен оңтүстікке қарай 109 шақырым жерде. 1946 жылға дейін жақсы жағдайда болды, кейіннен жақын маңдағы мекендердің түрғындары бұзып алған. Ш. Уәлиханов оны, сондай-ақ Айтболаттың мазарын 1863 жылы, Яценко экспедициясына қатысқан кезінде аралап көріп, суреттерін салып алуы мүмкін.

[2] *Қараағаш* – Жаңа-Арқа ауданының орталығынан 60 шақырым солтүстікке қарай орналасқан жер. Ғылымда 1911 жылы осы жерден инженер-геолог А. А. Козырев тапқан алтын қоймасының арқасында танымал болды. XIX ғ. 70-жылдары басында Қараағашты Сары-Су уезінің орталығы етуді болжамдады, алайда уездің өзінің жойылуына орай бұл жоба жүзеге аспай қалды.

[2] *Ақтау бекінісі* – Кенесары көтерілісімен байланысты Ақмола даласында салынған сол уақыттағы ең күшті әскери құрылыстардың бірі. Бүлік басылғаннан кейін бекініс өз мәнісінен айырылды.

[4] *Айтболат* – XIII-XIV ғғ. Салынған мазар.

«НИЗАМ-УТ-ТАУАРИХ» – ҚАЗИ БАЙЗАУИДІҢ ШЫҒАРМАСЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 186-б. Шағын рецензия (сынхат), онда қазы Бейзауидің «Низамат-тауарих» парсы тілінде жазылған шығармасының мазмұны берілген (Қараңыз: Собрание Восточных рукописей, т. 1, Ташкент, 1952, с.21).

ҚАРАП ШЫҒУ КЕРЕК

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 1964, 116-б. Естелік жазба Ш. Уәлихановтың Қазақстан соулет және тарихи-қазба ескерткіштеріне деген зор қызығушылығын танытады. Түпнұсқа мәтінінде кейбір фразалар басқа сиялармен сызылған: шамасы, мұны сипатталған жерлерде болып келгеннен кейін автордың өзі жасаған болса керек.

[ТҮРКІМЕНДЕР ТУРАЛЫ]

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 161–163-б. Қолжазба КСРО ҒАМ-нда сақтаулы (ф. 23, оп. 1, л. 12–13 об). Алғашқы нұсқасына

К. Боденің «Түркімен ұрпақтары туралы» (ЗРГО, I и II кн., 1849, с.267–292) және М. И. Ивониннің «1846 ж. Маңғышылақ түбегіне сапар» (ЗРГО, II кн., 1849, с.332–354) мақалаларынан алынған материалдар негіз болған. Дін тарихы бойынша жұмыстарға байланысты («Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы», «Дала мұсылмандығы жайлы») Ш. Уәлиханов Орта Азияда тұратын қожалардың қоғамдық және саяси рөлдеріне қызығушылық танытты. Бұл жөнінде оның осы қолжазбаның жиек сызықтарындағы белгілері дәлел болады: «NB. Әлішерден Қоқандағы қожалар және түркістандық көшпенді қожалар туралы сұрау».

Ш. Уәлихановтың жекелеген ескертулерінен оның Орта Азияда исламның таралуы жөнінде еңбек жазуды ойлағаны көрінеді (Қараңыз: «Биржевые ведомости», 1865, № 243 – «О среднеазиатском духовенстве и просвещении масс»).

[1] *Түркімен* – Түркімен этникалық атауы алғаш рет мұсылман әдебиетінде б.з. X ғ. екінші жартысында пайда болған. «Түркімен» сөзін, бәлкім, Муг тауларынан шыққан VIII ғ. бірінші ширегіне жататын соғды құжаттарының бірінен оқу керек. X–XI ғғ. түркімендерге көпшілік жағдайда оғыздар, сондай-ақ қарлұқтар жатты. XI–XII ғғ. бастап «түрікмен» термині Орта Азияның батыс бөлігінде қалыптасқан халық атауына айналды. (В. В. Бартольд. Очерк истории туркменского народа. Сочинения, т. II, ч I, М., 1963; Народы Средней Азии и Казахстана, т. II, М., 1963).

[2] *Түп-Қараған* – Маңғышылақ түбегінің солтүстік-батыс мүйісі.

[3] Александрбай (ағылшын. Alexanderbay – Александр Қойнауы) – Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы бұғаз. Атау Каспий теңізінің шығыс жағалауын бірінші зерттеуші князь Александр Бекович-Черкасскийдің есімімен берілген.

[4] *Эрбело Бартелеми* (1625–1695) – француз шығыстанушысы, 1697 ж. Парижден басылып шыққан «Восточная библиотека» ғылыми энциклопедиялық сөздігінің авторы.

[5] *Гокландар* (гокленлер) – Сумбар және Чандыр өзендерінің ортаңғы ағысы, Атрек өзені алқабына, сондай-ақ Ирандағы Астрабад облысын қоныстанушы негізгі түркімен тайпаларының бірі.

[6] *Жәуміттер* (ямудтар) – Оңтүстік Түркмения аумағында тұратын түркімен тайпасы.

[7] *Теке* – саны жағынан ең көп түркімен тайпасы, Копет-Дағ тау бөктері алқабын және Мұрғаб жазирасын мекендеген.

[8] *...ик (иг) қасиетті атымен* – Патриархалдық салт бойынша ик түрікмен – бұл рулық қауымның толық құқылы мүшесі.

МҰХАММЕД-ЖАҚЫП ЖАНҚҰЛОВТЫҢ ЖАУАБЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 2, 415–416-б. Алғашқы нұсқасы бірізді нөмірленбеген бөлек-бөлек парақтар түрінде сақталған. Күні белгісіз.

[1] *Көне-Түрфан* – Синьцзян-Үйғыр автономды ауданының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан қала.

[2] *Эргол* – Тарым өзенінің көне атауларының бірі.

[3] *Маралбашы және Байчук* – Ақсу округіне енетін үйғыр қыстағы.

ОРТА ҒАСЫРЛАРДА ОРТА АЗИЯДА БОЛҒАН САЯХАТШЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ХАБАРЛАМАЛАРЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 153–156-б. Қолжазба Плано Карпинидің, Асцелиннің, Рубруктің және т.б. саяхаттары туралы түсініктемелерге алғашқы жазылған нұсқа ретінде танылады. Материалдар батыс-еуропалық және шығыс тілдерінде басылған әдебиеттерден алынған. Рашид ад-дин мен Джувейннің еңбектерімен қатар Ш. Уәлиханов Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихын жазуда маңызды дереккөздер болып табылатын еуропалық саяхатшылардың да жазбаларын оқыған.

Жазылған күні белгісіз.

[1] Иннокентий IV – Рим папасы (1243–1254). Еуропада үстем жоғары папалық саясат жүргізді. Шығыс Еуропаны жаулауға талпыныстағы Тевтон орденін белсенді түрде қолдады. Татар-моңғол шапқыншылығы нәтижесінде Русьте қалыптасқан қиын жағдайды пайдаланып, Иннокентий IV орыс княздіктерін куриясына бағындыруға тырысты. Ол Александр Невскийді (1252 ж.) татар-моңғолдарға қарсы Русь үшін ішкі және сыртқы қолайсыз жағдайда *крест* жорығын жасауға арандатты. Иннокентий IV-тің орыс жерлеріне қатысты екіжүзді

саясаты Плано Карпини бастаған елшілерді Руське қарсы татар-моңғолдармен тізе біріктіру мақсатына қол жеткізу үшін жіберуінде айқын көрініс берді.

[2] *...қасиетті Иоанн күніне дейін* – яғни, 1246 ж. 24 маусымына дейін.

[3] *Сапие* (Канев) – Киевтен 120 шақырым жерде Днепрдегі қала.

[4] *Куман даласы* – Кумандар (еуропа дереккөздері), половецтер (орыс дереккөздері), қыпшақтар (шығыс дереккөздері) қоныстанған Батыс Қыпшақ даласы (Дешті Қыпшақ).

[5] *Күйік* (Гуюк, 1204–1248) – моңғол ханы, Шыңғысханның немересі, Үгедейдің ұлы.

[6] *Каңғыт даласы* – Арал теңізінен солтүстікке қарай жатқан жер.

[7] *Bisermins* – яғни, мүсылмандар, қазіргі жағдайда, сол уақытта Қаратау аймағы мен Сырдария сағасына орныққан отырықшы қыпшақтар туралы айтылып тұр.

[8] *Altisoldan* – моңғолдармен соғыста қаза тапқан хорезмшахы Ала ад-дин Мухаммед (1200–1220) айтылып тұр.

[9] *Buri et Cadan, Thiaday'a* – Бөрі мен Қадан Шағатайдың балалары емес: Бөрі Шағатайдың немересі, Қадан – Үгедейдің ұлы.

[10] *Siban* (Шайбани) – Жошының ұлы, Көк орданы (Хорезм, Маңғышылақ, Ембі аймағы) еншіге алған.

[11] *...Вознесениядан Иванов күніне дейін* – яғни, 17 мамырдан 24 маусымға дейін.

[12] Nigra Cathaya Caracattay (Қарақытай) – қарақытайлар елі. Орталық және Орта Азияны жаулап алушылар, осында 1141 ж. кейін Шу өзені бастауларында Баласағұнды орталығы етіп, ертефеодалдық мемлекет құрған.

[13] ...кішкентай теңіз немесе үлкен көлді көріп.– Әдетте, күз, жаз және қыс бойы соғып тұратын дауылды жел төн болып келетін Алакөл көлі сөз етіліп отыр. Ол дауылды желдер Плано Карпини мен Рубрук тарапынан сипатталған, қазақтарда ебі (күзгі) және сайқан (қысқы және жазғы) желі атауларымен белгілі.

[14] *Орду* (Орда, Орда-Ежен) – Жошының үлкен ұлы. Ақ орданың негізін салушы.

[15] *Петр мен Павел күндерінде...* – яғни, 29 маусым.

[16] *Vincent de Beauvais* (Винцент де Бове) – XIII ғ. ғалым-монах, доминиканец. «Speculum historialen» оның 80-томдық энциклопедиясының бөлімі болып есептеледі: «Speculum majus» латынша жазылған. Еңбек басқа тілдерге аударылып, кеңінен таралды.

[17] *Языков Д[митрий Иванович]* – қара.: осы басылым, т. 2, 367-б., 89-түсініктеме.

[18] *Сартақ* (Сартах) – Батыйдың ұлы, Дон және Еділ сағаларында орналасқан жерлерге иеленді. Еуропада ол христиандықты қабылдады деген сыбыс шықты, бұл IX Людовиктің оған ресми емес елші-миссионер жіберуіне түрткі болды.

[19] *Kenkat* – шамасы, Құмкенттің бұрмаланған атауы болса керек, оның қираған жұрты Солтүстік Қаратаудан табылды. (Қараңыз: «Труды Института истории, археологии и этнографии АН Каз ССР», 1958, т. 5, с.209).

БАЙЛАНЫС ЖОЛДАРЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 2, 453-б. Алғашқы жазылған нұсқасы бөлек-бөлек парақтар түрінде бас-аяғы жоқ күйінде сақталған. Жазылған күні белгісіз.

[ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ МЕН СҰЛТАНДАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ]

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 484–488 б. Қолжазба ЦГАЛИ /ОМӘӨМ – Орталық мемлекеттік әдебиет пен өнер мұрағатында (ф. 118, оп. 1, д. 339, л. 3) және ААН / КСРО ҒАМ – Ғылым академиясы мұрағатында сақтаулы (ф. 23, оп. 1, д. 7, лл. 1–5). Қазақ хандары мен сұлтандарының, Барақтан бастап, оның ұрпақтары қазақтың үш жүзінің рубасылары болған; Абылай ханның алты әйелінен туған балалары және Шоқанның бабасы Уәли-ханның ұрпақтары, тегі туралы мәліметтер қамтыған бірнеше генеалогиялық кестелер мен оларға берілген қысқаша түсініктемелер. Бұл кестелерді Ш. Уәлиханов түрлі уақыттарда жазған және оның заманында өмір сүрген сұлтандардың өз ауыздарынан шыққан ақпараттар мен әдеби дереккөздер негізінде өңдеген.

[ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨШІРМЕЛЕР]

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 488–491 б. [Шығыс билеушілері патшалықтарының хронологиялық уақыты]. Қолжазба жеке парақта, Сұлтан-Мұхаммед ал-Балхидің түрлі аймақтарды жаулап алған күндер белгіленген, Азия және Солтүстік Африка елдерінде жеке әулеттердің патшалық құрған мерзімдері мен кейбір басқа күндер көрсетілген «Маджма? ал-гараиб» (қара.: төмендегі 19-түсініктеме) шығармасынан алынған үзінділерді қамтиды. Мәтіннен белгілі болып тұрғандай, бұл мәліметтер көзінде қателер мен дәлсіздіктер толып жатыр. Көшірмедегі мерзім, күндер хиджра – мұсылман жыл санауы бойынша берілген, оларды еуропалық күнтізбеге аудару мұнда дереккөздің тұтастай ғылыми мүмкіндігінің жоқтығына байланысты жүргізілмейді.

[1] *Омар* ('Умар) ибн ал-Хаттаб – іріктеліп сайланған («құқықтанушы») төрт халифтің екіншісі (634–644). Оның тұсында Азияда және Солтүстік Африкада араб-мұсылман экспансиясы басталды.

[2] *Яздижерд* (Йездигерд III, 632–651) – Иранның сасанидтер әулетінен шыққан соңғы билеуші.

[3] *27 зу-л-хиджжа* 23 ж.х. сәрсенбіге емес, бейсенбіге 4 қараша 644 жылға сәйкес келеді.

[4] *Асаф ибн Кияс* (дұрыс емес, дұрысы: ал-Ахнаф ибн Кайс; шын есімі – Шахр) – араб қолбасшысы, 651 ж. арабтар мен балх жасақтарының Йездигердке III қарсы біріккен әскери қимылдарын басқарды.

[5] *Әбу Мүслім әл-Маруази* (әл-Хурасани) – шейіттік діни қайраткер, антимейяд көтерілісінің (747–750) басшысы, соның нәтижесінде халифаттағы билік басына Аббасидтер келді. Оның қаза болған уақыты дұрыс көрсетілмеген: ол Иракта 133/750 ж. өлтірілген.

[6] *Имам Ханафи әл-Куфи* – осы бүрмаланған есім астарында Куфта өмір сүрген, ислам дін іліміндегі (ханифиттік) негізгі төрт бағыттың бірінің негізін салушы Әбу Ханиф айтылып тұр. Оның қаза болған уақыты да дұрыс көрсетілмеген: ол 150/767 ж. қайтыс болған.

[7] *Себуктегін аталатын бүлер* – қате: Себуктегін ұрпақтары алдыңғы жолдарда аталып өткен Газневилер болған. Буилер (басқаша Бувейхилер) – Иран және Ирактағы парсылық билеушілер әулеті (932–1055), 14 емес, одан көп 20 адам саналады.

[8] *Бахрам-Гурдің ұрпақтары* – Хорасан, Ауғанстан және Солтүстік Индиядағы Гурилер әулеті (шамамен 1000–1215 жж.).

[9] *Египеттік исмаилилер* – Египетте (кейінірек Сирияда) 909–1711 жж. билік құрған Фатимилер әулеті айтылып тұр. Фатимилердің аңызға айналған генеалогиясы, жетінші шийлік имам Исмаилға көтерілген-мыс, әзірше сенімді түрде расталған жоқ.

[10] *Иран исмаилилері* (басқаша Ассасиндер) – Солтүстік Иран мен Сирияның шийлік билеушілері (1090–1273).

[11] Қате: Шыңғысхан хижраның 574 жылы емес, 624/1227 жылы қаза болған.

[12] *Хулагу-каан* 663/1265 ж. қаза болған.

[13] *Шейх Наджм ад-дин Кубра* – Үргеніштен шыққан белгілі діни қайраткер, моңғол шапқыншылығы кезінде хорезмдіктер тарапынан көрсетілген қарсылықты басқарған, 1221 жылы қаланы Шыңғысхан әскерлері қоршаған уақытта қайтыс болған; басқа мәліметтер бойынша 1226 ж. қаза болған.

[14] *Баха ад-Дин* – сопылық қайраткер, дәуіштік накшбандий орденінің негізін салушы қожа Баха ад-дин Мұхаммед ибн Мұхаммед Накшбанд әл-Бұхари айтылып отыр; 791/1389 ж. қаза болған.

[15] *Мырза Ахмет Жәми* (Абд ар-Рахман ибн Ахмад) – белгілі тәжік ғалымы, XV ғ. ақыны. Оның қаза болған күні үш ғасырдан көп уақытқа қате көрсетілген: ол 898/1492 ж. қаза болды.

[16] *Әл-Ғазали Әбу Хамид Мұхаммед* – философ, құқықтанушы әрі сопылық теоретигі, 505/1111 ж. қаза болды.

[17] *Фахр ад-дин ар-Рази* – герат діндары әрі полигистор, 606/1209 ж. қаза болды.

[18] *Мұхаммед Салық Загрияд-Яб[а]* – есім анық бүрмаланған және сәйкестенбейді.

[19] Анығырақ: *Сұлтан-Мұхаммед ибн Дарвиш-Мухаммед әл-муфти әл-Балхи*. Оның аталып өткен шығармасы 983/1575 ж. жазылған (Қараңыз: Собрание восточных рукописей, т. 1. Ташкент, 1952, с.297).

ОРТААЗИЯЛЫҚ ХАНДЫҚТАР: ХИУА, БҰХАРА ЖӘНЕ ҚОҚАН, ОЛАРДЫҢ РЕСЕЙГЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

«Севреная пчела» газетінің 1861 ж. 19-маусым № 160 нөмірінде қол қойылмай жарияланған, 649-б. Атауы «Мазмұнында» бірінші бағанның басында көрсетілген.

[1] XIX ғасырда *Орта Азия* термині қазіргіге қарағанда айтарлықтай кең түсінілді де, өз бойында Шығыс Түркістаннан Хорасанға дейінгі және Орталық Қазақстан далаларынан Гиндукушқа дейінгі аумақты қамтыды.

[2] Яғни, 'бөлінбейтін', 'монополиялық'.

РЕСЕЙДІҢ ХИУАМЕН ҚАТЫНАСЫ

«Северная пчела» газетінің 1861 ж. 7-тамыз № 174 нөмірінде қол қойылмай жарияланған, 705–706-б. Атауы «Мазмұнында» бірінші бағанның басында көрсетілген. Барлық жолма-жол ескертпелер түпнұсқа мәтініне тиісті.

[1] *...Хиуа ханы Авган, өз туысқандары тарапынан қуылған...* – Бізге таныс әдебиетте Авган есімді хан немесе оған шамаласы аталмайды. Сірә, мұнда Хиуа тағынан үміткер болған I Араб-Мұхаммед ханның (1602-1621) «бүлікшіл» үлдарының бірі айтылып отырса керек, – жөке алғанда, бұл Исфандийар болуы мүмкін, 1622 жылы Ауғанстан жорығынан кейін өз бауырлары мен бірге жеңіске ие болған; 1623-тен 1642 ж. дейін басқарды. Қараңыз: В. В. Бартольд. Очерк истории туркменского народа. Сочинения, т. II, ч. I. М., 1963, с.605–606.

[2] *Шанияз* (Исхак-аға Шах Нийаз) – Хиуа ханы (1688–1702).

[3] *Арак-Ахмет* – Хиуа ханы Араб-Мұхаммед II (1702–1714).

[4] *Бекович-Черкасский Александр* (Дәулет Кизден-Мырза) – I Петрге жақындатылған қабардин князі. Хиуаға барған орыс экспедициясын басқарды және сол уақытта 1717 ж. өлтірілді.

[5] *Жәдігер* (Йадгар, 1714), Аранг (Эрэнк, 1714–1715), Шерғазы (1715–1727) – Хиуа хандары.

[6] *Порсу* – қазіргі қала типтес Калинин елдімекені (Ташауз бен Ходжейлі арасында).

[7] *...полковник Эрдберг* – тегі бұрмаланған: дұрысы Гарбер.

[8] *Гладышев Д. В.* – орыс офицері, 1734 жылдан Орынборда қызмет етті, қазақ ауылдарына дипломатиялық тапсырмалармен жиі шығып түрған. *Муравин И.* – геодезия маманы, ол да Орынборда қызмет еткен; Әбілқайыр хан түсында 1742–1743 жж. қазақ ауылдарында болды. 1740–1741 жж. экспедиция кезінде Хиуа және Қазақ даласы туралы Гладышев пен Муравин жинаған маңызды тарихи-этнографиялық және географиялық материалдар мұрағат құжаттары мен жарияланымдар қатарында сақталған. Қараңыз: Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740–1741 гг. поручиком Гладышевым и геодезистом Муравиным. Географические известия, 1850, с.519–599; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. Алма-Ата, 1961, док. № 76, 83.

[9] *Бланкеннагель* (инициалдары белгісіз; 1813 ж. қаза болған) – әскери дәрігер, 1793–1794 жж. аудармашы Холмогоровтың ілесуімен Орынбордан Шығыс Арал жағалауы арқылы Хиуаға сапар шекті. Қараңыз: Путевые заметки майора Бланкеннагеля о Хиве в 1793–1794 гг. С примечаниями действительного члена В. В. Григорьева. Вестник РГО, ч. XXII, 1858, с.87–116.

[10] *Нұралы* – қазақ ханы, Хиуада Нәдіршахтың өкілі Тахирді аластатқаннан кейін 1741 ж. жарты жылға жуық билік етті. Қайып (Гаибсұлтан) – қазақ, Хиуа билеушісі (1745–1770 аяғы.). Одан кейін XIX ғ. басына дейін Хиуа тағында тек Әбілғазы III қана белгілі (1770 аяғы –1804).

[11] *Ильтезер* (Елтүзер, Ильтузар) – Хиуа ханы, қоңырат әулетінің негізін салушы (1804–1806).

[12] *Мухаммед-Рахым* – Ильтезердің ағасы, 1806–1825 жж. Хиуада билік етті.

[13] *Ханыков Яков Владимирович* (1818–1862) – географ әрі картограф, 15 жылға жуық уақытын Қазақ даласының географиясы мен Орта Азияның жекелеген аудандарын зерттеуге арнады. Ханыковтың аталған мақаласында XVIII–XIX ғ. басында Қазақстан мен Орта Азияда болған орыс елшілерінің ғылыми нәтижелерінің тыңғылықты сипаттамасы берілген (Қараңыз: Пояснительная записка к карте Аральского моря и Хивинского ханства, с их окрестностями, составленная д. ч, Я. В. Ханыковым. Записки РГО, кн. V, 1851, с.279–299).

[14] *Муравьев [-Карский] Николай Николаевич* – белгілі мемлекеттік және әскери қайраткер, ғалым әрі саяхатшы. Хиуадағы дипломатиялық миссияларды басқарды (1819–1820 жж.). Оның алғашқы сапарының қорытындылары «Путешествие в Туркмению и Хиву в 1819 и 1820 годах гвардейского генерального штаба капитана Николая Муравьева. М., 1822.

[15] *Алла-Құл* (Аллах-Кули-хан) – Хиуа ханы, 1825–1842 жж. басқарды.

[16] *Ново-Александровскі бекінісі* (басқаша Ново-Петровскі, Александровскі форты) – қазіргі Ақтау қаласы.

[17] *Перовский Василий Алексеевич* (1795–1857) – мемлекеттік және әскери қайраткер, Орынбор өлкесінің әскери губернаторы (1833–1842 жж.). 1839 жылғы Хиуаға жасалған сәтсіз жорықтан кейін, Орта Азияға жасақталған жаңа экспедицияны басқарды да, 1854 ж. Сырдариядағы қоқан бекінісі Ақмешітке (қазіргі Қызылорда) ие болды. Орта Азияның Ресейге қосылуында маңызды рөл атқарған Хиуа шекарасындағы бекіністер тізбегі мен Арал флотилиясын ұйымдастырушы.

[18] *Никифоров П.* – бас штабтың генералы, 1841 жылы Хиуаға барған орыс миссиясын басқарды, бұл елшіліктің мақсаты Хиуа ханының Сырдариядан солтүстікке қарай барлық аумақты және Каспий теңізі жағалауының жартысын Ресей иелігі деп тануына қол жеткізу, сондай-ақ барлық орыс тұтқындарын қайтару болды. Алайда Никифоровтың Алла-Құл ханмен келіссөзі еш нәтижесіз аяқталды.

[19] *Данилевский Г. И.* – подполковник, 1842 ж. Хиуаға барған орыс елшілігінің бастаушысы, замандастарының куәлік етуінше, бұл елшілік те ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмады. Орта Азия тарихынан жазылған бірнеше еңбектердің авторы, олардың ішінде маңыздысы – «Хиуа хандығының сипаттамасы» (Записки РГО, кн. V, 1851, с.62–139).

[20] *Базинер Теодор Фридрих Юлиус* – натуралист, Г. И. Данилевский экспедициясының мүшесі. Қазақтар туралы Хиуа сапары кезінде жиналған тарихи-этнографиялық құнды материалдар Петерборда неміс тілінде жарияланды: Naturwissenschaftliche Reise durch Kirgisensteppe nach Chiwa, von Theodor Friedrich Jul. Basiner. (Beitrdge zur Kenntniss des Rusischen Reiches und der angrdnzenden Lnnder Asiens, hrsg. Von K. E. v. Baer und G. v. Helmersen. Folge I, Bdndchen XV). St.-Pbg., 1848.

[21] *Ақмешіт, Перовский форты* – қазіргі Қызылорда қаласы.

[22] *Сейіт-Мұхаммед хан* – Хиуа ханы (1856–1865).

[23] *Игнатьев Николай Павлович* (1832–1908) – белгілі дипломат, Ресейдің Англиядағы ресми әскери тыңшысы, 1858 ж. Хиуа және Бұхараға барған орыс елшілігінің басшысы. Осы сапар жайындағы авторлық мемуарлары, қараңыз: Миссия в Хиву и Бухару в 1858 ж. флигель-адъютанта полковника Н. П. Игнатьева. СПб., 1897.

[24] *Килевейн Е. Я.* – Н. П. Игнатьев елшілігінің хатшысы. Ол 1862 ж. осы сапар туралы мәтінде көрсетілген басылымнан басқа мақалалар жариялаған (Қараңыз: Е. Кивлейн. Отрывок из путешествия в Хиву и некоторые подробности о ханстве во время правления Сейіт-Мухаммед хана. 1856–1860. Этнографический сборник, выпуск V. СПб. (1862).

ХИУАНЫҢ ҚАЗІРГІ БИЛЕУШІСІ СЕЙІТ-МҰХАММЕДТІҢ БАСШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ХИУАНЫҢ ЕҢ СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

«Северная пчела» газетінің 1861 ж. 25 қыркүйек № 211 нөмірінде қол қойылмай басылған. 865-б. Атауы «Мазмұнында» бірінші бағанның басында көрсетілген. Барлық жолма-жол ескертпелер түпнұсқа мәтініне тиісті.

[1] *Мұхаммед-Әмин* – Хиуа ханы (1845–1855).

[2] *Ташхаус* – қазіргі оқылуында Ташауз.

[3] *Питняк* – Хазараспа қаласының оңтүстік-шығысына қарай 23 шақырым жерде, Әмудариянның солтүстік жағалауындағы қазіргі Кішіқаңлы ауылына сәйкес келеді.

[4] *Абдулла-хан* (Абдаллах) – Хиуа ханы (1855). Құтлы-Мұрат – Абдаллахтың ізбасары (1855–1856), 1858 ж. өлтірілді.

[5] *Жәуміттер* (иомудтер) – қараңыз: осы басылым. 450-б, 6-түсініктеме.

[6] *«Насер! Насер! (Опасыздық! Опасыздық!)»* – Аударма дұрыс емес: бұл (араб. наср 'жәрдем') қазақ тіліндегі «Көмекке!» деген үндеумен сәйкес келеді.

[7] *Наср-Улла-Баһадур-хан* (Насыралла) – Маңғыттар әулетінен шыққан Бұхара әмірі (1827–1860).

[8] *Сырдариядағы № 1 форт* – қазіргі Қазалы қаласы.

[9] *Григорьев В. В.* Неизданные бухарские и хивинские монеты. / Хиуа мен Бұхараның басылмаған ақшалары. Известия РАО, т. II, 1860, 160–164-б.

[10] *Бутаков Алексей Иванович* (1812–1869) – орыс теңіз офицері, Арал теңізі мен оның жағалауларын зерттеу жөніндегі 1848–1849 жж.ғылыми экспедицияның жетекшісі, Арал (Әмудария) флотилиясының бастығы. 1859 ж. жазда Қазалыдан Қоңыратқа дейін «Әмуді зерттеу және Бұхария аймағынан біздің келешек сауда қатынастарымызға қолайлы пунктті анықтау» деген тапсырмамен әскери жорыққа кірісті (сілтеме: Н. А. Халфин. Политика России в Средней Азии (1857–1868) М., 1960, с.126).

[11] *Музаффар-хан* (Мүзаффар ад-дин) – Бұхара әмірі (1860–1885), 1868 жылдан – Ресейге бағынышты.

[12] Яғни, 'із салушы'.

[13] *Чаудурлар* (чавулдур, чаудор; басқаша атауы – эссен-эли) – Хорезм жазиралы аймағын мекендеген түркімен тайпасы.

СЕМЕЙ ОБЛЫСЫ ІШКІ ОКРУГТЕРІН ЖӘНЕ АЯГӨЗ БЕН КӨКПЕКТІНІ ҚҰРАЙТЫН БОЛЫСТАР

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 349 б. Жазба Н. И. Веселовскийдің қорында сақтаулы және статистикалық материал ретінде танылады.

[«ГЕОГРАФИЯЛЫҚ-СТАТИСТИКАЛЫҚ СӨЗДІКТЕН» АЛЫНҒАН МАҚАЛАЛАР]

«Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігі» басылымы бойынша жарияланып отыр. Құрастырған... П. Семенов. Том II, СПб., 1865, 589–596 б.

[ОРЫС-ЖОҢҒАР ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ МҰРАҒАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР]

(*Қолжазбалық құжаттар*)

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 1964, 237–266 б. Ш. Уәлиханов жинаған XVIII ғ. қолжазбалық материалдары, бәлкім, Сібір, Қазақстан және Орта Азия тарихы бойынша еңбек жазу үшін жиналса керек. Материалдар Ш. Уәлиханов мұрағатында сақтаулы (ААН, ф. 23, оп. 1, д. 15а, лл. 8–49 об.), Ресейдің жоңғар қалмақтарымен өзара қарым-қатынастары жөнінде, Ресейдің Қытаймен сауда қатынастары туралы, қытай бодандығын қабылдаған торғауыт ханы Үбашы жайында қызық мәліметтерді қамтиды. Негізінен, бұлар – түпнұсқадан кейсе хатшылары көшірген көшірмелер.

Бұл құжаттардың XVII ғасырдың ортасынан бастапқы актілер сақталған Омбы облыстық мұрағатынан алынуы мүмкін, онда Ресейдің қазақ жүздерінің билеушілерімен және көрші Жоңғар хандығы княздерімен қатынастары туралы қызық деректер қамтылады. Омбы мұрағатынан Г. Н. Потанин Ш. Уәлихановтың өтініші бойынша көшірмелер жасаған (Қараңыз: В. А. Обручев. Григорий Николаевич Потанин. М.–Л., 1947, с.37).

СІБІР КЕҢСЕСІНІҢ ЖАРЛЫҚТАРЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 267–270 б. Ш. Уәлиханов жинаған XVIII ғ. мұрағат материалдары, Сібір, Қазақстан және Орта Азия халықтарының тарихы тұрғысындағы мәліметтерді қамтиды.

ПОЛКОВНИК ПАВЛУЦКИЙДІҢ АБЫЛАЙҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 271–272 б. Ресейдің Қазақстанмен XVIII ғасырдың ортасындағы мәдени байланыстары мәселесін анықтауға көмектесетін сирек мұрағаттық құжат болып табылады.

ПОДПОРУЧИК ПЕН АТАМАН ТЕЛЯТНИКОВТЫҢ ТАШКЕНИЯҒА САПАРЫНЫҢ ЖУРНАЛЫ ЖОЛДАРЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРЫНЫҢ СЕРЖАНТ БЕЗНОСИКОВТЫҢ СУРЕТТЕУІ БОЙЫНША БЕРІЛГЕН СИПАТТАМАСЫМЕН БІРГЕ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 273–293 б. Қолжазба 1796 жылы Ертіс торабынан Ташкенияға жіберілген Телятниковтың бағдарлық жазбасы (күнделігі) ретінде танылады. Оның жолы Жетіжардан қарқаралы, ақмола далалары, Бетпақдала шөлі мен Жетіқоныр құмдары арқылы Шу өзенінің сағасына қарай жатты. 1738 жылғы поручик әрі геодезист Миллердің Орта Азияға сапарынан кейін (оның жазбалары сақталмаған), Телятниковтың Ташкенияға сапары алғашқылардың бірі болды, сондықтан осы сапар кезінде құрастырылған «Журнал» аса жоғары ғылыми қызығушылық тудырады. XVIII ғ. қабылданған Телятников елшілігі қозғалысы бағытының шартты белгілерін дәл көрсетіп, жарияланған.

ЖЕРГІЛІКТІ САУДАНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ БҰҚТЫРМА КОМЕНДАНТЫНЫҢ РАПОРТЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 294–298 б. Ш. Уәлиханов жинаған қолжазбалық материалдар, бөлкім, Ресейдің Қытаймен сауда қатынастары туралы еңбек жазу үшін жиналуы мүмкін. Қолжазбаның жиек сызықтарында және де мәтінде Ш. Уәлиханов қолымен жасалған бірқатар түзетулер мен белгілер бар. Бұл құжаттардың кейбір мәліметтерін Ш. Уәлиханов «Құлжа мен Шәуешектегі сауда туралы» еңбегінде пайдаланды. (Қараңыз: осы басылым, т. 2, 286–300-б.).

МАМЕДИЯРОВТЫҢ ЖОЛЖАЗБАЛАРЫ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 299–302 б. Ресейдің ортаазиялық хандықтармен сауда және дипломатиялық байланыстары тарихын зерттеу үшін Ш. Уәлиханов жинаған мұрағат материалдары.

Бар мүмкіндігінше, «Жазбаларды» Ш. Уәлиханов Қашғарға барған сапарына дейін алған болуы тиіс, экспедицияға дайындалып жүрген кезінде ол Қашғарда және ортаазиялық хандықтарда болған барлық саяхатшылардың жазбалары мен бағдарларын аса ыждағаттылықпен карастырады.

[РЕСЕЙДІҢ ОРТА АЗИЯ ХАНДЫҚТАРЫМЕН XIX ғ. I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САУДА-САТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ]

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 319–332 б. Ш. Уәлиханов жинаған қолжазбалық материалдар, бөлкім, Қазақстан мен ортаазиялық хандықтар тарихы бойынша еңбек жазу үшін жиналуы мүмкін, ҒАМ-нда сақтаулы (ф. 23, оп. 1, д. 15, лл. 1–10 и д. 17, лл. 79–87).

[Н. И. ЛЮБИМОВТЫҢ ШЫҒЫС ЖОЛ САПАРЫНЫҢ ЖУРНАЛЫ. 1845 ЖЫЛ]

ЛО ИВ АН СССР қолжазба мұрағатында (ф. 18, оп. 1, д. 501 и 502) «Путевой журнал поездки на Восток неизвестного лица. 1845 года» атауымен сақтаулы қолтаңбасы бойынша жарияланып отыр. Қолжазба қалта пішімді екі дәптер түрінде, күнделіктің 2-ші және 6-шы бөлімі ретінде белгіленген. Шетел істері министрлігінің Азия департаментінің вице-директорына, Ресей діни елшілігінің Пекиндегі бұрынғы приставы Н.А. Любимовқа тиісті, ол көпес Хорошевтің атын жамылып, 1845 ж. жазда сауда керуенімен Шәуешек пен Құлжада болып, осы қалалардағы сауданың сипаты мен құрылымы туралы тыңғылықты есеп қалдырды. Любимов есебінің жартысын Н.И. Веселовский «Живая старина» журналының 1908 жылғы 2–4 шығарылымында жариялады (жеке басылым: Н. Веселовский. Поездка Любимова в Шәуешек и Кульджу в 1845 году под видом купца Хорошева. СПб., 1909). Н. И. Любимов жинаған мәліметтер мен деректер Орталық Азиядағы орыс-қытай қатынастары тарихын зерттеуші кеңес ғалымдары тарапынан кең қолдау тапты; қараңыз, мысалы: *М.И. Сладковский.* История торгово-экономических отношений народов России с Китаем (до 1917 г.) М., 1975; *Б. П. Гуревич.* Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX вв. М., 1979; 2-ое издание, М., 1983.

Ш. Ш. Уәлиханов мұраларының ішіндегі қағаздар мен құжаттар арасынан табылған нағыз мәтін бірінші рет басылып отыр. Түпнұсқаның текстологиялық өңдеуін М. С. Түрсынова жүзеге асырды. Мәтіндегі барлық сілтемелер – автордікі. Жекелеген сөздердің ашылған қысқартулары (квадрат жақшалардағы) редакцияға тиесілі.

1855 ж. КҮНДЕЛІК ЖУРНАЛ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 350–413 б. Ш. Уәлихановтың авторлығы анықталған жоқ. КСРО Ғылым академиясы мұрағатының ғылыми қызметкерлері Ш. Уәлиханов 1855 ж. Қашғарға барған сапарында «Күнделік журнал» жүргізді деп қате пікір білдірді («Труды архива АН СССР», 1933, вып. 1, с.157). Бар мүмкіндігінше, күнделік хатшыға немесе Құлжадағы орыс елшісі драгоманына тиесілі, ол консулдың жоқ болған уақытында, яғни 1855 жылдың ақпанынан желтоқсанға дейін не көріп, не естігенінің барлығын жазып жүрген.

БАСПАГЕРГЕ ЖОЛДАНҒАН ХАТТАН ҮЗІНДІ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 4, 30–32-б. Орыс демократиялық интеллигенциясының А. И. Герценнің «Колокол»-ымен байланысы туралы, қараңыз: ЦГВИА, ф. ВУА, д. 1303, л. 500.

Патша үкіметі тарапынан болған тыйым мен қудалауға қарамастан, сол уақыттағы Ресей төңкерісшіл демократтары мен прогрессивті қайраткерлері «Колокол» баспасына шенеуніктердің озбырлығы мен жүгенсіздігін және патша өкіметінің эксплуататорлық мәнісін әшкерелейтін саяси мақалаларды күпия түрде жіберіп отырған. «Баспагерге жолданған хаттан үзінді», сірә, Шоқан материалдары бойынша жазылған болса керек. Бұл жөнінде Г. Н: Потаниннің кейініректегі естеліктерінен нұсқаулар табуға болады, өйткені онда Ш. Уәлихановтың А. Ц. Герцен «Колоколымен» байланысы анық байқалады (Г. Н. Потанин. Воспоминания. Сибирский кружок в Петербурге. «Сибирская жизнь», 1913, № 93).

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

УШЖ мәтіндері бойынша басылып отыр, т. 3, 414–423 б. Қолжазба, шамасы, Ұлы жүз қазақтары арасында ұзақ өмір сүрген Сібір линиясы казак әскерінің офицері Е. И. Шебалинге тиесілі болса керек.

«Поэзия» бөлімі Г. Н. Потанин қолымен көшіріліп алынған көшірме болып табылады, оқушы дәптері пішімді жеке дәптер түрінде сақталған және де «Әдеби шығармашылық» очеркімен ешбір сыртқы үқсастығы жоқ. Соған қарамастан, жазбаның стилі мен Ш. Уәлихановтың ескертпелері түрғысынан алсақ, екеуін де бір ғана адам – Е. И. Шебалин жазған, бірақ, Ш. Уәлихановтың қолына бір уақытта түссе де, шамасы, әр түрлі уақытта жазылған. Дәптерлердің соңында (л. 4 об.) осы очерктердің жетістіктері мен кемшіліктеріне байланысты оның ескертпелері орын алған.

КӨРСЕТКІШТЕР

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

Абагаян 339
Абакан 36, 48
Абыралы 158, 160, 164
Абысадыр 162
Ава, провинция 33
Адай-Черемыш ауылы 130
Адыр-Шыңырау 164
Азатбидайық 159
Азия 30, 134, 157, 211, 198, 275
Азов теңізі 180
Ай, өзен 130
Айбас 159
Айбике – Шаншар, болыс 161
Айбұғыр, түбек 203
Айғыржал 159, 161, 164
Айғыр – Көмген 161
Айдай 162
Айдарқуыс 159
Айдарлы 162
Айнабұлақ 160, 162
Айса 163
Айтейөзек 165
Айтуған 162
Айырлы 164
Айыртас 164
Айыртау 159, 163
Аки, провинция 33
Ақ, өзен 130, 132
Ақадыр 162
Ақ Алахи, өзен 37
Ақбанқантар 161
Ақбастас 163
Ақбастау 162, 165, 159
Ақбесті 159
Ақбиік 161
Ақбота 160
Ақжайық 158
Ақжал 161, 164
Ақжігіт 162
Ақирек 161, 163
Ақкент 406
Аккөл 161
Аққозылы 164
Аққояң 162, 164
Аққума 163
Аққыс 165
Ақкүдық 160
Ақкүм 162
Аққыстау 161, 162
Ақмай 163
Ақмешіт (Перовский форты) 199, 214, 352, 385, 398, 400, 412
Ақмола 97, 106, 107, 110, 117, 118, 164, 213
Ақ Орда 18
Ақозен 165
Ақсай, үстірт 133, 135, 138, 139
Ақсан 161
Ақсары 161, 163
Ақсиыр 164
Ақсоран 163
Ақсу 16, 18, 19, 133, 134, 135, 136, 137, 141, 145, 146, 149, 150, 152, 153, 155, 157, 166, 167, 173, 177, 182, 210, 276, 277, 310, 359
Ақсу жотасы 133
Ақтайлақ 161, 163
Ақтал 161
Ақтас 160, 163
Ақтастыөзен 165
Ақтау 163, 168
Ақтоғай 162
Ақтөбе 164
Ақтүлкі 162
Ақшабүйрат 161
Ақшағалы 163
Ақшағыр, өзен 158
Ақшатау 163
Ақши 164
Ақши бекінісі 232
Ақшоқы 159, 161, 162, 165
Ақыбай 161

Ақымбет Сыбан-Керей, болыс 207
Алабаш, өзен 137, 139
Алабекті 159
Алай, тау 136, 137, 139, 141
Алакол 275, 298, 333, 402
Алақұнан (озен) 281
Аламашук (Аламышық) 137
Алатау жоталары 208, 262
Алатау округі 216, 220
Алатүр 131
Алғу ұлысы 36
Алдынғы Азия 52
Алей 323
Александрбай, бұғаз 174
Алжир 188
Алмабет 165
Алмалық 162
Алмасай 159
Алматы 385, 386, 390, 399, 404
Алтай, тау 10, 30, 217
Алтай-Құмген 159
Алты-Алан 164, 165
Алтынай 160
Алтынды 163
Алтынемел 394, 411
Алтын-Қарасу 160
Алтынқудық 160, 161
Алтын Орда 18, 261
Алтынсандық 163
Алтынтобе 266
Алшын 161
Алшынбай 164
Англия немесе Ұлыбритания 190, 349, 413
Англен 183
Англоен (Әңгірен) 280
Андалуз 188
Андас 160, 161
Аншағы 164
Аңғара 160
Аңғырт, сай 279
Арабстан немесе Арабия 30, 90
Арал 31, 191, 193, 194, 196, 203, 214, 217
Арғал 336
Арғүн 233
Арғұт, өзен 37
Арзы-Құлкүзек
Арисаз 164
Аркалы 158
Аркалық 159, 160, 161, 162, 164
Аркалық-Шиян 164
Аркарлы 158, 162
Аркат 403, 407
Армения 30
Арпа 136, 139
Аршалы 158, 159, 160, 164, 165, 281
Аршалы сай 278
Арыс, өзен 262, 270, 280, 281
Арыстанбай 164
Асам 30
Асаншоқы 161
Асаф ибн Қияс (Кайс), араб қолбасшысы 188
Аспара 141
Асрушна, қала 34
Астана 106
Астрахан губерниясы 174, 197, 250, 417
Астрахан хандығы 78, 193, 194
Асыржақ 161
Атабай 163, 278
Атабекші
Атабай 161
Атайдын-қызылқиясы 165
Атайдынөзек 164
Аталық-Матай, болыс 207
Атан 164
Атанның – Сарышоқысы 161
Атаншоқы 164
Атбасар 97, 98, 106, 110, 117, 118
Атбасы 19
Атбаш 136, 137, 138, 140
Атреку 175
Атымтай 161, 164
Атымтайшат 160
Ауыз-Майлаған 161
Африка 188
Ахсикент 19
Ашалы 281
Ашалының Қарасу өзені 281
Ашық-Мөрешік 159
Ашықудық 161, 165, 280
Ащыөзек 159, 160, 161, 163, 279
Ащысу 159, 162, 164, 165
Аюлы 163, 164
Аягөз 207, 212, 296, 297, 299, 301, 313, 322, 327, 332, 334, 335, 395, 396, 402, 403, 419, 423
Аяққарауыл 400

Әділ 163
Әділқудық 160
Әділше 165
Әлдек 159
Әлтеке-Сарым, болыс 162
Әлімбай 161
Әму (Әмудария), өзен 34, 191, 193, 194, 200, 203, 205, 216, 218

Әндіжан 19, 46, 127, 139, 149, 177, 217
Әнси 146
Әти-би 394
Әуезбақы 162
Әулие 162
Әулиеағаш, шатқал 260
Әулиеасу 160
Әулие-Ата 182
Әулие-Мола, шатқал 259

Бабажан 160
Бабақ-Жаңғызтау 161
Бағдат 131, 178
Бадам, өзен 270
Бадашхан 22, 141, 142, 145, 155, 157, 395
Бадыраксу 162
Базар 275
Бақанас 158
Бақансу, өзен 117
Бақты 304, 323
Баипче, асу 138
Бай, қыстақ 150
Байбақпан 160
Байбол 160
Байбөрі-Қаракесек, болыс 272
Байгөбек-Сыбан 207
Байғантас 162
Байғара 163
Байғұла 161
Байғұлы 281
Байдал 162
Бай-Джура, хан 130
Байжанбұлақ 159
Байжол 165
Байзақ 164
Байкал, көл 230, 321
Байкелді 162
Байкөл 19
Байқаска 159
Байқожа 164
Байқозы 162
Байқоңыр 164
Бай қырғыз, болыс 123
Баймауықтың-Жалпақсуы 165
Баймырзаның-Қарасу 161
Байназар 161
Байпақ 159, 162
Байталшоқы 162
Байтемірдің шаты 164
Байуақ, болыс 207
Байчук, қала 177
Бай-Шолақ 162
Байымбет-Қараағашы 165
Бақты 305
Бақтілес-Матай, болыс 207
Бала-Ақсары 163
Бала-Бүркітті 162
Бала-Жүндіжал 163
Балақ 161
Бала-Құндызды 272
Балақыз 162
Балапанкия 160
Балғын, тоғай 138
Балқаш, көл 117, 134, 158, 190, 209
Балтистан 143, 144
Балуантас 164
Балыкөл 275
Балықтыкөл 272
Балх 141, 188, 189
Барақ-Қыстау 165
Баркөл 145, 152
Барлыбай 165
Барнауыл 323
Барчук 146
Басжәмші 158
Баскол, өзен 136
Бас-Қарабұлақ 162
Басқан 332
Басқанды 327
Басқарауыл 158
Басқауын 137, 138
Басқоныс 138
Бас-Қызылжар 164
Баспалдақ 162
Бассай 165
Баткай (Батмай) 336
Батпанның-Торыасуы 165
Баты 275
Батыс Қытай 311, 386
Батыс Моғолстан 210
Батыс Сібір 274, 275, 282, 283, 284, 288,
Батыс Тибет 143
Батыс Түран 140
Батыс Түркістан 149
Баубектас 160
Бауыраадыр 165
Башқұртстан 12
Баянауыл 80, 97, 106, 109, 110, 114, 117, 118, 213
Бойбіше-Сорақ 163
Бегазы 162
Бегалы 159, 165
Бедел-Ақсу немес Құрғуты 137
Бекағаш-Құндызды 272
Бекболатсай 165

Бекеннің-Ақшиі 163
Бекқарасу 165
Бекпау 161
Бектау 162
Бектау-Ата 158
Бектерек 138
Белағаш, елді-мекен 118, 163
Белгібайдың қыстауы 165
Белер 138
Белер-Күрдек-Гурты 137
Белсу 165
Белуртаг 140
Бенарас 157
Бергізсу 164
Бердібай 159, 164
Берді-Қалпе 160
Бердіқожа 164
Берлин 30
Берсүгірдің-Ақшоқысы 164
Беріккара 163
Беріктас 162
Бесапан 162
Бесапанның жалы 163
Бесбақан 158, 159
Бесбатыр 163
Бесбойдақ 163
Бескиік-Қайрақты 161
Бесоба 158
Бестамақ 163, 165
Бестасу 165
Бестерек 161, 163
Бестомар 164
Бесши 163
Бесшоқы 158, 162, 164
Бесіқжал 159
Бетадыр 165
Бетсу 159
Бечжин 351, 366
Бешут 36
Биаш 231
Бидайық 163
Бийкаш, сортаң 254
Бимырза 163
Бинго, провинция 33
Бирюк үлысы 36
Бисен, провинция 33
Бисут 36
Битүкір 163
Бицин, провинция 33
Бичже-Көксу 411
Биш-Қазылық 282
Биіккараның адыры 161
Биікшоқы 163
Боғда-Оло 145
Бойақтау 163
Бойтасбұлақ 160
Бозғақ, көл 272
Бозтанды 162
Боқты 160, 161, 163
Болат, сай 279, 281
Болатсор 160
Болатшы, болыс 207
Болгар 128
Болор 120, 133, 134, 140, 141, 142, 143, 148
Бончун, құдық 270
Борақ 159
Борлы 161, 163, 164
Боротағар 397
Борохуджир 372, 373, 375, 394, 396, 400, 401, 405, 406, 407, 411
Борсық, құм 116
Босаға 160, 163, 164
Боскөл 272
Бостантерек 141
Ботағай 171
Ботақара, көл 160, 161, 162
Ботақара, тау 256
Бота-қыстау 160
Ботқакенадыр 165
Бошан 160
Бөгенбай 161
Боген-Момбетсаз Сарыбұлақ 162
Бөкей, ауыл 272
Бөкей ордасы 87, 112, 214
Бөкенін 163
Боктір, өзен 301
Бөлегенадыр 164
Болекадыр 164
Бөлек-Қойтас 161
Бөротала 275
Бөрілі 158
Бөріктас 158
Бөрішоқы 159
Будар, өзен 270
Буралы 163
Бура-Найман, болыс 207
Буритишкен (Бөрі-тескен) 281
Буру, өзен 130
Бұғыбайбұлақ 161
Бұғылы 161, 163, 165
Бұғышаян, өзен 270
Бүйдалы Ергенекті-Уақ, болыс 207
Бүйра-Мәрешік 159
Бүйрат 164
Бүйратас 161
Бүйратқыстау 165
Бүкарбай 161

Бүктырма 145, 224, 226, 227, 274, 275, 316, 317, 321
Бұлақты 159
Бұлансай 159
Бұлғар 128, 130
Бұрғылқыстау 165
Бүркан 275
Бұталыадыр 272
Бұхара 19, 26, 36, 39, 45, 87, 109, 111, 120, 141, 142, 147, 150, 152, 155, 156, 157, 190, 191, 192, 194, 195, 200, 202, 203, 205, 210, 211, 218, 277, 293, 294, 352, 385
Бүгүр 145
Бүйрекші 160, 161, 165
Бүркенді 164
Бүркітті 163
Бұтасатқанадыр 165
Бұхария 264, 319
Былқылдақ 159, 161
Білұртағ (Білұртар) 140
Бірқара 159
Бірқұлақ 159

Вавия 155
Вакаса, провинция 33
Ван-Син-юань 313
Венера, жұлдыз 62
Венеция 179
Верный 182, 214
Верхняя Тура 251
Византия 188
Вяземский, князь 234

Гемань-Шань 142
Гандун 351
Ганчай-дзам 336
Ганьсу 315
Георгий бұғазы 178
Герат 157, 189
Гильгит 144
Гималай 30, 144, 150
Гингеаб 155
Гиндикуш 140, 142
Гиссар 120, 155, 157
Гичже 390
Гоби 30, 147, 276
Гокинай (ішкі бес провинция) 33
Гуйхуа 389
Гуйхуачэн 353
Гунчанфу 145
Гунчудзам 336, 337
Гурбуна 156
Гурган, қайнар 174, 175
Гүлше 137

Дабысын-Құм 168
Даван 338
Дағанделі 159
Дағанды 158, 160
Дарваз 141, 142, 155, 288
Даркан (Даркан-дзам) 336, 337, 349
Дастар 159, 161
Дастарбасы 278
Даукара, көл 206
Даурия 30
Да-Цзянь-Лу 144
Дева, провинция 33
Дегелең 159, 161
Дели 157
Демьянов 252
Дересін, қоныс 158
Дешті-Қыпшақ 189, 209-210, 211
Джейнагар 157
Джилий 349
Джумгар (Жүмғал) 140
Дзян-нан, провинция 318
Динин-Тура (Дін-Қорған) 280
Днепр, өзен 178
Доғалан 161
Долоннор 336, 337, 338
Дон, өзен 178, 180
Дойінқара 165
Ду-аб немесе Шаруд 155
Дуан 160
Дувана 162
Дун Фул 376
Дурма 341, 343, 344
Дурна 339
Дуын-Қуу 161
Дүңғырама 138
Дүйсек 161
Дүйсеке 165
Дүйсенбай-Шекшек, болыс 162
Дым, өзен 132

Ебеней, көл 249
Егізкара 160
Егінбұлақ 162
Еділ даласы 208
Еділ, өзен 8, 77, 128, 180
Еділбайбұлақ 161
Едірей, сай 278
Екатеринбург 234
Елағанды 165
Елек 162, 213
Ембі 195
Емел, өзен 306

Ем-Жантын 158
Енисей 216, 217, 249, 252
Ералы 162
Ергене-қон 59
Ергенекті (Пыстан), сай 281
Ергенекті Жәңгір-Уақ, болыс 207
Ергенекті Уақмұрат, болыс 207
Ердескүс 159
Ереймен, тау 117, 163
Еркебай-Қызыладыр 161
Еркенің – Қара – Тасы 161
Ерматылы, болыс 12
Ерменсай 164
Ертіс 31, 213, 222, 227, 233, 253, 254, 261, 273, 274, 276, 288, 316, 317, 318, 321, 326
Есболқонған 159
Есексу 402
Есен, көл 258
Есенбұлақ 164
Есенғүл 159
Есенғүл-Садыр, болыс 207
Есенсай 159
Есеткуыс 160
Ескене 159, 164
Ескі-Қаратал, бекет 173
Ескожаның-бүйраты 165
Еспе 165
Есіл, өзен 117, 178, 213, 288
Европа 78, 83, 85, 98, 112, 133, 190
Ефрат, өзен 18, 30
Ешкіөлмес 161, 163, 279

Жаба 164
Жабық 162
Жабытас 158
Жағайбайлы-Байбөрі болысы 160
Жағалы 159
Жайтөбе 323, 335
Жайық, өзен 180
Жақтың-Қойтасы 165
Жаланаш 164, 165
Жалаудың-Босағасы 159
Жалаулы 159, 161
Жалғызқайың 164
Жалғызқарағай 162
Жалғызқұдық 160
Жалғызтөбе 164
Жалғызтау 159, 160, 162
Жалпақ 163
Жалықлас, болыс 160
Жаман-Абыралы 159
Жаманбай 164
Жаман-Беріктас 162
Жаманеспе 162
Жаманкүзеу 158
Жаман-Қарабүжыр 159
Жаман-Қаражал 162
Жаманқұдық 161
Жамансу 165
Жамансынның-Күнгейжар 165
Жамантоған 163
Жаманты 160
Жаманшоқы 163
Жамытты 159
Жанадыр 164
Жанақ 164
Жаналы 162
Жанаркүс 163
Жанбасбұлақ 165
Жанбике 165
Жанбота 165
Жанет 162
Жанқойтас 165
Жанкісінің-Жүрты 162
Жан – Қоңыр 161
Жанқұлы Семіз-Найман 207
Жанқұтты 165
Жантай 164
Жантайдым 159
Жантастың күмы 163
Жантей-Мәрешік 159
Жаңа-қорған 266
Жаңа қырғыз, болыс 123
Жапар 165
Жапония 31, 32, 33
Жара, төбе 163
Жарадыр 159
Жарбастау 162
Жарлы, өзен 281
Жарлықамыс 164
Жартас 159, 160, 161, 162
Жарық 158, 160
Жарыққұдық 160
Жарықши 164
Жарымкүзек 162
Жастайсай 165
Жатық 164
Жауар 163
Жаулыбайсай 165
Жаура 161
Жауыр 158, 161, 163, 165
Жауыр-Қушоқы 160
Жауыр, тау 257
Жауыршоқы 164
Жәнібек 159
Жәнібек-Сыбан 207
Жекетас 163

Железин, бекініс 223, 231
Желкесу 159
Желдітау 161, 162
Желтаса 165
Желтау 158, 162
Жем, өзен 213
Жертомар 159
Жетіқарақшы, шоқ жұлдыз 61
Жетімасу 137, 138
Жетімшоқы 162
Жетісу 51, 93, 166, 332, 333
Жидебай, өзен 302
Жизақ 123, 155
Жинадих 264
Жоғарғы-Ертіс бекінісі 249, 250
Жомарт 164
Жон 162
Жоңғар хандығы 6, 8, 9, 13, 15, 119, 121, 122, 133, 145, 212, 242
Жолан 160
Жосалы 161, 163, 164
Жосалы-Жалпақшы 161
Жотан 159
Жошы ұлысы 18, 26
Жуантау 162
Жуантөбе 159, 162, 165
Жусалы 159
Жұбан ана, мазар 168, 169
Жұбатай Бура-Найман, болыс 207
Жұмабайдың-Қаратасы 159
Жұманшы 159
Жұманши 162
Жұрты 160
Жүткырған 161
Жүзағаш 275, 403
Жүзбенбет-Тобықты, болыс 165
Жүзген-Гүлше 136
Жыланды 159, 160, 161, 163
Жылантау 163
Жылантөбе 162
Жылгелді-бойы 163
Жылтық 165
Жылыбұлақ 161
Жыртық 165
Жырықкүдық 159
Жіңішкеөзек 162

Забайкалье 414
Заречная 223, 323
Заукы, өзен 135, 136
Заукы, шатқал 135, 138
Зауықшақ 137
Зекхан 155
Зеравшан, өзен 155, 157
Змеиногорск 36
Зырян 316

Ивами, провинция 33
Идзуми 33
Идзумо, провинция 33
Иерусалим 178
Икан 261, 262, 266, 270
Ильчигин 36
Имасака, провинция 33
Инаба, провинция 33
Инга немесе Ига, провинция 33
Инд, өзен 141
Ирак 188
Иран 25, 26, 30
Иркутск 228, 230, 232
Исе, провинция 33
Исец, провинция 237, 249
Испания 188
Ису, провинция 33
Итбайлаған 162
Итболдытау 162
Иткешу 182
Иткара-қоныс 159
Ишегарт 137, 138

Йемен 30
Йециндо, провинция 33
Йецион, провинция 33
Йецисен, провинция 33

Кабул 198
Каваци, провинция 33
Кавказ 39, 414
Каи, провинция 33
Калган 338, 347, 348, 349, 350
Калькутта 144
Кан 232
Кандагар 157
Кантон 352
Канья немесе Кайя, провинциясы 33
Карнақ, қалашық 261
Карни (Қарнақ), өзен 281
Канскі 323
Касимов, қала 211
Каспий, теңіз 174, 180, 193, 194, 196, 197, 198, 286, 292,
Каусан 18
Каш, тау 374
Кашкар-Дабань 133
Кашмир 143, 144, 145, 167, 277, 395
Кебектің-биігі 165
Кебенек 163
Кеген 399

Кедейдін-жаны 164
Келдіаман 164
Келшібай 160
Келес, өзен 270, 280, 281
Келінтайғақ 137, 138
Кемпіркия 160
Кендір-тау, тау 182, 280
Кендір-Даван 182, 280
Кенебайдың-Қызылшілік 163
Кенже Қапшағай-Матай, болыс 207
Кенейошақ 160
Кенелі 162
Кент, тау 117, 158
Кентқазылық, сай 278
Кеңасу 165
Кеңгір 163
Кеңгірбайдың-талсуы, 165
Кеншокы 160, 162
Кеншілік 162
Керданлы 272
Керден-Даван (Кендер-Даван) 137
Керегежал 160
Керегетас 158, 159, 161, 162, 163, 164
Керей болысы 158, 159
Керей-Құтжал 162
Керман 189
Кетек 19
Кетпентепе 137
Кешубай 160, 162, 165
Киани-лал, тау 155
Киев 178
Кильян, қыстақ 150
Кимчик 36, 48
Кипр 180
Кичьге, шатқал 135
Киікбай 159, 163
Киікбайбұлақ 161
Кооцуке, провинция 33
Кокунор, көл 142
Комула 145
Константинополь 178, 180, 181
Корей түбегі 217
Корякова 323
Коряковский, форпост 273, 277,
Котанчи 274
Коур 259
Көбек 160
Көбетей 162
Көдек 23
Көжек-обалы 161
Кокайдар-Қыпшақ, болыс 207
Көкалы 164
Көкастау 165
Көкдала 366, 367, 397, 400, 401, 406, 407
Көкдубайбиік 165
Көке 164
Көкенжалкөл 159
Көкжар, шың 134
Көккия, тау 136, 137
Көкмұрын, өткел 279
Көк Орда 18
Көкпек 163
Көкпекті 163, 207, 214, 215, 297, 299, 313, 315, 316, 317, 322, 335
Көксеңгір 158, 159
Көксерек 164
Көксерке 165
Көксу, бекет 51, 406
Көксу, өзен 51, 394
Көктам 390, 392
Көктас 161, 162, 164
Көктау 395, 396
Көктерек, өзен 304
Көктойын 137
Көктөбе 25
Көктума 305
Көкүйірім сортаңы 279
Көкшал 133, 134, 136, 137
Көкшетау 97, 98, 106, 107, 110, 117, 123, 136, 158, 159, 162, 164, 165, 213, 254
Көкчар 135
Көкірдек 137
Көлболды 162
Көлденең 162
Көлқайнар 161
Көлпеке 159
Көнек-Терістаңбалы, болыс 207
Көнекара 162
Көне Түрфан 177
Көпекей-Қыстауы 160
Көрпетай 158, 164
Көрпетау, шатқал 272
Көрік 159
Көсе 163
Көшек 164
Көшен-Ақтайлақ 162
Көшім-Байбөрі, болыс 159
Красновод, мүйіс 194
Краснояр 249, 274
Крестовников 330
Кривая степь 278
Кривой редуті 281
Кугурты 138
Кударинск, слободка 232
Кудзуда, провинция 33
Куеуртекті, өзен 136
Кузнецк 231, 249

Күйтун 348
Кум, өз. 9, 14
Куман қаласы 178
Куча (күчар), қала 19, 145, 147
Кучигдан 136
Куэнлун 133, 134, 140, 142, 143, 144, 146
Күйгенсарышоқы 161
Күйкентай 158
Күйлі 137
Күйікадыр 159
Күлбике 162
Күнтабар 165
Күншай 404
Күңгей 164
Күрдістан 30
Күреспе 161
Күшігеннің-қарағы 165
Күшік 161
Күшіксай 164
Қызылқұдық 159
Қызылжал 162
Күнтей 158
Күңкей 159
Күнтабар 164
Күншоқы 161
Күтел 297, 299, 301, 313, 322
Кісібай 159
Кішкене-Қойтас 159
Кіші Берікқара 159
Кіші Бұхария, қараңыз: Шығыс Түркістан
Кіші Дария 203
Кіші Нарын 136, 138
Кіші Нұра, өзен 162, 256
Кіші Тибет 144
Кіші Черемшан 132
Кяхта 224, 226, 228, 229, 230, 232, 233, 275, 308, 310, 311, 318, 334, 337, 338, 349, 350

Қаба-Жанабай 161
Қабанбайадыр 160
Қабіршоқы 161
Қадыр 164
Қадырдың-жалы 165
Қадырдың-Қызылшоқысы 165
Қадыр-Мүрын, болыс 207
Қадыр-Өлкесі 162
Қазақстан 6, 7
Қазалы 214
Қазан, қала 128, 131, 230, 314, 324, 328, 331, 332, 417
Қазан хандығы 78, 193
Қазанғап 158
Қазаншолақ 163
Қазыбек 162
Қазылық, тау 117
Қайдауыл 162
Қайракүзен 158
Қайрақтас 159, 162
Қайрақты 158, 163
Қайши 137
Қайынды 182
Қайшы-Мүрын, болыс 207
Қалай-Құм 142
Қалған 336
Қалмақ-Ашу 138
Қалмақтас 164
Қалмақ-Үшақ 136
Қалпежүрты 160
Қамабаның-Қаратасы 159
Қамбармақ 161
Қанай 165
Қандағар 122
Қандыадыр 161
Қандыөзек 165
Қанжүт 144
Қанжығалы 163
Қанжығалыбұлақ 275
Қаңғыт даласы 178
Қапакөл 262
Қапақ 164
Қапал (Қопал) 173, 213, 214, 352, 355, 360, 365, 366, 419
Қапшағай 136, 396, 397
Қараадыр 159
Қара-Айтымбет, болыс 161
Қараағаш 163, 164, 327
Қараоулие 165
Қарабас 165
Қарабай 161
Қарабайтал 159
Қарабастың-Сарыдаласы 164
Қарабатыр 164
Қарабие 163
Қарабике 160, 162
Қарабура 182
Қарабұлақ, өзен 158, 270
Қарабүжыр 158, 161, 165
Қарабүжыр-Қаныкөсе 165
Қарабұлақ 160
Қарабұтақ форты 213
Қарағай 158, 162, 164
Қарағайлы 161
Қарағанны-Шоқы (Қарағанды-Шоқы), сай 278
Қарағанды 162

Қарағандыөзек 159, 161
Қарағандытал 159
Қарағандық 161
Қарағаш 168
Қараағаш, шатқал 258, 289, 402, 403
Қарадөң 162
Қараеспе 163
Қара Ертіс 315, 316, 321, 323
Қаражал 158, 160, 163
Қаражал-Қарасу, өзен 272
Қаражар 160, 164, 168
Қаракемер 162
Қара-Керей, болыс 395
Қаракөл, қысқы қоныс 161
Қаракөл, көл 155
Қаракүзен 158
Қарақай 160
Қаракия, сай 281
Қарақозы 162
Қарақойтас 164
Қаракүм, күм 116, 191
Қара-Имат, тау 37
Қаракем, өзен 37
Қаракемер 168
Қара-Керей, болыс 37
Қаракерей Семіз-Найман, болыс 207
Қаракөл 136, 141, 158, 162, 272
Қаракүзеу 159
Қарақатсу 165
Қара-Қиындықты 160
Қарақожа 23
Қаракойтас, өзен 158, 162
Қаракорым 19, 143
Қарақуыс 160, 163, 165, 278
Қараменді 162
Қарамола 161, 164
Қарамырза 163
Қарамырзаның-қарабұжыры 165
Қаранайдың-Қызылы 159
Қараоба 163
Қараошақ 162
Қараөзек 162
Қарасай, өзен 135, 136
Қарасеңгір 161, 163, 164
Қарасерке, шұатқал 258
Қарасор 159, 160, 161, 162
Қарасу 173, 175, 256, 257, 280
Қаратабын, болыс 12
Қаратай, болыс 37
Қаратал, өзен 137, 209, 210, 282, 333, 394, 400, 408, 415
Қаратас 159, 163
Қаратау 35, 260, 261, 270, 271, 281
Қаратау, елді-мекен 158, 393
Қаратегін 141, 142, 155, 288
Қаратоғанбай 162
Қаратон, сай 280
Қаратөк 159
Қаратүмсық 159
Қаратүлкі 163
Қарауыл-Жасық, болыс 207
Қарауыл-Қамбар, болыс 164
Қарауылшоқы 161, 279
Қараүңгір 165, 274
Қараш 163
Қараша 164
Қараша-Жалпақсары 163
Қараша-Жарық 159
Қарашан 280
Қарашатау 162, 164
Қарашоқы 158, 159, 161, 163, 164, 165
Қарашілік 163, 164
Қарғалы 149, 163
Қаркаралы 14, 80, 92, 97, 106, 109, 110, 117, 158, 159, 160, 161, 213, 215, 282, 284
Қаркаралы, бекет 118, 164
Қармақшы 214
Қарнақ 165, 265, 280
Қарой 161
Қарсен-Керней, болыс 163
Қаршығалы 158, 163, 165
Қасқабұлақ 160
Қатпар 161
Қатпары-Маутан 162
Қатынадыр 159, 161, 164
Қатынқудық 260
Қатын-су 303, 304, 322, 402,
Қаумен 164
Қашқасу 137
Қашғар 15, 16, 18, 19, 22, 23, 43, 44, 45, 46, 135, 138, 139, 141, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 152, 153, 156, 166, 167, 177, 182, 210, 217, 219-220, 268, 277, 288, 310, 311, 333, 352, 359, 369, 370, 371, 386, 388, 393, 395
Қашғар-Давань 134, 139
Қашғар-Дарья 133, 141
Қиындықты 162
Қиындықтытөбе 160
Қобда 339
Қоғалы 162
Қожабек 161
Қожағұл 399, 404
Қозыбақ 161
Қозы Көрпеш, мазар 173
Қойлыбай 164

Қойтас 158, 159, 161, 163, 164
Қойшоқы 159
Қойын 159, 162
Қоқан 8, 11, 35, 43, 45, 47, 87, 109, 121, 136, 141, 142, 150, 152, 155, 177, 182, 192, 199, 203, 208, 213, 216, 218, 219, 264, 268, 276, 278, 280, 282, 283, 284, 285, 288, 289, 290, 291, 293, 319, 327, 352, 370, 385, 386, 395, 400, 405, 412, 416
Қоқания, қараңыз: Қоқан
Қоқыбай 158
Қолқақұт 161
Қолшоқы 160
Қонақас 162
Қонғаншілік 163
Қондыбай Бура-Найман 207
Қонтитас 160
Қоншақ 164
Қоңыр, өзен 165
Қоңырадыр 161
Қоңырат, болыс 259, 266, 270, 271
Қоңырат, қала 201, 202, 203, 204, 205
Қоңыратшоқы 158
Қоңыратшат 162
Қоңыркүлжа 163
Қоңыр-Қызылтау 162
Қоңыртөбе 162
Қонысбай 159, 162, 163
Қоңыр-Күлжа 278
Қопа 161
Қопал 394, 395, 396, 396, 400, 403, 405, 408, 411, 414
Қорақ 164
Қорған 270, 409, 411
Қорғантас 165
Қоржын, шатқал 258
Қоржынтүбек 161
Қорық, бұлақ 159
Қорым, шатқал 259
Қосағаш 160, 162
Қосдоңғал 162, 163
Қос-Келіншек 162
Қособа 160
Қосой 159
Қосшатау 161
Қос-Келіншек 163
Қоскию 165
Қоскұдық 165
Қосмола 160
Қосоған 160
Қосой 159
Қостөбе 161
Қосшоқы 159, 162
Қос-Ырғыз 159
Қотыраштау 162
Қотыртас 164
Коуртобулы 272
Қошай, тау 137
Қошқар 22, 163, 158, 164
Қошқарбайдың-Қараағашы 164
Қоянадыр 164
Қоянды 160, 161, 163, 164, 258
Қоянкөз 162
Қоян-сойған 159
Қояншы 164
Қояншы-тоғай, болыс 163
Құдың-Қызылағашы 159
Құқылбас 159
Құмадыр 163
Құмола 163
Құсақ 164
Құтасу 165
Қуу 160, 161
Қуыс 162
Құшақ 163
Құшоқы 158, 163
Құшықтыңсоры 164
Күбергенті 137
Күгарт 137, 139
Құдық 161
Құлаадыр 164
Құлаб 288
Құлан Өтпес, құдық 272
Құлболды 163, 281
Құлдар 161
Күлжа 122, 145, 152, 160, 163, 167, 177, 220, 275, 276, 277, 308, 310, 311, 314, 323, 324, 327, 328, 329, 330, 331, 333, 356, 360, 370, 372, 376, 377, 384, 392, 395, 396, 397, 398, 399, 400, 401, 402, 403, 405, 406, 407, 408, 409, 411, 423
Құмадыр 164, 165
Құмшынырау, құдық 174
Күлмырза 161
Құлтай-мешіт 164
Құмадыр 165
Күмемшек, өзен 162
Күнанбай 162
Күнан-Жартас 165
Күнан-Көктау 165
Күрөзен 159
Күрқұдық 162
Күртқа 138, 140
Құсақ 158
Күсмүрын 98

Құсмұрын, өзен 158
Құстас 162
Құттыбай 160, 162, 164
Құттықадамжұрты 162
Құттықадам-Мұрын, болыс 207
Құттымбетаяғы 164
Құттымбет-Мұрын, болыс 207
Құштас 150
Құялы 138
Қылыр 165
Қыз-асу 299, 302
Қыземшек 163
Қыз-Қашты 279
Қызтаутас 159
Қызыл, өзен 43, 45
Қызылағаш 161, 163, 272
Қызыладыр 158, 159, 160, 161, 162, 164
Қызыл-Алаң қорғаны 174
Қызыларай 158, 162
Қызылащы 162, 164
Қызылбүйрат 161
Қызылжал 163
Қызылеспе 274
Қызылкөл 162
Қызылқайнар 161
Қызылқайын 275
Қызылқұдық 159, 161, 165, 271
Қызылқия 165, 419
Қызылқұм 191
Қызылқұрт 137, 140
Қызылсай 162
Қызылсаяқ 158
Қызылсу, өзен 123, 136
Қызылтас 158, 163
Қызылтау 163, 164, 278
Қызыл-Темір, бекініс 201
Қызылшар 161
Қызылшоқы 159, 160, 163, 164
Қызыл-Шұбар 161
Қызылшілік 161
Қылдыкөл 161
Қынтықты 159
Қыпшақ ауыл 132
Қызыладыр 164
Қызылқұрт 162
Қыржы-Мұрын, болыс 207
Қырғыз даласы 8, 9, 11, 14, 80, 86, 98, 111, 119, 120, 156, 192, 199, 205, 208, 211, 212, 213, 217
Қырғыз ордасы 12
Қырғызбай 162
Қыркұдық 280
Қырықбас 160
Қырықошақ 165
Қырыққұдық 165
Қырым 180
Қыстаукент 163
Қытай 6, 23, 30, 39, 44, 48, 50, 77, 121, 122, 133, 134, 145, 146, 156, 195, 212, 234, 235, 236, 239, 244, 274, 275, 276, 314, 318, 319, 320, 322, 325, 334, 346, 348, 349, 351, 353, 355, 386, 398, 408
Қытай Жоңғариясы 208
Кяхта 235, 236, 275, 276, 314

Ладақ 143, 144, 145
Лаудан 205
Лей, қала 144
Лепес 165, 327
Лепсі 332, 392, 406
Лех (Лата-Юл) 144
Лоб 19, 23
Лобанов 333
Лобнор 133, 145, 147, 150
Локоть 323
Лусагун (Луцаогоу) 355

Мавритания 188
Мағаш 162
Мағриб 188
Майадыр 164
Майкенді 159
Майқабақ 141
Майқайың 164
Майқан 164
Майқапшағай 159, 165
Майқара 161
Майқатпана 165
Майқы 164
Майқұдық 164
Майлықара 161
Майсуф 396
Майтаз 307, 310
Майтас 162
Майшоқы 165
Макарьи 363
Мақымола 164
Мамандық 162
Мамытсай 165
Манглай-сүбе, облыс 18, 19
Манжан (Мыңжылқы) 271
Мансар 159
Маньчжурия 30
Маңғышлақ 174, 196, 202
Маңдай-Торғын 158
Мальманн 30

Мапқапшаған 165
Маралбашы 177
Маргелан 45, 136, 141, 182, 268
Марокко 188
Матақпай 162
Матай 159, 161
Матайадыр 159
Матайдың-Ақөзегі 159
Матақ маңайы 164
Матақтың аңғары 164
Матақызыл 158
Маутан 162
Машан 164
Машанасу 165
Машат 165
Маяжон 161
Маяты 275
Мәмбетай-Тобықты, болыс 164
Мәрешаң 160
Мәскеу 11, 12, 49, 50, 193, 194, 234, 328, 333, 335, 336
Мәтекши 164
Мәуеренахр 23, 25, 29, 34, 181
Мәуке 165
Медина 128
Мейзек 159
Мекке, қала 76, 154
Меңдібай 159
Меңдығай, Құтлы-Мұраттың әкесі 204
Мерв 157, 201
Меринан, қала 34
Месопотамия 30
Миаңқал 156
Микава, провинция 33
Мино, провинция 33
Миөзекшат 160
Моғол ұлысы немесе Моғолстан 16, 18, 19, 20, 22, 25, 26, 27, 29, 209, 210, 211
Моғаласу 165
Моелты (Мойынты) 279
Мойынты 163
Мола 164
Монатай 163
Моңғолия 150
Мормын 159
Мөлдірі 161
Муана-Музур-Давань 133-134
Мугалчин ұлысы 36
Муйтаз 319
Мультан 157
Мулючин ұлысы 48
Мусаси, провинция 33
Мусур-Дабань 133
Мустаг 140
Муссарт, өткео 217
Муцу, провинция 33
Мұғалжар, тау 116
Мұжықтамақ 162
Мұзарт 133
Мұзарт-Даван 146
Мұзбел 158
Мұздысай 159
Мұзтау 391
Мұзтөбе 402
Мұрат-Жігіт 162
Мұшы, қыстақ 139
Мыңбұлақ 217
Мыңқатынның көлі 165
Мыңқұдық 161
Мыржық 160, 161
Мырзабай 164
Мырзакелді 159
Мырзақатын 159
Мырзатай 163
Мырзашоқы 159, 161, 165
Мінбенің биігі 164

Нагасаки, қала 33
Найзакескен 163
Найзақазан 164
Найзақара 164
Надан-Тобықты, болыс 158
Назар-Мұрын, болыс 207
Наманган 149, 182, 268
Нан 165
Нанкин 351, 360
Нань-Шань 142
Нарат 145
Нарим-дзан 336
Наршөккен 163
Нарын, өзен 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 218
Наурызбай 159
Нгари 144
Нери 144
Нерчинск 233
Нижегород 167, 197
Нижний 330, 331
Нинь-Лу (Батыс Тянь-Шань) 133
Нияз 161
Ниязбек 266
Ново-Александровск, бекініс 197
Новоселов 410
Ноғайқонған 160
Нор-Зайсан 274, 315, 316, 317, 321, 322

Ното, провинция 33
Нубра ауылы 143, 167
Нукрат, өзен 130
Нунгата, провинция 33
Нура, өзен 117, 160, 161, 163, 171, 256, 257, 258, 272
Нуранын-Қарашаты 159
Нурбайасу 165
Нурбике 160, 164
Нурбике-Қоңқайқара 160
Нурбике – Шаншар, болыс 161
Нурмамет (Мухаммед) 44
Нуртай 158, 162, 164
Нынныс 164
Нил-Даван 139
Нилді 163
Нюхалов 333

Обалы 160, 164
Обь, өзен 79
Овари, провинция 33
Одабан 164
Ойшанадыр 159
Ойнакжер 161
Ойран 163
Оксалур, бекініс 43, 139
Оксус 190
Олжабай 163
Олон-құдық 336
Омбы 106, 107, 113, 213, 230, 231, 236, 273, 282, 284, 285, 323, 333, 365, 371, 373, 379
Онан 232
Онарша 138, 139
Онарша-Отын 136
Оной 159
Ооки, провинция 33
Ооми, провинция 33
Ораздын-Қарашы 165
Оразымбетті 162
Орал 130, 213, 326
Ордабай моласы 173
Ормантас 162
Орск 195
Орта Азия 6, 38, 45, 77, 80, 108, 121, 151, 182, 190, 191, 192, 210, 216, 282, 283
Ортакарауыл 158
Орталық Азия 87
Ортасық 162
Орта Тибет 143
Ортақши 165
Орташи 163
Ортау, сай 281
Орхон, өзен 179, 348
Ор-Шүркан 164
Орынбор 12, 79, 80, 113, 115, 116, 119, 124, 147, 190, 196, 197, 198, 203, 213, 237, 238, 250, 413, 414
Орынбор даласы 113
Орыс Алтайы, қараңыз: Алтай
Ош, қала 43, 136, 139, 145, 146, 152, 153, 182

Өгізбасы 164
Өзбек ұлысы 209
Өзек 164
Өленсай 165
Өленті, өзен 161
Өлкесу 164
Өкірше 164
Өмірзақ 165
Өртеңжал 163
Өскемен, бекініс 224, 226, 230, 231, 238, 250, 275, 308, 316, 317, 321
Өтенатан 160
Өтеп 164
Өтептас 164
Өткелсыз 160

Памир, тау 140, 141, 216, 217
Париж 134, 179
Парсы 111
Пекин 121, 122, 250, 310, 329, 337, 338, 339, 347, 368, 370, 374, 376, 379, 408
Персия 179, 195
Петропавловск 110, 230, 276, 277, 404, 423
Питер 348
Питняк, елді-мекен 201
Пичан 145
Польша 124, 178, 231
Порсу, қала 195
Пресногорьков, бекініс 237
Пушти-Кемер, тау 174
Пушыққеспе 165
Пірназар 163
Пішпек 205

Райшоқы 159
Райым бекінісі 214
Ресей 6, 8, 9, 12, 48, 49, 76, 77, 83, 87, 108, 109, 119, 120, 122, 156, 167, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 203, 205, 208, 211, 212, 220, 226, 228, 229, 234, 235, 236, 239, 241, 243, 244, 245, 247, 250, 253,

254, 256, 257, 261, 275, 276, 277, 282, 283, 286, 287, 290, 291, 292, 293, 306, 314, 319, 320, 324, 327, 334, 349, 375, 385, 386, 398, 414, 416
Руди-истем-Бұхара 155
Рум 188
Русь, қараңыз: Ресей
Рысбай-Қарашоқысы 160
Рьянкөл 141

Сабадли-Давань 134
Сабанчи-Дабань 133
Саван 271
Сағындық 165
Садо, провинция 33
Садырбекжүртты 160
Садыр-Қондыр 159
Садыркудық 165
Садыр-Матай, болыс 395
Саз-сай 400
Сай-асу 297, 299, 303, 304, 313
Сайман 162
Сайманның-Қарашоқысы 160
Сайниндо (батыс халықтарының провинциясы) 33
Сайрам 21, 123, 150, 264, 265, 266
Сайрамкөл 122
Сайтанды 160
Сакарпур, қала 156
Сақтанқудық 165
Самай 164
Самара 252
Самарқанд 19, 22, 34, 120, 122, 156, 210, 211
Самғар 18
Сангами, провинция 33
Сандықтас 159
Санедо (солтүстік-батыс провинциялары) 33
Санкт-Петербор 12, 190, 194, 198, 203, 226, 235, 237, 239, 276, 284, 285, 287, 290, 292, 308, 325, 335, 349
Санташ, өзен 263
Санчжу 150
Саньси (Шаньси) 408
Сапы 163
Сараван (Сауран) 266
Саранатау 158
Сарыныңбасы 165
Сарацина 178
Сарғалдақ 164
Сарколтаг 140
Сарколу 140
Сарман-Уақ, болыс 207
Сарт-Тойынбау 162
Сартау 159
Сартжомарт-Найман 207
Сарша 162
Саршақы 164
Сары 163
Сарыадыр 159, 162, 164, 165
Сарыайғыр 159, 161
Сарыайғырбас 159
Сарыапан 160
Сарыбүйен 164
Сарыбұжыр 160
Сарыбүйрат 159
Сарыбұлақ 163, 164, 275, 398
Сарыбұлақ биігі 159, 164
Сарыжаз 134, 135, 136
Сарыжал 159, 161, 163, 164
Сарыкөл 140, 141, 150, 162, 216
Сарыкөл, ауыл 141
Сарыкүзеу 159
Сарықасқа 160, 164, 278
Сарықудық 164
Сарықұлболды 162
Сарықұлжа 163, 278
Сарықұлқия 164
Сарымбет 164
Сарыоба 159, 161, 163
Сарыөзек 160
Сарыөзен 164
Сарыөлең 161
Сарысу 107, 163, 168, 170, 258, 259, 279, 281
Сарысу-Жақсытолағай, тау 258
Сарытамақ 161
Сарытас 159
Сарытау 131
Сарытерек 162
Сарытүрсын 161
Сары-үйғыр 18, 23
Сарышоқы 159, 161
Сарышұнақ 160
Сарышын 131
Сарыяз 133
Сасықбұлақ 163
Сауран 265
Сацум, провинция 33
Саяқ 158
Сәмек-Бәсентин, болыс 207
Семей, қала 116, 167, 182, 223, 251, 255, 275, 276, 297, 298, 301, 308, 313, 316, 317, 323, 324, 327, 330, 331, 333, 365, 367, 368, 399, 403, 408, 417, 419
Семей облысы 114, 117, 207, 214
Семиярск 323

Семияр, форпост 254, 284
Семізбұғы 163
Семізбұғы, тау 255
Семіз-Найман, болыс 395
Сеимен, тау 272
Сеисар 143
Сейіт 160
Сейіткүл 165
Селенгинск, қала 229, 230, 231, 232, 234
Сеңгіртас 163
Сеңкібай 162
Серахс, бекініс 201
Сергей-Сұғнан (Шұғнан) 155
Сергиополь 214
Серкебай 162
Серіктас 160
Сецу, провинция 33
Силезия 178
Сима, провинция 33
Симооса, провинция 33
Симоцуке, провинция 33
Синано, провинция 33
Синбир 131
Син-Джу 314
Сиректас 161
Созақ 123, 271, 279, 281
Сокыр 163
Солдуз 36
Солдыр 161
Солонешко (сортаңды) 278
Солтүстік Бирма 30
Соналы 162
Сор 165
Соран 163
Сөребай 163
Сөрелі 160, 164, 165
Стамбул 352
Стректас 162
Су-асу 299, 302
Сулытүндік 162
Сурунга, провинция 33
Сучжоу 145
Суықжал 165
Сұлтани-Абад 155
Сұлушоқы 161
Сүңқар 164
Сүңқаркия 160
Сүркаши 164
Сүйдин 374
Сүттібұлақ 139
Сүттіқұдық 164
Самбек 162
Сыбанқүл 333
Сығанақ 265
Сынтас 165
Сыр (Аму) 155, 293,
Сырғаадыр 163
Сырдария немесе Сыр (Сейхун) 31, 34, 116, 134, 136, 137, 141, 142, 190, 195, 199, 203, 205, 214, 216, 218, 258, 262, 263, 398
Сырлытам 163
Сычуань, губерния 144
Сібір 8, 36, 48, 50, 108, 115, 119, 147, 156, 190, 197, 208, 213, 228, 230, 231, 233, 234, 238, 250, 251, 252, 275, 276, 277, 365
Сібір губерниясы 221, 228, 249, 250
Сібір даласы 117
Сімбеттешоқпай 162
Сіргелі, болыс 289

Тағанақ 163
Тағылы 163
Тағылышоқы 161
Тазтау 296
Таинский 249
Тайаткан-Шұнақ 163
Тайдзин мемлекеті 239
Тайлақ 159
Тайлақсу 162
Тай-Тілеу 162
Тақайтау 159
Талас, өзен 123, 216, 218, 294
Талғар 173, 399, 400, 402
Талды, өзен 159, 160, 163
Талдық 203
Талқы 275, 371, 378
Талпан 161
Тама, болыс 258
Тамба, провинция 33
Тамғалы, шатқал 260
Танаш 160
Тан-ну, тау 216
Тансық 137
Танго, провинция 33
Таңбалы-Жар 173
Таңбалытас 159
Тарағай 135, 136, 137, 138
Тарақты болысы 159, 279
Тарбағатай 122, 145, 208, 274, 275, 296, 297, 298, 299, 300, 301, 302, 303, 304, 315, 322, 327, 334, 396
Тарбүкір 18
Тарташ-Даван 143
Тару 249, 253
Тарчжы 407

Тарым, өзен 133, 142, 146, 147, 150
Тарым-гөл 216
Тасан 162
Тасбақан 160
Тасбасқан 164
Таскүнгей 158
Таскора 161, 162
Таскызыл 165
Тассима, провинция 33
Тастабақ 165
Тас-Хотан 160
Тасшайтанжал 160
Тасшоқы 162
Тасық 163
Татан 158
Тауаншат 161
Ташкент (Шаш), қала 16
26, 29, 35, 36, 123, 149, 182, 210,
211, 212, 220, 254, 256, 259, 261,
263, 264, 265, 266, 267, 268, 269,
270, 272, 273, 280, 281, 288, 296, 314,
319, 327, 367, 385, 386, 394, 395, 398,
400, 405, 406, 408
Ташқорған 141
Ташрабат, тау 137, 138
Ташхаус, қалашық 201
Тәттібай 163
Тәттібайтау 162
Тебриз 188
Текебай 159
Текес, өзен 34, 133, 134, 136, 138,
216, 218
Тектұрмас 163
Телек 280
Телец немесе Алтын-Көл, көл 37, 48
Телецк, болыс 249
Темірқазық, шоқжұлдыз 61
Темір-қорған 266
Теміршоқы 163
Темірші 165
Тентекқара 159
Тентексай 164
Тентексу 407
Тен Эктах-Алтай 37
Тербердi-Чаллы 131
Терек 162
Терек-Даван 137, 140, 145, 182
Тереқті немесе Киректы 136, 137,
138, 139, 161
Терісаққан 161
Терісбұлақ 160
Терістанбалы-Найман 207
Тесіктас 158, 159
Тибет 142, 143, 144, 145, 166, 167,
182, 216, 275, 277, 395
Тигр, өзен 30
Тиеке 405
Тиектас 162
Ти-Си-ин-си-ти, компания 313
Тобольск, қала 228
Тобықты, болыс 254, 255
Тобықтыбұжыр 160
Тобыл 131, 211, 213, 223, 249, 251,
252, 417
Тоғай 164
Тоғалақ 164
Тоғанбай 162, 278
Тоғанбай-Сарша 162
Тоғызтарау 159, 160
Тоғылбай-Садыр, болыс 207
Тойөзен, өзен 165
Тойын 137, 138, 139
Токайдо (шығыс теңіз провинциясы)
33
Тоқабай 165
Тоқабайдың-Үшсуы 165
Тоқантас 162
Тоқболат 159
Тоққожа 164
Тоқмақ 164, 205
Тоқмақ-Ата, арал 203
Тоқпан 163
Тоқтау 160
Тоқты 159, 405
Тоқтыадыр 162
Тоқтыөзек 162
Тоқырау 162
Тоқырауын, өзен 158, 162, 164
Толағай 163
Толыбайадыр 162
Томаршы 164
Томск 36, 48, 49, 50, 216, 231, 249,
323
Тон 164
Тоосандо (шығыс таулары провинци-
ясы) 33
Тоотоми, провинция 33
Топар, елді-мекен 158, 163
Топаш 164
Торғай 213
Торғат, үстірт 134
Тошбұлақ (Төсбұлақ) 281
Төбеағаш 165
Төбесу 158
Төгерек, өзен 281
Төкенсу 159
Төле 160
Төлебике 158, 163, 164
Төленгіт, болыс 158
Төлкөл 158

Төлеке-Мыңшүңқыр 159
Төменгі Тибет 144
Төрбике 161
Төртқөл 160
Төрткүл 163, 164
Төрткүлан 164
Төртүғыл, болыс 117, 118
Троицк 116, 271, 404
Тулатумет 36
Туро, өзен 123
Түзыашы 162
Түзбасы 162
Түлпар 160
Түманбай 162
Түңқатар 163
Түран 30, 34, 190, 210
Түршоқы 164
Түрфан 19, 21, 23, 137, 145, 146, 166, 310, 311, 371-372
Түскөл 141
Түбекқия 165
Түйемойнақ 164
Түлек 165
Түлкібас 160
Түлкілі 164
Түлкішыққан 164
Түлкі-Ұлыды 159
Түмен, болыс 207
Түмен-Ақбиік 165
Түндік, өзен 158, 159, 162, 164, 254, 255, 281
Түп-Қараған, мүйіс 174
Түрген-Ақсу 137, 138
Түребай 165
Түркия 90, 199
Түркістан немесе Әзірет 21, 23, 34, 35, 119, 122, 123, 125, 127, 130, 145, 153, 154, 188, 190, 211, 212, 216, 261, 262, 264, 265, 266, 267, 280, 281
Тығыршық 159
Тынзап, өзен 143
Тышан 161
Тышқан 406
Тілес 159, 399
Тілеубердінің-Қарасу 165
Тілеубердінің-Түлек 165
Тілеулі 161, 163
Тілеуімбет-Егіз 162
Тінейақкүдық 164
Тянь-Шань 30, 133, 134, 135, 136, 137, 139, 140, 141, 145, 146, 148, 152, 216, 217, 218

Уақадыр 159
Уақшоқы 159
Уәли 119
Уй, өзен 213
Улалы 275
Улендук 272
Улясутай 339
Уралчурал-кашка 222
Уратөбе 268
Ургу, қала 228
Уфа 109, 130, 131
Уфа, уезд 249
Уфа, провинция 237, 249
Ухан 142
Ухылке бекеті 37

Үбсы, көл 48
Үзынбұлақ 159, 161
Үзынжал 162
Үйнынсор 162
Үйқы-Көрімке 162
Үйтан-Қойтас 163
Үқүрой 161
Ұлан-Чаркрама 138
Ұлкенқия 165
Ұлы Бұлғария 180
Ұлытау 210, 416, 423
Ұсман 164
Ұратөбе 288
Ұранхай 158
Ұргуат-Сарысу 272
Ұрынын-Шаты 161
Ұрынқай 162
Ұрысшы 160

Үде 232
Үзгенд 19, 22
Үйген 165
Үйгентас 406
Үй-Кетше 296
Үйсін, болыс 262, 264, 265, 267, 269
Үйтас 159, 160, 161, 163
Үлкенбұлақ 163
Үлкен-Дария 203
Үлкен Қайрақты 162
Үлкен-Қойтас 161
Үлкен Қоянды 162
Үлкен Нұра, өзен 162, 256, 258
Үлкен-Тибет 167
Үлкен Черемшан 132
Үлкен-Шүмек 160
Үндістан 31, 45, 145, 167, 182, 189, 190, 194, 268, 275, 409
Үнді түбегі 30
Үрге, мүйіс 203, 336, 337, 338, 339, 343

Үргеніш немесе Көне Үргеніш 201, 202, 205, 349
Үржар 301, 327
Үркер, шоқ жұлдыз 61
Үрпек 161
Үрімші 145, 152, 310, 311, 312, 315, 327, 352, 353, 361, 363, 364, 365, 374, 379, 390, 392, 398
Үсек, ауыл 394, 406
Үсенті 159
Үш 177, 182
Үш-Алақаз 162
Үшбас 165
Үшбасши 165
Үшбашай, өзен 158
Үшбұлақ 161
Үшқайың 158, 164
Үшқара 159, 161, 164, 278
Үшқатын 160, 161
Үшқора 164
Үш-Қошай 137
Үшқұдық 159
Үшқызылсай 164
Үшмайқүзек 159
Үшпақсу 165
Үштағаң 163, 164
Үштек 136
Үштөбе 160, 162
Үш-Түрфан 138, 139, 148, 167
Үшшоқы 162

Файзбат немесе Файзабад 146, 177
Фарима, провинция 33
Ферғана алқабы 141, 149
Ферғана, облыс 18, 26
Фида, провинция 33
Фитацу, провинция 33
Фооки, провинция 33
Фоку рокондо (солтүстік провинциялар) 33
Франция 208
Фудзян 314, 315, 349
Фу Мен-луң 364
Фуцзян 312

Хайдарабад 157
Хайду 146
Хами 145, 146, 315
Ханга-Баба 174
Хан-Тәңірі-Ола 133, 134
Хан-Үлы 337
Харатолағай 347, 348
Харашар 145, 311
Хиджаз 30
Хиуа 120, 176, 190, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 211, 290, 291, 292, 293, 385
Хласс (Хласса) 143, 144
Хобда 145
Ходжейіл 201
Ходжент 123, 268
Хожан 264
Хоргос 353, 354, 380
Хорезм 22, 179, 196, 204
Хоросан 25, 26, 188
Хотан 16, 18, 19, 22, 143, 145, 146, 147, 149, 150, 151, 152
Хотанбұлақ 159
Хотан-Дарья 133
Хотанеміл 158
Хотантас 165
Хуй-Юань-Чен 145
Хукунор 338
Хунян 351
Хур-Хара-Усу 145
Хусайын Кураган 189

Цаколдак 344
Цейлон 30
Цоно, провинция 33

Чааташ 136
Чадыркөл 135, 136, 137, 138, 139, 140, 177
Чакрама, өзен 138
Чакыркөрім 137, 138
Чаллы 131, 132
Чалодрама 138
Чардыкөл 134
Чатрал 142
Чахыр-Хурун (Соқыркорым) 137
Чекуркуш 36
Черчан 18
Чжамағүл-Шоқы (Жүмағүл-Шоқы), сай 278
Чжан 351
Чжислумба 144
Чикишман 18
Чикое, өзен 232
Чиндан 397, 399
Чистая, бекініс 78
Чонкуза 371
Чуту 275
Чулман 132
Чум, өзен 37

Шабақ 163
Шабанқыр 161

Үргеніш немесе Көне Үргеніш 201, 202, 205, 349
Үржар 301, 327
Үркер, шоқ жұлдыз 61
Үрпек 161
Үрімші 145, 152, 310, 311, 312, 315, 327, 352, 353, 361, 363, 364, 365, 374, 379, 390, 392, 398
Үсек, ауыл 394, 406
Үсенті 159
Үш 177, 182
Үш-Алақаз 162
Үшбас 165
Үшбасшы 165
Үшбашай, өзен 158
Үшбұлақ 161
Үшқайың 158, 164
Үшқара 159, 161, 164, 278
Үшқатын 160, 161
Үшқора 164
Үш-Қошай 137
Үшқұдық 159
Үшқызылсай 164
Үшмайқүзек 159
Үшпақсу 165
Үштаған 163, 164
Үштек 136
Үштөбе 160, 162
Үш-Түрфан 138, 139, 148, 167
Үшшоқы 162

Файзбат немесе Файзабад 146, 177
Фарима, провинция 33
Ферғана алқабы 141, 149
Ферғана, облыс 18, 26
Фида, провинция 33
Фитацу, провинция 33
Фооки, провинция 33
Фоку рокондо (солтүстік провинциялар) 33
Франция 208
Фудзян 314, 315, 349
Фу Мен-лун 364
Фуцзян 312

Хайдарабад 157
Хайду 146
Хами 145, 146, 315
Ханга-Баба 174
Хан-Тәнірі-Ола 133, 134
Хан-Ұлы 337
Харатолағай 347, 348
Харашар 145, 311
Хиджаз 30
Хиуа 120, 176, 190, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 211, 290, 291, 292, 293, 385
Хласс (Хласса) 143, 144
Хобда 145
Ходжейіл 201
Ходжент 123, 268
Хожан 264
Хоргос 353, 354, 380
Хорезм 22, 179, 196, 204
Хоросан 25, 26, 188
Хотан 16, 18, 19, 22, 143, 145, 146, 147, 149, 150, 151, 152
Хотанбұлақ 159
Хотан-Дарья 133
Хотанеміл 158
Хотантас 165
Хуй-Юань-Чен 145
Хукунор 338
Хунян 351
Хур-Хара-Усу 145
Хүсайын Кураған 189

Цаколдак 344
Цейлон 30
Цоно, провинция 33

Чааташ 136
Чадыркөл 135, 136, 137, 138, 139, 140, 177
Чакрама, өзен 138
Чакыркөрім 137, 138
Чаллы 131, 132
Чалодрама 138
Чардыкөл 134
Чатрал 142
Чахыр-Хурун (Соқыркорым) 137
Чекуркуш 36
Черчан 18
Чжамағүл-Шоқы (Жүмағүл-Шоқы), сай 278
Чжан 351
Чжислумба 144
Чикишман 18
Чикое, өзен 232
Чиндан 397, 399
Чистая, бекініс 78
Чонкуза 371
Чуту 275
Чулман 132
Чум, өзен 37

Шабақ 163
Шабанқыр 161

Шаған 160, 164
Шағанқы, өзен, 165
Шаған тоғай 275
Шағатай ұлысы 18, 19
Шағрай 159
Шағыр 161, 164
Шағырлы 159
Шадырлы, өзен 273
Шажағай, өзен 281
Шайок, өзен 167
Шайдалы (Шайдам) 280
Шақпақ 160, 161
Шақпақтас 158, 159, 165
Шаймардан 141
Шайтанарық 160
Шалыш 21, 22
Шам 189
Шамақ 162
Шамсы, өзен 123
Шан 162
Шанси, губерния 144, 310, 312, 314, 318,
Шаңғырақ, асу 299
Шандақкүл 165
Шанышқылы 265, 267
Шапырашты, болыс 289
Шарабудурган 339, 341
Шарықты 159
Шасират-бек 262
Шат 123, 161
Шатқал 182
Шатсу 159
Шаты 164
Шатыркөл 133
Шахрисебз 156
Шаш, өзен 34
Шөуешек 122, 145, 274, 275, 276, 277, 296, 298, 299, 301, 304, 305, 306, 307, 309, 310, 311, 312, 313, 314, 315, 316, 317, 318, 319, 322, 323, 324, 325, 327, 328, 329, 330, 331, 333, 334, 335, 353, 360, 363, 365, 372, 393, 399, 402, 404, 406, 407, 409, 411
Шәуілдір 159
Шелек 173, 264
Шенгелді 173
Шеней 161
Шенеу 161
Шеңгелді, бұлақ 271
Шерсн 242
Шерментау, тау 272
Шерше 162
Шеткі-Үштаған 165
Шетшоқы, сай 279
Шешенқара 160, 161
Шикарпур 157
Шиліеспе 165
Шираз 188
Широкалга бекеті 48
Шойынбұлақ 159
Шолқа-Қарағай 275
Шоқ-Уақ, болыс 207
Шоқсары 160
Шоқпартас 164
Шоқыбай 164
Шоқыбалға 164
Шоқы-Керегетас 159
Шолақ 161
Шолақ-Сеңгір 163
Шолаққорған 182
Шолақтолағай 163
Шолакөзен 165
Шолпан, жұлдыз 62
Шомбай 162
Шонақ 163
Шоң 160
Шоңқалы 159
Шоңқара 159
Шоңтас 163
Шорабай 160
Шоршоқшан 165
Шошара 161
Шөке 160
Шөладыр 159, 164
Шөрге 274
Штейн, тау 254
Шу 31, 107, 123, 216, 218, 258, 260, 271, 279, 281, 394, 396, 398, 399, 402, 404, 405
Шуақ 159
Шу даласы 183
Шунган 142
Шүректің бейіті 164
Шубарағаш 400
Шубарайғыр 158, 163, 165
Шүнақ 279
Шұңғылеспе 165
Шүрық 159
Шүрыққудық 161
Шүмек 163
Шүмекті 279
Шыбынтай 161
Шыбынтайөзек 165
Шынсай 159
Шынғынқан 163
Шыңғыс 165
Шыңтас 161
Шыңғыстау жазығы 37
Шығыс Азия 30, 133

Шығыс Бенгалия 30
Шығыс Түркістан 15, 62, 121, 122, 133, 134, 135, 140, 149, 150, 151, 152, 153, 177, 194, 216, 219
Шымдықара 164
Шымдысай 162
Шымкент 123, 264, 265, 266
Шымтау 162
Шыңғыл 164, 410
Шыңғыс, тау 165
Шыңқарау 165
Шыршық, өзен 280
Шідерті, өзен 161

Ылди-Бүйрат 165
Ырай 161
Ырғайты 392, 399
Ырғыз 213
Ыстықкөл 18, 22, 31, 137, 138, 166, 216, 217, 218, 219, 396, 399

Ізбасар 162
Іле 31, 46, 51, 122, 145, 146, 147, 152, 166, 177, 240, 354, 355, 359, 394, 398, 400, 404, 408, 411, 412
Іле Алатауы (Жетісу Алатауы) 213, 214
Іле бекеті 173
Іле, қала 134
Ірбіт 306, 312, 319, 320, 323, 324, 330, 331, 332, 363
Ішкі Азия 31, 133, 217

Элесуту 345, 346
Эргол немесе Эрголан 134, 135, 146, 152, 177

Юзген (Үзген), өзен 137, 139
Юнгорама (Дунгуроме) 137
Юньнань, губерния 144
Юргучин 36

Яблышевск 223
Яксарт, қараңыз: Сырдария
Якшинияс, шатқал 272
Ямакульмияс, тау 272
Яманьяр-Үстен, өзен 141
Ямасиро 33
Ямато, провинция 33
Ямышев, бекініс 221, 222, 230, 250, 251
Ямышев, кол 223
Ямышевская, бекет 78
Янгигисар 167
Янысар 141, 146, 147, 148, 151, 152
Яркенд 16, 18, 19, 45, 131, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 147, 149, 150, 152, 153, 167, 182, 210, 217, 310, 369, 394
Яркенд-Дарья 133, 141
Яссатех (Джагарт) 37

Bathy 178

Canue 178
Caspie 180
Constantinople 178

Etilia 180

Mongoles 179

Naymans 178
Nigra Cathaya 179

Gircan 180

Jaek 178
Jagag 180

Kenkat 180

Tane 180

Saint George

Pontus Meotides 180

ЭТНИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

Абағай 338
Абдал, ру 174
Абла, ру 218
Ағылшын 144, 147, 190, 311, 312, 349, 386
Адай, ру 201
Айпақ қожа 393
Ақ қалмақ 48
Ақ-маңғыт 156
Албан, ру 214, 216, 398, 399, 402, 404, 408
Алдаш, ру 218
Алдияр, ру 218
Алтай қалмақтары, қараңыз: жоңғар
Араб 110, 111, 156, 216
Арғын, ру 94, 214
Арық, ру 218
Асық, ру 218
Аудай-бақты, ру 218
Ахметжан 393
Ашрефи, ру 201
Аюке, ру 218

Әлімұлы, ру 214
Әндіжандық 329

Бағаналы, ру 95
Бағыш, ру 34
Байжігіт, ру 296, 297, 298, 299, 304, 305, 322, 325, 326, 333, 334, 335, 398
Байұлы, ру 214
Балыке, ру 218
Бапа, ру 28
Бассыз, ру 218
Батый татарлары 87
Баур, ру 218
Башқұрт 8, 11, 12, 13, 39, 40, 41, 87, 109, 119, 130, 196, 212, 237, 249, 414
Белорус 414
Бикташ 393
Боин, ру 175
Болғар 130
Бохтомақ, ру 34
Бузум (Айтбузум), ру 34
Бурут, қараңыз: қара қырғыз
Бурят 87, 350
Бүгу, ру 34, 218, 219, 220
Бұлғар 131
Бүрүншық, ру 174
Бухарлық 143, 149, 156, 192, 195, 203, 221, 222, 223, 251, 329
Білек, ру 218
Бішкүрен, ру 218

Витебск 414

Гоклан, ру 175
Готтар 56
Гриктер 77

Дақсы-ық, ру 218
Долон 166, 177
Дулат 18, 209, 214, 216, 398, 399, 400, 402, 404, 405
Дүнған 352, 357
Дунчи 329
Дүғлат, әулет 15

Еврей 156
Еділ бұлғарлары 128
Еділ қалмақтары 9, 12, 14, 119, 124
Енисей қырғыздары 217, 218
Есенгүл (Болат), ру 218

Жабайы башқұрт, қараңыз: башқұрт
Жайық казақтары 193, 212
Жалайыр, ру 209, 214, 216
Жаманбай, ру 218
Жантай, ру 218
Жапарбай, ру 175
Жапон 31
Жарбақ, ру 218
Жәуміт, тайпа 175, 201, 204, 206
Жетіген, ру 218
Жетіру, ру 214
Жоңғар (қалмақ) 8, 9, 12, 13, 37, 41, 48, 115, 119, 120, 121, 122, 173, 185, 211, 212, 221, 222, 223, 239, 242, 243, 244, 245, 246, 247, 249, 250, 251
Жолшора, ру 218
Жылдек, ру 218

Игдырец, тайпа 204
Инсургент 351
Ирокездер 77
Ишым, ру 218

Казак 48, 78, 79, 90, 97, 118, 119, 122, 130, 193, 223, 257, 279, 284, 296, 297, 298, 299, 315, 316, 317, 318, 321, 322, 334, 335, 346, 414
Керей, ру 94, 95, 214, 249, 406, 416
Киликидзы, қараңыз: Қара қырғыз
Коло, тайпа 144
Конче (Кучу), ру 218
Кубандықтар 12, 13
Кунканчилар 49
Күрт 108
Күшік, ру 218
Кіші ноғай 183

Қазақ 90, 130, 131, 166, 183, 184, 208, 209, 210, 211, 243, 322, 323, 324, 326, 329, 334, 335, 356, 402, 404, 405, 407, 409, 410, 413
Қазан татарлары 58, 77
Қайсақ, қараңыз: қырғыз (қазақ)
Қалмақ 238, 239, 316, 398, 401
Қамлақы, ру 218
Қанжығалы, ру 118
Қаңлы 416
Қара-Баур, ру 218
Қаракерей, ру 8
Қаракесек, ру 94
Қара қалмақ 10, 48
Қарақалпақ 123, 192, 196, 201, 202, 204, 288
Қара қырғыз (Гян-гунь, хагас) 34, 58, 64, 66, 68, 88, 120, 123, 138, 139, 142, 143, 150, 167, 185, 208, 213, 214, 216, 217, 218, 219, 220, 243, 288, 333, 396, 398, 399, 402
Қарақытай 26, 351, 358, 306, 366, 369, 374
Қара маңғыт 156
Қара татар 37
Қаратейіт, ру 141
Қаржас, ру 94
Қашғарлық 43, 44, 45, 46, 135, 139, 143, 151, 312, 366, 372, 380, 384, 388, 397, 409
Қидан 56
Қой, ру 175
Қожа, ру 174, 176, 183, 196
Қозған, ру 118
Қоқандық 44, 142, 149, 150, 192, 205, 219, 283, 284, 327, 329, 352, 390, 396, 398
Қоңырат, ру 94, 416
Қоңырат өзбектері 204
Құланқақ, тоғай 143
Құлдат, ру 35
Құрама 35, 183
Құрышбек, ру 218
Қыдық, ру 218
Қызай 297, 298, 326, 332, 333, 396, 397, 398, 402, 403, 407, 410
Қызылбөрік 402
Қыпшақ, ру 94, 95, 214, 416
Қырғыз 18, 43, 141, 142, 150, 395, 407, 411
Қырғыз (қазақ) 6, 9, 11, 12, 13, 37, 38, 41, 52, 53, 54, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 76, 78, 79, 80, 81, 83, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 94, 95, 96, 97, 98, 100, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 135, 140, 141, 159, 168, 174, 176, 183, 192, 196, 199, 201, 202, 204, 205, 206, 208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 219, 220, 223, 238, 239, 241, 249, 250, 253, 254, 255, 261, 262, 263, 265, 279, 282, 288, 297, 298, 299, 300, 301, 302, 303, 304, 305, 306, 307, 314, 316, 319, 322, 324, 335, 361, 392, 394, 395, 414, 416, 417, 418, 419, 420, 421, 422, 423
Қырғыз-қайсақ, қараңыз: Қырғыз (қазақ)
Қырым татарлары 77
Қытай 31, 43, 44, 45, 47, 122, 133, 135, 138, 144, 145, 146, 150, 152, 216, 217, 224, 225, 226, 227, 228, 229, 230, 250, 289, 297, 299, 305, 306, 307, 308, 309, 310, 311, 317, 319, 320, 323, 324, 327, 335, 338, 350, 352, 357, 358, 366, 367, 368, 369, 370, 371, 374, 376, 377, 380, 384, 385, 386, 387, 388, 390, 393, 394, 396, 397, 398, 399, 402, 404, 405, 406, 407, 408, 409, 410, 411

Манжүр 351, 352, 354, 355, 357, 358, 359, 360, 361, 362, 365, 369, 374, 377, 380, 387, 401
Мәмбет 393
Моғол 16, 18, 25, 26, 29, 31, 48, 172
Моңғол 53, 56, 58, 59, 61, 62, 63, 69, 70, 178, 181, 215, 224, 225, 226, 338, 339, 340, 341, 342, 346, 386, 416
Мұндыз, ру 218
Мұнғал 48
Мүңгүлдар, ру 218
Мүрын, ру 299, 322

Надырбек, ру 219
Найман 8, 13, 94, 209, 214, 402, 403
Ноғай 12, 87, 108, 210, 372, 397, 416, 417, 419
Нюхалов 334

Орынбор қырғыздары 208, 210, 214
Орыс 8, 9, 13, 48, 49, 50, 76, 77, 78, 79, 86, 88, 89, 97, 98, 102, 109, 110, 123, 174, 192, 195, 197, 199, 205, 211, 212, 216, 250, 288, 289, 292, 297, 302, 303, 306, 308, 309, 310, 311, 312, 317, 319, 323, 325, 326, 327, 329, 350, 352, 365, 370, 377, 393, 396, 397, 398, 399, 401, 402, 404, 410, 414, 419, 422, 423
Орыс татарлары 156, 304

Остяк (башқұрт) 79
Өзбек 18, 22, 156, 157, 176, 194, 196, 209

Парсы 111, 157, 176, 201, 205

Раджпуттар 175

Сабур, ру 218
Садырматай, ру 332
Сальников В. 253
Самхен, ру 34
Сарт 329, 352, 367, 368, 370, 372, 386, 390, 392, 393, 396, 401, 402, 404, 408
Сары, ру 218
Сарыбағыш, ру 218, 219, 220
Сары-Баур, ру 218
Сарыке, ру 218
Сары қалмақ 48
Сары-Қалпақ, ру 218
Сарықатық, ру 218
Сары Мұғалдар 36
Саты 218
Саяқ, ру 218, 219
Семей қырғыздары 208, 214
Скиф 56
Сиахпуштар немесе ғалша, тайпа 142
Солту, ру 34, 123, 218
Суан, ру 403, 405
Суннит 345
Сібір казактары 212
Сібір қырғыздары 78, 86, 91, 95, 110, 113, 115, 117, 208, 214, 215
Сібірлік 79, 107

Таздар, ру 218
Тақабай, ру 218
Тама, ру 296, 299, 333, 334
Тан, әулет 121, 218
Тараншы, ру 370
Татар 75, 76, 77, 78, 79, 80, 87, 97, 108, 109, 110, 111, 112, 195, 249, 296, 297, 302, 303, 305, 309, 314, 329, 332, 396, 400, 408, 416, 417, 418
Татар (моңғол) 178, 180
Тау қырғыздары немесе саяқ, қараңыз: қара қырғыз
Төжік 156
Теке, ру 175, 201
Тоқай, ру 218
Тоқаш, ру 218
Тоқ-маңғыт 156
Торғай, ру 218
Торғауыт, қараңыз: жоңғар
Төленгіт 124
Төртуыл, ру 335
Тунгэн 376, 378, 385, 387
Түмен, ру 299
Түркілер 217, 416
Түркістан қырғыздары 208
Түрік 12, 13, 64, 70, 108, 111, 125
Түрікман: қараңыз: Түрікмен
Түрікмен 57, 156, 157, 174, 175, 176, 194, 201, 202, 203, 204, 205, 206
Тынай, ру 218

Уақ, ру 94, 95, 214
Укой, ру 35
Урянхай 316

Үйғыр 18, 177, 217
Үндан, ру 218

Үйсін 214
Үйсін, ру 209
Үлкен Тибет 143
Үнді-герман тайпалары 65
Үсік, ру 218

Фазыл 393
Фузульдік 360, 384

Халассу (Лхасса) 143
Халха моңғолдары 48
Халхас 336, 338
Хамбиндер 374
Хань, әулет 121
Хиуалық 192, 193, 195, 197, 198, 199, 201, 202, 203, 204, 205
Хуарандық 360, 360, 378, 380, 384, 388, 393
Хун 56

Цахар 338, 345, 347

Чаньпан 351, 354, 358, 359, 361, 362, 365, 368, 376, 384, 387, 391
Чантудан 352, 393
Чилпақ, ру 218
Чишей, ру 218

Шағалдақ, ру 218
Шактоустар 77
Шалақазақ 395, 396
Шертықы, ру 218
Шерік, ру 218
Шоң-бағыш, ру 43, 218
Шырақшы (Темір), ру 219

Юань әулеті 217
Юэсы 371

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абакумов 354, 360, 414
Аббас, баһадүр 22
'Абд ар Рахман 125
Абд ал-Рашид, хан 15
'Абд ас-Самад (Абдель Самед) 132
Абдолла хан 201, 210
Абдраимов 297
Абдрахман 328, 372
Абдрашит 302, 303, 305
Абдул-жан 205
Абдулла-Ахрар ишан 29
Абдуллатиф 210, 407
Абдулла-ахун 351, 365, 373, 392, 407
Абулфайз 325
Абу-л Фаттах 127
Абдулфаттах 326, 327
Абзан 405
Абу Раби 128
Абылай хан 8, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 173, 185, 212, 237, 253, 254, 325, 416
Аванбай, жоңғар елшісі 251
Агевский 183
Адамсат 394, 398, 404, 405
Азнабай 117
Аитов, поручик 198
Айдар хан 128
Айдаш б. Байболат 130
Аймамбет (Әбілмәмбет) 264
Айткүл, Заидтың ұлы 130
А-колдай 359, 365, 384, 385
Акашан (Уккаша) қожа 189
Акбар-Махмүд хан 167
Ақметші 401
Ақмырза 395
Актемір, баһадүр 22
Алажай-Гулуге 12
Алангоа коркем 21
Аларих, король 56
Александр I, ресей патшасы 196
Александр, монах 179
Александр Македонский 190
Александр Николаевич, ресей патшасы 203
Александр Павлович, патша 174
Алексей Михайлович 11
Аллах-Күл, хиуа ханы 197, 198, 199
Алшынбай 94
Альберт, монах 179
Аманжол, қожа 395
Аманкүл 130
Амурат (Мүрат III), түрік сұлтаны 77
Анақай 395
Анна Иоановна, патша 195
Аппак қожа 153
Апсалам 400
Арак-Ахмет, хиуа ханы 193
Аранг, хан 194
Арапов 237
Арғын хан 172
Арсеньев 249
Аруф-Билла қожа Байрам 132
Арчултату, Малчи-хатун ұлы 36
Асауов 199
Асцелин 179
Асылбек 394
Ата-Мүрат 201, 204, 206
Атанияз-Қожа-Райс муфти, хиуа елшісі 198
Ауған хан 193
Аупов Баба 406, 410, 411
Аусар, би 270
Ауча 315, 322
Афақ хан 28
Ахан, күсбегі 142
Ахбат-Махмут хан 144
Ахмед сұлтан немесе Алаша-хан 21, 28, 29
Ахмет 122
Ахмет Ясауи 123, 127
Ашур-бек, хиуа елшісі 194
Аюке хан 12
Аюпов 406
Аян б. Мүхаммем 130

Әбділғазы Омаров 277
Әбділқадыр, араб әмірі 77
Әбділмәмбет, хан 121
Әбдіразақ маулана 25
Әбдірайым 351, 353, 354, 355, 356, 358, 360, 362, 365, 366, 368, 369, 370, 371, 373, 374, 375, 376, 378, 379, 380, 381, 383, 384, 388, 389, 390, 391, 392, 393, 406, 407, 410, 411, 412
Әбдірахмен 128, 366
Әбубәкір 396, 397, 398
Әбубәкір-Мырза 16
Әбу-Мүслім 111
Әбу-Насыр Самани 125
Әбілғазы 64, 211
Әбілмәмбет, хан 119, 122, 123, 265
Әбілхайыр, көшпелі өзбектер ханы 26, 209
Әбілқайыр, хан 95, 185, 195, 212, 249
Әбітай 406, 407
Әділ сұлтан, Абылайдың ұлы 122, 123
Әділбек 326, 327, 328
Әзберген, би 204
Әзірейіл, періште 69, 75

Әйтеке, би 95
Әли-мырза сұлтан 26, 411
Әлібек, Төле бидің әкесі 183
әлім 408
Әлімқожа 360
Әлімбет батыр 253
Әмір Құсшы немесе Көкілдаш 23
Әмір Күнжи 22
Әмір-Қалан қожа 132
Әміров Ғұбайдолла 157
Әмірсана, жоңғар ханзадасы 8
Әмір Тәжі 22
Әмір Түмен 22

Бабажан, сарт 392, 412
Бабаджан, Сейіт-Мұхаммедтің ұлы 205
Бабажан-сұлтан 21
Бабажанов мырза 112
Бабақ ханым, Абылай ханның үшінші әйелі 185
Баба-сұлтан 210
Бабыр 26, 28, 34
Базинер Т. Ф. 199
Байғұл б. Түкберді 130
Байзави қази 172
Байков Ф.И., орыс елшісі 48
Байқора-Черемыш 132
Байраш сопы 130
Байсерке 394
Байсұнқар 21, 26
Ба-колдай 392
Бак-Кашка 13
Балтабай 308
Банзаров Д. 52, 53, 54, 55, 57, 58, 61, 62
Бань-Чань Ерден 144
Барадж хан 128
Барақ, сұлтан 9, 12, 13, 14, 21, 95, 334
Барақ, хан 261, 262, 264, 265, 266
Барғай 13
Бардашев 219, 415
Батсамабень 265
Бату (Батый), хан 178
Батур-хан тайшы 211
Баубек 98
Баурту Дұғлат 16, 18
Бауцза 378
Баха ад-Дин, 189
Баши-Мәмет йасаул, әскер басы 204
Баязид 189
Баян батыр 124
Баян-Құлы хан 156
Баян сұлу 419
Беденов Ғали 355, 356, 366, 367
Бедрин 255
Безносиков 36, 254, 276
Бекберді 253
Бекболат 94
Бекович, қараңыз: Бекович-Черкасский
Бекович-Черкасский, князь 194, 195, 197
Бексұлтан 392, 395
Бекташ 132
Бибатыр 408
Бикташ 394, 408
Белгібай 395
Бердібек хан 132
Березин 110, 128
Бержорен 180
Бланкенагельд 195
Блекстон В. 100
Боборыкин В. 50
Боде Б. 175
Болат хан 35, 262, 265, 266
Боранбай 396, 399, 400, 404, 405, 406
Борнс 141, 150
Бортан 21
Бөкей сұлтан 256, 257, 262, 266, 270, 278, 393, 395
Бөкенбай, старшын 212
Бөтеке, сұлтан 402, 403, 404, 406
Бубенов 277
Були-хан 217
Буранов Ф. 222
Бурнашев Т. 36
Буслаев 65
Бутаков А.И., орыс офицері 204, 414
Бутурлин П., губернатор 221, 222
Бушук патша 36
Буданжар 21
Бұзырық-хан төре 43, 44
Бүйдаш хан 210
Бұка 21
Бұкай 371
Бұқаш 366, 391, 403, 409
Бұлан 34
Бұланбай, би 289
Бұлашы, әмір 15, 16, 18, 19
Бурханэтдин Раимбакы Ремел 274
Бұрындық-хан 26, 209, 210
Бұхар-хан 264

Ваджрадар М., лама 52
Ван-бек 369
Ван-Джангуйда 313, 314
Ван-Ман-цзи 367
Ван-Фань-сын 353
Ван-Фань-юн 358
Васильев 362
Васильев В.П. 64

Веймарн Г., генерал-поручик 224, 235
Вельяминов-Зернов 208, 209
Вербицкий, миссионер 11
Власов 378
Вилбоа, генерал-фельдцейхместер 224, 235
Волков 414
Воронов 52
Вуд Дж. 140, 141

Габбе 144
Гагарин, князь 194
Гасфорт 414
Генден, қалмақ демичи 9
Герберштейн 208
Гете 99
Гетум, армян патшасы 180
Гладышев 195
Глазенап Г.И. 166, 167, 276, 277
Гнейст Г.Р. 100
Голда 346, 347
Голицын А., князь 224, 226, 235, 239
Гораций 111
Горчаков, князь 177, 291, 321
Грибановский, урядник 285
Григорий VII, рим папасы 77
Григорьев В.В. 204
Гримм И.Л. 30
Грозный И. В. 193, 210
Грысов 407
Гук 144
Гумбольд А. 134, 140, 142, 146, 217
Гусай 347

Ғаббасов 295
Ғали 395
Ғалиақпар 400
Ғидайатолла, шейх 131

Дабашы, жоңғар нояны 8, 9
Дайыр сұлтан 124, *185*
Данилевский, полковник 199, 291, 293,
Данилов, урядник 285
Дарий, патша 56
Дату-Були хан (Дитибулу) 217
Доулет-Сұлтан ханым 28
Доуіт Ишбай-оғлы 130
Дәуітбай 289
Джа'да 128
Джан-Джангуйда 310, 311, 312, 313, 314, 315, 318,
Дженкинсон 208, 210
Джигирме 305
Дзангин 337, 339, 341, 348
Диканбай 402, 405
Добрыня Никитич 64
Дон-Кихот 344
Дос-Мұхаммед хан 21
Дулин 353, 361, 365, 368, 371, 372, 375, 376, 382, 383, 387, 388, 389, 401
Дудин, капитан 239
Дүлембай, сұлтан 297, 305, 325, 326, 327, 329, 335

Еділе 416, 423
Екатерина II, патша 224, 237, 238
Елизавета Петровна, патша 195
Елшібек 411
Емелбай 367
Емін-Қажы 15
Ералы сұлтан 411
Ердене би, қоқан билеушісі 121
Ерлік-хан, өлім құдайы 69
Есенбұға 21
Есенбұға, хан 18, 21
Ескендір 403
Ескендір Зұлқарнайын (Македонский) 174
Ескендір-сұлтан 21
Ескендір-Уәли 15
Еслим 308
Есутей 21
Есім хан 183, 211, 262, 265, 266
Есім сұлтан 257, 261, 270
Ешмұхаммед Тоқмұхаммед ұлы 130

Жақып, Ұзын-Хасан ұлы 26
Жалайыр Қадырғали 183
Жамал-аға 16
Жамаладдин шейх 19
Жанбаба хан 28
Жанғозы, сұлтан 411
Жан-Жак Руссо 341
Жанқұл 130
Жанқұлов Мұхаммед-Жақып 177
Жантай 423
Жарас немесе Чарас 19
Жарлық-төре 201
Жаубасар 411
Жөбірейіл, періште 69, 75, 125
Жәдігер, хиуа ханы 194
Жәдік, хан 210
Жәнібек батыр 249
Жәнібек, сұлтан 209, 210
Жәңгір 26
Жәңгір хан 211
Жәңгір қожа 44, 177
Жете, күшбегі 16, 22, 25, 26
Жигалов 308
Жиенбай 403
Жолбарыс сұлтан 121
Жошы, хан 209

Жұмық 326
Жүніс Тәжі, хәкім-бек 15
Жүніс-хан 21, 26, 28, 29, 263, 264, 264, 266
Жүсіп 265

Захаров 297, 298, 299, 303, 305, 308, 309, 315, 318, 324
Земарх, елші 217
Зенгорский 234, 236
Зорин, подполковник 221, 222, 223
Зубейір 128
Зулейха 403

Иакинф 15, 140, 146, 147, 152
Ибақ 395
Ибатулла 399, 400
Ибрагим Әміров 399, 403
Ибрагим, Сүйіктің ұлы 354
Ибрагим қожа 324
Ибраш сопы 130
Иван Александрович 283
Иванов А. 244
Игнатьев Н.П., полковник 200, 203
И-колдай 381, 382
Илтезер, хиуа ханы 196
Ильминский Н.И. 67
Инокентий IV, рим папасы 77, 178, 179, 180
Ирбек, хиуа елшісі 195
Иса-бұға, хан 209
Исаев 354, 358, 362, 363, 364, 374, 375, 407, 410, 411, 412
Исленьев И.И 31
Исмаил, ноғай князі 210
Исмаил шах 26
Исмайыл 407, 410, 411
Ишан-қожа 283
Ишболды б. Ишберді 130
Ищдарин 404
Ишнияз-Бай-Бабаев 203
Ишнияз-Мәмет-Нияз 198

Йисун-Туа 21

Казанский Петр, патша 77
Калашников 363, 364, 373
Кан-Фан-куи 362
Карбышев 414
Карелин 334
Карлейль 54, 57
Кармышева Ж.Х. 7
Кастрен 79
Катенин 413
Катиб Челеби 34
Каян-Мерген 49
Кәрімқұл, михтар 177
Кенесары 98, 414
Кенже-бибі 399, 402, 403
Кенже-Сарт, қашғар бегі 185
Кеппен 214
Керей, сұлтан 209, 210
Керім, сұлтан 399
Кефек-Сұлтан-оғлан 21
Килевейн Е.Я. 200
Кингинь 217
Киндерман, генерал-майор 253
Киперт Х. 30
Кисилев (Кизылев) 50
Кичень, князь 36
Кичин Бахши 49
Клапрот 140
Клеменц 180
Ковалевский Е.П. 213
Кожевников Андрей Иванович 323
Кожин 194
де' Колонг, генерал-поручик 238
Комовщиков, сержант 9
Кондратович 104
Константинов 213
Костина А. 198
Кошаров П. 42, 155
Кошучин 49
Котібаров Есет 199, 204
Көшім, хан 211
Кубицкий, капитан 249
Кузнецов 366
Куракин И.С. 50
Күйік, хан 178
Күсек (Кисек) 322, 335

Қабақ 12, 13
Қабанбай батыр 8, 12, 14
Қабыл 21
Қабылбай, хиуалық елші 197
Қажы Мансүр-хан, сұлтан 21
Қазанбай 250
Қазыбай 289
Қазыбек би 12, 14, 94
Қажы-Құрбан (Міркұрбан) 283, 284, 285, 286, 287
Қайду 21
Қайып хан 195
Қалдан Серен, хонтайшы 8, 9, 10, 12, 13, 14, 119, 120, 121, 185, 211, 221, 222
Қалмырза 401
Қамараддин, әмір 16, 22, 23
Қамбар 325, 326
Қарабаш, сұлтан 271
Қара-Йису 21
Қаракүл, князь 36
Қара-күты, ноян 48
Қаракыз, күн 10

Қарасакал 8, 9, 11, 12, 13, 14
Қарашаш ханым. Абылай ханның бірінші әйелі 185
Қасым, мыңбасы 177
Қасым, хан 210
Қасымбек, манап 402
Қасымов Кенесары 199, 213
Қатышевцев 411
Қодар 419
Қожа-Ахмет маулана 19
Қожа-Насреддин Абдулла 21
Қожа Нафас 193, 194, 195
Қожа-Тадж ад-дин Кусани 21
Қожа-Хамдулла Мастуфи (Казвини) 25
Қожық, барымташы 98
Қозы Көрпеш 419, 423
Құбан қожа 295
Құдайберді 406, 409
Құдайменде сұлтан 185, 272
Құдияр-бек 268
Құлмұхаммет Тайыш-оғлы 130
Құн-Назар-Мырза 16
Құтлыбай Дәулетбай оғлы 130
Құтлығ-Нигар ханым 28
Құтлы-Мұрат-Инак 201, 202, 204
Қызыл-Арслан 156

Лаврентьев В. 198
Лавров 276
Лошкер, құсбегі 142
Левшин 214
Ли-Джангуйда 314
Лиханский У. 285, 287
Лоунджанджап 242
Лутфулла 411
Любимов, копес 7, 296
Людовик IX, король 180

Мағал, сұлтан 258
Маджира 297
Мазиритский 328
Маймочина 334
Македонский Александр 142
Малчи-хатун, княгиня 36
Мальцов Сем. 210
Мамақай, Мутаған 21
Мамедияров 278
Мамиджа 329, 335
Манабай 411
Манасыпов Исмайыл 409
Мансуров 109
Мансұр-хан 21
Мантейфел 34
Марғұлан Ә. 7
Марзым 312, 313
Марина, мыстан 64
Марко Поло 140
Маулана Са'ид 172
Махмуд сұлтан 16, 21, 26, 28, 29
Махмуд-Сұлтан Шахбегім 21
Маулави-Жәми 111
Мафар 352
Маштек 371, 390
Маштеков 390
Мәдәлі, хан 139, 290
Мәлібек 405, 406
Мәмбет 326
Мәмбет-Садық 395
Мәмет 407
Менгу, хан 180
Менду Иван Акимович 341
Мендібай 374
Мерабдулла 394, 396, 398, 399
Миллер 48, 50
Миль Дж. Стюарт, философ 85
Миних Э., граф 224, 235
Мирас б. Кенжебай 130
Митан 406
Михаил Иванович 297
Михаил Федорович 49, 193
Михаилов 213
Михайло 362
Михр-Нигар ханым 28
Мифтах ал Балхи 189Мукимжан дастурханшы 157
Молда-Тараншы 329
Мофар 388
Мукусин 395
Муравин 195
Муравьев Н.Н. 196
Мухаметше 355
Музаффар хан, бұхара әмірі 205
Мұнтым ханым, Абылай ханның он екінші әйелі
Мұрат 409
Мұрат-бек 142
Мұстафа хан 132
Мұхаммед-Әли хан 293, 294
Мұхаммед-Әмин 201
Мұхаммед, Балхтың билеушісі 189
Мұхаммед-бек 22
Мұхаммед Газали 189
Мұхаммед Гали 375
Мұхаммеджан 364
Мұхаммед-Захым 202
Мұхаммед ибн Дервиш-Мұхаммед әл-
Мұхаммед-Нияз, би 202
Мұхаммед, пайғамбар 53, 76, 81, 108, 110, 112, 168, 172, 196, 289
Мұхаммед-Рахим, хиуа билеушісі 196, 199, 201, 204
Мұхаммед Садық Қашғари 15

Мұхаммед Салих Загрияд-Йаба 189
Мұхаммед Сейіт 157
Мұхаммед-Сұлтан 21
Мұхаммед-Таша 367
Мұхаммед-Тәджі 177
Мұхаммед Фан 204
Мұхаммед Хайдар Мұхаммед Құсайынұлы немесе Хайдар Кураган 15, 16, 18, 22, 28, 208
Мұхаммед-хан 21
Мұхаммед-Хасан [Құсайын] Кураган 16, 28
Мұхаммед Хәлел Ишан 290, 291, 292, 294, 295
Мұхаметше 401
Мырза-Хамдам 111
Мырза хан 28
Мір-аға, Хұдайдад әмірдің шешесі 22
Мірбақы 399
Мірбан 406
Міркұрбан Ниязов, старшина 277
Мірсақа 399
Мір-Хайдар 111

Набоков, урядник 285
Нагибин Михаил Иванович 298
Наджм ад-дин Кубра 189
Назрукбай 223
Найзағожин Орақ Шәріп-қожа 285
Найманбай, көпес 45
Наквасин 411
Намат-хан 177
Нарбота би 121
Наср-Улла-Бахадур хан, Бұхара әмірі 203, 205
Нәджімедин 400
Нәдір 395, 399, 406
Нәдір Бикбай-оғлы 130
Нәдір-шах 122, 195
Нелюбов 249, 250, 251
Неплюев, күпия кеңесші 224
Нерпин 274, 276
Нессельроде К.В., граф 167, 285
Никифоров, капитан 198, 199
Николай Павлович, ресей патшасы 199, 203, 290
Нияз 360, 361, 362, 407, 409
Нояб 409
Нушерван, шах 174
Нұралы, хан 121, 195
Нұрбота 268
Нысанбай 395

Обручев 414
Обрязаков И. 249
Овечкин 302, 303
Одерика ди Порденон 181
Олсуфьев А., күпия кеңесші 224, 235
Омар ибн ал-Хаттаб 188
Омар-Мырза 16
Омар-шейх 26
Ондан сұлтан (Үзынақты Ондан) 183
Оразмұхаммед Бабық-оғлы 130
Ораз-Мұхаммед 183, 211
Орду (Орда-Ежен) 178
Орман 399
'Осман 128
Осман 394, 399, 401, 406
Осман Юсуфходжин 399
Остяков 392
О'Эртцель Ф.А. 30

Өзбек хан 156

Павел, ресей патшасы 196
Павлуцкий Я., полковник 253
Пайцза-тяо 361
Паладия 145
Палуан-Ата 202
Панин, күпия кеңесші 224, 226, 235, 239
Панов, губернатор 413
Панснер 31
Паттах 397, 403
Передков 377
Петлин И. 36, 48, 50
Петр I немесе Ұлы Петр, патша 193, 194, 211
Петров 298
Петровский В.А., генерал-адъютант 198
Петрулин 224, 227
Петухов И. 237
Питер Bergeron 179
Плано Карпини 69, 70, 178, 179, 180
Платон 54
Полик 350
Поспелов 36
Потанин 215
Птолемей 31, 110
Путачев 122
Пулат 325, 328, 329, 330
Пушкарев В. 222
Пшек 371, 403

Радлоф 218
Раймер Дитрих 30
Рафаилов 143, 166, 167
Рахича-Ағача 15
Рахым-құлы, хиуа ханы 199, 290, 292, 293
Рашидлин 19, 21, 25, 63, 66
Рашид-хан 21
Рахметулла 333

Рахым 397
Реджап 395
Резин Я. 222
Рейнсдорп, генерал-поручик 238
Риттер К. 30, 133, 134, 149
Ричард Hakluyt 179
Рубруквис немесе Рубрук 180
Рүстем, сұлтан 327, 333
Рыбников 328
Рычков Н. 56

Сағид-хан, сұлтан 15, 21
Сағындық-Шуақбай, қарақалпақ бегі 185
Са да-лое (й) 364, 388, 389
Садық 398, 399, 400, 401, 403
Сайбақов Бодорхан 395
Саид сұлтан 210
Сайман ханым, Абылайдың екінші әйелі 185
Сайын Көбен, Абылай ханның оныншы әйелі 185
Сальников 378
Самсонов 332
Самы сұлтан 255
Самонов, князь 194, 195
Самратбек, билеуші 265
Сансыз-Мырза 16
Сар 375
Сарғалдақ, қырғыз әулиесі 185
Сартақ, хан 180
Сарықожа 305
Сасан 326, 335
Сатұқ Бұғра хан 125, 127
Саяди 22
Сәбек 297, 322, 325, 326, 335
Сәбит 393
Сәлімжан 407
Сәмеке хан 185, 262, 264, 265
Свешнев, көпес 276
Сейдақ, хан 211
Сейіт-Ахмет-Мырза, әмір 16
Сейіт-Әли, әмір 16
Сейіт-Мұхаммед-Мырза 16
Сейіт-Мұхаммед-Әли (Fали) 282, 285, 286, 287, 290
Сейіт-Мұхаммед хан 199, 201, 202, 203, 205, 206
Сексенбай 411
Секурский 340
Сенявин 290
Септен-ноян 222, 223
Серебрянников, урядник 370
Сибо-зәңгі 406
Симон, монах 179
Син-куй 364, 366
Си Синкуев 364, 369, 378
Сна батыр, қараңыз Шона батыр
Снегирев 65
Соймонов, сенатор 232
Сотников 90
Спасский Г. 36, 50, 155
Сперанский М.М. 86, 108
Старков Е.И. 166
Сүбатай 405
Сұлтанбай 367, 373, 375
Сұлтанбек, Абылайдың ағасы 120
Сұлтан-Гирей 12
Сұлтан-Fазы 279
Сұлтан-Нигар ханым 28
Сұлтанов Момын 406
Сүйдин 355, 390
Сүйіков 356, 361, 401
Сүк 325
Сүлеймен қожа 132
Сүлеймен I, түрік сұлтаны
Сүлеймен хан, Бадахшан билеушісі 28
Сыбанқұл 297, 335
Сыңфан 399
Сысанов 297

Тагир 395, 399, 403
Та-дажень 365
Тазчиг Черехду, князь 36
Тайку-Татун, князь 36
Тайыр 394
Тайыр хан 210
Талугатбек 266
Тары И.П. 49
Татищев 249, 250
Татч (Тапыч) ханым, Абылай ханның жетінші әйелі 185
Таша 366, 367, 368, 369, 370
Тәуекел хан 183, 210, 211
Тәуке хан 185, 211
Тәуке, сұлтан 393
Тевешов, майор 232, 233
Тевкелев 120, 194, 195, 212
Тезек 394, 398, 404, 405, 406, 408
Телятников 254
Темірлан 22, 23, 25, 124, 139, 156, 189, 190
Темірбек 397
Тетунько 50
Тилляхан 45
Тимковский 342, 346, 348
Тимур-Сұлтан 28
Тоғаш-хан 130
Тойшы б. Түкмұхаммед 130
Тойшыбек 405
Тойчубеков 400
Тоқмолда 402
Токсоба 396

Ток сұлтан 254
Тоқтамыс-оғлан 22
Тоқтамыс хан 189
Тоқта-Ханым, Абылай ханның алтыншы әйелі 185
Томсон 143
Топчай, Абылай ханның бесінші әйелі 185
Тормошин, князь 36
Толе би 95
Төреказин Нұрмағамбет 396
Төрекожа 305
Төре-Софы 204
Ту-дажен 372, 379, 382, 384, 385, 389, 390, 392
Туйбике 128
Тукан 11, 12, 13
Ту-колдай 359, 365, 368, 370, 372, 379, 382
Тумон 399, 402, 403
Тунгэне 374
Тулейха 128
Ту-Минь-тай 359
Тургенев 415
Тухвейтулла 332
Тұғас 326
Түғаш 132
Түғлық-Темір, хан 18, 19, 21, 22, 209
Түғым сұлтан 261
Тұлақ ханым, Абылай ханның тоғызыншы әйелі 185
Тұмантай 379
Тұмна 21
Тұран қожа 265
Тұрдыбек 364, 370, 384, 388, 389
Тұрсын сұлтан 185
Тұрсынбай 333
Тұрсын-кожа 283, 284, 285, 286, 287
Тұрсынкожин Ишан қожа 285
Тұрсынова М.С. 7
Тұлек, әмір 16, 19
Тұрке батыр 156
Тіленші 94
Тінібай 399
Тюменец В. 49

Уанбек 408
Уәйіс-хан 21
Уәлибаев 328
Уәлитов Мұса 394, 399, 400, 405
Уәлиханов Н.Г. 7
Уәлиханов Ш.Ш. 415
Уәлихан, сұлтан 212
Уәлихан-төре 43, 44, 45, 46
Убашы 239, 243, 244
Улы-қожа 264
Улясутай 370

Урусов, князь 249, 250
Усачев 335
Усюмов Монго 9

Ұзын-Хасан 26
Ұлықбек 18, 25, 181
Ұрыс-хан 22
Ұрыс сұлу, Абылай ханның сегізінші әйелі 185

Фазыл-Қожа, Хиуа елшісі 200, 203,
Фазыл 393, 394, 395, 396, 398, 399, 400, 401, 402, 403,
Файзулла 131, 306, 309, 328
Фахр ад-Дин 189
Федор 375, 376, 389
Фишер 48, 49, 50, 211
Френн 128
Фу Жен-лун 371
Фу-Тен-лун 358
Фу Шенлун 363

Хабибулла 132
Хади-бек Йаркендт 15
Хайбулла 410
Хайвазка 387
Хайсянь 364
Хайшань 374
Ха-колдай 365, 370, 379
Халил-хан, сұлтан 21
имам Ханафи ал-Куфи 188
Хақназар (Ақназар), хан 210
Хамитулла 400, 401
Ханзада-бегім 28
Хан Цзян-цзюн 358-359
Ханыков Я. 195, 196, 291, 292, 293
Хасан 356
Хафизаддин Кабир Бұхари 19
Хәкім-Ата 189
Хидр-Ахмет 19
Хизр-Шах 16
Химан-тунгэне 393
Хосрев-хан 156
Хотов 372
Хочу-мерген, қалмақ князі 185
Хрипунов Г. 50
Хуб-Нигар-ханым 16
Хулагу 189
Ху-янгуда 358
Хүб-Нигар ханым 28
Худайдад, өмір 16, 23, 25
Худайменде 402, 404, 405
Худияр-бек 265
Худияр хан 405, 406
Хусайын-Мырза 26
Хызр-Қожа 21, 22, 23
Хюан-цзан, будда миссионері 217

Цеван Рабдан 211
Цзян-цзюнь 363, 371
Цян-Лун, император 121

Чабак 354
Часакту, князь 36
Чжинды-нияз 403
Чечжен 404
Чекур, князь 36
Чернышев З., граф 224, 235, 237
Чибиш-Молда 398
Чиныч 360, 390
Чирегай, сұлтан 35
Чириков, комендант 194, 283, 285
Чихан 372
Чичин-ноян 36
Чи Шань-далой 392
Чулков, әскербасы 211

Шағаң ханым, Абылай ханның он бірінші әйелі
Шағатай 21
Шадбанорақ 412
Шадбек 352
Шайбани хан 210
Шамсаддин, өмір 16
Шанияз 325
Шанияз, хиуа ханы 193
Шарафаддин 16, 25, 26
Шарафи 305, 324, 330, 331, 332, 351, 352, 355, 356, 357, 360, 361, 362, 363, 364, 369, 372, 374, 375, 376, 378, 379, 383, 388, 393
Шарль Конт 100
Шарыш, Қалдан Сереннің ұлы 120
Шахибек-хан Шах-Бұдағ ұлы 26
Шах-Измаил 210
Шах-хан 21
Шаюк, өзен 143
Шәміл 77, 111
Шебо 355
Шекспир 99
Шекспир, ағылшын офицері 198
Ше'м бен Иштерак 131
Шер-Әли оғлан 21
Шероли Баһадур хан 291, 293
Шерғазы, хиуа ханы 194
Шигалей, хан 77
Шидаяр-бек 35
Ших-Дәулет 16
Шишкин Г. 253
Шлагинтвейт А. 43, 45, 46
Шойынбаев Т.Ж. 7
Шона, батыр 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14
Шорман, би 94
Шпрингер И., генерал-поручик 224, 227, 234, 235, 237
Штрандман 255, 257, 273
Шуджааддин 19
Шығай, хан 13, 210
Шыңғыс сұлтан 254, 256
Шыңғыс хан 18, 19, 21, 56, 62, 156, 172, 189, 196
Шюжда, Шонаның қарындасы 11

Щербатов, князь 79

Ыдырыс Айдаш-оғлы 130
Ыдырыс Зулмұхаммед ұлы 131
Ысқақ 366, 383, 399, 400

Ілияс-Шах 16

Эмаккули, жоңғар нояны 9
Эмин-Қожа 21
Эрбело Бартелеми 174
Эрдберг, полковник 195

Юмилди б. Құлқирас 130
Юркевич 110
Юстиан II, император 217

Яздижерт 188
Языков Д.И. 180
Якобий, комендант 224, 225, 226, 228, 231, 234
Ястребов 52
Яценко И.Е. 83, 86, 88, 90, 106

Andre de Lonciumel (Luncimel) 180
Altisoldan 178

Baiothnoy 179

Haiton 180

Frere Jean Le Long d'Ipre 181

Rubruquis, Ruisbrok, Rubruk 180

Siban 178

МАЗМҰНЫ

Редакция алқасынан .....

1860-1864 жж. жазылған еңбектер

Шона батыр 8
Тарих-и Рашиди-ден 15
Азия карталары туралы жазбалар 30
К. Риттердің «Жалпы жертану» еңбегіне Азия атласы 30
Ішкі Азия картасы 31
Жапон картасы туралы 31
Бабыр жазбасы мен Катиб Челебидің «Жахан-намасы бойыншаОрта Азияның картасы» 34
Сібір картасы 34
Сібір хабаршысынан үзінді 36
Қара-кем өзені 37
Қырғыздардың байырғы кезеңдегі қару-жарақтары мен әскери сауыт-саймандары 38
Адольф Шлагинтвейттің өліміне себеп болған жағдайлар туралы мәліметтер 43
Ресейдің Қытаймен қатынасы 48
Жетісу өлкесіндегі жер суландыратын каналдар туралы 51
Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы 52
Даладағы мұсылмандық туралы 76
Сот реформасы туралы жазба 83
Қырғыздардың қоныстары туралы 114

Күні белгіленбеген жұмыстар

Абылай 119
Әбу-Насыр Самани 125
Еділ бұлғарлары 128
Географиялық шолуға қосымша 133
Сот реформасы туралы жазбаға қосымша 154
«Азия хабаршысы» туралы мақала және одан алынған үзінділер 155
Қарқаралы ішкі округі болысының қысқы қоныстары 158
Мегди Рафаиловтың жазбасынан үзінді 166
Жүбан ана мазары 168
Қази Байзавидің шығармасы «Низам ут-тауарих» 172
Қарап шығу керек 173
Түркімендер 174
Мұхаммед-Жақып Жанқуловтың түсініктемесі 177
Ортағасырларда Орта Азияда болған саяхатшылар және олардың мәлімдемелері 178
Байланыс жолдары 182
Қазақ хандары мен сұлтандарының рулық шежіресі 183
Хронологиялық жазбалар 188

Ш.Ш. Уәлиханов жазды деп жорамалданған мақалалар мен жазбалар

Орта азиялық хандықтар: Хиуа, Бұхара мен Қоқан және олардың Ресеймен қарым-қатынастары 190
Ресейдің Хиуамен қатынасы 193
Хиуаның қазіргі билеушісі Сейіт-Мұхаммедтің басшылығы және Хиуаның ең соңғы жаңалықтары 201
Семей облысының ішкі округтерін және Аягөз бен Көкпектіні құрайтын болыстар 207
«Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігінен» алынған мақалалар 208

Ш.Ш. Уәлиханов мұраларынан алынған мұрағаттық материалдар

Орыс-жоңғар және Қытай қарым-қатынастары туралы мұрағаттық материалдар (қолжазбалық құжаттар) 221
Сібір кеңсесінің жарлықтары 249
Полковник Павлуцкийдің Абылайға жазған хаты 253
Подпоручик және атаман Телятниковтың Ташкенияға жорығының журналы (жолдар, орналасқан жер және басқалары сержант Безносиковтың суреттеуі бойынша) 254
Жергілікті сауданың жайы туралы Бұқтырма комендантының рапорты 274
Мамедияровтың қолжазбалары 278
XIX ғ. 1 жартысындағы Ресейдің Орта Азия хандықтарымен дипломатиялық және сауда саттық қатынастары 282
Н.И. Любимовтың Шығысқа сапарының журналы. 1845 жыл. . 296
Күнделік журнал 351
Баспагерге жолданған хаттан үзінді 413
Ауыз әдебиеті шығармашылығы 416

Түсіндірмелер

Түсіндірмелер 425

Көрсеткіштер

Географиялық көрсеткіш 462
Этникалық көрсеткіш 482
Есімдер көрсеткіші 485

Шоқан УӘЛИХАНОВ
Көп томдық шығармалар жинағы
ТӨРТІНШІ ТОМ

Редакторлар: *Н.Ж. Домбай, Т.Е. Жабелова*
Көркемдеуші редактор: *Н. Айымбет*
Корректор: *Н. Жандаулетұлы*
Компьютерде беттеген: *Қ. Мұхамедин*

Басуға 19.05.10 қол қойылды. Пішімі 62×100^{1}/$_{16}$.
Қаріп түрі «Times/KazNur». Шартты баспа табағы 31,0.
Есепті баспа табағы 33,535. Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс № 75.

Қазақстан Республикасы. ЖШС «Толағай групп».
Астана қаласы, Кенесары көшесі, 71-үй.

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа жүйесінде беттелген.
480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143; тел.: 394-42-95

ЖШС «Жедел басу баспаханасында» басылып шығарылды.
Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71-үй.

Мәдениет

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

4

